

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
БІЛІМ БЕРУДІ ЖАҢҒЫРТУ ОРТАЛЫҒЫ



Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдығына арналған
«ӘЛ-ФАРАБИ ҒІЛІМДЕРІНІҢ ПЕДАГОГИКАДАҒЫ РӨЛІ»
республикалық ғылыми-педагогикалық конференция материалдары

To the 1150th anniversary of Abu Nasyr al-Farabi
«THE ROLE OF AL-FARABI STUDIES IN PEDAGOGY»
materials of the Republican scientific and pedagogical conference

материалы республиканской научно-педагогической конференции
«РОЛЬ НАСЛЕДИЯ АЛЬ-ФАРАБИ В ПЕДАГОГИКЕ», посвященной
1150-летию Абу Насыр аль-Фараби

Нұр-Сұлтан, 2021 ж.

УДК 1/14 (063)

ББК 87.3

Ә 19

Әбу Насыр Әл-Фарабидің 1150 жылдығына арналған «ӘЛ- ФАРАБИ ІЛІМДЕРІНІҢ ПЕДАГОГИКАДАҒЫ РӨЛІ» республикалық ғылыми-педагогикалық конференция материалдары. Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Білім беруді жаңғырту орталығы» МКҚК, 2021 ж. 361 б.

ISBN 978-601-08-0963-5

Жинақ Әбу Насыр Әл-Фарабидің 1150 жылдығына орай ұйымдастырылған «Әл-Фараби ілімдерінің педагогикадағы рөлі» республикалық ғылыми-педагогикалық конференция материалдарын қамтиды. Жинаққа енген Әл-Фараби еңбектері аясындағы зерттеу жұмыстар, педагогтердің өнер, ғылым, әдебиет, тәрбие бағытындағы баяндамалары мен мақалалары білім беру ұйымдарының педагогтеріне, колледж студенттері мен оқушыларға арналған.

Редакция алқасы:

С. Дауешова – төрайымы, Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Білім беруді жаңғырту орталығы» МКҚК директорының м.а.

Мүшелері:

1. Қ. Іргебаева – Нұр-Сұлтан қаласы Әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайының Оқу-әдістемелік орталық жетекшісі;
2. М. Марат – Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Білім беруді жаңғырту орталығы» МКҚК, бөлім басшысы;
3. Ж. Әділхан – Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Білім беруді жаңғырту орталығы» МКҚК әдіскері;
4. Г. Шакиров – «Білім беруді жаңғырту орталығы» МКҚК, ІТ бөлімінің басшысы.

Білім беруді жаңғырту орталығының оқу-әдістемелік кеңесінің шешімімен бекітілді және басылымға ұсынылды. Хаттама 17.03.2021ж №3/1

Конференция ұйымдастырушылары мен редакция алқасы мақаладағы көзқарастар мен фактілердің нақтылығы үшін, авторлардың жіберген стилистикалық және грамматикалық қателеріне жауап бермейді.

ISBN 978-601-08-0963-5

© «Білім беруді жаңғырту орталығы», МКҚК.2021ж.

Алғы сөз

Қазақ топырағында дүниеге келген, әлемдік өркениеттің дамуына өлшеусіз үлес қосқан, шығыс пен батыс мәдениетін жалғастырып, өзіндік сара жол салған Шығыстың ғұлама ойшылы, математик, астролог, музыка теоретигі, Аристотельден кейінгі екінші ұстаз атанған Әл-Фараби бабамыздың артында қалдырған мол мұрасы біздің ұлттық құндылығымыз, басты байлығымыз. Ғұлама ғалымның педагогика саласындағы құнды ойлары бүгінгі жаңашылдықтың алтын көпірі іспетті. Мәселен, ойшыл бабамыздың: «білімсіз адамгершілік молаймайды, білімсіз адам өзгенің абзал қасиеттерін тани алмайды. Жан-дүниені тәрбиелемей үлкен жетістікке жету жоқ. Ғылым мен тәрбие ұштасса ғана рухани салауаттылыққа жол ашылмақ. Мінез-құлқын түзей алмаған адамның ақиқат ғылымға қолы жетпейді», - деген түйіндері білімге басты назар бөліп отырған мемлекетіміздің саясатымен тығыз ұштасып жатыр.

Сондықтанда болар мыңдаған жылдар өтсе де Әл-Фарабидің еңбектері күні бүгінге дейін өз мән-маңызын жоғалтқан жоқ. Бабамыздың мемлекет, ел басқару жөніндегі тұжырымдары, әлеуметтік-этикалық саяси көзқарастары бүгінгі қоғам үшін де айрықша маңызды. Міне, осындай көненің көзі іспетті ұлттық мұраларымызды әспеттеп, жас ұрпаққа жаңа қырынан таныта білсек, дамудың даңғыл жолына адаспай түсеріміз анық. Осындай ізгі ниетті іс-шараның негізгі мақсаты Әл-Фараби мұрасы арқылы педагогтердің ойлау-пайымдау қабілеттерін арттырып, ғылыми-шығармашылық бағыттағы ізденістеріне қолдау көрсету және екінші ұстаз ілімдерінің педагогикадағы ролін кеңінен насихаттау. Жас ұрпақтың патриоттық тәрбиесі, шығармашылық және ғылыми қабілеттерін көрсету үшін мүмкіндіктер жасау болып табылады.

**Конференцияның
ұйымдастыру комитеті**

ҚАНАТ АЛТЫНБЕКОВ

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің тарих,
археология және этнология факультетінің
3-ші курс студенті, Үздік студенттер
академиясының мүшесі*

ӘЛ-ФАРАБИ – ТЕМІРҚАЗЫҚ, ҰЛЫ ҰСТАЗ

Астраномия ғылымында яғни аспан әлемінде жол көрсетуші, жолбағдар ретінде орналасқан 3 жұлдыз бар. Ежелгі кезеңдерде жолуашылар алыс сапарларға аттанған уақыттарда түнде өздерінің бағыт-бағдарын айқындау үшін аспан әлемінде орналасқан жарқын жұлдыздарға қарап жол түзеген. Яғни жолаушы, жерде болсын, суда болсын өз жол бағытын 3 шоқ жұлдызға қарап айқындап отырса керек. Ал сол 3 шоқ жұлдыз дала бағдаршамы «темірқазық» жұлдызы болатын. Ғаламшар ғылымында да ғалымдар бой түзейтін бағдаршамы яғни темірқазығы даламыздың даңқты перзенті, Әбу Насыр Мұхаммед әл-Фараби болуы заңдылық.

Бабамыздың туылғанына 1150 жыл болды, бірақ «Ғалымның хаты, жақсының аты өлмейді» деген даналық тұжырым осыған саяды. X ғасырдан астам уақыт бұрын жазып, қалдырған ғылыми мұралары, өсиет өнегелері әлі күнге дейін ұмыт болмады. Себебі барша мұралары ғасырлар сайын замандармен қайта жаңғырып, ел есінде сақталды. Әбу Насыр Мұхаммед әл-Фараби хақында ғаламда түрліше кітаптар, диссертациялар, ғылыми мақалалар көптеп жазылды. Бір сөзбен айтқанда ғұламаны зерттеу үшін ғаламда X ғасырдан бастап-ақ Фарабитану қарқынды дамып келеді. Отырардың даңқты перзенті Әбу Насыр Мұхаммед әл-Фараби балауса, балғын жастық шағынан бастап түрліше ғылым салаларына қызыққаны белгілі. Есейген соң Сократтың, Платонның, Аристотельдің түрліше мұралын оқып, оларға түсініктемелер жазды. Әл-Фараби жазған түсініктемелер арқылы ғана батыстық философтардың философиялық мұраларын өзінен кейінгі рухани шәкірттері оқып, түрлі салаларда ерекше бой көрсете білді. Солардың бірі медицина саласына өлшеусіз үлес қосқан Әбу Әли Ибн Сина екені рас. Ендеше сол Ибн Сина бір естеліктерінде: «Логиканы, физиканы, және математиканы меңгергенімнен кейін назарымды метафизикаға аудардым да «Метофизика» деген кітапты оқып шықтым... Мен оны 40 мәрте оқып, жаттап алдым. Алайда мағынасын, не көздеген мақсатын түсіне алмадым. Мен бұл кітапты түсіну мүмкін емес дедім өзіме, үмітімді үзіп. Бір де мен түс ауа базарға кітап түптеушілерге бердім. Бір делдал саудагер кітабын дауыстап мақтап жатты. Маған ұсынды. Бірақ мен оның ешқандай пайдасы жоқ ау деп, бірден бас тарттым. «Алшы», - деп өтінді делдал саудагер. «Мен бұл кітапты саған арзанға, небәрі 3 дирхемге берем. Мұның иесіне дәл қазір ақша аса қажет болып тұр»,-деді. Мен алдым. Бұл Әбу Насыр әл-Фарабидің «Метофизка кітабының мақсаттары туралы» деп аталатын еңбегі екен. Мен үйге оралып, оқып шығуға асықтым. Сол сәтте, менің соған дейін оқып, жаттап алған, алайда түсіне алмай жүрген кітабімнің мағынасы шайдай ашылды. Менің қуанғаным сонша, Жаратқанға ризашылығымды білдірдім де,

келесі күні кедей-кепшікке көп садақа бердім», - деп, өзінің метафизика ғылымына қалай келгенін баяндайды. Яғни Ибн Синаның өзі де медицина ғылымын жетік меңгеруіне әл-Фарабидің еңбектерінің үлесі мол. Сонымен қоса ғұламамыз ғаламдық деңгейде «рухани ұстаз» бола білді. Оған мысал Батыс, Шығыс ғалымдарының көбісі өз діңгектерін әл-Фараби арқылы бекем еткенін жазады. Жәнеде әл-Фараби Орта Азияда философияның етек жаюына бастау бұлақ болды. Мысалы оның «Кемел адам» концепциясын, ғасырлар ауған соң, сопылық ілімнің негізін салушы Қожа Ахмет Ясауиде өз хикметтерінде «Кәмил инсан» деп жазады. Одан әрмен жазба әдебиетінің негізін салушы Абай (Ибраһим) Құнанбайұлыда бұл ғұламалардың ізін жалғап, «Толық адам» деген ұғымды қалыптастырады. Яғни бұлардың бастамасы әл-Фараби екенін растайды. Әл-Фарабиде, Ясауиде, Абайда адамдардың кемелдік деңгейге жетуі үшін көп оқып, қайырымды болуды басты шарт ретінде жазады. Жоғары да келтіргенімдей әл-Фараби өзінен кейінгілерге рухани ұстаз болды. Мысалы оның әлмуқабала ғылымы бойынша алгебра мен геометрияны біріктіру идеясын дамытқан Омар ибн-Ибраһим әл-Хайями болатын. Омар Хайямда Ұлықбекте өз еңбектерінде әл-Фараби концепциясын жалғасырады. Сонымен қоса оны Еуропа ғалымдарыда ерекеше мойындап, оны ұстаз тұтады. Мысалы оны Еуропада «Альфарабиус» деген атпен құрметтеп атаған болатын. Мысалы әл-Фарабидің «Ғылымдар энциклопедиясы» атты еңбегін XV ғасырдың өзінде латын тіліне аударылады. Ал бұл еңбектерді Еуропа тілдеріне тәржімалағандар қатарына: Герард Кремонский, Джон Севильский, Доминик Гундиссалия сияқты тілдік қоры бай белді аудармашылар жатады.

Қарап тұрсақ, Әбу Насыр Мұхаммед әл-Фараби бабамыз Отырар (Фараб) өңірінде дүние есігін ашып, тек қана Азия елдерінің ғылымына үлес қос жоқ сонымен қоса Еуропа елдерінің де бірқатар ғалымдарының ғылымға келуіне рухани ұстаз бола білді. Яғни бұл салада ол ғылымда ревалюция жасай білді. Өзіне дейінгі музыка жайлы жазылған мұралар көңілін толық қанағаттандырмай, көп жылдық ізденістің нәтижесінде «Музыканың үлкен кітабы» атты көлемді музыкалық еңбек жазғаны белгілі. Бұл еңбегінде белгілі музыка зерттеушісі Симон сында ғалымдар өз еңбектерінде пайдалана білді. Оның бұл еңбегі XV ғасырдың өзінде Еуропа зиялыларының арасына белгілі бола бастаған болатын. Бірақ қашанда оң пікірмен қоса теріс пікірлердің де болатыны табиғи заңдылық емес пе ? Осы орайда айта кететін жайт аты шулы схоласт философ Альберт Великий әл-Фараби мен оның рухани шәкірті Ибн Синаның да еңбектерін христиан дінімен ұштастыруды тікелей көздеді. Бірақ, оған қарсы пікір ретінде әл-Фарабидің шәкірті Еуропада Аверроэс деген атпен мәшһүр бола білген, Ибн Рушд бірнеше еңбектер жазады. Ол ғұламаның «Әбунасыр Фарабидің логикалық трактаттарындағы пікірлерді баяндау», «Фарабидің «Органонды» баяндауына түсініктеме», сынды бірқатар әл-Фараби еңбектеріне түсіндірме жазған. Сөз басында айтқанымдай әл-Фараби ғылымның барлығын дерлік меңгерген энциклопедист ғұлама. Яғни ешбір ғылым саласы оның назарынан тыс қалмаған. Әл-Фарабидің геометриялық фигуралар сынды еңбектері баяндалған математикалық трактаттарын өз еңбектерінде қолдана білген Леонардо да Винчи,

Роджер Бэкон, Галилео Галилей сынды белді ғылым қайраткерлері болды. Әл-Фараби шындығында ғаламдық ұстаз бола білді, мысалы ғылыми-педогогикалық идеялары француз оқымыстыларын сонау XVII – XVIII ғасырлардың өзінде-ақ қызықтыра білді. Бұл келтірілген әл-Фарабидің рухани шәкірті деген тұлалардың тек бастауында тұрғандары ғана бұл жерде аты аталмай қалған Орта Азияның өзінде орыс, өзбек сынды ұлттардың белгілі ғалым, жазушылары ғұлама идеяларын өз еңбектерінде пайдаланғандары да өте-мөте көп. Әбу Насыр әл-Фарабидің Батыс, Шығыс елдеріне өз еңбектері арқылы рухани ұстаз бола білгенін алғаш зерттеушілердің бірі хәм бірегейі шығыс математикасының шебері ғалым Ауданбек Көбесов болатын. Яғни біз А. Көбесов арқылы жоғарыда келтірілген белді ғалымдардың әл-Фарабиді рухани ұстаз тұтқанын білеміз. Қарастырып отырған ғұламамыз өмір сүрген кезінде әрине Ислам діні әлемге енді таралып, уағыз-насихаттар жүргізілуде еді. Негізінен әл-Фараби мұсылмандық дінді мойындап, күллі дүнияның жаратылуна бірінші Алланың құдіреті екенін өз трактаттарының бірнеше жерлерінде баяндайды. Оған дәлел өзінің Аристотельдің түрлі шығармаларына жазған түсіндірме трактаттарында да және өзінің бірқатар еңбектерінде де бастаған кезінде міндетті түрде Жаратушының атымен бастағаны дәлел болса керек. Отырар оқымыстысының белгілі және белгісіз трактаттары ғалам кітапханалары мен көне мұрағат қорларынан жыл санап, қазақ тіліне белгілі аудармашы ғалымдар арқылы оқырман қауымға насихатталуда. Ал қазақ топырағына келсек әл-Фараби еңбектерімен хәкім Абайдың да таныс болуы мүмкін деген кейбір профессор ғалымдардың пікірлері бар. Яғни Дешті Қыпшақ Даласында өмір сүрген әл-Фарабиден кейінгі «Кемел адам» тұжырымын жалғастырушы белгілі тұлғалар Ясауи, Абайлар екенін сөз барысында баяндауға тырыстым. Және де жолушылар сапарынан жаңылыспау үшін аспан әлемінде орналасқан шоқ жұлдыз яғни Темірқазық арқылы жол түзесе, ғаламдық хәм отандық қайраткерлерде ғылыми және өмірлік жолдарында жолбағдар ретінде Әбу Насыр Мұхаммед әл-Фарабидің ғалымдық деңгейде хәм Түркі дүниесіне ортақ абыз ақсақал ретінде қалдырған ғұмырлық нақыл, өсиет мұраларын басшылыққа алса өмірлік жолдан жаңылыспайды деген сенім бар екенін жасырғым келмейді. Бір сөзбен айтқанда Әбу Насыр Мұхаммед әл-Фараби ғаламдық деңгейде мойындалған темірқазық – ұлы ұстаз!

МАЛГАРАЕВА ЗАУРЕ БОРАНБАЕВНА
*к.ф.н., доцент Евразийского национального
университета им.Л.Гумилева*

ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ НАСЛЕДИЕ АЛЬ-ФАРАБИ

Как известно, аль Фараби еще при жизни присвоили почетное звание «Второй учитель». И хотя это прежде всего связано с его комментированием трудов Аристотеля, но высокое звание «Учителя», «Устаза» ему было дано и по другим причинам.

Вообще в исламском мире роль Устаза была особенно высока, известно, что вплоть до конца XX столетия основным источником получения знаний в исламском мире являлись духовные наставники - устазы. Таким образом, звание Устаза было одним из высших достоинств в исламском мире. Так, Устазы были Носителями научных знаний, знатоками ислама, это были интеллектуалы высшего разряда, которые высоко ценились и обществом, и политической элитой. Тому доказательство – широкое развитие центров науки и городской культуры. По расчетам специалистов, в одной только мусульманской Кордове книг было больше, чем во всей Европе за пределами аль-Андалуса.

По самым осторожным подсчетам, Багдад в то время насчитывал около 400 тыс. жителей, а население таких городов, как Фустат (и его преемник – Каир), Кордова, Александрия, Куфа, Басра, – от 100 до 250 тысяч [1].

Таким образом, формирование движения духовного наставничества – «Устаздык» - в исламском мире носило всеобщий характер, каждый ученый, каждый теолог должен был быть прежде всего Устазом, иметь учеников, свои традиции наставничества. Одним из таких выдающихся Устазов был аль-Фараби.

Конечно, непосредственные сведения о его педагогических традициях до нас не дошли. Однако, мы можем судить о них по косвенным источникам, его биографов (Ибн-Халликана), из анализа его трудов.

В рамках нашего доклада, хотелось бы остановиться на наиболее важных, с точки зрения вызовов современного мира, традициях и требованиях наставничества Устаза аль-Фараби.

Надо сказать, эти черты характерны не только для нашего великого соотечественника, но и для большинства мыслителей, ученых мусульманской культуры.

Таким образом, можно выделить следующие основные требованиями к личности Устаза, а также требования Устаза к ученикам:

1. **Знание языков.** Согласно по Ибн-Халликану аль Фараби владел более 70 языками.

Известно, что до приезда в Багдад не владел арабским и др. необходимыми в Арабском Халифате языками. Однако по приезду он приступает к изучению языков и в совершенстве владеет многими, в том числе арабским, греческим, персидскими и др. языками.

В мусульманском мире – знание языков считалось мерилом образованности. И аль Фараби не был исключением. Знание языков открывает возможности понимания другой культуры, расширяет духовные горизонты.

2. **Обращение к традициям.** Известно, что мусульманская культура в период Средних веков достигает высокого расцвета, несоизмеримого по уровню развития с европейской христианской культурой. Известно, что в университетах Европы до 18 века медицину преподавали по учебникам Ибн Сины. Что стало фактором столь высокого развития исламской культуры. Это, прежде всего, обращение к великим традициям.

Мусульманская философия представителем которой являлся аль-Фараби, была основана на изучении античной философии и науки, индийской и египетской

культуры, иудейской и христианской философии. Таким образом, складывается одна из значительных научных традиций – использование опыта передовых культур независимо от конфессионального, этнического фактора.

3. Толерантность, отсутствие этнического, религиозного превосходства. В Багдаде он стал учеником известного во всех культурных центрах Арабского халифата христианского философа Абу-Бишр Матта бен-Йунис. С другой стороны, любимым учеником аль Фараби был Яхья ибн Ади конфессионально принадлежал к яковитам – направлению христианской ветви. Таким образом, толерантность, экуменизм, надконфессиональность – были чертами учителя аль Фараби.

4. Обучение учеников методом обсуждения и живой передачи знаний. Наставниками аль-Фараби в Багдаде был Юханна ибн Хайлан.

По сообщению Усейбиа в передачи аль-Фараби сообщается, что Юханн ибн Хайлан был приобщён к живой традиции передачи наследия Аристотеля от учителя к ученикам через целый ряд поколений.

То есть Юханна ибн Хайлан, учитель аль Фараби, не просто передавал знания Аристотеля, а обучал своих учеников методом Аристотеля: дискуссии, поиска аргументов, умения слушать собеседника, терпеливости и др, которые в свою очередь аль-Фараби должен был передать своим ученикам.

Так возникали научные школы.

5. Внимательное и вдумчивое чтение трудов ученых. Известно, что на обложке аристотелевского трактата «О душе» осталась запись, сделанная рукой аль-Фараби: «Я прочел этот трактат двести раз».

Таким образом, специфика мусульманской философии заключалась в детальном чтении и комментировании трудов, что требовало буквального знания и запоминания текста.

В этом мы видим один из важнейших принципов обучения того времени - *призыв к постоянному, многократному прочтению источников.*

6. Развитие критического мышления. Особое внимание Фараби отдает логике.

Логикой аль-Фараби называл науку о том, как отличить истинное от ложного, правильно выражать в языке свои мысли.

В результате, будучи истинным мусульманином, чтившим традиции ислама, он пытался познать Бога, а не слепо верить в него.

Развитие мышления – было традицией того времени. Теологами-мутакаллимами (учителя калама) в дискуссиях, участниками которых были представители разных конфессий, принималось за правило обосновывать истинность своих тезисов не ссылками на Коран, другие Священные тексты (такие ссылки не имели доказательной силы в глазах представителей других религий), а опираясь исключительно на разум [1].

Человеческий разум, учили мутакаллимы, мутазиллиты, в том числе аль Фараби, служит постижению Бога.

7. **Этический интеллектуализм. Единство интеллекта и поведения, этики.** Аль Фараби считал, что счастье человек может на достигнуть только на пути единства интеллектуального познания и развития этических добродетелей.

Что делает человека счастливым? Каков путь к счастью.

В трактате "О достижении счастья» путь_к счастью человека открывает единство трёх качеств: знания, добра и красоты.

Знания дают человеку интеллектуальные добродетели, этика - умение правильно жить в обществе, быть справедливым, великодушным, храбрым.

Особо мыслитель выделяет изучение философии. И хотя путь к счастью открыт для всех граждан, однако обрести счастье можно, только усвоив философские науки.

Третья составляющая счастья – это создание идеального человеческого сообщества, или Совершенного града, основанного на принципах взаимодействия и взаимодополняемости, поскольку счастье, полагает Абу-Наср, невозможно обрести в одиночку.

Таким образом, совершенный гражданин должен иметь интеллект, этические добродетели и качества патриота – гражданина.

8. **Гуманизм как высшая добродетель человека.** Высший идеал человека, Ёстаза – это гуманность.

Эта идея прослеживается в его учении о государстве. Аль-Фараби проводит аналогию государства с естественным телом, место каждого члена в общественной структуре соответствует членам тела человека.

И что важно. Место Первоглавы, правителя - имама, философа, как считал аль Фараби отождествляется с центральным органом - сердцем.

Таким образом, высшими качествами человека ученого аль-Фараби является не разум, не способность критического мышления, а наличие сердца, человеколюбия, способность любить людей. Таким образом, для аль-Фараби как учителя качества человеколюбия было самым главным.

9. **Обучение в течение всей жизни (Live leaning), понимание необходимости поэтапного постепенного выстраивания карьеры,** причем это относится как к Ёстазу, так и его ученикам.

По аль-Фараби, избранные люди (хасса), в число которых входят имамы, правители (*мулюк*), ученые, с отрочества должны изучать полный курс обучения и навыков, который согласно Платону и соответственно аль Фараби, заканчивается по достижении ими зрелого возраста.

После этого следует непосредственная практика, которую они начинают с занятия самых низких государственных должностей, последовательно переходя на более высокие, и заканчивают наивысшей, на которую такой человек может претендовать в восьмую седьмину своего возраста (старше пятидесяти лет – у Платона) [1].

Считается, что духовная установка на получение знаний основана на известном высказывании, приписываемому пророку Мухаммеду: «Ищите знания даже в далеком Китае».

Таким образом, даже небольшой анализ показывает, как значительно и актуально педагогическое наследие аль-Фараби, которое еще имеет много неизученных сторон.

Однако хотелось бы отметить, что именно широкая и активная деятельность учителей философии способствовала столь высокому расцвету мусульманской культуры.

Завершить небольшой обзор педагогического наследия великого Учителя хотелось бы высказыванием самого аль Фараби: «Нет ни одного живого существа совершеннее того, кто владеет речью и пониманием».

Библиография

1. Ефремова Политический идеал аль-Фараби. <https://iphras.ru/uplfile/root/biblio/hp/hp18/10.pdf>. Дата обращения 06.04.2021
2. Аль-Фараби. Социально-этические трактаты. Алма-Ата, 1973

КУШИБАЕВА РАУШАН ГАНИЕВНА

*Нұр-Сұлтан қаласы
Әл - Фараби атындағы оқушылар
сарайының директоры*

ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ОҚУШЫЛАР САРАЙЫНЫҢ ОҚУ-ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНДАҒЫ МАҢЫЗЫ

2020 жылдың Нұр-Сұлтан қаласындағы Оқушылар сарайы үшін маңызы ерекше. Себебі Әл-Фарабидің мерейтойы аясында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 6 ақпандағы №44 Қаулысына сәйкес Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Оқушылар сарайы» мемлекеттік коммуналдық-қазыналық кәсіпорнына **әл-Фараби есімі берілді**. Білім, ғылым саласында талай жыл еңбек еткен марқұм [*Ербол Ісләмұлы*] да баба мұрасын зерттеп өткен, және осы Оқушылар сарайына әл-Фараби атын беруге сүбелі үлесін қосты. Оны айрықша атап өткеніміз жөн. Содан бері көптеген атаулы жобалар іске асырылды. Соның бірі бүгінгі күні Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Білім беруді жаңғырту орталығы» мен «әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайы» «әл-Фараби ілімдерінің педагогикадағы рөлі» атты республикалық ғылыми-педагогикалық конференцияда кездесіп отыруымыз.

Әл-Фараби еңбектері кейінгі ұрпаққа таптырмас мұра. Соның ішінде педагогика саласында алар орны ерекше. Конференцияның тақырыбында көрсетілгендей, әл-Фарабидің танымдық, тәрбиелік еңбектерін оқу-тәрбие саласында көп кездестіруге болады. «Білімнің кілті, бастауы - тәрбиеде» деп дәл айтып өткен бабамыз.

«Дүниеде төрт ғажап ғалым бар, соның бірі Әбу Насыр Әл-Фараби» деп баға беріп кеткен екен кейінгі Шығыс ойшылдары.

Әл-Фараби – көрнекті ойшыл, білімі мен еңбегі арқасында Аристотельден кейінгі "Екінші Ұстаз" атанған тау тұлға. Әл-Фарабидің шығармашылық мұрасы өте бай. Ол 150-ге жуық философиялық және ғылыми трактаттар жазып қалдырған, ал оның айналысқан ғылыми салалары да баршылық. Философия, логика, педагогика, этика, музыка мен астрономия. Осы аталған қай саланы да алып қарасақ, бүгінгі таңда өзектілігін жоғалтқан емес. Өскелең ұрпаққа жол көрсетіп тұратын темірқазық іспеттес.

Әбу Насыр бала күнінен ғылымға үйір болып өскен, оның бақытына қарай сол заманда Отырарда аса бай кітапхана бар еді. Әл-Фараби парсы, грек тілдерін үйренеді, осы тілде ғылыми трактаттар оқиды. Фараб пен Бұқарада бастапқы білім алған соң өз білімін жетілдіру мақсатында Бағдат қаласына аттанады. Фарабидің дүниетанымының қалыптасуына Мерв мектебінің ғылыми дәстүрлері мен философиялық бағдарлары өз әсерін қалдырды.

Әл-Фараби – өздігінен оқып жетілген ғалым. Ол ең алдымен грек ғылымын, оның фәлсафасын, әсіресе Аристотельдің еңбектерін қызығып оқыған. Ибн Халиланың айтуына қарағанда Әбу Насыр Аристотельдің «Метафизикасын», «Жан туралы» еңбегін жүз, ал «Риторикасын» екі жүз рет оқып шыққан сияқты. Осындай ыждағаттылығының арқасында ғана ол Аристотельдің ғылыми мұрасын еркін игерген. Оның фәлсафалық еңбектерінің басым көпшілігі грек ғылымдарының, әсіресе, Аристотельдің мұрасын зерттеуге арналған. Әбу Насыр Аристотельдің «Категория», «Бірінші және екінші Аналитика» сияқты фәлсафалық және логикалық шығармаларына түсіндірмелер жазған. Дүниежүзілік ғылым мен мәдениеттің алтын қорына өлшеусіз үлес қосқан ұлы бабамыздың педагогикалық мұрасы да телегей-теңіздей мол дүние. Данышпан ойшыл өз еңбектерінің көпшілігін ұстаздық тұрғыдан тәлім-тәрбиелік мақсатқа орайластыра жазған. Оның арифметика, геометрия, астрономия, музыка ғылымдарын педагогикалық, яғни тәрбиелік дейтін жүйеге жатқызуы, сондай-ақ педагогика, методика мәселелері жөнінде арнаулы еңбектер жазуы дәлел. Оның оқу-білім, тәлім-тәрбие мәселелері жайлы айтқан пікірлерінің құятын үлкен бір арнасы адам атаулыны гуманистік, ізгілік қасиеттерге баулу мәселесіне келіп тіреледі. Ұлы ойшыл «Адам деген ардақты атты лайықпен алып жүруден артық бақыт жоқ. Нағыз бақыт осы дүниеде ғана, оны басқа жерден іздестірудің қажеті жоқ. Әлемдегі жаман мен жақсыны адамның ақылы ғана ажыратады. Ақылды болу үшін ғылым меңгеру, өнерге жетілу қажет. Осы жолда өмір бойы еңбектеніп, әрекеттенген абзал, мұның өзі адамға зор бақыт»-деген. Фараби еңбектерінде ұстаз бен шәкірттің ара қатынасы, бұл екеуінің психологиялық қасиеттерінің қандай болуы керек екендігі туралы да аз айтылмаған. Ұстаз өз шәкіртінен адалдық, сыпайылық, ізгілік, әділдік сияқты жақсы қасиеттерді көргісі келсе, онда оның өзінде де осы аталған қасиеттер болуы шарт. «Пәлсапаны үйрену үшін алдын ала нені білу қажет?» дейтін еңбегінде ол былай дейді: Ұстаздық еткен адамның өлшеуі тым өктем болмасын және тым асыра босаңсытқан төмендікпен де болмасын. Егер тым қатты, үнемі ызғарымен болса, онда оқушылар мұғалімін

жек көретін халге жетеді. Егерде өте босатып жіберген кішіпейілділік болса, онда оқушылар жағынан мұғалімді кем санау, оның ғылымына жалқау қарау қауіпті туады. Ұстаз ескерер тағы бір жәйт,-дейді Фараби,- бұл шәкірттің мінез-құлқындағы жағымсыз мінезді, ұнамсыз қылықты болдыртпау, онда жақсы сипаттардың қалыптасуына мүмкіндік беру». Шынымен де Фарабидің ұстаз бен шәкірт ара-қатынасындағы норма, заңдылық бүгінгі таңда әрбір ұстаздың қаперінде жүрер құнды ережесі болуы абзал.

Әл-Фарабидің теңіздей туындыларынан тамшыдай болса нәр алсын деген ниетпен қатар Әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайында оқу-білім мен бірге тәрбиеге де жете көңіл бөлінбек. Себебі, білім алдыңғы орынға шығып, тәрбие кейіндеу қалып қоятын болса, мұның арты адамның толыққанды тұлға болып қалыптасуына айтарлықтай кері әсерін тигізеді анық. Білім – қарапайым тілмен айтқанда, белгілі бір ақпараттар жиынтығы болса, ол санаға сіңіп, ойда қалады. Ал тәрбие оқушының күллі жан-дүниесіне әсер етеді, тұлғалық қасиеттерін қалыптастыратын кең ұғым. **Оқушылар сарайы** – қоғамнан тыс өмір сүре алмайтын институт. Ал, бүгінгі оқушылар - ертеңгі ел азаматтары қоғамға араласады. Демек, қоғамдағы құндылықтарды қалыптастырады. Осы тұрғыдан келгенде қоғамның рухани-мәдени келбетіне қосымша білім берудің тигізер ықпалы күшті. Бір сөзбен айтқанда, әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайы – тәрбие мен білімнің қазыналы ордасы.

2020 жылдың 20 тамызында Нұр-Сұлтан қаласы, әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайында «Әл Фараби әлемі» оқу-тәрбие орталығының ашылу салтанаты өтті.

Орталықтың ашылуы әлемдік ғылым мен өркениеттің дамуына баға жетпес үлес қосқан орта ғасырлардың ұлы ойшылы, энциклопедист және философ Әл-Фарабидің рухани мұрасына деген құрметімізді көрсетеді.

Бұл оқу-тәрбие орталығында ғалымның сан түрлі қырын анықтайтын «Әл-Фараби және ғылым», «Әл-Фараби және грек ойшылдары» (Аристотель, Платон), «Әл-Фараби және өнер», «Әл-Фараби және тәрбие», «Әл-Фараби және Поэзия», «Әл-Фараби және шешендік өнер» бөлімдері бар. Орталықтың тұсау кесер салтанатына ЕҰУ проректоры, Алаш танушы, академик Дихан Хамзабекұлы, жазушы, драматург, Фарабитанушы, "Ғұлама ғұмыр" драмасының авторы – Жолтай Әлмашұлы қатарлы қонақтардың қатысуымен өтті. Орталықта жоғары сынып оқушылары үшін «Парасат» интеллектуалды турнирі, «Үздік ғылыми жоба» атты жас химиктердің республикалық байқауы, «Жас қаламгер» үйірмесінің белгілі қоғам қайраткерлерімен кездесулері, еліміздің әр түкпірінен келген және қала мектептері оқушылары үшін экскурсиялар ұйымдастырылуда. Оқушыларды ғарыш әлеміне қызықтыру мақсатында ғарышкер Айдын Айымбетов атындағы кабинет ашылып, «Жас ғарышкер» үйірмесінің жұмысы да жолға қойылуда. Ғалым-ұстаз Ерлан Сүлейменнің басшылығымен «Жас зерттеуші» орталығы жыл сайын халықаралық «Үздік ғылыми жоба» байқауын өткізіп отырады. Техникалық шығармашылықты дамытуда жұмыстар іске асырылуда. Жас техниктердің қызыға қатысатын «Білім шыңы» чемпионатының да маңызы зор. Сонымен қатар «Фараби сазы» ұлт аспаптар оркестрі құрылып,

вокалдан республикалық фестиваль өткізілуде. Әл Фарабидің тұжырымы бойынша тәрбиеге аса көңіл бөлініп, тәрбиелік, салауаттылық мәні бар іс-шаралар, кездесулер, форумдар және спорттық жарыстар ұйымдастырылып тұрады.

Интернеттің, жаңа технологиялардың, телебағдардаманың тез арада дамып кетуі қазіргі адами құндылықтардың өзгеруіне әсер еткені рас. Білім беру мен тәрбиенің насихаттық жағына кері әсер еткені де бар. Дегенмен, тәрбие жұмыстарын қарқынды техника еш уақытта алмастыра алмайды. Оқушыларға тағылымды тәрбие беріп, зердесіне жол табу біздің ұжымның басты назарында және жылдық оқу жоспарымызда қамтылып тұрады.

«Жаңа адамды тек жаңашыл ұстаз ғана тәрбиелей алады» дегендей, педагогика заман талабына сай дамуы тиіс және әл-Фараби мұрасын жұмыс барысында басшылыққа алып отырамыз.

ЖАНБОЛАТҚЫЗЫ АҚНҰР

№9 «Зерде» мамандандырылған мектебі

9 - сынып оқушысы

Жетекшісі: Амангазина Айгерім Ерболқызы

ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ МЕН АБАЙДЫҢ ҚАНАТТЫ СӨЗДЕРІНДЕГІ ҮЙЛЕСІМДІЛІК

Жобаның өзектілігі: Әлемге танылған екі бірдей ойшылдардың қанатты да, шешендік сөздерінің ішіндегі ерекшелектерін айқындау

Мақсаты: Әбу Насыр әл-Фараби мен Абайдың қанатты сөздеріндегі үйлесімділікті, ұғымындағы ұқсастықты қарастыру

Міндеттері:

-сөздердегі астарлы мағынаны ашу

-негізгі ойды анықтау

-арасындағы байланысты талдау

Әл-Фараби деген кім?

Философ адамды өз болмысын өзі танып білуге тәрбиелеу ісіне үлкен мән берді. Рухани жоғарғы мақсат нышандарын адамдарды өзара байланыстыратын бастаулардан — жан-дүние үндестігінен, әдеміліктен, қайырымдылықтан, бақыттан іздестіреді.

Білімсіз адамгершілік болаймайды, білімсіз адам өзгенің абзал қасиеттерін тани алмайды. Жан-дүниені тәрбиелемей үлкен жетістікке жету жоқ. Ғылым мен тәрбие ұштасса ғана рухани салауаттылыққа жол ашылмақ. Мінез-құлқын түзей алмаған адамның ақиқат ғылымға қолы жетпейді деп ескертеді.

Бір сөзбен айтқанда, Фараби адамдардың өз көздеген мақсатына жетуі оның өзіне ғана байланысты екенін айтады. Адам рухани жағынан үнемі өзін-өзі жетілдіріп

отыруға тиіс, адам тек ақиқатты, айналадағы дүниені танып-білу арқылы жетіледі деп түйін жасайды.

Абайдың шығармашылығы

Абайдың ақындық жолға бет бұрғандығы алғашқы сөзі мәдениет пен білімнің маңызын насихаттауға арналады. Оның 1885 жылы жазған «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңі бұл тақырыптағы тұңғыш шығармасы болумен қатар, ақынның сөз өнері жолындағы жаңа ізденісін де танытады. Абай мұнда, ең алдымен, жаңа үлгідегі ақынға керек ғылым жайын сөз етеді.

«Абай поэзиясы қоғам дамуындағы бір елеулі кезеңді бейнелеу арқылы халықтың тағдырын, ұлттың мінез-құлқын тарихи тұрғыдан кең арнада алып, қоғам көшінің жеткен жерін ғана емес, өткен жолын да танытарлықтай етіп көрсете білді», - деген академик З. Ахметов.

Адамды сүйіп, адамды құрметтеуге үндеген кемеңгер ақын поэзиясының түпкі негізі - адам, толық адам. Абай армандаған толық адам өнерлі, білімді, еңбекқор, адал, әділ, жылы жүректі, ыстық қайратты ғылым жолына түскен іздепаз болуы керек. Ал махаббат пен сүю, адамды сүю, Алланы сүю, әділетті сүю Абай шығармаларының биік мұраты.

Қанатты сөз дегеніміз не?

Қанатты сөздер – тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, нақты ойды тұтас жеткізуде қолданылады.

Қанатты сөздердің басты ерекшелігі - күрделі мәселелерді терең өте дәл жеткізетін ой шалымы кең, қысқа қайырымды шешен сөздер болғандығы.

Олар мақал-мәтелдермен қатар туып отырды. Әдетте, бұл нақыл сөздер ел аузында белгілі кісілердің атымен бірге жүрді, ал авторы ұмытылған сөздердің өзі де тарихи кісілердің атын жамылып отырды. Бұлай сақталу нақыл сөздердің бірден-бір өзіндік ерекшелігі болып табылады. Шын мәнінде, ұлы ақын Абайдың, Әл-Фарабидің нақыл сөздері көздейсоқ, жәй бір құбылыстар емес, заңды, тарихи қажеттіліктер негізінде туған тұтас дүние. Қанатты сөздердің қайнар көзі шығыс әдебиетінен бастау алған.

Нақыл сөздерінің тақырыбы - оның тұтас шығармасына тән дүниелер. Олар ақынның өз шығармасында берген асыл ойларының, пікір түйіндерінің сығынды нәрлерінен құралған. Ақын шығармаларындағы нақыл сөздерді: өнер-білім, тәрбие, еңбек туралы; достық, адамгершілік, сүйіспеншілік туралы; адам мінездері туралы; философиялық; өнер туралы деп жіктеп, топтастыруға болады.

2.1. Әбу Насыр әл-Фараби мен Абайдың қанатты сөздеріне талдау

Әл - Фараби: « Билеушіге тән 12 қасиеттер туралы »

(Ұлы Данышпандардың « Жадылық - Философиялық үндестіктері)

Әл-Фараби еңбектеріндегі қанатты сөздер мен Абай қара сөздеріндегі үйлесімділікті жекелей талдасақ:

1.Әл Фараби: Кемеңгер басшы - « өзінің сүйек - сыны, сыртқы тұлғасы арқылы ерекше көрінуі » -керек деген екен. Яғни адамның ішкі тұлғасымен қатар сыртқы тұлғасы да, киім киісі, бітім болмысы арқылы ерекшеленетінін айтып тұр. Ал Абай, 18 ші қара сөзінде: « Адам баласына кірсіз, сыпайы киініп, таза кимек - дұрыс іс. Ләкин өз дәулетінен артық киінбек - кербездің ісі деген. Біз бұдан

Абай да адамның сырт келбетінің сыпайы, таза, мәдинетті көрінгенін құптағанын, өз деңгей дәрежесіне сай киінгенін мақұл көргенін аңғарамыз. Демек Әл-Фараби де, Абай да сыртқы эстетиканы жоғары бағалаған.

2. Әл - Фараби: Дана адам - « өзіне айтылған сөздің бәрін терең түсінетін және істің жағдайына сәйкес тез шешім қабылдайтын » - болуы керек деген. Бұдан біз Әл-Фараби үшін дана адамның қандай болу керектігін, оның сөз түсінетін, іс білетін, тез шешім қабылдағыш қабілеті болғаны дұрыс деп айтқанын байқаймыз. Ал Абай Құнанбайұлы өзінің 17-ші қара сөзінде: «...Адамның адамшылығы - істі бастағандығынан білінеді, қалайша бітіргендігінен емес...» деп жазған. Осы сөз мағынасы адамның істі дұрыс бастаса, қорытындысы да жемісті болады дегенді білдіреді. Сонымен, екеуінің де қанатты сөздері іс білетін адамның бейнесін ашып тұр.

3. Әл- Фараби: Кемеңгер басшы - « өзі көрген, естіген нәрселердің бәрін зердесіне ұзақ сақтайтын, ешнәрсені ұмытпайтын адам » - болсын деген. Яғни, адам баласы естіген немесе көрген дүниесін ойында сақтап, қажет кезінде дұрыс қолдана білуі керек.

Енді Абай атамыздың 31-ші сөзін алайық. Абай, 31-ші қара сөзінде: « Естіген нәрсені ұмытпастыққа - көкірегі байлаулы берік болмақ керек, сол естігенде я көргенде ынтамен ұғу керек...» деген екен. Бұл жердегі мағына адамның естіген ақпаратты түсіне, ұға біліп, күнделікті өмірде қолдана алуы. Екі тұлғаның қанатты сөздеріндегі ұқсастықты осы жерден де көруге болады.

4. Әл- Фараби: Бірінші басшы - « терең ой иесі және жадына сақтағандардың бәрін айдан - анық етіп айтып бере алатын шебер әрі шешен болуы » - шарт. Бұл жерден түсінетіміз: адам өз ойын толық әрі айқын жеткізе білуі шарт. Дәл осы ой Абайдың 1-ші сөзінде: «...Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді жаза берейін, кімде - кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын...» деп жазылған. Бұл да Абайдың ойынша, адамның ойын тыңдаушыға жеткізе білуі абзал екенін, айтылған сөздің «білгенге маржан» екенін білдіреді. Екі ұлы тұлғаның ойының бір жерден тоғысқанын байқаймыз.

5. Әл - Фараби: Кемеңгер басшы - « ғылым - білім мен өнерге жаны құштар, әр күн сайын оқып үйренуден шаршап - шалдықпайтын адам болуы керек», - деп ал Абай, 32-ші сөзінде: «...ғылымды үйренгенде, ақиқат мақсатпен білмек үшін үйренбек керек...» деген. Бұл жерде ойшылдар білімді арттыру, жетілдіру үшін тиісті деңгейде үнемі еңбектенуден шаршамау керектігін, ақиқатқа жету үшін аянбай тер төгу керектігін айтқанын көреміз.

6. Әл- Фараби: « Кемеңгер басшы - өзі қажет деп тапқан істі жүзеге асыруға келгенде - ш е ш і м д і л і к танытып, бір беткей батыл болуы керек », - деген. Шешім қабылдауда адам барлық басқа ойларды електен өткізген соң,

өзгенің ойының, көзқарасының жетегінде кетпес үшін, өз күшіне, біліміне, қабылдаған шешімінің дұрыстығына сенімді болуының маңыздылығын көрсетеді. Бұл ойдың ұлы Абайдың 3 ші сөзінде: « Бұрынғы қазақ жайын жақсы білетін адамдар айтыпты: „ Би екеу болса, дау төртеу болады », - деп кездесетіні көреміз. Абай да басқа көзқарастардың, адамның ішкі ойына, дұрыс шешім қабылдауына кедергі жасау ықтималдығының жоғары болуын атап көрсетеді.

2.2. Әбу Насыр әл-Фараби мен Абайдың қанатты сөздеріндегі үйлесімділік

Абай мен Әл-Фарабидің ой-толғамдары халықтың үлкен мұрасы. Келер ұрпаққа қажет өнеге мен тәрбиенің нағыз бастамасы. Абай мен Әл-Фараби өз ойларын әр түрлі сөзбен, өзі өмір сүрген ғасырға сәйкес етіп жазса да, олардың мағынасы бір-бірімен тығыз байланысты.

Әл-Фараби өзінің математикалық трактаттарында «8» санына баса назар аударған, ал Абай «Сегіз аяқты» жазған. Әл-Фараби: «Әрбір адамның әлемде (дүниеде) өз орны бар», десе Абай оны жаңғыртады: «Сенде бір кірпіш дүниеге, Кетігін тап та, бар, қалан!» деп, ұрпақтың ел өмірінде елеулі орын алатынын шегелеп айтқан.

А. Машанов: «Әл-Фараби мен Абай арасын жақындастыру, оларды үндестіру, біздің халқымыздың мың жылдық рухани, мәдени-рухани дүниесін тірілту»

Қорытынды

Қазақтың ұлы ақыны, ойшылы Абай мен әлемнің екінші ұстазы атанған Әл-Фарабидің қанатты сөздерінің, философиялық ойларының ерекше үйлесімділікке ие екендігі дәлелденді. Бұл Әбу Насыр әл-Фараби мен Абайдың қанатты сөздеріндегі, ұғымындағы ұқсастықты қарастыру, сөздердегі астарлы мағынаны ашу, негізгі ойды анықтау, арасындағы байланысты талдау арқылы анықталды. Бұл екі ғұламаның гуманистік идеялары әлемге кең тарады. Олар ақыл-ой мен білімнің, тәрбиенің биік мәнін дәріптеді.

І БӨЛІМ

ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫ ЖӘНЕ ӨНЕР ӘЛЕМІ

Адылханова Жанар Акановна

*Учитель русского языка и литературы
КГУ «Общеобразовательная средняя школа №4»
отдела образования по городу Курчатов
управления образования ВКО*

АЛЬ-ФАРАБИ-ЛИТЕРАТУРОВЕД...

В статье представлено, что Аль-Фараби, второй величайший учитель в мире, всемирно известный ученый, философ, врач и композитор, был известен как писатель, чтобы показать новую сторону. Для этого приведены примеры из трактатов Аль-Фараби, работы ученых-фараби. Кроме того, представлено, что ученый изучал литературные термины, используемые сегодня в его время, и стал ближе к литературе того времени.

Ключевые слова: философия, логика, математика, физика, астрономия, ботаника, медицина, этика, эстетика, музыкальная академия, книги, романы, теория, ритм, трагедия, драма, риторика, сатира, стихотворение, акустика, амфигенез

Абу Насир аль-Фараби, средневековый мыслитель, ученый-энциклопедист и один из ведущих деятелей Восточного Возрождения, оставивший значительный след в мировой науке и культуре, родился в 870 году в Фарабе (Отраре). Выпускник района, где расположена знаменитая Отрарская библиотека, пройдет первые ступеньки образовательной лестницы в этом регионе. Эпоха Фараби была трудным периодом, когда ислам вошел в тюркские степи с его глубокой историей, самобытной культурой и передовыми традициями, а также переплетением тюркской, арабской и персидской культур.

Понятно, что эти факторы оказали большое влияние на формирование жизненной позиции Фараби, посвятившего свою жизнь занятиям наукой и образованием. Побывав в Багдаде, Сирии и Египте, важнейших центрах науки и культуры мусульманского мира того времени, молодой Фараби свободно владел арабским, персидским, греческим, латынью и санскритом. Общась с известными мыслителями, учеными, ювелирами и ювелирами своего времени, Фараби исследует неразрешимые проблемы науки того времени и направляет свои исследования в этот канал.

Многие страны мира продолжают поддерживать различные исторические, культурные, социальные, политические и экономические связи с Казахстаном, который соединяет Азию и Европу. Несомненно, эта связь, восходящая к глубокой древности, оставила неизгладимый след в культурной жизни и духовном мире народа.

Можно сказать, что истоки казахских и арабских литературных связей лежат в научных трудах мудрецов, которые родились и выросли в средние века на

современной казахской земле, питали науку в арабском мире и тем самым внесли значительный вклад в развитие классической культуры. Известно, что около двадцати аль-Фараби, аль-Бестами, аль-Сиганаки, аль-Кердери, аль-Хорезми, аль-Баласагуни и сотни других ученых написали свои научные труды и философские взгляды на арабском языке. Их теоретические взгляды на грамматику и литературу арабского языка не утратили своей ценности и по сей день. А арабская графика, арабский язык и литература, пришедшие на казахскую землю с исламом, и устное распространение образцов арабской классической литературы, пришедшее через него, способствовали расширению кругозора казахской литературы.

Одно из самых ярких проявлений духовной связи и главное - литературная связь. Богатая казахская литература не заключалась ни в одном из символов добра в искусстве восточной речи. Это оценивается как проявление вклада казахской литературы в мировую цивилизацию, ее проникновения в мировую литературу и признания другими [1,1-10].

Литературное общение способствует сближению культур разных народов, развитию духовных отношений. Известный востоковед, академик Н. И. Конрад: «Одним из факторов роста и развития национальной литературы является взаимодействие с литературой других народов.

У арабов есть мудрое высказывание: «Ученый, не оставляющий научного наследия, подобен облаку, проходящему сквозь молнию, гром и дождь». Аль-Фараби, который придерживался такой крылатой идеи, внес неизмеримый вклад во все области науки и искусства, оставив после себя неизгладимые научные записи. Можно сказать, что нет ни одного ученого, который не пил сочинения всемирно известного Абу Насира. Его имя прочно вошло в историю мировой культуры и науки. Хорошо известно, что ученые всего мира называют аль-Фараби Аристотелем Востока. У него богатое научное наследие.

Несомненно, культурное наследие прошлого играет огромную роль в развитии общества. Исходя из этого, оно, выражая общечеловеческие достижения, универсальные положения, прошедшее долгий путь в процессе длительного исторического развития, имеет в своей тенденции движение вперед на основе достигнутых положительных результатов. Следовательно, наше обращение к наследию может способствовать прогрессивному развитию общества в целом. Великое наследие Абу Насыр аль-Фараби доказывает это. В настоящее время имя аль-Фараби приобрело в нашей стране статус национального достояния и символа богатой культурной традиции, имевшей место когда-то на территории Казахстана.

Слова в стихе должны быть образными, подобными сказанному. В то же время стихи должны гармонировать друг с другом »[9,119].

Исследователи литературного наследия Аль-Фараби в его трактате о каноне поэтического искусства подробно рассматривают жанр поэзии, отмечая, что в нем проводится различие между поэтами и их талантами в этой области искусства. В соответствии с этим автор делит смолы на три группы в зависимости от их природного таланта, находчивости, логического мышления, гармонии и гармонии. «Первый - это те, кто обладает природным талантом, умеет писать и

читать стихи. Они мастера художественных образов, красивых рифм и уравнений во многих формах поэзии. Кроме того, хотя они плохо знакомы с секретами, критикой и теорией поэзии, их песни остры, легки в разговоре и теплы для сердца благодаря их настойчивости и большому таланту.

По мнению ученых-фараби, Абу Насир был великим поэтом. Например, великий писатель-ученый Н. Келимбетов сказал: «Говоря, что Абу Насир аль-Фараби - один из выдающихся поэтов своего времени, он руководствуется трудами арабских историков, таких как Ибн Аби Усайба и Ибн Халликан, и переводит стихи аль-Фараби по их произведениям». Известный фарабовед А. Кобесов приводит следующий аргумент: «Советский ученый Э. Е. В работе Бертелса по истории персидско-таджикской поэзии турецкие ученые Ахмет Атеш и Хафиз Данышпан предоставляют обширную информацию о поэзии и литературном наследии Фараби. Эти и другие ученые изучали арабский, персидский и турецкий языки Фараби. б. подтверждает, что писал стихи разных жанров на разных языках, приводит отрывки »[10,106].

Таким образом, в классификации Фараби древнегреческая поэзия делится на следующие типы:

Трагедия - это своего рода стихотворение, имеющее особое измерение и восхищающее как слушателя, так и рассказчика. Трагедия описывает хорошие и плохие дела, которые могут служить примером для других, а правители награждаются. Музыканты обычно разыгрывают трагедию перед правителями. В случае смерти правителя к трагедии добавляются траурные песни.

Дифирамб - это стихотворение, в два раза превышающее размер трагедии. Дифирамб прославляется не для отдельных людей, а для всех людей, добрых дел, добрых дел, а также людей, которые сделали добрые дела для всего человечества. Комедия - это своего рода стихотворение с особым измерением. Комедия изображает негативные и странные вещи и ограничивает неприятные сцены в поведении и действиях людей. В некоторых случаях подчеркивается негативное, отвратительное поведение животных у некоторых людей.

Ямб также является разновидностью стихотворения с особым измерением. Ямб содержит пословицы, описывающие хорошие и плохие дела, например, пословицы. Этот тип песен используется во время войн и конфликтов, в моменты гнева.

Драма - это жанр поэзии, сходный с предыдущим типом. Особенность в том, что в нем используются идеи и пословицы для определенных людей и отдельных лиц.

Айнос - это стихотворение, написанное с большим мастерством и содержащее художественные и логические идеи.

Таблица - это стихотворение, используемое законодателями для описания ужасных страданий, выпадающих на долю неуправляемых и непослушных людей.

Эпос и риторика - это жанры поэзии, описывающие политический и правовой порядок прошлого.

Эти стихотворения рассказывают также о жизни и действиях правителей, периоде правления страной и знаменательных событиях того времени.

Сатира - это своего рода стихотворение, придуманное музыкантами определенного размера. Своими песнями они заставляют людей, одетых как животные, и различных животных совершать удивительные, необычные движения.

Поэма - это своего рода стихотворение, в котором изображены добро и зло, добро и зло. Каждый тип такого стихотворения соответствует образцовым, ярким или туманным, греховным вещам, которые он описывает.

Амфигенез - это стихотворение, придуманное натуралистами для описания естествознания. Среди жанров поэзии есть отход от искусства поэзии - этого типа.

Акустика - это разновидность поэзии, которая используется для приобщения студентов к музыкальному искусству. Его объем ограничен тем, что он не используется в других областях [11,36-38].

Вторым произведением Аль-Фараби, в котором анализировались проблемы поэтики, был «Трактат об искусстве поэзии». Во введении к произведению рассматриваются вопросы гармонии и ритма, размеров, образности, гармонии, которые характерны для структуры арабской поэзии. Фараби также обращает внимание на природу двойственного явления в культуре народов, которые рассматривают музыку и песню вместе, и заключает, что «певцы должны быть столь же осторожны, чтобы не исказить ритм музыки, как они должны избегать искажения ритма музыки.» [10].

В концепции Фараби два основных требования к стихотворению - это размер и имитация. Если одно из двух отсутствует, стихотворение перестает быть стихотворением. Даже если один больше. Последнее явление также было тщательно изучено ученым: ученый на ясных примерах доказывает, что ораторы, использующие образные формы без использования соответствующей формы слова, отклоняются от риторики к поэтике, а поэты, много использующие ораторское искусство, отклоняются от поэтики к риторике.

Библиографический список:

1. Аль-Фараби. Философские трактаты, Алматы, 1972.
2. Аль-Фараби. Трактат о музыке и поэзии, Алматы, 1993.
3. Бурабаев М. Бессмертные звезды. Из жизни великих ученых (VIII-XIII вв.), Алматы, 1989.
4. Дербисалиев А. Звезды казахской степи, Алматы, 1995.
5. Келимбетов Н. Древняя литература, Алматы 1991. 264 с.
6. Кобесов А. Абу Насир аль-Фараби, Алматы, 2004.
7. Салкынбаев. М. Монография «Изучение литературного наследия Аль-Фараби».
8. Сейсенбаев Р. Фараби. « Книга о науке », Алматы, 2020 .

**АПСЕТОВА КУЛШАРАТ
КУСАИНОВНА**

*Жамбыл облысы, Тұрар Рысқұлов ауданы
Құлан ауылы, Юрий Гагарин атындағы
негізгі мектебінің орыс тілі мен
әдебиет пәні мұғалімі*

ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ӘДЕБИ-ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ

Әбу Насыр әл-Фараби өмір сүрген дәуір терең тарихы, озық дәстүрі бар түркі даласына ислам дінінің дендей еніп, түркі, араб, парсы мәдениетінің тоғысуы басталған күрделі кезең еді. Ғылым-білім жолындағы ізденіске арнаған Фарабидің өмірлік ұстанымының қалыптасуына аталмыш факторлардың әсері үлкен болған. Ғылыми терминологияның қалыптаспағандығы аудармашылар жұмысына едәуір бөгет жасады. Мәтінді игере алмағандықтан олар көбіне грек тіліндегі түпнұсқаның синтаксистік құрылымын сақтауға тырысып, аударманы араб оқырманы мүлде түсінбейтін жағдайға жеткізді. Тек Фараби еңбектері ғана көне дәуір дүниелерін дұрыс түсінуге мүмкіндік берді. Мұсылман әлемінің сол кезеңдегі аса маңызды ғылым мен мәдениет орталықтары Бағдат, Шам, Мысыр елдеріне сапар шеккен жас Фараби араб, парсы, грек, латын, санскрит тілдерін жетік меңгерген Өз дәуірінің атақты ойшыл ғалымдарымен, өнер иелерімен, сөз зергерлерімен сұхбаттас болған Фараби сол кезең ғылымындағы күрмеуі шешілмеген күрделі мәселелерді тап басып танып, ізденісін осы арнаға бағыттайды. Логика, психология, этика, математика, философия астрономия, тіл білімі, эстетика, социология, поэтика салаларына арналған 150-ге жуық трактат қалдырған энциклопедист-ғалымның өз зерттеулерінің үлкен бөлігін Аристотель еңбектерін түсіндіруге арнауы – дәуір сұранысынан туған ізденістер еді. Көрнекті шығыстанушы Е.Э.Бертельс бұл туралы: “Аристотельдің араб тіліндегі алғашқы аудармалары мінсіз деуге келіңкіремейтін. Ғылыми терминологияның қалыптаспағандығы аудармашылар жұмысына едәуір бөгет жасады. Фарабидің әдебиет әлеміне қатысты ғылыми еңбектері мен жеке шығармашылығы белгілі ғалымдар А.Машанов, Х.Сүйіншәлиев, М.Мырзахметов, Р.Бердібай, Н.Төрекұлов зерттеулеріне арқау болды. Ә.Дербісәлиев, А.Көбесов, еңбектерінде Фараби мұраларының әдеби қырына назар аударылды. Әл-Фарабидің “Өлең өнерінің қағидалары туралы трактаты” мен бірнеше өлеңі А.Нысаналиннің аударуымен 1974 жылы “Жазушы” баспасынан жарық көрді. Дегенмен Фараби мұраларының басым бөлігі әзірге қазақ тілді оқырманның игілігіне айнала қойған жоқ. Бұл салада атқарылар қыруар іс келер күннің еншісіне қалып отыр.

«Поэтика» ұғымына қатысты Фарабидің жоғарыда келтірілген тұжырымдамасы ғалымның осы салаға арналған трактаттарында жан-жақты қырынан ашылады. Бұл тақырыптағы трактаттардың ең көлемді әрі кең танымалы – “Өлең өнерінің қағидалары туралы трактат”. Еңбектің кіріспесінде Фараби Аристотельдің “Өлең өнерінде” айтқан ойларын талдап, тұжырымдарын бекітуді,

оны талапкерлерге таныстыруды мақсат еткенін айта келіп: “Алайда біз аталмыш өнерге қатысты мәселелерді бүге-шігесіне дейін талдап жатпаймыз, өйткені философтың өзі де поэтика тұрмақ, софистика жөніндегі тұжырымдарын аяқтаған жоқ. Себебі ол өзіне дейінгілерден ақиқатты айқындау жолында тірек етіп алуға тұрарлықтай ешбір негіздер мен заңдылықтарды таппаған. Таңғажайып талантты ұлы ойшылдың өзі аяқтамаған мәселелерді ақырына жеткіземін деп талпынғаннан гөрі өлең өнеріне қатысты тыңдаушыға пайдалы қазіргі қолданыстағы қағидаларды, пайымдаулар мен мысалдарды талдап, көрсетумен шектелгеніміз жөн болмақ” деп жазады. Пайымдаулардың кейі – айқын, кейі – бұлыңғыр. Айқын пайымдаулардың кейі – шынайы, кейі жалған болады. Жалған пайымдаулардың бір бөлігі қарастырылып отырған затты тыңдаушы санасында айқын бейнелесе, екінші бір бөлігі олардың ойында затқа еліктеу туғызады, осы соңғысы поэтикалық пайымдаулар болып табылады. Мұндай еліктеулердің кейбірі – кемел, кейі толыспаған болып келеді. Олардың толысу-толыспауының табиғатын зерттеп-зерделеу – ақындардың немесе түрлі тілдер мен диалектілердегі поэзияларды зерттеп, солар туралы еңбек жазып жүргендердің үлесіндегі дүние”.

Осы үзіндідегі әл-Фараби тұжырымдарының түйіні болып табылатын «тыңдаушы санасында затқа еліктеу тудыру» құбылысы қазіргі әдебиеттануымыздағы «образ» ұғымымен төркіндес екені күмән туғызбайды. Осы құбылысты жіті аңғарған зерттеуші Т.Медетбаев былай деп жазады: «Аристотель еліктеуді поэзия, мүсін, музыка, би сияқты өнер түрлерінің негізгі құралы ретінде қолданады. Әл-Фараби Аристотельдің өнер туралы ойларын дамыта келіп, еліктеуді образбен алмастырды. Ол образды екі мағынада қолданады: бірі көркем сөз, көркем тіл болса, екіншіден – ол адам, яғни кейіпкер деген ұғымды білдіреді. Кейде ол образды поэтикалық пайымдаулар деп те атайды». Әрине, Фараби бұл жерде поэзияның әрбір түріне белгілі бір өлшемді ғана қолданатын көне гректік өлең қағидаларын үздік үлгі ретінде ұсынғалы отырған жоқ. Өлшем мен мазмұнның қатаң қағидаларға бағындырыла бермеуі түрлі халықтардың дүниетанымындағы, көркем ойлауындағы, сөз қолданыстарындағы ерекшеліктерге байланысты екені айқын. Фараби тек қатаң сақталатын қалыбы бар, теориялық тұжырымға салуға икемді, ең бастысы, біршама зерттеулерге арқау болып үлгерген грек поэзиясын толымды талдауға лайық және танымдық мәні бар объекті ретінде алады.

Сонымен Фараби жіктеуінде көне грек поэзиясы мынадай түрлерге бөлінеді:

Фарабидің көне грек поэзиясының түрлерін жіктеп, талдап, толығымен сипаттап көрсетуі поэзиядағы түрлердің, өлшемдердің, ұғымдардың тарихи даму барысында қандай өзгерістерге түскенін, қаншалықты жетіліп, сараланғанын, “поэзия” ұғымына қатысты көзқарастардың қай дәрежеде өзгергенін пайымдауға мүмкіндік береді. Автор грек поэзиясы түрлеріне жалаң талдау жасап қана қоймайды, оларға қатысты өз пікірін де білдіріп отырады. Мәселен ол амфигенезистің мазмұндық қалыбы поэзия табиғатына айтарлықтай сай келмейтінін орынды ескертеді. Көне гректер дәуірінде ғана емес, сөз өнерінің қыр-сырын терең меңгеріп, асау өнер – поэзияның бабын тауып, бағындыра білген

ортағасырлық Шығыста да көптеген ғылыми еңбектер (мысалы, Ибн Синаның “Емшілік өнері жайлы трактаты”) өлеңмен жазылды. Поэзияның мүмкіндіктерін жаңа бір қырынан тануға ықпалын тигізеді дегенімізбен, мұндайда өлең белгілі бір мақсатқа қызмет ететін құрал ретінде ғана қолданылып, өзінің басты қасиеті – көркемдігін әлсіретіп, немесе мүлде жойып алады. Ал Фараби ұғымында өлең еліктеу, яғни образ тудыра алса ғана – өлең, тудыра алмаса, өлең емес. Трактаттар контексіндегі “образ” ұғымының астарында кейіпкер бейнесі ғана емес, өлең өнеріне тән күллі көркемдік жатқаны айқын. Фараби көптеген халықтардың поэзиясында мазмұн мен өлшем арасына шек қойылмай, аралас қолданылатынын, бұл мәселеде қатаң қағиданы тек көне гректер ғана сақтағанын айтады. Әрине, Фараби бұл жерде поэзияның әрбір түріне белгілі бір өлшемді ғана қолданатын көне гректік өлең қағидаларын үздік үлгі ретінде ұсынғалы отырған жоқ. Өлшем мен мазмұнның қатаң қағидаларға бағындырыла бермеуі түрлі халықтардың дүниетанымындағы, көркем ойлауындағы, сөз қолданыстарындағы ерекшеліктерге байланысты екені айқын. Фараби тек қатаң сақталатын қалыбы бар, теориялық тұжырымға салуға икемді, ең бастысы, біршама зерттеулерге арқау болып үлгерген грек поэзиясын толымды талдауға лайық және танымдық мәні бар объекті ретінде алады. Сонымен Фараби жіктеуінде көне грек поэзиясы мынадай түрлерге бөлінеді:

Трагедия – арнаулы өлшемі бар, тыңдаушыға да, айтушыға да ләззат беретін өлең түрі. Трагедияда өзгелерге үлгі-сабақ боларлық жақсылы-жаманды істер сипатталады, билеушілер марапатталады. Музыканттар әдетте трагедияны әміршілердің алдында орындайды. Әмірші дүниеден өткен жағдайда трагедияға жоқтау сарыны бар өлеңдер қосылады.

Дифирамб – трагедиядан екі есе артық өлшемі бар өлең түрі. Дифирамбта жекелеген адамдарға емес, жалпы адам баласына ортақ абзал мінездер, ізгі істер, сондай-ақ күллі адамзатқа қайырлы істер жасаған дара тұлғалар дәріптеледі.

Комедия – арнаулы өлшемі бар өлең түрі. Комедияда келеңсіз, оғаш жайттар суреттеліп, адамдардың мінез-құлық, іс-әрекетіндегі ұнамсыз көріністер шенеледі. Жекелеген тұстарда кейбір адамдар бойындағы жануарларға тән жағымсыз, жиіркенішті мінездер баса көрсетіледі.

Ямб – бұл да арнаулы өлшемі бар өлең түрі. Ямбта мақал-мәтелдер секілді жақсылы-жаманды істерді сипаттайтын нақыл сөздер келтіріледі. Бұл өлең түрі соғыстар мен дау-жанжалдар кезінде, ашу-ызалы сәттерде қолданылады.

Драма – алдыңғы түр тәрізді поэзия жанры. Ерекшелігі сол – мұнда белгілі бір адамдарға, жеке тұлғаларға арналған ой түйіндері, нақыл сөздер қолданылады.

Айнос – жоғары шеберлікпен жазылған, көркем де келісті пайымдауларды қамтитын өлең түрі.

Диакризма – тәртіпке бағынбайтын, тезге салуға көнбейтін адамдардың жанын қандай жан түршігерлік азаптар күтіп тұрғанын сипаттайтын заң шығарушылар қолданатын өлең түрі.

Эпос және риторика – өткен дәуірлердегі саяси және құқықтық тәртіптер суреттелетін поэзия жанрлары. Өлеңнің бұл түрлерінде сонымен қатар билеушілердің өмір-салты мен іс-әрекеттері, ел басқарған кезеңі мен сол тұстағы айтулы оқиғалар баяндалады.

Сатира – белгілі өлшемі бар, музыканттар ойлап тапқан өлең түрі. Олар өздерінің әндері арқылы аң кейпінде киінген адамдар мен әртүрлі жануарларды таң қалдырарлық, әдеттен тыс қимыл-қозғалыстар жасауға мәжбүр етеді.

Поэма – жақсылық пен жамандықты, дұрыстық пен бұрыстықты бейнелейтін өлең түрі. Мұндай өлеңдердің әрбір түрі өзі сипаттайтын үлгілі, жарқын немесе келеңсіз, айыпты жайттарға сәйкес келеді.

Амфигенезис – жаратылыстану ғылымдарын сипаттау мақсатында жаратылыстанушы-ғалымдар ойлап тапқан өлең түрі. Поэзия жанрларының ішінде өлең өнерінен алшақтау жатқаны – осы түр.

Акустика – шәкірттерді музыка өнеріне баулу үшін қолданылатын өлең түрі. Оның қолданылу шеңбері осымен шектеледі, ол басқа салаларда қолданылмайды.

Әдебиеттер тізімі:

- [1] Бертельс Е.Э. Избранные труды. Т.3. М., 1965, стр. 112.
- [2] Бұлұтай М. Ата-баба діні. А., 2000. 285 б.
- [3] Аль-Фараби. Трактаты о музыке и поэзии. А., 1993, стр. 368.
- [4] Исламова Л.А. Эстетические идеи в произведениях аль-Фараби // Аль-Фараби и развитие науки и культуры стран Востока. А., 1974, стр. 92.
- [5] Аль-Фараби. Трактаты о канонах искусства поэзии // Трактаты о музыке и поэзии. А., 1993, стр. 344.
- [7] Медетбаев Т. Әл-Фарабидің әдеби мұралары // Наследие аль-Фараби и мировая культура. А., 2001, стр.451.
- [8] Аль-Фараби. Трактаты о канонах искусства поэзии // Трактаты о музыке и поэзии. А., 1993, стр. 348-351.
- [9] Бурабаев С. Философия искусства Абу Насра аль-Фараби // Аль-Фараби. Трактаты о музыке и поэзии. А., 1993, стр. 42.
- [10] Аль-Фараби. Трактаты о канонах искусства поэзии // Трактаты о музыке и поэзии. А., 1993, стр. 351.
- [11] Аль-Фараби. Трактаты о канонах искусства поэзии // Трактаты о музыке и поэзии. А., 1993, стр. 353.
- [12] Аль-Фараби. Об искусстве поэзии // Трактаты о музыке и поэзии. А., 1993, стр. 359.
- [14] Аль-Фараби. Об искусстве поэзии 1993, стр. 363.
- [15] Аль-Фараби. Трактаты о музыке и поэзии. А., 1993, стр. 376.
- [16] Қасымжанов А., Әлімов А. Әл-Фараби // Қазақ. А., 1994. 115 б.
- [17] Гафуров Б.Г. Аль-Фараби в истории культуры. М., 1975, стр. 169.
- [18] Машанов А. Әл-Фараби және Абай. А., 1994. 192 б.
- [19] Бурбаев Т. Ұлт менталитеті. Астана, 2001. 96 б.
- [20] Дербісәлиев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары. А., 1995. 32 б.

АХМЕТОВА ФАТИМА МУХАМБЕТЖАНҚЫЗЫ

*Жамбыл облысы Мойынқұм ауданы
Мойынқұм ауылы Мағжан Жұмабаев
атындағы мектеп-лицейінің қазақ
тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі*

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗЫ

2020 жыл ұлы ойшыл, ғалым, философияның атасы, философ және шығыс Аристотелизмінің ең ірі өкілі – Әбу – Насыр әл-Фарабидің туғанына 1150 жыл толып отыр. Өзінің білімділігі мен сауаттылығының арқасында «Екінші ұстаз» атанған, оның ғылыми қызметі ортағасырлық араб- мұсылман мәдениетінің гүлденуі дәуіріне Х ғасырдағы – мұсылман ренессансына сәйкес келеді.

Әбу- Насыр әл-Фарабиді кім деп білеміз?

Ол араб және Еурпа ғалымдары мойындаған музыканың атасы. Ол – араб ғалымдары мойындаған Шығыс философиясының атасы. Ол – алғаш рет ғылымды жіктеген энциклопедист ғалым. Ол – Бағдат медиктері мойындаған ұстаз әрі медицинаның атасы. Ол – математика саласында көптеген жаңалық ашқан, астрономия, физика, химия, минерология салалары бойынша күні бүгінге дейін мәнін жоғалтпаған құнды еңбектер жазған ғалым. Ол – поэзия жазған ақын. Араб елінде жүргенде 164 трактат жазғаны белгілі.

Тұңғыш Президентіміз – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында: «Орасан зор кеңістікті игере білген түркілер ұланғайыр далада көшпелі және отырықшы өркениеттің өзіндік өрнегін қалыптастырып, өнер мен ғылымның және әлемдік сауданың орталығына айналған ортағасырлық қалалардың гүлденуіне жол ашты. Мәселен, орта ғасырдағы Отырар қаласы әлемдік өркениеттің ұлы ойшылдарының бірі – Әбу Насыр Әл-Фарабиді дүниеге әкелсе, түркі халықтарының рухани көшбасшыларының бірі Қожа Ахмет Ясауи Түркістан қаласында өмір сүріп, ілім таратқан» - деп, ғалымның тұлғасы мен мұрасына лайықты баға бергенін жақсы білеміз. Әл – Фарабидің еңбектері күні бүгінге дейін өз мән-маңызын жоғалтқан жоқ. Ғалым қалай Әбу Насыр әл-Фараби атынды? Оның бірден – бір себебі, Әбу Насыр бала күнінен ғылымға үйір болып өсті. Ғалым өзінің білімін Бұхара, Самарқанд, Хамада, Бағдат, Шам, Каир, Дамаск, Мәдина қалаларында болып, білімін үнемі жетілдірумен болыпты. Араб тілін Хамада қаласында үйренген. Бағдат қаласында 20 жылдай тұрып, философия әлемімен танысады. Жалпы әл- Фараби бір жерде тұрақтамаған. Ол үнемі бір қаладан, екінші қалаға саяхат жасап, білімін шыңдап отырған. Ол керемет өлең де айтқан, қобызда да ойнаған. Қобыз аспабын жасап, күй тартқан Қорқыт Ата дейміз. Шын мәнінде Қорқыт Атадан кейін әл-Фараби де қобызды дамытып, оның құлағында ойнаған ойшыл, көп тілде сөйлеген ғұлама адам болған. Әл-Фараби – қазақ өркениетінің, музыка философиясының негізін қалаған үлкен ойшыл. Бірақ ол – тек қазақтың ғана емес, қазақ халқы қалыптаса қоймаған кезеңде өмір сүргендіктен, бүкіл түркі халықтарына ортақ тұлға. Қай тұрғыдан алып қарасақ та, Фараби ілімі педагогиканың бастау бұлағы болып табылады. Әрине, ғұлама

ойшыл бар өмірін ғылым мен білімге арнап отырған. Ол туралы мәліметтерді оқи келе оның 70-ке жуық тілді меңгергендігін білдім. Бұл деген нағыз білімдінің өз емес пе ? Сондай – ақ медицина ғылымына да зор күш салған. Егер біз әрқайсымыз өз-өзімізді жетілдіруге және жақсы іс-әрекеттер жасауға ұмтылсақ , бәріміз де Қазақстанды қуатты ұлт пен жауапты адамдардан тұратын – табысты , қайырымды елге айналамыз деп ойлаймын .

Фараби, сонымен қатар, оқыту, білім беру мәселелеріне үлкен назар аударып, бұл тұрғыда көптеген түбегейлі, терең пікірлер айтқан. Ол "философтардың қойған сауалдарына жауаптар" деп аталатын еңбегінде педагогикаға, оқу, оқыту мәселелеріне қатысты жайларға тоқталады. Мәселен, оқып- үйренуге жаттап алу дұрыс па, жоқ түсініп алу дұрыс бола ма деген сұраққа Фараби: "түсініп алған дұрыс, өйткені барлығын жаттап алу мүмкін емес, оларды белгілі бір байланыстары арқылы ойда топтастыру пайдалы", - деп жауап береді.

Сөзімнің соңында Ақжан Машанидің пікірлерін ұсынуды жөн көрдім.

«Егерде бізге осы ХХ ғасырда, әл-Фарабиге ең жақын, рухани сабақтас адам бар ма десе, алдымен ол Абай дер едік. Әл-Фараби мен Абай арасын жақындастыру, оларды үндестіру – біздің халқымыздың мыңжылдық мәдени-рухани дүниесін тірілту деген сөз» .

«Әл-Фараби ғылым мен өнердің барлық саласында өшпес із қалдырған. Әл-Фарабидің қайырлы жаңбырынан нәр алмаған бау-бақша жоқ. Қалың орман да, кең дала да, тау-тас та, аспандағы жұлдыз да, жердегі құндыз да нәр алған. Солардың бәрі әл-Фараби музыкасына қосылып ғаламның гармония мақамын жырлайды».

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР МЕН РЕСУРСТАР:

1. З. Әбілова , Қ.Қалиева . « Этнопедагогика оқулығынан»
2. Р.С.Каренов . Әбу Насыр әл-Фараби өмірі , шығармашылығы, жаһандық ғылым мен мәдениетке қосқан үлесі мақаласы .

БЕКЕБАЕВА ЖҰЛДЫЗ КЕНЖЕХАНОВНА

Жамбыл облысы, Т.Рысқұлов ауданы

Шоқан Уәлиханов атындағы

шағын орталықты орта мектебі

ӘЛ-ФАРАБИ ЖӘНЕ ОНЫҢ РУХАНИ МҰРАСЫ

Дүниежүзілік ғылым мен мәдениетте көрнекті із қалдырған ортағасырлық ойшыл, энциклопедист-ғалым, Шығыс Ренессансының көшбасында тұрған дара тұлғалардың бірі Әбу Насыр әл-Фараби 870 жылы Фараб (Отырар) қаласында дүниеге келген. Атақты Отырар кітапханасы орналасқан өңірдің түлегі білім баспалдағының алғашқы сатыларын осы өлкеде өткереді. Фараби өмір сүрген дәуір терең тарихы, төлтума мәдениеті, озық дәстүрі бар түркі даласына ислам дінінің дендей еніп, түркі, араб, парсы мәдениетінің тоғысуы басталған күрделі

кезең еді. Саналы ғұмырын ғылым-білім жолындағы ізденіске арнаған Фарабидің өмірлік ұстанымының қалыптасуына аталмыш факторлардың әсері үлкен болғаны анық. Мұсылман әлемінің сол кезеңдегі аса маңызды ғылым мен мәдениет орталықтары Бағдат, Шам, Мысыр елдеріне сапар шеккен жас Фараби араб, парсы, грек, латын, санскрит тілдерін жетік меңгеріп, сан-сала ғылымға бой ұрады. Өз дәуірінің атақты ойшыл ғалымдарымен, өнер иелерімен, сөз зергерлерімен сұхбаттас болған Фараби сол кезең ғылымындағы күрмеуі шешілмеген күрделі мәселелерді тап басып танып, ізденісін осы арнаға бағыттайды. Философия, логика, психология, этика, математика, астрономия, тіл білімі, эстетика, социология, поэтика салаларына арналған 150-ге жуық трактат қалдырған энциклопедист-ғалымның өз зерттеулерінің үлкен бөлігін Аристотель еңбектерін түсіндіруге арнауы – дәуір сұранысынан туған ізденістер еді. Көрнекті шығыстанушы Е.Э.Бертельс бұл туралы: “Аристотельдің араб тіліндегі алғашқы аудармалары мінсіз деуге келіңкіремейтін. Ғылыми терминологияның қалыптаспағандығы аудармашылар жұмысына едәуір бөгет жасады. Мәтінді игере алмағандықтан олар көбіне грек тіліндегі түпнұсқаның синтаксистік құрылымын сақтауға тырысып, аударманы араб оқырманы мүлде түсінбейтін жағдайға жеткізді. Тек Фараби еңбектері ғана көне дәуір дүниелерін дұрыс түсінуге мүмкіндік берді. Ғалым Аристотельдің “Категориялар”, “Герменевтика”, “Бірінші және екінші Аналитика”, “Топика”, “Риторика”, “Софистика”, “Поэтика” секілді еңбектеріне түсіндірме жасады. Осы еңбектері әл-Фарабиді “Екінші ұстаз” атандырды” деп жазады. (Осы орайда “Екінші ұстаз” атауы жөнінде қалыптасқан жоғарыдағы пікірден өзгеше өрбіген дінтанушы М.Бұлұтайдың: “Фарабидің “Екінші ұстаз” аталуын дәреже жағынан емес, тарихтағы кезеңі жағынан екіншілік деп түсінеміз” деген пікірін де ескере жүрген жөн секілді). Сан-сала ғылымның түп қазығын философия мен логикадан тарата зерттеуде Фараби Аристотель бағытын жалғастырды. Ғалымның өзіне дейін жасалған әдістеменің ізімен жүруі қалыпты құбылыс болатын. Шығу тегін өзі логикадан тарататын поэтика, әдебиет теориясы, тіл білімі салаларына арнап әл-Фараби “Өлең өнері туралы трактат”, “Өлең өнерінің қағидалары туралы трактат”, “Әдебиеттегі пікірталас туралы трактат”, “Риторика туралы трактат”, “Аристотель “Риторикасына” түсіндірменің үлкен кітабы”, т.б. еңбектер қалдырды. Сондай-ақ “Логика туралы трактат”, “Ғылымдардың шығуы туралы трактат”, “Мемлекет билеушісінің нақыл сөздері”, “Ғылымдардың жіктелуі туралы трактат” секілді еңбектерінде де Фараби әдебиет пен поэзияға қатысты бірқатар түрдің әдебиет пен өлең өнеріне қатысты біршама пікірлері тұжырымдалған. Фарабидің әдебиет әлеміне қатысты ғылыми еңбектері мен жеке шығармашылығы белгілі ғалымдар А.Машанов, Х.Сүйіншәлиев, М.Мырзахметов, Р.Бердібай, Н.Төрөкұлов зерттеулеріне арқау болды. Ә.Дербісәлиев, А.Көбесов, Б.Ғафуров, Н.Келімбетов, Т.Медетбаев еңбектерінде Фараби мұраларының әдеби қырына назар аударылды. Әл-Фарабидің “Өлең өнерінің қағидалары туралы трактаты” мен бірнеше өлеңі А.Нысаналиннің аударуымен 1974 жылы “Жазушы” баспасынан жарық көрді. Дегенмен Фараби мұраларының басым бөлігі әзірге қазақ тілді оқырманның

игілігіне айнала қойған жоқ. Бұл салада атқарылар қыруар іс келер күннің еншісіне қалып отыр.

Өздігінен білім алып, көп ізденген ойшылдың бүгінгі күнге дейін «Логика», «Метофизика», «Этика», «Саяси және әлеуметтік философия», музыка мен медицинаға арналған жүзден астам трактаттары сақталған. Ол ең алғаш болып музыканы математикалық негізде жүйелеп, оны ғылымның бір бағыты ретінде көрсеткен данышпан. Шығармаларында көне грек оқымыстыларының, әсіресе Аристотельдің еңбектеріне талдау жасады.

Білім-ғылымды үйретумен қатар тәрбиелік мәні зор шығармалар жазды. Әл-Фараби сезім мен ойлау, тәрбие мен іс-әрекет жүйесін жетілдіру мәселесіне қайта айналып соғып отырған. Білімсіз адамгершілік молаймайды, білімсіз адам өзінің абзал қасиеттерін тани алмайды. Ұлы ойшыл ғылым мен тәрбие ұштасса ғана рухани сауаттылыққа жол ашылады, мінез-құлқын түзей алмаған адамның ақиқат ғылымға қолы жетпейді деп ескертеді. Ғалым дене тәрбиесі мен адамгершілік тәрбиесінің ұқсастығына, оның бір-біріне тигізетін әсеріне ерекше мән берді.

Әл-Фараби «адамға ең бірінші білім емес, тәрбие беру керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы. Ол келешекте оның өміріне зиян әкеледі» деп тәрбиеге аса қатты көңіл бөлу керектігін түсіндірді. Ғұламаның ғылыми философиялық еңбектерін байыптап, қайта қарау барысында оның педагогика тарихындағы ұлы тұлғалардың бірі болғандығын көреміз. Ол Шығыс еліндегі тұңғыш сындарлы педагогикалық жүйе жасаған ағартушы. Әбу Насыр Әл-Фараби өзінің «Риторика», «Поэзия өнері», «Бақытқа жол сілтеу туралы» трактаттарында этикалық-эстетикалық мәселелерге көңіл бөліп, білім дәрежелерін саралап, солардың негізін дәлелдеп берді.

Ол музыка туралы жазған кітабында музыка өнерін әдемілеп жіктеп береді. Ал «Логика» және «Диалектика» атты шығармасында әлемнің ішкі байланысын, дамуы қандай екенін түсіндіріп, әлемге паш етеді.

Әл-Фараби дүниенің мәңгілігін мойындап, танымның болмысқа тәуелділігін растап, ақыл-парасат туралы ілімді саралады. Ол “Ғылымдар тізбегі”, “Бесінші трактат”, “Медицина каноны”, “Қайырымды қала”, “Адам ағзасындағы мүшелер”, “Жануарлар ағзасындағы мүшелердің құрылысы мен қызметі”, “Жануарлар ағзалары”, “Темперамент туралы”, “Риторика”, “Поэзия өнері туралы”, “Бақытқа жол сілтеу”, “Вакуум туралы”, “Теориялық арифметикаға қысқаша кіріспе”, “Болжамдағы геометрияға кіріспе”, “Астрологиялық болжамдарда не дұрыс, не теріс”, “Ғылымдардың шығуы”, “Евклидтің бірінші және бесінші кітаптарының кіріспелеріндегі қиын жерлерге түсініктеме”, “Фусул ал-мадани”, “Философияны үйрену үшін қажетті шарттар жайлы трактат” секілді ғылымның барлық саласына арнап еңбектер жазып, көп мұралар қалдырған кеменгер философ.

Әл-Фарабидің “**Ғылымдардың жіктелуі туралы трактатында**” логика ғылымының сегізінші бөлімі ретінде поэтика аталады: “Логиканың бұл бөлімі поэзияны талдау қағидаларын, кең таралған поэтикалық пайымдаулар мен өнердің өзге де салаларында қолданылатын пайымдау түрлерін қамтиды. Сондай-ақ ол өлең өнерінің барлық заңдылықтарын бүге-шігесіне дейін сипаттайды,

өлеңнің, поэтикалық пайымдаудың түрлерін, олардың ерекшеліктерін, жасалу жолдарын, көркемдікке, шеберлікке, биік сапаға қол жеткізу әдістерін ашып көрсетеді” (аудармалар біздікі –А.Ә.) деп тұжырымдайды ғалым . Бұл жерде Фараби қолданған “поэтика” терминінің зерттеушілер айтып жүрген “Поэзия туралы ғылым” деген анықтамадан гөрі қазіргі әдебиеттануымызда қолданылатын көркем туындының болмыс-бітімін тұтастықта қарастыратын, жалпы алғанда “әдебиет теориясы” ұғымымен мазмұндас, жекелей алғанда әдебиеттану ғылымының бір саласы болып табылатын “поэтика” ұғымымен үйлесетінін аңғарамыз. Тағы бір назар аударатын жайт, Фараби өз еңбегінде поэтиканы логикадан таратып, поэтикалық пайымдаулар мәселесін бірінші кезекке қойғанымен, таза поэзия табиғатына тән ұғымдарды да ұмыт қалдырмай, тұтастықта қарастырған. Фараби трактаттарындағы эстетикалық идеяларды талдай отырып, осы ерекшелікке назар аударған зерттеуші Л.Исламова: “Әл-Фараби поэтикасы белгілі бір деңгейде логика ілімінің қалыптарымен шектелгенімен, ғалым өлең сөзді тыңдаушыға эмоциялық әсер беретін құрал ретінде де қарастырады” деп жазады .

“Өлең өнерінің қағидалары туралы трактатында» Фараби Аристотельдің “Өлең өнерінде” айтқан ойларын талдап, тұжырымдарын бекітуді, оны талапкерлерге таныстыруды мақсат еткенін айта келіп: “Алайда біз аталмыш өнерге қатысты мәселелерді бүге-шігесіне дейін талдап жатпаймыз, өйткені философтың өзі де поэтика тұрмақ, софистика жөніндегі тұжырымдарын аяқтаған жоқ. Себебі ол өзіне дейінгілерден ақиқатты айқындау жолында тірек етіп алуға тұрарлықтай ешбір негіздер мен заңдылықтарды таппаған. Таңғажайып талантты ұлы ойшылдың өзі аяқтамаған мәселелерді ақырына жеткіземін деп талпынғаннан гөрі өлең өнеріне қатысты тыңдаушыға пайдалы қазіргі қолданыстағы қағидаларды, пайымдаулар мен мысалдарды талдап, көрсетумен шектелгеніміз жөн болмақ” деп жазады . Әл-Фарабидің трактаттағы “поэтикалық пайымдау” ұғымына сатылай көтерілу мәнері, ой қисыны оқырманын еріксіз елітіп әкетеді: “Сөздің мағынаны жеткізе алуы да, жеткізе алмауы да мүмкін. Мағыналы сөз жай немесе күрделі болады. Күрделі сөздерді “пайымдаулар” немесе “пайымдауға жатпайтындар” деп бөлуге болады. Пайымдаулардың кейі – айқын, кейі – бұлыңғыр. Айқын пайымдаулардың кейі – шынайы, кейі жалған болады. Жалған пайымдаулардың бір бөлігі қарастырылып отырған затты тыңдаушы санасында айқын бейнелесе, екінші бір бөлігі олардың ойында затқа еліктеу туғызады, осы соңғысы поэтикалық пайымдаулар болып табылады. Мұндай еліктеулердің кейбірі – кемел, кейі толыспаған болып келеді. Олардың толысу-толыспауының табиғатын зерттеп-зерделеу – ақындардың немесе түрлі тілдер мен диалектілердегі поэзияларды зерттеп, солар туралы еңбек жазып жүргендердің үлесіндегі дүние” . Осы үзіндідегі әл-Фараби тұжырымдарының түйіні болып табылатын “тыңдаушы санасында затқа еліктеу тудыру” құбылысы қазіргі әдебиеттануымыздағы “образ” ұғымымен төркіндес екені күмән туғызбайды. Осы құбылысты жіті аңғарған зерттеуші Т.Медетбаев былай деп жазады: ”Аристотель еліктеуді поэзия, мүсін, музыка, би сияқты өнер түрлерінің негізгі құралы ретінде қолданады. Әл-Фараби Аристотельдің өнер туралы ойларын дамыта келіп,

еліктеуді образбен алмастырды. Ол образды екі мағынада қолданады: бірі көркем сөз, көркем тіл болса, екіншіден – ол адам, яғни кейіпкер деген ұғымды білдіреді. Кейде ол образды поэтикалық пайымдаулар деп те атайды” . Поэтикалық пайымдаулардың (А.Нысаналин “ақындық түйіндеу” деп келтіреді) өлшем мен мазмұнға қарай жіктелетінін айта келіп, Фараби өлшем бойынша жіктеулерді музыканттың немесе просодистің үлесіне жататын тіл мен әуеннің тегіне қатысты дүние деп білсе, мазмұн жөніндегі ғылыми жіктеулерді символдарды түсіндіріп, поэзияны талдаушы, поэтикалық идеяларды, түрлі халықтар мен мектептерге тән поэзияны зерттеуші қауым өкілдерінің еншісінде қалдырады. Фараби көптеген халықтардың поэзиясында мазмұн мен өлшем арасына шек қойылмай, аралас қолданылатынын, бұл мәселеде қатаң қағиданы тек көне гректер ғана сақтағанын айтады. Әрине, Фараби бұл жерде поэзияның әрбір түріне белгілі бір өлшемді ғана қолданатын көне гректік өлең қағидаларын үздік үлгі ретінде ұсынғалы отырған жоқ. Өлшем мен мазмұнның қатаң қағидаларға бағындырыла бермеуі түрлі халықтардың дүниетанымындағы, көркем ойлауындағы, сөз қолданыстарындағы ерекшеліктерге байланысты екені айқын. Фараби тек қатаң сақталатын қалыбы бар, теориялық тұжырымға салуға икемді, ең бастысы, біршама зерттеулерге арқау болып үлгерген грек поэзиясын толымды талдауға лайық және танымдық мәні бар объекті ретінде алады. Әдетте Фараби трактаттарының тілі күрделі болып келгенімен, ақындарды сипаттаған тұста ол жазылып, ширай түседі, жатық әрі шешен тілге айналады. Мұның себебі талданып отырған құбылыстың белгілі бір әдебиет өкілдеріне ғана емес, барша халықтар әдебиетіне ортақ екендігінде болса керек. Фараби ақындар шығармаларының ішкі жан сезімдерінен туындайтын табиғи шабытпен ғана емес, сыртқы себептердің салдарынан еріксіз, мәжбүрлі түрде де жазылуы мүмкін екендігіне назар аударады. Мұндай пайымдауларға сарай ақындарының поэзиясы жеке шығармашылық түр ретінде қалыптасып, жоғары дамыған (оған сұраныс та жоғары болған) ортағасырлық араб әдебиетінің ықпалы көбірек болған секілді. Бұл орайда автор атап көрсететін жанр түрлерінің (сатира мен мадақ) араб әдебиетінде терең тарихы бар. “Табиғатынан мадақ жазуға бейім ақынды сатираға немесе мүлде басқа бір жанрға қалам тартуға мәжбүр ететін жағдайлар болуы мүмкін. Немесе белгілі бір поэтикалық жанрды зерттеп-зерделеп, жетік меңгерген адамның өзі игермеген өзге жанрда қалам тартуға мәжбүр болуы ықтимал. Дегенмен ақынның табиғи дарынына сай ерікті түрде жазылған поэзия ғана нағыз поэзия бола алады” деп жазады ұлы ойшыл . Шығармашылық процесіндегі көп назар аударыла бермейтін нәзік тұстарға мән беріп, ақындардың (жалпы шығармашылық иелерінің деуге де болады) табиғатынан белгілі бір жанрға бейім болатынын атап көрсетуі – Фарабидің шығармашылық психологиясын терең түйсіне білгендігінің айғағы. Аталған құбылысқа қазіргі әдеби талдауларда лайықты назар аударылмай келеді. Ал Фараби айтқан “нағыз поэзия еркіндікте ғана туады” деген тұжырым – қазіргі әлем әдебиетінің ұранына айналған ұғымдардың бірі. Ақын шеберлігінің толысқан-толыспағандығының өлшемі етуге тұрарлық басты сипат ретінде Фараби өлеңдегі тақырып пен идеяның жеткізілу шеберлігін атайды. Парасатты зерттеуші Фараби идеяларды жақсы, жаман деп бөлмейді, керісінше оны

қабылдаушы санасымен байланыстырып, идеялардың залалды, залалсыз болып өзгеріп тұруы адамның рухани сапалық деңгейінің жоғарылау-төмендеуіне тікелей байланысты деп біледі. Тақырып табиғатын ашатын ақын шеберлігі салыстырылатын заттар мен құбылыстардың өзара ұқсастығы мен дәлдігі арқылы өлшенеді. Теңеу сөздерге талдау жасағанда Фараби олардың көркемдік дәрежесіне қарай жіктелетінін айта келіп, өзара ұқсас заттар арқылы ғана емес, бір-біріне мүлде ұқсамайтын заттар мен құбылыстар арқылы да теңеулер жасалатынын, оларды әсерлі де иланымды ете білу ақынның шеберлігіне байланысты екенін атап көрсетеді. Фарабидің “теңеу” ұғымының аясында онымен табиғаты туыс бейнелеу құралдары – ауыстыру, шендестіру, сипаттама (эпитет), параллелизмдерге тән сипаттар қамтылғанын аңғару қиын емес. Ғұламаның сергек санасы қалт жібермеген тағы бір құбылыс – ақындар мен суретшілер шығармашылығындағы өзара байланыстылық. Фараби олардың бейнелеу материалы түрліше болғанымен, шығармашылық мақсаты бір екендігін, поэзияның пайымдаулар (сөз) арқылы, ал живописьтің бояулар арқылы адамның сана-сезімінде еліктеулер (образ) тудыратынын пайымдайды. “Өлең өнерінің қағидалары туралы трактатын” аяқтай келе Фараби бұл қағидалардың ұсақ-түйегіне дейін үңіліп, таратып айтпау себебін өнердің белгілі бір түріне немесе аспектісіне ғана терең бойлап, соған маманданып, сонымен ғана шектеліп қалудан сақтануымен түсіндіреді. Әл-Фарабидің поэтика мәселелерін талдаған екінші бір еңбегі – “Поэзия өнері туралы трактат”. Еңбектің кіріспесінде араб өлеңінің құрылысына тән ұйқас пен ырғақ, өлшемдер, образдылық, үйлесімділік мәселесі сөз болады. Фараби сондай-ақ әуен (музыка) мен өлеңді бөле-жармай бірге қарайтын халықтар мәдениетіндегі қос құбылыстың табиғатына тоқтала келіп, “өлеңді әуенмен айтушылар әуеннің ырғағын бұзып алудан қалай сақтанса, өлең өлшеміне нұқсан келтіруден де солай сақ болуы қажет” деген тұжырым жасайды. Тек бұл трактатта ғана емес, музыка мәселелерін талдаған еңбектерінде де Фараби өлең мен әуеннің байланысына үнемі мән беріп отырады. “Әуен өлеңмен үйлескенде әлдеқайда әсерлі естіледі, мұндайда (өлең) сөз де мәнерлірек бола түседі” деп жазады ол. Әуеннің поэзияның белгілі бір түріне бейімделетіні, қолданылатын тілдің синтаксистік құрылымына тәуелді болатыны, диалектикамен байланысты қос құбылыс – поэтика мен риториканың заңдылықтарына әуеннің де бағынатыны жайындағы ғалым тұжырымдары синкретті фольклор жанры басты роль атқарған, әуен мен өлеңнің ара-жігі ажырап болмаған ортағасырлық мәдениеттің болмыс-бітімімен тығыз байланыста туындаған. Фараби ұғымында өлеңге қойылатын басты екі талап – өлшем және еліктеу (образдылық). Екеуінің бірі кем болса, өлең өлең болудан қалады. Бірі артық болса да солай. Осы соңғы құбылысты да ғалым сарабал сана елегінен өткізген: сөз мағынасына лайықты пішін қолданбай, образдылықты шектен тыс көп пайдаланған шешендердің риторикадан поэтикаға, ал шешендік сөздерді көптеп қолданған ақындардың поэтикадан риторикаға ауытқитынын ғалым айқын мысалдармен дәлелдейді. Еліктеу (образ) тудырудың іспен және сөзбен орындалатын екі түрі барын айта келіп, Фараби соңғысын екіге бөледі: 1. Заттардың өзі арқылы елестету. 2. Заттарды өзге бір зат арқылы елестету.

Алғашқы елестету түрі ғылыми анықтамаларға тән болса, екіншісі ғылыми дәлелдемелерге тән . Келтірілген тұжырымды дәлелдеуде Фараби елестету мен еліктеу тудыру нәтижесінде туындайтын көптеген психологиялық құбылыстарды талдап көрсетіп, әдебиеттегі образ жасау әрекетінің табиғаты мен мән-мазмұнын ашып береді. Трактаттың поэзия өнеріне арналғандығына қарамастан ғалым тұжырымдары мен дәлелдемелерінде түрлі ғылыми салалардан алынған мысалдар көптеп кездеседі. Табиғаты бөлек болғанымен қарастырылып отырған құбылыспен жымдаса бірігіп, белгісіз қырларын танытуға қызмет ететін мұндай мысалдардың көптігі ғылым мен өнер салалары толық жіктеліп, сараланып, дербестік алып үлгермеген дәуір ғылымына тән ерекшелікті ғана емес, энциклопедист-ғалым Фарабидің кең ауқымды біліктілік деңгейін де танытады. Сондай-ақ мұнда дүние құбылыстарын бөліп-жармай тұтастықта қабылдайтын, тұтастықтан таратып, сол тұтастық аясына қайта жинақтайтын, заманалар бойы қалпын бұзбай келе жатқан Шығыстық дүниетаным көрінісі де жоқ емес. Араб жылнамашысы Ахмад ибн Халликан (1211-1282) өз естелігінде Фарабидің өмір жолы мен еңбектері туралы айта келіп, Имад ад-Дин әл-Исфahanи еңбегіне сілтеме жасай отырып, Фарабидің бірнеше жол бәйітін келтіреді. Екінші бір арабтық автор, атақты дәрігер Ибн Әби Усайбиға (1203-1270) төмендегі жыр жолдарын Фарабидыкі деп келтіреді: Бәйітім менің кәдене сенің жараса, Нұр сәуле одан тапқаның. Ұға алмасаң ғақлия қараңғыда мәңгілік Көзіңді жұмып жатқаның. Қысыр сөз бізге не керек әбден мезі етсе де Нәсіп болған дәмімді әлі де татып келемін... Әдебиетші ғалым Аббас Махмуд әл-Аккадтың “Әл-Фарабиани” атты еңбегінде мынадай мәлімет келтіріледі: “Сайф ад-Дауланың сарайына жиналған даңғойлар мен ақындар аптаның әр күні әдемі, әуезді, бұлбұлды баққа барып, мүшәйраға түсетін. Әбу Насыр әл-Фараби де оған жиі қатысатын. Ол өзгелердей емес, Сайф ад-Дауланың өзімен келіп әкімнің жанына отыратын. Білімпаз әмірші... әл-Фарабидің философиялық тұжырымдарын да, өлеңдерін де қатты ұнататын, сүйсіне тыңдайтын. Мұндай санаткерлік сынға араб-парсы ақындарының сайыпқырандары ғана қатыса алатын” . Ортағасырлық араб поэзиясының көрнекті өкілі Әбу Фирас (932-968) өзінің ақын досына: “Поэзия – дөңгеленген алтын түйе, оның басы – Әбунасыр Мұхамедке, өркеші – Әбу Нуасқа, иығы – Омар ибн Рабиғаға, кеудесі Әбу Таммамға тиді, қалғаны – ішек-қарын, оны екеуміз бөлісіп отырмыз” деп жазған екен . Р. Хадоят, М. Аббас, А. Атеш, Х. Данышман, Декхудо секілді бертіндегі араб, парсы, түрік авторларының еңбегінде де Фараби өлеңдері жайлы біршама мәліметтер берілген. Қазақ оқырманына Фараби өлеңдерінің шағын бөлігі ақын А. Нысаналиннің көркем аудармасымен белгілі болса, жекелеген шумақтары көрнекті ғалымдар Н. Келімбетов, Ә. Дербісәлиевтердің жолма-жол аудармасы және А. Машановтың еркін аудармасы арқылы таныстырылды. Фарабидің біздің игілігімізге айналған шағын шығармашылығын саралар болсақ, ғұлама ғалымның ой мен сезімді қатар ұстай білген парасатты ақын да болғанын аңғарамыз. Фараби жырларында бірде нәзік сезім, бірде байсалды ой басым келсе, енді бірде екеуі қатар түсіп, тоғысып жатады:

Қашықтасың туған жер – қалың елім,

Не бір жүйрік болдырып жарау деген,
Шаршадым мен, қанатым талды менің
Шаңыт жолға сарылып қарауменен.
Кері оралмай жылдарым жатыр ағып,
Қасіреттің жасына көз жуынар.
О, жаратқан көп неткен ақымағың,
Құм секілді тез ысып, тез суынар.
Зиялы аз бір тұтам тіршілікте,
Әкімдікке күллісі жүгіреді.
Көкірекпен сезініп, күрсініп көп,
Жаным менің түршігіп, түңіледі .

Фараби өлеңдерінде насихат сарыны байқалады. Оның дидактикасы сезімсіз, сөлсіз жалаң үгіт емес, өршіл рухты, тұнық ойлы, белгілі бір дәрежеде лиризмге де бейім, адамның жан сезіміне қозғау сала отырып, еріксіз иілтетін салиқалы сыр:

Бауырым, қанша сүйгенмен,
Өтеді өмір күйбеңмен.
Шындыққа бас тік алаулап,
Пенделіктен бол аулақ.
Қағаздың түсіп бетіне
Сызықтай бейне тартылған,
Тап болып жігер сарқылған,
Кездейсоқ өмір өтіне
Қайыспай тұрса нар тұлғаң.
Сонда да беріп кетеміз
Жүректің отын молыңда.
Арманды аңсап өтеміз
Біз ұлы мұрат жолыңда ...

Фараби шумақтарын қазақ тілінде көркем көсілткен А.Нысаналин аудармалары нәзік сезім мен сұлу сырға толы. Көркем аудармаға түпнұсқадан туындайтын эстетикалық әсерді жеткізу басты шарт. Аудармашы сол әсерді сақтай білген. Ал түпнұсқадағы ой мен сезім, көркемдік әдіс, бейнелеу құралдары, шеберлік деңгейі секілді мәселелерді пайымдау үшін араб (ішінара парсы) тіліндегі мәтіндермен жұмыс жүргізген жөн. Арабтың айтулы сөз зергерлері ұстаз тұтып, араб поэзиясының көшбасшысы санаған Фараби өлеңдері бұл тұрғыдан зерттелер болса, шағын шығармашылықтан әдебиетімізге қомақты үлес қосылары анық. Әдебиеттанушы ғалымдар Фараби өлеңдерінің жолма-жол аудармасын да келтіріп жүр. Шығарма иесінің шынайы сезімін, ой-толғамын, мәнер-машығын дәл беруде жолма-жол аударманың маңызы зор. Н.Келімбетовтің аудармасында түпнұсқадағы тағылымды ой мен тұнық сезім шарпуы көрініс тапқан:

...Адамдар әлде құмға түскен із бе екен?
Біз соншалықты дәрменсіз болғанымыз ба?
Бір рет самал соқса-ақ бәріміз
Мына өмірден ұшты-күйлі жоғалып кетеміз бе?
...Түкке тұрғысыз атақ-даңққа таласып,

Қашанға дейін бір-бірімізді азаптай береміз?

Одан гөрі көк тәңірісіне жалбарынып,

Өліп-ақ кеткеніміз жақсы емес пе?!

Н.Келімбетовтің бертіндегі басылымдарға сілтеме жасай отырып (анық көрсетілмеген), Фарабидің парсы тіліндегі нұсқадан транскрипциялап, мағыналық аудармасымен бірге ұсынған өлеңдерінің бірінде жалқы шумаққа Фарабидің саналы ғұмырының соңғы түйіні, өмірлік ұстанымының мән-мағынасы, ақын-жүректің арман-дерті түгел сыйғызылғандай.

Айтылғандардан аңғаратынымыздай, даңқты жерлесіміз Әбу Насыр әл-Фараби шығармашылығының өскен өлкесінің дәстүрімен табиғи тамырласып жатқан кез келген қыры – ғылыми еңбектері, ақындық мұрасы мен күйшілік өнері осы сабақтастық тұрғысынан тереңдете зерттелуге тиіс. Әлемдік мәдениет пен ғылымда терең із қалдырған дана ғалым, сирек талант иесі Әбу Насыр әл-Фараби бейнесі қазақ әдебиетіндегі көркем туындыларда да өз көрінісін тапты. Тарихи шындықты көркем шындыққа айналдырып, шығармашылық қиялмен көмкеріп, оқырманға ой саларлық образдар туындатқан жазушы Д.Досжановтың “Фараби” повесі (1967ж.), драматург Ш.Құсайыновтың “Әбу Насыр әл-Фараби” пьесасы (1972ж), ақындар Ө.Тұрманжанов, М.Әлімбаев, Қ.Мырза Әли, М.Шаханов туындылары, Ж.Қыдыровтың “Фараби тригонометриясы” (1972ж) мен І.Есенберлиннің “Әбу Насыр Мұхаммед әл-Фараби” атты поэмалары, жазушы Ә.Әлімжановтың “Ұстаздың оралуы” романы қазақ оқырманының тарихи жадына, қазақ әдебиетінің алтын қорына қазына болып қосылды. Фараби бейнесінің сөз өнеріндегі тұтас галереясын жасақтаған аталмыш туындылар хақында көрнекті ғалым Р.Бердібай арнаулы мақала жазып, салиқалы бағасын берсе, А.Түсіпова, С.Ананьева сынды отандық зерттеушілер де осы тақырып төңірегінде ой өрбітіп, қалам тартты. Ұлы ойшыл Әбу Насыр әл-Фараби шығармашылығына қатысты шағын зерттеуімізді қорыта келе айтарымыз: Мәдени жаңару үдерісі жүріп жатқан қазіргі кезеңде “өркениеттер арақатынасында төңкеріс болып, Шығыстың өркениеттің алтын бесігі, Европа қайта өрлеуінің негізі болғандығы мойындалып, Әл-Фараби, Ибн Сина, Ибн Халдун, Ибн Рушдтардың европа философиясына қосқан үлесі баса көрсетілгенімен”, Фараби еңбектерінің әлі де ашылмаған қырлары көп. Мұның бір бөлігіне жоғарыдағы талдаулар дәлел. Демек, біздің есімін мақтан тұтар даңқты жерлесіміз Әбу Насыр әл-Фараби жайлы зерттеулердің арнасы келер күндерде де ортаймақ емес.

Пайдаланылған әдебиеттер

1.Медетбаев Т. Әл-Фарабидің әдеби мұралары

2.Қасымжанов А., Әлімов А. Әл-Фараби // Қазақ. А., 1994. 115 б.

3. Машанов А. Әл-Фараби және Абай. А., 1994. 192 б. [19]

4. Бурбаев Т. Ұлт менталитеті. Астана, 2001. 96 б. [20]

5.Дербісәлиев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары. А., 1995. 32 б. [21] Сонда, 18 б. [22]

6.Көбесов А. Әбу Насыр әл-Фараби. А., 2004. 106 б. [23]

7. Нысаналин А. Өлең өнерінің қағидалары туралы трактат. Өлеңдер
8. Қыраубаева А. Ежелгі дәуір әдебиеті. А., 1991. 84 б. [24]
9. Келімбетов Н. Қазақ әдебиетінің бастаулары. А., 1998. 142 б. [26] Сонда, 141 б. [27]

БЕКМҰРАТОВА АЙЖАН ЖУМАБАЕВНА

*Жамбыл облысы Тұрар Рысқұлов ауданы
Құлан ауылы Шоқан Уәлиханов атындағы
шағын орталықты орта мектебі
Өзін-өзі тану пәнінің мұғалімі*

ФАРАБИДІҢ РУХАНИ ӘЛЕМІ

Әлемдік мәдениеттің құрамдас бөлігі болып табылатын мұсылман мәдениеті адамзат өркениетінің даму тарихында маңызды роль атқарған әрі бүгінгі күнге дейін түрлі әлем елдерінің түрлі өмір аясына әсер етуін жалғастыруда. Осыдан мұсылмандық Шығыс халықтарының рухани құндылықтарын философиялық зерделеуге деген табиғи ұмтылыс пайда болып отыр.

Ортағасырлық Ислам мәдениеті мен философиясы өз дәуірінен озып, бүгінгі күнде де адамзат игілігі үшін қызмет етуде. Екінші ұстаз атанған әл-Фараби сынды ғылымдағы ірі тұлға арқылы қазақ халқы өзін мақтан тұтады. Ол өзінің керемет философиялық ілімдері арқылы түркілік ойлау, түркілік дүниетаным, түркілік интеллект мүмкіндігінің қаншалықты жоғары екендігін бүкіл Еуропаға паш етті. Ортағасырлық Ислам ренессансының Еуропа ғылымына жасаған ықпалы Еуропалық ренессанс дәуірінің басталуына алып келіп, әсіресе, жаратылыстану ғылымдарының дамуына жасаған әсері еуропалық өркендеу дәуірінің бетін ашты.

Ислам мәдениетінің гүлденуі ортағасырлық ислам философиясының ірі өкілдері әл-Кинди, әл-Фараби, ибн-Сина, әл-Газали, ибн-Рушд сынды алып тұлғаларды өмірге алып келді. Ең бастысы, мұсылмандық Шығыс эллиндердің ұлы рухани мұраларын кейінгі ұрпаққа жеткізе білді. Ортағасыр Ислам философтары Аристотель мен Платон трактаттарын араб тіліне аударып, Шығыс перипатетизмінің негізін қалады. Испандық перипатетизм өкілдері араб тілінен латын тіліне аударды. Бұл аударма қолжазбалар бүкіл Еуропаға таратыла бастады. Кейінгі ұрпақты естен шыға бастаған эллиндердің рухани мәдениеті мен еркін ойлауға, өмірге деген сүйіспеншілік көзқарастар негізінде тәрбиеледі. Осы кітаптардан бастап ортағасырлық Еуропада ренессанс ұғымы дүниеге келді. Ренессанс – бұл эллинизмнің Еуропадағы өркендеуі. Ол Ежелгі Грекия мен Ислам әлемінде бастау алған генетикалық бай тұқым болды. Осыдан бастап Батыстық алып өркениеттің алып ағашы өсіп шықты. Бұл Батыс пен Ислам өркениетінің сұхбаттасуының дәлелі.

Ислам философиясының тарихына көз жүгіртетін болсақ, әл-Фараби рухани әлемінің қаншалықты жоғары деңгейде болғанына көз жеткіземіз. Философияда Фараби иждихад дәрежесіне көтерілді, сондықтан да ол фикх, қалам секілді ілімдер бойынша өз ойын білдіріп қана қоймай, сол мәселелер бойынша лайықты шешім қабылдай алатын еді. Біз әр түрлі діни ғылымдар бойына өздерінің терең ойларымен белгілі болған ортағасыр Ислам философтарын еске алып салыстырар болсақ, орта ғасыр тарихшылары мен ғалымдарының философия тарихындағы Фарабидің дәрежесі олардың дәрежесіне қарағанда әлдеқайда жоғары екеніне сенімді болды. Фарабидің өздерінің идеологиялық қарсыластарына тигізген әсеріне көңіл аударатын болсақ, еш талассыз, оның дәрежесі мен философиялық ойлау мәдениетінің жоғары екені тайға таңба басқандай-ақ көрініп тұр. Бұл критерийді әл-Фарабидің өзінің философиясынан іздеу керек. Егер біз әл-Фарабиді – Ислам философиясының негізін салушы деп айтатын болсақ, одан кейінгі ойшылдардың талқылап ой қоса алатын өзіне тән философиялық принциптері мен идеяларының болғаны шүбәсіз. Бұл қандай негіздер мен принциптер? Бұл негіздердің ежелгі гректік және александрлық философиялық мектептердің ойларынан қаншалықты айырмашылығы бар? Әл-Фараби және оның ізбасарларының антикалық дәстүрді бойларына қалай сіңірді. Әл-Фараби философиялық рухани әлемінің қалыптасуына антикалық философияның нақтырақ айтсақ, Аристотель философиясының ықпалы қалай болды? Оны қалай зерттеді?

Біз әл-Фараби және оның ізбасарларының ежелгі грек философиялық мектептерінің еңбектеріне тек қана комментарий жасаумен шектеліп қалмағанын білеміз. Қазіргі кездегі белгілі неміс философы Мартин Хайдеггер ортағасырлық мұсылман философтары жайлы айтқанда былай ой тұжырымдайды: «Әрине, олардың (ортағасыр философтары) Аристотель философиясын түсінбеді деген жалған болар еді. Олар оның философиясын жаңа қырынан ғана көріп қоймай, оған жаңа мән мен талғам берді», – дейді. Демек, әл-Фараби де және оның ізбасарларының да ежелгі грек философиясын соқыр таныммен зерттемей, оны терең түсіне білді. Аристотель мен Платон философиясы арасында қайшылық бар, бірақ күмәнсіз оның себебі әл-Фарабидің оларды дұрыс аудармағанында емес. Әл-Фараби жаңа философиялық түсініктер орната отырып соларға сай нәтижелерге жетіп отырды. Бұл нәтижелердің көрінісін дінде, діни заңнамаларда, саясат пен ғылым салаларында байқай аламыз. Бұл енгізілген «жаңашылдықтарда» әл-Фарабидің философиялық принциптері мен философиялық көзқарастарының ең алғашқы бастауы ретінде дін қаралады, әрине дін бұл жерде ерекше философиялық ғылым ретінде қаралды. Дін мен философия сонау софистер заманынан бері бір-біріне қарсы қарастырылып келді. Сократқа тағылған айыптардың бірі оның діни құндылықтарды мойындамай, онымен санаспауында еді. Бірақ ортағасырларда дін мен философияның бірлігі мәселесі Ислам философиясындағы алдыңғы тақырыптардың бірі болды. Әл-Кинди әл-Фарабидің ойына қарсы пікір айта отырып, философия мен дін екі түрлі қарама-қарсы күштер және олар дүниені түсіндіру мен ақиқатқа жету жолында әр түрлі позиция

ұстанады деген ойда болды. Фарабидің ойынша философиялық ақиқат сияқты діни ақиқат та бар, бірақ бұл бір ақиқаттың екі түрлі көрінісі сияқты. Философия арнайы заңдар мен аргументтер, дәлелдерге негізделіп жасалатын болса, ал дінде осындай аргументациялар мен дәлелдердің үнделуі мен бұйырылуы түрінде көрініс береді. Жоғарыдағы сөздерді қорыта келе, әл-Фараби философияның дінмен салыстырғанда алғашқы бастама ретінде атап өтеді. Әл-Фараби бұл жерде философияның алғашқы бастама болуы оның ең бірінші әрі айқын артықшылығы етіп көрсетуге тырыспайды. Бірақ ол философияның дінмен салыстырғанда пайда болу уақыты тұрғысынан алғашқы болуымен қатар ол барлық жағынан діннен жоғары тұратынын айтып өтеді. Әл-Фараби тіршілікте философия мен дін арасында ешқандай қарама-қайшылық көрмегендігін көрсетеді. Оның басты мақсаты – философия мен дінді татуластыру. Осы ойлармен тығыз байланысты әл-Фарабиді екі маңызды сұрақ қатты толғандырған:– Платон мен Аристотель философиясы арасындағы қарама-қайшылықты жоққа шығарып, оларды татуластыру;

– Ислам дүниетанымы мен ежелгі грек философиясы арасындағы қарама қайшылықты жоюға тырысқан. Сол уақыттарда грек философиясына қарсы бағытталған басты сын Платон мен Аристотель арасындағы қарама-қайшылықтың бар екендігі еді. Егер философия біртұтас ақиқатты танымға әкеле алса, онда екі ең танымал философиялық жүйелер бір-біріне қалай қарсы тұрады? Егер олардың екеуі де ақиқатқа жетсе, онда олардың арасында ешқандай қайшылық болмауы тиіс еді; қарама-қайшылық бола тұра екі философиялық жүйе де дұрыс деп танылса, онда философияның жетілмегендігі мен ақиқатқа жеткізетін қабілетінің жоқтығын амалсыздан көрсетіп отыр – сол дәуірдегі философияны сынаудың бірінші бөлімі дәл осыдан тұрады. Әл-Фараби осы сынға жауап ретінде «Әл-джам бейб фай әл-хасимет Ефлбум әл-иляхи уа Аристо» («Екі дана Күдіретті Платон мен Аристотель көзқарастарының бірлігі») кітабын жазады, ол кітабында Платон мен Аристотель арасындағы айырмашылық тілдің әр түрлі қолданулары мен екі философтың бір-біріне ұқсамайтын өмір сүру салттарында екендігін көрсетуге тырысты; негізі ойшылдардың философиялық көзқарастары мәні жағынан бірдей еді. Кітаптың басында әл-Фараби философияның пәні туралы айтады және ғылымға талдау жасайды, содан кейін Платон философиясынан қысқаша мазмұн келтіреді, ал кітаптың соңғы бөлімінде Аристотель философиясының негізгі сипаттамаларын көрсете келе, екі ойшылдың да ойларының бір-біріне ұқсайтындығын айтады. Баршамызға мәлім болғандай, екі гректің философиясын «татуластыруды» III ғ. өзінде александриялық философия мектебінің өкілдері Аммоний мен Порфирий жүргізген болатын; сонда да әл-Фарабидің қозғаған ойы басқаша еді. Әл-Фарабидің ойы бойынша, философия ақиқаттың өзі және Ақиқат туралы білімді іздеу үдерісінің атауы, сондықтан барлық ұлы ойшылдар мен философтар бірдей ойлайды және бір қорытындыға келеді; осы жағынан алғанда олардың барлығы Ақиқатты іздеу мектебінің шәкірттері, сондықтан әр түрлі философтардың арасындағы айырмашылық сол бір Ақиқатты әр түрлі әдіспен жеткізуден басқа ешнәрсе емес. Платон мен Аристотель философиясын татуластыруға әл-Фарабиді

итермелеген тағы бір себеп – сол уақыттағы ислам дүниетанымына қарсы келген Аристотель философиясын Платонның философиялық оқуларымен «жұмсартуға» тырысу. Әл-Фараби үшін адами ойлау ретіндегі философия мен құдайылық туындау жүйесі секілді даналық арасындағы ғасырлар бойы үзілген байланысты қалпына келтіруге тырысқан, құдайылық даналыққа қарсы тұрмайтын ақиқатты философияны көрсеткен Платон мен Аристотель өз дәуірінің прогрессивті ғалымдары болды. Ал енді әл-Фарабидің антика дәстүрімен байланыстылығы, осының арқасында оның Аристотельден кейінгі екінші ұстаз атанып, даңққа ие болғанын айтар болсақ, әл-Фараби жастайынан Ұлы Аристотель мен Платонның ерте дүниедегі Грецияның философтарының шығармаларымен түпнұсқасынан танысқаны жөнінде деректер бар. Әл-Фараби рухани әлемінің қалыптасуы да осы антикалық философиялық дәстүрді бойына сіңірумен байланысты. Анығырақ айтсақ, Аристотель мен Платон философиясы әл-Фараби ойларының теориялық қайнар көзі болды. Платонның (неоплотонизмнің) және Аристотельдің философиясы әл-Фарабидің философиясының теориялық негізі болғанымен, оның дүниетанымын тек қана плотонизм мен аристотелизмнің қосындысы деп білуге болмайды. Әл-Фараби Аристотель мен Платонның, әл-Киндидің ізін қуып, философия мен ғылымның барлық салалары бойынша үлкен жетістіктерге жетті. Оның рухани әлемі, интеллектуалды деңгейі өз замандастарын таң қалдырады. Әл-Фараби өз заманындағы өнер білімінің ең асылын таңдап алып, өз дәуірінің шынайы энциклопедиясын жасап берді. Оның терең мағыналы пікір айтпаған, зер салмаған, ғылыми болжам жасамаған бірде-бір ғылым саласы жоқ десек, артық айтқандық емес. Әл-Фарабиді дүниеге танытқан музыка теориясына арналған шығармаларының бірі «Музыканың үлкен кітабы» еңбегі болып табылады. Ғұлама бұл еңбекте математикалық тәсілдер пайдалану арқылы музыкалық дыбыстарды тұңғыш рет қағаз бетіне түсіріп, нотаны алғаш дүниеге келтірді. Ол тек музыка теориясын жазып қоймай, музыкалық аспаптарды да қолдан жасап, сол аспаптарда керемет ойнай білген екен. Қазақ домбырасын дүниеге келтірген асқан музыкант ұлы бабамыз Әбу-Насыр әл-Фараби десек, біз қателеспеген болар едік. Оған бірнеше ғылыми дәлелдер, Фараби жасаған музыкалық аспаптар түрі куә бола алады. Оның шебер орындаушылығы жөнінде шығыс халықтары арасында күні бүгінге дейін айтылып жүрген көптеген аңыздар да бар. Қазақстан ғалымдарының соңғы зерттеулері әл-Фарабидің жаратылыстану-математика ғылымдары бойынша да аса терең, салдарлы мұра қалдырғанын анықтап отыр. Бұл, әсіресе, оның математика, астрономия, физика, медицина, химия, биология салалары бойынша жазған еңбектерінен айқын көрінеді. Әл-Фараби, әсіресе, математика философиясы, геометрия, тригонометрия салалары бойынша ірі жаңалықтар ашқаны да бізге мәлім.

Фараби «Бақыт жолын сілтеу» трактатында: Бақытқа, оған жетуге бастайтын жолға айрықша назар аударады. Әл-Фараби өлгеннен кейінгі баянсыз бақыт туралы емес, тірі адамның бақыты туралы айтады. Оған жету үшін адам өзін-өзі жетілдіре отырып, қиын жолдан өтуі керек. Әл-Фарабидің азаматтық саяси, адам, қоғам жөніндегі ойлары да, өзінің «Фусул

ал-мадани» (Мемлекеттік қайраткердің нақыл сөздері) трактатында қаралады. Бұл трактаттың тақырыптары әр түрлі болса да негізінен бір мақсатқа – адам мен қоғамның ара-қатынасы, оның жетілуіне арналған. Еңбектің өзіне тән бір ерекшелік сипаты – денелік және рухани құбылыстардың салыстырылып отыратындығы. Жетік философ теориялық ғылымдарды да білуге, оны басқа ғылымдарда да қолдана білуге тиіс. Платон мен Аристотель нағыз философқа әкімнің міндеттері жүктелуге тиіс деп санады, бірақ Платонның пікірінше, философ өзгермейтін ақиқаттарды меңзеп, мемлекетті басқаруды жоғары мақсатқа жетуге бөгет жасайтын ауыртпалық деп есептейді, ал әл-Фараби, керісінше, тіршілік істерден бойын аулақ салмайды, қайта адамдардың ақиқатқа жету жолына түсуіне көмектесуге тырысады. Бұл арада әл-Фараби дін мен философияны салыстырады. Оның пікірінше, дін – философияның ұқсасы: екеуі де жоғары принциптерге бар заттардың бастамаларына түсінік береді. Бірақ философия дәлелдеуді, дін сенуді керек етеді. Фараби мемлекетті философтар басқару керек дейді. Заң шығарушы өте жақсы пайымдаудың арқасында адамның мүдделеріне сай келуге тиіс заңдарды дұрыс жүзеге асыра алады. Сонымен, «философ», «заң шығарушы», «имам» және «бірінші басшы» ұғымдары бір нәрсеге келіп қосылады. Олар бір мақсатқа қызмет етеді, бірақ бұл мақсатты әр түрлі әдістермен жүзеге асырады. Адамдар бірлестіктерінің ерекшелік белгілері болып табылатын теориялық және практикалық қайырымдылықтарға тек философияның көмегімен жетуге болады деп тұжырымдайды ұлы ғұлама. Міне, көріп отырсыздар әл-Фарабидің әлеуметтік-этикалық саяси көзқарастарынан бүгінгі қоғамның көріністерінен пайдалы тиесілі үндестік табамыз. Адам, мемлекет, ел басқару жөніндегі Фарабидің өз заманында айтылған құнды пікірлерінің қазіргі таңда да қаншалықты маңызы барлығына көз жеткізіп отырмыз.

Түйіндеп айтқанда, ұлы ғұлама Әбу-Насыр әл-Фарабидің философиялық, логикалық-гносологиялық, әлеуметтік пікірлерімен, эстетикалық, теориялық, жаратылыстану ғылымдары салаларындағы пікірлерімен, ғылыми тұжырымдарымен жете танысу, оның дәуірін терең түсінуге мүмкіндік береді. Оның ғылыми ой-пікірлері өзінен кейінгі дәуірдегі Шығыс пен Еуропа халықтарының философиялық, эстетикалық, қоғамдық этикалық ой-пікірін және өнердің дамуына, жалпы рухани құндылықтардың дамуына әсер етіп, үлкен ықпалын тигізіп отыр. Ұлы өркениет философы Әбу-Насыр әл-Фараби рухани әлемі адамзат өркениеті мен рухани құндылықтарының биік шыңы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әл-Фарабидің психологиялық көзқарастары
2. Қазақ педагогика ғылымының қалыптасуы мен дамуы
3. Әл-Фарабидің өмірі мен еңбектері
4. Әл-Фарабидің педагогикалық-психологиялық көзқарастары
5. Әбу – Насыр Әл - Фарабидің шәкірттері
6. Ұлы ғалымның өмірі мен ғылыми ортасы (Әл-Фараби)
7. Әбу Насыр Әл-Фарабидің еңбектері
8. Қазақ даласындағы ислам әдебиеті

9.Әбу Насыр Әл-Фараби шығыстың – педагогы, психологы, философы

10.Этнопедагогикалық ойлардың туындауы және дамуы

ДАУЛЕТЖАН АҚБОТА

Нұр-Сұлтан қ. әкімдігінің

«ASTANA POLYTECHNIC» жоғары колледжі ШЖҚ

2 курс студенті

Жетекшісі: Ашаманова Сауия Асылхановна

ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫ

Бұл мақалада бүкіл елге танымал Әбу Насыр Ал-Фарабидің қай саласында болса да жетістіктері мен әдеби мұрасы туралы айтылған. Ұлтымыздың рухани көкжиегін кеңейтуде, ұлттық болмысымызды толыққанды қалыптастыруда, ұлттық құндылықтардың маңызы зор екені көрсетілген.

Түйінді сөздер: ғылыми еңбек, философиялық еңбектері, орта ғасырдағы данышпан, ұлы ғұламалардың бірі.

Әбу Насыр әл-Фараби – ұлы ірі тұлға, энциклопедист ғалым, данышпан, философ, әдебиетші, ақын. Фарабидің толық аты-жөні Әбу Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Тархан ибн Ұзлақ әл-Фараби ат-Турки.

1. ат-Турки – шыққан тегі түркі дегенді білдіреді.

2. әл-Фараби – Фараб қаласынан шыққан деген сөз.

3-5. ибн Мұхаммед ибн Тархан ибн Ұзлақ – ұлы ғұламаның әкесінің аты – Мұхаммед, атасының аты – Тархан, бабасының аты – Ұзлақ.

4. Ұлы ғұламаның өз аты – Мұхаммед.

5. Әбу Насыр – Насырдың әкесі дегенді білдіреді.

Әл-Фараби - философ. Фарабидің философиялық еңбектері: “Ақылдың мәні туралы тарихтан”, “Данышпандықтың інжу маржаны”, “Ғылымдардың шығуы”, “Философияны оқу үшін алдымен не білу керек”, “Аристотель еңбектеріне түсіндірме”

Әл-Фараби – ғалым. Әл-Фараби - ірілі-ұсақты 150- ге жуық ғылыми еңбек қалдырған данышпан. Ол музыка жайлы күрделі зерттеулер жүргізді, математикада үлкен жаңалықтар ашты, астрономия жайлы кесек еңбектер қалдырды, физика ғылымын жаңа идеялармен байытты, медицина, химия, минерология, жаратылыстану ғылымдары бойынша еңбектер жазды.

Әл-Фараби – математик. Әбу Насыр Әл-Фараби математиканы жеті тарауға бөледі (арифметика, геометрия, оптика, астрономия, музыка, статика, механика. Әл-Фарабидің математикалық идеяларын, мұраларын Әбу Әли ибн Сина (Авиценна), Әбу Райхан Бируни, Омар һайям сияқты шығыс ғұламаларымен қатар Роджер Бэкон, Леонардо да Винчи тәрізді Еуропа ғалымдары да көп пайдаланған. Математиканы архитектура, жер өлшеу, астрономия және музыкаға шебер пайдаланудың үлгісін көрсеткен.

Әл – Фараби өлеңдерінің негізгі тақырыбы - өмірдің мән – мағынасы туралы толғау, оқу мен білімді мадақтау, адамгершілікке шақыру. Әл-Фарабидің лирика жанрында жазған өлеңдерінің бірі: «Қашықтасың туған жер»

Фараби өмір сүрген дәуір терең тарихы, төлтума мәдениеті, озық дәстүрі бар түркі даласына ислам дінінің дендей еніп, түркі, араб, парсы мәдениетінің тоғысуы басталған күрделі кезең еді. Саналы ғұмырын ғылым-білім жолындағы ізденіске арнаған Фарабидің өмірлік ұстанымының қалыптасуына аталмыш факторлардың әсері үлкен болғаны анық. Мұсылман әлемінің сол кезеңдегі аса маңызды ғылым мен мәдениет орталықтары Бағдат, Шам, Мысыр елдеріне сапар шеккен жас Фараби араб, парсы, грек, латын, санскрит тілдерін жетік меңгеріп, сан-сала ғылымға бой ұрады.

Әбу Насыр Мұхаммед ибн Мухаммед Фараби ерте орта ғасырдағы ұлы ғұламалардың бірі болып табылады. Ол көпжақты оқымысты-энциклопедист және шығыс рационализмін қалыптастырғандардың бірі. Осы себепті оған “Аристотелден кейінгі екінші ұстаз!” деген құрметті атақ берілген Әл Фарабидің, бір кездері Орта Азияның етедегі мәдени орталығы болған қала Отырарда туылғаны тарихтан белгілі. Әл Фараби осы Отырарда, өзінің ана тілі қыпшақ тілінде бастауыш білім алады. Фарабидің еңбегі мен әрекет дәуірі араб мәдениетінің даму дәуірімен тұстас келді. Әлемнің атақты оқымыстылары, философтары, ақындары, музыканттары, бағдатқа жиналды және онда ғылым академиясы мен университет ашады.

Бағдат оқымыстыларының арасында Орталық Азия мен Қазақстаннан шыққандар құрметті орындарды иеленді. Солармен бірге Бағдатқа – білімнің барлық саласынан; музыкадан бастап астрономияға дейін хабары бар Фараби де келді. Фараби тіл ғылымының, калеграфияның, лингвистиканың, өлең құрастырудың, риториканың ірі теоретигі ретінде танылды. Сауатты жазу, каллиграфия, өлең жазуғ риторикадан трактовкалар жазды. Әбу Насыр ал-Фараби – жан-жақты дамыған музыкант әрі композитор, мәнерлеп орындаушы әрі теоретик, тарихшы, музыкалық аспаптарды жасаушы шебер болды.

Оның көптомдық “Музыка туралы үлкен трактат” деген шығармасы көптеген тілдерге аударылған. Фараби трактаттары біздің заманымызға дейін аса жоғары бағаланады. Фараби геометрияны барлық жаратылыстық-философиялық ғылымдардың негізі деп қарады. Ұлы идеяны “Философияны меңгерудің қажетті шарттары” деген трактатында анық келтірген.

Астроном және астролог ретінде Фарабидің беделі жоғары болды, ол бұл ғылымдарды арифметика, геометрия, музыка сияқты жоғары педагогикалық ғылымдар категориясына жатқызды. Физика мен жалпы жаратылыстанудан жазған Фараби еңбектері белгілі. Жалпы физикалық және жаратылыс құбылыстарын зерттеуде ол эксперименттер жасау қажеттілігін атап көрсетеді.

Фараби тамаша дәрігер ретінде де белгілі. Дәрігерлік қызыметіне байланысты Фараби, сол замандағы басқа да дәрігерлер сияқты, алхимиямен, ботаникамен, минерологиямен айналысады. Ғылымның бұл салаларының бәрі жаратылыстану құрамына кіретін. Фараби географияға көп көңіл бөлді. Саяхатшы

ретінде ол, Қазақстан мен Орталық Азияның, Таяу Шығыстың, Африканың көптеген ғылыми және мәдени орталықтарында болды. Оның Отрарда, Талас, Шаш, Самархант, Бухара, Хива, Кабул, Бағдат, Дамаск қалаларында болғаны құжат түрінде белгілі. Барлық елдер мен қалаларда, Фараби жаратылыс зерттеушісі, географ және астроном ретінде аймақты оқып үйренді, орынның координаталарын анықтады т.б. Жаратылсытануға Фараби басты мән берді. Ол, “қандай да бір педагогикалық ғылымға қарағанда, табиғат туралы ғылым әлдеқайда бай және кең көлемді болып келеді” деп жазды. Өзінің басқа бір еңбегінде “философияны оқып үйренуден бұрын табиғат туралы ғылымды игеру керек, өйткені бұл ғылым адамға барынша жақын, мәндері анық және оған түсінікті ғылым саласы” деп жазады.

Қорытындыдай келсем, философия саласында Фараби өз заманындағы теңдесі жоқ тұлға. Оның негізгі көзқарасы – рациональдық. Оның философиялық еңбектерінде Аристотель, Платон және басқа ертедегі данышпандардың философиялық еңбектеріне коментарийлер жазуға көп орын берілген. Фараби еңбектері Европаның Қайта өрлеуінде үлкен рөл атқарды. Бэкон, Л. Да Винчи, Коперник, Кеплер, Лейбниц сияқты оқымыстылар өз жетістіктері үшін Фарабиге қарыздар. Бүкіл өркениеттің жан дүниесін даму бағытындағы оның білімін бағалау оңай емес.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бұлұтай М. Ата-баба діні. А., 2000. 285 б.
2. Аль-Фараби. Трактаты о музыке и поэзии. А., 1993, 368 б.
3. Медетбаев Т. Әл-Фарабидің әдеби мұралары // Наследие аль-Фараби и мировая культура. А., 2001, 451 б.
4. Қасымжанов А., Әлімов А. Әл-Фараби // Қазақ. А., 1994. 115 б.
5. Машанов А. Әл-Фараби және Абай. А., 1994. 192 б.
6. Бурбаев Т. Ұлт менталитеті. Астана, 2001. 96 б.
7. Дербісәлиев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары. А., 1995. 32 б.
8. Көбесов А. Әбу Насыр әл-Фараби. А., 2004. 106 б.
9. Нысаналин А. Өлең өнерінің қағидалары туралы трактат. Өлеңдер // Қыраубаева А. Ежелгі дәуір әдебиеті А., 1991. 84 б.
10. Нысаналин А. Өлең өнерінің қағидалары туралы трактат. Өлеңдер // Қыраубаева А. Ежелгі дәуір әдебиеті. А., 1991. 84 б.
11. Келімбетов Н. Қазақ әдебиетінің бастаулары. А., 1998. 142 б.
12. Кенжетай Д. Қожа Ахмет Йасауи дүниетанымы. Түркістан, 2004. 150 б.

ӘЛ-ФАРАБИ - ҰЛЫ МУЗЫКАТАНУШЫ

Әл-Фарабидей даңқты тұлғаның адамзат баласына мұралаған бай рухани қазынасы туралы деректерді ой елегінен тағы бір өткізіп, бүгінгі ұрпақ жадында жаңғыртып алудың үлкен мүмкіндігі осы жыл аясында туындады. Он ғасыр уақыт өтсе де Фараби бабамыздың аты да, артында қалған мұрасы да бүгінгі ұрпаққа жетіп, осы күнге дейін маңызын сақтап отырғаны көңіл қуантады.

750-1030 жж. Ислам тарихының алтын ғасыры, яғни қайта өрлу заманы саналды. Әл-Фарабидің өмірі осы уақытқа түспа-түс келгендіктен ол ғылым бұлағынан терең сусындады. Сол заманда ғалымдар арасындағы үрдіске қарай әл-Фарабиде жан-жақты білім алып, хикмет, жаратылыс, музыка, метафизика, этика, логика, саясат т.б. ғылым салаларымен айналысты. Әуелі білімін ғылымның ең бай ошағы Бағдат қаласында шындаған болса, шығармашылық өрісін Дамаскіде дамытты.

Ғылым мен білімнің сан саласын меңгеріп, «екінші ұстаз» атанған Әбу Насыр әл-Фарабидың ең үлкен үлес қосқан ғылымының бірі – музыкатану. Әл-Фарабидың музыка жайындағы шығармаларына «Ырғақтардың жіктелуі туралы кітап», «Қосымшалардың ырғақтарға қосылуы туралы кітап» және «Музыка туралы кітап» жатады. Онда ол өзінен бұрынғы ғалымдардың музыка жайында айтқандарының түсіндірмесін қамтыған. Фарабидің «Ғылымдар классификациясы» атты еңбегінде музыка ілімі туралы негізгі ойлары айқын көрінеді. Мұнда Фараби музыка теориясын бес салаға бөледі.

«Музыканың басты (ұлы) кітабы» еңбегі кешегі Қайта өрлеу дәуірінен кейінгі Еуропада да, қазіргі жаһандық музыкатануда да маңызын еш жоймаған ғылыми туынды. Бұл еңбегінде ғұлама ғалым музыканың сан қыры, аспаптар, оны ойнайтын адамдар, олардың ойнап тұрған кездегі көңіл күйіне дейінгі кішкентай мәселелерге дейін тәтіштеп мән бере жазып көрсеткен. Сонымен қатар Әбу Насыр әл-Фарабидің өзі де музыкант адам болғаны айтылады. Өзі жасаған музыкалық аспабы – қыпшағимен әуеншығарып, өзі орындайтындығы айтылады және бұл аспаптың сонау Геродот заманында суреттелетін екі ішекті аспап – домбыра болуы да әбден мүмкін.

Осы тұрғыдан алғанда, Әбу Насыр әл-Фарабидің күйшілік өнері туралы да айтылу керек деп білеміз. Бірақ сан қырлы тұлғаның бұл бағыттағы еңбектері менол турасындағы мәліметтер аса көп еместігін де ескерген жөн. «Музыканың ұлы кітабын» жазған, араб-парсы музыкасында қолданылатын саз аспаптарын шебер меңгерген және оларды бүге-шігесіне дейін талдаған, сондай-ақ туған даласында жиырма жасқа дейін өмір сүрген тұлғаның домбыраны білмеуі, оны тарта алмауы мүмкін де емес деуге болады. Бүгінгі күнге жеткен аңыз бойынша бірде Әбу Насыр әл-Фараби Сайф-ад Даула әкімнің салтанатты қабылдауында бастапқыда елеусіз шетте отырып, бір ыңғайы келгенде қолындағы екі ішекті саз

аспабын құлақ күйіне келтіріп алып, құйқылжытып ойнай жөнелген екен. Отырған жұрт қос ішектіаспаптың шанағынан төгілген сазға елітіп, біресе дуылдай шаттанып, біресе аһылап-уһілей күрсініп, алуан түрлі көңіл-күйді бастан кешіп, әсерленіп отырады. Енді бірде тереңнен толғай тербетіп шерткенде тыңдап отырған жұрт еріксіз тегіс қалың ұйқыға кетеді. Осыдан кейін ол «Мұнда Әбу Насыр әл-Фараби болды» деп жазып,шығып кеткен екен. Жұрт оянғаннан кейін осы жазуды көріпті-міс. Мүмкін бұл оқиға болған шығар, әлде болмаған да шығар. Бірақта, біз ғұлама бабамыздың алыс Арабияда жүрген кезде қара домбыраны жанына серік етіп, сағыныш сырын бөлісіп,мұндасуы әбден мүмкін дегенге сенуге тиіспіз.

Әбу Насырәл-Фарабидің күйшілік өнері тұрғысында тағы бір тырнақ іліктіретерлік дерек – ұлттық фараби тануға зор үлес қосқан ғалым, академик Әлкей Марғұланнан жеткен бір аңыз. Онда былай делінеді: "Қобызымен екі дүниені күңіреткен ӘбуНасыр әл-Фараби Қорқыттың ізін ала шыққан, соның шәкірттерінің бірі болуға тиісті. Арун-Рашид заманында әл-Фараби күйшіні Жанкенттен Бағдатқа алдырып, Бағдат халқы Фарабидің сұлу күйін тыңдайды», - деп атап көрсетеді. Әбу Насыр әл-Фарабидің араб жеріне келуінің өзін осы оқиғамен байланыстырады. Расында да осы дәуірде музыка ерекше қадірленіп, дамудың жоғары сатысына жетіп тұрған еді. Сондықтан да әл-Фараби мен өзге де ғалым зерттеушілер музыкатану ғылымының бүге-шігесіне дейін жіліктеп, толымды еңбектер жазбас еді ғой. Академик Әлкей Марғұланның: «VII-X ғасырлардағы оғыз-қыпшақ дәуірі – әдебиет, музыка (күй), философия, өнершіліктің өркендеген бір сәулетті кезі болса, Қорқыт, әл-Фараби сияқты генийлер – соларды жасаушылардың ұлы басы», - деп атап көрсетуі бекер емес. Бұл тұрғыда араб, иран, тұран мәдениеттерін бір-бірімен үздіксіз байланыста жатқан өркениеттер деп қарастырудың толық негізі бар десек, жоғарыдағы аңыздың ақиқат болуы да әбден мүмкін.

Фараби жалаң орындаушы ғана емес, аса ұлы музыка зерттеушісі, асқан теоритик болған. Оған дәлел «Музыканың ұлы кітабы» деп аталатын көлемді шығармасын бүкіл музыка тарихшылары бір ауыздан музыка теориясы жайлы жазылған үлкен еңбектердің қатарына қосуы деп білеміз. Мәселен, француздың көрнекті музыка зерттеушісі, осы еңбекті 1930-35 жылдары француз тілдеріне аударған Р.Эрланже: «...Фарабидің бұл салада кейіннен араб тілінде жазған авторлардан айырмашылығы жер мен көктей» деп таңданса, ағылшынның қазіргі музыка зерттеушісі Г.Фармер: «Музыканың ұлы кітабы» Фарабиді орта ғасырлардағы музыка жөнінде жазған ең үлкен автор болды деген пікірімізді дәлелдеп отыр» деп жазған.

Фараби музыка ілімін жасауда сөз жоқ ертедегі грек оқымыстылары Пифагор, Аристотель, Евклид, Аристоксен, Птоломейдің еңбектеріне сүйенеді. Алайда Фараби бұл авторлардың идеяларын сын көзбен қарап, логикалық сарапқа салып, ғылымның жаңа жетістіктері негізінде қайта талдап шығады. Олардың дұрыс-бұрыс жерлерін дәл басады. Сондықтан да Фараби бұл салада гректерден көп озық кеткен. Мәселен, ежелгі грек ғұламалары аспаптарды зерттеуді тіпті қолға алмаған. Ал, Фараби музыкалық аспаптарды зерттеуді тыңнан бастап,

математика мен физиканы жетік білгені сонша , олардың музыка іліміндегі мүлт кеткен жерлерін дәл тауып түзетеді, дамытады. «Мен тек музыка ғылымын бағалаушы ғана емеспін, музыка өнерін бағалаушыдамын, сондықтан да ертедегі гректерге қарағанда, көбірек зерттеуіме, ізденуіме мүмкіндігім болды» деп жазды. Фараби Шығыстың ғылымы мен өнері ескі грек ғылымы мен өнерінің жай ғана көшірмесі болды деп кемітетін буржуазия ниеттес оқымыстылары бұған не дер екен.

Музыка зерттеушісі Әбунасыр Мұхаммед ибн Тархан әл-Фарабидің әлем өнеріндегі басты жаңалығы музыканың теориясын жасағандығында. Себебі осы уақытқа дейін музыка зерттеушілерінің сөзіне сүйенер болсақ, «Әл-Фараби жасаған музыкалық теория нақты әрі айқын.»

Әбу Насыр әл-Фараби бабамызды ұлықтау, есімін мәңгілік қалдыру тұрғысында музыка саласында қазірге дейін не істелді, болашақта қандай іс әрекеттер жасалуы керек деген сұрақтарда өз жауабын күтіп тұрғандығы анық. Осы тұрғыда білетініміз, Ұлы музыкатанушы ғұламаның өмірі мен шығармашылығын музыка тілінде бейнелеуде қазақ композиторлары аянып қалған жоқ. Композитор Кенжебек Күмісбеков «Фараби сазы» атты күй-поэмасын жазса, Нұрғиса Тілендиев те осы аттас күйін халқына тарту етті. Әбу Насыр әл-Фарабидің композиторлық қырын арқау еткен тағы да бірнеше туындылар барын білеміз.

«Өзелі өз ерлерін ескермесе, ел тегі алсын қайдан кемеңгерді», - деп дүлдүл ақын Ілияс Жансүгіров айтқанындай, өз елі өзінің ғаламдық деңгейдегі еңселі де елеулі тұлғасын ұлықтап, ғаламдық деңгейдегі еңбегін ескере отырып насихаттау арқылы сол тұлғаға ұқсаған ертеңгі күннің кемеңгер ғұламасын тәрбиелеп шығары сөзсіз. ХХІ ғасыр - ақпарат ғасыры, ғылым мен техниканың ғаламат шарықтап дамитын дәуірі. Мұндай дәуірде біздің халқымыз өз ұрпағына арғы тарихтағы жиһангер тирандарды емес, Әбу Насыр әл-Фарабидей ғұламаларды үлгі-өнеге етуге тиіс. Сонда ғана ұлы ғұламаның кіндік қаны тамған киелі топырақтағы азат елдің «Мәңгілік ел» идеясы нақты мәңгілік сипатында үздіксіз көрініс табары анық. Әбу Насыр әл-Фараби - туған топырағындағы ел-жұртына рухани тиянақ болған мәңгілік тұлға.

ДЮСЕМБАЕВ КЕНЖЕБАЙ

*Қазақ Ұлттық Өнер
Университеті, Нұр-Сұлтан қ.
аға оқытушы*

ӘЛЕМДІК ДЕНГЕЙДЕГІ ТҰЛҒА

Мақалада ұлы ғұламаның тұлғасын көрерменге көркем фильм арқылы жеткізу мәселесі туралы баяндалады.

Түйін сөздер: тұлға, отандық телеарна, көркем образ, деректі фильм

Әл-Фараби – көрнекті ойшыл, өзінің замандастарының арасындағы ең ірі ғалым, философ және шығыс аристотелизмінің ең ірі өкілі. Өзінің білімділігі мен сауаттылығының арқасында "Екінші Ұстаз" атауына ие болды. Әл-Фарабидің шығармашылық мұрасы орасан зор (150-ге жуық философиялық және ғылыми трактаттар), ал оның айналысқан ғылыми салалары ол -философия мен логика, саясат пен этика, музыка мен астрономия. Әл-Фарабидің еңбектері күні бүгінге дейін өз мән-маңызын жоғалтқан жоқ.

Әл-Фарабидің мемлекет, ел басқару жөніндегі тұжырымдары, әлеуметтік-этикалық саяси көзқарастары бүгінгі қоғам үшін де айрықша маңызды. Оның еңбектері еуропалық Ренессанс дәуірінің басталуына себепкер болып, өрлеуіне үлкен ықпал етті. Фараби Шығыс пен Батыстың ғылымы мен ежелгі мәдениетін табыстыруда зор рөл атқарды. Әл-Фарабидің грек философиясын жетік меңгергені соншалық, тіпті еуропалықтардың өздері Аристотель мен Платонның философиясын әл-Фараби аудармалары арқылы оқып үйренді.

Әл-Фараби «Бақыттың мәні – парасаттылықта, әркімнің өз алдында игілікті мақсат қоя білуінде.. адамның өз мінез-құлқын, іс-әрекетін ерікті түрде өзгертіп, игілікке бағыттап отыруында», – деген болатын. Әрбір адамның жақсылық жасауға, өзін және айналасындағыларды бақытты етуге бар күш-жігері жетеді. Ұлы бабадан мың жыл өткізіп барып данышпан Абай дәл осындай гуманистік ұлы қағиданы жаңғыртып, қайталап, қуаттай түсетінін фарабитанушы ғалым А.Көбесов «Әл Фараби мен Абайды қатар оқығанда» атты еңбегінде ықыласпен атап өтеді. Әл-Фараби адамды өз болмысын өзі танып білуге тәрбиелеу ісіне үлкен мән берді. Бұл мәселені логикалық, этикалық, педагогикалық, тілдік тұрғыдан кеңінен саралап, бұларды бір-бірімен өзара сабақтастықта қарастырады. Ғалым дене тәрбиесі мен адамгершілік тәрбиесінің ұқсастығына, оның бір-біріне тигізетін әсеріне ерекше мән берді.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы мен Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы аясында әл-Фараби туралы отандық және шетелдік телеарналардан көрсетілген бірқатар деректі фильмдер түсірілді. Түркия мен Голландияның деректі фильмдер режиссерлерімен және ғалымдарымен бірге «Әл-Фараби - екінші ұстаз» деректі фильмі түсірілді. Фильм Walkers Productions киностудиясында голланд тілінде түсіріліп, Еуропада көрсетілді. Кейін фильм Қазақстанның ұлттық телеарналарында қазақ тілінде көрсетілді. Сондай-ақ, ҚазҰУ Түркиядағы Өркениеттер Альянсының өкілдігімен бірге 2016 жылы Бакуде (Әзірбайжан) өткен халықаралық симпозиумда таныстырылған «Әл-Фараби - өркениеттің философы» атты тарихи деректі фильмін шығарды. Үш бөлімнен тұратын «Әл-Фараби - өркениет ойшылы» деректі фильмі «Medar» (Түркия) Халықаралық мәдени зерттеулер орталығымен бірлесіп түсірілген. Мұнда Шығыстың ұлы ойшылы Әл-Фарабидің өмірінен алынған құнды тарихи мәліметтер мен фактілер алғаш рет келтірілген. Фильмнің қазақ тіліндегі премьералық көрсетілімі 2019 жылы Алматыда Түркі әлемі деректі фильмдер фестивалінің қазақ бағдарламасы аясында өтті.

Отандық телеарналардан көрсетілген «Ұстаздың оралуы» (реж.С.Азимов) деректі фильмі Қазақстанда, Түркияда, Египетте, Сирияда және түркі әлемінің

ұлы перзенті өмір сүрген және жұмыс жасаған басқа елдерде де түсірілген. Дамаскіге барған кезде түсірілім тобы Сирияның ұлттық кітапханасында әл-Фараби трактаттарының қолжазбаларын зерттеуге мүмкіндік алды. Өткен жылдың соңында телеарнада ұлы ұстазды кеңінен насихаттап, оның білімімен көрерменді сусындату мақсатында «Әл-Фараби» (реж. Б. Дәуренбеков) телесериалы көрсетілді. Телехикаяда ғұлама ұстаз Әбу Насыр әл-Фарабидің бала кезінен бастап, күллі әлемге танылғанға дейінгі өмірі суреттеледі.

Бұл жетістіктер әл-Фарабидің еңбектерін толық қамтиды деп айта алмаймыз және ғалымның сан қырлы мұраларын көрерменге таныстыруда әлі де өз орнын табатындай дәрежеде зерттеу қажет екенін айта кеткенді жөн санаймыз.

Кино саласында әл-Фараби туралы деректі фильмнен әрі аса алған жоқпыз. Көркем дүние болған жоқ. Әл-Фараби образын экранға шығаруда бүгінгі көрерменнің талғамына, талабына аса мән берген жөн. Бейнелеу өнерінде әл-Фарабидің басына молданың сәлдесін кигізіп, ақ шапан жаптырып әкелді. Ал киноэкранда оның образын жіптіктей әппақ қылып көрсетуге болмас. Өйткені, ол заман өгіздің үстінде, түйенің қомында өткендіктен киім киісі, мінезі, тұр-тұлғасы, өзін ұстау характертеріне айрықша көңіл аударған дұрыс деп ойлаймыз. Ұлы ғалым әл-Фарабидің ғылыми ізденістерінен бөлек, пенде ретінде күрес пен ерлікке толы ғұмырынан сыр шертіп, өмірін қиын-қыстау қақтығыстар күйінде қарастырған жөн болар.

Біз әдетте әл-Фарабидің есімімен мақтанғанды жақсы көреміз. Алайда, оның ойларын, еңбектерін түсініп болған жоқпыз. Көбінесе әл-Фарабидың түркі екенін, Отырардан шыққанын айтамыз. Ал, ғалымның еңбектерімен аса таныс емеспіз. Сондықтан, оны аудару керек, оқу керек. Біздің қоғамға қазір өзгерістер қажет. Ал сол өзгерістің рухани негізі Фараби дүниетанымы бола алады деп ойлаймыз.

Әл-Фарабидің:

«Бәйітім менің кәдеңе сенің жараса,
Нұр сәуле одан тапқаның.
Ұға алмасаң ғақлия
қараңғыда мәңгілік
Көзіңді жұмып жатқаның»-

деген өлең жолдарынан аңғарғанымыз Абай айтқан

«Жүрегіңнің түбіне терең бойла,

Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла.

Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,

Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма!» деген ойымен астарласып жатқандай.

Шынында да, хакімнің тереңнен нәр алған ойлы шығармалары өз халқын мәдениет және әдебиет мұхитынан сусындатты. «Өлді деуге бола ма, айтыңдаршы, өлмейтұғын артында сөз қалдырған» деп Абай жырлағанындай, ұлы тұлғалардың артында ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан мол мұра, рухани қазына қалды. Әл-Фараби киноэкранымызға сұранып-ақ тұрған ұлы тұлға. Әл-Фарабидің философиялық, саяси-этикалық, музыкалық мұраларынан ұғатынымыз мемлекет халықтың, жеке адамның рухани болмысының толыққандылығымен, тереңдігімен нығаяды.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Балықбаев Т. Әл-Фараби мұрасы және Көбесов зерттеулері// Егемен Қазақстан №101 27.05.2020ж
2. Машанов А. Дүние емес , білім жинаған ғұлама./ Аңыз адам №17,2011
3. <https://www.kaznu.kz/kz/3/news/one/20609/> / әл-Фараби туралы деректі фильм

ИВЖАНОВА ҒАЛИЯ МАХСУДҚЫЗЫ

Нығметулла Киікбаев атындағы

мектеп-гимназиясы

Жамбыл облысы Байзақ ауданы

Сарыкемер ауылы

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

ӘЛ-ФАРАБИДІҢ МЫҢ ЖЫЛДЫҚ ҒЫЛЫМИ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ЕҢБЕКТЕРІ

Тарих жазбасында, халықтың рухани қазынасында айтулылардың айтулысы, жүйріктердің жүйрігі ғана мәңгі ұялап қоныс тебеді. Мың жылдан артық уақыт өтсе де, аты ауыздан-ауызға жатталып, еңбектері уақыттың, мезгілдің қатыгез сынынан мүдірмей өткен, сол адамзат ұлдарының, тарих перзеттерінің бірі Әбу-Насыр әл-Фараби.

Әл-Фараби ғылымның көп салаларын меңгеріп, тамаша табыстарға жеткен. Ғылымның философиялық-логикалық ірге тасын дұрыстап қайта қалап шықты, ғылымды оқу және оқыту ретін белгіледі, әр қайсысының пәнін анықтап, мазмұнын ажыратып беруге тырысты. Фарабидің метофизика, тіл ғылымы, логика, психология, география, этика тағы басқа ғылымдар жайлы жазғандары өз алдына бір төбе.

Осы кезде баршамызға мәлім сан-саналы ғылым тарауларының әрқайсысының басып өткен жолы, ұзынды-қысқалы жасалу тарихы бар. Бұл тарихты білудің тек қана біздің ой-өрісімізді кеңейтіп, дүниетануда дұрыс көзқарасқалыптастырып, жалпы мәдениетімізді арттырі кәдесіне жарап қана қоймай, қазір және болашақта жаңа ғылымдар жасауда үлкен қолқабыс тигізері сөзсіз. Сондықтан да ежелгі ғұламалар «Ғылымның көзін білмей, өзін білмейсің» деп бекер айтпаған.

Қай ғылымды алсақ та, сайып келгенде, оның түп көзі ұзаққа созылған халықтың практикасына, қоғамның мұқтаждығын өтеу жөніндегі күрес-әрекетіне тіреледі. Астрономия, математика, география сияқты аса көне ғылымдар тарихы осыны растайды.

Алайда ерте ме, кеш пе, дамудың белгілі бір жүйесінде күнделікті практика, бақылау, тәжірибе жүзінде жинақталған білім дағдыларды жинақтап, іріктеп, сұрыптап бір жүйеге келтіру қажеттігі туады да, мұны іс жүзінде жүзеге асыратын кеменгер оқымыстылар тарихқа келеді. Бұлар ертедегі гректерден шыққан Пифагор, Аристотель Геродот, Евклид, Архимед, Птолемей, т. б. жаңа заманда

шыққан Коперник, Галилей, Декарт, Ньютон, Лобачевский, Эйнштейн осы санаттағы оқымыстылар.

Ғылым жасау мәселелері орта ғасырлардағы шығыс кемеңгер ойшылдарын да толғандырған. Алайда ғылым мен мәдениет тек Европа топырағында туып, өркендеді деген қате көзқарастағы ғылым тарихшылары кейінгі кезге дейін мәдениет тарихындағы бұл кезеңге менсіндіксіз қарап келді. Сондықтан да болар, ғылым жасау саласындағы орасан зор маңызы болған шығыс ғалымдарының жаңалықтары орынсыз ұмытылып, төмендетіліп келді.

Міне, осындай тиісті бағасын ала алмай келгендердің ішінде Әбунасыр Фараби де бар.

Фарабиден қалған аса кесек туынды «Музыканың ұлы кітабын» зерттеу, талдау барысында біз Фарабидің теориялық ғылым жасау жөніндегі үлкен сындарлы ілім жасағандығының куәсі болдық.

Бұл туралы Фараби кітабының алғы сөзінде былай бастайды: «Қандай ғылым болсын, оның теориясына жетік болу үшін үш түрлі шарт керек: ғылымның барлық түпкі негіздерін – принциптерін білу керек; сол принциптерден осы ғылымға жататын қажетті қорытындыларды, салдарларды шығара білу керек; осы ғылым жайлы бұрын-соңдайтылған пікірлерді талдап, түзете білу керек.

Осы негізге сүйеніп мен өз еңбегімді екіге бөлдім: бірінші бөлімде музыка ғылымының негіздерін түсіндіруге тырыстым, сонан кейін ол негіздерден қандай қорытындылар мен салдарлар шығатынын талдап көрсеттім. Екінші бөлімде музыка теориясын жасаушы аса көрнекті ғылымдардың қолға түскен еңбектеріне талдау жасалды...»

Осы шарттар негізінде және гректердің, әсіресе Аристотельдің ғылыми мұраларын сын елегінен өткізіп, өзіне дейінгі философия мен бүкіл жаратылыстану ғылымдарының жетістіктерін басшылыққа ала отырып, Фараби музыка теориясын қайта жасап шыққан. Айта кетерлік нәрсе, музыка негіздері ол тұста физика-математика ғылымдары қатарына қосылатын. Фараби көбінесе музыка ғылымы жайлы айтқанмен, оның көптеген идеялары басқа теориялық ғылымдарға да тікелей қатысы бар. Мұнда өзі де кітаптың әр жерінде ескертіп отырады.

Фараби өзінің әдісін, ең әуелі музыка ғылымының алғашқы принциптерін, негіздерін ашуға жұмсайды. Оның пікірі бойынша бұл негіздер үш топқа бөлінеді. Олар: халықтың ұзаққа созылған музыкалық практикасының, дәстүрінің әсерінен адамның миына, сана – сезіміне о бастан сіңіп кеткен принциптері; басқа ғылымдардан (әсіресе физика-математика, т. б.) ауысатын принциптері; тікелей тәжірибеден алынатын принциптер.

Бұл туралы ұлы ұстаздың өз сөзімен айтсақ: «...кейбір негіздері біздің инстинктке жататын, кейбіреулері басқа ғылымдарда түсіндірілетін, үшіншілері біз бұдан бұрын түсіндіріп кеткен тәсіл мен тәжірибеден шығатын өнер мен ғылымның түрлері бар. Бұл жағдай музыка теориясында орын алады. Оның негізгі принциптерінің шығуы біздің инстинктке байланысты немесе іргелес ғылымдарда түсіндірілген немесе тәжірибе нәтижесінде пайда болған».

Фарабидің ғылым жасау әдісі орта ғасырлардағы ең үлкен ғылым табыстардың қатарына жатады. Бұл факт Фарабиді кеменгерлігінің, ойшыл-білімпаздығының тағы бір соны қырын танытады.

Ғылымның даму тарихында жинақталған білім қорларын сұрыптап, реттеп белгілібір жүйеге салу тәртібі ежелден бар. Мұндай әрекеттер бір жағынан, ғылымдағы бар жоқты айқын сезіп, оны кемелдендіруге, дамытып, толықтыруға итермелесе, екінші жағынан, ғылымның өзін түсінуді, түсіндіруді, пайдалануды жеңілдетіп тоырған. Міне, осылай білімдердің белгілібір жүйемен баяндалған жиынтығы-энциклопедиялар жасау дәстүрі пайда болған. Мұның ертеректегі мысалы ретінде Аристотельдің осы саладағы еңбектерін айтуға болады. Орта ғасырлар заманында да әр түрлі үлгіде жазылған көптеген энциклопедиялар дүниеге келген.

Бабамыз Фараби бұл тұрғыда да қарап қалмай, өзінің ең атақты шығармаларының бірі «Ғылымдар энциклопедиясы» деп аталатын трактатын жазған. Фарабидің бұл еңбегінің ғылым тарихында алатын орны ерекше үлкен. Бұл трактат «Ғылымдар энциклопедиясы», «Ғылымдар реті», «Ғылымдар классификациясы», т.б. аттармен Шығыс пен Батыс елдерінде өте ертеден-ақ мәлім болып, одан көп ғұламалар тәлім алды.

Бұл айтылған жиынтықтардың бәрін пайымдау жолымен –өз ойымызды қалай жеткізу керектігінен, үйрету немесе үйрену керектігінен , қалай баяндау, сұрау, жауап бкрі керектігінен абстракциялану арқылы таптық. Осы себепті барлық ғылымдардың ішіндегі ең бірінші ғылым тіл туралы ғылым деймін. Ол заттарға, яғни субстанция мен акциденцияларға атау береді.

Екінші ғылым-грамматика, ол қалай реттеу керектігіне, субстанциялар мен акциденциялардың орналасуын білдіретін сөздер мен сөйлемдерді және содан шығатын салдарларды құрастыруға үйретеді.

Үшінші ғылым-логика. Ол қорытынды алу үшін логикалық фигураларға сай баяндауыш сөйлемдерді қалай орналастыру керектігіне үйретеді. Солардың арқасында біз танылмағанды танимыз, ненің жалған екені туралы пікір айтамыз.

Төртінші ғылым –поэтика, ол сөздерді олардың салмағына, реттілігіне, яғни олардың пропорциялары мен уақыттағы үйлесімділігіне қарай қалай орналастыру керектігіне үйретеді, мысалы, төрттен, алтыдан, сегізден. Бұл сандар осы мақсат үшін неғұрлым бейімделген және аяқтаушы болып табылады.

Арифметикалық ғылымға дейінгі ғылымдардың реттілігі осындай.

Сондықтан бұл сенің жаныңды даналықтың тәтті дәмін татуға және ақиқатқа жетелеуге себеп болатындай тиянақты бақыла, дұрыс ойла. Өйткені, осы тәсілмен, құдай бұйырса, сен ненің жасырын жатқанын, ненің сен үшін игілік екенін түсінесің.

Фараби Аристотель еңбектерін барлық қырынан зерттей отырып, өзі де жаратылыстану ғылымдарымен көп айналысқан. Ол ғылым күшін барынша насихаттап, адам ақыл-ойының дүние танудағы құдіретін дәріптейді. Кертартпа мұсылман діншілдері ғылымды, дүние тануды тұншықтыруға күш салып баққан түнек заманда білім мен өнерді паш етудің өзі Фарабидің ғылым мен мәдениет тарихындағы кесек үлестерінің бірі. Ол ғылымның көп салаларын меңгеріп,

тамаша табыстарға жеткен. Фараби ғылымның философиялық-логикалық ірге тасын дұрыстапқайта қалап шықты, ғылымды оқу және оқытуретін белгіледі, әр қайсысының пәнін анықтап, мазмұнын ажыратып беруге тырысты. Ол музыка жайлы күрделі зерттеулер жүргізді, математикада үлкен жаңалықтар ашты, астрономия жайлы кесек еңбектер қалдырды, физика ғылымынжаңа идеялармен байытты, медицина, химия, минерологиятәріздес жаратылыстану ғылымының маңызды салалары бойынша еңбектер жазды, ертедегі дүние оқымыстыларының пікірлеріндегі озық және тозық қағидаларды талдады. Фарабидің метафизика, тіл ғылымы, логика, психология, география, этика, т.б. ғылымдар жайлы жазғандары өз алдына бір төбе.

Әл-Фараби ілімі тәрбиенің әлеуметтік мәнін ашты. Оның ілімі тәрбие - еңбек, адамгершілік, ақыл-ой тәрбиесінің теориялық негізін қалыптастырды.

Қандайда болсын құбылысты түсіндіруге бағытталған ұғымның, идеяның, белгілі бір саласының мәнді байланыстары мен заңдылықтары жөнінде толық түсінік беретін ғылыми білімді қорытудың ең жоғарғы формасы деген қағиданы ұдайы басшылыққа алған Фараби еңбек тәрбиесінің теориясын «Өзінің ішкі құрылымы жағынан бір-бірімен логикалы байланыста болатын біртұтас білім жүйесін құрайды» деп тұжырымдайды.

Ұстаздық мінез-құлық нормасы мынадай болуға тиіс: ол тым қатал да болмауы керек, тым ырыққа да жығыла бермеуі керек. Өйткені, аса қаталдық - шәкіртті өзіне қарсы қояды, ал тым ырыққа көне беру – қадірін кетіреді, берген білімі мен ғылымына шәкірті селқос қарайтын болады. Әл-Фараби жас ұрпаққа және жеке адамдарға тәлім-тәрбие беріп, еңбекке үйретіп, еңбек тәрбиесін беретін, ұстаздық жасайтын адамдарды өте жоғары бағалаған. Оның ойынша тәрбиеші адам (қазіргі мұғалім) - "мәңгі нұрдың қызметшісі". Ол барлық ой мен қимыл әрекетіне ақылдың дәнін сеуіп, нұр құятын тынымсыз лаулаған оттың көзі" – деген.

Педагогикалық тұрғыдан қарастырсақ, бұл тұжырым- «оқушыларға саналы тәртіп, сапалы білім беру, пайдалы қоғамдық еңбекке баулу» деген сөз. Фараби еңбек тәрбиесінің теориясын жасауда еркін еңбектің адамның жан-жақты дамуы үшін маңызы зор екенін атап көрсетеді.

Фараби «еңбек ету, сапалы болу, адамгершілік, ақылдылық табиғаттан туындауы қажет» деген ғылыми тұжырым жасады. Ұлы ойшыл адамды табиғат, адам, жер бетіндегі тірі организмдер дамуының ең жоғары сатысына көтерілген, еңбек құралдарын жасап, оларды өз қажетіне жарата білген, түсінікті сөз сөйлей білетін саналы ортаның мүшесі дейді.

Оның пікірінше, оқу, тәрбие, білім алу, еңбек ету, ғылым адамы болу адамгершілік және тәрбиеге тығыз байланысты.

Фараби ең алғаш еңбекті, адал еңбекті тәрбиенің алғышарты етіп алады. «Тәрбиені неден бастау керек», Философия-менгеру, білім-тәрбие алу, еңбекке үйрену, философияны менгеру тәрбие әдістеріне байланысты екенін ғылыми тұрғыда дәлелдейді. Осы негізде ол оқыту мен тәрбиелеудің мақсаттарын жеке-жеке анықтайды. «Ғылымдар тізбегі», «Ғылымдардың шығуы» еңбектерінде ғылымдарды үйрену, үйрету реттерін белгілейді және тәрбиенің, оның ішінде

еңбек тәрбиесінің тарихи тағылымын, үлгісін болашақ ұрпаққа өнеге, тәлім етіп қалдырады.

Фарабидің «Тәрбие тағылымдарының ең маңыздысы әрбір жеке адамды еңбекке тәрбиелеу болды. Өйткені, еңбексүйгіштік, еңбек ете білуге және еңбекке ынталы болуға тәрбиелеу. Ол кімде-кім өзінің тіршілігі үшін өзіне пайда келтіретін еңбекпен айналысқанда ғана нағыз ел адамы бола алады деген өмірлік өсиет қалдырып кетті». Ұлы ойшыл Фараби тарихи шындықты, еңбекті, тәрбиені, оның ішінде еңбек тәрбиесін адамның игілігі, бақыты үшін қолдануды армандады.

Фарабидің педагогикалық теориясында оқыту мен тәрбие өте тығыз да біртұтас байланыста қарастырылғанымен, олардың педагогикалық құрал ретінде ерекше, әрқайсысына ғана тән жақтары да ажыратылады. Оқыту адамдар мен халықтарда теориялық қайырымдылық дарыту болады, ал тәрбие- білім-білікке негізделген өнер арқылы оларға этикалық қайырымдылық дарыту тәсілі. Оқыту сөз арқылы жүзеге асырылады, ал тәрбие кезінде адамдар мен халыққа белгілі қимыл-әрекет дағдысын егеді. Ғұлама тәрбие кезінде тәрбиеленушінің ерекшелігін ескеріп, әрбіріне жеке әдіспен дара қатынас жасауды талап етеді.

Қорыта келгенде, жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында сақтайтын, ешнәрсені ұмытпайтын алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі мейлінше шешен, білімге құштар, аса қанағатшыл жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын, жақындарына да, жат адамдарына да әділ, жұрттың бәріне жақсылық пен ізгілік көрсетіп, қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек тұлға болып қалыптасуы керек деп ойлаймын.

Әдебиеттер тізімі:

- 1.Ә.Нысанбаев, Ғ.Құрманғалиева, Ж.Сандыбаев Әл-Фараби. Таңдамалы трактаттары. Алматы. «Арыс» баспасы-2009 ж.
- 2.А.Көбесов Әл-Фараби. Алматы. «Қазақстан»-1971 ж.
- 3.А.Көбесов Орта ғасырдағы қазақ ғалымдары. «Білім және еңбек» №4. 1964 ж.
- 4.А.Ж.Машанов Әл-Фараби. «Жазушы» баспасы-1970 ж.

ИМАНБАЕВА ЗАУРЕШ ЖУМАБАЕВНА

Көктөбе жалпы орта білім беру мектебі

Павлодар облысы, Май ауданы

қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ӨЛЕНДЕРІН ОҚЫТУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

Бұл мақалада жалпы орта білім беретін мектептерде қазақ әдебиеті сабағында Әл-Фарабидің өлеңдерін талдап оқыту мәселелері бойынша деректер келтірілген. Осы мақаланың мазмұны сол деректерді іс-тәжірибеде жүзеге асыру болып табылады.

Түйінді сөздер: мәдени мұра, әдеби шығарма, әдеби эссе, заманауи жаңашылдығы, әдеби-теориялық ұғымдар.

Рухани байланыстың нақты көрінісінің бірі, әрі негізгісі – әдеби байланыстар. Бай қазақ әдебиеті шығыстық көркем сөз өнеріндегі жақсылық нышанның қай-қайсысын да жатсынбаған, бойына сіңіре білген. Мұның өзі қазақ әдебиетінің әлемдік өркениетке құлаш ұруының, әлемдік әдебиетпен сусындауының және өзгелерге танылуының көрінісі ретінде бағаланады. Осындай дүниелердің негізінде әдеби байланыстың рөлі ерекше көрінеді. Есімі дүние жүзіне мәлім болып, ғылыми және мәдени мұралары ғасырлар бойы ардақталып, ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келе жатқан қазақ даласының асыл перзенттерінің ең жарық жұлдызы – Әл-Фараби. Ұлы ғұламадан қалған мирас ғылымның түрлі саласын қамтиды, әрі өте құндылығымен ерекшеленеді. «Ғылыми мұра қалдырмаған ғалым найзағай ойнатып, күркіреп тұрып, жаумай өткен бұлтпен тең», – деген араб халқының дана мақалы бар. Осындай қанатты ойды ту қып ұстаған Әл-Фараби ғылым мен өнердің барлық саласына өлшеусіз үлес қосып, артында өшпес ғылыми жазбаларын қалдырады. Аты әлемге мәшһүр Әбу Насырдың еңбектерінен нәр алмаған, сусындамаған ғалым жоқ деп айтуға болады. Оның есімі дүниежүзі мәдениеті мен ғылымының тарихынан берік орын алады. Дүниежүзі ғалымдары Әл-Фарабиді Шығыстың Аристотелі деп атағаны баршаға аян. Артында қалған ғылыми мұрасы өте мол. Әдебиетші ғалым Немат Келімбетов: – Әбу Насыр Әл-Фараби – өз дәуірінің көрнекті ақындарының бірі, – деген. Орта ғасырда өмір сүрген араб тарихшыларының еңбектерінде Әл-Фараби көп өлең жазған деген пікір айтылады. Бірақ оның жырлары толық сақталмаған, бізге бірнеше өлеңі ғана мәлім. [1, б.115].

Ұрпағына ұзақ жылдар рухани азық болар туындыларын беру арқылы мәңгі өшпейтін өз үнін қазақ мәдениетіне қосып кеткен ұлы тұлғалардың бірі ретінде Фарабидің Аян Нысаналин аударған «Қашықтасың, туған жер», «Тіршілікте құрыштай бол төзімді» атты өлеңдері 6-сыныптың «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасына енгізілді. Ежелгі дәуірден бастау алған осындай әдеби мұраларымызды бүгінгі ұрпақ санасына сіңіру арқылы таза ұлттық тәрбие алып, қазақ үніне уызында қанған ұл мен қызды, ел болашағын тәрбиелей аламыз. Мұндай әлеуметтік маңызы зор құндылықтың мән-мағынасын ұғындыру, баланың санасына, сезіміне, түйсігіне, мінез-құлқына әсер ететіндей дәрежеде жеткізу мұғалімнің ұрпақ тәрбиесіне деген жауапкершілігін, білімі мен шеберлігін талап етеді. Осы орайда жаңартылған білім мазмұны жағдайында Әл-Фараби өлеңдерін оқытудың ерекшелігіне тоқталғым келеді. Бағдарлама талабына сәйкес «Туған жерім – аялы алтын бесігім» бөлімінде берілген бұл шығармаларды оқу барысында оқушылар ойлау дағдыларының: білу, түсіну, қолдану деңгейінде «Түсіну және жауап беру» бөліміндегі әдеби шығарманың жанрын, фабуласын, сюжетін анықтау, шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселе, идеяны анықтау, көркем шығарманы мәнерлеп оқу, жатқа айту; талдау, жинақтау деңгейінде «Анализ және интерпретация» бөліміндегі шығарма композициясындағы белгілі бір эпизодтың алатын маңызына негіздеме жасау, әдеби көркемдегіш құралдарды пайдаланып шығармадағы табиғат көрінісін,

оқиға орнын сипаттап жазу, шығармадағы көркем ауыстыруларды табу; бағалау деңгейінде «Бағалау және салыстыру» бөліміндегі тарихи және көркемдік құндылығына баға беру, заманауи жаңашылдығын өзара салыстырып баға беру, әдеби эссе жазу тапсырмаларын орындауы керек. Оқушы бұл талапты әр сабақ дұрыс жоспарланып, тиімді ұйымдастырылғанда ғана орындай алады. Сондықтан оқыту әрекетінде мұғалім бар күш-жігерін, педагогикалық шеберлігін оқушы бойындағы табиғи мүмкіндіктерді ашуға, үйлесімді дамытуға бағыттауы, шығармашылық жағдай жасауы тиіс. Сонда ғана оқушы өз тарапынан белсенділік танытып, дербестікке ұмтылады, оның өзіне деген сенімі артады. Ол үшін мұғалім оқу материалы мен сабақтағы әрекетті мұқият саралауы тиіс. Әл-Фарабидің «Қашықтасың туған жер» өлеңін оқытуда сабақты жоспарлауға байланысты ұсыныстар. Оқу мақсаты: 6.2.2.1 эпикалық, поэзиялық шығармалардағы автор бейнесін анықтау;

6.2.3.1 шығармадағы көркем ауыстыруларды(троптарды: метафора, кейіптеу, метонимия, гипербола, литота, аллегория, антитеза, градация, арнау) анықтау;

6.2.4.1 әдеби көркемдегіш құралдарды пайдаланып шығармадағы табиғат көрінісін, оқиға орнын, кейіпкер бейнесін сипаттап жазу; Бағалау критерийлері: шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсіндіреді; шығармадағы көркем ауыстыруларды анықтайды. [3, б.13]

1-тыңдалым алды тапсырмада сұрақтар беріледі. Шығарманың тақырыбына назар аударыңыздар, өлең не туралы деп ойлайсыздар? (оқушылардың жауабы тыңдалады). 2- тапсырма: **ПОПС» формуласы тәсілі** арқылы шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсіндіреді.

Бірінші сөйлем «Менің ойымша,... » әдеби шығармаға қатысты өз пікірін айтып, көзқарасын түсіндіреді.

Екінші сөйлем «Себебі, мен оны былай түсіндіремін ... » өз ойының пайда болу себебін, өз ұстанымының неге негізделетінін түсіндіреді.

Үшінші сөйлем «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын ... » өз көзқарасын қолдайтын мәліметтер, фактілер мен дәлелдер келтіреді.

Соңғы сөйлем «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім өз пікірін жинақтап, қалай әрекет жасау керектігі туралы қорытындыға келеді.»

3- тапсырма. Оқушылар екі қадамды кестемен жұмыс жасайды.

1-топ

Автор бейнесі	Өлеңнен үзінді	Себебі
Ақын – өз елінің патриоты	<i>Қашықтасың туған жер – қалың елім, Не бір жүйрік болдырып жарау деген. Шаршадым мен.Қанатым талды менің, Шаңыт жолға сарылып қарауменен.</i>	Ақын шет жерде көптеген жыл өмір сүргендіктен өзінің туған еліне деген сағынышын, ыстық сезімін жырға қосады.

2-топ

Автор бейнесі	Өлеңнен үзінді	Себебі
Ақын басқаларға	<i>Зиялы аз бір тұтам тіршілікте, Әкімдікке күллісі жүгіреді. Көкірекпен сезініп, күрсініп көп,</i>	Ақын кейбір билікке құмар, көкірегі саяз адамдардың ісіне күрсініп,

сын көзбен қарайды	<i>Жаным менің түршігіп, түнереді.</i>	жанының түңілгендігін жасырмай, өлең жолына қосады.
--------------------	--	---

3-топ

Автор бейнесі	Өлеңнен үзінді	Себебі
Ақын өзіне сын көзбен қарайды	<i>Қайтейін мен көкжиек кеңдігімді, Келер күнге үмітпен жол ашамын. Қос шөлмекпен өткіздім өмірімді, Соны медет етеді болашағым.</i>	Ақын өзі білімді адам болғанымен, келер күннен үмітін үзбей ғылыммен айналыса отырып, шарапты да ішетіндігін жасырмайды.

4-топ

Автор бейнесі	Өлеңнен үзінді	Себебі
Ақын болашағына н үміт күтеді	<i>Қайтейін мен көкжиек кеңдігімді, Келер күнге үмітпен жол ашамын. Қос шөлмекпен өткіздім өмірімді, Соны медет етеді болашағым.</i>	Ақын өзінің еңбекпен өткізген өмірінің келер ұрпаққа үлгі болатындығын сөз ете келіп, болашағынан үмітін үзбейтіндігін жырлайды.

Дескриптор: *Білім алушы*

-өлеңнен автор бейнесін ашатын үзіндіні анықтайды; Үзіндінің автор бейнесін ашатындығын дәлел келтіре отырып талдайды.

4- тапсырма: «Қазына іздеу» тәсілі арқылы оқушыларға өлеңнен метафора, эпитет, теңеу, литота, метонимия сияқты қазынаны – көркем ауыстыруларды іздеу. Мысалы: Метафора: туған жер – қалың ел, қанат. Эпитет: шаңыт жол, көкжиек көңіл. Теңеу: құм сықылды. Литота: бір тұтам тіршілік. Метонимия: жүйрік, ақымағың, зиялы және осындай тағы да басқа көркем ауыстыруларды табуға болады. Нәтижесінде, оқу мақсатына сәйкес тапсырмаларды орындау арқылы оқушылар сөз мағынасына терең үңілуді, астарлы ойды түсінуді, шығарманың идеясын, шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені анықтауды үйренеді. Көркем ауыстыруларды қолданудың сөз мағынасына әсерін, ойды әсерлі жеткізуге ықпалын түсінеді. [2, б.23]

«Тіршілікте құрыштай бол төзімді» өлеңін оқытуда сабақты жоспарлауға байланысты ұсыныстар. Оқу мақсаты: 6.3.3.1 шығармадағы кейіпкерлер қарым-қатынасын отбасылық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу; Ойлау дағдыларының деңгейі: білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау. Бағалау критерийлері: Шығарманы отбасылық құндылық тұрғысынан талдайды, әдеби эссе жазады. 1-тапсырма: **Топтастыру әдісі арқылы**

«Тіршілікте құрыштай бол төзімді» өлеңінде қандай отбасылық құндылықтар көрініс тапқан? (тәлім-тәрбие, өсиет, достық, сабырлылық, тағылым)

Дескриптор *Білім алушы*

- шығармадағы отбасылық құндылықтарды анықтайды;
- өз ойын мысалдар келтіре отырып талдайды.

2- тапсырма. Өлеңде көрініс тапқан ұлттық құндылықтармен сабақтастыра тырып, «Досты қалай таңдаған дұрыс?» тақырыбында әдеби эссе жазыңыз.

Төменде ұсынылған тірек сөздерді қолданыңыз:

Тәлім-тәрбие, өсиет, тағылым, достық, сабырлылық, қиындықтар мен жағымсыз жағдайларға төзімділік, тағдырды жазғырмау, өмірде бәріне шыдамдылық таныту, аянбай еңбек ету, сабырлы жан, адал дос табу, жақсы амалмен көзге көріну т.б.

Дескриптор *Білім алушы*

- тақырып бойынша әдеби эссе жазады;
- әдеби эссе құрылымын сақтайды;
- шығармадағы ұлттық құндылықтармен байланыстырады.

Соңында «**Еркін микрофон**» әдісі арқылы оқушылар жазған эсселерін өз қалаулары бойынша оқиды. Нәтижесінде, оқу мақсатына сәйкес тапсырмаларды орындау арқылы оқушылар шығарманы отбасылық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазуды үйренеді.

Осылайша, әр сабақта оқушының әдебиетке, көркем шығарма оқуға, өлең оқуға қызығушылығын ояту мақсатында ұйымдастырылатын түрлі жұмыстардың жеке тұлғаның рухани дамуына, сөздік қорын дамытып, сөйлеу мәдениетін жетілдіруге ықпалы зор. Мектеп қабырғасында көркем әдебиеттің озық үлгілерінен нәр алған бала құндылықты бағалай білетін, білім мен еңбектің қадірін түсінетін, қасиет пен құрметтің мәнін ұғынатын азамат болып қалыптасады деп ойлаймын. Бағдарламада берілген Әл-Фарабидің аз ғана жолдан тұратын екі өлеңі де – құнды дүние, тәрбиелік мәні зор көркем туынды, өнеге, өсиет. Оны ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу – сіз бен біздің міндетіміз.

Библиографиялық тізім:

1. Келімбетов Н., Ежелгі дәуір әдебиеті Алматы, 2011 жыл. 115-117
2. Ақтанова А.С, Жүндібаева А.Қ. Жүмекенова Л.К. Қазақ әдебиеті 6- сынып Алматы: «Атамұра» 2018, 23-29 бет
3. Ақтанова А.С, Жүндібаева А.Қ., Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі Алматы: «Атамұра» 2018, 13, 27-29

КАСЫМБЕКОВА АҚМАРЖАН АҚАРЫСОВНА

биология пәні мұғалімі

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің

«№42 орта мектеп» КММ

ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ӨНЕР ӘЛЕМІ

2020 жылы ,данышпан , « адамзаттың екінші ұстазы» атанған Әбу Насыр әл-Фарабидің туғанына 1150 жыл толды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев әлемдік деңгейде атап өту жөнінде шешім шығарды.

Әл-Фараби кім?

Әбу Насыр Әл-Фараби әлемге әйгілі ойшыл, логика, астроном, ботаник, лингвист, философ, социолог, математик, физик, музыка зерттеушісі. Биылғы жылы ортағасырлық ұлы ғұлама, замандастары үлкен құрметпен «Шығыстың Аристотелі», «Аристотельден кейінгі екінші ұстаз»деп атаған Әл-Фарабидің туғанына дәл 1150жыл толады.Әбу Насыр Әл-Фараби 870 жылы Арыс өзенінің Сырға барып құятын сағасындағы Фараб «қазіргі Түркістан облысы Отырар ауданы маңындағы ортағасырлық қала» Ғұлама ойшылдың толық аты Әбу Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед Тархан ибн Ұзлағ Әл-Фараби.

«Ол Хамада қаласында араб тілін үйренеді.Одан кейін 20жылдай Бағдат қаласында тұрып, антикалдық философиямен әлемдік мәдениетпен танысты.Жалпы Әл-Фараби бір жерде тұрақтамаған.Ол үнемі бір қаладан екінші қалаға саяхат жасап,білімін шыңдаған .Ғұлама ойшыл бар өмірін ғылым мен білімге арнады.Біздегі мәліметтерге сәйкес, ол70-ке жуық тілді меңгерген»-дейді профессор Жақыпбек Алтайұлы. Әбу Насыр бала күнінен ғылымға үйір болып өсті. Ғалым алғашында Бұхарада, Самарқанда, одан кейін Хамадан, Бағдат, Шам, Каир, Мекке қалаларында болып, білімін үнемі жетілдірумен болды.

Фарабидің музыкалық ілімі

Фарабидің ғылым мен өнердегі үлкен де кесек дүниесі оның музыкасы. Ол ең әуелі музыканың аса ұлы теоретигі саналады. Музыканың біртұтас физика-математикалық теориясының іргетасын қалауда атақты грек оқымыстысы Пифагор және оның шәкірттері-Аристоксен, Гиппас және басқалардың еңбегі өте зор болған .Олар тәжірбиеге сүйене отырып және өздерін «математиктерміз» деп есептеп музыканың ең алғашқы сандық –теориялық негізін жасаған.Грек музыкасының басын құрастырып ,жинап,теріп олардың музыкалық ғылымын жаңа жағдайда жаңа замаға лайықты дамытушылар;Әл-Кинди, Фараби, Әбу Әли ибн-Сина болды.Бұлардың арасында Фарабидің музыка теориясын дамытудағы алатын орны ерекше.

Кейбір деректерге қарағанда оның шығарған музыкалық әндері осы күні Иран,Ирак,Түрік,және басқа да Шығыс елдерінде орындалады.Фараби музыка теориясына арнап бірнеше еңбек жазған ; «Музыканың ұлы кітабы», «Музыка жайлы талдау», «Ырғақтардың класификациясы» бұдан басқа «Ғылымдардың шығуы», «Ғылымдардың энциклопедиясы» атты туындыларында музыка ғылымын талдауға арналған жеке тараулары бар . Ғылым музыка ғылымының шығуын материалистік тұрғыдан түсідіреді. Мысалы , «өзара әсер еткен екі дененің арасындағы ауа тығыздала түсетіндіктен дыбыс шығады. Ал есту органы оны дыбыс түрінде қабылдайды. Есту органы дыбысты әртүрлі естиді, оның дыбыс көзінен алыс жақындығына байланысты»-деп түсіндіреді.

Фараби аса үлкен музыкант, тамаша орындаушы болғаны. Фараби жалаң орындаушы ғана емес,аса ұлы музыка зерттеушісі ,асқан теоретик болған. Оның «Музыканың ұлы кітабы» [Китаб әл-мусики әл-Кабир] деп аталатын көлемді шығармасын бүкіл музыка тарихшылары бір ауыздан музыка теориясы жайлы жазылған үлкен еңбектердің қатарына қосуы тегін емес.Г.Фармер «музыканың ұлы кітабы» Фарабиді орта ғасырдағы музыка жөнінде жазған ең үлкен автор болды деген пікірімізді дәлелдеп отыр деп жазды....

Фараби музыка ілімін жасауда сөз жоқ ертедегі грек оқымыстылары Пифагор, Аристотель, Аристоксен, Птоломейдің тиісті еңбектеріне сүйененді. Сондықтан да Фараби бұл салада гректерден көп озық кеткен. Ал Фараби музыкалық аспаптарды зерттеуді тыңнан бастап, математика және физиканы жетік білгені сонша, олардың музыка іліміндегі мүлт кеткен жерлерін дәл тауып түзетіп, дамытқан. «Мен тек музыка ғылымын бағалаушы ғана емеспін, музыка өнерін де бағалаушымын, сондықтанда ертедегі гректерге қарағанда, көбірек істеуіме мүмкіндігім болды» деп жазады Әбунасыр.

Фарабидің пікірінше музыканың ғылыми іргетасы тәжірбие-бақылау мен физика –математика ғылымдарының қағидаларынан тұрады, ал оның негізгі мақсаты адамның эстетикалық мұқтаждығын қанағаттандыруға тиісті, яғни музыка ғылым ретінде математикаға жақын тұрса, өнер ретінде поэзияға туыстас. Фараби өзінің «Ғылымдар энциклопедиясы»деп аталатын атақты еңбегінде басқа ғылымдармен қатар музыка мазмұнын, тарауларын анықтап беруге тырысады. Бұл ғылымның зерттейтін пәні, мақсатын ол былай деп анықтайды «Музыка туралы ғылымға келсек, ол жалпы алғанда мелодия күй, саз түрлерін, олардың неден жасалатынын, не үшін жасалатынын олардың әсері бойынша өткір әсерлі болу үшін қандай болу керек екендігін зерттейді. Ол екі ғылымды біріктіреді; біріншісі, практикалық музыка екіншісі музыка жайлы теориялық ғылым.

Фараби музыка ғылымының тараулары туралы былай дейді; Музыка жайлы теориялық ғылым үлкен-үлкен бес тараудан тұрады; 1. Музыка туралы ілімнің, негізгі, зерттеу объектісі, тәсілдері. 2. Музыка туралы ілімнің негіздері, тондардың өзара байланысы мен қатынасы. 3. Музыка теориясының негіздерін зерттеу тәсілдерін қолдана білу (тәжірибе) 4. Тондардың негізін құрайтын музыкалық ырғақтар табиғаты. 5. Жалпы мелодиялар құрастыру

«Музыканың ұлы кітабы»

Фарабидің «Музыканың ұлы кітабы» атты трактаты осы «Ғылымдар энциклопедиясы» келтірілген жоспарда жазылған. Бұл еңбек тек құғақ музыкалық шығарма ғана ескерткіші. Музыкалық композиция деген үлкен –үлкен төрт тараудан тұрады. «Музыканың ұлы кітабында» тек музыка ғана емес, философия, физика, тарих, т.б ғылым мәселелері мол қаралады.

«Музыка ғылымының негіздері» деп аталатын екінші тарауда екі бөліктен тұрады.

«Музыкалық аспаптар» деп аталатын үшінші тарау да екі бөліктен тұрады.

«Музыкалық композиция» деп аталатын соңғы тарауда екі бөліктен құралған. Бірінші бөліктің мазмұны мынадай; мелодияның анықтамасы, толық және толық емес топтар үндестік және диссонанс, қосылушы ырғақтар, арабтардың дәстүрлі ырғақтары мелодия шығау.

Екінші бөлігінде мына төмендегі мәселелер қарастырылған; дауы мелодиялары, фонема және фразалар, сөздің мелодияға бейімделуі, тондарды айту, дауыс мелодияларын шығару, айтудың басталуы мен соңы, мелодияның эффекті, мелодияларды әшкейлеу және олардың адам сезіміне қатысы. Фараби практикалық музыка өнері туралы былай дейді; «Көңілде тек қана нағыз ақиқат елес туғызатын нәрселерге практикалық музыка өнері деген ат дәл келеді. Бұл ат

дәл адам көңіліңе ақиқат бейнеге сәйкес әсер ете отырып ,мелодияны бейнелер формасында туғызады.Фараби дауыс және аспаптардың ойыны жайында былай дейді;Музыкалық орындаушылық дарын екі түрлі болып келеді ;бірі адам дауысы арқылы естілетін,екіншісі аспаптардың ойыны.Мысалы, лютня, домбыра және осы тектес дыбыс шығарушы басқа аспаптарда ойнау.Олар поэзияның түріне, көзделген мақсатқа байланысты түрлерге бөлінеді.Фарабидің ұғымынша музыка теоретигінің аса жетік композитор немесе музыкант-орындаушы болуы міндетті емес.Ол былай дейді; Музыка барлық музыкалық мәнгер немесе оларың көпшілігі тәжірбие,өзінің табиғи дарынына немесе күнделікті машыққа сүйене отырып ,гармониялық мәнгерінің қандай болатының,табиғилардың ішінде қайсысының табиғилығы басым ,қайсысының табиғилығы төмен екенін біле алады.Енді оған музыка практикасын музыка шығара алатындай немесе шебер орындай аатындай дәрежеде меңгеру міндетті емес.Бұл басқа ғалымдар теоретиктерінің іс-әрекетіне ұқсайды.

«Музыканың ұлы кітабының» тағлымдары

Фараби жастардың тәрбиелі ,тәлімді болып қалыптасуында музыка ғылымы мен өнеріне ерекше мән береді. «Музыканың ұлы кітабында» ғылым мен өнердің методологиялық дидактикалық мәселелері мол қамтылған.Өзіне белгілі халықтардың музыкалық дәстүрлеріне талдау жасай келіп,Әл-Фараби халықтың мәдениеті,олардың рухани дәрежесі, мәдениеті олардың ұлтына т.б саяси жағдайларға байланысты болады деген заманынан озық туған тоқтамды басшылыққа алады. «Музыканың ұлы кітабында»күні бүгінге дейін мәні ,педагогикалық, дидактикалық жаңалықтар бар.Фараби музыкалық аспаптардың калай шығатындығы ,инструменталдық және вокалдық музыканың ара қатынасы, байланысы туралы дұрыс пікірлер айтады.Музыка теориясы құруда математикалық, физикалық принциптермен қатар музыканың практикалық-тәжірбиелік принциптер қатысады.Оларды Фараби музыкалық кемелдіктер немесе гармониялар деп атады. «Музыканың ұлы кітабында» мұндай гармониялардың он түрі келтірілген.

Бірінші-музыкалық композицияға қосылатын , оны әрлейтін немесе бұзатын барлық нәрселердің гармониясы.

Екінші гармония – дыбыстардың ,ноталардың эмиссияларын бөліп тұратын уақыт гармониясы .

Үшіншісі- мелодияны түзетін уақыт гомогендік деп аталатын ноталар тобының гармониясы.

Төртінші-мелодияны түзетін басқыштардың ерекше тобының гармониясы

Бесінші гармония-мелодияны түзеуге мүмкіндік беретін ноталардың айрықша комбинацияларының гармониясы.

Алтыншы гармония- бір түрдегі ноталарды қосақтау,қосу гармониясы.

Жетінші гармониясы-шкалаға қос-қостап орналасу ретімен қарастырылған түзілімнің басқыштардың гармониясы.

Сегізінші гармония-интервалдар гармониясы.

Тоғызыншы –бірдей музыкалық түрлердің гармониясы

Оныншы гармония-дыбыстың биік, төмен болып келу мағынасындағы нотаның өз деңгейінің гармониясы.

Фараби бұл трактатында музыканың поэзияға байланысты мәселелеріне едәір мән береді. Оның пікірінше музыкалық шығарманы, композицины, поэмамен салыстыруға болады.

Фараби және өлең өнері

Фараби өзінің логикалық шығармаларында поэтика мәселелеріне көп көңіл бөліп, жан –жақты білімдаралыққа баулу жолындағы қызметін терең ашып көрсетеді. 1979 жылы қазақ тілінде тұңғыш рет талантты әдебиетші Аян Нысаналиннің аударуымен « жазушы» баспасында ұлы бабамыздың «Трактат және өлеңдер» деген атпен кішкене жинағы жарық көрді. «Өлеңдер өнрінің қағидалары» деп аталды. Фараби музыканттар сияқты ақындарды, поэзия өнерін қуушыларды да талантына ,арқалылығына ,логикалық үйлестікті сақтау – сақтамауына байланысты 3 топқа бөледі. Бұл ақындар қандай болғанда да өлең өнерінің сын-сипатымен онша таныс емес, тек аса алғырлығы мен бейімділігі жүрекке жылы тиіп жатады.

Екінші топтағы ақындар –өлең өнерімен толық таныс; қай тәсілді тандамасын ,бейнелеу құралының да қайсысы болса да жетік біледі.

Фараби поэзия бір жағынан музыкамен байланысты десе, екінші жағынан бейнелеу сурет өнерімен де туыстас болады деген заманның тұрған психологиялық қағида айтады.

Өлең өнері –сөзбен ,ал бейнелеу өнері бояумен құлпырады, ал іс жүзінде адам сезімі мен ойына еліктеу жолмен әсер етеді.

Ұлы бабамыздың поэзия өнері ,шайырлық туралы көсемдігі замандастары жоғары бағалап ,оған үлкен құрмет көрсеткен ,оны «ақындар падишасы» деп марапатталған. Мұнда Фарабидің ғылым ,өнер қамқоршысы болған Сирия әкімі Сайф ад-Дауланьң маңына топтасқан шоқтығы биік болғанын растап ,дәлел келтіреді.

ҚАСЫМОВА АЙНҰР БЕРІКБАЙҚЫЗЫ

Нызметулла Киікбаев атындағы

мектеп-гимназиясы,

Жамбыл облысы Байзақ ауданы

Сарыкемер ауылы

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

ӘЛ-ФАРАБИ ШЫҒАРМАЛАРЫ-ТӘРБИЕНІҢ ҚАЙНАР КӨЗІ

Әлемнің екінші ұстазы атанған ғұлама ғалым Әл-Фарабидің еңбектері күні бүгінге дейін өз мән-маңызын жоғалтқан жоқ. Тарихи деректер бойынша 70 ке жуық тіл біліп, философия, логика, этика, метафизика, тіл білімі, жаратылыстану, география, математика, медицина, музыка салаларынан 150-ге тарта трактат жазып қалдырған. Ол өзі өмір сүрген орта ғасырдың өзінде адамзат ілімінің

молайып, ақыл-парасаттың толысуын, оқу-ағартудың қажеттілігін айтып, білім алудың маңызын атап айтқан. Әл-Фарабидің нақыл сөздері баға жетпес асыл қазына десем артық айтпаған болар едім.

Тарихта, халықтың рухани қазынасында айтулылардың айтулысы, жүйріктердің шын жүйрігі ғана мәңгі ұмытылмай қалып отырады. Қанша жылдан артық уақыт өтсе де, аты ауыздан-ауызға жатталып, еңбектері уақыттың, мезгілдің қатыгез сынынан мүдірмей өткен, сол адамзат ұлдарының, тарих перзенттерінің бірі Әбунасыр Әл-Фараби.

Ұлы ойшыл өзінің барлық жұмыстарын адамға пайдалы тәлім-тәрбиеге арнады. Араб тілді философтар шешкен басты мәселелер – тәлім-тәрбие, білім, таным, дүниедегі Ақиқатты іздеу мәселелері болды.

Әбунасыр оқуды өте ерте бастаған. Бастапқы білімді ол туған қаласы Отырарда алады. Кейінірек білімін онан сайын толықтыру мақсатында араб мәдениетінің орталығы Бағдатқа кетеді. Фараби ғылымды көбінесе өз бетінше оқумен меңгеріп, аса зор табандылық көрсеткен, орасан зор табыстарға жеткен адам. Ол, әсіресе, грек ғалымы мен философиясын, ең әуелі Аристотелдің бай мұрасын игеруді қолға алған. Мұнда ол аса үлкен шыдамдылық пен ыждаһаттылық көрсетеді. Бір аңыз бойынша ол Аристотельдің «Жан туралы» деген еңбегін жүз рет, «Табиғи гармониясын» қырық рет, «Риторикасын» екі жүз рет оқыған көрінеді.

Ол философияда Аристотельдің жазғандарына талдау жасап қоймай, оған жаңалығын қосқан адам.

«Қайырымды қала тұрғындары» трактаты туралы көп айтылады, жазылады. Бұл еңбекті қайырымды ғана емес, ізгілікті, кісілікті қала деуге болады. Мұнда ғалым адамның бақытты өмір сүруі жайында баяндайды. Жарық дүниеге шыр етіп келгеннен кейінгі жұмыр басты пенденің өмірдегі мақсаты – бақытты болу. Бақытты болу үшін адам ізгілікке толы қалада өмір сүру қажет. Бабамыз кісілікті қаланың тұрғындары бір-біріне әділ, қиянаттан аулақ, ұрлықтан, өтіріктен алыс, рақымды, тұрмысы жағынан еркін, тәуелсіз болу керек деп жазады. Ол кісі бұл еңбегін Платонның «идеалды мемлекет» деген ұғымын одан әрі ұштап, дамытып, түсінігімен өзі өмір сүрген уақытқа сай етіп жасаған.

«Қайырымды қала тұрғындары» трактатында ізгілікті қалада адамдар бақытты өмір сүруі үшін оны басқаратын адамның иманды философ болуы керектігін айтып, оның бірнеше сипатын көрсетеді. Өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге, тәлім тәрбие болатындай қасиеттердің болуын айтады. Мемлекет басшысы – халықты тәрбиелейтін тұлға. Платон да осыны айтады. Сонымен, ол адам бірінші – ақылды, екінші – білімді, үшінші – зердесі мықты, төртінші – еркіндікті сүйгіш, бесінші – әділ, алтыншы – ешкімге қиянаты жоқ, жетінші – рақымды, сегізінші – қанағатшыл болуы... Осылай кете береді.

Әл-Фараби «жақсы немесе жаман ақыл-парасат тудыратын күйдің түрі екеу» дейді. Оның біреуінің арқасында жақсы ақыл-парасат туады және мұның өзі ақыл күші деп аталады; екінші түрінің арқасында жаман ақыл-парасат туады, бұл ақыл кемдігі деп аталады.

Ғұлама өз зерттеулерінде этика, мораль мәселелеріне ерекше назар аударып отырған. Этиканың зерттеу нысаны - мораль мінез-құлық, әдептілік нормалары екенін жан-жақты дәлелдеген. Әл-Фарабидің айтуы бойынша, этиканың ең жоғары категориясы бақыт болып табылады. «Бақыт» - Фарабидің негізгі мәселесі, саяси философиясы. Бақыт дегеніміз – ол абсолюттік игілік. Фарабидің айтуынша, адамдар көп нәрселерді өзінің өмірінің мақсаты мен негізі деп ойлайды. Олар – өзіне ұнайтын, керекті нәрселер, мысалы: ақша, атақ, тағы басқалары. Адам бақытты ешбір жағдайда басқа күш арқылы емес, тек теориялық ақыл-парасат күші арқылы ғана пайымдайды. Бақытты дұрыс түсінетін адамдар – данышпан адамдар.

Бақытқа жетудің маңызды шартын, Әл-Фараби адамның әрекетті таңдау және осы істеген әрекеттің өз ырқына негізделуінде. Әл-Фараби адам ырқының еркіндігіне, жақсы мен жаманды еркін таңдауына көп маңыз артады. Ерік еркіндігі жан парасаттылығымен анықталады және ол тек адамға тән, адамдағы ізгілікті қалыптастыратын және күшейтетін қажетті шарт. Ойшыл данышпан тек бақыт туралы нақты білімі бар, оған сәйкес әрекет жасайтын қауым ғана қайырымдылыққа икемді екенін ескерткен.

Сонымен қатар ғалым тағы алты сипатты сөз етеді. «Кісілікті қала тұрғындары» тыныштықта өмір сүруі үшін көршілермен қақтығыстан сақтануы қажет дегенді айтады. Әл-Фараби сонда ғана адамдар шатты, бақытты өмір сүреді деп дәлелдейді.

Әл-Фарабиден кейін де қазақ даласынан ұлы адамдар шықты. Ғұламаның еңбектерімен соларды байланыстыратын сабақтастық та жетерліктей. Қазақтан шыққан данышпандардың бәрі ұлы ғалымның ойын әрқайсысы өзінше дамытып, әрі қарай өрбітіп әкетті. Асан қайғы бабамыз бақытты табу үшін байтақ даланы шолып, «Жерұйықты» аңсады. «Жерұйық» деген қазаққа өмір сүруге қолайлы, сулы, нулы, қысы жылы, жазы қоңыр салқын жер болса деп армандады. Асан қайғы «Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» заман іздеп, көрші елмен тыныш болып, келісіммен өмір сүруді қалады. Асан қайғының бұл арманы Әл-Фараби ойларымен өзектесіп жатыр.

Ғұламаның жұртты білімге, ғылымға, тәлім-тәрбиеге шақырған идеясын Абай, Ыбырай Алтынсарин одан әрі ұштады. Бұл ой хакім Абайда да жалғасын табады. Ұлы Абай: «Өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ – бес дұшпаның білсеңіз, Талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым, ойлап қой, бес асыл іс көнсеңіз» деп адам болмысын ашып көрсетеді.

Міне, осылай Фараби жұртқа мәлім оқымысты болып, дүние жүзінің ұстазы деген дәрежеге көтеріледі. Ұлы ойшыл өте қарапайым, қанағатшыл кісі болған, жұпыны киініп, ырду-дырдудан барынша аулақ жүруге тырысқан. Осындай қасиеттерімен көпшілікке үлгі тұтар тұлға, тәлім-тәрбие алатын қайнар бұлақ бола білді.

Ол ғылым күшін өзінің еңбектерінде тәрбиелік мәні жағынан барынша насихаттап, адам ақыл-ойының дүние танудағы құдіретін дәріптейді. Ол ғылымның көп салаларын меңгеріп, тамаша табыстарға жеткен. Мың жылдан асса да осынша рухани мол дүниесінің қолдан қолға өтіп бізге аман жетуі Фарабидің

ұлылығының, данышпан білімпаздығының тағы бір айғағы болса керек. Ендігі жерде осы еңбектердің барлығын жинап, екшеп-талдап ұрпақтар кәдесіне жарату болып отыр.

«Тәрбие-тал бесіктен» деген халық даналығының астарынан бір ғана мәселені, яғни бала тәрбиесінің өте күрделі үдеріс екендігін айқын аңғаруға болады. Тәрбиені қажет ету мәселесінің адамзат қоғамымен бірге жасап келе жатқаны бәрімізге мәлім. Өйткені, жас ұрпақ ғасырлар бойында қалыптасып, жүйеленген тәлім – тәрбиені, баба салтын санасына біртіндеп сіңіріп, оны дағдыға айналдырып отырады. Осы орайда, әл-Фараби де «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім-адамзаттың қас жауы, ол келешекте адам өміріне апат әкеледі» деп, тәрбиенің адам өміріндегі басты құрал екендігін сонау заманда-ақ айтып кеткен. Тәрбиені өз шығармашылығындағы көрнекті орын алатын мәселе ретінде қараған. Тіпті, оқып-білім алу, ғалым адам болу мәселесін тәрбиемен тығыз байланыстырады.

Ұлы ғалым нағыз гуманист ретінде адам ақыл ойының жан-жақты дамып, табиғат пен қоғам сырын толық ашуы мүмкін екеніне кәміл сенеді, адамзат қоғамындағы барлық мәселелерді шешуге қабілетті ең басты күш-ақыл парасат деп біледі. Қорқыт өмір бойы ажалды жеңетін күш іздесе, ол бақыттың кілтін іздеді, бақытты қалада тұруды армандады. Ол ең соңында: «Бақытқа қолы жеткен адам үшін ең жарастысы – қанағатшылдық жасау», - деп бақытты қанағатпен ғана ұстап тұру мүмкін екенін айтқан.

Әбу-Насыр әл-Фараби сезім мен ойлау, тәрбие мен іс-әрекет жүйесін жетілдіру мәселесіне кеңінен тоқталған. Білімсіз адамгершілік молаймайды, білімсіз адам өзгенің абзал қасиеттерін тани алмайды. Жан дүниені тәрбиелемей үлкен жетістікке жету жоқ. Ғылым мен тәрбие ұштасса ғана, рухани салауаттылыққа жол ашылмақ. Мінез-құлқын түзей алмаған адамның ақиқат ғылымға қолы жетпейді деп ескертеді. Білімді болудың басты қағидасы-ақылда дейді. «Білімді қалай ұғуға болады? Оны зерттеумен, тәрбие өнерімен, үйренумен ұғынуға болады» дейді.

Фараби өмір сүрген қоғамда педагогика ұғымы болмағаны белгілі. Алайда, ол оқу-ағарту мен тәрбие туралы, еңбек мәдениет туралы ілім жасады. Еңбектің өзі-өнер. Ал еңбек тәрбиесі сол өнерден туындайды, әрбір адамды еңбекке баулиды, еңбек шеберлігіне үйретеді. Олардың еңбек ету дағдысын қалыптастырады, - деген болатын. Ол жас ұрпаққа тәлім-тәрбие беріп, еңбекке үйретіп, еңбек тәрбиесін беретін адамды (ұстаздық ететін адамды) өте жоғары бағалаған. Тәрбиеші адам «мәңгі нұрдың қызметшісі» деп атаған.

«Адам ақыл-ойының арқасында ғана адам болды», - дейді ғұлама.

Дүниежүзілік ғылым мен мәдениеттің алтын қорына өлшеусіз үлес қосқан ұлы ойшылдың педагогикалық мұрасы ұшан-теңіз, мол дүние екеніне көз жеткіздік. Ұлы ғұлама өз еңбектерінің басым бөлігін ұстаздық тұрғыдан, жас ұрпақты тәрбиелеу, қоғамның гүлденуін көздеп, тәлім-тәрбиелік мақсатқа орайластыра жазған. Иә, шәкірт тәрбиелеудегі Әбу Насыр әл-Фараби айтқан ұстаз бойындағы қасиеттерді бойымызға сіңіре білсек, білім мен тәрбиені ұштастыра

алсақ, онда біз өзіміздің ұстаздық ұлы қызметімізде «Қайырымды қала тұрғындарын» тәрбиелеп, қоғамымыз ізгіленетін еді.

Әл-Фараби егер адам ақылға сүйеніп, ақыл-ойды үнемі дамытып отырса, идеалды қоғам құра алады деп сенді. (Өмір бойы өзін-өзі дамыту және өзін-өзі жетілдіру). Әл-Фараби армандаған идеалды әлем – бұл білім тереңдігін түсініп, болмыстың азғыруынан, материалдық құндылықтан бас тартқан адам басқаратын әлем.

Дүние жүзі мәдениетінің дамуында із қалдырған қайраткерлер осы заманға дейін адамзат мәдениетінің бірлігін паш етіп келеді. Әл-Фараби осындай дүниежүзілік тарихи тұлғалардың санатына қосылады. Ол туған елінің мәдени байлығын, Иранның, Үндістанның ежелгі дүние мәдениеттерінің жемістерін бойына дарытты. Дәл сондықтан да ол таяз ұғымдар мен соқыр сенімдерден жоғары көтеріле білді. Әл-Фараби заманындағы өнер-білімнің ең асылын таңдап ала білді. Өз дәуірінің шынайы энциклопедиясын жасап берді. Оның терең мағыналы пікір айтпаған, жете зер салмаған, данышпандық болжам жасамаған бірден-бір саласы жоқ деуге болады.

Қорыта келгенде, бабамыздың мол мұрасынан сусындай отырып, әрбір нақыл сөзінің астарындағы ойды өмірлік қағидамызға айналдырсақ, біз үшін парасаттылық пен зиялылықтың белгісі болар еді. Әл-Фараби –педагогика тарихында алатын үлкен орны бар, асқан ғұлама болған адам. Ғұламаның бұл саладағы мұраларын сұрыптап, қазіргі педагогикаға енгізе отырып, оқыту үдерісінде ұлттық құндылық ретінде пайдаланып, әрбір ұрпақ тәрбиелеп отырған отбасы игілігіне жарата білу- абзал міндеттердің бірі деп ойлаймын.

Әдебиеттер тізімі:

- 1.Ә.Нысанбаев, Ғ.Құрманғалиева, Ж.Сандыбаев Әл-Фараби. Таңдамалы трактаттары. Алматы. «Арыс» баспасы-2009 ж.
- 2.А.Көбесов Әл-Фараби. Алматы. «Қазақстан»-1971 ж.
- 3.А.Көбесов Орта ғасырдағы қазақ ғалымдары. «Білім және еңбек» №4. 1964 ж.
- 4.А.Ж.Машанов Әл-Фараби. «Жазушы» баспасы-1970

КУНПЕЙСОВА САЛТАНАТ ДЖУМАХАНОВНА

*Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
№ 71 мектеп –лицейі, Нұр-Сұлтан қаласы*

ӘЛ-ӘБУ ФАРАБИДІҢ ӘДЕБИ МҰРАЛАРЫН ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫ ЕЛЖАНДЫЛЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУ

Бұл мақалада мектеп оқушыларының елжандылық мінездерін тәлім - тәрбие несібінде қазақ тілі және әдебиеті пәні арқылы қалыптастыру мәселелері баяндалады. Осы мақаланың мазмұны атап өтілген мәселелерді шешуде тәжірибе болып табылады.

Түйінді сөздер: Тәлім-тәрбие, елжандылық, ұлттық тәрбие, адамгершілік, шығармашылық тұлға, мінез құлықты қалыптастыру, бейімділікті қалыптастыру.

Бүгінгі таңда еліміздің білім беру жүйесінде “кімді оқыту” мәселесі белең алып, болашақ ұрпақтарымызды бүгінгі қоғам талаптарына сай оқыту, өмірмен байланыстыра оқыту арқылы жеке тұлғаны қалыптастыруда өзекті мәселеріміздің біріне айналып отырғаны анық. Осы мақсаттарды көздеген ҚР білім беру жүйесі - әлемдік білім беру кеңістігіне бет бұрғанына ширек ғасырдан асып отыр. Негізгі бағыттардың бірі - оқушылардың өмірге қажетті біліктіліктерін қалыптастыруға қажетті білім мен тәрбие беру.

Кезінде осы талаптарды Ж.Аймауытов былайша айтып кеткен екен: “... адам амалға бола тәрбиеленуі керек, істің табан тіреуіне дерек не десеніз, ол - әдет “. Яғни білу аз, білгенді жүзеге асыра білуін, өзінің қажетіне, қоғамның пайдасына жарата білуің керек [1]. Дегенмен қазақ халқы-мәдени бай мұрасы, өзіне біткен табиғи ерекшелігі бар, сергек ой, сезімтал жүрек, дәстүрлі мәдениеті мен тәрбиесі бар халықтың бірі. Қазақ топырағында туып, білім алған, кейінгі ұрпаққа өшпес мұра қалдырған ұлы тұлғалар қатарында: Әбу Насыр Әл Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А. Құнанбаев, А. Байтұрсынов, С.Торайғыров, М.Сералин, М.Әуезов, С.Мұқанов, С.Көбеев, Б.Момышұлы, М.Ғабдулин т. б. ойшыл ғалымдар мен ақындар, жазушылар ғылым мен әдебиеттің, мәдениеттің дамуына игі ықпал жасағаны дәйекті.

Адам өміріндегі тәлім-тәрбиенің маңызы зор екенін терең түсінген олардың ешқайсы да осы тақырыптардан айналып өте алмаған. Олардың тәлім - тәрбие берудің басты салаларының бірі елжандылық, халық игілігі үшін адал қызмет ету екенін өз еңбектерінде терең түсіндіріп өткен. Мектеп оқушыларын тәлім-тәрбиеге бағыттау, оларды оқыту, болашақ өмірге қалыптастыра білу ең бірінші мектептерде өтілетін әрбір пәннің өзіндік орны бар. Дегенмен, мектеп пәндерінің бірегейі қазақ тілі және әдебиет пәні болып саналады. Өйткені, қазақ тілі пәні өзге пәндер бойынша сапалы білім берудің қажетті негізі болып табылады. Қазақ тілі мен әдебиет пәнін оқыту барысында оқушыларының танымдық қызметін белсендруде ұстаздар алдында оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеу, ұлттық рухани сананы қалыптастыру, оларды әдебиетке құштарлығын ояту, шығармашыл тұлға қалыптастыру, және өз ойын, сөздік қорын дамыту міндеттері басты орында. Осы тұрғыда еліміздің Ұлттық мемлекет екендігін танытатын, оның тәуелсіздіктің тұғырлы болуына негіз болатын - оның ана тілі екендігі баршамызға аян. Яғни тіл - қарым қатынас құралы ғана емес, ол ұлттың жаны, нәр беретін тамыры. Сондықтан да ұлттық тәрбиенің негізі де тікелей тілмен байланысты. Мектептегі тәлім тәрбиенің негізгі міндетінің бірі де тілді дамыту. Оқушылардың сырттан алатын ақпараттарды дұрыс қабылдай алуы, естіген сөздердің мән мағанасын жалпы мазмұнына сүйеніп болжай алуы, есіткен ақпаратты қайта қорыту, оған баға беру амалдары қазақ тілі және әдебиеті пәнімен тығыз байланысты. Осы мақсаттарды көздеген қазіргі өзгермелі бәсекелестікке бейім жастарымызды адамгершілік тұрғыда тәрбиелеудің өзекті мәселелерінің бірі- саналы дара тұлғаны даярлау болып табылады. Ол үшін:

- Өзін-өзі ұстай алу әдебіне, пікірталаста лайық сөйлеу мәнеріне, көркемсөз орамдарын дұрыс қолдануда төсіле білуге қалыптасу;
- адами дарындылық қасиеттерін дамыту;

Яғни мұғалім - озық оймен шынайы шығармашыл тұлға тәрбиелеу және дамыту міндеттерін жүзеге асыру бағытында жеке тұлғаға шығармашыл орта туғыза білу керек. Мұғалімнің әдістемелік жүйесінде оқушыларға сабақ тақырыбының мазмұнына қатысты өз ойларын еркін айта білуге көп көңіл бөлінуі тиіс. Мысалы, жеке дара оқыту, шығармашылық қалыптастыру, оқытудың жаңа технологияларын тиімді қолдану арқылы оқушылардың танымдық қызығушылықтарын оята білуді де қажеттейді. Осындай сапалы өтілген сабақтар арқылы оқушылардың қоғамдық қатынастарға белсенділігін туғызады, адамдар мен еркін тіл табысуына, болашақ қоғамның белсенді мүшесі ретінде жемісті еңбек ете білуге негізі қаланады.

Шығыс ойшылы атанған ғұлама Әбу Насыр Әл Фараби бабамыз кезінде сезім мен ойлау, тәрбие мен іс әрекет жүйесін жетілдіру мәселесінде қайта айналып соғып отырған.

Ғылыми еңбектерінің ең әйгілісі- « Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары жайлы трактат» («Ізгі қала тұрғындарының көзқарасы»). Ғалым қала басшыларын «қайырымды және надан» деп екі топқа бөліп, түсіндіре білді. Білімсіз, надан адам өзгеше абзал қасиеттерінен тани алмайды, қала тұрғындарын, яғни мұнда қала-мемлекет деп түсінгіміз жөн. Бұл қаланың (мемлекеттің) тұрғындары қай кезде өздерін бақытты сезінеді? Әрине, ел тұтқасын ұстаған басшы ізгі жүректі, әділ, ұшқыр ойлы, білімді, рухани бай жан болған кезде ғана, өз басын емес, халық мұңын еститін, халықтың ризасын алып отырған кезде ғана бұл мемлекеттің өркендеуіне жол ашатын ұлы қағида екенін түсіндіреді. Жан дүниенді тәрбиелемей үлкен жетістікке жету жоқ. Ғылым мен тәрбие ұштасқанда ғана рухани салауаттылыққа жол ашылмақ. Мінез- құлықты түзей алмаған адам ақиқат ғылымға қолы жетпейді деп ескертеді. [2]. Ғұлама ойшылдың сонау бірнеше ғасыр бұрын жазған осы мұрасы бүгінгі таңда біздің заманамыздың ғасыр легіне үндес болып келеді. Ел басқарған ағаларымыз бен билік басында отырған зиялы қауымның елді басқару жүйесінде осы ғылыми еңбектегі ұлы ұстанымдарын негізге алса, абзал болар еді деген ойдамын. Ғылыми философиялық еңбектерін байыппен қайта қарау барысында оның педагогика тарихындағы ұлы тұлғалардың бірі болғандығын көреміз. Ол шығыс елдердің туындыларын сындарлы педагогикалық жүйе жасаған ғұлама ағартушы, жас ұрпақтың бойында сана сезімін қалыптастыру үшін үш нәрсені ерекше жүйелеп, дәйектеп алу шарт деп түсіндірген:

1. Баланың ішкі ынта ықыласы, құмарлығы;

2. Ұстаздық шеберлігі, ар тазалығы;

Сонымен бірге Шығыс ғұламасы Әбу Насыр Әл Фараби шын бақытқа жету үшін адам үнемі ізденіс жолында, рухани өзін дамыта отырып, мінез құлқында тәрбиелей білу керек деп түсіндіріп кеткен.

Қорыта айтқанда, біз қарастырып өткен мақала арқауында шығыс ойшылы атанған ғұлама Әбу Насыр Әл Фарабидің осы ғана бір әдеби мұрасын насихаттау арқылы мектеп оқушыларының бүгінгі қоғамдық саяси өміріне оларды машықтыру, адами қасиеттерге тәрбиелеу тек педагогикалық шеберлігі шыңдалған педагогтардың ең жауапты міндеттерінің бірі деп ойлаймын.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Сүйінкина П. Болашақ мұғалімнің кәсіби тілін дамытайық. Қазақстан мектебі. 9- басылым. 2006. 14-16 бб.
2. Нұрғалиева Д. Адамгершілік құндылыққа жаңа бет бұрыс. Қазақстан мектебі. №4. 2004. 48-49 бб
3. Дарханова А. Елжандылыққа тәрбиелеу өте маңызды. "Қазақстан мектебі" №11-12. 2005. 49-50 бб.

КУСМАНОВА САМАЛ КАКИМОВНА

Павлодар қаласы

*№ 23 жалпы орта білім беру мектебінің
қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі*

САУАТТЫ ҰРПАҚ – ДАНА ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ БОЛАШАҒЫ

Мақалада оқушылардың оқу сауаттылығы қарастырылады. Қазіргі уақытта оқу сауаттылығы тіл және әдебиеттану курстарында көбірек айтылады. Бүгінгі оқушылар үшін мәнмәтінмен, электронды мәтіндермен жұмыс жасау дағдылары маңызды деп саналады. Оларды оқу жетістіктерінің халықаралық PISA, PIRLS сияқты жүйесінде бағалайды. Мектеп оқушыларының заманауи ұрпағы цифрлық деп аталатындықтан олардың көбісінде қабылдаудың визуалды коды басым болады, сол үшін педагогтер вербальды-логикалық ойлауды қалыптастыруда оқушылардың мәтінді түсініп оқу дағдыларын дамытуға баса назар аударады.

Мақаланың мақсаты – мәтінмен жұмыс жасау арқылы функционалды сауаттылық феноменін талдау және функционалды оқу сауаттылығын дамыту техникаларын қолдану мәселесін өзектендіру. Оқу сауаттылығы дағдылары мәтіннен алынған ақпараттарды қолдану мен олардың мағынасын түсініп іздеп табуға, оқушылардың танымдық қабілеттерін дамытуға бағытталады.

Түйін сөздер: оқу сауаттылығы, жаһандану дәуірі, өмір бойы білім алу, білім кеңістігіндегі халықаралық стандарт, логикалық ойлау қабілеті.

Бүгінгі таңда қазақ даласынан шыққан ғұлама, есімі дүние жүзіне мәлім болған, ғылыми және мәдени мұралары ғасырлар бойы ардақталып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан тарихи перзенттердің бірі мен бірегейі - Әбу насыр Әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойы атап өтілуде. Ол өздігінен көп оқып, көп ізденген

ойшыл, философия, логика, этика, метафизика, тілбілімі, жаратылыстану, география, математика, медицина, музыка салаларынан 150-ге тарта трактат жазып, педагогика, психология, эстетика мәселелерін терең зерттеп, мәдениет пен ғылымға, білім беру саласына жемісті үлес қосқан. Сондай-ақ, ол парасаттылық пен ағартушылықты, білімпаздық пен ізденімпаздықты жақтаған ұлы гуманист болған.

Ол «Философтардың қойған сауалдарына жауаптар» деп аталатын еңбегінде педагогика, оқу, оқыту мәселелеріне қатысты жайларға тоқталады. Мәселен, оқып үйренуге «жаттап алу дұрыс па?» жоқ «түсініп алу дұрыс бола ма?» — деген сұраққа Әбу Насыр: «түсініп алған дұрыс, өйткені барлығын жаттап алу мүмкін емес, оларды белгілі бір байланыстары арқылы ойда топтастыру пайдалы», - деп жауап береді.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту-Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту мақсатында мектеп оқушыларының оқу сауаттылығын арттыру бойынша бес жылдық ұлттық жоспарды қабылдау жайында нақты міндетті дер кезінде қоя білді. Қазақстанның PISA халықаралық зерттеуіне қатысуы біздің оқушыларымыздың дайындық деңгейлерін әлемнің басқа да елдеріндегі оқушылармен салыстыруға, білім сапасын бағалауға мүмкіндік берді. Зерттеу оқушылардың қабілетін емес, ол оқу барысында меңгерген білімдері мен дағдыларын өмірлік жағдайларда қолдана білу ептіліктерін бағалауға бағытталған. Функционалдық сауаттылық-адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы. Яғни, бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай ілесіп отыруы, адамның мамандығына қарамай үнемі білімін жетілдіруі. Мұндағы басшылыққа алынатын сапалар:

- белсенділік;
- шығармашылық тұрғыда ойлау;
- өз кәсібін дұрыс таңдай білу;
- өмір бойы білім алуға дайын болу.

Білім беру нәтижесіне табысты қол жеткізу, алған білімін оқу және тәжірибелік қызметте пайдалана алуын қамтамасыз ететін логикалық, конструктивті және сыни тұрғыда ойлау негіздерін қалыптастыру үшін оқытудың тиімді нысандары мен әдістері енгізіліп отыр. Бүгінгі таңда оқушыларға басы артық абстрактілі-теориялық білім мен тапсырмалар берілмей, оқу процесін неғұрлым икемді етіп, практикалық бағыттауға көп мүмкіндік беру қажет. Ол үшін сабақтағы оқыту мақсаттарын СМАРТ талаптары бойынша қою қажет, сонда мұғалім басты назарды оқушылардың не білгеніне ғана емес, не үйренгеніне аударады. Сол себепті сабақтағы білімділік мақсатты ғана емес, тәрбиелік және дамытушылық мақсаттарды да осы СМАРТ талаптары арқылы БЛУМ таксономиясына сүйене отырып құрған жөн. Оқыту нысандары мен әдістерінің түбегейлі жаңашылдығы мұғалім-оқушы-ата-ана арасындағы әріптестік және достық қарым-қатынастың орнауына ықпал етеді.

Негізінде, «функционалдық сауаттылық» термині өзінің 1957 жылы ЮНЕСКО енгізген уақытынан бастап «сауаттылық» және «минималды сауаттылық» ұғымдарымен қатар қолданысқа түсіп келеді. Осылардың әрқайсысына жеке-жеке түсініктеме беріп тоқталып кету жөн болмақ.

1) Сауаттылық дегеніміз – оқу, жазу, санау және құжаттармен жұмыс жасай алу дағдылары.

2) Минималды сауаттылық дегеніміз – қарапайым хабарламаларды оқу және жазу дағдылары.

3) Функционалдық сауаттылық дегеніміз – адам өзінің оқу және жазу дағдыларын әлеуметтік ортада қарым-қатынас жасауда қолдана білу қабілеті, яғни адамға өзін қоршаған әлеуметтік ортамен қарым-қатынасқа түсуге мүмкіндік беретін және сол ортаға барынша тез әрі жайлылықпен бейімделуіне жағдай туғыза алатын сауаттылық деңгейі. Бұл деңгейде адам мәтіндерден өзіне қажетті ақпаратты, мәліметті іріктеп алуы үшін және сондай ақпаратты басқаларға жеткізе алуы үшін қажетті болатын қабілеттер қалыптасады. Қазіргі әлемдік білім кеңістігіндегі халықаралық стандарт талаптарына сай оқыту үдерісінің орталық тұлғасы білім алушы субъект, ал ол субъектінің алған білімінің түпкі нәтижесі құзыреттіліктер болып белгіленуі білім беру жүйесінде «функционалдық сауаттылықты» қалыптастыру мәселесін негізге алудың өзектілігін арттырып отыр. Функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Олай болса, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады. Ал кең мағынасында ол тек 4 білік пен білімділік әлеміне барудың жолы ғана емес, ол – ұлттың, елдің немесе жеке адамдар тобының мәдени және әлеуметтік дамуының өлшемі. Осындай сапалық сипаты тұрғысынан қарағанда функционалдық сауаттылық жеке адамды дамытудың тетігі ретінде қолданылады.

Ұлы ғұлама «ұстаздың мінез-құлық нормасы қандай болуы керек?» — деген сұраққа жауап бере отырып, балаға білім беру жөнінде, оған тәлім-тәрбие беру ісінде мұғалімге мынадай шарттар қояды: «Мұғалімдік еткен адамның өлшеуі (әдісі) тым өктем (қатаң) болмасын және асыра босаңсытқан төмендікпен де болмасын. Егер тым қатты, үнемі ызғармен болса, онда оқушы мұғалімін жек көретін халге жетеді. Егер де өте босатып жіберген кішіпейілділік болса, онда оқушылар жағынан мұғалімді кем санау, ғылымына жалқау қарау қаупі туады», - дейді. Бұл осы уақытқа дейін өзекті болып келе жатқан педагогикалық қағида болып табылады. Бұл сияқты ұстамдылыққа, іскерлікке қол жету үшін «ұстаз тарапынан барынша ынталылық пен табандылық қажет, өйткені бұлар, жұрт айтқандай, тамшысымен тас тесетін бейне бір су тәрізді». «Ұстаз ескерер бір жәйт – бұл шәкірттің мінез-құлқындағы жағымсыз мінезді, жағымсыз қылықты болдырмау, онда жақсы сипаттардың қалыптасуына мүмкіндік беру», - деп атап көрсетеді Әл-Фараби. Адамның мінез-құлқын тәрбиелеуде ойшыл ұстаздардың жүріс-тұрыстарына, сөйлеген сөзіне, қимылына, жеке бас мәдениетіне баса назар аударып, оқушының сапалы білім алуына ұстаздың осындай қасиеттері үлкен роль атқаратынын айтады. Әл-Фарабидің дидактикасында оқытудың екі негізгі формасы бар:

ЗЕРЕК ОҚУШЫ
ДӘЛЕЛДЕУ
АБСТРАКЦИЯ АРҚЫЛЫ СЕНДІРУ, КӨЗ ЖЕТКІЗУ

НАШАР ОҚУШЫ
КӨРНЕКІЛІК
БЕЙНЕЛЕУ

Біздің ойымызша, сендіру, көз жеткізу әдісі бүгінгі күні қолданылып жүрген эвристикалық әңгіме, дәріс, проблемалы оқыту әдістеріне сәйкес келеді. Әл-Фарабидің анықтауы бойынша логика – ойлаудың заңдары мен ережелері туралы ғылым. Логикалық ойлау қабілеті жоғары адамның оқу сауаттылығы да жоғары болмақ. Адам кез келген жағдаяттан шыға білуі үшін, ең алдымен логика іске қосылады емес пе?! Олай болса, Ұлы ғұлама Әл –Фараби айтқандай, адам өзінің ойлау әрекетін тәрбиелей алады. Өзінің ойын айқын, жүйелі түрде келтіреді. Ой қорытып талқылай алады...

Қорыта келе, «Екінші ұстаз» атанған Әл Фарабидің «түсініп алған дұрыс, өйткені барлығын жаттап алу мүмкін емес, оларды белгілі бір байланыстары арқылы ойда топтастыру пайдалы» деген жауабының түпкі ойы оқушының оқу сауаттылығының жоғары болуы заманауи қоғамдағы өмірге дайындығының бастапқы сатысы екенінің дәлелі. Оқу мәдениеті мен дағдыларды қалыптастыру - болашақ жастардың білім жетістіктерінің маңызды факторы. Сондықтан әлемдік контексте оқу сауаттылығы заманауи қоғамдағы өмірге деген дайындықтың маңызды бөлігі ретінде қарастырылады. Функционалдық сауаттылығы жоғары оқушы кез келген қоғамда жоғары жетістікке жетеді деген сенімдемін.

Пайдаланылған әдебиеттер мен интернет-ресурстар

1. <https://baribar.kz/student/20693/abu-nasyr-farabi-zhane-onynh-ghylymi-filosofiyalyqenhbekteri/>

2. П.Сүлейменов Әл-Фарабидің қоғамдық философиялық және педагогикалық ғылыми көзқарасы. <http://aqiqat.kazgazeta.kz/news/237>

3. А.Оспанова Әл-Фарабидің білім және тәрбие мәселесіне қосқан үлесі. <http://ile-tany.kz/2020/06/19/1-farabidi-bilim-zh-ne-t-rbie-m-selesine-os-an-l>

4. Мұғалімге арналған нұсқаулық. II деңгей.

ҚОНДЫБАЙ ШОЛПАН ИКМАТУЛЛАҚЫЗЫ

*«№12 С.Сейфуллин атындағы
жалпы білім беретін мектеп жанындағы
интернат» КММ-нің кітапханашысы*

ӘЛ-ФАРАБИ ІЛІМДЕРІНІҢ ПЕДАГОГИКАДАҒЫ РӨЛІ

Сонау орта ғасырлардағы Таяу және Орта Шығыс елдерінде туған ғылым мен білім қазіргі ғылым мен білім тарихының сахнасында алдыңғы қатарда тұрған қызықты да, қайшылық тұстары көп мәселелер қатарында екендігі сөзсіз. Солбір мәселелердің шет жағасын шығарып, жібтің бір ұшын тарқатып көрсек, Шығыс орта ғасыр физикасы, ал оның ішінде әл-Фараби физикасы жатады. Жалпы Орта ғасырда Орта Азия халықтарынан шыққан ұлы ғалым-энциклопедист, ойшыл, ғұлама Әбу Насыр әл-Фараби біздің мемлекетіміздің Түркістанның Отырар (Фараб) қаласына қарасты аймағында орналасқан Васидж қалашығында әскери бағытты ұстанатын отбасында 870 жылдар шамасында

дүниеге келген. Ерте орта ғасыр дәуіріндегі ежелгі Отырар қаласы Фараб деп аталған. әл-Фараби есімі Отырар қаласы болып аталған кезден бастар қала аты шартарапқа аты әйгілі бола бастады. Кезінде Отырар қаласы мәдениеттің, қолөнердің және сауданың үлкен орталығы болған. Кей деректерде бұл Фараб кітапханасымен атақты болған, себебі алыптығы, яғни ондағы кітаптың қоры сол кездегі, сол маңайдағы ғұламалар мен данышпандар, ойшылдардың білім мен ғылымды үйрену мен меңгеруіне жол ашып, ғылымның іргетасының берік қалануына оң әсерін тигізе білген құнды ғимарат. Отырар қаласының нақты орналасқан жері Түркістан облысының, Шәуілдір ауданына жақын жердегі Арыс өзенінің Сырдарияға құятын жері. Конференция барысы бойынша әл-Фарабидың өмірбаянын насихаттағанды жөн көріп отырмын. Әбу Насыр әл-Фараби алғашқыда ежелгі түркі тілінде білім нәрімен сусындайды. Білім мен ғылымды үйренуге ынтық болған жас әл-Фараби Орта Азия мен Таяу шығысқа саяхат жасап, көп жылдар бойы Бағдатта білімнің қайнар бұлағына қанық болады. Білімді өмірінің шырағы ретінде санай отырып сол жердегі, яғни өз заманындағы ұлы ғалымдармен тікелей байланыс жасайды. Әл-Фарабидің еңбек сүйгіштігі және оған қоса Табиғаттың берген таудай таланты оны халифаттағы ең ірі оқымыстылар дәрежесіне шығуға, бой көрсетуге мол мүмкіндік берді. Әл-Фарабиге «Ал-муаллим-ас-сани» деген атақ берілген. Яғни бұл дегеніміз «Екінші мұғалім» деген мағынада. Бірінші мұғалім грек оқымыстысы, ғалымы Аристотельді атаған. Осы білім мен ғылымды зерттеу мен зерделеу жолында кертартпа сопылардың іс-әрекеттерінің нәтижесінде ғұлама Бағдат қаласынан мәңгі кетуге мәжбүр болады. Осы әрекеттерден өмірлік сабақтарды ұғына отырып, ары қарай өзінің ұстанымы мен мақсаттарын жалғастыру мақсатында оқымыстылар мектебін ашады. Сол мектептерде ізбасарлары тәрбиеленіп, ғылым мен білім саласы одан ары дами түседі. Ұлы ойшыл, ғұламаның өмірбаянындағы әрбір сәтті жылы жүрегімізбен, махаббатымызбен оқығанда ғана тарихқа бір табан жақындағандай боламыз. Әр кез Туған жерім, Отаным жайында ой түйетінім бар. Жұдырықтай жүрегіме ерік берген кезде өз жеріме, еліме, көз жүгірте отырып, оның өткені мен болашағын саралауды менің жеке адамзаттық көзқарасым, мақсатым, борышым ретінде санаймын. Менің елім «Қазақстаным» бүгінде еңсесі биік, қайратты әрбір ұланы қалқан бола алатындай, бүкіл дүние жүзі танитындай іргесі берік, бекем мемлекетке айналды. Тарих беттерінде ойып алар орны бар мемлекетіміздің өткеніне көз жүгірте бір қарап, шолу жасасақ. «Ел-ел боламын» дегенше қиын-қыстау қаншама заман өтті, қаншама тарихтың маржандай асыл адамдары да кетті. «Тар жол тайғақ кешуден» өтіп, қиын-қыстау талай нәубатты артта қалдырып, Егемендігін алып «Тәуелсіз», «Азат» ел атанып та үлгерді. Біз- осы үшін қуанамыз және бар байлығымызды қорғап оны мақтанышпен жүрек пен ойға салып жыр ете аламыз. Кешегі бабаларымыздың қанымен, аққан терімен, азаттықты жырлаған көз жасымен келген осындай бақытты көру және бағалау бізге берілген үлкен мүмкіндік. Яғни бақытты ұрпақ қатарында-өзімнің болғанымды өзіме мәртебе, абырой санаймын. Өзім Оңтүстіктің төл тумасы болғандықтан өзімнің туған жерімнен шыққан жерлес ақын-жазушылар, мықты қаламгерлер, қоғам қайраткерлері, саяси, патриот аға-

әпкелеріміз туралы құнды мәліметтер мен жеке деректерді оқи отырып, осы Ұлы тұлғалардың жолын жалғастыру, оны өзімнен кейінгі ұрпаққа қалдыру менің басты Отан алдындағы адамзаттық борышым. Эссе барысы бойынша «Екінші Ұстаз» атанған жерлесіміз ғұлама, данышпан әл-Фараби бабамыз туралы сыр шертіп, жыр етсем. Ислам дініндегі халықтар арасынан шыққан ғалымдардың қатарында да төбе көрсететін жеке тұлға екендігі барлығымызға аян-ақ. Ел басына күн туған кездерде қазақ халқының екі данышпан ұлының есімдері біздерге рухани демеу болғандығы талассыз дүние. Ғылым мен білімді меңгеру - ынтасы, ерік-жігері, жүрекжарды назы бар, санасы бар жастарға - ол су түбінде жатқан терең байлықты алақанмен ұстағандай үлкен олжа екендігі сөзсіз. Әл Фараби өзінің өмірлік қағидасы мен ұстанымында «Білім мен ғылым» және «Дүниедегі аққатты іздеу» арқылы адамның өміріндегі тамаша сәттердің болатындығын дәлелдеп, бұлтартпастай ережемен айтып өткендей. Әл Фараби бабамыздың пайымдауынша адамның жеке тұлға болып қалыптасуы үшін ең алдымен Логиканың күшті болуы шарт. Сондықтанда ғұламаның көп еңбегі логиканы дамытуға барынша күш салғандай. Осы бір тылсым дүние ғұламаның атақ-даңқын биікке көтергендей. Данышпан бабамыздың әлем ғылымы мен біліміне қосқан еңбегі ұшан-теңіздей. Алып мемлекеттердің де данышпандары мен ғұламалары да Ұлы ойшылдың еңбектерін зерттеп, зерделеп жатқан-ды. Тек логиканы ғана емес, аспан әлеміндегі күрделі өзгерістерді де барлап, бақылап ой қорытып, ілімнің ашылуы мен зерттелуіне өз еңбегін едәуір көлемде көп қосқан ойшыл ұстаз. Қазіргі таңда аш немесе қапыда қалғандай күй кешетін «Кітапханамыздың» қадірін сол кезде-ақ «Рухани қазына» деп санаған. Кітап басылымдарынан үздіксіз ақпарат жинап, оны ұшқыр ойымен қорыта отырып, өзінің еңбектерін кітап басылымдарына басып, бізге өшпестей, мол мұра ретінде қалдырған. Қазақтың қара топырағынан шыққан ұлы ғұламаның еңбектерін асқақтатып, әуелетіп кейінгі жастарға жеткізу менің басты-мақсат-мүддем! Осындай «қазақ» топырағынан шыққан жалынды, дарынды бабаларымыздың жолын кейінгі жастарымыз үлгі-өнеге ретінде ұстанса екен деген ойым бар. Сондай жағдайда ғана еліміз көркейіп, өркендеп өседі деген жүрекжарды тілегіммен эссемді аяқтаймын. Жалынды жастарымыз Ұлы ойшылдың ұлы жаңалықтарын дәріптеуде еш талмайтындығына күмәнім жоқ.

МАЛГЕЖДАРОВА АИДА ТАЛГАТОВНА

ШҚО, Аягөз қаласы

«№10 қазақ мектеп - гимназиясы»

ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ӘДЕБИЕТ ӘЛЕМІ

Шығыстың ұлы ойшылы Әбу Насыр Мұхаммед ибн Тархан әл-Фараби 870 жылы Фараб қаласында дүниеге келген. Қазақтың ұлы ғалымы, әлемге әйгілі ойшыл, философ, социолог, математик, физик, астроном, ботаник, лингвист, музыка зерттеушісі. Әл-Фараби жастайынан түрлі ғылымдарды оқып үйренді.

Фараби өмір сүрген дәуір терең тарихы, төлтума мәдениеті, озық дәстүрі бар түркі даласына ислам дінінің дендей еніп, түркі, араб, парсы мәдениетінің тоғысуы басталған күрделі кезең еді.

Саналы ғұмырын ғылым-білім жолындағы ізденіске арнаған Фарабидің өмірлік ұстанымының қалыптасуына аталмыш факторлардың әсері үлкен болғаны анық. Мұсылман әлемінің сол кезеңдегі аса маңызды ғылым мен мәдениет орталықтары Бағдат, Шам, Мысыр елдеріне сапар шеккен жас Фараби араб, парсы, грек, латын, санскрит тілдерін жетік меңгеріп, сан-сала ғылымға бой ұрады. Өз дәуірінің атақты ойшыл ғалымдарымен, өнер иелерімен, сөз зергерлерімен сұхбаттас болған Фараби сол кезең ғылымындағы күрмеуі шешілмеген күрделі мәселелерді ап басып танып, ізденісін осы арнаға бағыттайды.

Әдеби байланыс түрлі халықтар мәдениетінің жақындасуына, рухани қарым-қатынасының өркендеуіне үлкен үлес қосады. Бұл жайында атақты шығыстанушы ғалым, академик Н. И. Конрад: «Ұлттық әдебиеттің өркен жаюы мен даму факторларының бірі — өзге халықтардың әдебиетімен өзара қарым-қатынаста, байланыста болу. Кез келген әдебиетте екі компоненттің болатыны белгілі. Бірі — сол елдің өзінде дүниеге келген төл туындылар, екіншісі — басқа елдерден енген кірме шығармалар. Осындай дүниелердің негізінде әдеби байланыстың рөлі ерекше көрінеді. Мұны қандайда бір әдеби шығармалардың түпнұсқасымен тікелей танысып, сол туындымен ұлт әдебиетінің тілінде оқуы негізінде және олардың аудармалары арқылы қанығуынан немесе бір халық жазушысының шығармаларының мазмұны мен мотивтерін басқа елдің жазушысының өзінше қабылдауынан пайымдауға болады. Осындай факторлардың арқасында бір елдің әдеби дүниесі екінші бір елдің меншігіне айналады».

Ұлы ғалымның Отырарда туып өсіп, жігіт шағында араб еліне кеткені жайында өзбек ғалымы Хайруллаев: «Әл-Фараби алғаш білімін Отырар медреселерінің бірінде алған болуы керек. Өйткені көне дәуірден қалған бір деректерге қарағанда, Мәуреннаһрда балаларды түрлі қолөнер мен ғылымға үйрету, баулу, оқыту олардың бес жасар кезінен басталатын болған» — десе, әл-Фараби зерттеушілерінің бірі М. Бурабаев: «Әл-Фараби 20 жасына дейін Отырарда оқып, тәрбиеленіп, кейін Самарқанд, Бұхара, Хиуа және Шығыстың көп жерлерін аралаған, ұзақ уақыт бойы араб халифатының саяси, мәдени орталығы Бағдатта тұрған деген деректі келтіреді».

«Ғылыми мұра қалдырмаған ғалым найзағай ойнатып, күркіреп тұрып, жаумай өткен бұлтпен тең», — деген араб халқының дана мақалы бар. Осындай қанатты ойды ту қып ұстаған Әл-Фараби ғылым мен өнердің барлық саласына өлшеусіз үлес қосып, артында өшпес ғылыми жазбаларын қалдырады. Аты әлемге мәшһүр Әбу Насырдың еңбектерінен нәр алмаған, сусындамаған ғалым жоқ деп айтуға болады. Оның есімі дүниежүзі мәдениеті мен ғылымының тарихынан берік орын алады. Дүниежүзі ғалымдары әл-Фарабиді Шығыстың Аристотелі деп атағаны баршаға аян. Артында қалған ғылыми мұрасы өте мол.

Ұлы ойшылдың қаламынан екі жүзге жуық трактаттар дүниеге келген. Оның қаламына арқау болған ғылым салалары: философия мен логика, математика мен физика, астрономия мен ботаника, тіл мен әдебиет, медицина мен музыка. Осы

еңбектерінің ішінде философия мен әлеуметтану, этика мен эстетика мәселелері ерекше орын алады деп айтуға болады.

М.Хайруллаевтің «Мировоззрение Фараби» атты монографиясы әл-Фараби философиясы турасында жазылған алғашқы ауқымды зерттеу еңбек деп атап көрсетіледі. Қазақ ғалымдарының ішінде алғашқы қазақ фарабитанушысы А.Машановтан басқа әл-Фараби мұраларын жинауға ат салысқан, оның философиялық трактаттарының жауапты редакторы болған Ш. Е. Есенов, кезінде Қазақ КСР Ғылым академиясы жанынан Фарабитану тобын құру жайында бастама көтергендердің бірі Ә. Марғұлан, әл-Фарабидің математикалық, астрономиялық, педогогикалық мұраларын зерттеп, оқырман қауымға таныстыруда көп еңбек сіңірген ғалым А. Көбесов және ұлы ойшылдың мұраларын зерделеу барысында Фараби аттас басқа да ғалымдардың бар екенін және олардың еңбектерін саралай келе «Әл-Фараби эстетикасы» және «Қазақ даласының жұлдыздары» (I тарау) атты Әбу Насырға байланысты көлемді еңбек жазған белгілі арабтанушы-ғалым Ә. Дербісали.

Әл-Фараби мұралары тек зерттеуші ғалымдардың ғылыми жұмыстарына ғана арқау болып қойған жоқ, сонымен қатар, оның бейнесі қаламгер-жазушылардың да шығармаларының негізгі тақырыбы болды. Тарихи тақырыпты жүйелі түрде тереңдеп меңгерген жазушыларымыздың бірі — Әнуар Әлімжанов данышпан философ әл-Фараби жайын баяндайтын шығарма — «Ұстаздың оралуы» атты романын жазды. Онда ақылгөй-ғалымның өмірі әр түрлі қырынан беріледі. Осы романға іргелі талдау жасаған көрнекті ғалым Р. Бердібаев әл-Фараби бейнесін «Ол өзі жасаған музыкалық аспап — «қыпшағиға» қосылып ән де айтатын, күй де тартатын, қаламды ғана емес, қаруды да ұстай білетін, досқа мейірімді, шапағатшыл, әділдік үшін басын қатерге тіге алатын тұтас тұлға ретінде елестеткенін», — жазады.

Аристотельден кейінгі екінші ұстаз атанған ғалым өзінің әдебиетке қатысты негізгі теориялық ой-пікірлерін: «Риторика», «Поэзия өнерінің каноны туралы трактат», «Поэзия өнері туралы», «Ғылымдарды классификациялау туралы трактат», «Өлең және ұйқас туралы сөз» және т. б. еңбектерінде саралайды. Оның осы айтылған еңбектеріндегі теориялық ойлары мен көркемдік-эстетикалық пікірлері әлі күнге мәні мен маңызын жойған жоқ. Ғылымның айтылған саласын зерттеу барысында өзінен бұрынғы ұлы философтардың сара жолымен жүріп, олардың дәстүрлерін бойына сіңіріп, дамытты. Әдебиетші ғалым Н. Келімбетов «Ежелгі дәуір әдебиеті» атты кітабында әл-Фарабидің «Өлең кітабы» трактатынан мынадай сөздерді келтіреді: «Біз поэзиясымен хабардар болған көптеген халықтарға қарағанда арабтар өз поэзиясында бәйіттің соңғы жағына көбірек мән береді. Сол үшін де араб бәйіттері белгілі бір өлшемдегі шектелген сөздермен толықтырылады, көркемделеді. Мұндай жағдайда қолданылатын сөз тіркестері ырғақты, белгілі бір бөлшектерге жіктелген болуы керек, тіпті ондағы әрбір ритм, ырғақ, буын, бунақ саны да шектеліп тұруы шарт.

Әл-Фарабидің әдеби мұрасын зерттеушілер оның «Поэзия өнерінің каноны туралы трактатында» поэзия жанры туралы ой-пікірлерін өрбіте келіп, осы өнер саласында жүрген ақындар мен олардың дарындылықтарының аражігін айыратынына көңіл аударады. Бұл бойынша автор шайырларды табиғи дарынына,

арқалылығына, логикалық ойларына, ұйқас пен үйлесімді сақтауына қарап, үш топқа бөледі. «Біріншісі — өлең жазып, оны оқуға қабілетті, табиғи дарыны барлар. Бұлар поэзияның көптеген түрінде көркем бейнелілікке, тамаша ұйқастар мен теңеулер жасауға шебер. Сондай-ақ, олар өлең өнерінің сырымен, сын-сипатымен, теориясымен жақсы таныс болмаса да, алғырлығы мен асқан дарындылығының арқасында жырлары өткір, әрі тілге жеңіл, жүрекке жылы тиеді.

Фарабитанушы ғалымдардың зерттеулеріне қарағанда Әбу Насыр үлкен ақын болған. Мәселен, үлкен әдебиетші-ғалым Н. Келімбетов ол жайында: «Әбу Насыр әл-Фараби — өз дәуірінің көрнекті ақындарының бірі дей отырып, Ибн Аби Усайба, Ибн Халликан секілді араб тарихшыларының жазып қалдырған мәліметтерін басшылыққа алады да солардың жазбаларынан әл-Фарабидің өлеңдерін жолма-жол аударып береді». Белгілі фарабитанушы А. Көбесов мынадай дәйекті келтіреді: «Совет ғалымы Е. Э. Бертельстің парсы-тәжік поэзиясы тарихына арналған еңбегінде, түрік зерттеушілері Ахмет Атеш, Хафиз Данышпан еңбектерінде Фарабидің шайырлығы, әдеби мұрасы туралы көп жаңалықтар келтіреді. Бұлар және басқа оқымыстылар Фарабидің араб, парсы, түрік т. б. тілдерде әр түрлі жанрда жыр жазғандығын растайды, үзінділер келтіреді». Бұл зерттеушілердің қай-қайсысы болсын, 1979 жылы қазақ тілінде тұңғыш рет Аян Нысаналиннің «Трактат және өлеңдер» атты аударма жинағынан әл-Фараби өлеңдерінің мәтінін алады.

Поэтикалық пайымдаулардың (А. Нысаналин «ақындық түйіндеу» деп келтіреді) өлшем мен мазмұнға қарай жіктелетінін айта келіп, Фараби өлшем бойынша жіктеулерді музыканттың немесе просодистің үлесіне жататын тіл мен әуеннің тегіне қатысты дүние деп білсе, мазмұн жөніндегі ғылыми жіктеулерді символдарды түсіндіріп, поэзияны талдаушы, поэтикалық идеяларды, түрлі халықтар мен мектептерге тән поэзияны зерттеуші қауым өкілдерінің еншісінде қалдырады. Фараби көптеген халықтардың поэзиясында мазмұн мен өлшем арасына шек қойылмай, аралас қолданылатынын, бұл мәселеде қатаң қағиданы тек көне гректер ғана сақтағанын айтады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Салқынбаев. М. «Әл-Фарабидің әдеби мұраларының зерттелуі» монография.
2. Конрад Н. И. Запад и Восток. — Москва: Наука, 1972. — 496 б.
3. Ә. Дербісалиев. Қазақ даласының жұлдыздары, Алматы, 1995.
4. М. Хайруллаев «Мировоззрение Фараби» монография
5. М. Бурабаев. Өшпес жұлдыздар. Ұлы ғалымдар өмірінен (ҮІІІ-ХІҮ ғғ), Алматы, 1989.
6. Аль-Фараби. Философские трактаты, Алматы, 1972.
7. Аль-Фараби. Трактаты о музыке и поэзии, Алматы, 1993.
8. А. Көбесов. Әбу Насыр әл-Фараби, Алматы, 2004.
9. Н. Келімбетов. Ежелгі дәуір әдебиеті, Алматы 1991. 264 б.
10. Р.Сейсенбаев. Фараби. «Ғылым туралы кітап», Алматы, 2020.

МАХАНОВА НУРИЛА ДЖУМАБЕКОВНА

Тараз қаласы «№ 56 орта мектеп» коммуналдық мекемесі
Құмшағал шағын мәлтек ауданы, А.Байтұрсынов көшесі № 12
қазақ-тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛЫҚ ТҰЛҒАСЫ ӘЛ-ФАРАБИ

Әл-Фараби – ортағасырлық ғылымдардың қай саласында да үздік білімнің иесі, энциклопедист ғалым ретінде даңқы шыққан ғұлама-ойшыл. Философия мен логика, математика мен физика, музыка мен поэзия, грамматика мен азаматтық саясат... Көне гректің бай мұрасын жан-жақты игерген ол аристотелизм мен ислам идеяларына өте терең талдаулар жасады. Әл-Фараби шығармаларының тізімін Байхаки, ибн Усайба, Омар Фаррух, М.Хортен, Ф.Дитериц, М.Штейншнейдер еңбектерінен кездестіреміз. Фараби мұрасын зерттеуші көрнекті өзбек философ-ғалымы М.М.Хайруллаевтың айтуынша, Фараби шығармаларының толық тізімін, яғни 160-тай еңбектің



атауын түрік ғалымы А.Атештің еңбектерінен табасыз[1.15]. Әл-Фараби трактаттарының қолжазбаларын Каир, Дамаск, Бейрут, Ыстамбұл, Лейден, Париж, Мадрид, Лондон, Тегеран, Нью-Йорк қалаларының кітапханаларында сақталған. Ғұлама ғалым және философ Аристотельдің логикаға қатысты барлық дерлік еңбектеріне, атап айтсақ, «Метафизика», «Никомахтық этика», «Риторика», «Поэтика», Птоломейдің «Әлмагесіне», Александр Афродизискийдің «Жан туралы» еңбегіне, Евклид «Бастауларының» бірқатар тарауларына, Порфирийдің «Исагогына», түсініктемелер жасады. Бұлардың арасында «Философияны меңгеруге дайындық», «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы», «Азаматтық саясат», «Бақытқа жету туралы» еңбектері бар[1.15]. Әл-Фараби антиканың мол мұрасын, әсіресе көне гректің Платон мен Аристотель секілді классик ойшылдарының философиялық көзқарастарын арабмұсылман мәдениетіне енгізумен қатар, ислам мен антиканың идеяларына синтез жасауды да іске асырды. Ол өз заманының рухани шамшырағы болды. Өз дәуірінің барлық сауалдарына жауап табуға тырысты. Бұл ізденістер арғы-бергі бүкіл адамзаттық рухани ізденістермен сабақтасып жатқандықтан еш уақытта өз мәнін жоймақ емес. Әлемдік философия мен ғылым философиясының дамуында, Батыс пен Шығыстың диалогында өзіне тиесілі рөлін атқара береді[1.15]. Әл-Фараби сананың тек теориялық-танымдық қана емес, саяси-әлеуметтік мәселелерді шешуде де алатын орнын жоғары бағалады, адамзат баласы сананы жетілдіру арқылы соғыс секілді қайшылықты жағдайды да шеше алады деп есептеді. Қайырымды мемлекетке мінездеме бере отырып, ол оның ішкі мәнін де ашуға тырысты. Адамзат баласына тату-тәтті көршілік пен өзара құрмет,

әлеуметтік әділдік пен адалдықтың нәтижесінде қандай рухани биіктіктерге шығуға болатындығын сөз етті[1.16]. Фарабиді толғандырған бұл тақырыптар қазіргі кезде де еш маңызын жойған жоқ. Бұл тұрғыдағы бүгінгі ізденістер Фараби ғылым философиясының құрамдас бір бөлігі болып табылатын рухани дәстүрге сүйенуі керек. Барлық азаматтары бір ғана ортақ мақсатқа, яғни мемлекет пен жеке адамның игілігіне қызмет етуге 5 жұмылдырылған ізгі, қайырымды мемлекет туралы ғалымның толғаныстары ортағасырлық ислам әлеміне ғана емес, өзінен кейінгі әлеуметтік-философиялық және әлеуметтік-утопиялық ойдың дамуына да үлкен ықпал етті. Әл-Фарабидің музыка теориясы, музыка өнері, риторика мен поэзия, эстетика проблемалары жайлы көркемдік-эстетикалық көзқарастары да аса құнды. Бұларды бүгінгі ұрпақты рухани жағынан тәрбиелеуге, ғылымды дамытуға, мәдени және мәдени-ағартушылық жұмыстарын жүргізуге жан-жақты пайдаланған дұрыс. Әл-Фарабидің жаратылыстануға қатысты мұрасы табиғатты тәңірінің туындысы деп есептейтін ортағасырлық жаратылыстануға тән көзқарастармен тамырлас болып келеді[1.16]. Ғалым Фараби рухани күш табиғатын анықтауға көп мән берген. Ол өзінің «Даналық негіздері» атты еңбегінде адам табиғатының қасиеттеріне қарай оның сыртқы және ішкі дүниесінің бар екенін айтады.

Әбу Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Узлағ ибн Тархан әл-Фараби ат-Түркі – ұлы ғалым, энциклопедист, Аристотельден кейінгі Екінші ұстаз атанған Әл-Фарабидің толық аты-жөні осылай болып келеді. Әл-Фараби 870 жылы Жібек Жолының маңызды орталықтарының бірі болған Отырар қаласының маңында дүниеге келген.

Ол бала кезінен сол дәуірдегі өркениет пен мәдениеттің ірі орталықтары саналған Бұхара, Самарқан, Мерв, Бағдат, Харран, Рей, Каир, Алеппо, Шам қалаларында болып, білімін үнемі жетілдіріп отырған. Әл-Фарабидің ғылыми қызметі ортағасырлық араб-мұсылман мәдениетінің гүлдену дәуіріне, яғни біздің дәуіріміздегі X ғасырдағы – Мұсылман Ренессансына сәйкес келеді, міне сол ғұламаның 1150 жылдығы қарсаңында ұлы ғұлама туралы оқыған, түйінді мағлұматтармен бөліскенді жөн көрдім.

Әл-Фарабидің әлем өркениетінде алар орнына тоқталмас бұрын, ғылымдағы әл-Фарабиге қатысты түрлі көзқарастарға тоқтала кетейік. Кейбір еуропашыл ғалымдар “Әл-Фараби ешқандай жаңалық ашқан жоқ, ол тек Платон мен Аристотельдің мұраларын насихаттап, түсіндіріп келді” – деп есептейді. Антика дәуіріндегі ғұлама ойшылдар Платон мен Аристотель – бүкіләлемдік мәдениеттің ең жоғарғы шыңы. Әл-Фараби осы антикалық мұраны игеріп, оны араб-мұсылман мәдениетінің гүлденуіне жұмсап, үлкен екі жаңалық ашты.

Біріншіден, әл-Фараби антикалық заман мен исламды өзара жақындастыра синтез жасап, жаңа бір мәдениеттің өркендеуіне жол ашты. Келесі кезекте ол грек ойшылдарының асыл мұрасын жаңғыртты. Сөйтіп, шығыста үлкен қозғалыс, жаңа бағыттар басталды. Араб-мұсылман мәдениеті негізінде антикалық дәуірдегі шешілмеген мәселелерді шешіп, оны ілгері дамытты.

Барлығымызға мәлім, әл-Фараби өмір сүрген уақыт айрықша кезең ретінде аталады. Отырар өлкесінде әл-Фарабиге дейін ойшылдар өте көп болса, оның өз

заманында да ғұламалар аз болмаған. Ол жастайынан туған өлкесінде білім алып, Отырар кітапханасында отырып, шаң басқан қолжазбаларды ақтарып, көз майын тауысып, талмай кітап оқып, оқу-білімге ерте құмартқан. Отырар кітапханасына алыс-жақын елдерден керуенмен сан түрлі кітаптар ағылып келіп жататын. Әл-Фараби өмір сүрген IX-X ғасырларда Отырар өркениетінде рухани мұра жоғары бағаланған. Араб-Мысыр әлемінде Александрия кітапханасының шоқтығы биік.

Одан кейінгі орынды Отырар кітапханасы иеленген. Сол кітапханадан әл-Фараби жиырма жасқа дейін тәлім-тәрбие алып, ондағы бар кітаптарды, трактаттарды оқып зерттеген. Одан кейін білімін толықтыру үшін керуенге ілесіп, араб еліне аттанады. Бағдад, Дамаск сынды басқа да өркениеті дамыған ірі шаһарларда болып, артында ғылыми-зерттеу еңбектерін қалдырған. Әл-Фарабидің дүниетанымына келетін болсақ, кеңестік дәуірде оны маркстік-лениндік, атеистік дүниетанымға алып келді. Бірақ шын мәнінде әл-Фараби ислам руханиятындағы айтулы тұлға болған.

Біріншіден, ол-әлем мойындаған философ, Платон мен Аристотельдің еңбектерін шығыс, араб-мұсылман әлеміне таратқан үлкен ғұлама. Екіншіден, әл-Фараби – үлкен ғалым. Әл-Фарабидің философиялық көзқарасы өте күрделі. Оны бір сөзбен айтып шығу мүмкін емес. Әл-Фарабидің көзқарасында диалектика да, таным теориясы да, ғылыми рационализм де бар. Әл-Фараби ислам өркениетіне өлшеусіз үлес қосқан. Сондықтан әл-Фарабидің дүниетанымы туралы айтқанда оны материалист, болмаса идеалист немесе атеист деп айтуға болмайды. Ол белгілі бір ғылым академиясы тәрізді.

Әл-Фарабидің мұрасы ғылымның әр түрлі саласына қатысты еңбектерден тұрады. Сондықтан да ол – әлемдік деңгейдегі философ, ойшыл. Әл-Фараби дүниетанымының қайнар көзі өте тереңде. Себебі, қазақ даласында оған дейін де ғұлама ойшылдар көп болған. Мысалы, гректерді өнерімен тәнті еткен, аузымен құс тістеген шешен Анахарсидтің өзі бір төбе болса, Тоқсары, Тоныкөк, қобызымен кең дүниені күңіреткен Қорқыт Ата және басқа да ойшыл данышпандар болған. Осының бәрі – ғұлама ғалымның бастау алған қайнар көздері.

Осы орайда, Платон мен Аристотельді атап өткен жөн. Әл-Фараби олардың ғылыми мұрасын оқып қана қоймай, әрі қарай жалғастыра зерттеп, дамытқан. Әл-Фараби тағылым алған дүниелер өте мол. Солардың бірі ежелгі «Авеста» мен Құранды атап өтпеуге бола ма? Әл-Фарабидің рухани толысуына Құранның игі әсері көп болған. Кеңес дәуірінде әл-Фараби мұрасын аударғанда исламға қатысты жағын кесіп тастап, көбіне материалистік, атеистік жағына мән беріп, ислам руханияты, ислам мәдениеті мен антикалық мәдениетті синтездеу жағына ешқандай мән бермеген.

Әл-Фарабидің ашқан ең үлкен жаңалығы – антикалық мұра мен исламды біріктіре мәдениет жасауында. Сондықтан әл-Фарабидің қайнар көздерін айтқанда міндетті түрде тек шығыс пен батыс, гректің ғана емес, оның қазақтың құнарлы топырағынан түлеп ұшып, Отырар өркениетінен нәр алғанын ұмытпауымыз керек. Әл-Фараби араб елінде аты шығып, «Шығыстың Аристотелі» атанып, артында мол мұра қалдырған. Сөйтіп сексен жасқа келгенде

өмірмен қоштасады. Ол: “Мен Қыпшақ елінен ешқандай атақ-даңқ іздеп келген жоқпын. Мен білім іздеп келдім, сол білімді араб елінен таптым, бірақ менің Қыпшақ еліне сүйіспеншілігім шексіз”, - деп өзінің туған жерге деген сағынышын өлеңге түсірген.

Ол керемет өлең де айтқан, қобызда да ойнаған. Қобыз аспабын жасап, күй тартқан Қорқыт Ата дейміз. Шын мәнінде Қорқыт Атадан кейін әл-Фараби де қобызды дамытып, оның құлағында ойнаған ойшыл, көп тілде сөйлеген ғұлама адам болған. Әл-Фараби – қазақ өркениетінің, музыка философиясының негізін қалаған үлкен ойшыл. Бірақ ол – тек қазақтың ғана емес, қазақ халқы қалыптаса қоймаған кезеңде өмір сүргендіктен, бүкіл түркі халықтарына ортақ тұлға. Әл-Фараби мұрасы түркі халықтарын біріктіретін рухани негіз деп айтуға болады.

Орта ғасырда энциклопедияшы оқымысты әл-Фарабидай ғалым болмаған. 1980 жылдардан бастап фарабитану атты жаңа бағыт пайда болды. Әлемдік және отандық фарабитану деген бар. Әл-Фараби шетелге емес, тәуелсіз еліміздің мемлекеттік мүддесі мен ұлттық ұстанымы үшін қызмет етуі керек. Сондықтан әл-Фарабидің ғылыми – философиялық мұрасын өзіміз ғана біліп қоймай, жас



ұрпақтың санасына сіңіруіміз қажет. Әл-Фарабидің мұрасы, әл-Фараби әлемі туралы білетініміз аз. Оның кұпиясы әлі толық ашылған жоқ. Ол-әлем халықтарын біріктіретін тұлға. Әл-Фарабиді хан тұтатын үш мемлекет бар.

Біріншісі – Иран (олар әл-Фараби бізден шыққан дейді), екіншісі – Қазақстан (әл-Фараби халқымыздың этногенезінің негізінде жатыр, ол Отырардан шыққан), үшіншісі – Араб елі, Мысыр мен Сирия және басқа да мұсылман елдері әл-Фарабиді айрықша қастерлейді. Әл-Фараби мұрасын мектептерде пән ретінде оқытып, жоғары оқу орындарында арнайы курстар жүргізген жөн.

Қазіргі уақытта Әл-Фараби ойларының өзектілігі қайтадан арта түсуде. Оның көзқарасында саясат, дін және бақыттың өзара терең қатынасы көрсетілген. Бүгінде әлем Ислам және Батыс өркениетінің текетіресу қаупі алдында тұрғанда, ислам мәдениетімен астасатын экстремистік және лаңкестік көңіл-күй үдеп келе жатқан кезде, ұлы философтың мұрасы адамзаттың түрлі көзқарасын шешуге көмек бере алады.

Бүгінгі күнге дейін оның логика, метафизика, этика, саяси және әлеуметтік философия, музыка мен медицинаға арналған жүзден аса трактаттары сақталған. Ол ең алғаш болып музыканы математикалық негізде жүйелеп, оны ғылымның бір бағыты ретінде көрсеткен.

Түйіндеп айтқанда, Орта Азия мен қыпшақ даласы үшін X—XII ғасырлар қоғамдық-әлеуметтік, саяси тұрғыдан дамудың жаңа басқышы болып табылады. Бұл кезеңде түркі тілдес халықтардың мәдениеті, әдебиеті, ғылымы едәуір өркендеп өсті. Әсіресе, түркі әдеби тілі жан-жақты дамып, жетіле түсті. Мұның өзі түркі халықтарының, соның ішінде, қазақ, өзбек, ұйғыр, қырғыз, т. б.

халықтардың этностық құрамының қалыптаса бастауы мен олардың әлеуметтік-қоғамдық өміріндегі рөлінің біртіндеп артуына байланысты болды.

Осы 2020 жылы «Әлемнің екінші ұстазы» атанған, күллі түркі жұртының бас ойшылы Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдығы ЮНЕСКО көлемінде, Абай Құнанбаевтың туғанына 175 жылдығы мемлекеттік деңгейде тойланатын болады. Сондай-ақ, еліміздің Тұңғыш Президенті – Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев халқымыздың тарихтан тағылым алып, ұлы бабаларымызды әрдайым ұлықтай білгенін айтып, мұралары «Рухани жаңғырудың» маңызды бағдарына айналуы қажет екенін атап өтті.

“Біз үшін бұл мерейтойлардың маңызы ерекше. Тарихи датаны ақыл-парасатпен, салиқалы деңгейде өткізуге баса мән беру керек. Негізгі мақсат – ұлы тұлғалардың тағылымын жастардың санасына сіңіру, ұлы тұлғаның ой-толғамдарын кеңінен дәріптеу. Үкіметке қажетті шаралар әзірлеуді тапсырамын, – деді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мектептерде оқыту үдерісінде пәндерді оқытуда ұлы ғалымның тұжырымдамаларын ұлттық құндылықтар ретінде тақырыптармен тиімді байланыстырған дұрыс. Сол сияқты мерейтойларға байланысты әр түрлі тақырыпта мазмұнды іс-шараларды белсенділікпен ұйымдастырып, жоғары деңгейде өтуіне атсалысқан жөн деп ойлаймын.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. *Шолақова Р.* Әл-Фараби — Шығыстың ғұлама ғалымы // Қазақ тарихы. — 2012. — № 5 [116]. — [32, 33 б.]
2. *Қойлыш Ж.* Бала Мұхаммедтен ғұлама ғалым, «Екінші ұстаз», Әбу Насыр әл-Фарабиге дейін (870–950) // Аңыз адам: Жұлдыздар отбасы. — 2011. — № 17 [29]. — 5–9-б.
3. *Дербісәлиев Ә.* Қазақ даласының жұлдыздары (тарихи-филологиялық зерттеу). — Алматы: Рауан, 1995. — 12-б.
4. *Келімбетов Н.* Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерліктері. — Алматы: Раритет, 2011. — 432 б.
5. *Қасымжанов А., Әлінов А.* Әл-Фараби // Қазақ: Оқу құралы. — Алматы: Білім, 1994. — 176 б.
6. *Қасымжан А.* Әл-Фарабидің рөлін ұмытушылық — тарихи әділетсіздік // Аңыз адам: Жұлдыздар отбасы. — 2011. — № 17 [29]. — 39-б.
7. *Қайбалдина А.* Әбу Насыр әл-Фараби // Қазақ тарихы. — 2012. — № 2 [113]. — 46-б.

НЕСИПБАЕВА ЖАНАР МАХАНОВНА

Жамбыл облысы әкімдігінің

Байзақ ауданы білім бөлімінің

Мырзатай орта мектебі

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ӘДЕБИ-ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ

Дүниежүзілік ғылым мен мәдениетте көрнекті із қалдырған ортағасырлық ойшыл, энциклопедист-ғалым, Шығыс Ренессансының көшбасында тұрған дара тұлғалардың бірі Әбу Насыр әл-Фараби өмір сүрген дәуір терең тарихы, мәдениеті, озық дәстүрі бар түркі даласына ислам дініне еніп, түркі, араб, парсы мәдениетінің тоғысуы басталған бастау алған кезі. Мұсылман әлемінің сол кезеңдегі аса маңызды ғылым мен мәдениет орталықтары Бағдат, Шам, Мысыр елдеріне сапар шеккен жас Фараби араб, парсы, грек, латын, санскрит тілдерін жетік меңгеріп, сан-сала ғылымға бой ұрады. Өз дәуірінің атақты ойшыл ғалымдарымен, өнер иелерімен, сөз зергерлерімен сұхбаттас болған Фараби сол кезең ғылымындағы күрмеуі шешілмеген күрделі мәселелерді тауып, ізденісін жұмысын сол бағытқа арнаған. Философия, логика, психология, этика, математика, астрономия, тіл білімі, эстетика, социология, поэтика салаларына арналған 150-ге жуық трактат қалдырған энциклопедист-ғалымның өз зерттеулерінің үлкен бөлігін Аристотель еңбектерін түсіндіруге арнауы – дәуір сұранысынан туған ізденістер болды. Көрнекті шығыстанушы Ғылыми терминологияның қалыптаспағандығы аудармашылар жұмысына едәуір бөгет жасады. Мәтінді игере алмағандықтан олар көбіне грек тіліндегі түпнұсқаның синтаксистік құрылымын сақтауға тырысты, аударманы араб оқырманы мүлде түсінбейтін жағдайға жеткізген еді. Тек Фараби еңбектері ғана көне дәуір дүниелерін дұрыс түсінуге мүмкіндік берілді. Ғалым Аристотельдің “Категориялар”, “Герменевтика”, “Бірінші және екінші Аналитика”, “Топика”, “Риторика”, “Софистика”, “Поэтика” секілді еңбектеріне түсіндірме жасаған болатын. Осы еңбектері әл-Фарабиді “Екінші ұстаз” атандырды” деп жазды. (Осы орайда “Екінші ұстаз” атауы жөнінде қалыптасқан жоғарыдағы пікірден өзгеше өрбіген дінтанушы М.Бұлұтайдың: “Фарабидің “Екінші ұстаз” аталуын дәреже жағынан емес, тарихтағы кезеңі жағынан екіншілік деп түсінеміз” деген пікірін де ескере жүрген жөн секілді). Сан-сала ғылымның түп қазығын философия мен логикадан тарата зерттеуде Фараби Аристотель бағытын жалғастыра бастаған болатын. Ғалымның өзіне дейін жасалған әдістеменің ізімен жүруі қалыпты құбылыс болаған. Шығу тегін өзі логикадан тарататын поэтика, әдебиет теориясы, тіл білімі салаларына арнап әл-Фараби “Өлең өнері туралы трактат”, “Өлең өнерінің қағидалары туралы трактат”, “Әдебиеттегі пікірталас туралы трактат”, “Риторика туралы трактат”, “Аристотель “Риторикасына” түсіндірменің үлкен кітабы”, т.б. еңбектерін артында қалдыра білді. Сондай-ақ “Логика туралы трактат”, “Ғылымдардың шығуы туралы трактат”, “Мемлекет билеушісінің нақыл сөздері”, “Ғылымдардың жіктелуі туралы трактат” секілді еңбектерінде де Фараби

әдебиет пен поэзияға қатысты бірқатар әдебиет пен өлең өнеріне қатысты біршама пікірлері тұжырымдалған.

Әл-Фараби Аристотельдің өнер туралы ойларын дамыта келіп, еліктеуді образбен алмастырды. Ол образды екі мағынада қолданады: бірі көркем сөз, көркем тіл болса, екіншіден – ол адам, яғни кейіпкер деген ұғымды білдіреді. Кейде ол образды поэтикалық пайымдаулар деп те атайды” .Поэтикалық пайымдаулардың (А.Нысаналин “ақындық түйіндеу” деп келтіреді) өлшем мен мазмұнға қарай жіктелетінін айта келіп, Фараби өлшем бойынша жіктеулерді музыканттың немесе просодистің үлесіне жататын тіл мен әуеннің тегіне қатысты дүние деп білсе, мазмұн жөніндегі ғылыми жіктеулерді символдарды түсіндіріп, поэзияны талдаушы, поэтикалық идеяларды, түрлі халықтар мен мектептерге тән поэзияны зерттеуші қауым өкілдерінің еншісінде қалдырады. Фараби көптеген халықтардың поэзиясында мазмұн мен өлшем арасына шек қойылмай, аралас қолданылатынын, бұл мәселеде қатаң қағиданы тек көне гректер ғана сақтағанын айтады. Әрине, Фараби бұл жерде поэзияның әрбір түріне белгілі бір өлшемді ғана қолданатын көне гректік өлең қағидаларын үздік үлгі ретінде ұсынғалы отырған жоқ. Өлшем мен мазмұнның қатаң қағидаларға бағындырыла бермеуі түрлі халықтардың дүниетанымындағы, көркем ойлауындағы, сөз қолданыстарындағы ерекшеліктерге байланысты екені айқын. Фараби тек қатаң сақталатын қалыбы бар, теориялық тұжырымға салуға икемді, ең бастысы, біршама зерттеулерге арқау болып үлгерген грек поэзиясын толымды талдауға лайық және танымдық мәні бар объекті ретінде алады. Сонымен Фараби жіктеуінде көне грек поэзиясы мынадай түрлерге бөлінеді: Трагедия –арнаулы өлшемі бар, тыңдаушыға да, айтушыға да ләззат беретін өлең түрі. Трагедияда өзгелерге үлгі-сабақ боларлық жақсылы-жаманды істер сипатталады, билеушілер марапатталады.

Әл-Фарабидің “Мемлекет билеушісінің нақыл сөздері” трактатында поэтикалық шығармалардың түрлері талданады. “Барлық поэтикалық туындылар кез келген бір затты (немесе құбылысты) санада айқын елестету үшін жазылады” деген кіріспе сөзінен ғалымның поэтикалық шығармадағы образдылық мәселесін бірінші кезекке қойып отырғаны аңғарылады . Фараби поэтикалық туындылардың алты түрі бар екенін айта келіп, олардың үшеуін – мақтауға тұрарлық, қалған үшеуін құптауға жатпайтын түр деп бөледі. Алғашқы үш түр парасат күшін жетілдіру, санада биік идеалдар қалыптастыру, адамның рухани сапалық қасиеттерін жақсарту, шектен шығуға бейім мінездерді тепе-теңдікке келтіру, барлық қабілет-қасиеттерді ізгі іске бағыттау мақсатына қызмет етеді. Ал құптауға жатпайтын поэзия түрлері мақтаулы түрлерге қарама-қарсы сезім мен әсер туғызады, тепе-теңдіктен, үйлесімнен ауытқуға себеп болады. Барлық түрлердің өзіне тән әуені болады, бұл әуендер жоғарыда аталған поэтикалық шығармалардың түрлері тәрізді жіктеледі.Ғалымның бұл тұжырымдарынан көркем туындының, образ жасаудың барлық мән-мағынасы – диттелгендей эстетикалық әсер туғызу, сол арқылы тыңдаушының (немесе оқырманның) сана-сезімін серпілтіп, ізгі мақсатқа бұру, адам рухын жетілдіріп, кемелдендіруге қызмет ету деп есептейтіні аңғарылады.Көрнекті шығыстанушы Б.Ғафуров Фараби шығармаларындағы терең философиялық тұжырымдарды, кемел парасат

жайлы асқақ ойларды, “қайырымды билеуші” бейнесіндегі биік аңсар-мұратты Фирдоуси, Низами, Жүсіп Баласағұн, Сағди, Хафиз, Жәми, Науаилардың өз шығармаларында жаңғыртқанын айта келіп: “Биік гуманистік идеал әзірбайжан ақыны Низамидің қаламына қуат берді. Арада ғасырлар өткенде Абай оны өзі ұстаз тұтқан поэзия алыбы ретінде бағалады. Ж.Баласағұнның “Құтты білік” поэмасы мен Ш.Руставелидің “Жолбарыс терісін жамылған батыры” бір мезгілде жазылды. “Әл-Фараби және Абай” атты еңбегінде көрнекті ғалым А.Машанов Әл-Фарабидің дүниенің сегіз сипатын математикалық тұрғыдан дәлелдегенін жаза келіп, осы сегіз сипатты Абайдың адам бойынан іздеп, өзі тудырған өлең түрін “Сегізаяқ” деп атағаны жайлы ой айтады. Айтылмыш тұжырымды негізге алған белгілі философ Т.Бурбаев Абайдың аталған өлеңінде “дүние” ұғымының сырын ашатын жолдардың барлығына назар аударып, осы ұғымның ұлт менталитетіндегі қолданылу аясына, даму көріністеріне тоқталады. Жалпы алғанда Фараби идеяларының бертінгі дәуір әдебиетіндегі іздерін зерттеу мәселесі – әзірге түрән тимеген тың сала. Мұның өзі алдымен кейінгі дәуірлердегі шығармашылық иелерінің Фараби еңбектерімен қалай және қай дәрежеде таныс болғанын анықтауды қажет етеді. Ғұлама мұрасын әдебиет әлемімен байланыстыра зерттеудің перспективалық бағыттарының бірі – осы. Фараби ғұламаның ұшан-теңіз шығармашылығының елеулі бір бөлігін оның өлеңдері құрайды. Ғұламаның ақындығы жайлы алғашқы мәліметтерді ортағасырлық араб тарихшылары қалдырған. Фараби жайында жазылған араб тіліндегі тарихи мәліметтердің едәуір бөлігін отандық ғылымға зерделі зерттеуші Ә.Дербісәлиев таныстырды. Араб жылнамашысы Ахмад ибн Халликан (1211-1282) өз естелігінде Фарабидің өмір жолы мен еңбектері туралы айта келіп, Имад ад-Дин әл-Исфәһани еңбегіне сілтеме жасай отырып, Фарабидің бірнеше жол бәйітін келтіреді. Екінші бір арабтық автор, атақты дәрігер Ибн Әби Усайбиға (1203-1270) төмендегі жыр жолдарын Фарабидікі деп келтіреді:

Әл-Фарабидің әдеби мұрасын зерттеп-зерделеуге қатысты бірқатар ой-пікірлеріміз «Оғыз-қыпшақ дәуірінің әдебиеті» аталатын алдыңғы мақаламызда айтылды. Солардың ішінен ең маңыздысы болып табылатын төл әдебиетіміз бен Фараби поэзиясындағы сабақтастық іздерін алдағы уақытта тереңдете зерттеу қажеттігі жөніндегі пікірімізді қайыра еске сала кетуді жөн көрдік. Әл-Фарабидің әдеби мұрасы туралы ойларды қорыта келгенде мәдениеттанушы-тарихшы Н.Нұртазинаның: “Діннен, мұсылман факторынан алыстатылып, жасанды түрде дүнияуи сипат таңылған бабаларымыздың мұрасы ұлт мәдениеті туралы толық ақиқатты жеткізбей, ұрпақ санасына ұзақ уақыт зор нұқсан келтіріп келе жатыр. Мәдениеттанушылар, әдебиетшілер, тарихшылар, философтар осы бағытта көп ізденулері керек” деген пікірінің әлі де құнын жоймағанын пайымдаймыз. Сондай-ақ белгілі әдебиет зерттеушісі Н.Төрекұловтың әдеби жұмыстардың бір түрі – аударма екенін айта келіп, Фарабидің аударма еңбектерін оның әдеби мұрасымен байланыстыратын тұжырымы да негізсіз емес. Ендігі бірер сөз Фараби шығармашылығының ашылмай жатқан бір қыры – күйшілік өнері туралы. Ғұламаның күйшілік дарыны ол дүниеге келген қыпшақ даласында да, шығармашылық із қалдырған араб жерінде де аңызға айналған. “Музыканың ұлы

кітабын” жазған ғалымның әуен әлеміне алғашқы қадамы да туған топырағынан басталғанына күмән жоқ. “VII–X ғасырларда оғыз-қыпшақ дәуірі әдебиет, музыка (күй), философия, өнершіліктің өркендеген бір сәулетті кезі болса, Қорқыт, әл-Фараби сияқты генийлер – соларды жасаушылардың ұлы басы” деп жазады көрнекті әдебиет зерттеушісі Ә.Марғұлан. “Қобызымен ескі дүниені күңіреткен Әбу Насыр әл-Фараби Қорқыттың ізін ала шыққан, соның шәкірттерінің бірі болуға тиіс десе. Арун-Рашид (халиф Харун ар-Рашид – А.Ә.) заманында әл-Фараби күйшіні Жанкенттен Бағдатқа алдырып, Бағдат халқы Фарабидің сұлу күйін тыңдайды” дей келіп, автор Фарабидің араб жұртына келуін осы оқиғамен байланыстырады. Алайда аңызға бергісіз бұл мәліметтің дереккөзіне сілтеме жасалмаған.

Әбу Насыр әл-Фараби шығармашылығының өскен өлкесінің дәстүрімен табиғи тамырласып жатқан кез келген қыры – ғылыми еңбектері, ақындық мұрасы мен күйшілік өнері осы сабақтастық тұрғысынан тереңдете зерттелуге тиіс. Әлемдік мәдениет пен ғылымда терең із қалдырған дана ғалым, сирек талант иесі Әбу Насыр әл-Фараби бейнесі қазақ әдебиетіндегі көркем туындыларда да өз көрінісін тапты. Ұлы ойшыл Әбу Насыр әл-Фараби шығармашылығына қатысты шағын зерттеуімізді қорыта келе айтарымыз: Мәдени жаңару үдерісі жүріп жатқан қазіргі кезеңде “өркениеттер арақатынасында төңкеріс болып, Шығыстың өркениеттің алтын бесігі, Европа қайта өрлеуінің негізі болғандығы мойындалып, Әл-Фараби, Ибн Сина, Ибн Халдун, Ибн Рушдтардың европа философиясына қосқан үлесі баса көрсетілгенімен”, Фараби еңбектерінің әлі де ашылмаған қырлары көп. Демек, біздің есімін мақтан тұтар даңқты жерлесіміз Әбу Насыр әл-Фараби жайлы зерттеулердің арнасы келер күндерде де ортаймақ емес.

Пайдаланылған әдебиеттер

- [1] Бертельс Е.Э. Избранные труды. Т.3. М., 1965, стр. 112.
- [2] Бұлұтай М. Ата-баба діні. А., 2000. 285 б.
- [3] Аль-Фараби. Трактаты о музыке и поэзии. А., 1993, стр. 368.
- [4] Исламова Л.А. Эстетические идеи в произведениях аль-Фараби // Аль-Фараби и развитие науки и культуры стран Востока. А., 1974, стр. 92.
- [5] Аль-Фараби. Трактаты о канонах искусства поэзии // Трактаты о музыке и поэзии. А., 1993, стр. 344.

ӘЛ-ФАРАБИ ҒІЛМДЕРІНІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ РӨЛІ

Қасиетті қазақ даласы талай ұлы ғұламаларды дүниеге алып келді. Қазақ топырағынан көкірегі ояу, көзі ашық ойшыл азаматтарымыз бүкіл шығыс араб-парсы мәдениетін меңгеріп, өз шығармаларын көпке ортақ тілде жаза біліп, кейінгі ұрпақтарына мұра етіп қалдыра білді. Олардың ішінде аты әлемге танылғандары да аз емес. Солардың бірі — бәрімізге танымал ұлы жерлесіміз Әбу Насыр әл-Фараби.

Бірнеше ғасырдан бері Әл-Фараби мұрасы әлемдік көркем ойға өз үлесін қосқан педагогикалық мұраның қатарында көрінді. Осындай биік рухани өсу біздің қазақ педагогикасының өткені мен оның даму тарихына, яғни Әл-Фараби мұрасына қатысты екені ақиқат. Сондықтан да оның қазіргі кездегі мұрасы сан-салалы гуманитарлық – педагогикалық арналары бойынша қазақ ғалымдарының зерттеуімен Әл-Фарабидің әрбір ғылымының арнасы айқындалып, ол біздің еліміздің рухани игілігіне айналуда. Фарабидің өмірі жөнінде бізге жеткен мағлұматтар үзік-үзік, аңыз-шыны аралас болып келеді.

Әл - Фарабидің гуманитарлық - педагогикалық мұрасы педагогика саласы бойынша әр - түрлі қырынан қаралып жүрген мәселелердің бірі. Оның сан -салалы шығармалары жайында жазылған еңбектері де, ол туралы айтылып келе жатқан пікірлер де баршылық.

Адам өмірі үшін, әсіресе ұстаздарға бұл құралдың қажеттігі түсінікті. **Ұстаздың негізгі мақсаты**- өз шәкіртіне білім беріп, ізгілікті мінез-құлыққа тәрбиелеу деп білсек, сол тиянақты білім, ізгілік ұстаздың өз бойында болуы шарт. Егер де өзінің бойында кездеспейтін болса, онда логика саласында надан деп есептелініп, қайсыбір мәселеде кімдікі жөн екенін, оның қалайша жөн екенін ажырата алмайды. Бұл жағдай ұстаз бойында кездесетін болса, сөзсіз оның беделін түсіріп, өз шәкірттерінің мінез-құлық, іс-әрекеттеріне дұрыс баға бере алмағандықтан, олардың арасында түсінбеушілік, кейде бір-біріне деген дөрекілік, жүрген жерде әрине, логика, парасаттылық туралы дұрыс түсінік болуы мүмкін емес. Сол себепті шәкірттің ой-талағамын жетілдіру, оның іс-әрекет жасауына көмектесу-ұстаз парызы.

Әл-Фарабидің ұстаздық шеберлігі.

Ұстаз шеберлігі дегеніміз — тек мұғалімнің жан-жақты және методикалық сауаттылығы ғана емес, ол әр сөзді бойға сіңіруі, ұстаздық әдеп жайын сөз еткенде біз әрдайым ғалымдардың зерттеулеріне назар аударамыз. Ғалымдардың зерттеулеріне қарағанда "Ұстаз", "Тәрбиеші", "Мұғалім" деп қастерлі мамандық сыр сипаты 200-ден астам компоненттерден тұрады екен. Осы ұстаз өнегісінің, озат үлгісі жөнінде ғұлама ғалым Әл-Фарабидің айтуы бойынша нағыз ұстаз ғана

айтқанын екі еткізбейтін, ешкім шағым жасауға батылы бармайтын, білімі телегей - теңіздей, ақыл-ой парасаты да, ерік- жігеріне де ешкім тең келе алмайтын адам. Осындай қасиеттері бар ұстаз ғана шәкіртке үлгі-өнеге көрсетеді, ол халықты соңына ертіп, оның мұң-мұқтажын, талап- тілегін орындай алады.

Әл-Фараби өнегелі ұстаз бен әділ билеушіге ортақ 12 қасиетке мән береді де, бұған қосымша жұртты аузына қаратқан даналық, заң мен әдеп-ғұрыптарға жетістік, іс-әрекеті осыларға сәйкес.

1. Тән ерекше жетілген түрлі іс-әрекетті нәтижелі етіп орындауға ыңғайлы бейім болуы;
2. Нені болса да жақсы айырып, тез тұжырымға келе алатын;
3. Өзінің түсініп, сезгенін көріп, білгенін есіне жақсы сақтай алатын;
4. Көреген ойлы, талғампаз, ақылды адам болуы;
5. Ойын анық, дәл бере алатын, көркем сөйлей алатын шешен;
6. Ілім-білімді, оқу-ғылымды жан тәнімен, ұңғыл-шұңғылын ақыл-ой жұмысының үлкен бейнетін тек ләззат санайтын адам;
7. Қайда жүрсе де өте ұстамды;
8. Өтірік-өсекті, мылжындықты жек көріп, шындықты, әділдікті бар ынтасымен сүйе білу;
9. Өр кеуделі, жан мен арын бірдей кіршіксіз ұстайтын адам;
10. Мал-мүлікке, дүние-жиһазға, мәнсіз ұсақ тіршілікке қызықпау;
11. Табиғатынан әділ, шынайы, шыншыл;
12. Басқаға дау, өзіне де қиянат қыңыр-қиқар болмай, әркез шешімге келе алатын байсалдығы мен батылдығы қатар жүре алатын, қорқыныш пен үрейге жол бермейтін адам;

Әл-Фараби ұстаз бен шәкірт арасындағы ара- қатынастарды олардың моральдық қатынастың қандай болу керектігін де ескерген. Ұстаз өз шәкірттерінен адалдық, сыпайылық, ізгілік, әділдік сияқты қасиеттерді көргісі келсе, онда оның өзінде де осы қасиеттер болу қажет. "Мұғалімдік" (ұстаздық) еткен адамның өлшеуі тым өкпелі болмасын және тым асыра босаңсытқан төмендікпен де болмасын. *Егер тым қатты үнемі ызғармен болса, онда оқушылар мұғалімді жек көретін халге жетеді. Егер тым босатып жіберген кішіпейілдік болса, онда оқушылар жағынан мұғалімдерді кем санау, оның ғылымына жалқау қарау қаупі тұрады деп жазды өзінің "Философияны үйрену үшін алдын-ала не қажет" деген еңбегінде.*

Фараби ең әуелі ұстаз, ағартушы, оның бүкіл философиялық ізденістері мен пайымдаулары адамды барынша кемелдендіру, дамыту мақсатына арналған. Ол- адамдарды шынайы бақытқа жеткізу жолдарын табуды мұрат тұтады.

Ұстаздың айтуы бойынша адам ғылым, философия, тәрбие арқылы кемелдікке жетеді. Ол шартты түрде адамды нағыз бақытқа, мұратқа бастайтын негізгі кредосы - адамдар бақыт жолында өзара көмек, достық, бейбітшілік қатынаста өмір сүруі ләзім.

Бала тәрбиесі қоғам мен халықтың балаларды оқыту жөніндегі қамқорлығы, жастарды халық өміріне байланысты білімдермен қаруландыру, балаға оның жеке

және жас ерекшеліктерін ескеріп шын жүректен қамқорлықты қарым-қатынас мұның бәрі ұлы ұстаздың педагогикалық жүйесінің құрамды бөлігі.

Әрине, ұлы педагогтің халықтық тәрбие дәстүрлерін алып пайдаланып және өз жүйесіне негізін салып қана қоюымен шектелмеуі әбден табиғи жағдай. Ол педагогикалық құбылыстардың жиынтығын байыптады. Тәрбие және тәрбиелеу орындары мәнін түсіндіруге жаңа мазмұн беріп, әрі қарай шығармашылықпен дамыта алды.

Ұстаздың пікірінше, оқу, білім алу, ғылым адамы болу, адамгершілік және тәрбие мәселелерімен тығыз байланысты. Мәселен, "Философияны үйрену үшін алдын-ала не қажет" деген еңбегінде бірінші алғышарт ретінде жан тазалығын, ар тазалығын қойған.

Ғұламаның педагогикадағы оқыту теориясы мәселелері.

Ғұламаның педагогикасының салмақты бөлігі дидактикада жатыр. Дидактика-білім беру, оқыту, оқыту процесінде тәрбиелеу теориясына арналған педагогиканың басты бір бөлігі.

Платон және басқа грек даналарының педагогикалық идеяларын жаңғыртып, дамытып Фараби шәкірттері ақыл және теориялық тәрбиені біріктіретін рухани тәрбиелеу проблемасына ерекше мән берген. Бұл тұрғыда толыққанды, пайдасы, берері мол шынайы ғылыми білімдерді игерудің шешуші мәні бар. Мұндай білімдер математика, физика, метафизика салаларын қамтитын жалпы философия болып табылады. Философияны, яғни барлық білім бағыттарын дұрыс түсініп, пайымдаудан логика, грамматика, риторика тәріздес оқытушы ғылымдар бірінші орында тұрады.

Рухани және ақылы тәрбие беруде Фараби арифметика, геометрия, астрономия және музыка ғылымдарының тәлім-тәрбиелік жақтарын оқытуға көп көңіл бөледі, өйткені олар шәкірттерді нәзіктікке, зеректікке баулиды және басқа ғылымдарды игеруге төте жол көрсетеді.

Фарабидің философиялық еңбектерінде "мінез-құлық", "адамгершілік", "еңбек ету", "оқу", "білім", "таным", т.б. педагогикалық пікірлер кездеседі. Бұл пікірлер ғылыми немесе классикалық педагогиканың "Тәрбие теориясы" мен "Оқыту теориясына" тікелей қатысты пікірлер екендігін және педагогика ғылымы философияның бір бөлімі ретінде дамығандығын айқындайды.

Әл-Фараби өз заманында дарынды педагог - әдіскер болған екен. Ол тоғызыншы ғасырдың 40-жылдарында "Философтардың қойған сауалдарына жауаптар" деп аталатын еңбегінде оқыту, білім беру ісіне тоқталған. Ал оқу, оқыту, білім беру қазіргі кездегі классикалық немесе ғылыми педагогиканың негізгі бөлімі - дидактиканың (оқыту теориясының) категориялары.

Ол оқытудың сөздік практикалық әдістері мен көрнекілік, жүйелілік принциптеріне тоқталып, олар туралы диалектикалық, логикалық ой-тұжырымдар жасаған. Сонымен бірге бұл әдістер мен принциптерді оқушылардың (шәкірттердің) жас ерекшеліктеріне қарай біртұтас педагогикалық процесте іске асыру қажеттігін ұсынған.

Фарабидің пікірінше ғылымдарды оқып -үйрену көп тәсілдермен жүзеге асады, бірақ қайсысын басшылыққа алғанда да ғылымдағы бастапқы ұғымдарды,

қағидаларды, алғышарттарды біліп алудан бастау қажет. Осының нәтижесінде түпкі шындық-болмыс оның көріністері танып білінеді. Оқу бастамасы біздерге болмыс бастауларын білу құралы болып табылады, ал олардан шығарылған қорытындылар-ғылыми пәндерді игерудің бастамасы мен құралы болады.

Ғұлама білім алудың, оқудың методологиялық, философиялық және методикалық, педагогикалық мәселелерін біріктіре, байланыстыра тұтастай алып қарастырады. Өйткені зерттеліп, қарастырылып отырған нәрселердің, ұғымдардың шығу төркінін, гносеологиялық түп-тамырын білу, оларды жемісті түрде оқып-білудің методикалық тура жолын табуға жәрдемдеседі. Мұндай білім алудың тиімділігінің өлшем-таразысы оқу бастаулары мен болмыс бастауларының сайма-сай келуі болып табылады. Фарабидің еңбектерінде қазіргі педагогикалық ғылымның жүйелілік және бірізділік, көрнекілік, қонымдылық, тәрбиелік, оқу т.б. дидактикалық принциптерінің нышандары бой көрсетеді.

Ежелгі грек ойшылдарына сілтеме жасай отырып ғұлама балаларды белсенді түрде оқытуды 7-8 жасынан бастауды нұсқайды.

Фараби оқыту, білім беру мәселелеріне басқа трактаттарында да үнемі тоқталып осы заманғы педагогика тұрғысынан қарағанда өте дұрыс көптеген түбегейлі де терең пікірлер айтқан.

Фараби ғылымдарды меңгерудің, үйренудің қажеттігін дәріптеп қана қоймай, бұл мақсатқа жеткізуге тиісті проблемаларды шешуге көп күш жұмсаған.

Қалың қауым оларды бейнелі түрде қабылдап, зерделеріне сендіру әдісі арқылы бекітеді". Сендіру, көз жеткізу әдісі, біздіңше, қазіргі жай әңгіме, эвристикалық әңгіме, пікір таластыру, лекция әдістеріне жақын келетін сияқты. Фараби осыған байланысты практикалық өнер, қолөнерлерін үйрету методикасы мәселелеріне де тоқталып, мұнда педагогикалық мұрасын атап айтып кеткен. Бастауыш сыныптарындағы ауызша сабақты шәкірттің жаттығу, машықтану әрекеттерімен ұштастыра жүргізуді ұсынды. Бұл әдістер екі жолмен - сендіру, иландыру және зорлау, мәжбүрлеу арқылы жүргізіледі. Ұлы педагог шәкірттерді оқытуда дәріс берудің қандай түрін қолданғаны туралы анық дерек жоқ. Алайда ол жоғары бағалап, құрмет тұтқан Ежелгі Грециядағы Сократ, Платон, Аристотель мектептерінде білім беру, оқыту кейде Сократтық әңгіме түрінде жүргізілгені мәлім.

Мәселен, Фараби пір тұтқан Аристотель өз шәкірттерін көлеңкелі бақтың саясында сайрандап жүріп оқытады екен. Ол сабақтар күніне екі рет-таңертеңгілік және кешкілік болып өткен. Ертеңгі оқылатын лекциялар дайындығы мол зерделі зерек оқушыларға түсінікті болатын қиын мәселелерге арналып, кешкілері көпшілік шәкірттерге жалпы білім беретін, көпке түсінікті де қызық тақырыптарға (мысалы, поэзия, музыка) бағышталған. Фараби де ұстазына еліктеп Бағдат маңындағы бір баққа күзетші бола жүріп, сонда шәкірттеріне әңгіме, лекция түрінде сабақ бергенін көрсететін деректер бар. Әрине, ғұлама бұлардан өзгеше өз тарапынан ашқаны және сол кездегі Шығыс педагогикасында қалыптасқан басқа да оқыту формаларын пайдалануы табиғи нәрсе. Фараби педагогика тарихында алғашқылардың бірі болып өзінің

ең әйгілі ғылыми-дидактикалық шығармасы "Ғылымдар энциклопедиясын" жазды.

Бұл еңбек жан-жақты білімді, тәлім-тәрбиені, шын бақытқа жетуді көздеген, адам меңгеруге тиісті барша ғылым тарауларын және оны оқып-үйрену реті мен мазмұнын қысқаша тезис түрінде баяндап, талдап беруді көздеген бірегей дидактикалық шығарма. Фарабидің бұл еңбекте келтірілген ғылымдарды талдау, оларды оқу ретін белгілеп, бір жүйеге келтіру жөнінде ұстанған принциптері мен негіздері оның "Бақытқа жету туралы" трактатында баяндалады. Мәселен, ғұламаның тіл білімін бірінші қоятын себебі, тіл ғылыми ойлаудың тіршілік ету, өмір сүру формасы болып табылады, яғни тіл-ойдың көрінуі, ендеше бүкіл ғылыми-педагогикалық терминология тіл арқылы өрнектеледі. Осы арқылы ғылым баяндалады, білім алынады. Тіл біліміне тікелей, байланысы бар логика басқа ғылымдарды игеруге оған іле-шала екінші орында тұруға тиіс. Бұл тұрғыда бір ескеретін жайт, логиканы міндетті түрде оқыту керек деген ғұлама талабы бүгінгі күн педагогикасында да зәру мәселе.

Фарабидің ілімі бойынша математиканы оқу кезінде ой қозғалысы дерексізден деректіге, абстрактылыдан нақтылыққа бағытталуы, яғни арифметикадан геометрияға, геометриядан оптикаға, содан кейін астрономияға, музыкаға, статикаға, айла-әрекеттер жайлы ғылымға көшуі қажет. Мұнда ғұлама бұл ғылымдардың негізгі бастамаларын, іргетасын түсіну әдістерінің оңай-қиындығын еске алған болу керек. Ол былай деп жазады: "Өмірдегі заттардың зерттелетін, адам ақыл-ойының ауытқуы мен абыржуынан күтқаратын бірінші тегі-сан мен шама. Сан мен шамаларды қамтитын ғылым -математика. Ең алдымен біз саннан бастаймыз. Оқушының сан жөніндегі білім - мағлұматы бар, осының нәтижесінде есептеу жүргізіледі, сонымен қатар есептеуге, санаулыға тиісті басқа шамалардың қалай есептелетіндігі жөнінде білім алынады. Онан соң ол шама, кескін, жағдай, реттілік, үйлесімділікпен жүйелілік жөнінде білім алынады, ол саны бар шамаларды оқып-зерттейді, санның арқасында болатын барлық қасиеттер тұрғысынан осы шамаларды: реттілігін, үйлесімдігін, жүйелілігін қарастырады. Қарастырылып отырған текте математикалық бастамалары болып табылатын барлық нәрселерді оқушы сан мен шама түрінде алады да, жоғарыда айтылған ретпен орналастырады, сонан осы өнердің негіздерін тұжырымдауға жеткілікті білім алғанша осылай ете береді".

Математикадан кейін Фараби физиканы, сонан соң метафизиканы оқып-үйренуді ұсынды. Мұнда ол математикалық білімдерге арқа сүйеу қажет болатынын ескертеді. Сонымен Фарабидің физикасы бүкіл жаратылыстануды қамтиды, ол денелер мен заттардың құрылысын, олардың қасиеттерін, қозғалысы мен өзгеру процестерін зерттейді, минерологияны, ботаниканы, зоологияны, анатомияны және физиологияны қамтиды.

Музыка сияқты күрделі пәнді методикалық тұрғыда дұрыс баяндау үшін оның негізгі принциптерін - бастамаларын ашып беруді бірінші кезекке қояды. Оның пікірі бойынша ол бастамалар үш топқа бөлінеді. Олар: халықтың музыкалық практикасынан туындайтын принциптер: басқа ғылымдардан (физика, математика т.б.) ауысатын принциптер; эксперимент, тікелей тәжірибеден

алынатын принциптер. Бұл принциптердің бірсыпырасын ол индукция әдісін қолданып шығарады.

Ұлы ғұлама музыка теориясының мазмұнын баяндауда анализ бен синтез әдістерін ұштастырып шебер пайдаланғаны екінші тарауда оның ғылым жасау әдісімен байланысты айтылды. "Музыканың ұлы кітабында" күні бүгінге дейін мәні, бағасы кемімеген бірсыпыра дидактикалық жаңалықтар бар. Солардың бірі — оқыту процесінде жүйелілік және қайталап отыру қажеттілігі. Бұған музыка өнерін музыка шығаруда қалай меңгеру жөніндегі ұсынған әдісі мен нұсқауы айқын дәлел бола алады.

Ол ғылыми еңбектер, оқулықтар, оқу құралдарын, әдістемелік нұсқаулар жазғанда (өзі ұсынған) жүйелілік принципінен ауытқымаған. Сонымен бірге оқу материалдарын жүйелі қайталап отырудың маңызын жоғары бағалаған.

Дидактиканың негізгі принциптерінің бірі-теория мен практиканың бірлігі. Әл-Фараби бұл принципті өзінің «Музыканың ұлы кітабы» атты трактатында тікелей іске асырған. Бұған дәлел осы кітабының бірінші бөлімі (теориялық және практикалық музыка мәселелерін қамтыған) «Музыка ғылымына кіріспе» деп аталады.

Әл-Фарабидің он тоғызыншы ғасырдың 40- жылдарында ұсынған оқыту әдістері, принциптері 21-ғасырдағы ғылыми педагогиканың жүйесінде көрініс тауып отыр.

Әл-Фараби еңбектеріндегі психологиялық идеялар.

Қазақ перзенттерінің көбі табиғаттан (жаратылысынан) жан тану шеберлері (психологтар). Әл-Фарабиді халқымыз ғалым дейді, Абайды ақын дейді.

Егеменді елдің халқы, оның ұрпақтары - Әл - Фараби мен Абайды ұлы психологтар дейтін болады. Өйткені екі бабамыздың да даналық ой – тұжырымдарын еліміздің психологтары түгіл, Еуропа психологтарымен тең қоюға болады. Онда болжам - гипотеза, концепция, психологияның әдіс – тәсілдері де бар.

Фараби шығармашылығының психологиялық тұрғыдан маңызды ғылыми проблемалардың бірі – оның музыка жайлы толғаныстары. Ол өз еңбектерінде, әсіресе «Музыканың үлкен кітабында» әуездің адам сезімдеріне қалайша әсер еткендігі, оның жағымды-жағымсыз көңіл – күйлерін қалайша туғызатындығы, адамның сұлулық талғамы, яғни әсемдік пен ұсқынсыздықты, көріксіздікті бағалай алуы, музыканың адам организмін бір қалыпты күйге келтіруі жайлы сөз қозғайды, эстетикалық талғам мен этикалық түсініктің тығыз байланыстылығын айтады. «Бұл ғылым (музыка, ән) ,- деп жазды ол,- өзінің байсалдылығынан айырылған адамды түзеуге, қызба адамды бірқалыпты ұстауға құдіреті әбден жетеді.»

Музыканың негізгі мақсаты - адамның эстетикалық қажеттерін қанағаттандыру. Бұл поэзияға да ортақ қасиет, өйткені поэтикалық тіл мен музыка тілі бір – біріне етене қабысқан кезде ғана музыканың әсерлігі арта түседі. Өзін қоршаған дүниенің әсемдік сырларына үңілу, содан рухани нәр алу, нәзік сезімдерді образдар арқылы паш ету адамға тән қасиет. Тән ауырғанда көңілдің күрт төмен түсуі табиғи құбылыс. Сондай кездерде сазды әуеннің әсерімен көңіл сергиді де, адам жаны да жай тауып, өзінің ауру халін ұмыта бастайтын болады. Музыка

адамды қиындыққа шыдауға, ауыр еңбекке төзуге көмек береді, шаршап – шалдығуды ұмыту үшін, көңілді жұбату үшін ән салу қажет, ал ән және оған қатысты нәрселер сезіммен, қиялмен және санамен бірдей байланысты болады.», - деп түйіндейді ұлы ойшыл. Ән салудың түрлері сан алуан. «Музыка үлкен кітабында» Фараби оның үш түрі бар екенін айтады. Біріншісі адамда жай ғана рақат сезімін тудырады. Екінші түрі - құмарлық пен іңкәрлікті тудырады. үшіншісі – қилды оятып, санада небір ғажайып бейнелердің тоғысуына жағдай жасайды. Осы үш жәйтке ие болған музыка кемеліне келген музыка болады, мұндайда ол бізге әсер етеді. Музыканы қабылдауға қатысатын түйсіктер табиғи және табиғи емес болып екіге бөлінеді. Табиғи жағдайда түйсік жанға рақат таптырады. Табиғи емес (жасанды) жағдайда музыкалық түйсік көңіл құмарлығын онша қандыра алмайды.

Фараби түсінігіде, ғылым, өнер, музыка атаулының бәрі – бәрі зор дарын, арнаулы қабілет, өлшеусіз еңбек етудің жемісі. Дарындылық ақыл – парасат, қиял қиылыса келіп отырса ғана нағыз өнер туындайды, ол адамды ақиқатқа жетелейді. Ән мен музыка үшін туыстан болатын қасиеттермен қатар оқып – үйрену, жаттығудың маңызы зор. Музыка шығарушылық жан – жақты ізденіп жаттығау, оның түрлерін (жанрларын) бір – бірімен салыстыра, мелодияларды талдап ажыратып, әрбір тонның (саздың, үннің), дыбыстың әсерін мұқият бағалай, зерттей білу қажет. Шәкірт өз бетінше жаңа мелодия шығару дәрежесіне жеткенше мұндай жаттығуды үздіксіз жүргізе беруі тиіс.

Ұлы ғұламаның музыка ғылымы туралы айтқандарының қысқа түрде психологиялық талдай жасай келіп, төмендегіше түйін жасауға болады:

- 1) музыка – адамның жан дүниесіне көркемдік жағынан әсер етуде таптырмайтын құрал;
- 2) музыкалық әуендер жақсы мінез-құлық нормаларын, адамның армандары мен мұраттарын қалыптастыруда елеулі рөл атқарады.;
- 3) ән мен музыка адамда көркем, эстетикалық сезімдерді туғызу арқылы, кісінің өзін-өзі тәрбиелеуіне, бойдағы нашар қасиеттерден арылуына ықпал етеді;
- 4) музыкалық дарын туыстан болатын қасиеттермен қатар, өлшеусіз еңбек пен үздіксіз жаттығу мен дайындықтың жемісі;
- 5) музыка теориясының негізгі принциптерін танып -білуде адамның есту түйсіктерін дамыту елеулі рөл атқарады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Сонымен қорыта келгенде, Фараби еңбектерінің, оның өз дәуірі үшін жасаған шығармашылық, тарихи, ғылыми мұраларын зерттеп, кейінгі ұрпаққа қалдырған оқу-ағарту, білім беру ілімінің мәні мен мазмұнының гумандылық маңызы ерекше.

Еңбек әр қоғамда қоғамдық құбылыс ретінде өзгеріп отырады, еңбек-еңбек тәрбиесінің мазмұны мен мәнін өзгертеді. Еңбек пен еңбек тәрбиесінің ғылымға негізделген теориясын жасай отырып, оны тәжірибеде, өмірде қолданудың тәжірибесін көрсетті. Әл-Фараби ілімі Шығыс халықтарының педагогикалық ой-пікірінің пайда болуына, дамуына және қалыптасуына революциялық төңкеріс

болып есептеледі. Педагогикалық тәлім-тәрбиенің дамуында сапа жағынан жаңа кезең ашқан-халықтық педагогиканың негізін қалады.

Қазіргі таңда Әл-Фарабидің педагогикалық мұрасын, тәрбие туралы ой-пікірлерін болашақ мамандардың педагогикалық шеберлігіне негіздеу, оны жүзеге асыру барысында үлкен маңызға ие болды. Оқырман қауым Әл -Фарабидің еңбектері арқылы жан-жақты білім алуға, рухани дүние байлықтары мен дүниетанымын дамытуға өте үлкен ықпал етеді.

Этиканы ол, ең алдымен, жақсылық пен жамандықты ажыратуға мүмкіндік беретін ғылым деп қарады. Сондықтан оның этика жөнінде тұжырымдамаларында жақсылық, мейірбандық категориясы басты орын алады.

Әл - Фараби тәрбиеге гумандылық бағыт берді, ол барша адам баласын достыққа, адамгершілікке шақыра отырып, адамзат баласын мұрат - мақсатына жеткізуді көздеді. Фараби ағартушылық пен парасаттылықты жақтаған үлкен гуманист. Ол халықтарды бейбіт өмір сүруге шақыра отырып, адам баласын білім мен парасатты ойын терең бағалаған кемеңгер.

Шынында да туған даламыздың құнарлы топырағы рухани суат көзі болып ашылып, әлемде сирек ұшырасатын кемеңгер тұлғаларды жарық дүниеге әкелгені ақиқат.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1) Көбесов А. «Әл – Фараби» Алматы «Қазақстан », 1971
- 2) Көбесов Ауданбек «Әбу Насыр Әл – Фараби» Алматы – 2004
- 3) Көбесов А. «Әл – Фарабидің ашылмаған әлемі» Алматы – 2002
- 4) Бейсенов А.«Әл – Фарабидің тұжырымдары» // Ақиқат. – 2006. - № 6. -70 -736
- 5) Әуелбеков Ә. « Әл – Фараби - ұлы ұстаз ғұлама.»
// Оңтүстік Қазақстан. 2006. – 18 наурыз.
- 6) «Ұлттың ұлы ұстазы: (Әл – Фараби туралы)»
Егемен Қазақстан. 2003- 12 желтоқсан
- 7) « Әбу Насыр Әл – фараби» // Алдаспан. – 2003. - № 1-2.- 7 бет.
- 8) Медетбаев Т.С. « Әл – Фарабидің әдеби - ғылыми мұрасы».
Автореферат». – Алматы, 1998 ж.
- 9) Қазақстан ұлттық энциклопедия
- 10) «Әл – Фараби», 1 том . Алматы, 1998 ж.
- 11) Қари Қ.
«Әл – Фараби еңбектері елге қайта ма?» // Жас қазақ. – 2006. -27 қазан. 9б.
- 12) Мұсаева Н.
«Шығыстың Аристотелі (Әл – Фараби туралы)»
// Оңтүстік Қазақстан. -2006. – 16 наурыз
- 13) Жарықбаев Қ., Алытов Н.
«Әл – Фарабидің психологиялық көзқарастары хақында.»
// Оңтүстік Қазақстан., 1971, 9 июль.

МУЗЫКА АРҚЫЛЫ ӘЛЕМГЕ ДЕГЕН КӨЗҚАРАС

«Өнер дегеніміз не?» деген сұрақ нені білдіреді екен. Бұл – өте маңызды, яғни метафизикалық негіздерді көрсететін, оны рухани және материалдық жағынан ерекшелетін өнер, адам болмысының кеңістігі деп түсіндіруге болады. Өнер-эстетика, өнер ғылым, өнер бар өміріміз.

Негізінде 300 жылдық тәжірибелер тарихында эстетика, көбіне ғылым ретінде талқыланатын. Осы саладағы жеке жарты ғасырлық ғалымдардың зерттеу жұмыстарын негізге алсақ, жауап беруге тырысымыз келеді.

Өнерді оқиға ретінде санауға да болады. Оқиға адам үшін өте маңызды және өмірлік қажет. Діннің алғашқы формаларымен қатар, ол «homo sapiens» ретінде адам өмірінің алғашқысында пайда болып, осы заманға дейін тіршілік иесі ретінде бірге ұштасып келеді.

Біздің заманымыздың өнері

Қазіргі заман өнерін зерттеу әлемнің басқа көзқарасын бере отырып, оған қол жеткізіп, жаңа ерекше сезім мен объектілер ретінде тануға болады. Бұл мақалада қазіргі заманғы өнер адам баласы өміріндегі маңыздылығын бейнелейді. Өйткені біз айналамыздағы барлық нәрсені қайта қарап, қалпына келтірмес бұрын бәрін тиянақты ойлап, өнер арқылы жиі көреміз.

Қазіргі заманғы өнер бізге әлемді басқаша, әр түрлі көзқарастармен көруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар айналамыздағы заттарды таңдауымыздың себептері, оларды білу, түсіну, ойлау және қайтадан ойлау дегенді білдіреді. Сондықтан біз өзіміз өмір сүретін әлемді сыни тұрғыдан танып жатырмыз. Тарихымызға ықпал ету үшін із қалдыру қажет. Біздің әлемге деген көзқарастарымыз көп болған кезде, мүмкіндіктеріміз де кең болады.

Қазіргі таңда өз идеяларымыздың жолын толығымен жоғалттық, олардың мағынасы жоқ, бәрін шатастырып отырамыз. Дегенмен де бұл жаңа нәрселер ақылға еніп, адам өмірі туралы өнер арқылы ойлауға, және қазіргі заманғы өнерді біздің құлағымызға, жанымызға, болмысымызға айналдыруға тырысамыз.

Өнер-бұл адам үшін басты әрекет, өйткені адам қимыл, іс-әрекет жасаған кезде, өмір сүретін әлемімен және өзімен өзара әрекеттеседі. Бұл адамдар үшін кез-келген нәрсені өзгерту мүмкіндігі деп те айтуға болады. Ол жанға өз сезімдерін білдіруге көмектеседі. Сондай-ақ, оның адам әлем туралы ой-пікірін және оның өмір салты туралы ойлауға ынталандыру функциясы бар. Яғни былайша айтқанда өнер-бұл білім. Өнер арқылы бар болмысымызға жаңа мағына бере аламыз.

Әр өнердің өз тілі бар: кескіндеме - адамдармен түстер, сызықтар арқылы, әдебиет – сөзбен, музыка – дыбыстардың көмегімен сөйлейді. Адам бала кезінен музыка әлеміне еніп, адамға үлкен әсер етеді. Мысалға кішкентай бала кенеттен қайғылы әуенге жылап және көңілді әуенге күле алады немесе бидің не екенін әлі білмесе де, көңілді қимыл жасай алады. Адам баласы музыка арқылы өз сезімдерін оятады.

Музыка-біздің өміріміздің бөлшегі. Ол, ең алдымен, жалпы адамдар туралы айтады, олардың сезімдері мен ойларын білдіреді, адамға байланысты барлық нәрсені бейнелейді. Өмір музыканы тудырады, ал музыка өмірге әсер етеді. Музыка адамның өмірге деген көзқарасын өзгерте алады, оның ерік-жігерін нығайтады, ондағы мейірімділікті дамытады; музыканың әсерінен адамда еңбек энергиясы артуы немесе керісінше құлдырауы да мүмкін.

Музыка арқылы әлемге деген көзқарас

Кез келген халыққа ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық мәдениет, тарихи-этнографиялық ерекшеліктер тән. Бұл жерде «музыка» ерекше орын алады. Оның ішінде әндер мен күйлер, дәстүрлі сана ұрпақтан ұрпаққа беріліп, көшпелі халқымыздың рухани мәдениетіне айналды.

«Музыканың ұлы кітабы» -орта ғасырдың көрнекті ойшылы, Шығыс философиясы мен аристотелианизмнің ірі өкілі Әбу Насыр Әл-Фарабидің сирек сақталған трактаттарының бірі. Бұл жұмыс XV ғасырда латын тіліне аударылған және қазіргі заманғы музыка теориясы мен өнеріне үлкен әсер етеді.

Әбу Насыр Әл-Фарабидің музыка мен поэзия табиғаты туралы эстетикалық көзқарастары терең зерттеуге лайық. Олар музыка, эстетика және тіпті шығыс халықтарының медицинасы туралы маңызды сәттерінің керемет көрінісі болып табылады.

Әбу Насырдың ғылыми және мәдени мұрасы көп қырлы, бірақ «музыка» теориясы ерекше орын алады. «Kitabal musikial kabir» немесе «музыканың ұлы кітабы» атты бірегей еңбек бүгін Қазақстанда да, шетелде де үлкен қызығушылықпен зерттелуде. Шамамен X ғасырдың бірінші жартысында аяқталған, көлемі мың беттен асатын қолжазба, кейбір деректер бойынша, 943 жылы өз уақыты үшін музыкатанудың жаңа бағытын ұсынды. Атап айтқанда, парсылардың, түркілердің, арабтардың және басқа да халықтардың орындаушылық мәдениеті мен музыкалық туындыларының өзіндік ерекшелігі бар.

Мәдени-тарихи панораманы барынша қамту үшін Әл-Фараби өзінің іс-шараларының (оның ішінде эллиндер, әл-Кинди және басқалары) музыкатану шығармаларын қайта өңдеді. Ол Аристотель, Платон, Птолемейдің еңбектері арқылы ежелгі грек және Рим мәдениетінің шығу тегін терең зерттеді. Сондай-ақ Ұлы далаға әсер еткен сері, Хорасан, Сасанидтер, Кушан империяларының көшпенді халықтарының музыкалық мәдениетіне көз салған. Адал зерттеуші ретінде өз бақылауларын да талдай білді.

Әбу Насыр Әл-Фараби өзі де музыкалық аспаптарда шебер ойнаған. Оның үзінділері туралы Шығыс халықтары арасында аңыздар тараған. Ең көп кездесетін аңыз: Әл-Фараби Дамаскіге келгенде, жиналған қауым оның ойын мәнеріне таң қалып, көңілді әуенмен олар би билеп, ал қайғылы музыкасы оларды жылатқан. Сонымен қатар мұнды музыкасы тыңдаушыларды ұйықтатып, Әл-Фарабидің байқаусызда кетуіне мүмкіндік берді.

Ортағасырлық философия шеберінің музыка мен поэзия табиғаты туралы эстетикалық көзқарастары әлі толық зерттелген жоқ. Ұлы Дала тарихы мен мәдениетін қазіргі заманға қалпына келтіру тұрғысынан оның өнертану еңбектерінің өзектілігі күрт артып келеді.

Әл-Фараби «музыка, кез-келген дәрі сияқты, улану да, емдік құрал да болуы мүмкін деп айтқан болатын. Оның музыкалық трактатына сәйкес, емдік күш мәселелерінде бәрі музыканың сипатына байланысты. Бұл жерде оның шығармасының ерекшелігі математикалық әдістерді қолдану екенін атап өткен жөн: Әбу Насыр музыкалық дыбыстарды сандық белгілерге аударған. Сондықтан Әл-Фарабидің музыка теориясы шынымен де ерекше: дыбыстардың сипаты мен құрылымын зерттей отырып, ол «музыка ғылымының» канондарына ғана емес, музыканың эстетикалық және теориялық принциптерінің кешеніне де назар аударды.

Әбу Насыр музыка әлемін математика заңдары билік ететін поэзия әлемімен үйлесімді қабылдады. Ал қоғам туралы идеялар тұрғысында Әл-Фараби музыканы бақыт моделінің немесе үйлесімді болмыстың құрамдас бөлігі ретінде қарастырды.

Адамның поэзияға, ырғақты сезінуге, сүйемелдеуге бейімділігі музыканы жақсы үйреніп қана қоймай, сонымен қатар музыканы сауықтыра алатындай қажетті әсерге қол жеткізе отырып, аспаптарды жасауға және жетілдіруге мүмкіндік береді.

Бүгінгі коронавирустық пандемияға байланысты біз ортағасырлық ғалымның байқаулары өте құнды екеніне сенімдіміз. Ол көптеген мысалдарды сипаттады, онда жеңіл музыка, әбігерліктен алшақтап, адам ағзасында сауығу арналарын ашады. Әл-Фарабидің мыңдаған жылдар бұрын айтқан тұжырымдары уақытты растайды: бүгінде музыкалық терапия деп аталатын аурулардың алдын-алу және емдеу әдістері бар.

Әл-Фарабидің басқа ғылыми трактаттары музыкатанудың теориясы мен бөлімдеріне қатысты идеяларды қамтиды: зерттеу объектісі, музыканы оқыту әдістемесі, музыка және әуендердің өзара байланысы туралы ілімнің негіздері, музыка теориясының негіздерін зерттеу әдістері (практика), музыкалық ырғақтардың сипаты, музыкалық әуендер, оларды шығару тәсілдері (композиция).

Сондықтан оның музыка туралы трактаты әлеуметтік мәртебесі мен этникалық өкілдіктеріне қарамастан, барлығының назарын аударуды жалғастыруда.

Көрнекті ойшыл әрі гуманист Әбу Насыр Әл-Фарабидің тұлғасы уақыт өте келе Ұлы дала тумасының ерекше дарынына құрмет ретінде түрлі ауқымды көркем суреттерде көрініс табатыны айдан анық.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. <https://kazpravda.kz/articles/view/skvoz-muziku-smotrel-na-mir>
2. Арчер, Майкл. Современное искусство: краткой истории. Сан-Паулу: Martins Fontes, 2001.
3. Блок А.А. Искусство и газета // Блок А.А. Собр. соч. в 8 т. Т. 5. М.; Л., 1962. С. 473–479
4. BOSI, Альфредо. Размышления об искусстве. 4. ed. Лондон: Routledge, 1991.

СУЛЕЙМЕНОВ НУРЛЫБЕК НИЗАМАТДИНОВИЧ

*Қазақ тілі және әдебиет пәні мұғалімі
№67 Т.Тәжібаев атындағы ж.о.м*

ӘЛ - ФАРАБИ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫ

Ұзлақ әл-Фараби ат – Турки (870 – 950) жылдар аралығында қазіргі Оңтүстік Қазақстан өңірінде Отырар жазирасында дүниеге келген.

Әл-Фарабидің әдебиеттану саласына қатысты трактаттары жайлы ой өрбітер болсақ, фарабитанушы ғалымдардың зерттеулерін зерделей отырып, оның үлкен әдебиетші, ақын болғандығын бағамдаймыз. Үлкен әдебиетші ғалым Н.Келімбетовтің “Әбу Насыр әл-Фараби әдебиет теориясымен де жан-жақты шұғылданған ғалым. Әдебиет теориясы бойынша бірқатар жүйелі еңбектер жазғанын ғалым шығармаларының сақталып қалған тізімдерінен білеміз”, – деген сөздері ойымызды нақтылай түсері хақ.

Аристотельден кейінгі екінші ұстаз атанған ғалым өзінің әдебиетке қатысты негізгі теориялық ой-пікірлерін: “Риторика”, “Поэзия өнерінің каноны туралы трактат”, “Поэзия өнері туралы”, “Ғылымдарды классификациялау туралы трактат”, “Өлең және ұйқас туралы сөз” және т.б. еңбектерінде саралайды. Оның осы айтылған еңбектеріндегі теориялық ойлары мен көркемдік-эстетикалық пікірлері әлі күнге мәні мен маңызын жойған жоқ. Ғылымның айтылған саласын зерттеу барысында өзінен бұрынғы ұлы философтардың сара жолымен жүріп, олардың дәстүрлерін бойына сіңіріп, дамытты. Әдебиетші ғалым Н.Келімбетов “Ежелгі дәуір әдебиеті” атты кітабында әл-Фарабидің “Өлең кітабы” трактатынан мынадай сөздерді келтіреді: “Біз поэзиясымен хабардар болған көптеген халықтарға қарағанда арабтар өз поэзиясында бәйіттің соңғы жағына көбірек мән береді. Сол үшін де араб бәйіттері белгілі бір өлшемдегі шектелген сөздермен толықтырылады, көркемделеді. Мұндай жағдайда қолданылатын сөз тіркестері ырғақты, белгілі бір бөлшектерге жіктелген болуы керек, тіпті ондағы әрбір ритм, ырғақ, буын, бунақ саны да шектеліп тұруы шарт.

Бәйіттегі сөздерде әңгіме не туралы айтылып жатқан болса, соған ұқсас етіп, бейнелі түрде айтылуы тиіс. Сонымен бірге бәйіттердің бір-біріне үндес болуы да талап етіледі” Ұлы бабамыз бұл еңбегінде поэзия жанрының теориялық мәселелеріне жүйелі ойлар айтқан. Өлең құрылысы мен оның өлшемдері, ұйқас пен ырғақ мәселесі де назардан тыс қалмайды. Өлеңнің әрбір буыны мен бунағы ұйқасы мен өлшемі – бәрі бір-бірімен үйлесім тауып отыруы тиіс. Бұл жағынан келгенде, әл-Фараби бабамыздың поэзиядағы талаптары Абай атамыздың өлең сөзі туралы

Тілге жеңіл жүрекке жылы тиер,
Теп тегіс жұмыр келсін айналасы, –

деп өлең жазам деген ақындарға өлеңнің құрылысын, ұйқасын, өлшемін тыңдаушының жүрегіне жол табатындай етіп жазу керектігін айтқан ойларымен сабақтасып жатқандай.

Әл-Фарабидің әдеби мұрасын зерттеушілер оның “Поэзия өнерінің каноны туралы трактатында” поэзия жанры туралы ой-пікірлерін өрбіте келіп, осы өнер саласында жүрген ақындар мен олардың дарындылықтарының ара жігін айыратынына көңіл аударады. Бұл бойынша автор шайырларды табиғи дарынына, арқалылығына, логикалық ойларына, ұйқас пен үйлесімді сақтауына қарап, үш топқа бөледі. “Біріншісі – өлең жазып, оны оқуға қабілетті, табиғи дарыны барлар. Бұлар поэзияның көптеген түрінде көркем бейнелілікке, тамаша ұйқастар мен теңеулер жасауға шебер. Сондай-ақ, олар өлең өнерінің сырымен, сын-сипатымен, теориясымен жақсы таныс болмаса да, алғырлығы мен асқан дарындылығының арқасында жырлары өткір, әрі тілге жеңіл, жүрекке жылы тиеді.

Екінші топтағы ақындар – өлең өнерінің қыр-сыры мен теориясын жетік меңгерген. Әдеби көркемдегіш құралдарды ұтымды қолдана алатындар.

Үшінші топқа алдыңғы екі топқа жататын ақындарға еліктеушілер кіреді. Бұлардың ақындық шеберліктері кемеліне келмегендігі мен өлеңнің қыр-сырын әлі толық меңгермегендігі айтылады”

Ұлы бабамыздың поэзия өнері жайында жазған теориялық ой-пікірлерін сол замандағы мықты ғалымдар жоғары бағалаған және “ақындар падишасы” деп ардақ тұтқан. Бұл турасында көрнекті ғалым А.Көбесов мынадай мәліметтерді келтіреді: “Сайф ад-Даула сарайында өмір сүрген арабтың сері, әрі жауынгер ақыны Әбу Фирас (932-968) Фарабиге мынадай баға береді: “Поэзия – дөңгеленген алтын түйе, оның басы – Әбу Насыр Мұхаммедке, өркеші – Әбу Нуасқа, иығы – Омар ибн Рабияға, кеудесі – Әбу Таммамға тиді, қалғаны – ішек-қарын – оны екеуміз (сарайдың жарамазаншы жыршысы екеуі) бөлісіп отырмыз”. Осы келтірілген деректегі аты аталған адамдар өз замандастарынан озып туған, ақындық өнердің майталмандары саналатын араб халқының бірегей тұлғалары. Демек, Шығыстың аты шулы марғасақаларының басы болған кеменгер бабамызды әлемде теңдесі жоқ ғұлама деп санауға толық негіз бар.

Қазақ және араб әдеби байланыстарының түпкі төркіні орта ғасырда қазіргі қазақ топырағында туып-өсіп, араб жерінде ғылым нәріне сусындаған, сөйтіп ислам мәдениетінің, араб әдебиетінің классикалық деңгейге жетуіне үлкен үлес қосқан данышпандардың ғылыми еңбектерінде жатыр деп айтуға болады. Себебі

жиырмаға жуық әл-Фарабилер, әл-Бестами, әс-Сығанақи, әл-Кердери, әл-Хорезми, әл-Баласағуни және басқада жүздеген ғұламалар өздерінің ғылыми еңбектерін, философиялық пайымдауларын араб тілінде жазғаны белгілі. Олардың араб тілінің грамматикасы мен әдебиеті жайында жазып қалдырған теориялық ой-пікірлері күні бүгінге дейін құндылығын жоғалтпаған. Ал, қазақ жеріне ислам дінімен бірге келген араб жазуы, араб тілі мен әдебиеті, сол арқылы енген араб классикалық әдебиетінің үлгілерінің ауызша таралуы – қазақ әдебиетінің көкжиегінің кеңеюіне ықпал етті.

Рухани байланыстың нақты көрінісінің бірі, әрі негізгісі – әдеби байланыстар. Бай қазақ әдебиеті шығыстық көркем сөз өнеріндегі жақсылық нышанның қай-қайсысын да жатсынбаған, бойына сіңіре білген. Мұның өзі қазақ әдебиетінің әлемдік өркениетке құлаш ұруының, әлемдік әдебиетпен сусындауының және өзгелерге танылуының көрінісі ретінде бағаланады.

Әдеби байланыс түрлі халықтар мәдениетінің жақындасуына, рухани қарым-қатынасының өркендеуіне үлкен үлес қосады. Бұл жайында атақты шығыстанушы ғалым, академик Н.И.Конрад: “Ұлттық әдебиеттің өркен жаюы мен даму факторларының бірі – өзге халықтардың әдебиетімен өзара қарым-қатынаста, байланыста болу. Кез келген әдебиетте екі компоненттің болатыны белгілі. Бірі – сол елдің өзінде дүниеге келген төл туындылар, екіншісі – басқа елдерден енген кірме шығармалар. Осындай дүниелердің негізінде әдеби байланыстың рөлі ерекше көрінеді. Мұны қандайда бір әдеби шығармалардың түпнұсқасымен тікелей танысып, сол туындымен ұлт әдебиетінің тілінде оқуы негізінде және олардың аудармалары арқылы қанығуынан немесе бір халық жазушысының шығармаларының мазмұны мен мотивтерін басқа елдің жазушысының өзінше қабылдауынан пайымдауға болады. Осындай факторлардың арқасында бір елдің әдеби дүниесі екінші бір елдің меншігіне айналады”

Сөз соңында елімізде әл-Фараби мен оның трактаттары жайында сан алуан ғылыми мақалалар, іргелі зерттеулер, монографиялар, көркем шығармалар жазылды. Қазіргі таңда араб тілін меңгерген ғалымдар ұлы бабамыздың еңбектерін аударып жатыр. Сөзімізді қорытындылай келе, Орта ғасырдағы бабаларымыздың ғылыми-мәдени мұраларын, олардың тарихын зерттеу, игеру ғылым жолындағы әрбір азаматтың борышы болуы тиіс. Сонда ғана қазақ халқының тарихын терең танып біле аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әл – Машани А. Әл-Фараби және бүгінгі ғылым. Алматы: Алаш, 2004 – 216 б.
2. Әбу Насыр Әл – Фараби таңдамалы трактаттары құраст: Ә.Нысанбаев, Ғ.Құрмағалиева, Ж.Сандыбаев – Алматы: «Арыс» баспасы 2009 – 656 б
568б
3. Ғұлама ойшыл, Ұстаз Әл – Фарабидің 1130 жылдығына орай арналған 2001 жылдың қазан айының 12 жұлдызында Отырарда өткізілген Халықаралық ғылыми теориялық конференцияның материалдары – Алматы: ҚАЗ ақпарат. 2001ж 191, 193 беттер

СУЛЕЕВА А. К.

*Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің
«ASTANA POLYTECHNIC»
жоғары колледжі» ШЖҚ МКК
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің
оқытушысы*

ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСЫ

Бұл мақала әл-Фарабидің педагогикалық көзқарасына, педагогика ғылымының негіздеріне, дидактикаға қосқан үлкен үлестері туралы. Оның оқу үдерісіне түсініктеме жасауы, оқытудың негізгі ұғымдарын анықтауы жаңа жағдайда педагогиканы дамытуға мүмкіндік берді.

Түйін сөздер: педагогика, оқыту, көзқарас, адамгершілік, философия.

Есімі дүние жүзіне мәлім болып, ғылыми және мәдени мұралары ғасырлар бойы ардақталып келе жатқан Әбу Насыр Әл-Фараби – әлемге әйгілі ойшыл, философ, социолог, математик, физик, астроном, ботаник, лингвист, логика және музыка зерттеушісі.

Ғалым қалыптастырған адамның өзін тануы жөніндегі алғашқы қадамдары көне дүние философтарынан бастау алса да өз дәуірінде оны нақты бір арнаға түсіріп жүйелеп берген Фараби еңбегі ерекше саналады. «Жан қуаты», «өзін танымақтық» турасында күрделі ойлар осы ғұлама ғалымның ғылыми зерттеулерінде кеңінен қозғалса, кейінгі кезеңдерде бұл ой сарасына хакім Абай кеңінен тоқталады.

Әл-Фараби еңбектері Ортағасырлық дәуірде өз ізбасарлары, арабтілді перипатетизм өкілдері тарапынан және солардың ықпалымен Ортағасырлық Батыс, кейінгі Қайта өрлеу, Жаңа Заман дәуірлерінде белгілі болды. Олардың философиялық, дүниетанымдық, ғылыми көзқарастарының қалыптасуы мен дамуына айтарлықтай әсер етті. Кеңестік ғылым мен философия да Фараби мұрасын айналып өте алмады. Ал, Қазақстанда, Фараби еңбектерін ең алғаш жинау, зерттеу, таныстыру жұмыстарын өз тарапынан мойнына алып, көп пайдалы іс атқарған ғалым – профессор Ақжан Жақсыбекұлы Машанов болды. Сол кездегі діни көзқарас пен саяси идеологияның себебінен Фараби мұрасын жаң-жақты, толық зерттеуге мүмкіндік болмады. Дегенмен, А. Машанов әл-Фарабидің өмірі, дүниетанымының, философиялық көзқарастарының қалыптасуы, ғылым мен философияны меңгеруі, оларды өз тарапынан дамытқаны т.б. жайлы қисынды деректер келтіріп, іргелі түсінік қалыптастыруымызға көп мүмкіндіктер береді. [1]

Қазақ халқы ұрпақ тәрбиесіне аса жауапкершілікпен қараған. Өскелең ұрпақтың көркем мінезді, байыппен ой қозғап, парасатты, мейірімді, мәдениеті мол, саналы болуы үшін әр халықтың салт-дәстүрі мен пайым-түсінігін сіңіріп, жан-жақты білімге ұмтылу негізінде ғана жүзеге асары хақ. Халқымыздың

ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан, өнеге болар тәлім-тәрбие тағылымының қалыптасқан мұрасы бар.

Әл-Фараби жас ұрпаққа тәлім-тәрбие беріп, еңбекке үйретіп, еңбек тәрбиесін беретін адамды (ұстаздық ететін адамды) өте жоғары бағалаған. Оның ойынша тәрбиеші адам (қазіргі мұғалім) «мәңгі нұрдың қызметшісі». [2, 126] Әл-Фарабидің кейбір педагогикалық мұрасы туралы зерттеулер көп емес. Қазіргі уақытта аз-кем, қысқа мақалалар ғана кездеседі. Мұның себбебі Фараби еңбектерінің әлі күнге жеткілікті деңгейде араб тілінен аударылмай келгендігінен және ғұлама еңбектеріне қызығушылықтың төмен болуынан.

Шубаева У.К. «Әл-Фарабидің педагогикалық пайымдауларына философиялық талдау» атты мақаласында педагогикалық мұраға байланысты тұжырымдарын мынадай бөлімдерге топтастыра отырып зерттеу жүргізеді. «Әуелі Фараби педагогика ғылымының пәні мен мақсаттары туралы; екінші, ғұламаның жалпы педагогикалық идеялары, тәрбиенің мазмұны, түрлері және әдістері туралы көзқарастары; үшінші Фараби еңбектеріндегі дидактика проблемалары; төртінші Фарабидің педагогикалық идеяларының оның жаратылыстану ғылыми еңбектерінде қолданылуы және жүзеге асырылуы; бесінші Фарабидің педагогикалық көзқарастарының кейінгі ғасырлардағы шығыс, Батыс педагогикасына тигізген ықпалы» [3,391]

Платон мен Аристотел секілді Фарабидің де педагогикалық теориясын философиясынан ажыратып алуға болады. Фарабидің педагогикалық көзқарастары жаратылыстану, өнер туралы және басқа да ғылым саласына байланысты зерттеулерімен астасып жатады. Педагогиканы тек тамаша көркемдікке жетуді мақсат ететін ғылым деп біледі. Әл-Фарабидің пайымдауынша тәрбиеленуші адамның ерік-ниеті белгілі бір бағытқа сәйкес, тиісті құралдар мен әдістер арқылы басқару, билеу өнері. Ал басқарушы адам – педагог, ұстаз, тәлімгер. Оның педагогикалық жүйесіндегі негізгі қағида-әрбір адамды бақытқа жеткізу болып табылады.

Әл-Фарабидің пайымдауында білім ардың ісі. Білім алу, ғылымға ұмтылу, ұстаздық етуге ұмтылушылардың бойында адалдық, адамгершілік, жан тазалығы секілді негізгі қасиеттер болуы қажет. «Ғылым үйренуге кіріспекші кісінің жас, кішіпейіл, денсаулығы жақсы болуы қажет. Оның тәрбиелі, адамгершілігі мол, адал, қулық-сұмдықтан және басқа да ағат мінез-құлықтан азат болуы керек».

Фарабидің педагогикалық практикасында оқулықтар, түсініктемелер, баяндау, қысқаша шолу, сұраққа жауаптар секілді дидактикалық құралдар кездеседі. «Философтардың қойған сауалдарына жауаптар» деп аталатын еңбегінде педагогикаға оқу, оқыту мәселелеріне қатысты жағдайларға тоқталады. Мәселен, оқып үйренуге жаттап алу дұрыс па, жоқ түсініп алу дұрыс бола ма деген сұраққа Фараби: «түсініп алған дұрыс, өйткені барлығын жаттап алу мүмкін емес, оларды белгілі бір байланыстары арқылы ойда топтастыру пайдалы», - деп жауап береді. [3,393]

Ұстаздың негізгі парызы – өз шәкірттеріне білім беріп, жақсы-мінез құлыққа тәрбиелеу. Шәкіртке үлгі болатын ұстаздың бойында ешбір кемшілік болмауы қажет. Мінезі көркем, сабырлы, байыпты, білімі толысқан, ұстаз бен шәкірт

арасында қашан да өзара түсіністік, сыйластық болады. Егер аталған қасиеттер мен мінез-құлық ұстаз бойында табылмаса, арада кейбір дәрежеліктер де орын алуы мүмкін. Бұл ұстаздың беделіне өте көп нұқсан келтіреді.

Педагогиканың мақсаты, мұраты туралы Фараби ұсынған гуманистік идеялар мен қорытындылар адам өмірінің қазіргі кезеңінде де ағартушылықтың маңызды тірліктерінің бірі болып отыр. Біздің міндетіміз – бақытты адам тәрбиелеу. Бақыт материалдық және рухани игіліктерді өзіміздік мақсатта тұтынуда адамзат мұраттары мен құлшылықтарынан тыс та оқшау өзіне ғана тән жан рақатын беретін кішкене дүние жасауда емес. Адамзаттың бақыты – асқақ та биік мақсат – жаңа бір жолындағы жасампаз рухани күштердің гүлденуін терең сезінуде. [4,147]

Әл-Фараби шешім қабылдап, өзара түсіністікті, екі жақты келісімге шақырып бір шешімге тоқтата білген орта ғасырдағы Шығыстың ең ойшыл философы. «Во многих областях человеческого знания аль-Фараби не просто оставил свой след, но был первым среди первых. Смысл и предназначение человека как всего человечества, в понимании выдающегося мыслителя средневековья, заключались в том «что реализовать божественные принципы бытия и нравственного образа жизни, присущие всему космосу, и тем самым осуществит свое предназначение на земле». [5,58]

Фараби адамдар бір-бірімен келісіп, тіл табысып отыруы керек деп есептеді. Әділеттіліктің қалыптасқан нормасы, әмбебап заңдар қажет екендігін ескере келе ол заңдардың тәрбие арқылы тәрбие арқылы жүзеге асатынын дәйектейді. Оның ойынша еңбексіз заң да, қоғам да ілгері дами алмайды.

Әл-Фараби еңбектері орасан зор мазмұнға ие. Ол өз заманындағы ғылымның барлық салаларына тоқталды. «Ғылымдар тізбегі» деген еңбегінде сол кездегі ғылымды үлкен бес салаға бөлді. Олар:

1. Тіл білімі оның салалары.
2. Логика және оның тарраулары.
3. Физика және оның тараулары, метафизика және оның тараулары.
4. Математика және оның тараулары.
5. Азаматтық ғылым және оның тараулары, заң ғылымы және дін ғылымы. Қазіргі кезде бұл ғылымдардың барлығы өз даму кезеңінде.

Жоғарыда аталған зерттеулер әр ғылым саласына негіз болды. Бүгінгі күні әрбір ұстаз, маман және адамзат үшін әл-Фарабидің философиясы мен қоғамдық көзқарастары басты бағыт-бағдар болары анық.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Машанов А. Әл-Фараби (тарихи-деректі кітап). Алматы – 1970. – 245б.
2. Григорян С.Н. Великий мыслители Средней Азии. – Москва, 1958.-120б.
3. «Әбу Насыр әл-Фараби: дәуір сұхбаттастығы» I Халықаралық Фараби Форумның материалдары. У.К. Шубаева. «Әл-Фарабидің педагогикалық пайымдауларына философиялық талдау» 390б.
4. Көбесов А. Әбу Насыр әл-Фараби. –Алматы. Қазақ университеті.2004. – 176б.

5. Респ. ғыл. тәж. конф. – Шымкент: М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, 2007ж.1 том. 112б.

СЫДЫХ БАХЫТГҮЛ

Нұр-Сұлтан қаласы

№74 мектеп – гимназиясының

Оқу ісінің меңгерушісі

ҒАЛЫМНЫҢ ХАТЫ ӨЛМЕЙДІ...

Ғылым-ақиқатты білу әдісі, рухани қызметтің ерекше формасы. Ұлттық энциклопедиямызда: "Ғылым-адамның табиғат пен қоғам туралы білімін қалыптастыруға мүмкіндік беретін танымның ең жоғары пішімі"-деп жазылған. Дәл осы білім мен ғылымды ұштастыра білген Әбу Насыр Әл-Фараби атамыздың еңбектері күні бүгінге дейін өз маңызын жоғалтқан емес деп, үлкен сеніммен айта аламын. Әл-Фарабидің мемлекет, ел басқару жөніндегі тұжырымдары бүгінгі қоғам үшін де айрықша маңызды. Ғылыммен айналыссам деген адамның ақыл-ойы – айқын, ерік-жігері – зор, тілек-мақсаты – ақиқат пен адалдыққа қызмет етуге талап жолында болуы шарт. Жәй ләззат іздеу, кәсіпқұмарлыққа ұқсас әрекет онда болмасқа керек деген екен ұлы ғұлама Әл-фараби...

Ғалымның көптеген еңбектері мыңдаған жыл өтсе де әлі күнге дейін өз мәнін жойған жоқ. Солардың ішінен, мен бүгінгі таңдағы қала өмірі үшін ойшылдың "Қайырымды қала" туралы идеялары аса өзекті деп санаймын. Дамыған «қайырымды қала идеалы» – әдептілік, әділет және қала тұрғындарының ортақ игіліктерге жету жолына негізделген. Мінсіз қайырымды қала болу үшін қала тұрғындары өзара бір-бірін шынайы қолдап, жетістіктерге бірге қол жеткізуді мақсат тұтады. Сонымен қатар ол ұлы ойшыл адамзат баласының әу бастан армандаған мәңгілік мәселелерінің бірі – үйлесімге, бақытқа жету екендігін ұқтырды. «Әбу Насыр әл-Фараби осы кітапты жазуды Бағдатта бастаған еді. 330-жылдың соңында кітаптың қолжазбасын өзімен бірге Шамға (Сирия) алып келеді. Кітапты 331 жылы Дамаск қаласында аяқтайды. Нұсқаға тағы бір көз жүгірте отырып, оған «әбуәб» (тараулар) қосады. Кейін келе адамдардың сұрауы бойынша кітаптың мағынасын білдіретін «фусул» (бөлімдер) және қосады. Бұл бөлімдерді ол 337 жылы Мысырда аяқтап, кітабына қосымша енгізеді. Ол алты бөлімнен тұрады» (Ибн Әби Усайба .‘Уйуну-л энбә ’фи табақати-л атиба’. Каир, 1882 ж.). Ортағасырлық араб жылнамашысы Әбу Усайба арқылы жеткен бұл хабар Отырар ойшылы Әбу Насыр Әл-Фарабидің (870-950) атақты «Ізгілікті (қайырымды) қала тұрғындарының көзқарастары» атты трактаты мен трактатқа автор тарапынан кейін жазылған тараулар (әбуәб) және бөлімдер (фусул) жайында еді.

«Ізгілікті (қайырымды) қала... ғалымның шоқтығы биік шығармаларының қатарына жатады. Кітап алғаш рет 1895 жылы Лейденде («Бирбил» баспасы) басылып шықты. Нұсқаны баспаға әзірлеген арабтанушы ғалым Фридрих

Дитрици (Fridrich Dieterici) (1821-1903) екені ғылымда белгілі жайт. Ғалым бұл кітапты Британия музейінде сақтаулы тұрған 425/3 нөмірлі (жаңа каталог бойынша – №7518) қолжазба мен Оксфорд университетінің Бодлиан кітапханасы қорындағы №120/3 нұсқа негізінде баспаға дайындаған. Әбу Насырдың әлем ойшылдарының ерекше назарында болып келе жатқан әйгілі «Ізгілікті (қайырымды) қала...» трактатының Әбу Усайбиа арқылы жеткен алты бөлімінің (фусул) жалғыз қолжазбасы 1961 жылы табылған. Трактаттың қолжазбасы туралы алғаш рет түрік ғалымы Ахмед Атеş (Ahmed Ateş) (1917-1966) «Фараби шығармаларының библиографиясы» («Fârâbî'nin Eserlerinin Bibliyografyası») атты библиографиялық көрсеткішінде (1961) атап өтеді. Әбу Насыр әл-Фарабидің «Ізгілікті (қайырымды) қала тұрғындарының көзқарастары» атты трактатының ғылымға өткен ғасырдың соңғы ширегінде (1961 ж.) келіп қосылған бұл бөлімдерінің (фусул) қазіргі заманға сай ең алғашқы нұсқасын әзірлеген араб ғалымы Мұхсин Махди (1924-2007). Көне қолжазба толық өңдеуден өткеннен кейін 1968 жылы Ливанның Бейрут қаласында М.Махдидің басшылығымен тұңғыш рет басылып шықты.

Әл-Фараби «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы трактатында былай дейді: «Адам толығымен дамып жетілуі үшін көптеген нәрселерден тәуелді болады. Яғни ол өзіне қажет нәрселерді жалғыз өзі жасай алмайды. Сондықтан, адам өзінен басқа адамдардың қоғамдастығында өмір сүруі керек және адам қоғамда ғана толық жетіліп, бақытқа қол жеткізе алады» деп тұжырымдайды. Сөйтіп, қоғамның әрбір мүшесінің іс-әрекеті оның әрбір мүшесіне қажеттіні тауып беретін болады дейді. әл-Фараби адам қоғамдастығын екіге бөліп көрсетеді: толық қоғам және толық емес қоғам. Толық қоғамдастықтың өзін үшке бөліп көрсетеді: үлкен, орташа және кіші. Үлкен қоғамдастық оның пікірінше, барлық жер бетін мекендеуші адамдардың жалпы қоғамдастығы. Орташа қоғамдастық деп белгілі бір халық ретіндегі қоғамдастықты айтады да, кіші қоғам ол белгілі бір қала дейді. Толық емес қоғамдастықты әл-Фараби төртке бөліп көрсеткен. Олар – квартал, көше, үй, ауыл. Ауыл қала құрамына кірмегенімен, ол – қалаға қызмет көрсетіп отыратын толық емес қоғам. Жоғары деңгейдегі даму мен игілікке адам ең бірінші қалада ғана қол жеткізе алады делінеді. Кез келген қалада бақытқа қол жеткізу үшін, адам барлық нәрсеге шын көңіл білдіріп, шынайы таңдау жасап, - талаптану қажет дейді. Әрбір тұрғыны бақытқа жету жолында бір-біріне көмектесетін қала қайырымды қала деп түсіндіріледі. Және онда қайырымды қоғам да, қайырымды халықта болады дейді.

«Адамдарды бақытқа жету мақсатымен бір-біріне көмектесіп отыратын қоғам – қайырымды қоғам. Барлық қалалары бақытқа жету мақсатымен бір-біріне көмектесіп отыратын халық – қайырымды халық». әл-Фараби жеке ізгілікті адамгершілікпен байланыстырады, ол адам игілігіне септігін тигізетін қызмет нысаны түрінде көрінеді. Мемлекеттің экономикалық мақсаттылығын талқылай отырып, ойшыл мемлекет басшысының қызметін анықтайды: тұрғындардың қажеттілігін қанағаттандыру, оларды жаулардан қорғау, өзін тек ең қажеттімен шектеу. Әл-Фарабидің айтуынша, қайырымды қала адамның сау әрі мінсіз денесіне ұқсас келеді делінеді. Яғни, оның әрбір мүшесі денсаулықты сақтау үшін

бір-біріне көмектесіп өмір сүреді дейді. Алайда адам денесіндегі органдар бір-бірінен табиғаты, атқаратын қызметіне байланысты айырмашылық жасайтыны - сияқты, қала тұрғындарының да қызметі мен қоғамдағы орны бойынша бір-бірінен айырмашылығы болады. Қаланың басшысы өзінен сатысы төмендегілерге белгілі бір істердің атқарылуын талап етеді, ал талап етілгендер өз кезегінде өздерінен кейінгілерден талап етеді, сөйтіп, ешкімнен талап ете алмайтындар ең төменгі сатыға да жетеді. Әл-Фараби бұл еңбегінде қала тұрғындарын бес топқа бөледі: ең құрметті адамдар, шешендер, өлшеушілер, жауынгерлер және байлар. Ең құрметті адамдар – ақылдылар, пайымдағыш адамдар, маңызды істерде беделге ие болғандар.

Екінші топтағы шешендерге – діни қызметкерлер, ақындар, музыканттар, хатшылар, шығармашылық жұмыспен айналысатындар. Өлшеушілерге есепшілер, дәрігерлер, астролог, математиктер, оқытушылар жатады дейді. Ал байларға егіншілер, мал өсірушілер, саудагерлер, қолөнершілерді жатқызады. Әл-Фараби қайырымды қаланы басқаратын адамда алты түрлі қасиет болуы керек деп есептейді. Олар: даналық, асқан пайымдылық, сенімділік, ойлау қабілетінің жоғары болуы, соғыс өнерін жетік білуі, денсаулығының мықты болуы. Әл-Фараби қаланы әкім ғана емес, оны билеудің алқалық түрін де жоққа шығармайды.

Ойшыл адамдарды басқару туралы ілім ретінде «полития» идеясын ұсынды. Әл-Фараби Таяу Шығыс және Орталық Азияның ғылыми әдебиеттерінде ең алғаш басқару процесін күрделі, көп қырлы процесс ретінде көрсетуге тырысты. Әл-Фараби мемлекет саясатының басты мақсаты адамдарды бақытқа жеткізу, игілікпен жеткізу деп санайды. Ол «бақыт дегеніміз – игіліктердің ішіндегі ең қадірлісі, ең үлкені, ең жетілгені» деп атап көрсетеді және әр адамның оған толық құқығы бар дейді. Ал ондай құқыққа ие болуға қайырымды қала тұрғындарының ғана мүмкіндігі бар, сондықтан да қайырымды билеушілер билеген қала тұрғындары ғана бақытқа жете алатындығын айтады. Мұндай қалалардың басқа қалалардан ерекшелігі және негізгі белгісі жоғарғы тәртіп пен оның тұрғындарының мәдениеттілігі, сыпайыгершілігі және билеушілерінің қайырымдылығы, ақылпарасаты.

Әбу Насыр Әл-Фараби бабамыздың 1150 жылдық мерейтойының ашылу салтанаты осы жылдың мәдени шараларының бастамасы болып Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде өтті. Мерейтойды мерекелеудің басты мақсаты – Әл-Фараби мұрасын зерделеуге жаңа серпін беру. Әлем тарихындағы оның рөлін айқындап, есімін ұлттық бренд ретінде ұлықтау. Биыл Президент Қ.Тоқаевтың Жарлығымен Әл-Фарабидің 1150 жылдығына дайындық жұмыстары басталып кетті. Осы мақсатта арнайы мемлекеттік комиссия құрылды. Келер жылы Ұлы даладан шыққан ғұламаның мерейтойы ЮНЕСКО, ИСЕСКО сынды халықаралық ұйымдардың аясында әлемдік деңгейде атап өтіледі. Осыған орай, «Egemen Qazaqstan» газеті данышпан бабамыздың ең әйгілі еңбегі – «Қайырымды қала тұрғындары» атты трактатының араб тіліндегі түпнұсқасынан алғаш рет қазақ тіліне аударылған негізгі бөлімдерінен үзіндіні оқырман назарына ұсынып

отыр. Бұл да болса ең үлкен жаңалықтың бірі деп санаймын. Ғұламаның кейінгі ұрпағына деген хаты мен ізгі ісі ешқашан өлмек емес.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Аль-Фараби, Ә.Н. Он томдық шығармалар жинағы [Мәтін]. 3-ші т. Ғылым (математика және жаратылыстану) / Ә.Н. АльФараби.- Астана: Лотос-Астана, 2007.- 304б. 3экз.
2. Аль-Фараби, Ә.Н. Он томдық шығармалар жинағы [Мәтін]. 4-ші т. Птолемейдің "Элмагесіне түсініктемелер" / Ә.Н. АльФараби.- Астана: Лотос-Астана, 2007.- 344б. 3экз.
3. Әл-Фараби, Ә.Н. 10-томдық шығармалар жинағы [Мәтін]. 8-том.
4. Әл-Фараби философиясы: Жиырма томдық [Мәтін]. 2-ші т. Әл-Фараби философиясы.- Астана: Аударма, 2005.- 480б. 2экз. 87.3(2)
5. Әл-Фараби философиясы: Жиырма томдық [Мәтін]. 3-ші т. Әл-Фараби философиясы.- Астана: Аударма, 2005.- 496б.- (Әлем әдебиеті кітапханасы). 2экз.
6. Әл-Фараби философиясы: Жиырма томдық [Мәтін]. 4-ші т. Ислам философиясы.- Астана: Аударма, 2005.- 534б. 2экз. 87.3(2)
7. Әл-Фараби философиясы: Жиырма томдық [Мәтін]. 5-ші т. Орта ғасырдағы түркі ойшылдары.- Астана: Аударма, 2005.- 528б. 2экз. 85.31
8. Әл-Фараби, Ә.Н. Он томдық шығармалар жинағы [Мәтін]. 1-ші т. Метафизика / Ә.Н. Әл-Фараби.- Астана: Лотос-Астана, 2007.- 336б. 3экз. 87.21
9. Әл-Фараби, Ә.Н. Он томдық шығармалар жинағы [Мәтін]. 2-ші т. Метафизика / Ә.Н. Әл-Фараби.- Астана: Лотос-Астана, 2007.- 336б. 3экз.13 87.21
10. Әл-Фараби, Ә.Н. Он томдық шығармалар жинағы [Мәтін]. 3-ші т. Логика / Ә.Н. Әл-Фараби.- Астана: Әл-Фараби, 2007.- 368б. 3экз. 87.3

ТЕМИРБЕКОВА БАХТЫГУЛЬ

*Түркістан облысы Сарыағаш ауданы
№67 Т.Тәжібаев жалпы орта мектебі
коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Тарих пәні мұғалімі*

ӘЛ –ФАРАБИДІҢ ӨНЕР ӘЛЕМІ

Мақалада философтың, көзқарастары туралы авторлық ойлар ұсынылған-Шығыстың музыкатанушысы, ғалымы Әбу Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед әл-Фарабидің (827– 951 жж.) адами тұлғаның шығармашылық даму процесіне арналған тақырыптары, ортағасырлық философтың шығармашылық қабілет феномені, талант болмысы, дарынды адамның шығармашылық қызметі туралы идеялары талданды.

Түйінді сөздер: Әл-Фараби, мәдениет, өнер, шығармашылық, тұлға, қабілет, талант.

Орталық Азиядағы қайта өрлеудің нәтижесі қоғамның саяси, экономикалық, мәдени және рухани өміріндегі ең үлкен жетістіктер болып табылады. Осы кезеңде саяси, заң ғылымдары, жаңа әдебиет пен өнер, медицина және философия, жаңа эстетикалық сана пайда болды ма? Бұл дәуір өз жасаушыларына қажет болды және тарих оларды берді. Фергани, Фараби, Фирдауси, Әбу Әли ибн Сина, Беруни, Ұлықбек, Джамии жасаған ғылыми ерлік әлі күнге дейін адамдарды таң қалдырады және олардың ғылыми жаңалықтары біздің ұлттық мәдениетіміздің мақтанышы болып табылады. Олар өздерінің табиғи-ғылыми және философиялық ашылуларымен адам санасында төңкеріс жасады. Кемелді тұлға идеясы ежелден халқымыздың асқақ арманы, оның руханиятының органикалық бөлігі болған. Ислам философиясын сіңіре отырып, ол Шығыстың ұлы ойшылдарының: Әбу Насыр-Әл-Фараби, Әбу Райхан Беруни, Әбу Әли Ибн Сина, және т.б. ілімдеріндегі мазмұнын едәуір кеңейтті. Басқалары әлемдік ғылымның, мәдениеттің, ағартудың қазынасына баға жетпес үлес қосты.

Фараби туа біткен және игерілген қабілеттер туралы мәселені қарастыра отырып, олардың да, басқалардың да бар екендігі туралы пікір айтады: "музыкалық өнер табиғи талант түрінде туылуы мүмкін, ал оқытудың көмегімен музыкалық талантты алуға болады". Бастаушы музыкант-орындаушы алдымен еліктейді, көргендерінің бәрін және естігендерінің бәрін жаңғыртуға тырысады. Ол естіген музыканы жадында сақтай алатын болса, ол оны шығаруға мүмкіндік беретін белгілі бір қабілетке ие болады. Фарабидің айтуы бойынша, әр түрлі жанрлардың му-зыкасын көп тыңдау керек; сонымен қатар әр түрлі жанрларды салыстыра білу, әуендерді талдау және т.б. бұл сабақтар музыкант өзінің әуендерін үлгі ретінде алып, өз әуендерін жаза алғанша жүргізілуі керек. Музыканың адам психикасына әсер етуіне байланысты Фараби музыканың үш түрін ажыратады: біріншісі ләззат береді, екіншісі құмарлықты білдіреді (және тудырады), үшіншісі қиялға жүгінеді. Тиісінше, олар қолданылады: бізде жағымды сезімдер тудыратын музыка демалу кезінде қолданылады. Жалпы көңіл көтеретін музыка өлең оқумен және шешендік өнермен байланысты. Ол сөздерді олардың әрекетін күшейту үшін сүйемелдейді. Адам дауысы шығаратын музыка ең керемет деп танылады. Әл-Фараби" Музыка туралы үлкен кітап " атты еңбегінде жан-жақты талдау жасайды.

Әр түрлі музыкалық аспаптардың дыбыстарын адам дауысына еліктеу туралы мәселені қарастырған. Ол адам дауысын барлық музыкалық аспаптар үшін эстетикалық идеал ретінде қарастырады, өйткені ол "дыбыстардың барлық қасиеттерін біріктіреді .

Шығармашылық қызметте жас ұрпақтың қабілеттерін дамыту үшін іздеу және шығармашылық міндеттер шешіледі. Сондықтан, егер оқу іс-әрекеті барысында оқу қабілеті қалыптасса, онда шығармашылық қызмет аясында жаңа шешімдерді іздеу және табу, қажетті нәтижеге жетудің ерекше тәсілдері, ұсынылған жағдайды қарастырудың жаңа тәсілдері қалыптасады. Бұл туралы Фарабидің айтқаны: шығармашылық қабілеттерін дамытудың басты мақсаты-

шынайы шығармашылық еркін тұлғаны тәрбиелеу. Ол ақылға қонымды элементтен айырылмайды. Талант, қабілет-бұл "есту сезімдерін қабылдауға дайын" дегенді білдіретін бір ұғым. Бұл "дайындық", бұл қабілет"қиял күшімен" байланысты. Қарастырылып отырған бес адамның "рухани күштерінің" ішінен бізді "қиял күші"қызықтырады. Ол арқылы Фараби адамның сезімдік-сезімдік заттардың бейнелерін, "күшті" есте сақтау және қалпына келтіру қабілетін түсінеді, сол арқылы ол сезілетін заттардың бейнелерін осы заттар сезім өрісінің шеңберінен шыққаннан кейін сақтайды. "Қиял күші" қабылданған суреттерді біріктіру функциясын орындайды. Бұл комбинациялардың бір бөлігі шын, бір бөлігі жалған. Жалпы құрылған комбинациялардың негізінде "ақылға қонымды күш" пайда болады, ол арқылы адам абстрактілі ойлайды, сұлулықты жаманнан ажыратады, білім алады, өнер мен ғылымды игереді.

Өнер, Фарабидің пікірінше, "қабылданған бейнелерді біріктіру" қабілеті (таланты) мен ақылға қонымды элементтің болуын болжайды, яғни өнер "ақылға қонымды элементпен алдын-ала позиция", "ақылға қонымды талант". "Қиял күшінің" әрекеті нәтижесінде пайда болатын идеялар (комбинациялар), жоғарыда айтылғандай, "шындық", "шын" немесе "жалған"болуы мүмкін. Өнер үшін ақылға қонымды сыйлық ретінде тек шынайы идеялар ғана құнды [4].

Әл-Фарабидің пікірінше, шығармашылық адам үшін бақыт-бұл жеке адам қайтыс болғаннан кейін немесе осы ұрпақ жоғалғаннан кейін адамзатқа қызмет ете алатын тамаша білім мен жоғары моральдық нормаларға қол жеткізу. Ұрпақтан-ұрпаққа ауысатын рухани мәдениеттің бұл артықшылықтары біртіндеп жинақталып, әр ұрпақ жасаған ең жақсы зияткерлік және адамгершілік құндылықтар олардың ұрпақтары арқылы дамып, жетілдіріледі. Барлық жақсы, жарқын, мейірімді-жалпыадамзаттық рухани мәдениетті одан әрі дамытуға және жетілдіруге өзіндік үлес бар. Әр адам бақытқа тек игі істер жасау арқылы қол жеткізе алады, ал оның ең жақсы істері Өлмейтін болады. Шығармашылыққа деген сенім дегеніміз не - біз туылған адамның қасиеті немесе оны дамыта алатын қабілет?

Кез-келген құбылысты сенімді түрде бағалау үшін Фараби тәжірибені тарту қажет деп санайды. Ол "тәжірибе" және "эмпиризм"ұғымдарын ажыратады. Фарабидің пікірінше, эмпиризм-бұл сезімнің үйлесімі, ал тәжірибе ақыл-ойдың белсенділігін қамтиды. Тәжірибенің осындай түсінігіне сәйкес, Фараби тек жасанды түрде жасалған музыкалық құбылыстар музыканы бағалауға мүмкіндік береді деп санайды, өйткені табиғи құбылыстар өте сирек кездеседі және біз олардан алған сезімдер олардың негізінде қандай-да бір тәжірибе алу үшін тым тұрақсыз [5, 6]. Жасанды түрде жасалған гармоникалық субъектілердің адамдар үшін жасырын ештеңесі жоқ, өйткені оларға тәжірибе негізінде енуге болады.

Шығармашылық тұлғаның басты ерекшелігі-өмірлік қажеттілікке айналатын шығармашылыққа деген қажеттілік. Көптеген зерттеушілер адамның қабілеттері мәселесін шығармашылық тұлға проблемасына дейін азайтады: ерекше шығармашылық қабілеттер жоқ, бірақ белгілі бір мотивация мен ерекшеліктері бар адам бар. Шынында да, егер зияткерлік дарындылық адамның шығармашылық жетістіктеріне тікелей әсер етпесе, шығармашылықты дамыту

барысында белгілі бір мотивация мен жеке қасиеттердің қалыптасуы шығармашылық көріністерден бұрын болса, онда жеке тұлғаның ерекше түрі – «шығармашылық адам» бар екендігі туралы қорытынды жасауға болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Гегель, Г.В. Ф. шығармалар : 9 том – Мәскеу ; Ленинград : Соцэкгиз, 1930-1959 жж. - Т. 9 : философия тарихы бойынша дәрістер: ғылыми жинақ. тр. – К. 1. – 1932. - XXVIII, 313 б.
2. Каримов, И. А. Өзбекстан ХХІ ғасырдың табалдырығында: қауіпсіздікке қауіп-қатерлер, шарттар мен кепілдіктер. – Мәскеу: Дуадақ, 1997. – 315 б.
3. Әл-Фараби Атындағы Қазуу. Тарихи-философиялық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1985. – 624 Б.
4. Нысанбаев, А. Н. – Әл-Фарабидің рухани мұрасы: Шығыс және Батыс мәдениеттерінің диалогы // әл-Фараби мұрасы және әлемдік мәдениет : матер. халықарал. (Алматы қаласы, 28-29 қыркүйек). 2000 ж.). – Алматы: ҚР БҒМ ИФП ҚИО, 2001. – Б.47-66.
5. Қасымжанов, А.Х. – ұлы дәстүрлердің кеңістігі мен уақыты. – Алматы: Қазақ ғылымы баспасы. -исслед. мәдениет ин - ты, 2001. – 365 Б.
6. Қасымжанова, А. А. Әл-Фараби туа біткен және алынған қасиеттер туралы. – Алматы : [б. и.], 1998. - [Б.с.].
7. Таяу және Орта Шығыс халықтарының философиялық мұрасынан: с. ст. - Ташкент: Фан, 1972. – 264 б.

ТУРСЫНБЕКОВА ЛЯЙЛА РАУШАНБЕКОВНА

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің

«№42 орта мектеп» КММ

ДФӘЖЖО, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

ӘЛ ФАРАБИ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ

«Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие беру керек,
тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы»

Әбу Насыр әл-Фараби

Елбасы Н.Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында: «Ұлы дала Әл-Фараби мен Ясауи, Күлтегін мен Бейбарыс, Өз-Тәуке мен Абылай, Кенесары мен Абай және басқа да көптеген ұлы тұлғалар шоғырын дүниеге әкелді», - дей отыра, тарихи сананы жаңғырту үшін, ең алдымен, ұлт жанашырларын үлгі тұтуға, олардың өнегелі өмірі мен артына қалдырған бағалы еңбектерін елге, әсіресе жас ұрпаққа кеңінен насихаттауды тапсырған болатын [1]. Қазіргі дүниені дұрыс танып, білу үшін, өмірлік жолды дұрыс таңдауда қателеспес үшін және жаңа мыңжылдықта білімді, тәрбиені адамгершілік пен ізгілікті дамыту үшін біз әр уақытта, әр дәуірде өзімізге дейінгі ұтымды идеялар мен қағидаларға сүйенгеніміз жөн. Оларды данышпан-ойшылдардың еңбектерінен ғана

кездестіруге болады. Сондай құнды мұралардың иесі, киелі Отырар жерінен шыққан, ғұлама ғалым – Әл-Фараби. Ол өзі өмір сүрген орта ғасырлардың өзінде адамзат ілімінің молайып, ақыл-парасаттың толысуын, оқу-ағартудың қажеттілігін айтып, білім алудың маңыздылығы мен құндылығын атап айтты.

Білім сапасын көтерудің негізгі тетігі – ұстазда, сондай-ақ оның теориялық білімі мен кәсіби шеберлігінде және шығармашылық қызметінде екендігі айдан анық. Мұны Шығыстың ұлы ойшылы Әбу-Насыр әл-Фараби дәйектеуге болады. Яғни, осы бір қасиетті мамандық иесінің ұрпақ философиясында: «Ұстаз – тумысынан өзіне айтылғанның бәрін жетік түсінген және аңғарған нәрселерінің бәрін жадында сақтайтын, олардың ешбірін ұмытпайтын, алғыр да зерек ақыл иесі, өте шешен, өнер– білімге құштар, аса қанағатшыл, жаны таза және әділ, жұртқа жақсылық жасап, үлгі көрсететін, қорқу мен жасқануды білмейтін батыл, ержүрек болуы керек» – деген сөздерімен тәрбиесіндегі алар орны ерекше.

Дүниежүзілік ғылым мен мәдениеттің алтын қорына өлшеусіз үлес қосқан ұлы бабамыздың педагогикалық мұрасы да тілегей – теңіздей мол дүние. Данышпан ойшыл өз еңбектерінің көпшілігін ұстаздық тұрғыдан тәлім – тәрбиелік мақсатқа орайластыра жазған. Оның арифметика, геометрия, астрономия, музыка ғылымдарын педагогикалық, яғни тәрбиелік ғылымдар дейтін жүйеге жатқызуы да, сондай – ақ педагогика, методика мәселелері жөнінде арнаулы еңбектер жазуы да жоғарыда айтылғанымыздың айғағы. Оның оқу – білім, тәлім – тәрбие мәселелері жайлы айтқан пікірлерінің құятын үлкен бір арнасы адам атаулыны гуманистік, ізгілік қасиеттерге баулу мәселесіне келіп тіреледі. Адам деген ардақты атты лайықпен алып жүруден артық бақыттылық жоқ. Нағыз бақыт осы дүниеде ғана, оны басқа жерден іздестірудің қажеті жоқ. Әлемдегі жаман мен жақсыны адамның ақылы ғана ажыратады.

Ғұлама дидактика, методика мәселелеріне де ерекше мән берген. Шәкірттердің білім меңгеруі, олардың жақсы әдет пен қажетті дағдыларға, икемділік пен шеберлікке машықтануы біртіндеп қалыптасатындығын айтқан. Жасөспірім, жеткіншек үшін ұстаздың дұрыс бағыт беретін әсерлі де өнегелі сөздері аса қажет. Фараби ғылым-білімді, белгілі мамандықты өз қалауымен меңгергендерге сөзбен әсер етудің жеткілікті болатынын, ал оқуға ықыласы төмен, қисық – қыңыр адамдарға зорлау принципін қолдану керектігін де айтады.

Педагог-ғұлама, Фарабидің педагогикасында оқытудың негізгі екі формасы: біріншісі **зерек шәкірттерге** арналған абстракциялық қиялдау, көз жеткізу; екіншісі **орташа оқушыларға** арналған көрнекілік, яғни бейнелеу. Ол былай дейді: "Теориялық нәрселерді сендіру, көз жеткізу методтарымен оқыту керек, олардың көпшілігі қиялдау арқылы қабылданады. Мұндай білімдерді меңгеру тек ақылмен көптеген ұғымдарды - ең алыс жатқан бастамаларды, денесіз бастамаларды (негіздерді) игергеннен кейін барып мүмкін болады. Қалың қауым оларды бейнелі түрде қабылдап, зерделеріне сендіру әдісі арқылы бекітеді". Сендіру, көз жеткізу әдісі, біздіңше, қазіргі жай әңгіме, эвристикалық әңгіме, пікір таластыру, лекция әдістеріне жақын келетін сияқты. Фараби осыған байланысты практикалық өнер, қолөнерлерін үйрету методикасы мәселелеріне де тоқталып, мұнда педагогикалық мұрасын атап айтып кеткен. Бастауыш сыныптарындағы

ауызша сабақты шәкірттің жаттығу, машықтану әрекеттерімен ұштастыра жүргізуді ұсынды. Бұл әдістер екі жолмен – сендіру, иландыру және зорлау, мәжбүрлеу арқылы жүргізіледі. Ұлы педагог шәкірттерді оқытуда дәріс берудің қандай түрін қолданғаны туралы анық дерек жоқ. Алайда ол жоғары бағалап, құрмет тұтқан Ежелгі Грециядағы Сократ, Платон, Аристотель мектептерінде білім беру, оқыту кейде Сократтық әңгіме түрінде жүргізілгені мәлім. Мәселен, Фараби пір тұтқан Аристотель өз шәкірттерін көлеңкелі бақтың саясында сайрандап жүріп оқытады екен. Ол сабақтар күніне екі рет-таңертеңгілік және кешкілік болып өткен. Ертеңгі оқылатын лекциялар дайындығы мол зерделі зерек оқушыларға түсінікті болатын қиын мәселелерге арналып, кешкілері көпшілік шәкірттерге жалпы білім беретін, көпке түсінікті де қызық тақырыптарға (мысалы, поэзия, музыка) бағышталған. Фараби де ұстазына еліктеп Бағдат маңындағы бір баққа күзетші бола жүріп, сонда шәкірттеріне әңгіме, лекция түрінде сабақ бергенін көрсететін деректер бар.

Әл-Фарабидің әдебиет мәселелеріне қатысты шығармаларынан «Риторика туралы кітап», «Жазу өнері туралы кітап», «Өлең өнері қағидалары туралы трактат», «Өлеңнің ұйқасы мен өлшемі туралы кітап», «Ұйқас пен ырғақ туралы кітап» еңбектері болып табылады. Энциклопедист-ғалымның жан-жақты мұрасының поэтикаға қатысты қырлары дегенде, оның бұл салаға арнаған бүгінгі ғылымға белгілі екі зерттеу еңбегінің бар екенін айту қажет. Оның біріншісі — «Поэзия өнері жайлы», ал екіншісі «Поэзия өнерінің қағидалары» трактаттары. Фарабидің бұл екі трактаты атауына қарағанда өзара ұқсас туындылар көрінгенмен, олардың мәтінімен жақын танысу екеуінің бір-бірінен бөлек нысанды, дербес мазмұнды еңбектер екенін айқындауға мүмкіндік береді. Ғалымның «Поэзия өнерінің қағидалары» атты трактаты Аристотельдің «Поэзия өнері жайлы» еңбегін талдауға арналған туынды. Әл-Фараби бұл туындысында өзі «хакім» деп атаған Аристотельдің поэтика бойынша тұжырымдары мен ілімін түсіндіреді. Поэтикалық шығармашылыққа қабілеттілік туралы айта келе, әл-Фараби ақындарды үш топқа бөледі. **Біріншісі**, теориялық тұрғыдан бұл өнер негіздері жайлы білімнен ада болғанымен, поэзияның немесе барлық жанрларына табиғи қабілеті бар адамдар. **Екінші** топтағы ақындар, олар табиғи дарындарымен қатар, поэзия өнерінде де терең білгірлігімен сипатталады. Оларды «ойлаушылар» деп атауға тұрады. **Үшіншісінде** – шығармашылық төлтумалық пен өнер канондары туралы терең білім жоқ, алғашқы екі топтағы ақындарға еліктеушілер [2; 322].

Фарабидің ойынша, нағыз көркемдік өнерді, білімді табиғи таланты зор ақындар туғызады. Оның үстіне «ғажап поэзия» жасау үшін ақын еркіндігі болу керек. Ақын өзі игерген, әбден меңгерген жетік формада (жанрда) жазса да, жақсы туынды бере алады. Ал әр түрлі әсер ықпалдарға байланысты немесе өзі әбден игермеген жолмен жазса, білгір ақынның өзі де жақсы нәтижеге жете алмайды. Өлең шығаруда ақынның білімділігі мен табиғи талантына қоса тәжірибелілігі де қажет деп, жазушының өз өнеріне кемелденуін ерекше бағалайды [3; 76].

Әл-Фараби «Поэзия өнері жайлы» трактатында негізінен араб метрикасына сәйкес мәселелерге — бәйіттің соңғы дыбысы, ұйқас, бір бунақ немесе жолдағы

қысқа дауыстылар саны, олардың өлең өлшеміне қатысты және т.б. тек араб поэзиясының өзіне ғана тән сұрақтарын талдап, сонымен қатар поэзияның оған жақын өнер — риторикада қолданылу ерекшеліктеріне қатысты тұжырым жасайды. Әдебиет теориясының «еліктеу» теориясына жан-жақты, әрі терең талдау жүргізеді. Поэтиканың өзі үшке бөлінеді: ырғақ, ұйқас, поэзия

Әл-Фарабидің «Ғылымдардың жіктелуі туралы трактатында» ол өлең өнерінің барлық заңдылықтарын бүге-шігесіне дейін сипаттап, өлеңнің, поэтикалық пайымдаудың түрлерін, олардың ерекшеліктерін, жасалу жолдарын, көркемдікке, шеберлікке, биік сапаға қол жеткізу әдістерін ашып көрсетеді» деп тұжырымдайды ғалым. Бұл жерде Фараби қолданған «поэтика» терминінің зерттеушілер айтып жүрген «Поэзия туралы ғылым» деген анықтамадан гөрі қазіргі әдебиеттануымызда қолданылатын көркем туындының болмыс-бітімін тұтастықта қарастыратын, жалпы алғанда «әдебиет теориясы» ұғымымен мазмұндас, жекелей алғанда әдебиеттану ғылымының бір саласы болып табылатын «поэтика» ұғымымен үйлесетінін аңғарамыз. Тағы бір назар аударатын жайт, Фараби өз еңбегінде поэтиканы логикадан таратып, поэтикалық пайымдаулар мәселесін бірінші кезекке қойғанымен, таза поэзия табиғатына тән ұғымдарды да ұмыт қалдырмай, тұтастықта қарастырған.

Әлемдік мәдениет пен ғылымда терең із қалдырған дана ғалым, сирек талант иесі Әбу Насыр Әл-Фараби бейнесі қазақ әдебиетіндегі көркем туындыларда да өз көрінісін кеңінен тауып келеді. Тарихи шындықты көркем шындыққа айналдырып, шығармашылық қиялмен көмкеріп, оқырманға ой саларлық образдар туындатқан жазушы Д.Досжановтың «Фараби» повесі (1967ж.), драматург Ш.Құсайыновтың «Әбу Насыр әл-Фараби» пьесасы (1972ж.), ақындар Ө.Тұрманжанов, М.Әлімбаев, Қ.Мырза Әли, М.Шаханов туындылары, Ж.Қыдыровтың «Фараби тригонометриясы» (1972ж) мен І.Есенберлиннің «Әбу Насыр Мұхаммед әл-Фараби» атты поэмалары, жазушы Ә.Әлімжановтың «Ұстаздың оралуы» романы қазақ оқырманының тарихи жадына, қазақ әдебиетінің алтын қорына қазына болып қосылды. Сонымен, дүниежүзілік ғылым мен мәдениеттің алтын қорына өлшеусіз үлес қосқан ұлы ойшылдың педагогикалық мұрасы да ұшан-теңіз, мол дүние екеніне көз жеткіздік. Ұлы ғұлама өз еңбектерінің басым бөлігін ұстаздық тұрғыдан, жас ұрпақты тәрбиелеу, қоғамның гүлденуін көздеп, тәлім-тәрбиелік мақсатқа орайластыра жазған. Иә, шәкірт тәрбиелеудегі Әбу Насыр әл-Фараби айтқан ұстаз бойындағы қасиеттерді бойымызға сіңіре білсек, білім мен тәрбиені ұштастыра алсақ, онда біз өзіміздің ұстаздық ұлы қызметімізде «Қайырымды қала тұрғындарын» тәрбиелеп, қоғамымыз ізгіленетін еді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н. «Ұлы даланың жеті қыры» / Егемен Қазақстан, 21-қараша, 2018ж.
2. Қасымжанов А. «Поэтика, музыка және психология» // Фарабитану. Жиырма томдық. 16-т. — Астана: Аударма, 2006. - 440 б.

3. Сүйіншәлиев Х. «Қазақ әдебиетінің тарихы» Оқулық. Алматы: Санат, 1997. -928 б.
4. Машанов А. «Әл-Фараби және Абай» Алматы, 1994ж. 192-бет
5. Дербісәлиев Ә. «Қазақ даласының жұлдыздары» Алматы, 1995 ж.
6. Көбесов Ә. «Әбу Насыр әл-Фараби» Алматы, 2004 ж.
7. Оспанова А. «Әл-Фарабидің білім және тәрбие мәселесіне қосқан үлесі».<http://ile-tany.kz/2020/06/19/1-farabidi-bilim-zh-ne-t-rbie-m-selesine-os-an-lesi/>
8. Сүлейменов П. «Әл-Фарабидің қоғамдық философиялық және педагогикалық ғылыми көзқарасы». <http://aqiqat.kazgazeta.kz/news/237>

ФАЙЗУЛИНА БАЯН БОТКЕНОВНА

№ 65 мектеп-гимназиясы

Нұр-Сұлтан қаласы

ӘЛ- ФАРАБИ ӨЛЕҢДЕРІН ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ЖАС ҰРПАҚҚА ТӘРБИЕ БЕРУ

«Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз
берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте
оның өміріне қауіп әкеледі»
Әбу Насыр Әл- Фараби

Әлемнің екінші ұстазы, ойшыл, ғалым, философ Әбу Насыр Әл –Фарабидің осы асыл сөздерінің бүгінгі заманымызда жеткіншек ұрпаққа білім мен тәрбие беруде маңызы орасан зор. Білім мен тәрбие егіз десек, ұлы атамыз жеткіншек бойына білім нәрін сеппес бұрын тағылымы мол тәрбие беру керек екендігін баса айтып кеткен. Әсіресе, бүкіл әлемдік жаһандану заманында алдымызда отырған жас ұрпақты Әбу Насыр Әл –Фараби мұраларымен сусындату, атамыздың еңбектері арқылы тәрбие беру-өзекті мәселелердің бірі болмақ. Атамыздың ең асыл мұраларының бірі-өлеңдері. Бүгінгі күнгі ұстаздар қауымының мақсаты-сол өлеңдерін оқыта отырып, болашақ ұрпақтың бойына өлеңде көтерілген адами қасиеттерді бойларына сіңіру.

«Әл-Фарабидің өлеңдері Аян Нысаналиннің аударуымен «Әбунасыр әл-Фараби. Трактат пен өлеңдер» жинағында 1974 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрді. Ақын өлеңдерінің негізгі тақырыбы – өмірдің мән-мағынасын зерделеу, ғылымға ұмтылуды, оқу мен білімді мадақтау, адамгершілікті насихаттау. Ақыл-парасат пен оқу-ағарту ісінің жалынды күрескері болған Фараби зорлық-зомбылық атаулыға барынша қарсы шықты. Осы идеяны өз жырларына арқау етті. Әл-Фараби өзінің «Өлең өнерінің қағидалары туралы трактат» деген еңбегінде ұстазы Аристотельдің «Поэтика» атты зерттеуіне сілтеме жасай отырып, өлең жазудағы ақындық шеберлік пен өнер жайында

ғылыми ой-пікірлер айтады. Ол «Өлең кітабында» поэзияның бірқатар теориялық мәселелеріне – өлеңнің композициялық құрылысына, шумағына, өлшеміне, ұйқасына шолу жасай келіп, жырдың барлық компоненттері ақынның айтайын деп отырған ой жүйесіне лайық, орынды болу керек деген түйін жасайды»[3,б.2] Өкінішке орай, ақынның көп өлеңдері сақталмай қалған, бізге жеткен өлеңдері өте аз. Бірақ сол өлеңдерінің өзінен-ақ тәрбиенің нағыз қайнар көзін көре аламыз.

Ұлы ғұламаның «Қашықтасың туған жер» өлеңі жаңартылған білім беру мазмұны аясында қазақ әдебиеті пәнінде 6-сынып оқушыларына берілген.

Қашықтасың туған жер – қалың елім,
Небір жүйрік болдырып жарау деген.
Шаршадым мен, қанатым талды менің,

Шаңыт жолға сарылып қарауменен-деген өлең жолдарынан алыста жүрген ақынның туған жеріне деген сүйіспеншілігін көре аламыз. Өлеңнің идеясы балалардың бойында туған жерлеріне деген сүйіспеншіліктерін оятып, туған елдерінің, туған жерлерінің қадірін түсінуге үйретеді. Әсіресе, ақынның «О, жаратқан, көп неткен ақымағың, Құм сықылды тез ысып, тез суынар» деген өлең жолдарының тәрбиелік мәні өте зор. Құбылмалы заман-құбылмалы адамдар. Бүгінгі заманымызда көпшілік адамдар бейнесі, осындай жиіркенішті мінез жас ұрпағымыздың бойында кездеспесе екен деген ойға ғана жетелеп қоймайды, сонымен қатар балаларымыздың бойында осы қасиеттен аулақ болуға тәрбиелеуде ұлы ғұлама өлеңінің орны бөлек.

Туған жерін дәл Әл – Фараби атамыз сияқты сүйген адам жоқ шығар. М. Құл-Мұхаммед ағамыздың «Әл-Фараби» әңгімесінде: «Сол үшін де ол Фарабқа тез жетуі тиіс. Фараб! Фараб! Фараб оған ғылым мен білімнің қара шаңырағындай болып кетті... Балалық шағында жағалаудағы көк шалғынға жатып алып, аспанға қарап, әр нәрсені қиялдайтын. Қазір де сол кездегідей шөп үстіне құлай кетті...» [2,73 б.] Өлемнің екінші ұстазы атанған атамыздың бойындағы осынау бір еліне деген сүйіспеншілікті жас ұрпақ бойына дарыта білсек нұр үстіне нұр болар еді.

Ақынның «Тіршілікте құрыштай бол төзімді» өлеңі де жас буынның бойына адамдық қасиеттерді сіңіретін өлеңдердің бірі. Өлеңдегі:

Тіршілікте құрыштай бол төзімді,
Сан мәртебе алдаса да өзінді.
Тағдырыңды еш уақытта жазғырма,

Тіпті кейде болса да әзәзіл азғырған.- деген өлең шумағынан бұл өмірде қандай қиындық кездесе де төзімді, шыдамды, сабырлы болуға шақырады. Ал, екінші шумағында:

Өрге жүзген өнегелі ісімен,
Таңда адал дос, өз теңіңнің ішінен.
Жүргендер көп достық атын малданып,

Алайда тек қалма оған алданып.- деп өзінің өнегелі, үлгілі ісімен ғана үлгі болатын адал дос таңдау керектігін, доспын деп достық атын жамылып жүргендер көп екендігін, соларға алданып қалмауын айтады. Міне, осы екі шумақ

ғана тұратын өлеңге қаншама ой сыйғызған, сол ой арқылы болашақ ұрпаққа берілетін тәрбиенің мөлшері таудай десем артық болмас еді.

Ұлы ғұламаның «Бауырын қанша сүйгенмен» өлеңі де жеткіншек ұрпаққа ой саларлық.

Бауырын қанша сүйгенмен.
Өтеді өмір күйбеңмен.
Шындыққа бас тік алаулап,
Пенделіктен бол аулақ.
Жататын ләйім жаңғырып
Бұл ғұмыр емес мәңгілік.
Бей-опа мына заманда,

Бақыл боп кетер адам да... -деп бұл өмірдің өте қысқа екендігін, өміріңді бос күйбеңмен өткізбей, пайдалы нәрсемен айналысып, пенделіктен аулақ болып, шындықты айтып, адал өмір сүру керектігін айтады. Өлеңнің тәрбиелік мәні өте зор. Жеткіншек бойына адалдық, шындық деген қасиеттерді дарытуға, уақыттарын бос өткізбеуге, еліне адал қызмет етуге шақырады.

Әдебиетші ғалым Немат Келімбетов: «Әбу Насыр Әл – Фараби – өз дәуірінің көрнекті ақындарының бірі» деген [3,432 б.] Шынында да, жаны таза ұлы ғұлама өз өлеңдерінде тек қана «адамдық диханшысы» бола білген. Атамыздың өлеңдерінен нәр алған жеткіншек ұрпақ-құндылықты бағалай білетін, білім мен еңбектің қадірін түсінетін, қасиет пен құрметтің мәнін ұғынатын, ел, жердің қадірін білетін отаншыл рухта тәрбиеленеді деп сенім білдіремін. Белгілі ақын М.Шаханов:

Кеңге жайды ол қанатын,
Әбуіміз – әрі ғалым, әрі ақын,
Әбуіміз-біздің ұлы бабамыз

Әбу–Насыр әл- Фараби болатын.-деп [4,18 б.] жырлап кеткендей ғылым мен ақындықты тең ұстаған ұлы бабамыздың мұрасын бүгінгі мен келешек ұрпаққа жеткізу біздер мен сіздерге аманат.

Библиографиялық тізім:

1. Келімбетов Н. Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерліктері Алматы: Раритет, 2011. 432 б.
2. Құл-Мұхаммед М. Әл –Фараби Аруана баспасы 2006. 73 б.
3. Мамутова Г.Т. «Білімді ел» Республикалық газеті 2020. 2 б.
4. Шаханов М. «Эверестке шығу» Алматы «Атамұра» 2003. 18 б.
5. www.ZHARAR.com сайты. Әл –Фараби өлеңдер жинағы.

ШАЯХМЕТОВА ТОЛҒАНАЙ ҚАЙРАТҚЫЗЫ

Нұр-Сұлтан қаласы
№42 орта мектебі
бастауыш сынып мұғалімі

ӘЛ-ФАРАБИДІҢ МУЗЫКА ӨНЕР ӘЛЕМІ

“Біз үшін бұл мерейтойлардың маңызы ерекше. Тарихи датаны ақыл-парасатпен, салиқалы деңгейде өткізуге баса мән беру керек. Негізгі мақсат – ұлы тұлғалардың тағылымын жастардың санасына сіңіру, ұлы тұлғаның ой-толғамдарын кеңінен дәріптеу. Үкіметке қажетті шаралар әзірлеуді тапсырамын, – деді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай:

«Өзгенің пікірін иемденіп кету – надандық һәм ниеті арам адамға лайық іс» , -деп есімі дүние жүзіне мәлім болып, ғылыми және мәдени мұралары ғасырлар бойы ардақталып, тарих жазбасында, халықтың рухани қазынасында айтулылардың айтулысы, жүйріктердің жүйрігі ғана мәңгі ұятап қоныс тебеді. Мың жылдан артық уақыт өтсе де, аты ауыздан-ауызға жатталып, еңбектері уақыттың, мезгілдің қатыгез сынынан мүдірмей өткен, сол адамзат ұлдарының, тарих перзентерінің бірі Әбу-Насыр Әл-Фараби. Орта ғасырларда адамзат білімінің молайып, ақыл-парасатының жетілуіне орасан зор еңбек сіңірген ғұламаларының бірі.

Әл-Фарабидің түркі тайпасының дәулетті бір ортасынан шыққаны бізге мәлім, бұған дәлел оның толық аты-жөнінде "Тархан" деген атаудың болуы. Әл-Фараби 870 жылы Сыр бойындағы Арыс езенінің Сырға барып құятын жеріндегі Фараб қаласында дүниеге келді. Фарабидің толық аты-жөні Әбу-Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Үзлағ ибн Тархан әл-Фараби, яғни әкесі Үзлағ, арғы атасы Тархан. Туған жері — қазақтың ежелгі қаласы Отырарды арабтар Барба — Фараб деп атап кеткен, осыдан барып ол Әбу-Насыр Фараби, яғни Фарабтан шыққан Әбунасыр атанған. Бұл қаланың орны — қазіргі Отырар ауданы, Оңтүстік Қазақстан облысы аумағында. Міне осылай Фараби жұртқа мәлім оқымысты болып, дүние жүзінің ұстазы деген дәрежеге көтерілді. Ол алғашқы кезде Бағдатта істейді, кейіннен Дамаскіде, сонан кейін Алеппода әмірі Сайф әд-Дауланың қарамағында болады.

Біздің заманға әл-Фарабидің тек негізгі шығармалары ғана келіп жетті. Ол шығармалардың ежелден бері-ақ жұртшылыққа танымал болып, философиялық және ғылыми ойдың одан кейінгі дамуына тигізген әсері толассыз. Әл Фараби осы Отырарда, өзінің ана тілі қыпшақ тілінде бастауыш білім алады. Фарабидің еңбегі мен әрекет дәуірі араб мәдениетінің даму дәуірімен тұстас келді. Әлемнің атақты оқымыстылары, философтары, ақындары, музыканттары, бағдатқа жиналды және онда ғылым академиясы мен университет ашады. Бағдат оқымыстыларының арасында Орталық Азия мен Қазақстаннан шыққандар құрметті орындарды иеленді. Солармен бірге Бағдатқа – білімнің барлық

саласынан; музыкадан бастап астрономияға дейін хабары бар Фараби де келді. Фараби тіл ғылымының, калеграфияның, лингвистиканың, өлең құрастырудың, риториканың ірі теоретигі ретінде танылды. Сауатты жазу, каллиграфия, өлең жазуғ риторикадан трактоқалар жазды.

Құлақтан кіріп бойды алар

Жақсы әнмен тәтті күй.

Көңілге түрлі ой салар,

Әнді сүйсең менше сүй – деп қазақтың қайталанбас ұлы ақыны Абай атамыз айтқандай, әбу Наср бабамыз әнді жанындай жақсы көретін болған. Өзі де музыкаға біртабан жақын болып өсуінің арқасында ол ән айтқанда хан да, сұлтан да тамсанып, таңқалып тыңдайтын еді. Өзінің шеберлігі арқасында ол өзіне қыпшағы (домбыра) жасап алған. «Жігітке жеті өнер де аз» демекші, осындай сансыз қырымен сегіз қырлы, бір сырлы, өнерлі, бір сөзбен айтқанда жан-жақты талант иесі.

Музыка мәдениетте алғашқы орында тұрады. .Әбу Насыр ал-Фараби – жан-жақты дамыған музыкант әрі композитор, мәнерлеп орындаушы әрі теоретик, тарихшы, музыкалық аспаптарды жасаушы шебер болды. Оның көптомдық “Музыка туралы үлкен трактат” деген шығармасы көптеген тілдерге аударылған. Фараби трактаттары біздің заманымызға дейін аса жоғары бағаланады. Фараби геометрияны барлық жаратылыстық-философиялық ғылымдардың негізі деп қарады. Ол идеаны “Философияны меңгерудің қажетті шарттары” деген трактатында анық келтірген. Әл-Фарабидің еңбектерінің ішіндегі ең шоқтығы биігі ол-музыка саласы. Негізінен алғанда, Фарабидің өзі -асқан музыкант, аспапта шебер орындаушы болған. Ол жайлы ел арасында мынадай бір аңыз - әңгіме бар:

Шығыс патшаларының бірінің сарайында той-думан қызып, бек-патша , бай-манап, қожа-молдалар жиналып үлкен жиын-тамаша құрып жатқан көрінеді. Оған Фараби де қатысады. Бірақ шарап ішіп елірген қауым Фарабиге ілтипат жасамайды. Шыдамаған Әбунасыр бір шетке шығып, домбырасын қолға алып, аса бір мұнды күй орындайды. Оның мұндылығы сонша жұрттың бәрі ойын-сауықты тастай салып, уайымға беріліп егіліп жылайды. Енді бір сәт аса бір қуанышты, көңілді күйді ойнай жөнелгенде әлгі жұрт еңселерін бірден көтеріп, балаша билеп, жын қаққандай сақылдап ойнап кетеді. Мұнан соң Фараби бір түрлі жаймашуақ , бір сарынды қоңыр ырғақты күй ойнағанда отырғандар музыка әуеніне елітіп , бірі қалмай ұйықтап қалады. Оларды ұйықтатып тастап Фараби жайына жүріп кеткен екен.

Музыка зерттеу саласында Фараби әр алуан шығармаларымен қатар «Музыка туралы үлкен кітап» атты көлемді еңбек қалдырды. Бұл жұмыс музыкалық дыбыстың сипаты мен құрылымынан бастап, музыканың поэзиямен байланысына дейінгі музыканың эстетикалық – теориялық принциптерін шешуге бағытталғын. Музыка зерттеу саласындағы еңбектерінде Фараби музыканың адамға емдік қасиетін, жағымды әсерін жан-жақты дәлелдеді. Фараби жалаң орындаушы ғана емес , аса ұлы музыка зерттеушісі , асқан теоретик болған. Оның «Музыканың ұлы кітабы» деп аталатын көлемді шығармасын

бүкіл музыка тарихшылары бірауыздан музыка теориясы жайлы жазылған үлкен еңбектердің қатарына қосуы тегін емес. Мәселен, француздың көрнекті музыка зерттеушісі, осы еңбекті 1930-35 жылдары француз тілдеріне аударған Р.Эрланже: «...Фарабидің бұл салада кейіннен араб тілінде жазған авторлардан айырмашылығы жер мен көктей» десе , ағылшынның қазіргі музыка зерттеушісі Г.Фармер : «Музыканың ұлы кітабы» Фарабиді орта ғасырлардағы музыка жөнінде жазған ең үлкен автор болды деген пікірімізді дәлелдеп отыр» деп жазған.

Фарабидің пікірінше, музыканың ғылыми іргетасы тәжірибе-бақылау мен физика-математика ғылымдарының қағидаларынан тұрады, ал оның негізгі мақсаты мен адамның эстетикалық мұқтажығын қанағаттандыруға тиісті, оның бір ұшы поэзияға тіреледі, өйткені поэтикалық тіл мен музыка тілі бір-біріне етене болып қабысқан кезде музыканың әсерлігі мен эффектісі күшейе түседі, яғни музыка ғылым ретінде математикаға жақын тұрса, өнер ретінде поэзияға туыстас.

Фараби жалпы музыка жайлы пікірлер айта отырып, музыка әуенімен оның қоғамдық қызметі туралы тоқтала келіп адамды ләззатқа бөлейтін әуен, эмоциялық әсер тудыратын әуен және әдеби текспен (өлшем) байланысты әуен деп үшке бөледі. Бұл кітаптың екінші бөлімінде, адам құлағына жағымды әуендер, дыбыстың табиғи сезілуі, гармония және үндестік, музыкалық тондардың әрқандай ерекшеліктері, сөз болады. Мұнда дыбыстардың табиғи ерекшеліктері музыкалық әуендері кемелдендірудің жолдары мен принциптері, музыка теориясына байланысты көптеген құнды теориялық мағлұматтар келтіріледі. Тағы бір көңіл бөлетін жай әл-Фараби музыка мен поэзия арасындағы табиғи бірлікті мойындайды. Мұның өзі Фарабидің әндердің синкреттік сипатынан хабардар болғандығын дәлелдесе керек. Бұл біздер үшін өте құнды деректердің бірі болмақ. Яғни біздер Фарабидің поэзия өнерімен де шұғылдағандығы туралы мәлімет аламыз. «Музыка өнерінің негіздері»-деп аталатын екінші тарау да екі бөліктен тұрады. Бірінші бөлікте физикалық оның анықтамасы, дыбыс шығаратын денелер, жоғары және төмен дыбыстардың себептері, музыкалық интервальдар-қос октава, кварта, тон, үндестік және диссонанс қатынастары үлкен, орта кіші интервальдар жасаудың тәсілдерін, теориялық негіздерін көрсету . Тараудың екінші бөлімінде Фараби квартадан немесе аралықта пайда болатын интервалдар туралы теориялық мәселелерді қозғайды. Трактаттың үшінші – «Музыкалық аспаптар»-тарауы да екі бөліктен тұрады. Алғашқысы- «кең таралған музыкалық аспаптардағы тондардың қалыптасу жолдары». Мұнда Фараби, ең алымен, уд аспабының құрылысы, ашық пернелері, оған орындаушы саусақтарының орналасуы, төрт ішекті уд, соның бойында жасалатын интервалдардың арақатынасы, дыбыс қатары, жағымды тондар. Уд аспабын күйге келтірудің қарапайым және күрделі түрлері, оларды қолданудың тәсілдерін қарастырады . Тараудың екінші бөлігі тамбур аспабының ерекшеліктеріне арналған. Бағдат тамбуры, тұрақты және айналымы пернелер, әр түрлі аккордтар жайында айтылады. Содан соң Фараби Хорасан тамбурына тоқталады. Оның да сан алуан нәзік ерекшеліктеріне үңіліп, теориялық

мәселелерін сөз етеді. Кітаптың соңғы тарауы,-«Музыкалық композиция» деп аталады. Соңғы тарау да екі бөліктен тұрады. 1-ші бөлікте мелодияның анықтамасы, толық және толық емес топтар, топтардың кестелері, үндестік және диссонанс, эволюция, ырғақ негізгі ырғақ, соғулар, қосылушы ырғақтар, арабтардың дәстүрлі ырғақтары, мелодиялар шығару-сөз болады. Екінші бөлігінде дауыс мелодиялары, адам дауысы, фонема және фризалар, сөздің мелодияға бейімделуі, бос және толтырылған тондар, бос және толтырылған топтарды айту, аралас айту, қосылушы және ажыратушы айтыстың, түрлері, дауыс мелодияларын шығарып (композиция) айтудың басталуы мен соңы мелодияның тиімділігі (әсері), мелодиялары әшекейлеу және олардың адам сезіміне қатысты жайлы айтылады. Бұл тұста да біздер әл-Фарабидің поэзиядан хабары бар екенін жақсы аңғарамыз. Себебі, әл-Фарабидің поэзия және әдебиет теориясымен айналысқан, зерттелген ғылыми еңбектері жайлы мағлұматтар өте аз. Әл-Фараби жазғандай ол ежелгі ойшылдардың музыка жайындағы еңбектерін мұқият оқып шыққан және зерттеген. Ежелгі авторлар музыканы зерттеуге көптеген шығармаларын арнағаны белгілі болған. Олар Аристокеннің, Евклидтің, Клеонидтің, Герестағы Никомахтың, Птолемейдің, Аристид Квинтилианың, Гауденцияның т.б. музыкалық-теориялық трактаттары. Пифагор замандасы Гермидиондық Ласа алғашқы музыка туралы арнайы шығарманың авторы саналады. Музыка хақындағы шығармалардың молшылығы оған тәрбие мен білім беру жүйесінде қаншалықты үлкен мән берілгендігін білдіреді. Грекиядағы музыкалық білім беру жүйесі тіпті VI ғ. бастап дәстүрлі болып, сауат ашу дәрістерімен бірге тұрады. Бұл беталыс ежелгі ойшылдардың мұрасында тұрақтылыққа айналады және тұлғаны тәрбиелеуге қатысты мәселелерде бірге айтылып, адам жанын тәрбиелеуге болысатын ғылымдардың қатарына кіреді.

Музыканың математикалық түсіндірілуінің негізін салушылардың қатарында пифагоршылардың да қатысы бар екені белгілі. Олар музыканы эстетикалық тәрбиенің негізгі құралы деп білді және оны «жанды тазалау» үшін қолданған. Пифагоршылардың үлесі, негізінен, сандық қатынас тұрғысынан музыкалық үйлесімдікті зерттеуде болғанымен, физикалық тұрғыдан олардың пікірінше үйлесімдікті талдау – дыбыстың үнділігін белгілеуші қозғалыс қарқындылығын тудыратын музыкалық аспаптан шыққан ауа қозғалысы. Пифагоршылар дыбысты, үн шығаратын музыкалық аспаптан тарайтын ауаның қозғалысы бола тұрып, жан қозғалысына импульс іспеттес әсер етеді, ал әрекеттер өздерін жанның түрлі эмоционалық күйі сияқты көрсетеді деген пікірді ұстанған. Жақсы музыка жанға әсер етіп, оны емдейді әрі жақсартады, ал жаман музыка–бұзады деп санаған. Пифагорлық әдістің музыканы зерттеуіндегі ерекшелігі музыкалық практиканың акустикалық қасиеттерін математикалық сипаттау құштарлығы және музыка мен математиканың арасындағы байланысты орнату болып табылады. Сондықтан да гармоника математикалық ғылымдардың қатарына енгізілген Музыка зерттеушісі Әбунасыр Мұхаммед ибн Тархан әл-Фарабидің әлем өнеріндегі басты жаңалығы музыканың теориясын жасағандығында. Себебі осы уақытқа

дейін музыка зерттеушілерінің сөзіне сүйенер болсақ, «Әл-Фараби жасаған музыкалық теория нақты әрі айқын.» Ол былай дейді: «Музыка барлық музыкалық мәндер немесе олардың көпшілігі тәжірибе, бірнеше рет қайталанған түйсік арқылы мүмкін болғандықтан теоретик өзінің табиғи дарынына немесе күнделікті машыққа (әдетке) сүйене отырып, гармониялық мәндердің қандай болатынын, олардың табиғи немесе табиғи еместігіне ой жүгірте алатын дәрежеге жетеді және табиғилардың өз ішінде қайсысының табиғилығы басым, қайсысының табиғилығы төмен екенін біле алады. Сонан кейін барып ол барлық мелодияларды бірінен кейін бірін, барлық музыкалық шығармаларды немесе олардың көпшілігін талдайды және қайсысы табиғи, қайсысы ондай емес немесе қайсысының табиғилығы аздау екенін айырып біле алады. Енді оған музыка практикасын музыка шығара алатындай немесе шебер орындай алатындай дәрежеде меңгеру міндетті емес. Бұл басқа ғылымдар теоретиктерінің іс-әрекеттеріне ұқсайды».

Қортынды: Иә, ұлы ғұлама ойшылдың есімі мәңгі жасай бермек. Оның ұрпақтары Фараби шығармаларының сырын жан-жақты аша түсіп, жылдар өткен сайын данышпан бабаның кемеңгер тұлғасы жарқырай түспек. Фараби шығармашылығы — қазақ мәдениетінің қорына қосылған сүбелі үлестің бірі. «Білімдінің күні жарық, білімсіздің күні қаріп» деген емес пе, сөзге шешен дана халқымыз. Соны ескере келе Әбу Насыр бабамыздың ғылым жолына өз үлесін қосарда табанын тоздырып бүкіл әлемді шарлап, ғылым мен білімнің құпия сырларын жетік меңгергені үшін кейінгі ұрпаққа өшпес өнеге, өлмес мұра, ең құнды асыл қазына деп ойлаймын. Оның аманат етіп қалдырған ең ұлы шығармаларын, әлі де зерттелмей жатқан ұлы мұраларын терең зерттеп, келешек ұрпаққа жеткізу болашақ жастар біздің еншімізде. Және жастарды уақытын бос, пайдасы жоқ тірлікке емес, уақытын тиімді падалануға, біздің ұлы бабамыз Әбу Насырдың қайталанбас ғажап туындыларымен танысып содан үлгі алар жастарымыз көп болса екендеп тілеймін.

II БӨЛІМ

ШЫН БІЛІМ – АҚИҚАТ, АНЫҚ БІЛІМ

АБДУЛЛАЕВА ЛЕЙЛА ОСПАНОВНА

*Нұр-Сұлтанқаласы «Әл-Фараби
атындағы оқушылар сарайының»
ұйымдастыру бөлімінің
жетекшісі, тарих пәнінің мұғалімі*

ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ШЫНДЫҚ БОЛМЫС

Әбу Насыр әл-Фараби – өз кезеңіндегі асылы Отырар(Фараб) даласынан шыққан Қыпшақ мемлекетінің емес немесе Шығыс өркениетінің қайнар көзі – Тұранның ғана емес, әлемнің ой тұманын сейілткен жарқын сәуле, алып тұлға екенін осы кезеңге дейінгі барлық әлем академиялық еңбектерінен байқаймыз. Ол жөнінде зерттеу еңбектері де аз емес. Осы тұста қазақ даласына өз ұлының есімін адастырмай теліткен А.Машановты[1] біз алға оздыра айтуымыз қажет. С.Н.Григорян мен А.В.Сағадеев әл-Фараби пәлсапасының мазмұны қалың жұртшылыққа түсінікті болуы үшін аударып, мәнін саралап, талдап жеткізді. Ғылым алаңында М.Хайруллаевтің “Мировоззрение Фараби” еңбегі ойшылдың ғылыми шығармаларына түсініктеме берген әрі көлемді, әрі салмақты алғашқы еңбек деп бағаланады. Қазақ ғалымдарының ішінде алғашқы қазақ фарабитанушысы А.Машановтан басқа әл-Фараби мұраларын жинауға ат салысқан, оның философиялық трактаттарының жауапты редакторы болған Ш.Е.Есенов болса, кезінде Қазақ КСР Ғылым академиясы жанынан Фарабитану тобын құру жайында бастама көтергендердің бірі ғалым Ә.Марғұлан еді. Әл-Фарабидің математикалық, астрономиялық, педогогикалық мұраларын зерттеп, оқырман қауымға таныстыруда көп еңбек сіңірген ғалым А.Көбесов және ғұламаның мұраларын зерделеу барысында Фараби аттас басқа да ғалымдардың бар екенін және олардың еңбектерін саралай келе “Әл-Фараби эстетикасы” және “Қазақ даласының жұлдыздары” (I тарау) атты Фарабиге қатысты көлемді еңбек жазған белгілі арабтанушы-ғалым Ә.Дербісалі болды. Сонымен бірге Ә.Әлімжанов, М.С.Бурабаев, А.Х.Қасымжанов, Н.Келімбетов, М.Мырзахметов және басқа да ғалымдар әл-Фараби мұраларын зерттеуді өз ғылыми жұмыстарына арқау етсе, Қ.Жарықбаев Әл-Фараби еңбектерінің библиографиясын жасады. Қазіргі таңда Фараби мұраларын араб тілінен орыс-қазақ тілдеріне аударуда арабтанушы ғалым К.Х.Тәжікова үлкен жұмыс атқаруда[2]. Ал ойшылдың ғылымға деген көзқарастарының ішіндегі ақиқатқа ұмтылуға деген идеялары әлі де өзекті және ол салмағын адамзат тіршілігін тоқтатқанша жалғастыра бермек. Себебі ғылыми ақиқат, материалистік шындық, жаратылыстың сырына үңілу секілді экзистенциялық мәселелер адам жаратылысымен бірге әуелден бері жасасып келеді.

Әл-Фарабидің мұрасы деген кезімізде бірден ойға оралатыны – рухани және мәдени шығармашылығы, трактаттары, ғаламдық маңызы бар идеялары. Мұның бәрі түптеп келгенде «ғылым» деген бір-ақ ұғымға кеп саяды. Ал «...ол ғылымның көкsegені не?» деген сауалға, әрине ақиқат болмысқа, ақиқат тұтастыққа ұмтылу деп топшылаймыз. Өйткені жалпы ғылымның мәні де сол көместі көрнеу ету еді. Ал Фараби ілімінің қайнар көзінде ислами құндылықтар тұр. Философиялық тұрғыдан қарасақ та, діни тұрғыдан қарасақ та тұтастыққа, шындыққа ұмтылудың сипаты ақиқаттың көкжиегімен аяқталады. Алдымен сөздіктен философиядағы ақиқат яғни шындыққа қатысты түсініктеме беріп кетсек: **Ақиқат**. Өмір шындығының ойдағы дұрыс, нанымды бейнесі, әлеуметтік процесс, практика, сайып келгенде оның өлшемі болып табылады. **Ақиқаттың** сипаттамасы заттарға емес және олардың тілмен тұжырымдалу тәсілдеріне емес, нақты ойға қатысты[ФС]. Демек, ақиқат – практика, дәлірек айтсақ, іс жүзінде бар дүние. Оны тану, сезіну қажет. Ал ғылымды сезіну үшін оны танып қана қоймай ішіне еніп, шұғылдану қажет.

Ғылым ақиқатқа жеткізетін жол екенін біз жоғарыда айтып кеттік. Ендеше, ол ақиқатты да ақиқат жолы арқылы табатынымыз анық. Әл-Фарабиге де осы жолда ықпал еткен шығыстық мазмұн және батыстық пәлсапа еді. Ойшылдың Фарабтан ғылым іздеп барған қаласы Бағдатта “Баит әл-хакма” атты ғалымдар үйі және әлемдегі ең бай кітапхана болған екен. Алғашқыда Фараби өзін ақын, әнші, күйші ретінде танытып, одан соң ежелгі грек ғалымдарының қолжазбаларын оқу арқылы күрделі ғылыми зерттеулермен шұғылдануға кіріскен. Фарабидің алғашқы кеңесшілері Иса пайғамбарды “құдайдың баласы” демей, “пайғамбар” деп таныған несториандық христиандар болған. Ежелгі грек ғылымы мен шығыс ғылымының арасын қосқан осылар болатын. Әбу Наср Әл-Фараби дүниетанымы – екі әлемнің: көшпелілер мен отырықшылар өркениетінің және Шығыс пен көне Рим өркениетінің өзара байланыстарының нәтижесі. Фараби заманының әлеуметтік-саяси көзқарастарын, тіл мәдениетін, философиялықадамизаттық(философия, логика, этика, эстетика, саясат, социология, лингвистика, поэзия, шешендік, музыка),жаратылыстану(астрономия, астрология, физика, химия, география, космология, математика, медицина)ғылымдары салаларын терең меңгеріп, осы бағыттарда өзі де құнды ғылыми жаңалықтар ашты. Алайда сол жаңалықтарды ашуға мұрындық болған идеяның негізі, жоғарыда айтқанымыздай, ислами философияда жатыр еді. Мұсылмандықтың сопылық бағыты ғұлама өмір сүрген дәуірде кеңінен қанат жайып, ғылымға да кеңінен әсер еткенін сол кезеңдегі басқа да үлкен еңбек жазған білімпаздардың ұстанымдарынан байқаймыз. Алайда осы кезеңге дейін Фараби дүниетанымының сопылыққа қатысы жөніндегі зерттеушілер пікірі бір арнаға түсе қойған жоқ. Тәжікстандық зерттеуші А.Мухамедходжаев “Әл-Фараби және суфизм” атты мақаласында: “Фараби сопылардың тәңірлік бастамамен бірігуге негізделген ілімін қолдамайды. Танымдағы парасаттың рөлін төмен бағалайтын сопыларға қарама-қарсы Фараби логика мен рационализмді жоғары қояды” деп жазады. Бұған қарсы А.Баширов ағылшын-американ шығыстанушыларының басым бөлігін құрайтын буржуазия философтарының (Э.И.Розенталь, Р.Вальцер,

Д.М.Данлоп, Г.М.Викет, А.Арберри, т.б.) Фараби “мистицизміне” баса мән беріп, оны бірыңғай сопылық ұстаным жақтаушысы, материализмге қарсы пікірдегі ойшыл ретінде сипаттайтынын айтып өтеді[3]. Француз ойшылы Де Ласи Олеари Фараби ілімін жаңаплатондық пен сопылықтың аралық синтезі ретінде бағаласа, түрік философы Ж.Сунар Фарабиді сопылыққа жаңаплатондықтың әсерімен философиялық форма берген тұңғыш философ деп есептейді. Соңғы екі пікірді салғастыра келе дінтанушы-философ Д.Кенжетай: ”Біздің ойымызша, Фараби сопылыққа философиялық форма берген сопы ретінде емес, керісінше философияға мистикалық-сопылық мән беру арқылы тұтастыққа ұмтылған ойшыл ретінде көрінеді” деген тұжырым жасайды. Фарабидің ғылыми еңбектеріндегі ой-пікірін, әдіс-тәсілін, бағыт-бағдарын зерделеу арқылы қалыптасқан ойлар осылай өрілген. Ал ғұламаның өмір салты жөнінен дерек келтірген ортағасырлық араб тарихшысы Ибн Сайд әл-Кифти (1167-1248) Фарабидің Сайф ад-Даула сарайынан кеткеннен кейін “тікелей сопылық өмірдің жолына түскенін” жазады. Ғұламаның әдеби мұрасын сопылықпен байланыстырушыларға келсек, Ибн Әби Усайбиға өзі келтіріп өткен жоғарыдағы бәйіт жөнінде: “Әл-Фарабидің осы бір шумағы оның өз өлеңдерін сопылық поэзия үлгісімен жазғандығын көрсетеді” деп жазады[4]. Фараби өлеңдерін сопылық поэзия өлшемдерімен талдар болсақ, бұл пікірлердің негізсіз еместігіне көз жеткіземіз. Соның арқасында Фараби ұғымындағы ғылым ақиқатының бастауында не жатқанын да анықтай аламыз.

Жайнаған бейне бір гүл әлем сыры,
Құбылған мөлдір нәзік гауһар нұры.
Даналар талай нысан таққанымен
Тапқан жоқ тектер тегін әлі бірі.

Ей, қарындас! Қашындар жалған жолдан,
Ақиқатты шығарма әсте қолдан.
Бұл дүние мекенің сыйға берген,
Жер-нүктеге телміріп болма алаң.

Біз бір мейман бұл жайда аз-ақ күндік,
Болымсызға таласып күн өткіздік.
Анталасып, аптықпа тар қапасқа,
Адамға әлем мекен ол мәңгілік...
(Аударған А.Машанов)[1]

Осы үзіндіде *“әлем”, “сыр”, “гауһар”, “нұр”, “ақиқат”, “дүние”* секілді ұғымдар әдепкі поэзияда да, күнделікті қолданыста да бар болғанымен, сопылық шығармашылықта әлдеқайда терең мағынаға ие болып, терминдік қалыпқа түскен, бір-бірімен ажырамастай байланыстағы тұрақты қолданыстарға айналған. “Әлем” – сопылар ұғымында Алланың барлығы мен бірлігін көрсететін дәлел. “Сыр” – әулиелерден басқалар сезіне алмайтын сопылық сезімдер ментанымдар. “Гауһар (кейде жауһар)” – Тәңірлік жауһар, субстанция. Адам жаны сол тәңірлік

жауһардан берілген. “Нұр” – әлемнің Жаратушысы, бастауы да, ақыры да жоқ ұлық жаратушының нұры. “**Хақиқат**” – сопылық ілімнің өзегі, таңдаулыларға берілетін ілім, ал түпкі **ақиқат** – Жаратушының өзі. “Дүние (жер)” – адам рухының кемелденуі үшін тәнге енгізіліп, уақытша жіберілген мекені. Мәңгілік мекен – шын дүние, Тәңір жанындағы әлем. Тектердің тегін табу – әлемнің әрі себепшісі, әрі шындығы, бар болмыстың бастауы, ақиқаттардың ақиқаты – Жаратушыны тануға, табуға, онымен тұтастыққа жетуге ұмтылу. “Тектер тегін табу, жаратылыстың түп қазығын білуге ұмтылу – философияның негізгі нысанасы” десек, аталмыш ұғымдарды поэзияда қолдануда таза сопылық таным ғана емес, Фарабидің пәлсапалық толғаныстары да көрініс тауып отырғаны анық. Байқалған әрбір құбылыстың танымда із қалдырары сөзсіз. Фараби жырларының айтпағы – құпиясы мол әлемде, рухтың кемелденуі үшін сый етіп берілген жер бетінде алдамшы қызықтарға алаңдамай, ақырғы ақиқатты көздеп, рухтың асыл мұраты – Алланы тану, Алланы табу үшін әр демнің қадірін біліп, әр мезетті ізденіске толтыру. Егер осы пікірлерге келіссек академиялық ғылымның да қызметін дінге көмекші не параллель деген ойға келеміз.

Сонымен, ғылымның өзі шынайы ақиқатты іздеу жолы мен сол жолға түсіретін алғы шарттардың жиынтығы екен. Ал Фараби түсінігіндегі ақиқи ғылым исламмен бірге түсіндіріледі. Мұны біз академиялық білімнен тысқары қарастыра алмаймыз. Себебі философия ғылымы да ислами құндылықтар мен оны қалыптастырушы ғалымдарға өз кезегінде біршама әсер етті. Осы аталған синтезден ислами ақиқат пен философиядағы ақиқат өзара үндестік тапты. Бүкіл дүние жүзіне екінші ұстаз атымен белгілі Әбу Насыр әл-Фараби болса сол көрінбейтін құбылыс пен сезу арқылы ғана қол жеткізетін ақиқат ұғымын батысқа да шығысқа да ұғындырған ерен тұлға. Бұл ақиқат турасындағы пікірді мойындайтындар да, мойындамайтындар да болуы мүмкін. Алайда дәлел іздеп, шындыққа бет бұрған жан болса, ойшылдың идеясына міндетті түрде назар аударары анық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Машанов А. Әл-Фараби және Абай. А., 1994. 192 б.
2. А. Әбдірәсілқызы, <https://kazislam.kz/abu-nasyr-al-farabidi-adebi-ylymi-m-rasy/>
3. Баширов А. Отношение аль-Фараби к суфизму в освещении англо-американских востоковедов // Аль-Фараби и развитие науки и культуры стран Востока. А., 1974, стр. 102.
4. Кенжетай Д. Қожа Ахмет Йасауи дүниетанымы. Түркістан, 2004. 150 б.
5. ФС – *Философиялық сөздік. Редкол: Р. Н. Нұрғалиев. Алматы: Қазақ энц. баспасы. 1996. - 525 б.*

АЙТБАЙ РЫСЖАН АЙТБАЙҚЫЗЫ

*Ағылшын тілі пәнінің мұғалімі,
Жоғары Политехникалық колледжі
Нұрсұлтан қ.*

ӘЛ-ФАРАБИ ІЛІМДЕРІ - ЖАС ҰРПАҚТЫҢ ДАМУ ЖОЛЫНДА ЕҢ БАСТЫ ШАМШЫРАҚ

«Білімді болу деген сөздің мағынасы – белгісіз нәрсені ашуға қабілетті болу», - деген Әл-Фарабидің сөзі әрбір білім алушы жастардың алдына үлкен талап қояды. Демек, әрбір білім алушы өзінің алған білімін өмірінде қажетке асыра білуі керек, яғни уақыт талабына сай ХХІ ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды меңгеру керек.

Тарихи деректерде көрсетілгендей айрықша дарын иесі Әбу Насыр бала күнінен ғылымға өте үйір болып өскен. "Әл-Фараби бір жерде тұрақтамаған. Ол үнемі бір қаладан екінші қалаға саяхат жасап, білімін шындап отырған. Ғұлама ойшыл бар өмірін ғылым мен білімге арнаған. Мәліметтерге сүйенсек, ол 70-ке жуық тілдерді меңгерген", - делінеді. Өзінің осындай үлкен ізденістерінің арқасында Аристотельден кейінгі «екінші ұстаз» атанады. Жалпы саны 150-ге жуық философиялық және ғылыми трактаттар жазып қалдырған. Әл-Фараби шын бақытқа жету үшін адам үнемі іздену керек дейді. Сондай-ақ адамның мінез-құлқы да жақсы болуы керек", - дейді.

Мысалы, бүгінгі колледже білім алып жатқан студент жастар ертеңгі күні еліміздің экономикасының түрлі салаларында еңбек ететін азаматтар. Сондықтан олар алған білімдерін еңбекпен ұштастырғанда кез келген қиындықтан сүрінбей өтуге және жұмысты сапалы әрі жоғарғы деңгейде тиянақты орындап өз ісінің кәсіби шебері болуы қажет. Осыған орай колледж студенттеріне білім беруде Әл-Фараби ілімдерін, оның ерекшелігін, маңыздылығын заман талабына сай әдістеме ретінде қолданып, басты мақсат етіп білім алушының білімге құштарлығын оятып, қызығушылығын арттырып, мақсатқа жетуіне жол сілтейтін басты құрал ретінде пайдалануды қажет деп табамын.

Политехникалық колледждің білім алушылары да жаңартылған білім беру бағдарламасына сай, әр түрлі сала бойынша мысалы, тұрғын үйлер және ғимараттарды салу бөлімінің студенттері заманауи технологияларды жетік меңгеріп, нарық сұранысына қарай қолайлы әрі ыңғайлы тұрғын үйлерді немесе басқа да ғимараттарды тұрғызу жолдарын үйренуде. Туризм саласы немесе қонақ үй шаруашылығына қызмет көрсету бөліміндегі білім алушылар біріншіден шет тілдерін жетік меңгеруде, еліміздің туризм саласын, қонақ үй шаруашылығын дамытуға үлкен күш салуда. Газбен жабдықтау бөлімінің міндеттері ол келешекте қаламызды толықтай газбен жабдықтауды және қауіпсіздік шараларын меңгеру болып табылады. Алайда, осы жастардың ішінен ұлы ғұламалардың іздерін басатын, еңбектерін алға қарай жалғастыратын көшбасшылар шығатынын үлкен сенімділікпен айтамыз. Өйткені жаңа білім беру бағдарламасы аясында көптеген жұмыстар атқарылып, жаңа талаптар қойылуда.

Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру мақсатында сыртқы ортамен қарым-қатынас жасау қабілетін, өмірде болып жатқан өзгерістерге жылдам бейімделуін, жеке бас қабілеттерінің дамуын, әлеуметтік дағдыларын дамыту, әлеуметтік-мәдени дамуын, сыни тұрғыда ойлауын, білім, білік, дағдыларының дамуын басшылыққа ала отырып Әл-Фараби ілімдерінің педагогикадағы ролін жаңартылған білім беру бағдарламасына сай негіздей отырып кеңінен насихаттауды ұсынамын.

«Бақытқа жету» атты трактатында Әл-Фараби қоғам дұрыс болу үшін онда өмір сүретін адамдар дұрыс болу керек деп айтады. Осы жолда қоғамдағы жастардың алатын орны үшін ұстаздардың басты мақсаты әлем стандартына сай білім беру, тәжірибелік дағдыларын дамыту, тәуелсіз елімізді әлемге танытатын әлем азаматтарын тәрбиелеу, функционалдық сауаттылықты арттыру, нарық сұранысына сай бәсекеге қаблетті ізденімпаз жастарды тәрбиелеу және олардың бойында табысты өмір сүру дағдаларын қалыптастыру болып табылады. Бүгінге дейін өзінің құнын жоймаған бағалы пікірлерін үлгі ете отырып келешек ұрпақты барлық жастарды терең білім алуға, ізденуге, адал болуға, туған елін, жерін сүйуге, елінің бақыты үшін аянбай тер төгуге, туған тілін құрметтейтін патриот етіп тәрбиелеу біздің, яғни барлық педагогтардың борышымыз деп санаймын.

«Басқадан кем болмас үшін білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек» – деген Ахмет Байтұрсынұлының даналы сөзін Әл-Фарабидің ұрпаққа азық етіп қалдырған мол мұрасымен ұштастыра отырып алға мақсат қойып сол мақсатқа жету жолында тынбай жұмыс істеуге шақырамын.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Источник: <https://e-history.kz/kz/news/show/2120/> © e-history.kz
2. Мұғалімге Арналған Нұсқаулық Бірінші (Ілгері) Деңгей /Екінші Басылым/ 2014 ж.
3. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.

АКЕТАЕВА АМАНДА НҰРЖАНҚЫЗЫ

География пәні мұғалімі

Алматы қаласы

Б. Атыханұлы атындағы № 36 гимназиясы

ӘЛ – ФАРАБИДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КӨЗҚАРАСТАРЫ

Тарихымыздағы ұлы тұлғалардың бірі, ислам дүниесінің ең ірі, атағы әлемге жайылған ғұлама философы, Аристотельден кейінгі "екінші ұстаз" атанған Әбу Насыр әл-Фараби қазақ жерінде, Отырар қаласында дүниеге келген.

Ұлы жерлесіміз әл-Фарабидің түркі тайпасының дәулетті бір ортасынан шыққаны бізге мәлім, бұған дәлел оның толық аты-жөнінде "Тархан" деген

атаудың болуы. Әл-Фараби 870 жылы Сыр бойындағы Арыс езенінің Сырға барып құятын жеріндегі Фараб қаласында дүниеге келді. Фарабидің толық аты-жөні Әбу-Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Үзлағ ибн Тархан әл-Фараби, яғни әкесі Үзлағ, арғы атасы Тархан. Туған жері — қазақтың ежелгі қаласы Отырарды арабтар Барба — Фараб деп атап кеткен, осыдан барып ол Әбу-Насыр Фараби, яғни Фарабтан шыққан Әбунасыр атанған. Бұл қаланың орны — қазіргі Отырар ауданы, Оңтүстік Қазақстан облысы аумағында. Сол тұста өмір сүрген зерттеушілердің қалдырған нұсқаларына қарағанда, Отырар қаласы IX ғасырда тарихи қатынастар мен сауда жолдарының торабындағы аса ірі мәдениет орталығы болған. Отырарға орта ғасыр ғалымдарының көп назар аударғанын біз тарихтан жақсы білеміз. Ғалымдардың айтуынша, Отырар қала сы орналасқан аса құнарлы алқапта қазақ халқының арғы ата-бабалары, қырдағы көшпелілер мен қала тұрғындары жиі қарым-қатынас, тығыз байланыс жасап отырған[1].

Әбу Насыр Әл – Фараби өз заманындағы ғылымның барлық салаларынан, әсіресе математика, астрономия, физика, жаратылыстану ғылымдарынан көп мұра қалдырды. «Ғылымдар тізбегі» деген еңбегінде сол кездегі ғылымды үлкен – үлкен бес салаға бөледі:

- 1)тіл білімі және оның тараулары;
- 2)логика және оның тараулары;
- 3)математика және оның тараулары;
- 4)физика және оның тараулары, метафизика және оның тараулары;
- 5) азаматтық ғылым және оның тараулары, заң ғылымы және дін ғылымы.

Ғалым бұл ғылымдардың барлығының пәнін анықтап, қысқаша мазмұнына тоқталады. Әбу Насыр Әл – Фараби математик ретінде өзара тығыз байланысты үш салада еңбек еткен.

Олар: 1)математиканың методол.мәселелері (математикалық ғылымының пәні, негізгі ұғымдары мен әдістерінің шығу тегі); 2) математикалық жаратылыстану; 3)математиканың кейбір нақты тарауларын жасауға қатысуы; Әбу Насыр Әл – Фараби математиканы жеті тарауға бөледі (арифметика, геометрия, оптика, астрономия, музыка, статистика, механика – әдіс, айла жөніндегі ғылым). Ол – алгебраны математиканың дербес бір саласы ретінде қарастырып, алгебра пәнін алғаш анықтаған оқымыстылардың бірі. Осыған байланысты Әл – Фараби сан ұғымын оң нақты сан ұғымына дейін кеңейту туралы аса маңызды идея ұсынды. «Ғылымдардың шығуы» деп аталатын трактатында математиканың шығу тегі мен себептерін ашуға тырысады. «Евклидтің бірінші және бесінші кітаптарының кіріспелеріндегі қиын жерлерге түсініктеме» деп аталатын еңбегінде математиканың методол.мәселелері жөнінде құнды – құнды пікірлер айтқан. Ол ұзақ уақыт мінсіз, мүлтіксіз саналып келген Евклид «Негіздерін» сынауға, өңдеуге, түзетуге болатынын іс жүзінде көрсетіп, математиктерге дұрыс жол сілтеген. Әбу Насыр Әл – Фараби математиканы философия іргесін қаласумен қатар, оны табиғат құбылыстарын зерттеуге батыл қолданудың қажеттігін іс жүзінде танытты. Әбу Насыр Әл – Фараби пікірнше, математика анық, ақиқат білімді береді және басқа ғылымдардың дамуына күшті ықпал жасайды. «Астрологиялық болжамдарда не дұрыс, не теріс?» деп аталатын

еңбегінде ол ғылыми астрологияны астрономиядан бөліп қарап, Аристотельдің логикалық шығармаларында айтылған қағидалар мен жаратылыстану ғылымдарының жетістіктеріне сүйене отырып, белгісіз кездейсоқ құбылыстарды алдын – ала болжауға болатынын немесес болмайтынын ажыратуға тырысады. Әбу Насыр Әл Фарабидің бұл пікірлерінің кейіннен ықтамдар теориясының философия, логикалық негіздерін қалыптастыруда маңызы зор болды. Ол математикалық, жаратылыстану саласында ірі еңбектер жазған.

Әбу Насыр Әл Фараби ежелгі гректің ұлы математикі және астрономі Птоломейдің «Алмагестіне» көлемді түсініктіме жазған. Бұл еңбек «Алмагестіне түсініктеме» деген атаумен белгілі. Астрономия және математика тарихында үлкен маңызы болған Әбу Насыр Әл – Фарабидің бұл трактаты тригонометрияны дамытуға да игі ықпал жасады.

Ол өзіне дейінгі және тұстас математиктердің еңбектеріне сүйене отырып, тригонометрия сызықтар өнінде өз ілімін жасады. Мұндағы негізгі бір жаңалық Әбу Насыр синус, косинус, синус-ферзус, тангенс, котангенс сызықтарын бірыңғай радиусы тұрақты шеңбер ішінде қарастырды. Олардың арасындағы бірсыпыра қатынастарды ашты, кейбір қарапайым қасиеттерін айқындады. Ол тригонометрияның кестелер жасауда аса қажет болып табылатын бір градус доғаның синусы мен косинусын анықтауда елеулі табыстарға жеткен. Әбу Насыр Әл-Фараби осы айтылған тригонометрия мағлұматтарға және басқа да қосымша математика материалдарға сүйене отырып, Алмагестіне қарастырылған астрономия және география мәселелерін математика жолмен шешудің ең жеңіл әдістерін ұсынады. «Геометриялық фигуралардың егжей-тегжейі жөнінде табиғи сырлары мен рухани әдіс-айлалар кітабы» геометрия салу есептерін сұрыптап, бір жүйеге келтірген. Жүзден аса есептің салу әдістері көрсетілген. Бұлардың ішінде: парабола салу, бұрышты трисекциялау, кубты екі еселеу, дұрыс көп бұрыштар салу, көп жақтар салу, жазық фигураларды түрлендіру тағы да басқалары бар. Әбу Насыр Әл-Фараби адымы циркуль мен бір жақты сызғыш жәрдемімен шешілетін есептерді мол қарастырды. Осы еңбекте 3, 4, 5 тағы да басқа яғни өлшемді куб салу есебін ойша қалай шешу идеясы бар, оның “Болжамдағы геометрияға кіріспе” атты трактат жазғаны мәлім, бірақ ол еңбегі бізге жетпеген. Осыған қарағанда Әбу Насыр көп өлшемді абстракция геометрияның идеясын алғаш айтушылардың бірі деп жорамалдауға негіз бар. Әбу Насыр Әл-Фарабидің трактатын математикалық тарихшылары осы уақытқа дейін Хорасан математигі Әбу-л-Уафаға теліп келгені анықталды. Әбу Насыр Әл-Фараби арифметикалық саласында Теориялық арифметикаға қысқаша кіріспе” деп аталатын еңбек жазған. Оның көптеген логикалық еңбектерінде математикалық логиканың элементтері де кездеседі[2].

Әбу Насыр әл-Фараби мұраларының Қазақстанда түбегейлі зерттелуі 20 ғасырлардың 60-жылдарында ғана қолға алынды. Оған алғаш бастамашы болған қазақ ғалымдары Ақжан (Машанов) Қаныш еді. Әбу Насыр Әл-Фарабидің 1100 жылдығына орай ЮНЕСКО шешімі бойынша 1975 жылы Алматыда халықаралық конференция өткізілді.

Бұл ҚР ҒМ Ғылым Академиясының философия институтында шығыс философиясы және фарабитану бөлімі жұмыс істейді. Мұнда ғұламаның қазірге дейін қазақ және орыс тілдеріне аударылып, ғылыми түсініктемелері мен алғысөздері жазылып, 20-дан астам трактаттары жарық көрді. Бұл бөлім Әбу Наср Әл-Фарабидің диалектикасы, гносеологиясы мен әлеуметтік философиясы мәселелері бойынша зерттеулер циклін жүргізіп келеді. ҚазМУ-де Фарабитану орталығы құрылған. Мұнда да Әбу Насыр Әл-Фараби мұраларын аудару, зерттеу, насихаттау жұмыстары маркстік көзқарастардан арылған жаңа, тың бағыттар бойынша жүргізілуде[3].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Әл-Фараби. Әріптер кітабы// Әл-Фараби мен Ибн Сина философиясы. Алматы «Жазушы», 2005.
2. Аль-Фараби. Естественно-научные трактаты. Алма-Ата, 1987.
3. Бейсенов Қ. Қазақ топырағындағы қалыптасқан ғақлиятты ой кешу үрдістері. Алматы «Ғалым», 1994

АКУАЛОВА ГУЛЬФАРА МЫРЗАҒАЛИҚЫЗЫ

*Жамбыл облысы, Т.Рысқұлов ауданы
Қарақат ауылы
№2 шағын орталықты орта мектебі*

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛЫҚ ТҰЛҒАСЫ

Педагогика — жеке адамды тәрбиелеп, қалыптастыру үшін белгілі мақсатқа бағытталған жүйелі тәрбие мен білім беру туралы ғылым.

Оның бастамалары, тәлім-тәрбиенің мақсаты, міндеті мазмұны мен құралдары жөніндегі ойлар мен ізденістер Пифагор, Платон, Аристотель, Евклид және басқа грек оқымыстылары еңбектерінде қарастырылған. Кейінгі кездерде жүргізілген тарихи-педагогикалық зерттеулер педагогиканың жетілген ғылым болып қалыптасуына орта ғасыр заманда өмір сүрген Шығыс ғұламала-рының да айтарлықтай еңбек сіңіргенін көрсетіп отыр. Бұл ғалым – педагогтар-дың алдыңғы қатарында Фараби бастаған Орта Азия мен Қазақстан өңірінен шыққан бірсыпыра ұлы ойшылдар мен оқымыстылар: Әл-Бируни, Ибн Сина, Насиреддин Туси, Әлішер Науаи, Қожа Ахмет Иассауи т.б. бар.

Орта ғасырда энциклопедияшы оқымысты Әл-Фарабидей ғалым болмаған. 1980 жылдардан бастап фарабитану атты жаңа бағыт пайда болды. Әлемдік және отандық фарабитану деген бар. Әл-Фараби шетелге емес, тәуелсіз еліміздің мемлекеттік мүддесі мен ұлттық ұстанымы үшін қызмет етуі керек. Сондықтан әл-Фарабидің ғылыми – философиялық мұрасын өзіміз ғана біліп қоймай, жас ұрпақтың санасына сіңіруіміз қажет. Әл-Фарабидің мұрасы, әл-Фараби әлемі туралы білетініміз аз. Оның құпиясы әлі толық ашылған жоқ. Ол-әлем халықтарын біріктіретін тұлға. Әл-Фарабиді хан тұтатын үш мемлекет бар:

Біріншісі – Иран. Олар Әл-Фараби бізден шыққан дейді.

Екіншісі – Қазақстан.Әл-Фараби халқымыздың этногенезінің негізінде жатыр,ол Отырардан шыққан.

Үшіншісі – Араб елі, Мысыр мен Сирия және басқа да мұсылман елдері Әл-Фарабиді ерекше құрметтейді.

Әл-Фарабидің педагогикалық мұрасы жайлы кейбір шағын мақалалар болмаса, оны жан-жақты талдап, ашып көрсетуге арналған еңбек кейінгі кезге дейін болмай келді. Мұның басты себебі ұлы ғұламаның аса маңызды ғылыми еңбектерінің араб тілінен аударылмай, зерттелмей, дұрыс бағаланбай келуі болды. Фарабидің 1100 жылдық тойы қарсаңында (1975 ж) және онан кейінгі кездерде бұл салада атқарылған көп жұмыстар бізге ұлы ғалымның педагогикалық көзқарастарын, әрекеттерін біршама толық дәрежеге, ғылыми дұрыс методология тұрғысынан ашып беруге мүмкіндік туғызып отыр.

Әл-Фарабидің Шығыс және Батыс оқымыстылары бір ауыздан адамзаттың Аристотель данышпаннан кейінгі "Екінші ұстазы" деген атақ беруінің өзі оның педагогика саласындағы аса үлкен тұлға болғандығын дәлелдейді.

Шынында Әл-Фараби өзінің трактаттарының басым көпшілігін халықты, әсіресе жас ұрпақты тәрбиелеу, білімдер ету, ағарту мақсатына арнаған. Бұлардың қатарына "Ізгі қала тұрғындарының көзқарастары", "Бақытқа жету жолдары", "Ғылымдар тізбесі", немесе "Ғылымдар энциклопедиясы", "Музыканың ұлы кітабы", "Философияны оқып-үйрену үшін алдын ала не білу қажеттілігі туралы", "Евклидке түсініктеме", "Птоломейдің Алмагесіне түсініктеме", "Жұлдыз бойынша болжаулардың дұрысы мен терісі жөнінде", "Химия ғылымының қажеттілігі жөнінде", "Философиялық сауалдар және оған жауаптар", "Геометриялық салулар" т.б. көптеген трактаттарын жатқызуға болады.

Бір қызық жәйт, ұлы бабадан кейін мың жыл өткізіп барып данышпан ата Абай дәл осындай гуманистік ұлы қағиданы жаңғыртып, қайталайды, қуаттай түседі. Оны оның отыз төртінші сөзінен оқуға болады.

Сөз еткелі отырған Әл-Фараби ілімі Шығыс халықтарының педагогикалық ой-пікірінің пайда болуына, дамуына және қалыптасуына революциялық төңкеріс жасады. Педагогикалық тәлім-тәрбиенің дамуында сапа жағынан жаңа кезең ашқан халықтық педагогиканың негізін қалады. «Ежелгі грек ғылымы мен араб ғылымының арасын қосқан Әл-Фараби дүниетанымы екі әлемнің — көшпелілер мен отырықшылар өркениетінің және Шығыс пен Грек-Рим мәдениетінің өзара байланыстарының нәтижесі» (1,70). Әл-Фараби заманының әлеуметтік-саяси көзқарастарын, тіл мәдениетін, философиялық-гуманистік және жаратылыстану ғылымдары салаларын терең меңгеріп, осы бағыттарда өзі де құнды ғылыми жаңалықтар ашты.

Әбу Насыр Әл-Фараби ең әуелі ұстаз, ағартушы, оның бүкіл философиялық ізденістері мен пайымдаулары адамды барынша кемелдендіру, дамыту мақсатына арналған. Ол-адамдарды шынайы бақытқа жеткізу жолдарын табуды мұрат тұтады. Ұстаздың айтуы бойынша адам ғылым, философия, тәрбие арқылы кемелдікке жетеді. Ол шартты түрде адамды нағыз бақытқа, мұратқа бастайтын негізгі кредосы - адамдар бақыт жолында өзара көмек, достық, бейбітшілік қатынаста өмір сүруі ләзім. Фарабидің пайымдауы бойынша оқу — философия

негіздерін, теориялық білімдерді игеру, ал тәрбие — ол мұғалімнің, тәлімгердің, адамға белгілі бір адамгершілік, құлық қалыптарын және практикалық өнерді игеру дағдыларын қалыптастыру бағытындағы іс-әрекеті, ол шәкірттерге белгілі бір оң қасиетті, сапаны дарыту үшін қалай болса солай емес, белгілі бір мақсатты көздеген, саналы тәрбие жұмысына басты мән береді. Ғұлама тәрбие кезінде тәрбиеленушінің ерекшелігін ескеріп, әрбіріне жеке әдіспен дара қатынас жасауды талап етеді.

Ұстаздың пікірінше, оқу, білім алу, ғылым адамы болу, адамгершілік және тәрбие мәселелерімен тығыз байланысты. Мәселен, "Философияны үйрену үшін алдын-ала не қажет" деген еңбегінде бірінші алғышарт ретінде жан тазалығын, ар тазалығын қойған. Ұстаздың негізгі мақсаты – өз шәкіртіне білім беріп, ізгілікті мінез-құлыққа тәрбиелеу деп білсек, сол тиянақты білім, ізгілік ұстаздың өз бойында болуы шарт. Шәкірттің ой-талағамын жетілдіру, оның іс-әрекет жасауына көмектесу – ұстаз парызы.

Фараби өмір сүрген дәуірде педагогика ұғымы болмағаны белгілі. Алайда ол оқу-ағарту мен тәрбие туралы, еңбек мәдениеті туралы ілім жасады. «Еңбектің өзі – өнер. Ал еңбек тәрбиесі сол өнерден туындайды, әрбір адамды еңбекке баулиды, еңбек шеберлігіне үйретеді. Олардың еңбек ету дағдысын қалыптастырады», – деген болатын Фараби. Ол еңбек өмір сүрудің негізі, адамзат тіршілігінің мәңгілік, табиғи шарты деп қарастырды. Педагогикалық тұрғыда қарастырсақ, бұл тұжырым – «оқушыларға саналы тәртіп, сапалы білім беру, пайдалы қоғамдық еңбекке баулу» деген сөз. Фараби еңбек тәрбиесінің теориясын жасауда еркін еңбектің адамның жан-жақты дамуы үшін маңызы зор екенін атап көрсетеді.

Фарабидің педагогика философиясындағы тындырған бір ірі жұмысы-ол тәлім-тәрбиелі, білім-парасатты, зиялы адамның идеялық үлгісін жасағаны деп есептеу керек. Фарабидің педагогикалық теориясында оқыту мен тәрбие өте тығыз да біртұтас байланыста қарастырылғанмен, олардың педагогикалық құрал ретінде ерекше, әрқайсысына ғана тән жақтары да ажыратылады.

Ғұламаның ғылыми-педагогикалық шығармаларында әдемілік, әсемділік пен үйлесімділік, гармония сезімдерін тәрбиелеуге ерекше мән беріледі. Олар эстетика- этикамен, қылықтылықпен тығыз байланыста. Ғұламаның педагогикасының салмақты бөлігі дидактикада жатыр. Дидактика - білім беру, оқыту, оқыту процесінде тәрбиелеу теориясына арналған педагогиканың басты бір бөлігі. Платан және басқа грек даналарының педагогикалық идеяларын жаңғыртып, дамытып Фараби шәкірттерді ақыл және теориялық тәрбиені біріктіретін рухани тәрбиелеу проблемасына ерекше мән берген. Әл-Фарабидің 164 еңбегі бар дегенмен, бүгінде соның 40-50-і ғана белгілі, қалғаны белгісіз ашылмаған құпия күйінде жатыр. Оларды іздеп тауып, зерттеп жариялау керек. Әл-Фараби еңбектерін оқысаңыз, көп еңбектерге сілтеме жасағанын көреміз. Оның ашылмаған құпиялары әлі де көп. Оны ашу үшін бағдарламалар ұйымдастырып, ғылыми-танымдық кештер ұйымдастырылса, нұр үстіне нұр болары анық.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. «Жалын» әдеби-көркем және әлеуметтік журнал. Ақпан 2020 №2 (179)
2. «Аңыз адам» журналы. Қыркүйек 2011 ж №17
3. Көбесов А. «Әл-Фарабидің ашылмаған әлемі» Алматы. «Санат» 2002
4. Жусанбаева Г. «Әбу Насыр Әл – Фарабидің халыққа білім беру жүйесін құруға қосқан үлесі.»// Қазақстан тарихы.- 2004.-№11, 49-52 б.
5. Қалиев Ж. «Халық педогогикалық және ағартушы ғалымдардың шығармаларындағы ұлттық тәлім – тәрбие үлгілері.» // Ұлт тағлымы.-2005.-№2, 31-34 б.
6. Кенжебаев Т. «Әбу Насыр Әл Фараби дидактика туралы»// Ұлт тағлымы. -2002 ж. № 1, 28-30 б.

АЛИБЕКОВА ТАРБИЯ КАНТУРГАНОВНА

Тарих пәні мұғалімі

Т.Әубәкіров атындағы жалпы орта мектебі

Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы

ӘЛ – ФАРАБИ АҢСАҒАН ҰЛЫ ДАЛА ӨРКЕНИЕТІНДЕГІ ІЗГІЛІКТІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫ

Аннотация

Мақалада қазақ даласында қалыптасқан қайырымды қоғамның «алтын ғасыры» Әз Тәуке хан дәуірінде орнағаны туралы баяндалады.

Кілт сөздер: қайырымды, қоғам, алтын, ғасыр, қазақ, даласы

Эпиграф: «Біз әл-Фараби аңсаған ізгілік қаласын салып, парасатты қоғам орнатудамыз». Н.Ә.Назарбаев

Әл-Фарабидің ізгі қоғам туралы ойлары және «Мәңгілік ел» идеясы

Әрбір қоғам өзінің даму барысында зиялы қайраткерлерінің педагогикалық ақыл-ойын, тәлім-тәрбиелік тәжірибесін зерделеп, заман талаптарына сай жетілдіріп пайдаланып отырған. Қазіргі ғылымда дәстүрлі педагогиканың бастауы деп санаған орта ғасырлық ұлы ғұлама-ғалым ойшылдар - Әл-Фараби, А.Ясауи, М.Қашқари, Ж.Баласағұни, М.Х.Дулати т.б. мұраларындағы педагогикалық ой-пікірлері ұлттық тәлім-тәрбиенің мазмұнын кеңейтіп, келешек жас ұрпақтарды елжандылыққа, патриоттық рухта тәрбиелеуде тірек болуда.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті, Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің 2018 жылғы 21 қарашада жарық көрген «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында «Ұлы дала Әл-Фараби мен Ясауи, Күлтегін мен Бейбарыс, Әз-Тәуке мен Абылай, Кенесары мен Абай және басқа да көптеген ұлы тұлғалар шоғырын дүниеге әкелді. Сондықтан біз біріншіден, атақты тарихи тұлғаларымыз бен олардың жетістіктерінің құрметіне ашық аспан астында ескерткіш-мүсіндер қойылатын «Ұлы даланың ұлы есімдері» атты оқу-ағарту энциклопедиялық саябағын ашуымыз керек», - деген болатын.

Біз өзіміз өмір сүріп отырған заманды барынша терең танып, өмір сүрудің дұрыс жолын таңдау үшін, бабаларымыздың ғибратқа толы еңбектері мен өсиеттерін бойымызға терең сіңіріп, сол идеялар мен қағидаларды басшылыққа алып отырамыз.

Ізгілікті қала тұрғындарының көзқарасы — Әбу Насыр Әл-Фарабидің негізгі еңбектерінің бірі. Ғұламаның бұл шығармасы ағылшынның атақты утопист-социалисі Томас Мордың еңбегіне негіз болғаны белгілі. Трактатта тарихи дәлдігі жағынан сирек кездесетін өз заманындағы қоғамның көрінісін ерекше әлеуметтік утопиямен көрсетіп, әділетті әкімнің бейнесін суреттейді.[1]

Әл-Фараби бұл кітаптың алғашқы нұсқасын «Китаб ас-сийаса ал-маданийя» (Азаматтық саясат кітабы) деген атпен 942 жылы жазған. Ал «Китаб ‘ара’ ‘ахл ал-майна ал-фадила» деп аталған толық нұсқасын 948 жылы Мысырда аяқтап шығарған.[2]

Әбу Насыр әл-Фараби «Қайырымды қала» туралы еңбегінде қала бақытты болу – бірінші басшыға байланысты екендігіне баса назар аударған. Әл-Фараби қайырымды қала басшысында алты түрлі қасиет болу керек деп есептейді. Олар: даналық, асқан пайымдылық, сенімділік, ойлау қабілетінің жоғары болуы, соғыс өнерін жетік білуі, денсаулығының мықты болуы. «Осының бәрін өз бойында ұштастыратын адам барлық уақытта кімге еліктеу керек екенін, кімнің айтқан сөзі мен ақылына құлақ қою керек екенін көрсететін үлгі болады. Мұндай адам мемлекетті өзінің қалауынша басқара алады». Әбу Насыр әл-Фарабидің пікірінше «қайырымды қала» басшысы болу үшін жоғарыдағы қасиеттерге қоса, билеуші болуға деген бейімділік, дарын тіпті ұмтылыс болуы керек екен.

Кешегі қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған Әз Тәукенің алтын ғасырындағы қазақ қоғамы

Тәуке ханның елі үшін сіңірген ерен еңбегі екі қырымен айрықша назар аудартады. Бірі – елдің іргесін аман сақтауда сыртқы саясатты білгірлікпен жүргізіп, анталаған көп дұшпанға бел аудармағаны. Екіншісі – елдің ішкі жағдайын реттеудегі саяси-құқықтық тәртіпті орнатуы. Ол төңірегіне беделімен елдің бірлік-берекесін кіргізетін ақыл иелерін жинап, халқын солар арқылы басқарды, ақыл-ой, парасат үстемдігін орнатты.

Тәуке хан мемлекетті басқару ісіне туа біткен данышпан, ел арасында асқан ерлігімен, батырлығымен дараланған тұлғаларды, яғни билер мен батырларды тартты. Бұл шаралар нәтижелі болды. Мемлекетті басқару ісіне де үлкен өзгерістер енгізді. Билер кеңесін құрып, оның билік ауқымын кеңейтті. Билердің әлеуметтік тегі тек ақсүйек табынан болмағанын ескерсек, қарапайым халықты мемлекетті басқару жүйесіне тарту Тәуке хан енгізген үлкен өзгеріс болды.

Әл-Фараби үшін қайырымды қаланы кім және қанша уақыт басқарғаны маңызды емес. Оған қалай басқаратыны маңызды. Әл-Фараби бір билеуші жалғыз өзі қаланың барлық бөліктерін басқара алмайды, сол себепті «сол қоғамның арасында одан жоғары басшы жоқ, әр қаланың бөлігінде басшы бар». Мұндай қоғамды ұлы ойшыл «әрбір адам екінші адамның өмір сүруіне қажетті үлесін беретін, бір-біріне көмектесетін адамдарды біріктіру арқылы ғана адам өз табиғатына сай жету дәрежесіне ие болатын» қоғам түрінде елестетеді.

Тарихи деректер сол кезде Тәукенің қасында Ұлы жүз Әлібекұлы Төле, Орта жүз Келдібекұлы Қазыбек, Кіші жүз Байбекұлы Әйтеке, қырғыз Қарашораұлы Көкім, қарақалпақ Сасық би, қатаған Жайма секілді халықтың ішінен уақыттың өзі екшеп шығарған, даналық сөзімен, әділетті ісімен, қара қылды қақ жарған тура билігімен аттары бұл күнде аңызға айналған атақты билердің болғанын айтады. Осындай алыптардың замана тынысын тамыршыдай тап басып танып, халықтың басын қосып, елдің бірлік – берекесін кетіретін ішкі дау – жанжалды, барымта – сырымтаны тиып, елді ынтымақта ұстау мақсатында ой тоғыстырып, бір бағытта игілікті іс-қимыл жасау арқасында Қазақ хандығының жағдайы күрт жақсарып, сыртқа айбарын асырды. Жұрт ерді ел қолдаса - береке, ханды ел қолдаса мереке екені осы тарихи кезеңде анық байқалғаны белгілі. Сол себепті де Тәуке хан ел билеген кез - халық есінде «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» тыныш берекелі заман болып қалды.

Тәуке хан өзінің даналығы арқасында ел арасында «Әз-Тәуке» деген атқа ие болғаны тарихтан мәлім. Қазақ жеріне орыс елшілігін бастап келген М.Тевкелев 1748 жылы жазған құжатта: «Тәуке хан өте ақылгөй кісі болған, оны қырғыздар (қазақтар) үлкен құрметпен еске алады», - деп көрсетеді. Халық зердесінде Тәуке заманы Қазақ хандығының ең бір өркендеген, «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман», «алтын ғасыр» деп еске алынады. Орыстың белгілі тарихшысы А.И.Левшин Тәукені көне Спартаның ақылгөй заңгері Ликургпен теңеген.

Әл-Фарабидің пікірінше, қайырымды билеуші басқарған қалада өзінің мақсатына сәйкес әрекет ететін басқарушыларына қоғамның келесі төмен қабаттары көмектесетіні айтылған. Әл-Фараби: «Адамдар бірлестігі шынайы бақытқа жеткізетін істерде өзара көмектесу мақсатын қойған қала – қайырымды қала, ал адамдары бақытқа жету мақсатымен бір-біріне көмектесіп отыратын қоғам – қайырымды қоғам. Барлық қалалары бақытқа жету мақсатымен бір-біріне көмектесіп отыратын халық – қайырымды халық. Егер халықтар бақытқа жету мақсатымен бір-біріне көмектесіп отырса, бүкіл ғалам қайырымды болмақ», – деген гуманистік ойын ұсынып, оның жүзеге асуын аңсаған болатын. Менің пікірімше, бұған дәлел ретінде қазақ хандығының 7 сатылы ұлттық басқару жүйесін алуға болады. Қазақ хандығының басқару жүйесі жеті сатыдан құралып, қоғамның төменгі сатысынан жоғарыға қарай бір-біріне көмектесіп, игілікті іс жасағандықтан, игілікті қоғамға айналған.

Әл-Фарабидің «Қайырымды қаланың билеушісі» туралы ойымен қазақ жыраулар поэзиясының үндестігі

«Қайырымды қаланы әрбір кез-келген адам билей бермекші емес, өйткені, ел билеу – екі бірдей нәрсеге байланысты: біріншіден, билемек адамның өз жаратылысында ел билеуге қаншалық әзір екеніне байланысты, екіншіден, билеуші адамның еріктен қуат алып отыратын жағдайы мен қабілетіне байланысты. Жаратылысында ел билеуге кім бейім болса, билік соның үлесіне тимек. «Жиырма беске келгенде, бақыт берді басыңа, тақыт берді астыңа, Отыз жасқа келгенде, дүниеге кең едің... Елу жасқа келгенде, үш жүздің баласының атының басын бір кезеңге тіредің», - деп Бұқар жырау жырлағанындай,

жаратылысынан ел билеуге бейім, жігерлі де жалынды жас жігіт Әбілмансұр майданда көрсеткен ерлігінен соң аз жылда басқарушылық талантымен жарқырай көрініп, елу жасқа келгенде үш жүзге ықпалы жүретін ханға айналғаны белгілі. Мұндай тұлғаларды жай ғана басшы емес, феномен тұлғалар десек болар.

«Қайырымды қала» ұғымын біз, Еуразияның жалпақ даласында емін-еркін көшпелі өмір сүрген, сонымен қатар өзіндік қала салу мәдениеті қалыптасқан, алып аумақта өмір сүріп, бағынышты билеушісі бар жұрт ретінде танылған.

Жерұйық идеясымен бүкіл халқының қамын ойлаған Асан қайғының елді берекелі бірлікке, шынайы түсіністікке, адал еңбек табысы арқылы мамыражай заманға жетуге шақырғанын түсінеміз. Ендеше, Асан қайғы кезінде таба алмаған Жерұйық қазіргі заман адамдары үшін шындыққа айналғаны анық.

Ата жұрты бұқара, Өз қолында болмаса, Қанша жақсы болса да, Қайратты туған ер ғаріп, — деп ел басқарар көсемнің әділ болуын, қол бастаған батырдың соңынан ертер сарбазы – қалың қолы – халқы болуын қалаған. Асан қайғының толғаулары Отанды сүйеге, ізгі амал жасауға, жамандықтан сақтанып, бақытты өмір сүруге үндеген.

Қорытынды

Қазақ даласында өмір сүрген ақын-жыраулардың, абыздардың толғауларындағы «қайырымды қала» – қалай болғанда да, әділетті, алаңсыз, бақытты қоғам болғанына көз жеткіземіз. Ұлы даланы желмаясымен желіп жүріп, әрбір өңірге қатысты бір шумақ өлеңімен сын-пікірін айтып, сапарын әрі қарай жалғастыра жүріп, мәңгілік жасыл кілеммен көмкерілген ғажайып мекен іздеген Асанқайғы толғауларынан «бақытты жер» санаған әрбір аймақтың теңеулерінің куәсі боламыз. Жерұйық идеясымен бүкіл халқының қамын ойлаған Асан қайғының елді берекелі бірлікке, шынайы түсіністікке, адал еңбек табысы арқылы мамыражай заманға жетуге шақырғанын түсінеміз. Менің ойымша, Асан қайғы кезінде таба алмаған Жерұйықтың себебін, мен былайша түсіндіремін: сол кездегі аласапыран заман, әрі іргесі берік орталықтан мемлекеттің орнықтауынан болған. Ал, бұған мысал ретінде қазіргі әлем мойындаған Тәуелсіз Қазақстан халқы үшін бұл арман шындыққа айналғанын атап өту орынды.

Тәуке хан – қазақ елінің біртуар данышпан қайраткерлерінің бірі. Себебі, қазақ хандығы аталмыш дәуірде шын мәнінде бір орталыққа бағынған қуатты мемлекетке айналды. Тәуке хан өз заманының ірі тұлғасы ретінде қазақ елін бір орталықтан басқарылатын, оның тыныштығы мен тәуелсіздігін қамтамасыз ететін мемлекетті құрды. Қазақ Ордасын бұл кезде оған көршілес барлық мемлекеттер мойындады және оның тәуелсіздігі мен тұрақтылығы тарихи шындық ретінде қабылданды. Тәуке хан жүргізген барлық саяси-әлеуметтік, әскери, құқықтық реформалар мемлекеттің нығаюына, оның ішкі бірлігінің және халықаралық беделінің артуына өлшеусіз үлес қосқанына тарих куә.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан энциклопедиясы, 1 том.
2. Асылбек БАЙТАНҰЛЫ.«Әл-Фарабидің «Қайырымды қаласы» және қазақ утопиясы»

3. Айдынгүл ХАВАН.» Әл-Фараби:Ізгілікті (қайырымды) қала тұрғындарының көзқарастары», Егемен Қазақстан,17.09.2017 жыл.

4. <https://kk.wikipedia.org/wiki/>

БАЙДРАХМАНОВА НУРБАНУ ЖУМАБЕКОВНА

*Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің
№70 Мектеп лицей ШЖҚ МКК-ның
бастауыш сынып мұғалімі*

ФАРАБИ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ БІЛІМ, ЕҢБЕК ПЕН АДАМГЕРШІЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

Есімі дүние жүзіне танылып, ғылыми және мәдени мұралары ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа келе жатқан азаматтар тарихат көп емес. Тарих қойнауында халықтың рухани қазынасында жүйріктердің жүйрігі ғана мәңгілік қалады. Мыңдаған жылдар өтсе де, еңбектері уақыттың сынынан мүдірмей өтіп ауыздан ауызға жатталып келе жатқан тарихи тұлғаларымыздың бірі Әбу Насыр Әл-Фараби. Отырардың киелі топырағында туып, Қаратаудың баурайында, Сырдың суын ішіп, Арыстың суын кешіп өскен ұлы тұлға. Осы ұлы да ірі тұлғамыздың туғанына биыл 1150 жыл толып отыр. Қазақ елі үшін бұл айтулы мерейтоймен баршаңызды құттықтаймын.

Әбунасыр оқу білімді өте ерте бастаған. Алғашқы білімін туған қаласы отырардан бастап Хорасан тіпті Бағдат қалаларына барып білім алған. Философия, математикамен қатар медицина, астрономия, логиканыда үйренген.

Фараби түркі, араб, парсы, грек және басқа тілдерді жетік білген. Кейбір деректер бойынша тіпті ол 70 тіл білген деп те айтылады. Фараби ғылымды көбінесе өз бетінше меңгеріп, аса зор табандылық көрсеткен, орасан зор табыстарға жеткен адам. Ол, әсіресе, грек ғылымы мен философиясын, ең әуелі Аристотельдің бай мұрасын игеруді қолға алған. Мұнда ол аса үлкен шыдамдылық көрсетеді. Бір аңыз бойынша, ол Аристотельдің “Жан туралы” дейтін еңбегін жүз рет, “Табиғи гармониясын” қырық рет, “Риторикасын” екі жүз рет оқыған көрінеді.

Осылайша бабамыз Фараби оқымысты атанып, дүние жүзінің екінші ұстазы дәрежесіне дейін көтеріледі.

Фараби Аристотельдің, әл-Киндидің ізін қуып философия мен ғылымның барлық тараулары бойынша қалам тартып аса ірі жетістіктерге жетеді. Ол ғылымның түрлі салалары бойынша 150-ге тарта ірілі-ұсақты еңбек жазған Фараби, әсіресе, философия ғылымын көп зерттеген. Оның философиялық еңбектерінің басым көпшілігі грек ойшылдарының, әсіресе Аристотельдің мұрасын зерттеуге арналған. Фараби Аристотельдің “Категориялар”, “Метафизика”, “Герменевтика”, “Риторика”, “Поэтика”, бірінші және екінші “Аналитика” т.б. бірсыпыра философиялық және логикалық шығармаларына түсініктемелер жазған.

Фарабидің Шығыс және Батыс үшін де, тарих және болашақ үшін де жасаған ғылыми еңбектері орасан зор. Сондықтан да Шығыс философтары оны “Ал муаллим ас-сани” — екінші ұстаз деп атаған. “Бірінші ұстаз” — “ал муаллим ал аууал” деп олар Аристотельді атаған.

Фараби Аристотелдің материалистік идеяларын дамытып, өзі «Кемеңгерлік меруерті», «Ізгі қала тұрғындарының көзқарасы», «Ғылымдардың шығуы», «Бақытқа жету» сынды көптеген философиялық еңбектер жазады.

Аристотель еңбектерін зерттеп қана қоймай, өзі де жаратылыстану ғылымдарын зерттеумен айналысады. Ол ғылым күшін насихаттап, адам ақыл-ойының дүние танудағы құдіретін насихаттайды. Сол замандардағы діншілдердің дүние тануды осыншама тұншықтырып жатқанда, Фарабидің білім мен өнерді паш етудің өзі ғылым мен мәдениет тарихына қосқан үлкен үлестерінің бірі болды.

Ол ғылымның көптеген салаларын меңгеріп, тамаша жетістіктерге жетті. Фараби ғылымының философиялық-логикалық ірге тасын дұрыстап қайта қалап шықты, ғылымды оқу және оқыту ретін белгіледі, әрқайсысының пәнін анықтап, мазмұнын ажыратып беруге тырысты. Ол музыка жайлы күрделі зерттеулер жүргізді, математикадан үлкен жаңалықтар ашты, астрономия жайлы көптеген еңбектер қалдырды, физика ғылымын жаңа идеялармен байытты, медицина, химия, минерология тәрізді жаратылыстану ғылымының маңызды салалары бойынша еңбектер жазды, ертедегі дүние оқымыстыларының пікірлеріндегі әр түрлі қағидаларды жан-жақты талдады. Фарабидің метафизика, тіл ғылымы, логика, психология, география, этика т.б. ғылымдар жайлы жазғандары өз алдына бір төбе.

Ерте орта ғасырлардың өзінде адамзат ілімінің молайып, ақыл-парасаттың жетілуін, оқу-ағартудың қажеттілігін айтып, білім алудың маңызын атап көрсеткен болатын. Фараби идеялары оның 140-тан астам трактаттарының арқауы болды.

Фараби трактаттарының әрқайсысы өзіндік бір дүние, қағида, теория мен әдіс. Сондай трактаттарының бірі 948 жылы Египетте жазылған «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактат» болып табылады. Ол бұл еңбегінде адам әрекетінің түпкі мақсаттарының бірі—Бақытқа жету деп айта отырып, бақытқа тек білім мен игілік нәтижесінде ғана жетуге болады дейді. Әл Фараби тәрбиенің, оның ішінде еңбек тәрбиенің теориясы ғылымға негізделуі қажет депесептеді. Ол ғылымда тарихи үрдіс деп түсініп, ғылым жүйелі түрде құрылған білімнің жоғарғы формасы деген анықтама берген. Фараби сонымен бірге оқу-ағарту мен тәрбие туралы, еңбек мәдениеті туралы ілім жасады. Еңбектің өзі өнер. Ал еңбек тәрбиесі сол өнерден туындайды, әрбір адамды еңбекке баулиды, еңбек шеберлігін үйретеді. Олардың еңбек ету дағдысын қалыптастырады деген болатын Фараби. Оның адам еңбегі туралы бұл тұжырымдамалар қазіргі жаңа мыңжылдықта да өте өзекті екені белгілі. Еңбек тәрбиесінің теориясын жасау барысында ол антик заманының теоретиктері Платон мен Аристотельдің тұжырымдарын басшылыққа алды.

Фараби «Еңбек ету, саналы болу, адамгершілік, ізгілік, ақылдылық табиғаттан туындауы қажет» деген ғылыми тұжырым жасады. Ол адамды табиғат, адам, жер бетіндегі тірі организмдер дамуының ең жоғарғы сатысына көтерілген, еңбек құралдарын жасап, оларды өз қажетіне жарата білген, түсінікті сөз сөйлей білетін саналы ортаның мүшесі деп атап өтеді. Адам туралы материалистік бағытты ұстанған Фараби адам еңбек ету нәтижесінде жоғары сатыға көтеріле алатынын айтып өтті.

Фарабидің пікірінше, оқу, тәрбие, білім алу, еңбек ету, ғылым адамы болу адамгершілік және еңбек тәрбиесіне тығыз байланысты. Фараби ең алғаш еңбекті, таза еңбекті, адал еңбекті тәрбиенің алғы шарты етіп алды. «Тәрбиені неден бастау керек», «Философияны үйрету үшін алдын-ала не білу керек» еңбектерінде ғылымды, оқу-ағартуды меңгеру, білім тәрбие алу, еңбекке үйрену, философияны меңгеру тәрбие әдістеріне байланысты екенін ғылыми тұрғыда дәлелдеді. Осы негізде ол оқыту мен тәрбиелеудің мақсаттарын жеке-жеке анықтады. «Ғылымдар тізбесі», «Ғылымдардың шығуы» еңбектерінде ғылымдарды үйрену, реттерін белгілейді және тәрбиенің, оның ішінде еңбек тәрбиесінің тарихи тағылымын, үлгісін, болашақ ұрпаққа өнеге, тәлім етіп қалдырды.

Әл Фараби жас ұрпаққа тәлім-тәрбие беріп, еңбекке үйретіп, еңбек тәрбиесін беретін адамдарды яғни ұстаздарды өте жоғары бағалаған. Оның ойынша тәрбиеші адам (қазіргі мұғалім) «мәңгі нұрдың қызметшісі»², 12-б/Ұлы ойшыл Фараби тарихи шындықты, еңбекті, тәрбиені, оның ішінде еңбек тәрбиесін адамның игілігі, бақыты үшін қолдануды армандады.

Фараби адамдар бір-бірімен келісіп, тіл табысып отыруы керек деп есептеді. Әділеттіліктің қалыптасқан нормасы, әмбебап заңдар қажет екендігін ескерте келе ол заңдардың тәрбие арқылы жүзеге асатындығын баса айтты. Ол еңбексіз заң да, қоғам да алға дами алмайды. Ұлы ойшылдың заң күші туралы осы айтқандарынан қоғамдық келісімдер туралы идеяның алғашқы ұшы жатқандығын аңғару қиын емес.

Фараби мұрасының ішінде этнопедагогика үлкен орын алады. Ол этниканы жақсылық пен жамандықты ажыратуға мүмкіндік беретін ғылым деп қараса этнопедагогиканы халықтың әдет-ғұрып, салт-дәстүрін кейінгі ұрпаққа жеткізетін ілім деп санады. Бұған оқу, білім алу, тәрбие беруді жатқызды.

Қорыта келе Фараби туындыларының оның ішінде еңбек пен еңбек тәрбиесі, адамгершілік, игілік туралы тағылымдарының маңызы әлі күнге дейін өз маңызын жойған жоқ. Қайта оны тағылымдарының мазмұны қазіргі тәуелсіз Қазақстан жағдайында қайта түлеп, заман талабына сай жаңа көрініс алып жатыр.

Пайдаланған әдебиеттер.

1. Машанов А. Әл Фараби. Алматы, 1970. 11-бет.
2. Ж. Исахметұлы. Фараби трактаттарындағы білім, тәрбие және адамгершілік, гуманизм мәселелері. Тараз қаласы.
3. Көбесов А. Әл Фараби. Алматы, 1971. 28-бет.
4. Әбу Насыр Фараби және оның ғылыми-философиялық еңбектері

БІЛІМДІ БОЛУ – БЕЛГІСІЗ НӘРСЕНІ АШУҒА ҚАБІЛЕТТІ БОЛУ

Аннотация

Мақалада Әл-Фарабидің еңбектерін дәріптей отырып, ондағы түпкі идеялардың қазіргі білім беру мазмұнымен астасып жатқандығы, педагог бейнесінің қай дәрежеде болуы керектігіне сипаттама берілген. Осы мақалада білімді игеруде тиімді тәсілдерді қолдану түрлері де сөз етіледі.

Түйінді сөздер: білім мен ғылымды меңгеру, педагог бейнесі, тұжырымдама, жеке тұлға, әдіс-тәсіл.

Аты әлемге мәшһүр болған Азияның ұлы ғалымдары мен ойшылдары Әбу Әли ибн Сина, Беруни, Бозжани, Омар Хайям сияқты ұлы тұлғалар өздерін Әбу Насыр әл-Фарабидің шәкірттеріміз деп есептеген. Әбу Әли ибн Сина: «Бұрын еш түсіне алмай жүрген грек метафизикасын толығымен осы әл-Фарабидің кітабын оқып түсіндім» деген екен.

Әл-Фараби «Данышпандықтың інжу-маржаны», «Ақылдың мәні туралы трактат», «Ғылымдардың шығуы», «Аристотель еңбектеріне түсіндірме» атты трактаттары арқылы ғаламдық ойдың дамуына өзінің қомақты үлесін қосты. Сондықтан да халық оны «Шығыстың Аристотелі» атап кеткен. Ол ежелгі заман ойшылдары Аристотель, Платон, Гален шығармаларына терең талдаулар, түсініктемелер жазды. Білімінің осыншама молдығына таң қалған бір кісі Әл-Фарабиден: «Сіз көп білесіз бе, әлде Аристотель көп біле ме?» – деп сұрағанда, данышпан: «Онымен замандас болған жағдайда мен оның ең мықты шәкірті болар едім», – деген екен.

Ғылым, білім іздеп, жер жерді аралаған ойшыл парсы, түрік, араб тілдерінен бөлек грек, қытай, латын, санскрит және басқа тілдерді меңгерген. Сол заманда дамыған барлық ғылым салалары мен өнер түрлерін жетік меңгеріп, оның дамуына өз үлесін қосады. Осылайша, кейінгі ұрпаққа мол мәдени асыл мұра қалдырды [1].

Әл-Фараби өз еңбектерінде бала тәрбиесі, қоғам мен халықтың балаларды оқытудағы қамқорлығы, жастарды халық өміріне байланысты білімдермен қаруландыру сияқты мәселелерді қарастырды. Оның пікірінше, оқу, білім алу, ғылым адамы болу, адамгершілік және тәрбие мәселерімен тығыз байланысты. Мәселен, «Философияны үйрену үшін алдымен нені білу қажет» деген еңбегінде Фараби ең бірінші шарт ретінде адамның жан тазалығын, ар тазалығын қойған: «Ғылым үйренуге кіріспекші кісінің жас мөлшерінің маңыздылығын, кішіпейіл, денсаулығының жақсы болуы қажет деп таниды. Сондай-ақ білімге ден қойған адам қулық-сұмдықтан және басқа да ағат мінез-құлықтан аулақ болуы керек» дегенді ұстанады.

Әл-Фарабидің «Сөз ғылымдарының классификациясы туралы» деп аталатын трактаты: «Тіл туралы ғылым», «Логика», «Математика», «Табиғат ғылымдары және тәңірлік ғылымдар», «Азаматтық ғылым, заң ғылымдары және догматикалық діни ғылым» деп аталатын 5 тараудан тұратыны белгілі. Осы тарауларда көрсетілген ғылым салаларының түрлеріне ерекше мән берген және олардың әрқайсысы тұлғаның даму кезеңінде айрықша орын алады деп тұжырым жасаған. Осы трактаты туралы ғалымның өзі: «Бұл кітаптағының бәрі пайдалы, себебі адам осы ғылымдардың бірін қарастырып, зерттегісі келсе, онда неден бастаудың, нені зерттеудің қажеттілігін, зерттеу үшін ненің жарамсыз екендігін және оған қай дәрежеде қол жеткізе алатындығын білетін болады. Сөйтіп, оның ғылымға баратын жолы қараңғылық пен надандыққа емес, білім мен парасатқа негізделетін болады», - деп жазды.

Оның «Философтардың қойған сауалдарына жауаптар» деп аталатын еңбегінде педагогикаға, оқу мен оқытуға, білім беру мен оны игеру мәселесіне көп көңіл бөледі. Мәселен, оқып-үйренуге жаттап алу дұрыс па, жоқ түсініп алу дұрыс па деген сұраққа Фараби: «Түсініп алған дұрыс, өйткені барлығын жаттап алу мүмкін емес, оларды белгілі бір байланыстары арқылы ойда топтастыру пайдалы», - деп жауап береді [2].

Физика саласындағы көрнекті еңбектерінің бірі – «Вакуум туралы» еңбегінде вакуумға қатысты мәселелерді физиканың басқа да заңдылықтарымен (дененің ұлғаюы не кішіреюі, түсірілген кернеу берілуі, т.б) қарастырса, ал «Алхимия өнерінің қажеттігі туралы» атты трактатында алхимияны белгілі бір зерттеу пән ретінде жаратылыс ғылымының бір саласы деп қарастырады. Бұдан басқа, «Жануарлар ағзалары», «Темперамент туралы» еңбектері медицина саласының теориясын анықтауда, міндеті мен мақсатын айқындаудағы баға жетпес тұжырымдамалар деуімізге әбден болады.

Ғұламаның астрология саласында жазған «Астрологиялық болжамдарда не дұрыс, не теріс» деп аталатын трактатында аспан әлеміндегі жұлдыздардың орны, түр-түсі, қозғалысы т.б. көрінерлік қасиеттеріне сүйене отырып, жер бетіндегі оқиғалардың, адам өмірінің болашағын болжауға болады деген күмәнді пікірлерден астрономияны бөліп қарайды. Шындығында астрономия ғылымын өз алдында зерттелуі кенжелеп қалған, бірақ нақты математикалық есептеулерге сүйене отырып теориялық ой қалыптастыруға болатын ілім ретінде қарауымыз қажет.

«Білік біліп- төрден орын аларсың,
Білік білсең – күшті, берік адамсың.
Біліксіз тіл, жүрек неге жарасын,
Жанды судай біліктен күш табасың.
Қанша білсең, ізден тағы, тағы да,

Білікті адам жетер тілек, бағына», - деген жыр жолдары педагог ойшылдың білім мен ғылымның жетістігін, адам өміріндегі алар орнын меңзеп қана қоймай, қанша білсеңде тоқтамай , үнемі ізденісте бол, өзінді дамытуға күш жұмса деген тұжырымдары қазіргі білім беру жүйесінің мазмұнымен астасып жатқандай...

Ұрпақ бойына ғылым мен ілімді сіңіруші ұстаз қандай болуы керек деген сұраққа: «Ол тым қатал болмауы тиіс, тым ырыққа да жығыла бермеуі керек, өйткені тым қаталдық шәкіртті өзіне қарсы қояды, ал тым ырыққа көне беру-ұстаздың қадірін кетіреді. Оның берген сабағы мен ғылымына шәкірт селқос қарайтын болады», - деген болатын. Шындығында, ұлы ойшылдың тілімен айтқанда, ұстаз – тамшымен тас тесетіндей бейне бір мөлдір су тәрізді болуы шарт. Сонда ғана ұстаз қауымы ерекше бір ұстамдылықпен, іскерліктен шәкірт жүрегіне жол таба алары сөзсіз.

Әл-Фараби дарынды шәкірттерді білім-ғылымды игеруге шақырып қана қоймай, өз заманындағы ғылымдарды қандай ретпен, қандай мазмұнда, қандай әдістермен оқыту қажеттілігін шешіп беруге тырысты.

Ұлы ойшылдың дидактикасында оқытудың екі негізгі формасы бар:



Әл-Фарабидің қарастырған сендіру, көз жеткізу әдістері бүгінгі күні қолданып жүрген эвристикалық әңгіме, дәріс, проблемалы оқыту, дидактикалық көрнекіліктерді тиімді пайдалана білу әдістеріне сәйкес келеді [3].

Жалпы алғанда, ұлы ойшыл, ғұлама Әл-Фарабидің педагогикалық ой-тұжырымдары заманауи педагогиканың, ілім мен ғылымның дамуына оң ықпалын тигізері сөзсіз.

Библиографиялық тізім:

1. Сүлейменов П.М. Әл-Фарабидің білім және білімді меңгерудің маңыздылығы туралы ойлары. Алматы, ҚАЗҰУ хабаршысы, 2016, 85-89 б.
2. Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. Алматы, 1973, 115-116 б.
3. Ғ.М.Мұтанов, Ж.С.Сандыбаев. Әбу Насыр әл-Фарабидің ақыл-ой пікірлері мен нақыл сөздері. Жинақ., Алматы: Қазақ университеті, 2020, 197-233 б.

БИТОРИНОВА КАМАЛ АМАНБЕКҚЫЗЫ

ШҚО, Аягөз қаласы

«№10 қазақ мектеп - гимназиясы»

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

«ШЫН БІЛІМ-АҚИҚАТ, АНЫҚ БІЛІМ»

Адамның көңілі шын мейірленсе, білім - ғылымның өзі де адамға мейірленіп, тез қолға түседі. Шала мейір шала байқайды.

Абай Құнанбайұлы

Білім - асыл қазына. Адам өмірінің соңына дейін білім алады, ал кейде тіпті оның өзі аз болады. Адам қаншалықты білімді болса, соншалықты бай-қуатты болады. Адамның білімсіз өткен бір күні бос күні. Батыл бірді жықса, білімді мыңды жығады. Білім адам бойына біткен ең мықты қару. Адамзаттың жетер ең биік шыңы білімді толық меңгерген күні.

Қазіргі таңда білім беру саласында күрделі өзгерістер мен жаңашылдықтар болып жатыр. Бұндай өзгерістер болашақ ұрпаққа сапалы білім берумен байланысты. Еліміздің болашағы жастарда екені біздерге мәлім. Осы ұрпақты саналы да сапалы етіп тәрбиелеу ұстаздардың еншісінде. Мұғалім оқушыға білім беру мен қатар тәрбиелеп, сауатты тұлға болып қалыптасуына, әлеуметтік ортаға бейімдейді. Сондықтанда мұғалімдер білім беру жүйесінде, қоғамда, әлемде болып жатқан өзгерістер мен жаңашылдықтардан тыс қалмауы кажет. Сабақтарды заманауи үлгіде өткізу мақсатынды ұйымдастырылған. Білім сонау ғасырлардан адам баласына танылған. Күллі адамзат өмірін білімге арнайды. Себебі білім ұрпақтан ұрпаққа берілетін шежіре, тарих, өнеге, тәрбие! Жас ұрпақтың білімге деген қызығушылығы қашан да жоғары. Адамдар бір орында тұрған жоқ, жылдан жылға түрлі технологиялар, жаңа білім бағдарламалары ойлап табылып, білім сапасы артуда.

«Білім алудың тамыры ащы, бірақ жемісі тәтті», - деп бірінші ұстаз Аристотель айтқандай, білім мен өнер сіздің болашағыңыздың жарқын болуына бірден-бір кепіл. Білім жайында жер бетіндегі ақын-жазушының бәрі де қалам тербеді. Ұлағатты ой айтып, нақыл, қанатты сөздері бізге мұра болып қалды.

Мұғалім оқушыға білім берумен қатар тәрбиелеп,сауатты тұлға болып қалыптастыруына,әлеуметтік ортаға байімдейді.Мұғалім оқушыға білім беріп,сауатты тұлға қалыптастырумен қатар жан-жақты дамытып,әлеуметтік ортаға бейімделген азамат тәрбиелейді.

Мұғалім- елдің болашағын көркейтп, рухын биікке көтеретін, жас ұрпақты тәрбиелейтін жауапкершілігі мол киелі мамандық.Ондай мамандық иесі әрқашан да өресі биік болып, сөйлеген сөзінен, ойлар ойынан маржандай тізілген ілтипат пен парасаттың өрнектері, әсемдік әлемі көрінетін, көкірегі жақсылыққа толы, мейірімді, білімі біліктілікке ұласқан ізденімпаз, елжанды, адамгершілігі жоғары адам болу керек.

Мұғалімқызметінің ерекшелігі көптеген мамандықтар секілді

педагогтың қолында өлшеуіш немесе басқаша айтқанда приборлар жоқ. Оның ең басты жұмысы – оқыту мен тәрбиелеу барысында пайда болған қарым-қатынасты шынайы басқару. Мұғалім көптеген нақты жағдайда қысқа уақыттың ішінде ең дұрыс педагогикалық шешімді шынайы таба білуі тиіс, ал мұның өзі әрқашан күрделі. Түптеп келгенде, қоғам мұғалімге ерекше жауапкершілік жүктейді. Мұғалімге үйретуге ең көнгіш кезіндегі адам сеніп тапсырылады. Мұғалім баланың білімін, икемділігін, әдетін, мұратын және өмірлік мақсатын қалыптастырады. Мұғалім мәртебесін көтеретін – мұғалімнің өзі ғана. Кәсіби жақтан жоғары білікті, өзінің шығармашылығы мен біліктілігін үнемі көтеріп отыратын жаңашыл, жаңалыққа жақын мұғалім ғана қоғамда жоғары мәртебе иесі болып, беделі асатындығы рас.

Қорыта айтқанда, мұғалімнің басты қызметі жаңа қоғамға шынайы сай білімді, көкірегі ояу, тәрбиелі, әр уақытта еліне қызмет ететін, оңды-солын білетін жақсы азамат қалыптастыру. Ал, мұғалімнің негізгі міндеті – қазіргі кездегі жаңа оқыту мен тәрбиелеу технологияларын меңгеріп, өз кәсібін әрі қарай дамыту.

ВЛАСЕНКО ЕЛЕНА ВИКТОРОВНА

*учитель-исследователь,
СШ №16 им.Т.Айбергенова г.Нур-Султан*

АЛЬ-ФАРАБИ О ГОСУДАРСТВЕ, КАК СОЦИАЛЬНО-ПОЛИТИЧЕСКОМ ИДЕАЛЕ

В статье представлены проблемы о социально-политическом идеале государственного устройства общества, на основе анализа взглядов Аль-Фараби в «Трактате о взглядах жителей добродетельного города» и современного мира.

На Генеральной конференции ЮНЕСКО, прошедшей в парижской штаб-квартире организации в ноябре 2020г, представители 193 государств приняли специальную резолюцию о включении в международный календарь памятных дат на следующий год(2021г) 1150-летия великого ученого и философа Абу Насра Аль-Фараби.

Аль-Фараби воплотил в себе энциклопедические знания как филолог, физик, химик, философ, теоретик музыки и исследователь проблем общественного устройства.

Труды Аль-Фараби по политической этике и философии о категории добра, занимают центральное место в его этической концепции, они остаются в категории вечных человеческих ценностей не только для Раннего Средневековья и Европейского Возрождения, но и для современного мира.

Социально-этические трактаты Аль-Фараби: «Трактат о взглядах жителей добродетельного города», «Книга о достижении счастья», «Указание путей счастья», «Гражданская политика», «Книга изучения общества», – это настоящие актуальные пособия для создания добродетельного общественного устройства.

В Стратегии глобального развития Казахстана подчеркивается, что сегодня Казахстан является «успешным государством, имеющим свое лицо, свои особенности и свою позицию». «Наша главная цель – говорит экс-президент нашей страны Н.А. Назарбаев, – к 2050 году создать общество благоденствия на основе сильного государства, развитой экономики и возможностей всеобщего труда» [1, с. 60]. Таким образом, государство становится главным действующим лицом в развитии современного Казахстана.

Рассматривая проблему **государства, как социальнополитического идеала**, сформулированного в прошлом, назревает вопрос о том, насколько полезными могут быть идеи прошлого применительно к тем формам государства, которые существуют в современном мире, и чем они могут быть полезны? Изложенное Аль-Фараби видение «Добродетельного города» – это идеал. Следовательно, это – понимание того, каким должно быть государство, чтобы его граждане были счастливы, а оно процветало и благоденствовало, каким должно быть управление в нем, чтобы благо всех поддерживалось благом каждого, и каким должен быть правитель такого государства.

«Истинным правителем, – утверждал Аль-Фараби, – является тот, кто в искусстве, посредством которого он управляет городами, ставит целью и предметом стремления создание для себя и остальных горожан подлинного счастья, которое является пределом и целью искусства правления» [3, с. 306]. Поэтому глава Добродетельного города управляет не согласно собственному волеизъявлению и прихоти, а согласно божественному закону, руководствуясь достижением счастья, смысл которого постигается в формах рациональности, и глубокого просвещения всех слоев общества. Такое управление принимается обществом в качестве нормы, закона, декларируемого от имени обладающего истиной и ведущего всех граждан государства к счастью. Мыслитель говорит в трактате о первом главе города - он , должен обладать шестью качествами: быть мудрым, проницательным, знающим, изобретательным, коммуникабельным, уметь защитить народ. В современном мире – это Президент. Форма правления - республика.

Наш президент К-Ж Токаев в последнем Послании народу Казахстана подтвердил из далекого прошлого слова Аль-Фараби:«**Сильный Президент – влиятельный Парламент – подотчетное Правительство**». Эта формула политической системы является **основой стабильности** государства. Наша общая задача – воплотить в жизнь концепцию «**Слышащего государства**», которое оперативно и эффективно реагирует на все конструктивные запросы граждан. Только путем **постоянного диалога** власти и общества можно построить гармоничное государство, встроенное в контекст современной геополитики».[2]

Фараби так же описывает идеальную структуру государства: первый, второй глава государства, о добровольном выборе власти народом. В современном обществе: Это Президент, Премьер-министров, народные выборы.

Многие историки, философы взгляды Аль-Фараби в «Трактате о взглядах жителей добродетельного города» считают утопическими, например: что в «добродетельном городе», каждый житель будет заниматься любимым ему делом

– «...если хочешь, будешь портным, сапожником или правителем». Но, мыслитель, указывает, чтобы быть сапожником, правителем нужно овладеть данным мастерством. Он, так же указывает, на то, что человек должен стремиться к совершенству, т.е. должен постигать азы данных знаний.

В «Трактате о взглядах жителей добродетельного города» Аль-Фараби показывает социально-политический идеал, раскрывая, путь человека к счастью, его духовному развитию, устремлениям человека к идеалу и совершенству. Счастье, которого можно достигнуть лишь при помощи разумного познания. «Город, в котором объединение людей имеет своей целью взаимопомощь в делах, коими обретается истинное счастье, является добродетельным городом, и общество, где люди помогают друг другу в целях достижения счастья, есть добродетельное общество. Таким же образом, вся земля станет добродетельной, если народы будут помогать друг другу для достижения счастья». [3, с.310] Дальновидный взгляд мыслителя предвидел создания международных организаций, таких как ООН, ОБСЕ, МОТ, МОЗ и др., которые борются за мир во всем мире и созидание.

Сегодня человечеству предстоит освоить уроки Аль-Фараби, вернуться к истокам великого гуманизма в построении общего будущего. В Казахстане имя Аль-Фараби носит крупный казахстанский университет — КазНУ. Во многих городах Казахстана есть улицы, названные в его честь.

Список литератур:

1. Стратегия 2050 – Назарбаев
2. Послание президента народу Казахстана. от 13.03.2021г.
3. Ш.Е.Есенов и др. Аль-Фараби .Философские трактаты. АН КазССР. Институт философии и права, 1972г.
4. Фараби. Трактат о взглядах жителей добродетельного города // Григорян С.Н. Из истории философии Средней Азии и Ирана VII-XII вв. М.: Изд-во АН СССР, 1960, с.156-195
5. Кенисарин А. М., Нысанбаев А. Н. Становление историко-философских идей в учениях Аристотеля и аль-Фараби // Вопросы философии. — 2005. — № 7. — С.136-145.

ДАУРЕНБЕКОВА МАХАББАТ БЕЙСЕНБАЕВНА

*Жамбыл облысы, Т.Рысқұлов ауданы,
Қарақат ауылы, №2 шағын орталықтың
орта мектебі*

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ - ҰЛЫҚ ТҰЛҒАСЫ

«Әлемнің екінші ұстазы» атанған күллі түркі жұртының бас ойшылы Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдығы ЮНЕСКО көлемінде, Абай Құнанбаевтың туғанына 175 жылдығы мемлекеттік деңгейде тойланып жатыр. Сондай-ақ,

еліміздің Тұңғыш Президенті, Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев халқымыздың тарихтан тағылым алып, ұлы бабаларымызды әрдайым ұлықтай білгенін айтып, мұралары «Рухани жаңғырудың» маңызды бағдарына айналуы қажет екенін атап өтті. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та Абай мен әл-Фарабидің мерейтойының маңыздылығы туралы айта келіп: «Біз үшін бұл мерейтойлардың маңызы ерекше. Тарихи датаны ақыл-парасатпен, жоғары деңгейде өткізуге баса мән беру керек. Негізгі мақсат – ұлы тұлғалардың тағылымын жастардың санасына сіңіру, ұлы тұлғаның ой-толғамдарын кеңінен дәріптеу. Үкіметке қажетті шаралар әзірлеуді тапсырамын», — деді. Мектептерде оқыту үдерісінде пәндерді оқытуда ұлы ғалымның тұжырымдамаларын ұлттық құндылықтар ретінде тақырыптармен байланыстыра білсек дұрыс болар еді... Қазіргі күні ауданымыздағы мектептерде мерейтойларға байланысты әртүрлі тақырыпта мазмұнды іс-шаралар белсенділікпен ұйымдастырылып, жоғары деңгейде өтуіне ұстаздар қауымы жұмыла атсалысуда. әл-Фараби антикалық мұраны игеріп, оны араб-мұсылман мәдениетінің гүлденуіне жұмсап, үлкен екі жаңалық ашқан ғалым.

Әбу Насыр әл-Фараби (870— 950) — қыпшақ даласынан шыққан ұлы энциклопедист ғалым, астролог, музыка теоретигі. Ол әскербасының отбасында дүниеге келген. Отырар медресесінде, Шам, Самарқан, Бұқара, кейін Харран, Мысыр, Халеб (Алеппо), Бағдат шаһарларында білім алған. Ол түркі ойшылдарының ең атақтысы, әлемдегі екінші ұстаз атанған ғұлама. Оның заманы “Жібек жолы” бойындағы қалалардың, оның ішінде Отырардың экономикасы мен мәдениетінің дамыған кезіне дәл келеді. Орта Азия, Парсы, Иран, араб елдері қалаларына жиһанкездік сапарлар жасап, тез есейген ол көптеген ғұламалармен, ойшыл-ақындармен, қайраткерлермен танысып, сұхбаттасады. Тарихи деректер бойынша 70-ке жуық тіл білген. Өздігінен көп оқып, көп ізденген ойшыл. Философия, логика, этика, метафизика, тіл білімі, жаратылыстану, география, математика, медицина, музыка салаларынан 164 трактат жазып қалдырды. Шығармаларында көне грек оқымыстыларының, әсіресе, Аристотельдің еңбектеріне талдау жасады. (Аристотельдің “Метафизика”, “Категория”, “Бірінші және екінші аналитика” сияқты басты еңбектеріне түсіндірмелер жазған.) Адамның өз болмысын өзі танып-білуіне философиялық тұжырымдар жасаған. Бұл мәселені логика, этика, педагогика тұрғысынан кеңінен саралап, өзара сабақтастықта қарастырады. Ол рухани бастауларды жан-дүние үндестігінен, әдеміліктен, қанағаттанудан, бақыттан іздестірді. “Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы”, “Мемлекет қайраткерлерінің қанатты сөздері” және т.б. еңбектері бар. Ғылымдардың шығуы” деп аталатын трактатында математиканың шығу тегі мен себептерін ашуға тырысады. Астрономияға байланысты еңбектеріне “Алгебрге түсініктеме”, “Геометриялық фигуралардың егжей-тегжейі жөнінде табиғи сырлары мен рухани әдіс-айлалар кітабын” жатқызуға болады. Арифметика саласында “Теориялық арифметикаға қысқаша кіріспе”, физика саласында “Вакуум туралы”, медицина саласында “Адам ағзалары жөніндегі Аристотельмен алшақтығы жөнінде Галенге қарсы жазылған трактат”, музыкаға байланысты “Музыканың ұлы кітабы” еңбектері әлемді мойындатқан дүниелер.

Біріншіден, әл-Фараби антикалық заман мен исламды өзара жақындастыра синтез жасап, жаңа бір мәдениеттің өркендеуіне жол ашты. Келесі кезекте ол грек ойшылдарының асыл мұрасын жаңғыртты. Сөйтіп, шығыста үлкен қозғалыс, жаңа бағыттар басталды. Араб-мұсылман мәдениеті негізінде антикалық дәуірдегі шешілмеген мәселелерді шешіп, оны ілгері дамытты. Барлығымызға мәлім, әл-Фараби өмір сүрген уақыт ерекше кезең ретінде аталады. Отырар өлкесінде әл-Фарабиге дейін ойшылдар өте көп болса, оның өз заманында да ғұламалар аз болмаған. Ол жастайынан туған өлкесінде білім алып, Отырар кітапханасында отырып, шаң басқан қолжазбаларды ақтарып, көз майын тауысып, талмай кітап оқып, оқу-білімге ерте құмартқан. Отырар кітапханасына алыс-жақын елдерден керуенмен сан түрлі кітаптар ағылып келіп жататын. Әл -Фараби өмір сүрген ІХ-Х ғасырларда Отырар өркениетінде рухани мұра жоғары бағаланған. Араб-

Мысыр әлемінде Александрия кітапханасының шоқтығы биік. Одан кейінгі орынды Отырар кітапханасы иеленген. Сол кітапханадан әл-Фараби жиырма жасқа дейін тәлім-тәрбие алып, ондағы бар кітаптарды, трактаттарды оқып, зерттеген. Одан кейін білімін толықтыру үшін керуенге ілесіп, араб еліне аттанады. Бағдад, Дамаск сынды өркениеті дамыған ірі шаһарларда болып, артында ғылыми-зерттеу еңбектерін қалдырған. әл-Фарабидің дүниетанымына келетін болсақ, кеңестік дәуірде оны маркстік-лениндік, атеистік дүниетанымға алып келді. Бірақ шын мәнінде әл-Фараби ислам руханиятындағы айтулы тұлға болған. Ол – әлем мойындаған философ, Платон мен Аристотельдің еңбектерін шығыс, араб-мұсылман әлеміне таратқан үлкен ғұлама. Екіншіден, әл-Фараби – үлкен ғалым. Оның философиялық көзқарасы өте күрделі. Қазақ даласында оған дейін де ғұлама ойшылдар көп болған. Мысалы, гректерді өнерімен тәнті еткен, аузымен құс тістеген шешен Анахарсидтің өзі бір төбе болса, Тоқсары, Тоныкөк, қобызымен кең дүниені күңіреткен Қорқыт Ата және басқа да ойшыл данышпандар болған. Осының бәрі – ғұлама ғалымның бастау алған қайнар көздері. Әл-Фарабидің ашқан ең үлкен жаңалығы – антикалық мұра мен исламды біріктіре мәдениет жасауында. Сондықтан әл-Фарабидің қайнар көздерін айтқанда міндетті түрде тек шығыс пен батыс, гректің ғана емес, оның қазақтың құнарлы топырағынан түлеп ұшып, Отырар өркениетінен нәр алғанын ұмытпауымыз керек. Ғалым араб елінде аты шығып, «Шығыстың Аристотелі» атанып, артында мол мұра қалдырған. Сөйтіп сексен жасқа келгенде өмірмен қоштасады. Ол: «Мен Қыпшақ елінен ешқандай атақ-даңқ іздеп келген жоқпын. Мен білім іздеп келдім, сол білімді араб елінен таптым, бірақ менің Қыпшақ еліне сүйіспеншілігім шексіз», — деп өзінің туған жерге деген сағынышын өлеңге түсірген. Ол керемет әнші болып, қобызда да ойнаған. Қобыз аспабын жасап, күй тартқан Қорқыт Ата дейміз. Шын мәнінде Қорқыт Атадан кейін әл-Фараби де қобызды дамытып, оның құлағында ойнаған күйші, ойшыл, көп тілде сөйлеген ғұлама адам болған. Ол – қазақ өркениетінің, музыка философиясының негізін қалаған, күллі түркі дүниесіне ортақ тұлға. әл-Фараби мұрасы түркі халықтарын біріктіретін рухани негіз деп айтуға болады. Қазіргі уақытта әл-Фараби ойларының өзектілігі қайтадан арта түсуде. Оның көзқарасында саясат, дін және бақыттың өзара терең қатынасы көрсетілген.

Әл-Фараби басқаруды қайырымды және қайырымсыз деп екіге бөлді. Қайырымды, білімді, мәдениетті басқару – халықты бақытқа бастайды, олардың ісәрекетін, ерік-қасиетін осы жолға бағыттайды. Ол үшін басқару заң күшіне, игі тәжірибеге негізделуі тиіс. Ал қайырымсыз, надан басқаруда теріс әрекеттер мен жаман қасиеттер бой алады. Сондықтан ол надан адам басқарған, озбырлыққа сүйенген, қайырымсыз, қатал мемлекеттік тәртіпті өткір сынайды. Осы еңбегінде ол «Бақыт дегеніміз – игіліктердің ішіндегі ең қадірлісі, ең үлкені және ең жетілгені. Артынан мадақтауға немесе жазғыруға болатын жағдайларда адам бақытқа жете алмайды. Әрекетіміз дұрыс болуы үшін біздің соған баратын жолымыз қандай болуы керек екенін, ал ойдағыдай болуы үшін жанымыздың аффектісі қандай болуға тиіс екенін және жақсы ақыл-парастқа жету үшін ол парасат қандай болуға тиіс екенін анықтап алуға тиіспіз» деп атап көрсетеді және әр адамның оған толық құқығы бар дейді. Мұндай қалалардың басқа қалалардан басты айырмашылығы 33 және негізгі белгісі-жоғары тәртіп пен оның тұрғындарының мәдениеттілігі, сыпайыгершілігі және билеушілерінің қайырымдылығы, ақыл-парасаты. Сондықтан әл-Фараби бұндай қалалардың өмір сүруі өзінің білгірлігі мен ұстамдылығына толық жауап бере алатын билеушіге тікелей байланысты деп тұжырымдайды. Ізгілік - адамның басты құндылығы. «Кісіге екі дүниеде пайдалы нәрсе: ізгі іс немесе мінезі түзулік. Екіншісі - ұят, үшіншісі - әділдік. Бұл үшеуі арқылы адам шын бақыт табады»-, дейді Жүсіп Баласағұн. Сіздергеде қызметтеріңіз ізгі, бақытқа әкелсін.

Қорытындылай келе, біріншіден, әл-Фараби ұлы ғалым, екіншіден, өнер әлемін, оның ішінде музыка дүниесін терең зерттеген адам, үшіншіден ол — сөзсіз дін әлемінің басты тұғырнамаларын философиялық тұрғыдан негіздеген, осы бағытта көптеп еңбек еткен ұлы даланың ұлық тұлғасы.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Бұлұтай М. Ата-баба діні. А., 2000. 285 б.
2. Аль-Фараби. Трактаты о музыке и поэзии. А., 1993, стр. 368.
3. Исламова Л.А. Эстетические идеи в произведениях аль-Фараби // Аль-Фараби и развитие науки и культуры стран Востока. А., 1974, стр. 92.
Аль-Фараби. Трактаты о канонах искусства поэзии // Трактаты о музыке и поэзии. А., 1993, стр. 344.
4. Медетбаев Т. Әл-Фарабидің әдеби мұралары // Наследие аль-Фараби и мировая культура. А., 2001, стр. 451.
5. Аль-Фараби. Трактаты о канонах искусства поэзии // Трактаты о музыке и поэзии. А., 1993, стр. 348-351.
6. Бурабаев С. Философия искусства Абу Насра аль-Фараби // Аль-Фараби. Трактаты о музыке и поэзии. А., 1993, стр. 42.
7. Қасымжанов А., Әлімов А. Әл-Фараби // Қазақ. А., 1994. 115 б.
8. Гафуров Б.Г. Аль-Фараби в истории культуры. М., 1975, стр. 169.
9. Машанов А. Әл-Фараби және Абай. А., 1994. 192 б.
10. Бурбаев Т. Ұлт менталитеті. Астана, 2001. 96 б.
11. Дербісәлиев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары. А., 1995. 32 б.
12. Көбесов А. Әбу Насыр әл-Фараби. А., 2004. 106 б.

13. Нысаналин А. Өлең өнерінің қағидалары туралы трактат. Өлеңдер //
14. Қыраубаева А. Ежелгі дәуір әдебиеті. А., 1991. 84 б.
15. Кенжетай Д. Қожа Ахмет Йасауи дүниетанымы. Түркістан, 2004. 150б.
16. Дербісәлиев Ә. Әл-Фараби эстетикасы. А., 1980. 49б.

ЖАКУПОВА ГУЛЬНАРА АМАНГЕЛЬДИНОВНА

*Нұр-Сұлтан қаласы Республикалық
физика-математика мектебі
КеАҚ филиалының
математика пәні мұғалімдері*

ПРИМЕНЕНИЕ ТРУДОВ АЛЬ-ФАРАБИ НА УРОКАХ ГЕОМЕТРИИ

В статье излагаются вычислительные алгоритмы геометрических построений аль-Фараби. Выявляются возможности использования в современном математическом образовании алгоритмического подхода при обучении решению математических задач.

Ключевые слова: геометрическое наследие аль-Фараби; вычислительные алгоритмы; геометрическое построение с помощью циркуля и линейки; математическое образование.

В настоящее время, мы стали свидетелями инновационного развития казахской науки и образования. В особенности стремительно растёт и укрепляется система общеобразовательных учреждений Республики Казахстан. Генеральным обстоятельством является то, что изменения в обществе, оказывает своё влияние на ситуацию и в образовательной системе, которое может обеспечить ускорение темпов роста. А, это означает, что общеобразовательное учреждение должно, готовить своих подопечных к жизненным обстоятельствам. В этой связи очень важно, не столько передать ученику объёмный багаж знаний, сколько обеспечить его общекультурное, личностно-познавательное развитие, «вооружить» и настроить его на самообразование а также повысить желание к добровольному освоению образовательных программ..


Труды Аль-Фараби по математике заслуживают глубокого внимания и изучения школьниками и студентами в Казахстане. В контексте Государственных программ «Мәдени мұра», «Рухани жаңғыру» и 1150-летия Абу-Насыр Мухаммад Ибн-Мухаммад Ибн-Тархан ибн-Узлаг аль-Фараби, отмечаемого под эгидой ЮНЕСКО в 2020 году. В последние годы большое внимание уделяется дальнейшему изучению математического наследия аль-Фараби, изданию и переводу трудов ученого на казахский и русский языки.

Математическое наследие аль-Фараби достаточно хорошо изучено Ауданбеком Кубесовым (1932-2008 гг.), которой является крупным ученым в области истории математической науки и педагогики исламского Востока. Исследуя богатое научное наследие аль-Фараби, А. Кубесов опубликовал более 200 научных, научно-познавательных работ и переводов с арабского языка. Его

труды «Математическое наследие аль-Фараби», «Математические трактаты» оцифрованы в Мичиганском университете (2007 г., 2010 г.), а «Комментарии к «Альмагесту» Птолемея» - в Калифорнийском университете (2008 г.) [1, 4].

Аль-Фараби уделил основное внимание алгоритмам геометрических построений, что соответствует общей характеристике математики средневекового Востока, которая, в основном, была прикладно-вычислительной. Как известно, алгоритмы геометрических построений как алгоритмы для решения геометрических задач изучаются в вычислительной геометрии, которая является разделом современной информатики. Так что есть основание считать, что в трактате рассматривается начало современной вычислительной геометрии.

Информатизация современного общества оказывает влияние на все сферы общественной жизни, в том числе и на образование. Происходящее в настоящее время изменение образовательной парадигмы, направленное на обеспечение развития и саморазвития личности учащегося, влечет не только появление новых предметов изучения, но и изменение подходов к изучению геометрии. Геометрические задачи на построение являются важными разделами школьного курса, которые очень важны при изучении геометрии. В обучении математике заложены огромные возможности для применения компьютерных технологий и мультимедийных средств. Обучение школьников 7-9 классов тригонометрии и геометрии возможно в следующих компьютерных программах: «Живая геометрия»; «Poly»; «Winggeom»; «GeoGebra»; «Geometric Constructions».



Интерактивные геометрические среды позволяют создавать качественные планиметрические и стереометрические чертежи. Реализация этих алгоритмов осуществлена на базе среды JavaScript и HTML5. Построение многоугольников, стороны которых могут быть построены с помощью циркуля и линейки ($n=3,4,5,8,10$)

Как известно, Евклид не рассматривал построение правильных многоугольников (при $n=7,9,11,13,14$), не осуществимое только циркулем и линейкой. А Аль-Фараби предлагает алгоритмы построения таких

многоугольников (в случае аль-Фараби $n = 7,9$) приближенно с некоторой точностью, хотя он не отмечает приближенного характера своих построений.

Приближенность этих алгоритмов показана при исследовании математической обоснованности их, а для остальных n предложенные аль-Фараби алгоритмы построения многоугольников не вызывают затруднений и точны. Аль-Фараби в работе приводит два способа построения трисекции угла. Они носят приближенный характер.

Алгоритмы построения трисекции угла в трактате описаны следующим образом: «Если он сказал: как разделить угол ABC на три равные части, то если угол прямой, построим на линии BC равносторонний треугольник DBC . Тогда угол ABD – треть прямого угла. Разделим угол DBC пополам. Вот рисунок этого» (рис. 2).




Рис. 2. Построение трисекции прямого угла

Если угол меньше прямого угла, то «построим острый угол – угол ABC и, если мы хотим разделить его на три равные части, опустим из точки A перпендикуляр $АН$ на линию BC и проведем из точки A линию AD параллельно BC . Приложим линейку к точке B и будем двигать ее по линиям AD и $АН$ до тех пор, пока линия, которая находится между линиями AD и $АН$, не станет равной удвоенной линии AB . Это, например, линия DEB , так что линия DE – удвоенная линия AB . Тогда угол DBC – треть угла ABC . Вот рисунок этого» (рис. 3).




Рис. 3. Построение трисекции острого угла

Таким образом, например, наряду с заданием в виде алгоритмов геометрических построений отдельных многоугольников, удобных при обучении, могут быть приведены возможности алгоритмизации построения многоугольников высшего порядка с помощью построения многоугольников меньшего порядка.

Эти алгоритмические подходы позволяют геометрическим построениям Аль-Фараби в системе электронного обучения. При этом можно эффективно

осуществить и обучение математике – обучение учащихся построению многоугольников методами электронного обучения, с одной стороны, и обучение информатике – обучение алгоритмам построения отдельных многоугольников – с другой.

Литература:

1. Бидайбеков Е.Ы., Бостанов Б.Г., Камалова Г.Б. The mathematical heritage of Al-Farabi by A.Kubesov in modern conditions of educations // Материалы IX международного математического конгресса ISAAC. г. Краков, Польша, 5-9 августа 2013 г. - С.33-34.

2. Carry J. Tee (University of Aucland), Kubesov A.K. The Mathematical Heritage of al-Farabi (in Russian). Journal for the history of Arabic science. - No.1 (1978), pp. 150–153.

3. Rescher N. Al-Farabi: An Annotated Bibliography. University of Pittsburgh, 1962.

4. Кубесов А.К. Математическое наследие аль-Фараби. Алма-Ата, «Наука», 1974 г., 246 с.

5. Бидайбеков Е.Ы., Камалова Г.Б., Бостанов Б.Г., Джанабердиева С.А. Әл Фәрәбидің математикалық мұралары заманауи білім беру аясында // ҚазҰУ Хабаршысы. Саясаттану, философия, мәдениеттану сериясы. №2(51), Алматы. - 2015. - 50-57 б.

6. Аль-Фараби Математические трактаты. Алма-Ата, «Наука», 1972 г. - 318 с.

7. Курант Р., Роббинс Г. Что такое математика? (Элементарный очерк идей и методов) – 3-е изд., испр. и доп. – М.:МЦМНО, 2001. -586 с.

ЖОЛТАЙҰЛЫ ҚУАНДЫҚ
тарих пәні мұғалімі
СҚО, Ақжар ауданы,
Талшық орта мектебі КММ,
Талшық а.

ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ТРАКТАТТАРЫ МЕН НАҚЫЛ СӨЗДЕРІНЕ ТОҚТАЛУ ЖӘНЕ ТАЛДАУ

Мақалада Әбу Насыр Әл-Фарабидің әйгілі трактаттары мен нақыл сөздеріне талдау жасалынып, еңбектерінің тәрбиелік мәні қарастырылады.

Кілт сөздер: трактаттар, нақыл сөздер, ғылым-білім

Ұлы даланың ұлы тұлғасы, Аристотельден кейінгі әлемнің екінші ұстазы атанған Әбу Насыр әл-Фараби бабамыздың ұрпаққа мәңгі өшпестей мұра болып жеткен еңбектері бүгінгі таңға дейін құндылығын еш жоғалтқан емес. Ғұламаның еңбектері ғылымның сан саласын қамтыған, заманының озық ғылыми

жаңалықтарын топтастырған баға жетпес құнды еңбектер. Әбу Насыр әл-Фарабидің «Логика», «Метофизика», «Этика», «Саяси және әлеуметтік философия», музыка мен медицинаға арналған жүзден астам трактаттары сақталған. Әбу Насыр әл-Фарабидің трактаттарының нақты саны жайлы ғалымдардың арасында әліде қызу пікірталас туындауда. Мәселен Мориц Штейншнейдер 117 трактат жазды десе, түрік ғалымы Ахмет Атеш 160 трактат жазып қалдырған дейді, ал Тәжік ғалымы Ғафуров 200 трактат жазып қалдырған деген дерек келтіреді. Жалпылама деректерде Әбу Насыр әл-Фараби 150-дей трактат жазып қалдырған дейді. Ғалымдардың көпшілігі өздерінің зерттеулерінде 150-дей трактат жазып қалдырды деген байламға тоқталады. Ғұламаның нақты қанша трактат жазғаны әлі де зерттеуді талап ететін, түйіні шешілмеген мәселе. Ұлы ғалымның әйгілі еңбектері қатарына «Ізгі қала тұрғындарының көзқарастары жайлы трактат», «Музыка туралы үлкен трактат», «Риторика», «Поэзия», «Бақытқа жол сілтеу туралы трактат», «Логика», «Диалектика» атты еңбектерін жатқызуға болады. «Риторика», «Поэзия өнері», «Бақытқа жол сілтеу туралы» трактаттарында этикалық-эстетикалық мәселелерге көңіл бөліп, білім дәрежелерін саралап, солардың негізін дәлелдеп берді. «Логика» және «Диалектика» атты шығармасында әлемнің ішкі байланысын, дамуы қандай екенін түсіндіріп, әлемге паш етеді. Оның атақты «Музыка туралы үлкен трактат» деген шығармасы әлемнің көптеген тілдеріне аударылған. Әбу Насыр әл-Фараби Аристотельдің «Категория», «Бірінші және екінші Аналитика» сияқты фәлсафалық және логикалық шығармаларына түсіндірмелер жазған.

Ғылыми еңбектерінің ең әйгілісі «Ізгі қала тұрғындарының көзқарастары жайлы трактат». Ғұлама бұл еңбегін Бағдадта бастап, 942 жылы Шамда (Сирия) жалғастырып, 942-943 жылдары Дамаскіде аяқтайды. 948-949 жж. Мысырда бұл еңбегін қайта қарап, кітабын үлкен-үлкен алты бөлімге бөледі. Кітап алғаш рет 1895 жылы Лейденде («Бирбил» баспасы) басылып шықты. Нұсқаны баспаға әзірлеген арабтанушы ғалым Фридрих Дитрици. Әбу Усайба арқылы жеткен алты бөлімінің (фусул) жалғыз қолжазбасы 1961 жылы табылған. «Ізгі қала тұрғындарының көзқарастары жайлы трактат» атты еңбегінде ғалым қала басшыларын «қайырымды және надан» деп екіге бөледі. Қала тұрғындары қай кезде бақытты болады? Ғалымның пікірінше, бұл шаһардың әкімдеріне байланысты. Егер әкім білімді, әділ, ойы таза болса, барлық қала тұрғыны бақытты болады. Ал қаланың әкімі надан болса, өтірік айтса, шаһардың адамдары бақытсыз болады.

Әбу Насыр әл-Фарабидің нақыл сөздері бүгінгі таңға дейін өзінің тәрбиелік мәнін жоғалтқан емес. Нақыл сөздерінің философиялық мағынасына көз жүгіртсек тәрбиелік мәні зор екенін аңғаруымызға болады. Ғұлама бір сөзінде «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие беру керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы. Ол келешекте оның өміріне зиян әкеледі» дей келе адам өміріндегі тәрбиенің маңызына тоқталады. Дана халқымыз тәрбие тал бесіктен басталады деп бекер айтпаса керек, ұлттық тәрбиемен сусындап өскен жас ұрпақ болашақта елінің көшін өрге сүйрер азамат болары хақ. Ғұламаның ғылым, білім туралы айқан нақыл сөздері де аз емес «білімді болу деген сөздің мағынасы – белгісіз

нәрсені ашуға қабілетті болу деген ұғым» дейді ұлы бабамыз. Бүгінгі ғылым-білім қарыштап дамыған жаһандану заманында адамзат баласы белгісіз нәрсені ашуға ұмтылуда. Ғалымдарымыз ғылымға жаңа дүниелерді ұсынуда. Ақыл-ой бәйгесінде біреулер озып, біреулер көш соңында қалуда. Әбу Насыр әл-Фараби бабамыз осыны неше ғасыр бұрын болжап айтып кетті. Қоғамның дамуында білімнің алар орны қандай екенін айқындап берді. Жан-жақты дамыған, бойына көшбасшылық қабілеттерді дарытқан тұлғаның қоғамдағы рөлін ашып көрсетті.

Бір күні Әбу Насыр әл-Фарабиді шығыс әмірлерінің бірі сарайына арнайы шақырып, мынандай сауал қояды:

– Уа, Екінші ұстаз, менің мемлекетімнің болашағы қандай күйде болмақ? Болжамыңды естігім келеді, – дейді.

Сонда әл-Фараби: – Еліңнің болашағын білгің келсе, маған жастарыңды көрсет, содан кейін айтып берейін, – деген екен.

Еліміздің болашағы жастардың қолында. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев болашақ – білімді жастар қолында деген болатын. Жас мұраты білім, тәлім – талабы Өнер, оқу – жастықтың қару жарағы дегендей қазақ жастары білімді, парасатты, намысты болса еліміздің болашағы жарқын болмақ. Кезінде кемеңгер Әбу-Насыр әл-Фараби бабамыз 12 жасында ғылым білім қуып Бағдадқа келіп, әрі қарай Дамаск, Халеб, Каир, Шаш, Самарқан, Бұхара, Мерв, Нишапур, Рей, Хамадан қалаларында да болып, білімін жетілдірді. Бабамыздың бойындағы осынау ғылым-білімге деген құштарлық бүгінгі жастарымыздың бойынан табылса еліміздің болашақта көркейіп, гүлденері хақ. Әбу Насыр әл-Фараби бабамыздың еңбектері өскелең ұрпаққа кеңінен насихатталса нұр үстіне нұр болар еді.

Әдебиеттер тізімі:

1. А. Нысаналин Әбунасыр әл-Фараби. Трактат пен өлеңдер, 1974. 116 б.
2. Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. – А., 1972. 125 б.
3. Нысанбаев Ә. Ғылым тарихы және философиясы. Оқу құралы. Алматы: Эверо, 2013.Б.164.

ИХСАНГАЛИЕВА РИТА МИРАМГАЛИЕВНА

*Атырау қаласы, №14 А.Чехов атындағы
жалпы білім беретін орта мектептің
тарих пәні мұғалімі*

ШЫҒЫС РЕНЕССАНСЫНЫҢ ДАМУЫНА ИМПУЛЬС БЕРГЕН ҒҰЛАМА

Тарихта Ренессанстың негізгі екі түрі бар Батыс (Еуропалық) және Шығыс (Мұсылмандық). Шығыс Ренессансы IX—XII ғасырлардағы Үнді-Иран және Орта Азия халықтарындағы философиялық ойдың шарықтауымен, әдебиеттің, гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдарының, медицинаның өркендеуімен

ерекшеленеді. Шығыс Ренессансы Пиренейден Үндістанға дейін, Египет пен Арабия түбегінен Тянь-Шянь тауларына дейінгі ұлан ғайыр аумақты қамтыды.

Шығыс Ренессанстың проблемаларымен Н.И. Конрад, В.М. Жирмунский, В.К. Чалоян, Ш.И. Нуцубидзе, А.Ф. Лосев және басқа да ғалымдар айналысты. Олардың зерттеуіне сәйкес, Шығыс Ренессансы Еуропалық ренессанс дәуірін жалғаушы, әлемдік ренессанстың бастамасы болды.

Шығыс және Батыс Ренессанс дәуірлерінің ұқсастығы туралы мәселені ХХ ғасырдың 30-шы жылдары кейбір зерттеушілері алғаш көтерген болатын.

Кейбір авторлар Ренессанс – бұл Еуропада ерте капиталистік қатынастар кезеңінде пайда болған нақты дәуір, ал басқалары Ренессанс локальды емес, тарихи құбылыс деп санайды. Біз екінші көзқараспен келісеміз.

Шығыс және Батыс (Еуропалық) Ренессанстың кейбір ұқсастықтары бар. Мәселен, шығыста да, батыста да Ренессанс белгілі бір жолмен ежелгі дәуірмен, грек ғылымының өзіндік эллинистік философиясымен жаңаруымен байланысты. Екеуі де мәдени дамудың жоғары деңгейімен, әлеуметтік өмірдің әлеуметтік-экономикалық негіздерімен және Шығыс Ренессансы үшін де, Еуропа Ренессансы үшін де шоқтығы биік энциклопедист-ғалымдардың, ой титандарының тұтас галактикасының пайда болуы тән.

Шығыс (IX-XII ғғ.) және Батыс (XIV-XVI ғғ.) Ренессанс зерттеушілердің көпшілігі атап өткендей, уақыт факторымен ғана ерекшеленбейді. Егер Батыс Ренессансы ұлы жаңалықтар дәуірімен, өнеркәсіптің өсуімен байланысты болса, онда Шығыс Ренессансы негізінен сауданың дамуымен байланысты. Өйткені қуатты индустрия болмаған жерде сауда өндіруші күштердің дауында жетекші рөл алады.

Сонымен қатар басқа да айырмашылықтар бар. Мәселен, Еуропалықтар ежелгі гректерден өздерінің мәдениетін, поэзиясын, шешендік өнерін, әдебиетін, драматургиясын, сондай-ақ практикалық ғылымдарды, соның ішінде әскери ғылымдарды, кеме жасау өнерін алды. Бұл арада Ренессанс Шығыстың ғалымдары үшін ежелгі гректердің философиясы (Аристотель, Платон, Неоплатонистер), сонымен қатар олардың медицинасы, оптика, математика, астрономия, алхимия, магия және т.б. қызығушылық тудырды.

Олжас Сүлейменов былай деген: «Аристотель, Платон және басқа да танымал грек философтарын грек тілінен араб тіліне аударған Әл-Фарабидің еңбегінсіз, еуропалық мәдениет жаңғыруы үкін емес еді. Әл-Фарабидің әлемдік мәдениетпен ғылымның дамуына қосқан ең үлкен үлесі осында»

Әл-Фарабидің әлем өркениетінде алар орнына тоқталмас бұрын, ғылымдағы әл-Фарабиге қатысты түрлі көзқарастарға тоқтала кетейік. Кейбір еуропашыл ғалымдар “Әл-Фараби ешқандай жаңалық ашқан жоқ, ол тек Платон мен Аристотельдің мұраларын насихаттап, түсіндіріп келді” – деп есептейді. Антика дәуіріндегі ғұлама ойшылдар Платон мен Аристотель – бүкіләлемдік мәдениеттің ең жоғарғы шыңы. Әл-Фараби осы антикалық мұраны игеріп, оны араб-мұсылман мәдениетінің гүлденуіне жұмсап, үлкен екі жаңалық ашты.

Біріншіден, әл-Фараби антикалық заман мен исламды өзара жақындастыра синтез жасап, жаңа бір мәдениеттің өркендеуіне жол ашты. Келесі кезекте ол грек

ойшылдарының асыл мұрасын жаңғыртты. Сөйтіп, шығыста үлкен қозғалыс, жаңа бағыттар басталды. Араб-мұсылман мәдениеті негізінде антикалық дәуірдегі шешілмеген мәселелерді шешіп, оны ілгері дамытты.

Барлығымызға мәлім, әл-Фараби өмір сүрген уақыт айрықша кезең ретінде аталады. Отырар өлкесінде әл-Фарабиге дейін ойшылдар өте көп болса, оның өз заманында да ғұламалар аз болмаған. Ол жастайынан туған өлкесінде білім алып, Отырар кітапханасында отырып, шаң басқан қолжазбаларды ақтарып, көз майын тауысып, талмай кітап оқып, оқу-білімге ерте құмартқан. Отырар кітапханасына алыс-жақын елдерден керуенмен сан түрлі кітаптар ағылып келіп жататын. Әл-Фараби өмір сүрген IX-X ғасырларда Отырар өркениетінде рухани мұра жоғары бағаланған. Араб-Мысыр әлемінде Александрия кітапханасының шоқтығы биік.

Одан кейінгі орынды Отырар кітапханасы иеленген. Сол кітапханадан Әл-Фараби жиырма жасқа дейін тәлім-тәрбие алып, ондағы бар кітаптарды, трактаттарды оқып зерттеген. Одан кейін білімін толықтыру үшін керуенге ілесіп, араб еліне аттанады. Бағдад, Дамаск сынды басқа да өркениеті дамыған ірі шаһарларда болып, артында ғылыми-зерттеу еңбектерін қалдырған. Әл-Фарабидің дүниетанымына келетін болсақ, кеңестік дәуірде оны маркстік-лениндік, атеистік дүниетанымға алып келді. Бірақ шын мәнінде Әл-Фараби ислам руханиятындағы айтулы тұлға болған.

Біріншіден, ол-әлем мойындаған философ, Платон мен Аристотельдің еңбектерін шығыс, араб-мұсылман әлеміне таратқан үлкен ғұлама. Екіншіден, Әл-Фараби – үлкен ғалым. Әл-Фарабидің философиялық көзқарасы өте күрделі. Оны бір сөзбен айтып шығу мүмкін емес. Әл-Фарабидің көзқарасында диалектика да, таным теориясы да, ғылыми рационализм де бар. Әл-Фараби ислам өркениетіне өлшеусіз үлес қосқан. Сондықтан әл-Фарабидің дүниетанымы туралы айтқанда оны материалист, болмаса идеалист немесе атеист деп айтуға болмайды. Ол белгілі бір ғылым академиясы тәрізді.

Әл-Фарабидің мұрасы ғылымның әр түрлі саласына қатысты еңбектерден тұрады. Сондықтан да ол – әлемдік деңгейдегі философ, ойшыл. Әл-Фараби дүниетанымының қайнар көзі өте тереңде. Себебі, қазақ даласында оған дейін де ғұлама ойшылдар көп болған. Мысалы, гректерді өнерімен тәнті еткен, аузымен құс тістеген шешен Анахарсистің өзі бір төбе болса, Тоқсары, Тонькөк, қобызымен кең дүниені күңіреткен Қорқыт Ата және басқа да ойшыл данышпандар болған. Осының бәрі – ғұлама ғалымның бастау алған қайнар көздері.

Осы орайда, Платон мен Аристотельді атап өткен жөн. Әл-Фараби олардың ғылыми мұрасын оқып қана қоймай, әрі қарай жалғастыра зерттеп, дамытқан. Әл-Фараби тағылым алған дүниелер өте мол. Солардың бірі ежелгі «Авеста» мен Құранды атап өтпеуге бола ма? Әл-Фарабидің рухани толысуына Құранның игі әсері көп болған. Кеңес дәуірінде әл-Фараби мұрасын аударғанда исламға қатысты жағын кесіп тастап, көбіне материалистік, атеистік жағына мән беріп, ислам руханияты, ислам мәдениеті мен антикалық мәдениетті синтездеу жағына ешқандай мән бермеген.

Әл-Фарабидің ашқан ең үлкен жаңалығы – антикалық мұра мен исламды біріктіре мәдениет жасауында. Сондықтан әл-Фарабидің қайнар көздерін айтқанда міндетті түрде тек шығыс пен батыс, гректің ғана емес, оның қазақтың құнарлы топырағынан түлеп ұшып, Отырар өркениетінен нәр алғанын ұмытпауымыз керек. Әл-Фараби араб елінде аты шығып, «Шығыстың Аристотелі» атанып, артында мол мұра қалдырған. Сөйтіп сексен жасқа келгенде өмірмен қоштасады. Ол: “Мен Қыпшақ елінен ешқандай атақ-даңқ іздеп келген жоқпын. Мен білім іздеп келдім, сол білімді араб елінен таптым, бірақ менің Қыпшақ еліне сүйіспеншілігім шексіз”, - деп өзінің туған жерге деген сағынышын өлеңге түсірген.

Орта ғасырда энциклопедияшы оқымысты Әл-Фарабидей ғалым болмаған. 1980 жылдардан бастап фарабитану атты жаңа бағыт пайда болды. Әлемдік және отандық фарабитану деген бар. Әл-Фараби шетелге емес, тәуелсіз еліміздің мемлекеттік мүддесі мен ұлттық ұстанымы үшін қызмет етуі керек. Сондықтан Әл-Фарабидің ғылыми – философиялық мұрасын өзіміз ғана біліп қоймай, жас ұрпақтың санасына сіңіруіміз қажет. Әл-Фарабидің мұрасы, Әл-Фараби әлемі туралы білетініміз аз. Оның құпиясы әлі толық ашылған жоқ. Ол- әлем халықтарын біріктіретін тұлға. Әл-Фарабиді хан тұтатын үш мемлекет бар.

Біріншісі – Иран (олар Әл-Фараби бізден шыққан дейді), екіншісі – Қазақстан (Әл-Фараби халқымыздың этногенезінің негізінде жатыр, ол Отырардан шыққан), үшіншісі – Араб елі, Мысыр мен Сирия және басқа да мұсылман елдері Әл-Фарабиді айрықша қастерлейді. Әл-Фараби мұрасын мектептерде пән ретінде оқытып, жоғары оқу орындарында арнайы курстар жүргізген жөн.

Қазіргі уақытта Әл-Фараби ойларының өзектілігі қайтадан арта түсуде. Оның көзқарасында саясат, дін және бақыттың өзара терең қатынасы көрсетілген. Бүгінде әлем Ислам және Батыс өркениетінің текетіресу қаупі алдында тұрғанда, ислам мәдениетімен астасатын экстремистік және лаңкестік көңіл-күй үдеп келе жатқан кезде, ұлы философтың мұрасы адамзаттың түрлі көзқарасын шешуге көмек бере алады.

Бүгінгі күнге дейін оның логика, метафизика, этика, саяси және әлеуметтік философия, музыка мен медицинаға арналған жүзден аса трактаттары сақталған. Ол ең алғаш болып музыканы математикалық негізде жүйелеп, оны ғылымның бір бағыты ретінде көрсеткен.

Түйіндеп айтқанда, Орта Азия мен қыпшақ даласы үшін X—XII ғасырлар қоғамдық-әлеуметтік, саяси тұрғыдан дамудың жаңа басқышы болып табылады. Бұл кезеңде түркі тілдес халықтардың мәдениеті, әдебиеті, ғылымы едәуір өркендеп өсті. Әсіресе, түркі әдеби тілі жан-жақты дамып, жетіле түсті. Мұның өзі түркі халықтарының, соның ішінде, қазақ, өзбек, ұйғыр, қырғыз, т. б. халықтардың этностық құрамының қалыптаса бастауы мен олардың әлеуметтік-қоғамдық өміріндегі рөлінің біртіндеп артуына байланысты болды.

Әл-Фараби-қазақ өркениетінің, музыка философиясының негізін қалаған үлкен ойшыл. Бірақ ол-тек қазақтың ғана емес, қазақ халқы қалыптаса қоймаған кезеңде өмір сүргендіктен, бүкіл түркі халықтарына ортақ тұлға. Әл-Фараби

мұрасы түркі халықтарын біріктіретін рухани негіз деп айтуға болады. Қазіргі таңда Әл-Фараби ойларының өзектілігі қайтадан арта түсуде. Оның көзқарасында саясат, дін және бақыттың өзара терең қатынасы көрсетілген. Бүгінгі күнге дейін оның логика, метафизика, этика, саяси және әлеуметтік философия, музыка мен медицинаға арналған жүзден аса трактаттары сақталған. Ол ең алғаш болып музыканы математикалық негізде жүйелеп, оны ғылымның бір бағыты ретінде көрсеткен. Атап айтсақ, Орта Азия мен қыпшақ даласы үшін X-XII ғасырлар қоғамдық-әлеуметтік, саяси тұрғыдан дамудың жаңа басқышы болып табылады. Бұл кезеңде түркі тілдес халықтардың мәдениеті, әдебиеті, ғылымы едәуір өркендеп өсті. Әсіресе, түркі әдеби тілі жан-жақты дамып, жетіле түсті. Мұның өзі түркі халықтарының, соның ішінде, қазақ, өзбек, ұйғыр, қырғыз, т. б. халықтардың этностық құрамының қалыптаса бастауы мен олардың әлеуметтік-қоғамдық өміріндегі рөлінің біртіндеп артуына байланысты болды. «Бақыт- әрбір адам ұмтылатын ұлы мақсат» екендігін атап көрсеткен Әл-Фараби бақытқа білім мен игілік нәтижесінде ғана жетуге болады, ал ондай мүмкіндік қайырымды қала тұрғындарында көбірек болатындығын дәлелдейді. Әл-Фараби басқаруды қайырлы және қайырсыз деп екіге бөлді. Қайырлы, білімді, мәдениетті басқару халықты бақытқа бастайды, олардың іс-әрекетін, ерік-қасиетін осы жолға бағыттайды. Ол үшін басқару заң күшіне, игі тәжірибеге негізделуі тиіс. Ал қайырымсыз, надан басқаруда теріс әрекеттер мен жаман қасиеттер бой алады. Сондықтан ол надан адам басқарған, озбырлыққа сүйенген, қайырымсыз, қатал мемлекеттік тәртіпті өткір сынайды. Ол мінсіз мемлекетті уағыздайды. «Бақытқа жету» еңбегінде ол «бақыт дегеніміз игіліктердің ішіндегі ең қадірлісі, ең үлкені және ең жетілгені» деп атап көрсетеді және әр адамның оған толық құқығы бар дейді. Ал ондай құқыққа ие болуға қайырымды қала тұрғындарының ғана мүмкіндігі бар, сондықтан да қайырымды билеушілер билеген қала тұрғындары ғана бақытқа жете алатындығын айтады. Мұндай қалалардың басқа қалалардан басты айырмашылығы және негізгі белгісі жоғары тәртіп пен оның тұрғындарының мәдениеттілігі, сыпайыгершілігі және билеушілерінің қайырымдылығы, ақыл-парасаты. Сондықтан, Әл-Фараби бұндай қалалардың өмір сүруі өзінің білгірлігі мен ұстамдылығына толық жауап бере алатын билеушіге тікелей байланысты деп тұжырымдайды. Әл-Фараби «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы» трактатында қала тұрғындарын бес топқа бөледі. Оның ойынша, «қайырымды қала бес түрлі адамдар тобынан құралады: ең құрметті адамдардан, шешендерден, өлшеушілерден, жауынгерлерден және байлардан». Әл-Фараби ең құрметті адамдарға ақылдыларды, пайымдағыш адамдарды, маңызды істерде беделге ие болғандарды жатқызады. Екінші топтағы шешендерге- діни қызметкерлерді, ақындарды, музыканттарды, хатшыларды сол сияқты шығармашылық жұмыспен айналысатындарды, ал өлшеушілерге-есепшілерді, дәрігерлерді, астрологтарды, математиканы оқытушыларды қосады. Әл-Фараби бойынша, байлар дегеніміз-қалада байлық табатындар, егіншілер, мал өсірушілер, саудагерлер, қол өнершілер. Әл-Фараби қайырымды қала басшысында алты түрлі қасиет болу керек деп есептейді. Олар: даналық, асқан пайымдылық, сенімділік, ойлау

қабілетінің жоғары болуы, соғыс өнерін жетік білуі, денсаулығының мықты болуы[2]. «Осының бәрін өз бойында ұштастыратын адам барлық уақытта кімге еліктеу керек екенін, кімнің айтқан сөзі мен ақылына құлақ қою керек екенін көрсететін үлгі болады. Мұндай адам мемлекетті өзінің қалауынша басқара алады». «Қайырымды қала» трактатында Әл-Фараби әлеуметтік әділеттілік пен еркіндікті орнықтыратын- ізгілікті қоғам туралы ой қозғайды. Мұндай қоғамды ұлы ойшыл «әрбір адам екінші адамның өмір сүруіне қажетті үлесін беретін, бір-біріне көмектесетін адамдарды біріктіру арқылы ғана адам өз табиғатына сай жету дәрежесіне ие болатын» қоғам түрінде елестетеді. Халықтың аз қамтамасыз етілген топтарын мемлекеттік қолдау туралы бұдан мың жылдан астам бұрын айтылған ғұлама идеясы бүгінгі күні де мемлекеттің ішкі саясатындағы басты міндеттердің бірінен саналады. Осындай «жетілдірілген қоғамда, Әл-Фарабидің айтуынша бір-бірімен қарым-қатынас жасау, көмектесу, қолдау, ұжымдасу адамдардың өмірлік қажетіне айналады». Әл-Фараби мұндай қоғамды тумысынан табиғат берген он екі қасиеті бар ақылды, білімді, сабырлы, рухани билікті ізгілікті билікпен ұштастыратын, адам қасиеттерін бағалауға қабілетті адам басқаруы керек дейді.

Адамның шын бақытқа қол жеткізу тек осы дүниеде ғана мүмкін екендігіне назар аударған Әл-Фараби, адамдар өзін-өзі жетілдіруі және қиындықтан қашпауы тиіс дейді. Оның айтуынша, адам өміріндегі «жақсылық» пен «жамандық» құдайдан емес, адамдардың күнделікті белсенді әрекетіне ғана байланысты. Адамның табиғи қабілеті жақсы әдетті де, жаман әдетті де істеуге бірдей мүмкіндік береді, ал оны таңдау адамның ізгілікті мінез-құлқына келіп тіреледі. Сондықтан да адамның жақсы істерге үйір болуы оның мінез-құлықтық жетілуіне де тәуелді. Бүкіл араб саяси философиясында саясатқа көзқарас оның адамгершілік мазмұнымен сипатталады. Осы жағынан алып қарағанда саясат «саяси адамгершілік философиясы» ретінде көрінеді. Сондықтан Әл-Фараби саясаттың басты мақсаты адамдарды бақытқа жеткізу, игілікпен жеткізу деп санайды. Қайырымды қаланың орнығуында Әл-Фараби мұсылман құқығының принциптерін талап етпейді, оны ақыл-парасаттың дамуы мен қайырымдылықтың нығаюымен байланыстырады. Ол тұжырымдаған жағдайдың бәрінде мұндай қала билеушілері моральдық-этикалық қалыпқа сай болып келеді, олардың ешқайсысының исламға тікелей қатысы жоқ. Бірақ Араб халифаты заманында өмір сүрген әл-Фараби өзінің зерттеулерінің тақырыптық шеңберінде саясатты мұсылман құқығы доктринасымен, діни догматикасымен бір қатарға қояды. Дегенмен, грек философиясының ықпалын терең сезінген ол бұл бағытта түбірлі бетбұрыс жасамайды. Грек философиясын мұсылман құқығы, діни және құқықтық теориясымен байланыстырып, одан саясат туралы жалпы ілім жасауға талпыну бұл ілімнің діни-мұсылмандық сипатын білдірмейді. Әл-Фараби саясат туралы ілімді мұсылман құқығымен, догматикасымен салыстыру арқылы олардың құдайлық бастауы туралы ұқсастығын емес, бұл ілімдердің адам іс-әрекеті мен мінез-құлқындағы әртүрлі жақтарға тигізген әсерінің мәнін атап көрсетеді. Әл-Фарабидің саясат туралы айтқан құнды ойлары Араб шығысы мен Орта Азия елдерінде саяси-құқықтық ілімнің одан кейінгі дамуына өз ықпалын тигізе алды.

Оның саяси-құқықтық идеялары орта ғасырлық және жаңа заман ойшылдарының еңбектерінде көрініс тапты. Атақты шығыстанушы -зерттеушілер И. Гольцмер, М. Штайншипайдер, Дж. Сартон, Карра де Во, Н. Штайнер, Ф. Диетерин, А. Мец, А. Массэ, А. О. Лери, Дж. Хоурони және де басқа ғылымдар Араб халифатының идеялық өмірі туралы, ондаған ой еркіндігі мен гуманизм туралы өз еңбектерінде көп жазған[3]. Біріншіден, әл-Фараби антикалық заман мен исламды өзара жақындастыра синтез жасап, жаңа бір мәдениеттің өркендеуіне жол ашты. Келесі кезекте ол грек ойшылдарының асыл мұрасын жаңғыртты. Сөйтіп, шығыста үлкен қозғалыс, жаңа бағыттар басталды. Араб-мұсылман мәдениеті негізінде антикалық дәуірдегі шешілмеген мәселелерді шешіп, оны ілгері дамытты. Қазақстанда Фараби еңбектерін ең алғаш рет жинау, зерттеу, таныстыру жұмысын өз тарапынан мойнына алып, көп пайдалы іс атқарған адам- Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясының коореспондент- мүшесі, профессор Ақжан Жақсыбекұлы Машановты айтуға болады. Оның Фараби өмірі тарихи орны туралы мақалалары газет-журналдарда жарияланды, жинақтарда шықты. Фарабидің ғылыми мұралары жөнінде ол әлденеше рет республика, бұрыңғы одақтық көлемде, халықаралық конгрестерде баяндама жасады. Фараби еңбегін алғаш рет қазақ тіліне аударғаны да мәлім. Фарабидің жер жүзі елдерінің кітапханаларында шашырап жатқан еңбектерін іздестіріп тауып, көбінің көшірмесін алдырғанда профессор А. Машанов, ал 1968 жылы араб елдеріне саяхат жасап, араб ғалымдарымен кездесіп, Фарабидің Шам, Дамаск шаһарындағы зиратын іздеп тауып, суретін түсіріп әкелген еді. Қорыта айтсақ, ұлы ғұлама Әл-Фарабидің философиялық, логикалық, танымдық, әлеуметтік пікірлерімен, эстетикалық, теориялық, жаратылыстану ғылымдары салаларындағы пікірлерімен, ғылыми тұжырымдамаларымен жете танысу, оның дәуірін терең түсінуге мүмкіндік береді. Оның ғылыми ой-пікірлері өзінен кейінгі дәуірдегі Шығыс пен Батыс халықтарының философиялық, эстетикалық, қоғамдық этикалық ой-пікірін және өнердің дамуына, жалпы рухани құндылықтардың дамуына әсер етіп, үлкен ықпалын тигізіп отыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Біз үшін бұл мерейтойлардың маңызы ерекше. Тарихи датаны ақыл-парасатпен, салиқалы деңгейде өткізуге баса мән беру керек. Негізгі мақсат- ұлы тұлғалардың тағылымын жастардың санасына сіңіру, ұлы тұлғаның ой-толғамдарын кеңінен дәріптеу. Үкіметке қажетті шаралар әзірлеуді тапсырамын, – деген болатын. Ұлы өркениет философы Әбу-Насыр Әл-Фарабидің рухани әлемі адамзат өркениеті мен құндылықтардың биік шыңы болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Машанов А. Әл-Фараби және Абай.-Алматы:Қазақстан,1994.-26 б.
2. Сегізбаев О. Қазақ халқының рухани мәдениетіндегі еркін ойлау дәстүрі мен атеизм-Алматы, 1973-98 б.
3. Отырар. Энциклопедия. – «Арыс» баспасы, Алматы, 2005-67 б.

КАЙПУЛДАЕВ ЕРБОЛ ТАЛАНТУЛЫ

Жамбыл облысы, Т. Рысқұлов ауданы
№2 шағын орталықты орта мектебінің
директоры, тарих пәнінің мұғалімі.

ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ ТІЗБЕГІ

Әл Фараби – ғұлама ойшыл, өзінің замандастарының арасындағы ең ірі ғалым, философ. Өзінің білімділігі мен сауаттылығының арқасында "Екінші ұстаз" атауына ие болды. Оның ғылымға қосқан үлесі орасан зор, еңбектері бүкіл әлемге әйгілі. Өз заманында мұсылман елдерінің ғалымдарын мойындатып үлгерген әрбір шығармасы мұраға қалдырылған таусылмайтын байлық. 2020 жылы ұлы ойшыл, шығыстың Аристотелі атанған, атақты ғұлама Әбу Насыр Мұхамед ибн Тархан ибн Узлаг әл-Фарабидің туғанына 1150 жыл толады. Әл-Фараби Аристотельден кейінгі дүние жүзі білімі мен мәдениетінің екінші ұстазы атанған данышпан, энциклопедист ғалым, астрономия, астрология, математика, логика, музыка, медицина, табиғаттану, социология, лингвистика, поэзия, риторика, философия ғылымдарын меңгеріп, 200-ге жуық трактаттар жазған. Өкінішке қарай, осынау ұшан-теңіз рухани туындылардың көбісі жоғалып, біздің заманымызға тек 40 шақты еңбегі ғана жеткен. Азияның ұлы ғалымдары мен ойшылдары Әбу Әли ибн Сина, Беруни, Бозжани, Омар Хаям және т.б. өздерін Әбу Насыр әл-Фарабидің шәкірттеріміз деп есептеген. Әбу Насыр Әл-Фараби өзінің барлық ғылым салаларында, әсіресе математика, астрономия, физика және жаратылыстану ғылымдары саласында көп мұра қалдырды. Ол «Ғылыми тізбек» жұмысында ғылымды бес салаға бөліп қарастырады: *лингвистика және оның тараулары; логика және оның тараулары; математика және оның тараулары; физика және оның тараулары, метафизика және оның тараулары; азаматтық ғылым және оның тараулары, заң ғылымы және дінтану.*

Тіл білімі және оның тарауларына қосқан үлесі

Әл-Фараби лингвистикалық ғылымын жеті бөлімге бөлген.

- жай сөздер туралы заң;
- сөз тіркестері туралы заң;
- жай сөздер заңдары туралы ғылым;
- сөз тіркестері заңдары туралы ғылым;
- жазу емлесі;
- дұрыс оқу ережесі;
- өлең құрылысының ережесі.

Бұл тізімдемеде ойшыл лингвистикалық ғылымдарға сипаттама жасап, оны тарауларға бөліп қарастырады. Әртүрлі халықтардың әдеби мұралары мен шешендік өнерін зерттеп, ұлттық ақындарға баға беруге ұмтылыс жасаған.

Кейінгі кезекте ойшыл логиканы қарастыра отырып, оны сегіз тармаққа жіктейді:

- силлогизм түрлері;

- пікір айту түрлері;
- өнер түрлері;
- ойлаудың бес түрі: дәлелдеуші, диалектикалық, софистік, шешендік және поэтикалық.

Музыка ғылымына қосқан үлесі

Музыкалық дыбыс әл-Фарабидің әр түрлі аспектілерінде - физикалық және геометриялық дене, арифметикалық сан ретінде қарастырылады. Сонымен қатар Әл-Фараби адам дауысының дыбыстарын - "табиғи" және "жасанды" аспаптардың дыбыстарын айырады. Дыбысты зерттеудің негізгі саласы оның биіктік жүйесіндегі өзара қарым-қатынасы болып табылады. Ладты игерудің бірінші кезеңінде биіктік құрылымдардың өздері олардың дыбыстарын құраушы көзқараспен зерттеледі. Интервал бірінші кезекте дыбыстарды ұштастыру ретінде қарастырылады. Әл-Фарабидің интервалдарын анықтау кезінде ішектің ұзындығы – басқаларына бір тоннан екінші тонның жағдайын оңай анықтауға мүмкіндік беретін ең маңызды фактор болып табылады. «Музыканың үлкен кітабы» атты туындысы күллі әлемге мәшһүр. Арифметикалық-музыкалық құзырлылықты әл-Фараби музыка теориясын құру әдісін оқыту негізінде қалыптастыруға болады. Әл-Фарабидің бұл әдісі музыкалық дыбыстар мен интервалдар, нақты физикалық құбылыстар ретінде сандар мен сандық қатынастар арқылы сипатталады.

Математика ғылымына қосқан үлесі

Физика-математикалық пәндер әл-Фарабидің ғылыми еңбегінде үлкен орын алады. Ирак ғалымы Омар Фаррухтың хабарлауынша, әл-Фараби тек геометрия, астрономия, музыка, күнтізбе, өлшеу аспаптары бойынша 70-ке жуық еңбектердің авторы. Осы еңбектердің ішінде математикалық мәселелерге әл-Фараби трактаттары арналған: "Ғылымдардың тізбегіндегі (Перечисление наук)" математикалық бөлімі; "Алмагестке қосымшалар кітаптарындағы" тригонометриялық бөлім; "Геометриялық фигуралардың өткірлігіне қатысты Рухани жасанды тәсілдер мен табиғи құпиялардың кітабы"; "Евклидтің бірінші және бесінші кітаптарының кіріспесіндегі қиыншылықтарға түсініктеме"; "Жұлдыздар үкімінде не дұрыс және не дұрыс емес туралы түсінік".

Сонымен қатар, арифметиканың, геометрияның, тригонометрияның және математиканың басқа да бөлімдерінің көптеген қолданыстары "Музыканың үлкен кітабы", "Алмагестке түсініктеме", "Алмагестке" қосымшалар кітабы" сияқты күрделі еңбектерінде көрініс тапқан.

Әл-Фараби логика бойынша да көптеген еңбектер қалдырды. "Ғылымдардың тізбегі", "Ғылымның шығу тегі туралы" трактаттарында ол логиканың пәні мен міндеттерін анықтайды және бұл жерде Аристотельдің логикалық шығармаларына сүйенеді. Ол логиканы метафизикадан бөлек қарастырады және оны нақты ғылым, грамматика, математика және басқа ғылымдарға ұқсас деп санайды. Әл-Фарабидің математикалық шығармашылығында геометриялық сұрақтар аса маңызды орын алады.

Әл-Фараби геометриядан еңбектерінде геометриялық салуларға ерекше көңіл бөледі. Сондықтан, әл-Фараби геометриялық салулар бойынша трактатты жазған кезде, өз ізашарларының жетістіктеріне баса назар аударды. Олардың

соңынан әл-Фараби геометриялық трактатында бірқатар элементар салулар келтіреді. Осылайша, трактаттың бірінші кітабында ол мынадай салуларды келтіреді:

- шеңбер центрін анықтау;
- доғаны толық шеңберге дейін толықтыру;
- дөңгелекке одан тыс орналасқан нүктеден жанама жүргізу;
- дөңгелекке оның бойында орналасқан нүкте арқылы жанама жүргізу;
- үшбұрыштың қабырғалары арасынан үшінші қабырғасына параллель және берілген кесіндіге тең кесінді салу;
- үшбұрыштың қабырғалары арасынан үшінші қабырғасына параллель және бір қабырғасынан қиятын кесіндіге тең кесінді салу;
- үшбұрыштың қабырғалары арасынан үшінші қабырғасына параллель, бір қабырғасынан қиятын кесіндіге және берілген кесіндіге тең кесінді салу;
- берілген үшбұрышқа тең үшбұрыш салу.

Әл-Фараби математик ретінде бір-біріне өзара тығыз байланысты ірі үш салада зерттеулер жүргізген. Олар: 1) математиканы философиялық-әдіснамалық негіздеу мәселелері, яғни математика ғылымдарының пәнін, ретін, шығу тегін анықтау, жаратылыстану ғылымдарын математикаландыру жөніндегі ой-пікірлері мен қағидалары; 2) сол кездегі теориялық математиканың кейбір тарауларын жасауға қатысу; 3) математиканы табиғатты зерттеп-білуге, практика мұқтажыдығын өтеуге қолдану [4, 656]. Әл-Фарабидің математикалық мұрасы жинақталып, 1972 жылы «Математические трактаты аль-Фараби» деген атпен жарық көрді. Бұл еңбектерде әл-Фараби жалпы сипаты арифметикалық, алгебралық, геометриялық есептерді шешудің, ең алдымен, есептеу математикасы, есептеу жүргізу алгоритмдері болып келген Орта ғасырлық Шығыс математикасына сәйкес геометриялық салулардың алгоритмдеріне басты назар аударған.

Астрономия ғылымына қосқан үлесі

"Альмагестте" қарастырылған астрономия мәселелерін баяндау кезінде Әл-Фараби Птолемейдің басқа да жұмыстарына, атап айтқанда оның "география" - антикалық аса ірі географиялық шығармаға, Араб астрономдары мен математиктерінің жаңалықтарына, Бағдад мектебі ғалымдарының жұмыстарын негізге алады. Қарастырылып отырған кезеңде табиғи-ғылыми ой мен материалистік үрдістердің дамуы халықтың артта қалған массасының ортасында кеңінен таралған және билеушілердің аулаларында қолдау тапқан әртүрлі теологиялық, мистикалық және фантастикалық көріністермен өткір күресте болды. Мұндай фантастикалық көріністерге магия мен *астрология* жатады. Бұл "ғылым" адамдардың өзіне табиғат күшін бағындыруға, осы күштер мен адам қызметі арасында байланыс орнатуға, адам өміріне әсер ететін оқиғаларды болжау үшін табиғат пен қоғам арасында жанасу нүктесін табуға деген ұмтылысын өте өзгеше түрде ұғындырды. Жұлдыздар мен ғаламшардың орналасуын ескере отырып, оқиғаларды болжай білуге үміткер астрологияның танымалдығы соншалықты үлкен болды, әрбір ірі феодал, әрбір билеуші астрологтың өзінің

штатында ұстау қажет деп санады. *Астрология* Шығыс отаны болған астрономиялық білімнің пайда болуымен пайда болды. Ол Ежелгі Мысырда белгілі болды, ал орта ғасырларда "мұсылман" шығыс елдерінде ресми мойындалды. Содан кейін араб тіліндегі ғылым мен философияның оң жетістіктерімен бірге астрологиялық сенім Еуропаға еніп, монархтардың ыстық қолдауына ие болды. Ортағасырлық Шығыстың көптеген алдыңғы қатарлы ойшылдары әртүрлі астрологиялық болжамдарға, адам өмірінде болып жатқан оқиғалардың көктегі жарықтың орналасуына тәуелділігі туралы ілімге теріс қарады. Астрологияға қарсы шыққан алғашқы ғалымдардың бірі Әбу Наср әл-Фараби болды. "*Астрологиялық болжамдарда не дұрыс не теріс*" еңбегінде Әл-Фараби аспан денелері мен жер үдерістері арасындағы табиғи байланысты атап өткен, мысалы: ай тұтылуының пайда болуының күн мен ай арасындағы жердің орналасу тәуелділігін. Сонымен қатар, ол көктегі денелердің жағдайы мен күнделікті өмір арасындағы себепті байланысты орнататындарды бірден айыптады.

Алхимия саласына қосқан үлесі

Орта ғасыр кезеңінде алхимия кең таралған, бірақ ол магия мен астрологиядан белгілі бір анықталған ғылыми материалмен ерекшеленді. Алхимиядан кейін ғылыми химия кристалданғаны белгілі. Бірақ алхимия, нақты ғылыми фактілермен қатар, түбірінде қате пікірлер де болды. Ортағасырлық Шығыстағы Алхимия саласында химиялық процестер мен қосылыстардың табиғатын ашуда елеулі табыстарға жетті. Алхимиканың басты мақсаты ретінде "философиялық тасты" алуды алға қойды, оның көмегімен арзан металдарды алтын мен күміске айналдыруға болады. Олар сондай-ақ асыл тастар алуға тырысты, "әртүрлі ауруларды емдейтін және ұзақ өмір сүруді қамтамасыз ететін өмір эликсирін" және т. б. Алхимиктерді сынға алған ортағасырлық ойшылдар – Ибн Сина, Омар Хайям, Ибн Халдун және басқа да ғалымдар. Бірақ бірінші болып алхимиядағы шынайы және жалғанды анықтауға тырысқан әл-Фараби болды.

Медицина саласына қосқан үлесі

Шығыс ойшылының медицина саласын «емдеу шеберлігі ғылымы» деп атауы тегін емес. Ол өз еңбектерінде аурудың тек себеп-салдарын ғана анықтап қана қоймай, оны емдеу, жою жолдарын да айтып өткен.



Адамзат баласының игілігі үшін медицина саласының маңызы зор. Бүгінде заманауи технологиялардың арқасында бұл саланың жаңалықтары да күн санап артып келеді. Әл-Фарабидің көптеген медицина жайында жазған еңбектері мен трактаттары бар. Мәселен, Әл-Фараби «Қайырымды қала» атты еңбегінде *жүрек туралы* айтқан ойларын медицинамен байланыстырған. Сондай-ақ, ғұламаның «Бесінші трактатында» *ми қызметінің маңызы, жүйке жүйесі туралы* жазылған. Ойшылдың «Адам ағзасындағы мүшелер», «Жануарлар ағзасындағы мүшелердің құрылысы мен қызметі» атты еңбектері бар. Оған қоса, бас, көз, тері ауруларына қатысты ем-дом ұсынған 900-

ден астам еңбегі бар. Бұл еңбектерде табиғи дәрі-дәрмектерді қолдану кеңестері берілген. Сонымен бірге, дұрыс тамақтанудың шарттары туралы айтқан. Әл-Фарабидің медицина тақырыбындағы қол жазбаларынан адам ағзасына қажетті пайдалы кеңестерді кездестіруге болады. Бұл ғұламаның медицина саласы бойынша білімінің жоғары екендігін көрсетсе керек.

Педагогика саласына қосқан үлесі

Әл-Фараби педагогика саласындағы аса үлкен тұлға болған, ол өзінің трактаттарының басым көпшілігін халықты, әсіресе жас ұрпақты тәрбиелеп білімдер ету, ағарту мақсатына арнаған. Оған «Ізгі қала тұрғындарының көзқарастары», «Бақытқа жету жолдары», «Философияны оқып-үйрену үшін алдын ала не білу қажеттігі туралы», «Философиялық сауалдар және оған жауаптар» және басқа трактаттар жатады. Фарабидің педагогикалық жүйесін А.Көбесов былай мазмұндайды: «Әуелі Фараби педагогика ғылымының пәні мен мақсаттары туралы, екінші, ғұламаның жалпы педагогикалық идеялары, тәрбиенің мазмұны, түрлері мен әдістері туралы көзқарастары; үшінші, Фараби еңбектеріндегі дидактика проблемалары; төртінші, Фарабидің педагогикалық идеяларының оның математикалық және жаратылыстану ғылыми еңбектерінде қолданылуы және жүзеге асырылуы; бесінші, Фарабидің педагогикалық көзқарастарының кейінгі ғасырлардағы Шығыс, Батыс педагогикасына тигізген әсер-ықпалы».

Фарабидің еңбектерінде оқыту мен тәрбие тығыз байланыста болғанымен, олардың әрқайсысына ғана тән ерекшеліктері ажыратылып көрсетіледі. Мысалы, Фараби жастарды тәрбиелеуде бірінші орынға шынайы бақытқа жетуге кепіл болатын мінез-құлық тәрбиесін қояды. Кең мағынада алғанда ғұлама бұл тәрбие ауқымына еңбек, эстетика, дене, гуманистік, патриоттық және тағы басқа тәрбиелер түрлерін енгізіп қарастырған сияқты. Ғұламаның ғылыми-педагогикалық шығармаларында әдемілік, әсемдік пен үйлесімдік, гармония сезімдерін тәрбиелеуге ерекше мән берілген. *Педагогиканың мақсаты, мұраты туралы Фараби ұсынған адамгершілік* (гуманистік) идеялар мен қорытындылар адам өмірінің қазіргі кезеңінде де ағартушылықтың маңызды тіректерінің бірі болып отыр. Бір қызық жайт, ұлы бабадан мың жыл өткізіп барып данышпан Абай дәл осындай гуманистік ұлы қағиданы жаңғыртып, қайталап, қуаттай түсетінін А.Көбесов «Әл Фараби мен Абайды қатар оқығанда» атты өз еңбегінде ықыласпен атап өтеді.

Ғұламаның педагогикалық жүйесінде салмақты орын дидактикаға берілген. Фараби жазған «Ғылымдар энциклопедиясы» еңбегі педагогика тарихында ғылыми-дидактикалық шығармалардың алғашқыларының бірі болып табылады.

Философия ғылымына қосқан үлесі

Ұлы ойшыл Әл-Фараби жан, рух мәселесін тек философияда тереңінен атап өткен. Оның еңбектерінен ойшыл-ақынды «жан» мәселесі көп толғандырғанын аңғаруға болады. Сонымен қатар, ақын адамның жүрек мәселесі мен рақымшылық, шапағат, мораль, адамгершілік, имандылық, ізгілік пен өзге де қадір-қасиеттерді сипаттаған. Мұның бәрі оның көрнекті еңбектерінде көрініс тапқан. Мысалы: «Хауас», «Үш құю», «Әділет», «Шапағат», «Жә уан мәрелік». Әл-Фарабидің көптеген ой-толғауларын Абайдың шығармашылығы мен қара

сөздерінен де кездестіруге болады. Екі ұлы тұлға да адамның «жан» мәселесіне ерекше мән беріп, көптеген ойларын жазып қалдырған.

Әл-Фараби «Табиғат ғылымдарының негіздері», яғни космогония жайлы еңбегінде жалпы хауасқа, әсіресе, оның хауаси хамса заһири деп аталатын сыртқы сезім мүшелеріне ерекше назар аударған. Ғалым өзінің философиялық көзқарастарында үш негізгі саланы айқын көрсетті: ол әлемнің мәңгілігін мойындады, білімнің болмысқа тәуелділігін растады және интеллект туралы ілімді талдады. Сондай-ақ ұлы философ Орта ғасырларда медицина мен философияның дамуына және «Медициналық Каноны» және басқа да еңбектердің дамуына елеулі үлес қосты.

Дінтану ғылымына қосқан үлесі

Фарабидің діннің пайда болу тарихы, ақыл мен иман ұғымдарының арасалмағы, ғылыми ойлау және діни сезім, діннің қоғамда алатын орны мен оның атқаратын қызметі сынды іргелі мәселелерді шешуге бағытталған және ешқашан өз құнын жоймайтын философиялық ойлары қазіргі таңда қажетті әрі пайдалы еңбек болып табылады. Ғалымның дінге қатысты ойларын «Әріптер кітабы», «Дін туралы кітап және өзге де мәтіндер», «Саяси билік», «Қайырымды қала тұрғындарының ойлары» атты еңбектерінен табамыз. Теология дінді қорғайды. Фарабидің айтуынша, «бұл екі қабілет (құқық және теология) тек жалпы әдістер, яғни, риторика арқылы ған мүмкін». Яғни, философ тарапынан құрылған дінде құқық пен теология диалектикалық және поэтикалық әдістерге мұқтаж емес. Осылайша қандай да бір халықта немесе ұлтта, сол топтың табиғи мінезіне және өзіндік болмысына сай дамитын силлогистикалық өнерлердің тәртібі болатынын жазған. Дінді «сырттан әкелінген дін», «шынайы дін», «бұзылған дін» деп жіктеп көрсеткен. Әл Фарабидің қайырымды қалада періштелер жөніндегі ислам ілімінің барлық жағын қарастыруға тырысады. Періштенің аян болуы мен елестеуі туралы бөлімі бар. Мұсылман барлық пайғамбарлардың ақиқаттылығына сену керек. Ақыр заман күніне илану жөнінде түрлі пікірлер білдірген. Әл-Фараби өзінің Қайырымды қаласында өлгеннен кейін қайырымды қала тұрғындарының жандары бір-бірімен қауышады, ал адасқан және надан қала тұрғындарының жаныөлген соң ыдырап, ажырап кетеді деген идеяны ұстанғанын айқындайды.

Исламның діни ілімі кейде *калам* деп те аталады. Кейбір ғалымдар бұны дұрыс емес дейді. Отырарлақ ойшылдың пікіріне жүгінетін болсақ «*калам* өнері дегеніміз белгілі бір көзқарастар мен әрекеттерді қорғаудағы адамның қабілеті».

Физика және метафизика

«Физика - табиғи денелердің қайсысы жағдайға қарай анық болмыс екенін анықтай отырып, табиғи денелерді зерттейді; ол әр табиғи денеде оның нысаны мен субстанциясын, оның жаратушысы мен осы дененің, сондай-ақ, оның акциденциясының бар болу мақсатын зерттейді, - дейді әл-Фараби. Физика олардың мәнін; олардың ішінде әрекет ететін заттарды; бұл акциденциялардың әрекет ету мақсатын зерттейді. Бұл ғылым табиғи денелердің негіздері мен олардың акциденцияларының негіздерін береді». Жалпы тарихта Фарабиді физик деп те атауға болады. Ең бір ауыз толтырып айтатынымыз *Вакуум* деген туындысы. Аталмыш шығармада кеңістік мәселесі, оның материямен тығыз

байланысы яки кеңістік пен материяның сабақтастығы болмаса бейтараптығы ұғымына байланысты бостық немесе вакуум мәселесі туындаған. *Вакуум* деген трактатында осы мәселелер жан-жақты қарастырылып, «материядан мүлдем бос кеңістік, яғни абсолют бостық жоқ, бірақ ол материяның жаратылысы бізге белгісіз дейді. Ал ыдыстың ауасын сорып алып, суға төңкерсе ыдыс суға толады. Олай болса, сорылып алынған ауаның орны абсолют бос қалады, ендеше вакуум бер деп қорытынды шығарады. Қалай десек те бұл зерттеудің барлығы физикада үлкен алға жылжу болды, ғылым мен техниканың ілгері басуына ықпалын тигізеді.

Жаратылыстану ғылымы сегіз тармақтан тұрады:

- барша табиғаттың негіздерін зерттеу;
- жай денелер, сондай-ақ күрделі денелердің элементтері мен бөліктерін зерттеу;
- табиғи денелердің пайда болуы мен жойылуын зерттеу;
- элементтердің қасиеттерін зерттеу;
- күрделі денелерді, әр түрлі бөліктерінің сипаты мен бірігу әдісін зерттеу;
- күрделі денелерді бірыңғай бөліктермен не бірлестіретінін зерттеу /мысалы минералдар/;
- өсімдіктерді, олардың жалпы қасиеттерін, сондай-ақ, олардың әрқайсысының ерекшеліктерін зерттеу;
- жан-жануарларды, олардың жалпы қасиеттерін, түрлерін, олардың әрқайсысының рухани күші мен ерекшеліктерін зерттеу.

Ал қасиетті ғылымды ойшыл үш тармаққа бөледі:

- бірінші тармақ бар нәрселер мен заттарды зерттейді, өйткені олар бар болып табылады;
- екінші тармақ әрқайсысы ерекше мәні бар нәрсені қарастыру үшін бөлінетін жеке теориялық ғылымдардың дәлелдерінің негіздерін зерттейді;
- үшінші тармақ дененің мәні емес және денесі жоқ материалдық емес нәрселерді зерттейді.

Метафизика – Құдайды тану туралы және оны Жаратқанның тануы туралы ғылым. "Бәле жаладан аман сақтаушы, жарылқаушыға шүкіршілік!" - деген сияқты сөздермен Құдайды мадақтау - әл-Фарабидің дағдылы лебіз білдіру рәсімі ғана емес, сонымен қатар философиялық ой-пікірді дамытуға септігін тигізетін діни теологиялық форма еді. Демек, негізінен алғанда, әл-Фарабидің философиялық ілімі идеализм болып табылады. Әлемді жаратқан Құдай деп білетін теологиялық түсінікке сүйенеді. Бірақ бұл едәуір өңделген ілім, өйткені бұның өзі дербес ой толғауының өзегі, догма мен нанымға емес, парасатқа сүйенген философияның өзегі болып отыр.

Риторика мен поэтика саласына қосқан үлесі

Поэзия мен риторика отырарлық ойшыл еңбектеріндегі негізгі тақырыптың бірі. Бұл туралы үнемі айтып та отырады. Мысалы Еуропада мәшһүр болған музыкалық шығармаларында Әбу Наср поэзияны таққа шығарып, бұл тұрғысында

«...музыка қолданылатын тілдің синтаксисіне тәуелді. Ол диалектикамен байланыстағы екі өнердің заңдылықтарына, яғни риторика мен поэзия тәртібіне бағынышты» деген көркем ойды ұсынады. Өзінің *Поэзия өнерінің канондары трактатында* поэзия мен кескіндеме өнері арасындағы жақындық туралы да айтып өткен. Екі өнердің пәні әркелкі, алайда екеуінің де қимыл әрекеті «еліктетуінде» көрініс береді, олардың мақсаты біреу – адамның сезімі мен қиялына әсер ету. «Фараби поэтиканы үш жағынан қарастырады. Біріншіден, ол тілтанумен дәл келуі ретінде түсіндіріледі және шынында да, қазіргі зерттеушілер көрсеткендей, поэзия тіл ретіндегі тіл мүмкіндіктерін максимальды түрде толық тауысады. Екіншіден, поэтика логикаға оның құрамдас бөлігі ретінде, риторика, софистика, диалектика және аподейктикамен қатар енеді. Үшіншіден, эстетикалық жағынан поэтика теориялық музыканың негізі ретінде қарастырылады». «Поэтикалық шығармашылыққа қабілеттілік туралы айта келе, әл-Фараби ақындарды үш топқа бөледі. Біріншісі, теориялық тұрғыдан бұл өнер негіздері жайлы білімнен ада болғанымен, поэзияның немесе барлық жанрларына табиғи қабілеті барлар. Екінші топтағы ақындар, олар табиғи дарындарымен қатар, поэзия өнерінде де терең білгірлігімен сипатталады. Оларды «ойлаушылар» деп атауға тұрады. Үшіншісінде – шығармашылық төлтумалық пен өнер канондары туралы терең білім жоқ, алғашқы екі топтағы ақындарға еліктеушілер».

Әл-Фараби мазмұнына қарай поэзияны келесі жанрларға бөледі: *трагедия, дифирамб, комедия, ямб, драма, айнос, диаграмма, сатира, поэма, эпос, риторика, амфигенезис және акустика.*

Қорытынды

Орта ғасырлық ғылым мен философия тарихында Әбу Наср әл-Фараби сияқты ұшан-теңіз теоретикалық ғылыми мұра қалдырған ойшылдар кем де кем. Ол Шығыс пен Батыстың құрметті ойшылы. Ғалымдардың көпшілігі отырарлық ойшылдың трактаттарын оқып, түсіндірме жасаумен айналысқан. Оның философиясы ғылыми ой-сананың нәтижелі дамуына түрткі болды. Әбу Насрдың еңбектері Еуропаның жоғарғы оқу орындарында оқытылды. Қайта өрлеу (Ренессанс) дәуірі ғылым саласының қайнар бастауындағы көшбасшы болып танылады.

Әл-Фараби – ерекше тұлға; данышпандық пен кеменгерліктің үлгісі; бірегей дара ғылыми жігер мен ынтаның иесі. Мәдениеттің барлық саласына өз үлесін қосты. Сондықтан да көптеген уақыт бойына оның шексіз мұрасын Батыс пен Шығыс талқыға түсіруде. Оның жасаған философиялық пайым жүйесі орта ғасырлық теоретикалық ой-сананың жоғарғы шыңы болып табылады. Ол ақиқатты іздеп қана қойған жоқ, оны бүкіл адамзат бақытын табу жолында пайдалануға тырысты. Адам бақытын жақсы және дұрыс басқарылатын қоғамнан іздеуі әділетті шешім болды. Әділетсіздікті, өтірікті, екі жүзділікті, қызғаншақтықты әшкереледі. Адамзат қоғамының нысаны деп әділеттілік пен ақыл ой патшалығын көкседі. Ізгілік, ар, ұят, сабыр, мейірімділік, білімділік сияқты өнегелілікпен қатар тұратын сенімге яғни Аллаға деген ықыласқа үндейді. Үздіксіз қарама-қайшылықтар мен қақтығыстар шарттылығында

гуманизм идеясын жариялауы ерлік болатын. Адамдық пен имандылық жолы ғаламды құтқаратындығын насихаттады. Адам болмысындағы кісілік пен парасаттылықты оятты. Әдемілікке құштарлық пен сезімдік музыканың кілтін ашты. Адамның тәні, жаны және рухани кемелденуіне жол көрсетті. Сол жолдағы төзімділік пен тәубешіліктің үлгісі бола білді. Тән мен жанның үйлесімділігін, деніңіздің саулығын, шипагерліктің сырларын танытты.

Әл-Фараби туралы зерттеулерімді аяқтай келе баса айтқым келетіні ойшыл танымы шексіз, оны оқыған тұлға өзін басқалардың көзқарасын сыйлауға, діни төзімділікке, айналасындағыларды ұғыну мен пайымдай білуге, ар-ождан бостандығының, дүниетанымдық плюрализмнің ғаламат жетістіктері, яғни солар арқылы мәдениет пен демократия деңгейі туралы баға беруге болатын басты белгілер екенін түсінуге, сөйте тұра ғалам мен ғарыш пайымына талдау жасауға кепілдемеге, өзінің білім мен зердесін қоғамда ашық көрсетуге жолдама алады.

Әдебиеттер тізімі

1. Әбу Наср әл-Фараби – түркі-ислам ойшылы //Қазақ халқының философиялық мұрасы. Астана,2005.
2. Әл-Фараби. Әріптер кітабы// Әл-Фараби мен Ибн Сина философиясы. Алматы «Жазушы», 2005.
3. Аль-Фараби. Трактаты о музыке и поэзии. Алматы «Ғылым» 1993.
4. Бейсенов Қ. Қазақ топырағындағы қалыптасқан ғақлиятты ой кешу үрдістері. Алматы «Ғалым», 1994.
5. Әл-Фараби философиясы// Қазақ халқының рухани мұрасы. Астана 2005. – 494 б.
6. Көбесов А. Сөнбес жұлдыздар. Алматы, 1971.
7. Әл-Фараби. Бақыт жолын сілтеу// Қазақ халқының философиялық мұрасы. Астана, 2006.
8. Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. Алматы, 1975.
9. Салқынбаев М. «Әл-Фарабидің әдеби мұраларының зерттелуі» монография, Ақиқат, 72-77 б., 2010
10. Ә. Дербісалиев. Қазақ даласының жұлдыздары. - Алматы,1995.
11. Н.Келімбетов. Ежелгі дәуір әдебиеті. - Алматы 1991. - 264 б.

КАШКИМБЕКОВА МАҚПАЛ ҚАРЫБЕКҚЫЗЫ

*Нұр-Сұлтан қаласының
Әл-Фараби атындағы
Оқушылар сарайы директорының
оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары*

ӘЛ-ФАРАБИДІҢ БІЛІМ ФИЛОСОФИЯСЫ

Адам өз дәуірімен үйлесімді болуы үшін, қоғамда саналы өмір сүруі үшін және өзіне де, қоғамға да пайдалы азамат болуы үшін нені үйренуі керек? Міне осы сұрақ ғасырлар бойы ойшылдарды толғандырды, демек, білім – адам үшін ең

маңызды. Білім берудің мақсаты бірінші кезектегі мәселе, тек содан кейін осы мақсаттарды жүзеге асыру тәсілдерін қарастыруға болады.

Әбу Насыр Әл-Фараби – жан-жақты еңбектері әлемдік ғылым мен өркениеттің дамуына баға жетпес үлес қосқан ұлы ғұлама. Ұлы философтың ойлары мен рухани негіздері адамды тұлға ретінде тәрбиелеуге және шынайы адамгершілік құндылықтарды нығайтуға мүмкіндік береді. Бүгінгі білім берудің негізгі міндеттерінің бірі – жас ұрпақтың осындай ұлы ойшылдардың мұрасын тануы, олар құрған ғылым салаларын насихаттау және одан әрі зерделеу.

Бұл мақаланың мақсаты – Әбу Насыр Әл-Фарабидің философиялық жүйесіндегі білімге деген көзқарасын ұсыну, оның шығармашылығының ішінде білім беру туралы аспектісіне тоқталу. Бұл туралы мәлімет аз, өйткені зерттеушілер логикалық, метафизикалық және саяси аспектілерге аса назар аударды. Әл-Фарабидің білім беру тұжырымдамалары әлі де зерттеуді қажет ететіні сөзсіз.

Әл-Фараби – ислам философиясы тарихындағы жарық жұлдыз, маңызды тұлға, өйткені ол «әмбебап ақылға» сүйенетін эпистемологияның негізін қалаушы және өз заманындағы интеллектуалдық, саяси және әлеуметтік жағдайлар туралы айтқан пікірлері сөзсіз оның көзқарасын түсіндіреді, себебі ол ұлы толқулардың тарихи кезеңінде өмір сүрген.

Ол ислам мәдениетінде логиканы орнатты, сондықтан ол «Екінші ұстаз» атанды. Сонымен бірге саясаттағы біртұтастықты қалпына келтіріп, саяси ғылымды өзінің философиясының тірегі қылды. Әл-Фараби эпистемология мен құндылықтар арасындағы байланысты баса көрсететін Құранды басшылыққа алды және табиғатты басқаратын ережелер жүйесіне сүйенді.

Ғалым ең бірінші мақсат – Құдайды тану керек, Құранның сөзін, діни ілімді білу адамның адамгершілік қасиетіне терең ықпал етеді деді, бұл таным-білім өмірдің түпкілікті мақсатын табуға көмектеседі, сонымен қатар данышпандыққа жету үшін зердесін оятады. Данышпандық – Әл-Фарабидің пікірінше, интеллектуалдық жетістіктің ең жоғары деңгейі. Оның философиясының өзегі – қоғам мен мемлекеттің бірлігі. Қоғам мен мемлекеттің бірлігіне – ақыл-ой, даналық пен діннің бірлігі арқылы қол жеткізуге болады. Бұлардың әрқайсысы қоғамды басқарудың негізі болып табылады, Қоғам да бірлік пен ғаламдық кеңістіктегі тәртіп сияқты болуы керек. Шынында да, Әл-Фараби көбінесе қаланың тәртібі мен бірлігін ғаламдық кеңістіктегі тәртіп пен бірлікпен салыстырады.

Ғұлама үшін философия мен дін бір ақиқаттың екі көрінісі болып табылады, олардың арасындағы айырмашылық тек түсіндіру түрінде ғана: философия дінді түсіндіреді және оны дәлелдейді; ол оған қарама қайшы емес. Әл-Фараби ақыл-ойдың бірлігін түсіндіру үшін Платон мен Аристотельдің философиясын біріктіретінін білеміз, өйткені, оның пікірінше, Платон мен Аристотель арасында ойлаудың жалпы бірлігі бар, айырмашылықтар кейбір сұрақтарда ғана кездеседі.

Білім – Әл-Фарабидің философиялық жүйесіндегі маңызды әлеуметтік құбылыстардың бірі. Ол адамның рухани болмысын зерттейді және адам бала

кезінен қоғамның мүшесі болуы үшін, кемелдікке қол жеткізу үшін, осылайша, мақсатқа жетуі үшін дайындалуы керектігіне аса назар аударады.

Әл-Фарабидің пікірінше, білім беру қызметі тұтастай алғанда белгілі бір кезең мен белгілі бір мәдениет аясында адамның құндылықтарды, білім мен практикалық машықтарды игеруі ретінде жинақталуы мүмкін. Білім берудің мақсаты – адамды өзін-өзі жетілдіруге жетелеу, өйткені адам осы мақсат үшін жаратылған және адамзаттың осы дүниеде өмір сүруінің мәні – бақытты болу, бақытқа жету дегеніміз кемелдіктің жоғары деңгейі - абсолютті игілікке жету.

Әл-Фарабидің ойынша, кемел адам – өзінің зияткерлік білімін толық алып, теориялық ізгілікке жетіп, осылайша өзінің моральдық мінез-құлқында кемелді болып, практикалық моральдық қасиеттерге ие болған адам. Содан кейін, осы теориялық және моральдық қасиеттерді тиімді күшпен байланыстырып, олар саяси басшылықтың жауапкершілігін өз мойнына алған кезде, қоғамның жеке мүшелерінің көңілінен орын алып, осылайша басқа адамдар үшін үлгі болады. Әл-Фараби адамгершілікті және эстетикалық құндылықтарды біріктіре қарастырады: жақсылық - сұлулық, ал сұлулық - жақсылық; әдемілік - ақылға қонымды деп бағаланатын ұғым.

Осылайша, ғұламаның білім беруден күткен кемелдігі білім мен ізгілік мінез-құлықты біріктіреді; бұл бір уақыттағы бақыт пен мейірімділік. Теориялық және практикалық кемелділікке тек қоғамда қол жеткізуге болады, өйткені адамды тәрбиелейтін де және оны еркіндікке дайындайтын да қоғам. Содан кейін, білім берудің мақсаттарының бірі - "барлық қалалары бақытқа қолжеткізу үшін бірге жұмыс істейтін" мінсіз қоғамды құру.

Білім беру мақсаттарының бірі – саяси көшбасшыларды қалыптастыру, өйткені "надандық қарапайым адамдарға қарағанда монархтарға зиянды". Әл-Фарабидің пікірінше, адамгершілік мінез-құлық адамның жан болмысында болуы керек, ал азаматтар іс жүзінде қолайлы саясат жүргізетін, істерін лайықты түрде басқаратын және олардың жағдайын жақсартатын көшбасшыны қажет етеді. Қаланың әл-ауқаты – "оның тұрғындары арасындағы моральдың жақсы тепе-теңдігінің" көрінісі және осы тепе-теңдікке жету білім берудің маңызды мақсаттарының бірі. Моральдық мінез-құлық құлдырап, мінез-құлық пен пікірге күмән туындаған кезде, бұл ортақ құндылықтардың болмауы қаланы алаңдатады. Осылайша, Әл-Фараби адамгершілікті білім берудің негізгі мақсаты ретінде қарастырады.

Білім беруге қойылған басқа мақсаттардың ішінде Әл-Фараби "өнерді игеруді" қосады, өйткені оның пікірінше, теориялық және практикалық өнердегі шеберлік даналықтың бір көрінісі болып табылады; өйткені дана адамдар – "өнерде өрге жүзген және практикалық іс-әрекеттерде кемелділікке қол жеткізетіндер, себебі білімнің мақсаты оны қолдану болып табылады және кемелдік осыларда".

Осылайша, Әл-Фарабидің пікірінше, білім беру мақсаттарының бірі – оқытуды оны іс-әрекетке айналдырумен біріктіру: "табиғатта танылатын және қолданылатын барлық нәрсе, оның жетілуі – бұл іс жүзінде қолданылатын нәрсе". Ғылымды іс жүзінде қолдану мүмкін болмаса, оның мағынасы жоқ, әйтпесе ол бос

және пайдасыз. Нақты практикалық ғылымдар – бұл іс-әрекетке дайындықпен байланысты ғылымдар, ал абсолютті кемелділік – бірге қолданылатын білім мен іс-әрекет арқылы адам қол жеткізетін нәрсе.

Әл-Фарабидің білім туралы философиясы – адамның физикалық болмысын, ақылын, этиканы, эстетиканы және технологияны қамтитын толыққанды тұлғаны қалыптастыруға бағытталған деп қорытынды жасауға болады. Ғұлама философиясының мақсатына қазіргі білім беру жүйесінің кез келген саласы назар аудармай өте алмайды.

Әл-Фараби философиясының тұжырымдамалары – математика мен жаратылыстану ғылымдарының маңыздылығына, эксперименттік әдіске, білімді интеграциялауға, құндылықтар мен эстетикалық талғамның маңыздылығына баса назар аударатын тұжырымдамалары бүгінгі күні де өзектілігін жойған жоқ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Әбу Насыр Әл-Фараби 5 том. 2007, 110-120 б.
2. Әл-Фараби Әлеуметтік этикалық трактаттар. Алматы, 1975, 90-105б.
3. Әл-Фараби Әбу Насыр Мұхаммед ибн Узлаг. «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактат» / философиялық трактаттар. Алматы: Ғылым, 1970. 193-211 Б.
4. Машанов А. Әл-Фараби. Алматы, 1970. 55-62б.
5. Әл-Фараби философиялық трактаттар. Алматы, 1973, 87б.

ҚАШҚЫНБАЕВА ЖАНАТ

Бастауыш сынып мұғалімі

Жамбыл облысы

Т.Рысқұлов ауданы

Қ.Сұлтанбеков атындағы орта мектеп

ҰЛЫ ОЙШЫЛ, ҒҰЛАМА ӘЛ – ФАРАБИДІҢ – ДАНАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Тарихты білмей тұрып, қазіргінің қадіріне жету, болашақты болжау қиын дейтін өз қағидасы бар. Өміріміздің даму барысын дұрыс түсініп ғылымның бүгінгі мен ертеңін танып, бағдарлап отыруда ғылым тарихы маңызды орын алады. Расында адамзаттың жинақталған материалдық байлықтары қандай ұшан теңіз болса, оның рухани байлығының қоры да іріктей білу, оны қастерлеп бағалай білу, халыққа жеткізу – кейінгі крпақтың абыройлы міндеті. Осы кездегі өркені өскен сан салалы ғылым мен мәдениетті жазуға талай елдің, талай ұрпақтың таңдаулы өкілдері қатысты, Орта ғасырларда адамзат білімінің молайып, ақыл – парасаттың жетілуіне орасан зор еңбек сіңірген ғұламаның бірі – қазақ топырағынан шыққан Әбу Насыр Әл – Фараби. Фараби және оның шәкірттері ғылым мен мәдениетті дамудағы орнын анықтау, ғылым мұраларын мұқият зерттеу өте үлкен маңызды жұмыс. Бұл жағдайда білімпаздар өте ертеден – ақ аңғарған сияқты. Сондықтан да болуы керек, дүние жүзінің әр түрлі халықтарынан шыққан оқымыстылар Әл –

Фараби мұраларын мың жыл бойы зерттеп келеді. Астрономия, география және басқа да жаратылыстану ғылымдары туралы көшпенділердің білімі орта ғасырларда ғылыми трактаттар түрінде кең тараған [1].

Әл-Фарабидің математикалық еңбектері: «Ғылымдар тізбегі» немесе «Ғылымдар классификациясы», «Алмагеске қосымша кітабы», «Евклид ің тауының» бірінші және бесінші кітаптарының қиын жерлері не түсініктеме», «Табиғат - сырын геометриялық фигуралар арқылы танытарлық рухани әдістер». Бұлардан басқа да математикаға тікелей немесе жанама қатысы бар көп деректер - ғұламаның «Музыканың үлкен кітабы», «Алмагеске түсініктемесі» атты еңбектерінде мол орын алған.

Орта ғасырларда мұндай ғылыми зерттеулер жүргізу, тек өз заманынан жүздеген жылдарға ой-санасы озып туған ғұламаның ғана қолынан келетін еді. Осы еңбектерді жеке-жеке қарастыра отырып Фарабидің аса көрнекті математик болғанына көз жеткіземіз[2].

Әл – Фараби ғылым тарихында негізінен философ және музыка теориясын жазушы ретінде белгілі болса, А.Көбесовтың зерттеулері ұлы ғалымды математик, жаратылыстану, география ғылымдарының зерттеушісі ретіндегі шынай бейнесін қалпына келтіруге шешуші үлес қосты.

Әл – Фарабидің бай ғылыми мұраларын зерттеуде ғалым А.Көбесов 200 – ден астам ғылыми, ғылыми – танымдық еңбектер жариялады және араб тілінен көптеген аударма жасады. Олардың ішінде кеңінен танымал «Әл - Фараби», «Әл – Фарабидің математикалық мұрасы», «Әл – Фараби еңбектеріндегі астрономия» сияқты еңбектері, араб тіліндегі математикалық трактаттарының аудармалары, «Алмагестке түсініктемесі» және көптеген монографиясы мен кітабы бар.

А.Көбесовтың «Әл – Фарабидің математикалық мұрасы» атты монографиясы ғұлама бабаымыздың ойшыл – математик ретіндегі тұлғасын жан – жақты ашып берді. Бұл еңбекте Әл – Фарабидің геометрия, тригонометрия, арифметика, алгебра және олардың астрономия мен музыкада қолданылуы, сондай – ақ ықтималдықтар туралы ілімі, тағы да сол сияқты мәселелер қарастырылған. Сонымен қатар, Әл – Фарабидің бұл еңбектерін өзге ғалымдардың жетістіктерімен тығыз байланыста қарастырған.

Жұртшылыққа, әсіресе математиктер қауымына осы «Әл – Фарабидің математикалық мұрасы» монографиясы кеңінен мәлім. Бұл еңбек шетел Әл – Фараби зерттеушілерінің жоғары бағасын алған және ол Әл – Фарабидің математикалық еңбектерін жан – жақты, жүйелі түрде терең зерттелген бірден – бір еңбек ретінде аса зор маңызға ие.

Оның маңыздылығы бүгінгі күнде одан әрі артпаса, кеміген жоқ. А.Көбесовтың осы «Әл – Фарабидің математикалық мұрасы» атты еңбегі, оның ғылыми редакторлығымен шыққан Әл – Фарабидің «Математикалық трактаттар» кітабының шетелде, яғни Американың Мичиган университетінің кітапханасында цифрланған көшірмесі жасалынып, осы университеттің электронды қорында сақтаулы, бұған қоса «Птоломейдің «Алмагесіне» түсініктеме» еңбегінің Калифорния университетінің кітапханасында тұруы көп нәрсені аңғартса керек.

Атап айтар болсақ, Жаңа Зеландиядағы Окленд университетінің профессоры Гари Дж. Ти «Араб ғылымының тариха» журналында жарияланған мақаласында былай деп жазған: «А.Көбесовтың монографиясы Әл – Фарабидің математикалық е шолу жасалынған алғашқы кітап және Әл – Фарабидің математикасына қызығушылық танытқандар үшін өте маңызды...Көбесовтың кітабы Әл – Фараби математикалық еңбектеріні математикасына қызығушылық танытқандар үшін өте маңызды...Көбесовтың кітабы Әл – Фараби математикалық еңбектерінің керемет дәйектілігі мен тереңдігін және оның көптеген кейінгі авторларға күшті әсерін көрсетуімен құнды. Ол Әл – Фарабидің шығармаларын зерттейтіндердің барлығына да пайдалы » [3].

Геометрия бойынша оқулықтар баян дау әдісіне қарай ғылыми - трактаттардан ерекшеленуі тиіс және мектеп пен медресеге арналған геометрия бойынша оқу құралдарын құрастырушылар басшылыққа алуы тиіс қағидат еді. - Бұл туралы IX-X ғ. «Екінші Шығыстық ұстаз» Әбу Насыр Ә л-Фарабидің Евклидтің «Бастауының» бірінші және бесінші кітаптарына түсіні ктемесінде айтылған. Әбу Насыр Ә л-Фарабидің оқулық жайлы сөзіне жүгінелік: «...санаға сай тәртіп бойынша, алдымен нүкте, кейін сызық, одан кейін сыртқы беті, кейін барып дене. Алайда оқушы жайлы айтқанда, оқы тудың басында оқушы сезілетін нәр сеге мықты болғандықтан, біз алдымен сезімге сәйкес тәртіпті қолданамыз, ал ғылыми шығармада ақылға сай тәр тіп қолданылады. Сондықтан оқыту сезі - летін денеден басталуы тиіс...». Басқа шығар маларында л-Фараби Евклидтің «Бастауларында» педагогикалық тәсіл дің жоқтығын сынға алып, математикадан оқу құралдарын жазу барысында оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеру - қажеттігін атап өтті.

Әл-Фарабидің пікірлерінен мектеп, медресе мұғалімдері мен осындай мектептерге арналған оқулықтардың авторлары басшылыққа алуы тиіс жалпы дидактикалық нұсқаулар анық көрінеді.

Орта ғасырлық Шығыстың «екінші ұстазының» осындай айқын пікірінен кейін оның оқушылары мен ізбасарлары геометрия бойынша оқытудың барлық талаптарына сәйкес оқу құралдарын жазды. Соның бірін Саад-диномат ат-Тафтазани құрастырды. «Үшбұрыштың бұрыштары туралы трактат» осыдан алынды.

Әл-Фараби оқыту мен тәрбиелеудің диалектикалық байланысын терең әрі дұрыс түсінді. Ол «тәрбие ғылымдарына» арифметика, геометрия, астрономия және музыканы жатқызды. «Бұл төрт ғылымның, деп жазады Ә л-Фараби, - биелеуші деп аталу себебі, білім алушыны тәрбиелейді, оны неғұрлым нәзік етіп, оған одан кейінгі ғылымды тану үшін тікелей жол көрсетеді»[2].

Осыдан Әбу Насыр Ә л-Фарабидің Орта Шығыстағы ғылыми дидактиканың негі зін қалаушы екеніне көз жеткіземіз. Орта Шығыс пен Қазақстандағы математика мен педагогиканың бастауларын Әл-Фарабидің ғылыми мұрасына жатқызған дұрыс.

Пайдаланылған әдебиетте тізімі

1. Ш.Әбдірахманов «Әл – Фараби көпірі» Алматы «Жалын» 1988

2. egemen.kz: <https://egemen.kz/article/229121-al-farabidinh-dgaqandyq-matematikalyq-murasy> сайты

3. Әл – Машани, А.Жақсыбекұлы «Көп томдық шығармалар жинағы» Алматы «Алатау» 2007 ж.

КӘКЕНТАЙ МӨЛДІР ЕРЛАНҚЫЗЫ

Нұр-Сұлтан қаласы

ӘЛ-ФАРАБИДІҢ МҰРАСЫ

Қазақ топырағынан шыққан ұлы данышпанның толық аты-жөні - Әбу Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Тархан әл-Фараби. Әл-Фараби бабамыз 870 жылы қазіргі Отырар деп аталатын Фараб қаласында дүниеге келіпті. Бұл қала кейіннен арабтардың ықпалымен "Барба-Фараб" деп аталып кеткен. «Сол себепті «әлемнің екінші ұстазы» атанған ойшылды Әбу Насыр Әл-Фараби, яғни Фарабтан шыққан Әбу Насыр атанған» дейді зерттеушілер. Тарихи деректерде Отырар қаласы IX ғасырда тарихи қатынастар мен сауда жолдарының торабындағы аса ірі мәдениет орталығы болған. Әл-Фараби дәулетті отбасынан шыққан. Әкесі әскербасы болатын. Ештеңеден кемдік көрмей өскен айрықша дарын иесі Әбу Насыр бала күнінен ғылымға үйір болып өскен. Алғашында Бұхарада, Самарқанда білім алады, одан кейін Хамадан, Бағдат, Шам, Каир, Дамаск, Александрия, Мәдина, Мекке қалаларында зерттеумен айналысқан. Ақыры Бағдад қаласында тұрақтап қалады. Бұл жерде 20 жылдай тұрып, антикалық философиямен әлемдік мәдениетпен танысады. Содан кейін Шам жеріне (Бағдад) қоныс аударып, 950 жылы өмірден өткенше сол өлкеде қалады. "Жалпы Әл-Фараби бір жерде тұрақтамаған. Ол үнемі бір қаладан екінші қалаға саяхат жасап, білімін шыңдаған. Ғұлама ойшыл бар өмірін ғылым мен білімге арнады. Мәліметтерге сәйкес, ол 70-ке жуық тілді меңгерген", - дейді. Әл-Фараби осындай үлкен ізденістерінің арқасында Аристотельден кейінгі «екінші ұстаз» атанады. Яғни философия саласы бойынша грек ойшылы Аристотельдің «Категориялар», «Герменевтика», «Риторика», «Поэтика», «Метафизика», «Аналитика» секілді көптеген еңбектерін түсіндірген. Яғни грек тілінде ғана дамып жатқан ғылымның араб, парсы, түрік тілдерінде тәпсірін жасайды. Сонымен қатар, Аристотелдің әлеуметтік-қоғамдық идеяларын түсіндіріп қана қоймай дамыта білген адам. «Кемеңгерлік меруерті», «Ізгі қала тұрғындарының көзқарасы», «Мәселелердің түп мазмұны», «Ғалымдардың шығуы», «Бақытқа жету», «Азаматтық саясат», «Мемлекеттік қайраткерлердің нақыл сөздері», «Музыка туралы үлкен трактат секілді көптеген философиялық еңбектер жазды. Жалпы саны 150-ге жуық философиялық және ғылыми трактаттар жазып қалдырды. Философия мен логика, саясат пен этика, музыка мен астрономияны зерттеді. Бүгінгі күнге дейін оның логика, метафизика, этика, саяси және әлеуметтік философия, музыка мен медицинаға арналған жүзден аса трактаттары сақталған. Ол ең алғаш болып музыканы математикалық негізде жүйелеп, оны ғылымның бір бағыты ретінде көрсеткен. Әл - Фараби

бабамыздың аты 1150 жыл болса да өшкен жоқ. Себебі, оның артында қалдырған білімі, үлкен ғылыми мұрасы бар. Мемлекет, ел басқару жөнінде ғажап тұжырымдар жасай алған. Дамаск қаласында жазып шыққан «Қайырымды қала тұрғындары» атты атақты шығармасында ол қала басшыларын «қайырымды» және «надан» деп екіге бөледі. Әрі қарай «қала тұрғындары қай кезде бақытты болады?» деген мәселеге үңіледі. «Ғалымның пікірінше, бұл шаһардың әкімдеріне байланысты. Егер әкім білімді, әділ, ойы таза болса, барлық қала тұрғыны бақытты болады. Ал қаланың әкімі надан болса, өтірік айтса, шаһардың адамдары бақытсыз болады. Әл-Фараби шын бақытқа жету үшін адам үнемі іздену керек дейді. Ғұлама ғалым адамзат тарихында алғаш рет ғылымға классификация жасап оны теориялық ғылымдар және практикалық ғылымдар деп екі топқа бөлген. Оның алғашқысына жаратылыстану ғылымдары мен метафизиканы енгізсе, екінші тобына этика, фикһ, кәләм (исламдағы өзекті тақырыптарын қамтыған ғылым саласы) ғылымдарын жатқызған. Нақтысын айтқанда, әл-Фарабидің еңбектері еуропалық Ренессанстың өрлеуіне үлкен ықпал етті дейді ғалымдар. Бір айта кетерлігі, әл-Фарабидің балалық, жастық шағы туралы тұщымды мақлұмат жоқ. Тек жасы елуден асқан шағында Бағдат шаһарына қоныс аударған кезінен бастап қана айтыла бастайды. Сондай-ақ, ұзақ жылдар бойы бабамыздың туған жері, ұлтына, тегіне қатысты қарама-қайшы пікірлер айтылып келді. Зерттеушілердің көбі Әбу насырдың тегіндегі Тархан сөзіне қарап қана түркі текті деп болжам жасап жүрді. Махмұд Қашқари өзінің «Диуани лұғат ат-түрк» атты әйгілі еңбегінде «Фараб қаласының түрікше атауы – Қарашоқы» деп жазады. Ал, арабтың X ғасырда өмір сүрген әйгілі саяхатшы-географ ғалымы Әбу-л-Қасым ибн Хаукал өзінің «Саяхаттар мен мемлекеттер» деген еңбегінде «бұл шаһар – атақты философ әл-Фарабидің туған жері» деп көрсетеді. Бірақ соған қарамастан оны «өзбек», «тәжік» деп ұлтынан деп дәлелдемек болғандар да бар. Ғалымдар «бабамыздың өмір сүрген заманында халықтар қазіргідей қазақ, өзбек, тәжік секілді жеке ұлт ретінде бөліне қойған жоқ, ол кісі түркі текті ойшыл болған. Яғни әл-Фараби бабамыз қазақ жерін мекендеген түрік тайпасынан шыққан. Бұл тайпа кейін қазақ халқының құрамына енді» деп өз байламдарын жасады. Шынында да, әл-Фараби-біздің мақтанышымыз және Даңқымыз. Оның есімімен біз әлемдік мәдениетке толықтай қатыстық, демек, солай болу керек! Адамның байлығы да, бақыты да, атақ- даңқы да, ол - білім. Білім – таусылмайтын байлық.

КЕНЖЕБЕКОВА ЕҢЛІК МАРАТҚЫЗЫ

№63 «Әсем-Ай» балабақшасы

МКҚК мұғалім-логопеді

ӘЛ-ФАРАБИ ЖӘНЕ ОНЫҢ АСЫЛ МҰРАСЫ

VIII ғасырдан бастап Қазақстан мұсылман әлемінің бір бөлігіне айналды. Мәдениеттердің өзара байытылуы болды. Мұсылман әлемінде ақындар, ғалымдар, жазушылар болған бүкіл топ болды. Ең танымал тұлға Әбу Насыр Әл-

Фараби болды. Әбу Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Тархан ибн Узлаг әл-Фараби ислам әлеміндегі ортағасырлық ірі мұсылман ғалымдарының бірі болған. Ол философия, математика және Музыка теориясы сияқты ғылымдарға өз үлесін қосты. Әбу Насыр Әл-Фараби-ортағасырлық араб-мұсылман философиясының ірі өкілдерінің бірі, Батыс Еуропадағы ең танымал араб философтарының бірі (Ибн Рушдпен бірге). Әл-Фараби грек ғалымдары Платон мен Аристотельдің еңбектерінің араб тіліндегі аудармаларына түсіндірме түсініктемелердің авторы. Аристотель араб-мұсылман ғылымында "мұғалім" ретінде танымал болған, ал Әбу Насыр Әл-Фараби өз түсініктемелері үшін "екінші мұғалім" (Аристотельден кейін) деген құрметті лақап атқа ие болған [1].

Әбу Насыр Әл-Фараби 870 жылы Фараб округінде (Отырар қаласының маңында) дүниеге келді, сол себепті Әбу Насыр Әл-Фарабидің("Фарабтан") нисбасын алды. Оның әкесі әскери жетекші болған және түркі тектес болған. Жас кезінде ол Отырарды тастап, Бағдатқа оқуға кетті. Ол кезде Бағдад Араб халифатының астанасы және әлемдік зияткерлік орталық болған. Жолда ол Исфахан, Рей (Тегеран) және Хамадан сияқты қалаларда оқуға тоқтады. Әбу Насыр Әл-Фараб, Аббасидтер әулетінен шыққан Бағдад халифасы әл-Муктадирдің (908-932) кезінде Бағдатқа сапар шеккен. Келгеннен кейін Әбу Насыр Әл-Фарабин ғылымның әртүрлі салаларын (медицина, логика, философия және т.б.) зерттеуді бастады. Сонымен қатар Әбу Насыр Әл-Фарабит, сонымен қатар тілдерді зерттеді (олардың бірі ежелгі грек болған). 941 жылы қартайғанда Әбу Насыр Әл-Фараби Дамаскіге барып, өмірінің қалған бөлігін ғылыми зерттеулермен өткізді. Дамаскіде Әбу Насыр Әл-Фараби "Қайырымды қала туралы трактат" жазуды аяқтады. Әбу Насыр Әл-Фараби философия, математика, химия, астрономия, музыка, анатомия, филология және т. б. көптеген еңбектер қалдырды. Ол 950 жылдың желтоқсан айының соңында - 951 жылдың қаңтар айының басында қайтыс болды [2].

Әл-Фарабидің ғылыми еңбектері мен трактаттары Ибн Синге (Еуропалық дәстүрдегі Авиценна), Ибн Рушдқа (Еуропалық дәстүрдегі Аверроэс) және басқа да көптеген араб философтарына әсер етті. Оның ғылыми көзқарастары мен жаңалықтары орта ғасырларда Еуропадағы әртүрлі ғылымдардың дамуына әсер етті. Көптеген зерттеушілердің пікірінше, Орта ғасырдағы батыс еуропалық ғалымдар Аристотель мен Платон және олардың идеялары туралы Әл-Фарабидің трактаттары мен еңбектерінен білді.

Адамның ақылға қонымды іс-әрекеті, оның табиғи қасиеттері ретінде, Әл-Фараби адам автономиясының әмбебап ақылға қонымды сипаты, адамның шығармашылық белсенділігі, адам өмірінің құндылығынан тәуелсіз адам еркінің бостандығы нәтижесінде барлық адамдардың гуманистік теңдігі туралы бірқатар тұжырымдар жасады. Бұл мәселені Әл-Фараби өзінің "Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактатында" қарастырған [3].

Әл-Фарабидің кемелді қоғамы үш түрге бөлінеді: Ұлы, Орта және кіші. Ұлы қоғам-бұл жер бетінде өмір сүретін барлық адамдардың компанияларының жиынтығы, орташа-жердің кейбір бөліктеріндегі адамдардың бірлестігі, кішігірім - тұрғындардың шағын қауымдастығы.

Әл-Фарабидің пікірінше, ең үлкен игілік пен жоғары кемелдікке, ең алдымен, жетілудің төменгі деңгейінде тұрған қоғам емес, Қала қол жеткізе алады. Соңғы әл-Фараби ауыл, аудан, көше және үй деп санайды. Бұл жүйе Әл-Фараби қатаң логикалық дәйектілікпен құрған, жалпы және жеке ұғымдар арасындағы қарым-қатынасқа негізделген ғалымның логикалық ойлауының нәтижесі болып табылады [4].

Сонымен, Әл-Фараби қоғамының ең жетілген түрі-қала. Ол терминді қолданады қала қазіргі мағынада қаланы әкімшілік-аумақтық бөліністің бірлігі ретінде ғана емес, сонымен бірге мемлекет пен әлеуметтік топтарға да қатысты.

Әл-Фарабидің әлеуметтік және этикалық ілімдерінде ізгілікті қала идеясы маңызды орын алады. Әл-Фарабидің пікірінше, ізгілік-ең жақсы моральдық қасиеттер.

Әл-Фарабидің ізгіліктері этикалық және интеллектуалдық болып бөлінеді. Этикалық қасиеттері үшін ол модерацияны, батылдықты, жомарттық пен әділеттілікті, ақылдылықты - даналықты, парасаттылықты және тапқырлықты қарастырады.

Сонымен, Әл-Фараби этикасының маңызды сәттері: шынайы бақыт-бұл барлық қасиеттерге ие болу. Оның үстіне, ол табиғаты бойынша ақкөңіл адамдарды еркін деп атайды.

Осыған байланысты Әл-Фарабидің пайымдауы мен темпераментіне байланысты адамдарды үш түрге бөлу туралы ойлауы қызықты. Бірінші түрі - табиғатта еркін адамдар. Олар ақылға қонымды және шешуші. Екінші түрі-осы екі қасиеті жоқ адамдар, Әл-Фараби дөрекі деп атайды. Үшінші түрі-табиғаттағы құлдар, олар ақылға қонымды, бірақ анықталмайды. Шынында да, табиғаты еркін адамдар бақытты,-деп қорытындылады Әл-Фараби. Әл-Фарабидің ізгі қаласы "адамдар бірлестігі өзінің шынайы бақытын тапқан жағдайда өзара көмекке бағытталған қала"деп анықтайды. Дәл осы ынтымақтастық барлық басқа адамзат қауымдастықтарынан ерекшеленетін ізгі қаланың шынайы бақытына жету үшін. Өзін-өзі оқшаулау және жалғыздық адамды бақытты ете алмайды. Ізгілікті қала Әл-Фарабидің негізгі ұстанымы әділеттілік деп санады. Осы мемлекеттік сот төрелігінің әрбір азаматы ерекше сессияға және ерекше жағдайға арналады. Жақсы қалада әділеттіліктің Үстемдігі тұтастай алғанда мемлекеттің әртүрлі және гетерогенді бөліктерін біріктіреді.

Аристотель әл-Фарабиден кейін мәңгілік және динамикалық тіршілік әлемнің супер сезімтал мәнінен бөлінбеуі керек бір ғана, бірақ екі деңгейлі (кіші және супер-ай) әлемнің болуы мүмкін деп санады, Аристотель бірінші себеп Әл - Фарабидің ізашары деп атады. Демиург немесе бір әлем құрған Платон бөгеті принципінен айырмашылығы, Әл-Фараби Аристотельдің жаратылмаған әлем туралы емес, мәңгілік туралы принципін қабылдады. Философияның міндеті ретінде ол Ғаламның әртүрлі бөліктерін сапалы талдау, ондағы процестерді сапалы егжей-тегжейлі сипаттау арқылы бар мәңгіліктің және мәңгіліктің сипаттамасы мен түсіндірмесін ойлап тапты, бұл әлеуетті актуализациялау деп түсініледі, дегенмен Әл-Фараби үшін "ізгілік" категориясының қазіргі түсінігіндегі Этика ғаламның да, адамның да, адамның да болмысын

телеологиялық тұрғыдан түсіндірудің кілті болып табылады. қоғамда, өйткені ізгілік ойлау, таным тәсілі болып табылады. Шын мәнінде, білім-Әл-Фарабидің философиялық жүйесіндегі маңызды әлеуметтік құбылыстардың бірі. Бұл адамның жан-дүниесіне қатысты және адамның ерте жастан қоғамның мүшесі болуға, өзінің жетілу деңгейіне жетуге және сол арқылы өзі жасаған мақсатқа жетуге дайын екендігіне кепілдік береді. Алайда, Әл-Фарабидің кітаптарында білімге арнайы арналған шығармалар жоқ екендігі рас болса да, оның шығармаларын мұқият қадағалайтын кез-келген адам осы жерде және сол жерде шашыраңқы, оның жалпы философиялық көзқарастарына сәйкес келетін нақты білім беру элементтері бар, жеке ұғымдар мен ойларды "біртұтас дүниетанымға" біріктіруге бейім түрлі мәтіндерге сүрінеді. Шынында да, әл-Фарабидің пікірінше, білімнің барлық қызметі белгілі бір кезең мен белгілі бір мәдениеттің ішінде адамның құндылықтарды, білім мен практикалық дағдыларды игеруі ретінде жалпылануы мүмкін. Білім берудің мақсаты - адамды жетілдіруге жетелеу, өйткені адам осы мақсат үшін құрылған. Әл-Фарабидің ойынша, кемелді адам (әл-инсан әл-камил) - теориялық ізгілікке ие болған адам - осылайша өзінің зияткерлік білімін аяқтап, практикалық моральдық ізгіліктерге ие болды - осылайша өзінің моральдық мінез-құлқында кемелді болды. Содан кейін, осы теориялық және моральдық қасиеттерді тиімді күшке ие бола отырып, олар саяси көшбасшылықтың жауапкершілігін қабылдаған кезде қоғамның жеке мүшелерінің рухына еніп, басқа адамдар үшін үлгі бола алады. Әл-Фараби адамгершілік және эстетикалық құндылықтарды біріктірді: жақсылық - керемет, ал сұлулық - жақсы; әдемілік - зиялы қауым бағалайтын нәрсе [5].

Сонымен, ол білім беруден күткен бұл кемелдік білім мен ізгілік мінез-құлықты біріктіреді; бұл бір уақытта бақыт пен жақсылық. Әл-Фараби тек жеке ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік жетілумен де айналысты және оның "Ізгі қаласы" (Мадинафадил) платонизмнен, неоплатонизмнен және аристотелианизмнен алынған принциптерге негізделген, дегенмен оның ілімінің құрылымдық элементтерін елеусіз қалдыруға болмайды. Әл-Фарабидің саяси философиясы араб-мұсылман мәдениетіндегі саяси теориямен аз байланысты болды.

Әбу Насыр Әл-Фараби еңбектерін зерттеудің өзектілігі қазіргі уақытта да өзектілігін жоғалтпайды, өйткені Әбу Насыр Әл-Фараби сезім мен ойлау, тәрбие мен іс-әрекет жүйесін жетілдіру мәселесіне қайта оралады. Оқытусыз ол адамзатты тәрбиелемейді. Білімсіз адам басқалардың ерекше қасиеттерін тани алмайды. Жанды тәрбиелеусіз үлкен жетістіктер жоқ. Тек ғылым мен білім арқылы рухани прогреске қол жеткізуге болады. Ол өзінің мінез-құлқын өзгерте алмайтын адам шынайы ғылымға жете алмайтындығын ескертеді.

Қорытындылай келе, Әбу Насыр Әл-Фараби, ол алға қойған мақсаттарына жету оған байланысты екенін айтады. Адам үнемі рухани жетілдірілуі керек және ол шындықты тек әлемді білу арқылы алуға болатынына сенімді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Сатыбекова С.К. Гуманизм Аль-Фараби. - Алма-Ата, 1975. - 136-138.
2. Аль-Фараби. Книга достижения счастья. - Хайдарабат, 1926. - 44-46.

3. Лолита Сафронова. Источник: <http://shkolazhizni.ru/archive/0/n-26980/>
4. Жолмухамедова Н. В поисках совершенного: Аль-Фараби и Ибн Сина. - Алматы, 2014. -- 181.
5. Дербисалиев А. Эстетика Аль-Фараби. - Алматы, 1980.- 36.
<https://infourok.ru/statya-al-farabi-i-ego-nasledie-3984238.html>

КОШКИМБАЕВА АСЫЛ САПАРОВНА
Нұр-Сұлтан қаласы №71 мектеп-лицей
бастауыш сынып мұғалімі

ҰСТАЗ ШЕБЕРЛІГІ ТУРАЛЫ БІР ҮЗІК СЫР...

Өз ісіңнің білгірі һәм шебері атану үшін жақсы жұмыс істеп, жетік білуге ұмтылу керек. Қандай әрекет жасап, қандай іс істер болсаңыз да – игілігін көріп, рахатына бөленуді мақсат тұтқан жөн.

Әл-Фараби

Бұл мақалада Әл-Фарабидің ұстаздық туралы айтқан философиялық ойлары келтіріліп, оларға қазіргізаман көзқарасымен талдау жасалынған.

Түйінді сөздер: ұстаздық, бақыт, кемелдік белгілері, тәрбие-тәрбие кілті

Қазіргі дүниені неғұрлым дұрыс танып-білу үшін, жақсы өмірдің дұрыс жолын таңдай білу үшін және жаңа мыңжылдықта білімді, тәрбиені, адамгершілікті дамыту үшін біз әр уақытта өзімізге дейінгі өткен идеялар мен қағидаларға сүйенгеніміз жөн. Және «Тәрбие – тал бесіктен» деген халық даналығына орай, ұрпақ санасына ата-бабадан мирас болып келе жатқан адами қасиеттерді, рухани құндылықтарды шым-шымдап сіңіре беру керек деп ойлаймын. Бұл мәселеге үлкен жауапкершілікпен қараған жөн деп санаймын. Өйткені әр перзент - еліміздің ертені, мемлекетіміздің болашағы. Осы тұрғыда Әл-Фараби бабамыздың айтқан мынандай тәмсілі бар.

Шығыс әмірлерінің бірі Әл-Фарабиді сарайына арнайы шақырып, мынандай сауал қояды: -Уа, Екінші ұстаз, менің мемлекетімнің болашағы қандай күйде болмақ? Болжалыңды естігім келеді, -дейді. Сонда Әл-Фараби: - Еліңнің болашағын білгің келсе, маған жастарыңды көрсет, сонсоң айтып берейін,-деген екен.

Қазіргі уақытта Әл-Фараби ойлары мен тұжырымдарының өзектілігі қайтадан арта түсуде. Ел Президенті халыққа жасаған Жолдауында «ұлттың жаңа болмысын» қалыптастыру бойынша баршамыздың алдымызға аса маңызды міндет қойды. Бұл орайда, кез келген бәсекелестікке төтеп беретін әрі ұлтымыздың ұлы қасиеттерін бойына сіңірген ұрпақ қалыптастыруда ұстаздарға артылып отырған жүктің мәні ерекше зор!

Ұлы ойшылдың пікірінше, адамның кемелденуіне ең басты ықпал етуші күш – білім. Ұлы бабамыздың білім мен тәрбиені ұштастыра жүргізу туралы ой-тұжырымдары ғасырлар бойы өмір шындығынан туған қағидаға айналды. Тәлім-

тәрбиенің кілті ақыл-парасаты мол ата-ананың ғана емес, білімі терең, тағылымы тамырлы ұстаздың да қолында болады. Адам баласы жақсылыққа жету жолында, Әл-Фараби тілімен айтқанда, «ақылгөй ұстазға зәру» екен. Бұл зәруліктің орнын білікті педагогтер, ұлағатты ұстаздар даярлау арқылы толтыруға болады. Осы тұрғыдан алғанда, біз қоғамда қажетті реформаны жүзеге асыра бастағанымызды «Педагог мәртебесі туралы» заң қабылданғанынан байқауға болады. Бұл заң көптеген жаңа қадамдарға жол ашатынына сенімдімін. Сондықтан барша мұғалім еңбегін бағалап, педагог мәртебесін арттырып, «ұстаз» деген ұлағатты ұғымды қадірлеуіміз керек.

Кемеңгер ұлы ғалым ұстаз туралы былай деген екен: "Ұстаз жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жадында жақсы сақтайтын, ешнәрсені ұмытпайтын, мейлінше шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл, жаны жақындарына да жай адамдарына да әділ, жұрттың бәріне жақындық пен ізгілік көрсетіп, қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек болуы керек". Расында да, жасампаздыққа жаны құмар, болып жатқан құбылыстарға саналы түрде әділ баға бере алатын педагог – бүгінгі қоғамның мұқтажы, сұранысы, қажеттілігі.

Ұстаз шеберлігі- тек мұғалімнің жан-жақты және әдістемелік сауаттылығы ғана емес, ол әр сөзді бойға сіңіруі. Ұстаздық әдеп жайын сөз еткенде біз шығыс ойшылдарының гумандық ой пікірлеріне назар аударамыз. Әсіресе, екінші ұстаз, ғұлама ғалым, ұлы ойшыл Әл-Фарабидің еңбектеріндегі педагогикалық көзқарастар қанша ғасыр өтсе де өз құндылығын жоғалтқан жоқ. Әл-Фарабидің айтуы бойынша нағыз ұстаз ғана айтқанын екі еткізбейтін, ешкім шағым жасауға батылы бармайтын, білімі телегей - теңіздей, ақыл-ой парасаты да, ерік- жігеріне де ешкім тең келе алмайтын адам. Осындай қасиеттері бар ұстаз ғана шәкіртке үлгі-өнеге көрсетеді, ол халықты соңына ертіп, оның мұң-мұқтажын, талап-тілегін орындай алады. «Өз ісіңнің білгірі һәм шебері атану үшін жақсы жұмыс істеп, жетік білуге ұмтылу керек. Қандай әрекет жасап, қандай іс істер болсаңыз да игілігін көріп, рахатына бөленуді мақсат тұтқан жөн»- деп айтқан сөздері 1000 жылдан астам уақыт өтсе де, өзінің маңыздылығын жойған жоқ деп ойлаймын.

Ұстаз да қала басшысы сияқты ел жетекші, халық қадірлісі екендігін ерекше атап өткен Әл-Фараби, мұғалім балаларды оқытып, тәрбиелесе, қала бастығы олардың ата-анасына өнеге көрсетеді, халықты ізгі қасиеттерге баулитындығын ерекше атап көрсеткен. Басшыны да, ұстазды да кемелдікке жетелейтін негізгі қасиеттерді атап өткен:

<ul style="list-style-type: none"> ✓Тән ерекше жетілген түрлі іс-әрекетті нәтижелі етіп орындауға ыңғайлы бейім болуы ✓Ойын анық, дәл бере алатын, көркем сөйлей алатын шешен ✓Қайда жүрсе де өте ұстамшы ✓Табиғатынан әділ, шынайы, шыншыл ✓Өтірік-есекті, мылжындықты жек көріп, шындықты, әділдікті бар ынтасымен сүйе білу 	<ul style="list-style-type: none"> ✓Нені болса да жақсы айырып, тез тұржырымға келе алатын 	<ul style="list-style-type: none"> ✓Өзінің түсініп, сезгенін көріп, білгенін есіне жақсы сақтай алатын 	<ul style="list-style-type: none"> ✓Көреген ойлы, талғампаз, ақылды адам болуы ✓Ілім-білімді, оқу-ғылымды жан тәнімен, ұнғыл-шұңғылын ақыл-ой жұмысының үлкен бейнетін тек ләззат санайтын адам ✓Өр кеуделі, жан мен арын бірдей кіршіксіз ұстайтын адам ✓Мал-мүлікке, дүние-жиһазға, мәнсіз ұсақ тіршілікке қызықпау
---	---	---	---

Сонымен қатар Әл-Фараби ұстаз бен шәкірт арасындағы ара- қатынастарды олардың моральдық қатынастың қандай болу керектігін де ескерген. Ұстаз өз шәкірттерінен адалдық, сыпайылық, ізгілік, әділдік сияқты қасиеттерді көргісі келсе, онда оның өзінде де осы қасиеттер болу қажет. "Мұғалімдік" еткен адамның өлшеуі тым өкпелі болмасын және тым асыра босаңсытқан төмендікпен де болмасын. Егер тым қатты үнемі ызғармен болса, онда оқушылар мұғалімді жек көретін хәлге жетеді. Егер тым босатып жіберген кішіпейілдік болса, онда оқушылар жағынан мұғалімдерді кем санау, оның ғылымына жалқау қарау қауіпті тұрады» деп жазды өзінің "Философияны үйрену үшін алдын-ала не қажет" деген еңбегінде.

Әбу Насыр Әл-Фарабидің пікірінше, оқу, білім алу, ғылым адамы болу, адамгершілік және тәрбие мәселелерімен тығыз байланысты. Мәселен, "Философияны үйрену үшін алдын-ала не қажет" деген еңбегінде бірінші алғышарт ретінде жан тазалығын, ар тазалығын қойған. Адам өмірі үшін, әсіресе ұстаздарға бұл құралдың қажеттігі түсінікті. Ұстаздың негізгі мақсаты – өз шәкіртіне білім беріп, ізгілікті мінез-құлыққа тәрбиелеу деп білсек, сол тиянақты білім, ізгілік ұстаздың өз бойында болуы шарт. Егер де өзінің бойында кездеспейтін болса, онда логика саласында надан деп есептелініп, қайсыбір мәселеде кімдікі жөн екенін, оның қалайша жөн екенін ажырата алмайды. Бұл жағдай ұстаз бойында кездесетін болса, сөзсіз оның беделін түсіріп, өз шәкірттерінің мінез-құлық, іс-әрекеттеріне дұрыс баға бере алмағандықтан, олардың арасында түсінбеушілік, кейде бір-біріне деген дөрекілік, жүрген жерде, әрине, логика, парасаттылық туралы дұрыс түсінік болуы мүмкін емес деп ойлаймын. Сол себепті шәкірттің ой-талағамын жетілдіру, оның іс-әрекет жасауына көмектесу – ұстаз парызы.

Педагогиканың мақсаты, мұраты туралы Фараби ұсынған гуманистік идеялар мен қорытындылар адам өмірінің қазіргі кезеңінде де ағартушылықтың маңызды тіректерінің бірі болып отыр. Біздің міндетіміз- бақытты адам тәрбиелеу. Азаматтың бақыты-асқақ та биік мақсат-жаңа өмір жолында жасампаз рухани күштердің гүлденуін терең сезінуде.

Библиографиялық тізім:

- 1.Бейсенов А. «Әл – Фарабидің тұжырымдары» // Ақиқат. – 2006. - № 6, 70-73 б.
- 2.Жусанбаева Г. «Әбу Насыр Әл – Фарабидің халыққа білім беру жүйесін құруға қосқан үлесі.»// Қазақстан тарихы.- 2004.-№11, 49-52 б.
- 3.Медетбаев Т.С. «Әл-Фарабидің әдеби-ғылыми мұрасы». Автореферат.– Алматы, 1998, 32 б.
- 4.Қалиев Ж. «Халық педагогикалық және ағартушы ғалымдардың шығармаларындағы ұлттық тәлім – тәрбие үлгілері.» // Ұлт тағлымы.-2005.-№2, 31-34 б.
- 5.Кенжебаев Т. «Әбу Насыр Әл Фараби дидактика туралы»// Ұлт тағлымы. -2002 ж. № 1, 28-30 б.
- 6.«Фараби ойлары. Әлеуметтік этикалық трактаттар» //Парасат.-1994.№4. – 2 -3 б.

КОШКИНБАЕВА СӘУЛЕ БЕЙСЕНБАЙҚЫЗЫ

Жамбыл облысы, Т.Рысқұлов ауданы

Шоқан Уәлиханов атындағы

шағын орталықты орта мектебі

ШЫН БІЛІМ – АҚИҚАТ, АНЫҚ БІЛІМ

Дүниежүзілік ғылым мен мәдениетте көрнекті із қалдырған ортағасырлық ойшыл, энциклопедист-ғалым, Шығыс Ренессансының көшбасында тұрған дара тұлғалардың бірі Әбу Насыр әл-Фараби 870 жылы Фараб (Отырар) қаласында дүниеге келген. Атақты Отырар кітапханасы орналасқан өңірдің түлегі білім баспалдағының алғашқы сатыларын осы өлкеде өткереді. Фараби өмір сүрген дәуір терең тарихы, төлтума мәдениеті, озық дәстүрі бар түркі даласына ислам дінінің дендей еніп, түркі, араб, парсы мәдениетінің тоғысуы басталған күрделі кезең еді. Саналы ғұмырын ғылым-білім жолындағы ізденіске арнаған Фарабидің өмірлік ұстанымының қалыптасуына аталмыш факторлардың әсері үлкен болғаны анық. Мұсылман әлемінің сол кезеңдегі аса маңызды ғылым мен мәдениет орталықтары Бағдат, Шам, Мысыр елдеріне сапар шеккен жас Фараби араб, парсы, грек, латын, санскрит тілдерін жетік меңгеріп, сан-сала ғылымға бой ұрады. Өз дәуірінің атақты ойшыл ғалымдарымен, өнер иелерімен, сөз зергерлерімен сұхбаттас болған Фараби сол кезең ғылымындағы күрмеуі шешілмеген күрделі мәселелерді тап басып танып, ізденісін осы арнаға бағыттайды. Философия, логика, психология, этика, математика, астрономия, тіл білімі, эстетика, социология, поэтика салаларына арналған 150-ге жуық трактат қалдырған энциклопедист-ғалымның өз зерттеулерінің үлкен бөлігін Аристотель еңбектерін түсіндіруге арнауы – дәуір сұранысынан туған ізденістер еді. Көрнекті шығыстанушы Е.Э.Бертельс бұл туралы: “Аристотельдің араб тіліндегі алғашқы аудармалары мінсіз деуге келіңкіремейтін. Ғылыми терминологияның қалыптаспағандығы аудармашылар жұмысына едәуір бөгет жасады. Мәтінді игере алмағандықтан олар көбіне грек тіліндегі түпнұсқаның синтаксистік құрылымын сақтауға тырысып, аударманы араб оқырманы мүлде түсінбейтін жағдайға жеткізді. Тек Фараби еңбектері ғана көне дәуір дүниелерін дұрыс түсінуге мүмкіндік берді. Ғалым Аристотельдің “Категориялар”, “Герменевтика”, “Бірінші және екінші Аналитика”, “Топика”, “Риторика”, “Софистика”, “Поэтика” секілді еңбектеріне түсіндірме жасады. Осы еңбектері әл-Фарабиді “Екінші ұстаз” атандырды” деп жазады. (Осы орайда “Екінші ұстаз” атауы жөнінде қалыптасқан жоғарыдағы пікірден өзгеше өрбіген дінтанушы М.Бұлұтайдың: “Фарабидің “Екінші ұстаз” аталуын дәреже жағынан емес, тарихтағы кезеңі жағынан екіншілік деп түсінеміз” деген пікірін де ескере жүрген жөн секілді). Сан-сала ғылымның түп қазығын философия мен логикадан тарата зерттеуде Фараби Аристотель бағытын жалғастырды. Ғалымның өзіне дейін жасалған әдістеменің ізімен жүруі қалыпты құбылыс болатын. Шығу тегін өзі логикадан тарататын поэтика, әдебиет теориясы, тіл білімі салаларына арнап әл-Фараби “Өлең өнері туралы трактат”, “Өлең өнерінің қағидалары туралы трактат”, “Әдебиеттегі

пікірталас туралы трактат”, “Риторика туралы трактат”, “Аристотель “Риторикасына” түсіндірменің үлкен кітабы”, т.б. еңбектер қалдырды. Сондай-ақ “Логика туралы трактат”, “Ғылымдардың шығуы туралы трактат”, “Мемлекет билеушісінің нақыл сөздері”, “Ғылымдардың жіктелуі туралы трактат” секілді еңбектерінде де Фараби әдебиет пен поэзияға қатысты бірқатар түдің әдебиет пен өлең өнеріне қатысты біршама пікірлері тұжырымдалған. Фарабидің әдебиет әлеміне қатысты ғылыми еңбектері мен жеке шығармашылығы белгілі ғалымдар А.Машанов, Х.Сүйіншәлиев, М.Мырзахметов, Р.Бердібай, Н.Төрекұлов зерттеулеріне арқау болды. Ә.Дербісәлиев, А.Көбесов, Б.Ғафуров, Н.Келімбетов, Т.Медетбаев еңбектерінде Фараби мұраларының әдеби қырына назар аударылды. Әл-Фарабидің “Өлең өнерінің қағидалары туралы трактаты” мен бірнеше өлеңі А.Нысаналиннің аударуымен 1974 жылы “Жазушы” баспасынан жарық көрді. Дегенмен Фараби мұраларының басым бөлігі әзірге қазақ тілді оқырманның игілігіне айнала қойған жоқ. Бұл салада атқарылар қыруар іс келер күннің еншісіне қалып отыр. Әл-Фарабидің “Ғылымдардың жіктелуі туралы трактатында” логика ғылымының сегізінші бөлімі ретінде поэтика аталады: “Логиканың бұл бөлімі поэзияны талдау қағидаларын, кең таралған поэтикалық пайымдаулар мен өнердің өзге де салаларында қолданылатын пайымдау түрлерін қамтиды. Сондай-ақ ол өлең өнерінің барлық заңдылықтарын бүге-шігесіне дейін сипаттайды, өлеңнің, поэтикалық пайымдаудың түрлерін, олардың ерекшеліктерін, жасалу жолдарын, көркемдікке, шеберлікке, биік сапаға қол жеткізу әдістерін ашып көрсетеді” (аудармалар біздікі –А.Ә.) деп тұжырымдайды ғалым . Бұл жерде Фараби қолданған “поэтика” терминінің зерттеушілер айтып жүрген “Поэзия туралы ғылым” деген анықтамадан гөрі қазіргі әдебиеттануымызда қолданылатын көркем туындының болмыс-бітімін тұтастықта қарастыратын, жалпы алғанда “әдебиет теориясы” ұғымымен мазмұндас, жекелей алғанда әдебиеттану ғылымының бір саласы болып табылатын “поэтика” ұғымымен үйлесетінін аңғарамыз. Тағы бір назар аударатын жайт, Фараби өз еңбегінде поэтиканы логикадан таратып, поэтикалық пайымдаулар мәселесін бірінші кезекке қойғанымен, таза поэзия табиғатына тән ұғымдарды да ұмыт қалдырмай, тұтастықта қарастырған. Фараби трактаттарындағы эстетикалық идеяларды талдай отырып, осы ерекшелікке назар аударған зерттеуші Л.Исламова: “Әл-Фараби поэтикасы белгілі бір деңгейде логика ілімінің қалыптарымен шектелгенімен, ғалым өлең сөзді тыңдаушыға эмоциялық әсер беретін құрал ретінде де қарастырады” деп жазады . “Поэтика” ұғымына қатысты Фарабидің жоғарыда келтірілген тұжырымдамасы ғалымның осы салаға арналған трактаттарында жан-жақты қырынан ашылады. Бұл тақырыптағы трактаттардың ең көлемді әрі кең танымалы – “Өлең өнерінің қағидалары туралы трактат”. Еңбектің кіріспесінде Фараби Аристотельдің “Өлең өнерінде” айтқан ойларын талдап, тұжырымдарын бекітуді, оны талапкерлерге таныстыруды мақсат еткенін айта келіп: “Алайда біз аталмыш өнерге қатысты мәселелерді бүге-шігесіне дейін талдап жатпаймыз, өйткені философтың өзі де поэтика тұрмақ, софистика жөніндегі тұжырымдарын аяқтаған жоқ. Себебі ол өзіне дейінгілерден ақиқатты айқындау жолында тірек етіп алуға тұрарлықтай

ешбір негіздер мен заңдылықтарды таппаған. Таңғажайып талантты ұлы ойшылдың өзі аяқтамаған мәселелерді ақырына жеткіземін деп талпынғаннан гөрі өлең өнеріне қатысты тыңдаушыға пайдалы қазіргі қолданыстағы қағидаларды, пайымдаулар мен мысалдарды талдап, көрсетумен шектелгеніміз жөн болмақ” деп жазады .

Әл-Фарабидің трактаттағы “поэтикалық пайымдау” ұғымына сатылай көтерілу мәнері, ой қисыны оқырманын еріксіз елітіп әкетеді: “Сөздің мағынаны жеткізе алуы да, жеткізе алмауы да мүмкін. Мағыналы сөз жай немесе күрделі болады. Күрделі сөздерді “пайымдаулар” немесе “пайымдауға жатпайтындар” деп бөлуге болады. Пайымдаулардың кейі – айқын, кейі – бұлыңғыр. Айқын пайымдаулардың кейі – шынайы, кейі жалған болады. Жалған пайымдаулардың бір бөлігі қарастырылып отырған затты тыңдаушы санасында айқын бейнелесе, екінші бір бөлігі олардың ойында затқа еліктеу туғызады, осы соңғысы поэтикалық пайымдаулар болып табылады. Мұндай еліктеулердің кейбірі – кемел, кейі толыспаған болып келеді. Олардың толысу-толыспауының табиғатын зерттеп-зерделеу – ақындардың немесе түрлі тілдер мен диалектілердегі поэзияларды зерттеп, солар туралы еңбек жазып жүргендердің үлесіндегі дүние”

Осы үзіндідегі әл-Фараби тұжырымдарының түйіні болып табылатын “тыңдаушы санасында затқа еліктеу тудыру” құбылысы қазіргі әдебиеттануымыздағы “образ” ұғымымен төркіндес екені күмән туғызбайды. Осы құбылысты жіті аңғарған зерттеуші Т.Медетбаев былай деп жазады: ”Аристотель еліктеуді поэзия, мүсін, музыка, би сияқты өнер түрлерінің негізгі құралы ретінде қолданады. Әл-Фараби Аристотельдің өнер туралы ойларын дамыта келіп, еліктеуді образбен алмастырды. Ол образды екі мағынада қолданады: бірі көркем сөз, көркем тіл болса, екіншіден – ол адам, яғни кейіпкер деген ұғымды білдіреді. Кейде ол образды поэтикалық пайымдаулар деп те атайды” .

Поэтикалық пайымдаулардың (А.Нысаналин “ақындық түйіндеу” деп келтіреді) өлшем мен мазмұнға қарай жіктелетінін айта келіп, Фараби өлшем бойынша жіктеулерді музыканттың немесе просодистің үлесіне жататын тіл мен әуеннің тегіне қатысты дүние деп білсе, мазмұн жөніндегі ғылыми жіктеулерді символдарды түсіндіріп, поэзияны талдаушы, поэтикалық идеяларды, түрлі халықтар мен мектептерге тән поэзияны зерттеуші қауым өкілдерінің еншісінде қалдырады. Фараби көптеген халықтардың поэзиясында мазмұн мен өлшем арасына шек қойылмай, аралас қолданылатынын, бұл мәселеде қатаң қағиданы тек көне гректер ғана сақтағанын айтады. Әрине, Фараби бұл жерде поэзияның әрбір түріне белгілі бір өлшемді ғана қолданатын көне гректік өлең қағидаларын үздік үлгі ретінде ұсынғалы отырған жоқ. Өлшем мен мазмұнның қатаң қағидаларға бағындырыла бермеуі түрлі халықтардың дүниетанымындағы, көркем ойлауындағы, сөз қолданыстарындағы ерекшеліктерге байланысты екені айқын. Фараби тек қатаң сақталатын қалыбы бар, теориялық тұжырымға салуға икемді, ең бастысы, біршама зерттеулерге арқау болып үлгерген грек поэзиясын толымды талдауға лайық және танымдық мәні бар объекті ретінде алады. Сонымен Фараби жіктеуінде көне грек поэзиясы мынадай түрлерге бөлінеді:

Трагедия – арнаулы өлшемі бар, тыңдаушыға да, айтушыға да ләззат беретін өлең түрі. Трагедияда өзгелерге үлгі-сабақ боларлық жақсылы-жаманды істер сипатталады, билеушілер марапатталады. Музыканттар әдетте трагедияны әміршілердің алдында орындайды. Әмірші дүниеден өткен жағдайда трагедияға жоқтау сарыны бар өлеңдер қосылады.

Дифирамб – трагедиядан екі есе артық өлшемі бар өлең түрі. Дифирамбта жекелеген адамдарға емес, жалпы адам баласына ортақ абзал мінездер, ізгі істер, сондай-ақ күллі адамзатқа қайырлы істер жасаған дара тұлғалар дәріптеледі.

Комедия – арнаулы өлшемі бар өлең түрі. Комедияда келеңсіз, оғаш жайттар суреттеліп, адамдардың мінез-құлық, іс-әрекетіндегі ұнамсыз көріністер шенеледі. Жекелеген тұстарда кейбір адамдар бойындағы жануарларға тән жағымсыз, жиіркенішті мінездер баса көрсетіледі.

Ямб – бұл да арнаулы өлшемі бар өлең түрі. Ямбта мақал-мәтелдер секілді жақсылы-жаманды істерді сипаттайтын нақыл сөздер келтіріледі. Бұл өлең түрі соғыстар мен дау-жанжалдар кезінде, ашу-ызалы сәттерде қолданылады.

Драма – алдыңғы түр тәрізді поэзия жанры. Ерекшелігі сол – мұнда белгілі бір адамдарға, жеке тұлғаларға арналған ой түйіндері, нақыл сөздер қолданылады.

Айнос – жоғары шеберлікпен жазылған, көркем де келісті пайымдауларды қамтитын өлең түрі.

Диалог – тәртіпке бағынбайтын, тезге салуға көнбейтін адамдардың жанын қандай жан түршігерлік азаптар күтіп тұрғанын сипаттайтын заң шығарушылар қолданатын өлең түрі.

Эпос және риторика – өткен дәуірлердегі саяси және құқықтық тәртіптер суреттелетін поэзия жанрлары. Өлеңнің бұл түрлерінде сонымен қатар билеушілердің өмір-салты мен іс-әрекеттері, ел басқарған кезеңі мен сол тұстағы айтулы оқиғалар баяндалады.

Сатира – белгілі өлшемі бар, музыканттар ойлап тапқан өлең түрі. Олар өздерінің әндері арқылы аң кейпінде киінген адамдар мен әртүрлі жануарларды таң қалдырарлық, әдеттен тыс қимыл-қозғалыстар жасауға мәжбүр етеді.

Поэма – жақсылық пен жамандықты, дұрыстық пен бұрыстықты бейнелейтін өлең түрі. Мұндай өлеңдердің әрбір түрі өзі сипаттайтын үлгілі, жарқын немесе келеңсіз, айыпты жайттарға сәйкес келеді.

Амфигенезис – жаратылыстану ғылымдарын сипаттау мақсатында жаратылыстанушы-ғалымдар ойлап тапқан өлең түрі. Поэзия жанрларының ішінде өлең өнерінен алшақтау жатқаны – осы түр.

Акустика – шәкірттерді музыка өнеріне баулу үшін қолданылатын өлең түрі. Оның қолданылу шеңбері осымен шектеледі, ол басқа салаларда қолданылмайды.

Фарабидің көне грек поэзиясының түрлерін жіктеп, талдап, толығымен сипаттап көрсетуі поэзиядағы түрлердің, өлшемдердің, ұғымдардың тарихи даму барысында қандай өзгерістерге түскенін, қаншалықты жетіліп, сараланғанын, “поэзия” ұғымына қатысты көзқарастардың қай дәрежеде өзгергенін пайымдауға мүмкіндік береді. Автор грек поэзиясы түрлеріне жалаң талдау жасап қана қоймайды, оларға қатысты өз пікірін де білдіріп отырады.

Мәселен, ол амфигенезистің мазмұндық қалыбы поэзия табиғатына айтарлықтай сай келмейтінін орынды ескертеді. Көне гректер дәуірінде ғана емес, сөз өнерінің қыр-сырын терең меңгеріп, асау өнер – поэзияның бабын тауып, бағындыра білген ортағасырлық Шығыста да көптеген ғылыми еңбектер (мысалы, Ибн Синаның “Емшілік өнері жайлы трактаты”) өлеңмен жазылды. Поэзияның мүмкіндіктерін жаңа бір қырынан тануға ықпалын тигізеді дегенімізбен, мұндайда өлең белгілі бір мақсатқа қызмет ететін құрал ретінде ғана қолданылып, өзінің басты қасиеті – көркемдігін әлсіретіп, немесе мүлде жойып алады. Ал Фараби ұғымында өлең еліктеу, яғни образ тудыра алса ғана – өлең, тудыра алмаса, өлең емес. Трактаттар контексіндегі “образ” ұғымының астарында кейіпкер бейнесі ғана емес, өлең өнеріне тән күллі көркемдік жатқаны айқын. Қазіргі әдебиет теориясы да образ ұғымына осы тектес анықтама береді. Сондай-ақ өлең өнерінің бітім-болмысы лиризмге, эмоцияға, экспрессияға бейім екендігін ескерсек (“Поэзия – эмоция, проза – сюжет”), Фарабидің амфигенезиске берген бағасы – оның поэзия табиғатын тап басып тани білгендігінің айқын айғағы деуге болады.

Фарабидің өзі ескерткендей, ол жоғарыда келтірілген грек поэзиясы түрлерін осы тұтас қалпында түпнұсқадан тауып, жалаң аударма жасап қана отырған жоқ. Зерттеушілердің анықтағанындай, “поэзия жанрларын бұлайша жіктеу Аристотель туындыларында кездеспейді” . Фараби бұл мәліметтерді “Аристотель, Темистий және басқа да философтар мен олардың еңбектеріне түсіндірме жазушылардың поэзия өнері жайлы пайымдау-пікірлерінен алғанын” айтады . Мұның өзі көне грек поэзиясын талдап-түсіндірмес бұрын оны саралап, жіктеуде, көзқарастарды тиянақтап, тұжырымдауда әл-Фарабидің қосқан үлесі елеулі екенін көрсетеді.

“Әл-Фараби және Абай” атты еңбегінде көрнекті ғалым А.Машанов Әл-Фарабидің дүниенің сегіз сипатын математикалық тұрғыдан дәлелдегенін жаза келіп, осы сегіз сипатты Абайдың адам бойынан іздеп, өзі тудырған өлең түрін “Сегізаяқ” деп атағаны жайлы ой айтады . Айтылмыш тұжырымды негізге алған белгілі философ Т.Бурбаев Абайдың аталған өлеңінде “дүние” ұғымының сырын ашатын жолдардың барлығына назар аударып, осы ұғымның ұлт менталитетіндегі қолданылу аясына, даму көріністеріне тоқталады . Жалпы алғанда Фараби идеяларының бертінгі дәуір әдебиетіндегі іздерін зерттеу мәселесі – әзірге түрен тимеген тың сала. Мұның өзі алдымен кейінгі дәуірлердегі шығармашылық иелерінің Фараби еңбектерімен қалай және қай дәрежеде таныс болғанын анықтауды қажет етеді. Ғұлама мұрасын әдебиет әлемімен байланыстыра зерттеудің перспективалық бағыттарының бірі – осы.

Ендігі бірер сөз Фараби шығармашылығының ашылмай жатқан бір қыры – күйшілік өнері туралы. Ғұламаның күйшілік дарыны ол дүниеге келген қыпшақ даласында да, шығармашылық із қалдырған араб жерінде де аңызға айналған. “Музыканың ұлы кітабын” жазған ғалымның әуен әлеміне алғашқы қадамы да туған топырағынан басталғанына күмән жоқ. “VII–X ғасырларда оғыз-қыпшақ дәуірі әдебиет, музыка (күй), философия, өнершіліктің өркендеген бір сәулетті кезі болса, Қорқыт, әл-Фараби сияқты генийлер – соларды жасаушылардың ұлы

басы” деп жазады көрнекті әдебиет зерттеушісі Ә.Марғұлан . “Қобызымен ескі дүниені күңіреткен Әбу Насыр әл-Фараби Қорқыттың ізін ала шыққан, соның шәкірттерінің бірі болуға тиісті. Арун-Рашид (халиф Харун ар-Рашид – А.Ә.) заманында әл-Фараби күйшіні Жанкенттен Бағдатқа алдырып, Бағдат халқы Фарабидің сұлу күйін тыңдайды” дей келіп, автор Фарабидің араб жұртына келуін осы оқиғамен байланыстырады . Алайда аңызға бергісіз бұл мәліметтің дереккөзіне сілтеме жасалмаған.Айтылғандардан аңғаратынымыздай, даңқты жерлесіміз Әбу Насыр әл-Фараби шығармашылығының өскен өлкесінің дәстүрімен табиғи тамырласып жатқан кез келген қыры – ғылыми еңбектері, ақындық мұрасы мен күйшілік өнері осы сабақтастық тұрғысынан тереңдете зерттелуге тиіс.

Ұлы ойшыл Әбу Насыр әл-Фараби шығармашылығына қатысты шағын зерттеуімізді қорыта келе айтарымыз: Мәдени жаңару үдерісі жүріп жатқан қазіргі кезеңде “өркениеттер арақатынасында төңкеріс болып, Шығыстың өркениеттің алтын бесігі, Европа қайта өрлеуінің негізі болғандығы мойындалып, Әл-Фараби, Ибн Сина, Ибн Халдун, Ибн Рушдтардың европа философиясына қосқан үлесі баса көрсетілгенімен” , Фараби еңбектерінің әлі де ашылмаған қырлары көп. Мұның бір бөлігіне жоғарыдағы талдаулар дәлел. Демек, біздің есімін мақтан тұтар даңқты жерлесіміз Әбу Насыр әл-Фараби жайлы зерттеулердің арнасы келер күндерде де ортаймақ емес.

ҚҰРМАНБЕКҚЫЗЫ НҰРИЛА

«№12 С.Сейфуллин атындағы жалпы білім беретін мектеп жанындағы интернат» КММ-нің педагог-ұйымдастырушысы

ҰЛЫ ОЙШЫЛДЫҢ РУХАНИ МҰРАСЫ

«Әбу Насыр әл-Фараби кім дегенде?» әп сәтте-ақ білім мен ғылымды, дүниеден ақиқатты іздеген ғұлама ойымызға сап ете қалары сөзсіз. Адамдық өмірдің негізгі мақсаты ғұламаның пайымдауынша, болжауынша шындық іздеу және сол шындықты табу. Енді осы бір сөздерді өз өміріне арқау еткен ойшыл «Шындық» кемесімен «Ақиқат еліне» саяхат жасағандай. Осы саяхат барысында адамды шындығы бар жолдан адастыратын дүние- «Тән тілегі», «Нәпсі» деп нысананы дөп түсіріп айтқан-ды. Әл-Фараби тура жолдан тайдыратын жат қылықтарды бойға сіңіріп дарытуға шектеу қойып,өз-өзіне тыйым салып отырған. Демек осы сөздерге қуат бола алатын жағдай, ғұлама әрқашан шындық жолына ғылыми жолмен іздену ғана емес, өзінің барлық тірлік болмысымен түсуді дұрыс санаған. Манағы айтып отырған шындықты іздеу жолы дегеніміз-табиғат пен адамдық табиғатты тең ұстанған жолы. Ал бұл жағдай тегінде, біртуар тұлғалардың қолынан келетін дүние. Өз сөзінде «Табиғат- бүкіл жаратылыс дүниесі». Осы сөздерді жинақтай келе Адам баласының білім алатын көзі-табиғат» -деп тайға таңба басқандай айтып кеткен. Оның мағынасы сол табиғатты

бақылау, зерттеу, оны қорыту, оны тексеру, оның заңын табу, сырын шешу... сол арқылы барып сол ғаламның жаратылысын тану, жаратушысын тану.. Мінекей ұлы ойшылдың Ұлы табиғат жолы. Ғамның ғажайып көркі де сонда, сыры да сонда... ғылымы да сонда, діні де сонда, адамдардың өмірі де сонда, таласы да сонда, адастыратын да сол, тура жолға апаратын да сол..-дейді-ау

Адамның ең басты жауы- «Тән тілегі» мен «Нәпсі» болса келесісі, әрине «надандық» екеніне ешкімнің таласы да, қосары да жоқ-ау. Адамның бас дұшпандарына жататыны –надандық. Қазақтың Ұлы ақыны Абай Құнанбаев атамыздың да жыр еткені осы бір жат қылық емес пе?

Жалпы алғанда адамның қасиеттерін саралап қана қоймай, ғылымның ұшар басын халыққа көздеп көрсеткендей. Сонда XII ғасыр өтсе де, қаншама тарихтың тарамдалған парақтары қайта келмеске кетсе де, құнын жоғалтпаған бекзаттай асыл дүниеміз әл-Фараби бабамыздың ойының жүйріктігі мен дәлелді айғақтарының өшпес мұра болып қалуы. Сонда ойыс айналы, оптикалық әдістер алысты жақындатып, ал кішіні үлкейтіп көрсететінін анықтаған ғалым деп айтсақ әбес емес-ті. Физикалық-математикалық теориясын жазып, оны өз қолымен жасап пайдаланған алғашқы ғалым-әл-Фараби екендігі даусыз ақиқат.

Аспаптар немесе заңдылықтардан басқа аспан әлеміне деген қызығушылығы ғұламаны алға тарта түскендей. Аспан шырақтарын және жер бетін, өлшеу аспатарын да жасай білген ойшыл ұстаз. Оның жасаған күн сағаты әдісін қазіргі кезде ата-әжелеріміз қолданып та жүр. Көлеңке өлшеу, күн сағатын жасау, сол арқылы жердің меридианын табу біздің ұлы мақтанышымыздың Ұлы жаңалықтары деп білеміз. тақырыбын «Ұлы ойшылдың рухани мұрасы» деп те атауға болады. Яғни ұлы ойшыл, ғұлама әл-Фараби бабамыздың рухани мол мұрасын дәріптеуді, насихаттауды өзіме мақсат еттім. Сол арқылы өткен кездегі ойшылдарымыздың ойлары, іс-әрекеттері, халық пен ел, Отан мен жер, тіл мен дін үшін қызмет еткеніне тағы да куә болып отырғандаймын. «Суық ақыл» мен» Жүгенсіз қайрат» «Жылы жүрекке қызмет етсе ғана білім де, ғылым да озық ойлар да елге қызмет етпек. Осы тұста ұлы ақын Абай атамыз бен әл-Фараби бабамыздың көздеп нысанаға алған мақсат-мүдделері, көзқарастары егіздей. Оған Абай атамыздың мына өлең жолдары арқау болады:

Қайрат пен ақыл жол табар,

Қашқанға да қуғанға.

Әділет, шапқат кімде бар,

Сол жарасар туғанға

Бастапқы екеуі соңғысыз,

Біте қалса қазаққа,

Алдың-жалын, артың-мүз,

Барар едің қай жаққа?. Осы өлеңнің соңғы жолдарында:

Ақырын жүріп анық бас,

Еңбегің кетпес далаға- деп жүрекпен сезінгенде ғана ақыл-парасаты қалыптасқан, рухани жан азығы мол- «Саналы адамдар» және елі мен Отаны алдындағы борышы мен парызын білетін, түйсінетін «Жеке тұлғалар» қатары

еселенетініне сенімім мол! «Ұлы ойшылдың рухани мұрасы- мен үшін, адамзат баласы үшін таптырмас кенен мол байлық іспеттес

Адамды түсіндіру, адамды түсіне білу ждеген нәрселер- білімді тұлғаның басты ерекшелігі. Қай кезде де болсын бос ұранмен, кеудемен, қызыл ауызды қызумен, жүйрік ой мен жүгенсіз қайратты тоқтатар ерекше жаратылыс иесі- «Жұдырықтай жүрек» екендігі барлық тіпті, бүкіл дүние жүзіне аян нәрсе. Қазақ топырағынан шыққан Ұлы тұлғалардың ұлы нақылдары мен дастандарын, ғылым мен білімдерін, ойларын құрметтей келе, өзімізден кейінгі жас ұрпаққа Алтын кілттей табыстау біздің басты-мақсатымыз!

ОМАРОВА РАЙХАН ТУРСЫНБАЕВНА

*Жамбыл облысы, Т.Рысқұлов ауданы
А.Байтұрсынов атындағы орта мектебі*

ӘБУ НАСЫР ӘЛ- ФАРАБИДІҢ ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАЛАРЫ

Қазіргі қазақстандық ғылым тарихында ұлттық ғылыми мұраны еркін және әділ рухта қайта зерделеудің мүмкіндігі туды. Ұлттық дүниетанымдық және фәлсафалық мирасты жаңғыртып, қазақстандық мемлекеттің, қоғамның және ғылымның игілігіне пайдалану, сондай-ақ, ұлттың жаңашыл бетбұрысына фәлсафалық бағдар есебінде пайдалану қажеттілігі туындады.

Әл-Фарабидің ғылыми мұралары бұл адамзатты қазынасы, тұңғыш қазына. Әлі аударылмағап педагогика, психологиялық қаншама еңбектері трактаттары бар. Бабамыздың еңбектерін 150-200 деп айтып жатыр шамамен, сол 200 болып қалуы әбден мүмкін. Қазақста айтады: қандайда бір елдің өткенін таразылап, болашағына бағдар жасап отыру біз үшін заңдылық. Тарихи тұлғаларымыздың рухани құндылықтарын зерттеу, насихаттау біз үшін парыз. Шығыстың ұлы ойшылы әл-Фараби бабамыздың рухани мұрасы әлемдік ғылым мен өркениеттің дамуына үлкен үлес қосты. Бұл ғалымның қазақ топырағынан шығуы біз үшін өте үлкен мақтаныш деп айтқым келеді. Қоғам мен мемлекеттің алуан түрлі жайттары Әбу Насыр әл-Фарабидің еңбектері ең алдымен адамзатқа арналған, өйткені ол еібектерін жекелеген тұлғаға, елге жерге күллі әлемге, ғаламға арнап қызу талқыға түскен жіне қордаланған мәселелер жөнінде жазуға ұмтылды[1]. Сондықтанда болар, оның ғылыми ізденістері әлі күнге дейін өзінің өзектілігін жоғалтпай келеді. Бізге жеткен оның ғылыми мұралары музыка, математика, логика, астрономия, жаратылыс тану ғылымдар салалары бізді қамтиды. Ал, әрбір айтқан ойы, келтірген пікірі, сараптаулары қазіргі қоғам дамуының кейбір қордаланған мәселелеріне дөп тиіп жатыр. Уақыт озса да Әбу Насыр әл-Фараби мұрасы ортайған емес. Қайта жылдар өткен сайын толысып келеді. Бұл өзінің ғылымының қайнар көзі гуманизмде жатқанын көрсетеді. Өзінің еңбектерінде әл-Фараби өз заманында адамгершіліктің және достықтың, пәлсапалық ойларын, өнер мен мемлекеттік құрылымдар туралы келелі пікірлер ортаға салды. «Қайырымды қала тұрғындары» жайлы трактаты «азаматтық саясат» «мемлекеттік қайраткер»

«нақыл сөздер» атты еңбектерінде адам мен қоғам, басшы мен бағынушы сынды категориялар философтардың ізденістерімен қоғамдық құрылымның өзіндік теориясын жасап шығарды. Сонымен қатар бақытқа жету, мәселелердің түп негізі сынды еңбектерінде де қоғам мен орта, адам мен өзге институттардың байланысы жайлы сөз қозғап, келелі пайымдауларды да ол ортаға салды[2].

Ғұламаның ғылыми-философиялық еңбектерін байыптап қайта қарау барысында оның педагогика тарихындағы ұлы тұлғалардың бірі болғандығын көреміз. Ол — шығыс елдерінде тұңғыш сындарлы педагогикалық жүйе жасаған ағартушы оқымысты. Жас ұрпақтың сана-сезімін қалыптастыру үшін үш нәрсенің ерекшелігін жүйелеп, дәйектеп алу шарт: 1. Баланың ішкі ынта-ықыласы, құмарлығы; 2. Ұстаздың шеберлігі, ар тазалығы; 3. Сабақ процесінің алатын орны. Ғалым дене тәрбиесі мен адамгершілік тәрбиесінің ұқсастығына, оның бір-біріне тигізетін әсеріне ерекше мән берді. Әбу Наср Әл-Фараби. өзінің “Риторика”, “Поэзия өнері туралы”, “Бақытқа жол сілтеу” туралы трактаттарында этикалық, эстетикалық мәселелерге көңіл бөліп, көркемдік, сұлулық, бақыт, мейірбандық білім категорияларының бетін ашып, солардың негізін дәлелдеп берді. Этиканы ол, ең алдымен, жақсылық пен жамандықты ажыратуға мүмкіндік беретін ғылым деп қарады. Сондықтан оның этика жөніндегі тұжырыдамаларында жақсылық, мейірбандық категориясы басты орын алады. Ғұламаның этикалық ойларынан терең гуманизмнің лебі еседі, ол адам баласын жаратылыстың, бүкіл жан иесі атаулының биік шоқтығы, сондықтан да оны құрметтеу, қастерлеу керек деп түсінеді. Фараби жасаған қортындының басты түйіні — білім, мейірбандық, сұлулық үшеуінің бірлігінде. Фарабидің гуманистік идеялары әлемге кең тарады. Ол ақыл-ой мен білімнің биік мәнін дәріптеді. Фараби көркемдік, сұлулық хақында былай дейді: ол өмір шындығының өзіне тән қасиеті, болмыстың, нақты құбылыстардың, әлеуметтік өмірдің көкейдегі елесі. Көркемдік — тән мен жан қасиеттерінің сұлулығын көрсететін белгі деп санайды.

Әбу Наср Әл-Фарабидің философия және натурфилософия еңбектерінде жаратылыстанудың көптеген мәселелеріне тоқталады. Жаратылыстану саласында жазған трактаттары да, бұл салаға қосқан жаңалықтары да қыруар. Физикалық құбылыстарды талдайтын еңбегі оннан асады. Оның таразы туралы, механизмдер туралы, оптика мен бос кеңістік (вакуум) туралы көптеген құнды тұжырымдары әлемге әйгілі. Ол механикаға математика мен геометрия әдістерін жан-жақты пайдаланды, тәжірибені логикалық терең ойлау нәтижелерімен ұштастырды. Астрономида күн апогейі орнының тұрақты болмайтынын өз тәжірибесі арқылы бақылап анықтаған. Сәуленің таралуын геометрия оптика заңдылықтарымен дәлелдеп береді. Сәуленің жиналу, сыну, тарау, шоғырлану заңдылықтарын геометриялық дәл әдістермен тапқан Әбу Насыр Әл-Фарабидің шұғыла туралы түсінігі Еуропа ғылымына 17 ғасырда ғана мәлім болды. Оны неміс астрономы И. Кеплер арабшадан аударып “фокус” атаған. Мұны Әбу Наср Әл-Фараби сегіз ғасыр бұрын “күйдіру”, “оттық орын” мәнінен шығарып “мұхарак” атаған. Ол және өз қолымен ойыс айна, яғни парабола, линза жасап, бұларын ғылымда қолданған да болатын. Әбу Наср Әл-Фараби ежелгі гректің ұлы астрономы Клавдий Птоломейдің еңбектерін түсіндіре, кемелдендіре отырып, өз тарапынан

да теориялық (математикалық), практикалық мәні зор қорытындылар жасап, соны идеялар, пікірлер айтады. Мысалы, ол тарихта тұңғыш рет Шолпан планетасының Күннің бетін басып өтуін бақылайды, “Астрологиялық болжамдарда не дұрыс, не теріс” деп аталатын трактатында ғұлама ғылыми астрономияны, жұлдыздардың орны, түр-түсі, қозғалысы т.б. көрінерлік қасиеттеріне сүйеніп, жер бетіндегі оқиғалардың, адам өмірінің болашағын алдын-ала болжауға болады дейтін дүдәмал, күмәнді ғылымсымақты астрологиядан бөліп қарайды

Әл-Фарабидің физика саласындағы көрнекті еңбегі — «Вакуум» туралы деп аталады. Мұнда ол табиғатта вакуум (бостық) жоқ екенін ежелгі грек оқымыстыларында да сирек кездесетін тәжірибелерге (экспериментке) сүйенген логикалық қорытындылар арқылы дәлелдеуге тырысады. Бұл еңбегінде ол вакуум проблемасынан басқа да физиканың әр түрлі мәселелерін қарастырып, сол кездегі ғылымның деңгей-дәрежесіне сай шешімдерін тауып беруге тырысады. Олардың ішінде түсірілген кернеу-күшке, қысымға байланысты ауаның көлемінің ұлғаю немесе кішірею құбылыстарының заңдылықтары, ол күштің жан-жаққа берілуі және басқалар бар [3; 4, 5].

Әбу Насыр әл-Фараби тек қана Аристотельдің ғылыми мұраларын, категорияларын алып қана қойған жоқ, өздеріңіз білесіздер өзінің тұрғысынан да бірнеше еңбектер жазды. Ғұлама ғалым өз іс-әрекеті арқылы Батыс пен Шығыстың ой маржандарын оқып қана қоймай оларды өзара ұштастыра білді. Заманындағы сүбелі пікірлерді салды. Оның осындай ізденістерін қабылдаған ғылым жүршылығы оны екінші ұстаз деп ғылымға жасаған еңбегін жоғары бағалады. Әл-Фараби шығыс халықтарының тілдерін шығармашылықтарын қалыптастырып қана қойған жоқ, ол сомен қатар өз заманындағы қарама қайшы әрі күрделі идеялар мен гуманистік көзқарастарды іріктеп олардың шынайы мән-мағынасын ашып көрсетті. Әл-фараби ғылыми көзқарастары орта ғасырдағы Таяу және орта шығыс елдеріндегі мәдениет пен ой пікірлердің даму нәтижесі болап табылады. Фараби шығыс пен батыстың ғылымы мен ежелгі мәдениетін табыстыруда зор еңбек етті. Ойшылдың еңбектері қаншама дәуірлер өтсе де маңыздылығын жоғалтпай келе жатқаны ондағы ойдың даналығынды тереңдігінде болса керек. Жалпы алғанда тарихтың елегінен өткен ойлар ешқашанда ескірмек емес. Ондағы жинақталған дана ойлар біздің санамызға ой салып дұрыс көзқарас қалыптастыруға әсер етті[6;7;].

Әл-Фараби шығармалары осындай өресі биіктер санатына жататыны анық. Әл-Фарабидың ғылыми мұраларын зерттеу және қолдану қазіргі демографиялық қоғамды құруда актуалды болып табылады.

Мысалға Әл-Фарабидің нақыл сөздерін алып көрейік;

1. Ар-ождан алдындағы адалдық өз қадір-қасиетіңе, ізгі іс-әрекетіңе байланысты.
2. Шыншылдық адалдықпен ағалас.
3. Өрге жүзген өнегелі ісімен, Таңда адал дос өз теңіңнің ішінен.
4. Адам мақсатына өзін-өзі жетілдіру арқылы жетеді.
5. Мінез-құлық міні – рухани кеселге жатады.
6. Өзгенің пікірін иемденіп кету – надандық һәм ниеті қара адамға лайық іс.
7. Бейқамдық сәтсіздікке бастайды.

8. Жүргендер көп достық атын малданып, Қалмағайсың сен де бірде алданып.

Міне, биыл 2020 жылы әлемге әйгілі ойшыл, философ, музыка зерттеушісі, социолог, математик, физик, астроном, ботаник, лингвист, ғалым, Орта ғасыр кезіндегі шығыс философия өкілдерінің бірі Әбу Насыр Әл-Фарабиге 1150 жыл!

Әдебиеттер тізімі

1. Шолақова Р. Әл-Фараби — Шығыстың ғұлама ғалымы // Қазақ тарихы. — 2012. — № 5 (116). — 32, 33 б.
2. Қойлыш Ж. Бала Мұхаммедтен ғұлама ғалым, «Екінші ұстаз», Әбу Насыр әл-Фарабиге дейін (870–950) // Аңыз адам: Жұлдыздар отбасы. — 2011. — № 17 (29). — 5–9-б.
3. Дербісәлиев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары (тарихи-филологиялық зерттеу). — Алматы: Рауан, 1995. — 12-б.
4. Келімбетов Н. Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерліктері. — Алматы: Раритет, 2011. — 432 б.
5. Қасымжанов А., Әлінов А. Әл-Фараби // Қазақ: Оқу құралы. — Алматы: Білім, 1994. — 176 б.
6. Қасымжан А. Әл-Фарабидің рөлін ұмытушылық — тарихи әділетсіздік // Аңыз адам: Жұлдыздар отбасы. — 2011. — № 17 (29). — 39-б
7. Бейсенбай Б. Әбу Насыр әл-Фараби өмірбаянына жаңа қисын // Ана тілі. — — № 25 (1073). — 23–29 маус. — 6, 7-б.
8. Сүлейменов П. Әл-Фарабидің қоғамдық философиялық және педагогикалық ғылыми көзқарасы // Ақиқат. — 12. — 67–70-б.
9. Исахметұлы Ж., Даутбаев М. Фараби трактаттарындағы білім, тәрбие мәселелері // Ақиқат. — — № 6. — 105, 106-б.
10. Орынбеков М., Алтаев Ж. Әл-Фараби философиясы // Қазақ даласының ойшылдары (IX–XII ғғ.). — Алматы: Ғылым, 1995. — 160 б.
11. Мырзахметұлы М. Абайдың философиялық ойларының бастарын әл-Фарабиден табамыз // Аңыз адам: Жұлдыздар отбасы. — 2011. — № 17 (29). — 19–21-б.

ОРАЗАЛИЕВА Б.И.

Жамбыл облысы

Т.Рысқұлов ауданы

Ақтоған шағын орталықты орта мектебі

Бастауыш сынып мұғалімі

ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ

Адам баласы дүниеге шыр етіп келгеннен бастап қоршаған ортаны таниды. Жарық дүниені тану тек білім алу арқылы іске асады. Алған білімі мен тәрбиесі арқылы адамның қоғамдағы орны анықталады. Қазіргі заманда туындайтын басты мәселелердің бірі – жас ұрпақты жаңа қоғам мүддесіне лайықты жан-жақты дамыған рухани жетілген азамат ретінде қалыптастыру, оның бойында ұлттық

намыс пен ұлттық сананы орнықтыру, әлеуметтік ортадағы, өзін қоршаған дүниедегі, табиғат пен адам өміріндегі, тұрмыс пен салт-дәстүрдегі адамгершілік пен парасаттылықты түсініп, жақсы мен жамандықты ажырата білуге тәрбиелеу. Біздің қоғам өмірінде рухани адамгершілік бастамалардың ролі барған сайын артып, ізгілік, имандылық, мейірімділік сияқты рухани-адамгершілік құндылықтардың ықпал аясы кеңейіп келеді.

Ұстаздық туралы сөз еткенде біз ұлы ойшылдарының гуманистік ой пікірлеріне көңіл аударамыз. Әсіресе, екінші ұстаз, ғұлама ғалым, ұлы ойшыл Әл-Фарабидің еңбектеріндегі педагогикалық көзқарастар қанша ғасыр өтсе де өз құндылығын жоғалтқан жоқ. Әл-Фарабидің айтуы бойынша нағыз ұстаз ғана айтқанын екі еткізбейтін, ешкім шағым жасауға батылы бармайтын, білімі телегей - теңіздей, ақыл-ой парасаты да, ерік-жігеріне де ешкім тең келе алмайтын адам. Осындай қасиеттері бар ұстаз ғана шәкіртке үлгі-өнеге көрсетеді, ол халықты соңына ертіп, оның мұң-мұқтажын, талап-тілегін орындай алады.

Әл-Фараби немесе Әбу Насыр Мұхаммед бин Мұхаммед бин Тархан бин Ұзлағ әл-Фараби Ат-Түрки. Ат-Түрки – шыққан тегі түрік дегені, әл-Фараби – Фараб қаласынан шыққан дегенді білдіреді. Өзінің азан шақырып қойған аты – Мұхаммед, әкесінің де аты – Мұхаммед, атасының аты – Тархан, бабасы – Ұзлағ. Кейде оны жай ғана «Тархани» деп те атаған. [4,43] Әл-Фараби қазақ топырағында дүниеге келген ғұлама ғалым. Шығыстың ұлы ойшылы, әрі ағартушысы, әйгілі математик, философ, музыка зерттеушісі, тарихшы болған. Туған жері Отырар (Фараб) қаласы. Отырар ойшылдарының ең атақтысы, ең ғұламасы – «шығыстың Аристотелі», ұлы ғұлама. Әбу Насыр әл-Фараби (870-950) ірі сауда орны, мәдениет орталығы болған Отырар қаласында туып, сонда білім алған, кейін Бағдат қаласында ұстаз болды.

Ұлы ойшыл Әл-Фараби еңбегі Шығыс халықтарының педагогикалық ой-пікірінің пайда болуына, дамуына және қалыптасуына төңкеріс жасады. Педагогикалық тәлім-тәрбиенің дамуында сапа жағынан жаңа кезең ашқан-халықтық педагогиканың негізін қалады. Әл-Фараби түсінігінде, ұстаз да қала басшысы сияқты ел жетекші, халық қадірлісі. Медресе балаларды оқытып, тәрбиелесе, қала бастығы олардың ата-анасына өнеге көрсетеді, халықты ізгі қасиеттерге баулиды. Олай болса мұның екеуі де "сегіз қырлы, бір сырлы" қай жағынан да болса барша халықтан қош ілгері тұрған кісілер. Соған сәйкес, қала басшысы және ұстазға төмендегідей 12 түрлі қасиет дарыса қоғам өмірінің болашағы анағұрлым жарқын болар еді:

- Тән ерекше жетілген түрлі іс-әрекетті нәтижелі етіп орындауға ыңғайлы бейім болуы;
- Нені болса да жақсы айырып, тез тұжырымға келе алатын;
- Өзінің түсініп, сезгенін көріп, білгенін есіне жақсы сақтай алатын;
- Көреген ойлы, талғампаз, ақылды адам болуы;
- Ойын анық, дәл бере алатын, көркем сөйлей алатын шешен;
- Ілім-білімді, оқу-ғылымды жан тәнімен, ұнғыл-шұңғылын ақыл-ой жұмысының үлкен бейнетін тек ләззат санайтын адам;
- Қайда жүрсе де өте ұстамды;

–Өтірік-өсекті, мылжыңдықты жек көріп, шындықты, әділдікті бар ынтасымен сүйе білу;

– Өр кеуделі, жан мен арын бірдей кіршіксіз ұстайтын адам;

–Мал-мүлікке, дүние-жиһазға, мәнсіз ұсақ тіршілікке қызықпау;

–Табиғатынан әділ, шынайы, шыншыл;

–Басқаға дау, өзіне де қиянат қыңыр-қиқар болмай, әркез шешімге келе алатын байсалдығы мен батылдығы қатар жүре алатын, қорқыныш пен үрейге жол бермейтін адам болуы абзал. [1,97]

Атақты Әл-Фараби ұстаз бен шәкірт арасындағы ара - қатынастарды олардың моральдық қатынастың қандай болу керектігін де ескерген. Ұстаз өз шәкірттерінен адалдық, сыпайылық, ізгілік, әділдік сияқты қасиеттерді көргісі келсе, онда оның өзінде де осы қасиеттер болу қажет. "Мұғалімдік" еткен адамның өлшеуі тым өкпелі әрі асыра босаңсытқан төмендікпен де болмасын. Егер ұстаз үнемі ашумен жүрсе, онда оқушылар мұғалімді жек көретін хәлге жетеді. Егер тым босатып жіберген кішіпейілдік танытса, онда оқушылар жағынан мұғалімдерді кем санау, оның іліміне немқұрайлы қарау қаупі туындайды» [8,32] деп өзінің "Философияны үйрену үшін алдын-ала не қажет" деген еңбегінде баяндап кетеді.

Жер бетінде ешбір жанға бағынбайтын басшы адам, міне, осындай. Ол - иман, ол – қайырымды қаланың бірінші басшысы, ол – халықтың басшысы және жер жүзін мекендейтін елдің басшысы. Өз бойында туа біткен он екі қасиетті ұштастырған адам ғана осындай бола алады:

– «Жаратылысынан өзіне айтылғанын бәрін жете түсінетін, айтылған сөзі сөйлеушінің ойындағыдай және істің мән-жағдайына сәйкес ұғып алатын болуы керек;

– өзі түсінген, көрген, есіткен және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын, бұлардан ешнәрсені ұмытпайтын болуы керек;

– әйтеуір бір заттың кішкене ғана белгісін байқаған мезетте сол белгінің ишаратын іліп әкететіндей алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі болуы шарт;

– өткір сөз иесі және ойына түйгенін айдан - анық айтып бере алатын тілмар болуы шарт;

– өнер-білімге құштар болу, оқып-үйренуден шаршап шалдықпай, осыған жұмсалатын еңбектен қиналып азаптанбай бұған оңай жететін болуы керек;

– шындықпен шыншыл адамдарды сүйіп, өтірік, жалған мен суайттарды жек көру керек;

– жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын болуы шарт;

–оның жаны жаратылыстан пасық істердің бәрінен жоғары болып, туылғанынан игі істерге ынтызар болуы тиіс;

– әділ болу керек, бірақ қыңыр болмауы керек, әділеттілік алдында ойыс мінез көрсетіп қасарыспау керек, бірақ әділетсіздікпен пасықтық атаулыға мүлдем рақымсыз болуы шарт;

– өзі қажет деп тапқан істі жүзеге асырғанда алғырлық көрсетіп, бұл ретте қорқынышпен жасқану дегенді білмейтін батыл, ер жүрек болуы керек... [7,25].

Әбу Насыр Әл-Фараби ең әуелі ұстаз, ағартушы, оның бүкіл философиялық ізденістері мен пайымдаулары адамды барынша кемелдендіру, дамыту мақсатына арналған. Ол-адамдарды шынайы бақытқа жеткізу жолдарын табуды мұрат тұтады. Ұстаздың айтуы бойынша, адам ғылым, философия, тәрбие арқылы кемелдікке жетеді. Ол шартты түрде адамды нағыз бақытқа, мұратқа бастайтын негізгі белгісі - адамдар бақыт жолында өзара көмек, достық, бейбітшілік қатынаста өмір сүруі керек. Әл-Фарабидің пайымдауы бойынша, оқу — философия негіздерін, теориялық білімдерді игеру, ал тәрбие — ол мұғалімнің, тәлімгердің, адамға белгілі бір адамгершілік, мінез-құлық ерекшеліктерін және тәжірибелік өнерді игеру дағдыларын қалыптастыру бағытындағы іс-әрекеті, ол шәкірттерге белгілі бір оң қасиетті, сапаны дарыту үшін қалай болса солай емес, белгілі бір мақсатты көздеген, саналы тәрбие жұмысына басты мән береді. Ғалым тәрбие кезінде тәрбиеленушінің ерекшелігін ескеріп, әрбіріне жеке әдіспен қатынас жасауды талап етеді.

Қоғам мен халықтың балаларды оқыту жөніндегі қамқорлығы, бала тәрбиесі, жастарды халық өміріне байланысты білімдермен қаруландыру, балаға оның жеке және жас ерекшеліктерін ескеріп шын жүректен қамқорлықты қарым-қатынас – ұлы ұстаздың педагогикалық жүйесінің құрамдас бөлігі. Халықтан алып пайдаланылған көптеген ережелер оның ілімінің демократикалық, гуманистік өзегін құрады және оның педагогикасының озық белгісін көрсетеді [9,28].

Ұлы ұстаздың пікірінше, оқу, білім алу, ғылым адамы болу, адамгершілік және тәрбие мәселелерімен тығыз байланысты. Мәселен, "Философияны үйрену үшін алдын-ала не қажет" деген еңбегінде алғашқы алғышарт ретінде жан тазалығын, ар тазалығын қойған. Адам өмірі үшін, әсіресе ұстаздарға бұл құралдың қажеттігі түсінікті. Ұстаздың негізгі мақсаты – өз шәкіртіне білім беріп, ізгілікті мінез-құлыққа тәрбиелеу деп білсек, сол тиянақты білім, ізгілік ұстаздың өз бойында болуы шарт. Егер де өзінің бойында кездеспейтін болса, онда логика саласында надан деп есептелініп, кез келген мәселеде мәселенің ақиқат немесе жалған екенін ажырата алмайды. Бұл жағдай ұстаз бойында кездесетін болса, сөзсіз оның беделін түсіріп, өз шәкірттерінің мінез-құлық, іс-әрекеттеріне дұрыс баға бере алмағандықтан, олардың арасында түсінбеушілік, кейде бір-біріне деген дөрекілік туындап, логика және парасаттылық туралы дұрыс түсінік болуы мүмкін емес. Сол себепті шәкірттің ой-талағамын жетілдіру, оның іс-әрекет жасауына көмектесу – ұстаздың парызы болып табылады.

Әл-Фараби ғылымды тарихи үрдіс деп түсініп, ғылым жүйелі түрде құрылған білімнің жоғарғы формасы деген анықтама берген. Әл-Фараби өмір сүрген дәуірде педагогика ұғымы болмағаны белгілі. Алайда ол оқу-ағарту мен тәрбие туралы, еңбек мәдениеті туралы ілім жасады: «Еңбектің өзі – өнер. Ал еңбек тәрбиесі сол өнерден туындайды, әрбір адамды еңбекке баулиды, еңбек шеберлігіне үйретеді. Адамдарда еңбек ету дағдысын қалыптастырады» [6,17], – деп тұжырымдайды. Ол еңбек өмір сүрудің негізі, адамзат тіршілігінің мәңгілік, табиғи шарты деп қарастырды. Педагогикалық тұрғыда қарастырсақ, бұл тұжырым – «оқушыларға саналы тәртіп, сапалы білім беру, пайдалы қоғамдық

еңбекке баулу» деген сөз. Фараби еңбек тәрбиесінің теориясын жасауда еркін еңбектің адамның жан-жақты дамуы үшін маңызы зор екенін атап көрсетеді.

Қорытындылай келе, педагогиканың мақсаты және мұраты туралы Әл-Фараби ұсынған гуманистік идеялар мен қорытындылар адам өмірінің қазіргі кезеңінде де ағартушылықтың маңызды тіректерінің бірі болып отыр. «Біздің міндетіміз — бақытты адам тәрбиелеу. Азаматтың бақыты — асқақ та биік мақсат — жаңа өмір жолында жасампаз рухани күштердің гүлденуін терең сезінуде. Ұстаз жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жадында жақсы сақтайтын, ешнәрсені ұмытпайтын, мейлінше шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл, жаны жақындарына да жай адамдарына да әділ, жұрттың бәріне жақындық пен ізгілік көрсетіп, қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек болуы керек" [9,2], — деп атап көрсетеді.

Қазіргі таңдағы педагог рухани дамыған әрі әлеуметтік тұрғыдан есейген, педагогикалық құралдардың барлық түрлерін шебер меңгерген білікті маман, өзін - өзі әрдайым жетілдіруге ұмтылатын шығармашыл тұлға. Заманның әлеуметтік сұранысына сай, шығармашыл – ізденімпаз, өздігінен ғылыми ізденістер мен зерттеулер жасайтын, өзін - өзі дамытатын, белсенді әрекетке түсе білетін, тез шешім қабылдайтын, жүйелі түрде өзіне - өзі баға беріп, өнердегі жаңалықтарға қызығушылығы басым, шығармашылықпен өзін - өзі үздіксіз дамытып отыратын шебер ұстаздарды күннен-күнге дамып жатқан қоғамымыз қажет етіп отыр. Міне, осыған сәйкес, педагогтың қызметіне қажетті барлық қасиеттерді әлемнің екінші ұстазы Әбу Насыр Әл-Фараби айтып кеткен екен.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Алтаев, Ж. Әл-Фараби өркениеттер сұхбатында. Көптомдық шығармалар жинағы [Мәтін]. 7-том / Ж. Алтаев.- Алматы: Қазақ университеті, 2019.- 320 б.
2. Әбдіраманов, Ш. Әл-Фараби көпірі [Мәтін]: повесть, әңгімелер / Ш. Әбдіраманов.- Алматы: Жалын, 1988.- 224с. 2экз.
3. Әл-Фараби. Өркениет философы [Мәтін] / Әл-Фараби.- Алматы: Қазақ университеті, 2016.- 96 б.
4. Әл-Фараби және қазіргі заман [Мәтін]: оқу құралы / Ғ.М. Мұтанов, К.Х. Таджикова, М.Ш. Хасчанов және т.б.; жалпы ред. басқ. Ғ.М. Мұтанов; қазақ тіліне ауд. Г.Ж. Нұрышева.- Алматы: Қазақ университеті, 2014.- 239 б. 5 экз.
5. Бейсенов А. «Әл – Фарабидің тұжырымдары» // Ақиқат. – 2006. - № 6, 70-73 б.
6. Жусанбаева Г. «Әбу Насыр Әл – Фарабидің халыққа білім беру жүйесін құруға қосқан үлесі.»// Қазақстан тарихы.- 2004.-№11, 49-52 б.
7. Медетбаев Т.С. «Әл-Фарабидің әдеби-ғылыми мұрасы». Автореферат.– Алматы, 1998, 32 б.
8. Қалиев Ж. «Халық педогогикалық және ағартушы ғалымдардың шығармаларындағы ұлттық тәлім – тәрбие үлгілері.» // Ұлт тағлымы.-2005.- №2, 31-34 б.

9. Кенжебаев Т. «Әбу Насыр Әл Фараби дидактика туралы»// Ұлт тағлымы. - 2002 ж. № 1, 28-30 б.
10. «Фараби ойлары. Әлеуметтік этикалық трактаттар» // Парасат.-1994.№4. – 2 -3 б.

РАЙМКУЛОВА РЫСКУЛЬ ЖАХЫПОВНА

*Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы
адами әлеуметті дамыту бөліміне қарасты
№67 Т.Тәжібаев жалпы орта мектебі
коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Бастауыш сынып мұғалімі*

БІЛІМ-АДАМ БАЛАСЫНЫҢ ОРТАҚ ҚАЗЫНАСЫ

Аннотация

Мақалада философтың, көзқарастары туралы авторлық ойлар ұсынылған-Шығыстың музыкатанушысы, ғалымы Әбу Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед әл-Фарабидің (827– 951 жж.) білім туралы ғалымның ойы, көзқарастары туралы жазылған.

Түйінді сөздер: Әл-Фараби, білім, мәдениет, білімтану, сана, қабілет, талант.

Білім – адамдардың белгілі бір жүйедегі ұғымдарының, деректері мен пайымдауларының, т.б. жиынтығы. Білім адамзат мәдениетінің ең ауқымды ұғымдарының бірі болып табылады. Ол сана, таным, объективті әлем, субъект, ойлау, логика, ақиқат, парасат, ғылыми және т.б. күрделі де терең ұғымдармен тығыз байланыста әрі солар арқылы анықталады. Білім философия мен рационалды білім пайда болғаннан көп бұрын дүниеге келген.

Мәлім тақырып, немесе сұрақ туралы сенімді таным болса, ал ол таным әлдебір мақсатқа пайдалануға жарамды болса, онда оны білім деп атаймыз. Ол тәжірибе және ойлау арқылы мәлім іс туралы жеттігірек ұғындырады, оның математикалы және жүйелі танылуын ғылым, техника, өнер, философия деп атаймыз. Білім зерттеу, күзету, тексеру, ой тәжірибесінен, ғылыми тәжірибеден өткізу арқылы қалыптасады, реттелу арқылы топтастырылады. Адамның әлденені тануы тегі қандай құбылыс екені философияда ең көп талқыланған көне тақырыптардың бірі, одан білімтану (Theory of Knowledge) келіп шықты. Білімнің қолданылуынан айтқанда, ол мәлім топтың игілігіне жарайды, сонымен ол топ қалғандарына қарағанда сауатты болып шығады. Білімге сүйенген басқару мен орындау істің сапасын көтеретіні анық.

Бұрын білім аз санды адамның бәсіресі құсап сезінілген. Қазір жалпыға ортақтастырылды және кез келген адам білім ала алады, оны пайдаланып жоғары мақсаттарға жете алады. Білім сын көзбен қарау арқылы дамиды, бірақ бұл білімге жеккөрінішпен қарау болмауға тиіс.

Адамзат баласы ақиқатқа талпынады, шынайы пайдалы білімге талпынады. Оның шегі қайда апаратын белгісіз. "Білім - күш" деген сөзді Ф.Бэкон айтқан, бірақ ол адамзатты бақытқа бөлейтін жақсы күш пе, әлде сорлататын, құртатын жаман күш пе, бұл туралы да талас көп. Қазіргі білімнің беталысы әрі сүйіндірерлік, әрі шошытарлық. Қазір адамзат білімнің кемшілігін түзететін "жасыл білімге" ауысып бара жатқаны байқалады.

Ежелгі мәдениетте білім адамның әлеммен және қауымдастық ішіндегі қатынастарын реттейтін аңыздар, салт-дәстүрлік жарлықтар мен нормалар, тыйым салулар пішімінде болды. Мұнда білімді аруақтар, рухтар, ата-бабалар, кейініректе, құдайлар сыйға тартқан қасиетті нәрсе деп түсінген. Сондықтан білім қауіп-қатермен байланысты деп, онымен тек адамдардың ерекше тобы – дінбасылар, діни қызметкерлер ғана шұғылданған. Ежелгі мәдениетте білім мен сенімнің, ақиқат пен жалған түсініктің арасында айырмашылық жоқ. Мұнда қасиетті білім үстемдігі абсолютті деп танылады. Білімнің әлеуметтік мәртебесі мен мәні отырықшы, техника-урбанистік қоғам типіне өтуге байланысты түбегейлі өзгерді. Қала адамы өзін көпшілікпен бірге тұру ережелері мен нормаларының иесі, Білімнің жаратушысы мен билеушісі деп санады. Білімнің айрықша пішімі ретінде рационалды Білім идеалын қалыптастырған философия туындады. Философия ақиқат пен ақиқат емес ілімдер айырмашылығын енгізіп, дәлелдеудің айрықша түрлерін, негіздеу мен дәлелдемелік ұғымдарды қалыптастырды. Философия шеңберінде айрықша пән – ақиқат ойлау ережелері мен заңдарын қалыптастыратын логика туындады. Білім логикалық ойлаудың объектісіне, мақсаты мен мұратына айналды. Өркениетті қоғамда білім билікпен тұтасып, қоғамды басқарудың құралына айналуға. Білім алу тұлғаның қалыпты әлеуметтенуінің және билік құрылымына енуінің міндетті шарты болып, оның қажеттілігінен білім беру институттары туындады. Платонның «билеуші-философ» идеалы – (білімді әрі оған сай басқарушы ел басы) қазіргі «ақпараттық қоғамда» өзінің көрінісін тапты, яғни билік білімнің қазіргі формасы – ақпаратты иелену ретінде айқындалуда.

«Шын білім әрдайым ақиқат,анық болатын білім»,- деп әлемнің екінші ұстазы Әбу- Насыр әл-Фараби атамыз айтып кеткендей, нағыз білім осы ақиқаттан бастау алмақ.

Білім алу, оқу, түсіну мұның бәрі әрбір адамзат баласы үшін керек дүниенің бірі.Ескі заманнан бастау алған білім ешқашан өз орнын жоғалтпас.

Білім- нағыз дүниенің не екенін , оның мәнін, әр адамның өмірдегі өз орнын ұғындыруға септігін тигізбесе, зиянын тигізбеген.

Бұрынғы қазақ даласына келетін болсақ, алғашқы білім алу, мектепке бару туралы ойды қалыптастырған алғашқылардың бірі болып мектеп ашқан Ыбырай Алтынсарин еді. Қазақ балаларын өз білімімен сусындатып, барлығын оқу-білімге шақырды . Ыбырай Алтынсариннің «Кел балалар, оқылық» өлең шумақтарында да , білімнің адам баласына қаншалықты қажет екендігі туралы айтылған. Мектепке баруға дейін де ,қазақ балалары ауыл молдаларынан хат танып,сауаттарын ашқан болатын. Ахмет Байтұрсыновтың қазақ әліпбиін жазуының да осы білімге қосқан үлесінің бірі емес пе?

«Білім теңіз, түбі де шегі де жоқ», - деп Жүсіп Баласағұнның айтқаны да тегіннен емес. Білімнің түбі жоқ екенін сезінген ұрпақ, біртіндеп мектептен өз сауаттарын ашқан соң, ары қарай училище, институттарда өз білімдерін жалғастырды.

Кейін қазақ жерінде алғаш болып, 1920 жылдары Орынборда, Қызылордада, Семейде ағарту институттары ашылды. Ол Орта Азия мен Қазақстан үшін кадрларды даярлаудың негізгі орталығына айналды. Оның жанынан жастарды оқыту үшін бөлімдер ашылып, жұмыс істеді.

Қазақстандағы бірінші жоғары оқу орны - Қазақ педогогикалық институт 1928 жылы Алматыда ашылды, 1930 жылдары Қазақ ауыл- шаруашылық институты, 1931 жылы Қазақ медицина институты ашылды.

Білім алудың тағы бір сатысы - белгілі бір мамандық иесі атану. Сол мамандықты таңдай отыра, жоғары оқу орнына түсіп, ары қарай алатын білімі, өз мамандығына байланысты болады.

Белгілі бір маман иесінің білімін алғаннан соң, сол алған білімді іс жүзінде көрсете отырып, жұмысқа орналасу қажет болады. Яғни, сол білімді көрсетудің негізі уақыты келеді. Жұмыс орнында жасаған ісің сенің біліміңнің бейнесі болып табылады.

Адамның көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі - де адамға мейірленіп, тез қолға түседі. Шала мейір, шала күйінде байқалады, демекші, білімнің артынан жүгірсең, білімге қарай ұмтылсаң, білімнің де сенен алыс кетпейтіні анық.

Білімге деген құштарлық, білімге деген қызығушылық, әрбір адамда бірдей болмайтыны хақ. Біреулері білімге құштар, ізденіске құмар болса, кейбіреулері керісінше болатыны белгілі.

Білімді мен білімсізді арасында қаншама айырмашылықтар табылады емес пе? «Білімді адам адам қараңғы түнде де адаспас», - дейді. Көзі ашық, көкірегі ояу адамның өзі де ерекше болады. Білімді адам жұлдыздай жарқ етіп, жанарында бір от тұрады. Білімдінің өзін-өзі ұстай білуі, тәрбиесі, сөйлеу мәнері, мәдениеті де, барлық ортада дараланып, өзгешеленіп тұрады.

Білімді адам - білуге, үйренуге деген құлшынысын ешқашан жоғалтпас. Бір білімнің соңынан еріп, тіпті күш-жігерін сол білім мен білімге арнаған қаншама ғұлама ғалымдар туралы жақсы білетіміз рас. Талай қиыншылық көрсе де, білім жолында олар еш өздерінің мақсаттарынан таймаған. Өйткені, нағыз шынайы білім осы қиыншылық кезінде сыналады. Қаншама қиыншылық көріп, білім алған адам, болашақта сол алған білімінің тәтті жемісін көре алады.

«Білім – инемен құдық қазғандай», иә осы сіздің артында қаншама мән-мағына жатыр, түбі тұңғық теңіз іспеттес білім ешқашан да өз маңызын, орнын жоғалтпаған.

Шынайы білім – нағыз білім. Ақиқат білім - нағыз білім, таза білім - нағыз білім. Білім алу ешқашан да артықтық етпейтіні айдан – анық.

Қазіргі кездегі білімге келетін болсақ, шынайы, нағыз білім де бар, ақиқат емес те білім жолығып жатады. Шынайы білім алатын адам, білімнің тұңғық, түбіне

дейін барады. Нағыз білім сол теңіз түбінде жатады. Ал керісінше, ақиқат емес білімді алатын адам, білім тұңғығына түспес.

Қорыта келе, нағыз шынайы білімді алуға, ақиқат білімді алуға ұмтылуға тырысайық. Ешқашан теңіз бетінде қалқып, қалып қоймайық! Ел ертеңі-болашақ жастар. Жастарымыз білімді, ақылды болып өссе, ол елдің мәртебесіне де әсер етеді. Сол болашақ жастардың ақиқат білім алуына, әрбір маман иесі өзінше септігін тигізуге тырыссын! Барлығын әрбір адам өзінен бастауға тиіс. Нағыз білімді дұрыс ала алған адам, ол өмірде өз жолын таба алатынына жүз пайыз сенімді түрде айта аламын. Біз деген қаншама ғұлама-ғалымдардың ұрпағы, солардың ізі емеспіз бе? Сондай жандардың ұрпағы білімге құштар, ізденімпаз болмайды дегенге сене алмаймын!

Білімге, ілімге деген құлшыныстарыңыз, қызығушылықтарыңыз ешқашан сөнбесін, білімінің ұлылығын әрдайым ұлықтап өтейік! Ақиқат білімнің ақ ұрпақтарының саны азаймасын! Сөз соңында баяндаманы Омар Шораяқұлының білім туалы бір шумақ өлеңімен аяқтасам,

«Білгенге: білім – байлық, бағасы артық,
Салмағы сан жетпейтін қорғасындай.
Үйренсең өнер-білім, өшпес мұра,
Таусылмас тау кенінің қордасындай».

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Педагогика / О 74 Жалпы редакциясын басқарған э.ғ.д., профессор Е. Арын - Павлодар: "ЭКО" ҒӨФ. 2006. - 482 б.
2. “Философия” Есіркепова Г.К., Шымкент, 2008.
- 3 Ғаламтор желісінен алынған ақпарат: <https://bilim-all.kz/quote/12588>

САГИНБАЕВА БИГАЙША АМАНЖОЛОНА

*Атырау облысы, Құрманғазы ауданы,
Әбу Сәрсенбаев жалпы орта мектебінің
ағылшын тілі пәні мұғалімі*

АСПАН АСТЫНДАҒЫ ДҮНИЕ

Әлемдік ғылым саласы және мәдениетке үлкен үлес қосқан философ және энциклопедиялық ғалым Әл-Фарабидің жазған бай ғылыми мұрасы аспан астындағы баға жетпес дүние. Ғалымның еңбектері туралы мәліметтерді оқып, бұл ерекше тұлғаның өзі де «Аспан астындағы дүние» екеніне көз жеткіздім. Фараби бүгінгі күндегі атанған барлық ғылым салаларын жетік меңгеруімен, осы ғылымдардың дамуына қосқан зор үлесімен, грек философиясын түсіндіруімен және оны әлемге кеңінен енгізуімен танымал болған дара тұлға. Әл-Фараби ғалымдардың атасы Аристотелден соң өткен Батыс және Шығыстың бүкіл ғұламаларынан озды. Дүниежүзілік ғалымдардың Фарабиды сол кезде ақ «Әл-Муаллим Сәни», яғни Аристотелден кейінгі «Екінші ұстаз» деп құрметтейтіні

босқа емес. Ғұламаның толық аты - Әбу Наср Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Узлуқ Тархан. Орта ғасырлардағы көптеген ғылыми жетістіктер, сонымен қатар жалпы Таяу және Орта Шығыс елдеріндегі прогрессивті әлеуметтік-философиялық ойлаудың дамуы оның есімімен байланысты. Ғалым ретінде әл-Фараби ат салыспаған, зерттеу жүргізбеген ғылым саласы жоқ деуге болады. Фараби қай салада еңбек еткені туралы пікір айтудан гөрі оның қай салада ізденіс етпегені туралы айту оңай сияқты. Фараби- философ ғалым ретінде педагогика, психология, математика, астрономия, тіл білімі, әдебиет негіздері тағы басқа талай салаларда қыруар еңбектер жазған. Өкінішке орай, ғалымның көптеген шығармалары ел арасында қолжазба күйінде тарап, бірте-бірте жоғалып қала берген екен. Оның бізге дейін жетіп келмеген еңбектерін тізімдерде ғана көре аламыз. Әл-Фарабидың ғылыми еңбектерінің нақты саны жөнінде әлі күнге дейін деректер жоқ. Мәліметтерге сүйене отырып, бабамыз 150-200 ге жуық ғылыми еңбектер жазғанын байқауға болады. Ұлы ғалымның ұшан теңіз еңбектерінен біздің заманымызға дейін сақталып, бізге дейін жетіп келгені 40 ға жуық шығарма екен. Осы 40 шақты еңбегінің өзі-ақ әл-Фарабидің ерекше дара қабілетке ие болған энциклопедист ғалым екендігін дәлелдейді.

Әл-Фарабиды тек энциклопедист ғалым деп атау бір жақтамалық болар еді. Өмірлік тәжірибеден байқағанымыз, математика, астрономия сияқты саламен айналысатын тұлғалар, негізі, өнер, музыка және әдебиет саласынан алыстау болады. Бірақ Әл-Фараби бабамыздың жазған өлеңдері, сазгерлік қабілеті және әдебиет теориясына арнаған еңбектері бұл көзқарасымызға қайшы келетіні анық. Айтқанмен, Фарабидың барлық еңбектерінде оның өзіне ғана тән болған ерекше дүниетанымы, терең білімі бой көрсетіп тұрғаны байқалады. Әл-Фараби бір өлеңінде:

Бір шөлмекте көк сия толып тұрса,

Екіншіде - шарап бар жайы мәлім.

Даналықты сиямен толықтырсам,

Шарабымен шерімнен айығамын, -деп жазған екен.

Ия, «даналықты сиямен толықтырған» Әл-Фараби өз кәмілдігін барлық салада толықтыра білген ерекше ғалым болғаны сөзсіз. Дұрыс, Әл-Фарабидың ғылым саласындағы еңбектері туралы пікір айту оңай шаруа емес. Дегенмен, бүгін болашағымыз болған жас ұрпаққа бабамыздың бай мұрасы, оның дүниежүзілік елдердің ғылым, мәдениет және өркениетіне қосқан үлесі туралы мәлімет беру біздің азаматтық борышымыз, деп ойлаймын. Бүгін данышпан бабамыздың еңбектері оның тарихи отаны болған егемен Қазақстанымызда ғана емес, барлық елдерде де зерттелуде. «Барлық ғылымдар саласында әл-Фараби- Екінші ұстаз. Ал музыка саласын алатын болсақ әл-Фараби бас король болып табылады. Басқаша айтқанда музыка саласында әл-Фарабиге үлгі боларлық, бірінші ұстаз боларлық адам болмаған»- деп жазады араб музыкасының жалпы тарихын зерттеген белгілі ғалым Г.Фармер. Оның бұлай жазуы бекер емес. Әл-Фараби бабамыздың «Музыканың ұлы кітабы» атты еңбегі- музыка өнері қақында толық білім беретін қайнар көз. Оқырман бұл кітаптан музыкалық өнердің тәжірибесі және теориясы туралы көп пайдалы білімдерді табады. Абай атамыз айтқандай

«Құлақтан кіріп бойды алатын» музыканың, әсем ән-күйдін шипа боларлық қасиетін сол заманда Фараби атамыздың өзі де жазып кеткеніне таң қалмау мүмкін емес. Фараби музыканың емдік қасиетін, жағымды әсерін жан –жақты дәлелдеді, сондай-ақ оның тәрбиелік мәні зор екенін баса айтады. «Екінші ұстаз» музыка теориясын жазып қана қоймай, музыкалық аспаптарды да қолдан жасап, сол аспаптарда керемет ойнай да білген екен. Ғұлама ойлап тапқан аспаптарының бірі «канун» деп аталған. Қазақ домбырасының атасы да –ұлы бабамыз Әл-Фараби болады. Оның жоғарыда айтқанымыз «Музыканың ұлы кітабы» атты еңбегі-ғалымды бүкіл әлемге танытқан, музыка теориясына арналған шығармаларының бірі. Әл-Фараби бұл еңбекте математикалық тәсілдер пайдалану арқылы музыкалық дыбыстарды тұңғыш рет қағаз бетіне түсіріп, нотаны алғаш дүниеге әкелген. Бір қызық жәйт: қазір музыкада жеті нота болса, әл-Фарабидің еңбегінде нота саны —12. Ал, қалған бес нотаны болса, әлі осы күнге дейін ешкім тапқан жоқ. Ойшыл ғалым музыканың тек теориясын зерттеп қана қоймаған, сондай-ақ тәжірибе жүзінде де қолданып, көптеген аспаптарда тамаша ойнаған. Фараби бабамыздың шебер орындаушылығы жөнінде Шығыс халықтары арасында күні бүгінге дейін айтылып жүрген көптеген аңыздар бар. Сондай аңыздардың бірінде данышпан бабамыздың бір патша сарайындағы үлкен жиналыста патшаны өз білімімен тамсандырып қана қоймай, музыка бабында да жетік сазгер екенін дәлелдеп кеткені туралы айтылады: « Патша сарайында Фараби қалтасынан кішкентай үш шек алды да, шат- шадыман музыканы ойнай бастағанда тыңдап отырғандар бірі орындықта, бірі отырған жерінде Фарабиден басқасы шетінен тәтті ұйқыға кетті. Сол сәтте Фараби бөлмеден жайлап шығып кетті», делінеді ел арасында кең тараған бір аңызда. Ол әдебиет теориясымен де жан-жақты шұғылданған ғалымның бұл сала бойынша жазған құнды еңбектері бар. Фарабидің өлең құрылысын зерттеуге арналған «Өлең және ұйқас туралы сөз», «Өлең ырғағы туралы» жазылған кітаптары және әдебиет саласы бойынша бізге толық күйінде жеткен екі еңбегі бар. Олардың бірі « Өлең өнері» деп аталады. Бұл еңбек негізінен араб поэзиясының теориялық мәселеріне арналған. Екіншісі «Өлең өнерінің қағидалары туралы трактат» деп аталатын еңбегі. Мұнда Фараби грек поэзиясының жанырларына және терминдеріне талдау жасаған.

Әл-Фараби дуниетанымы, философиясы өзі жазған өлеңдерінің негізгі тақырыптарында, яғни өмірдің мән-мағынасы туралы толғауларында, оқу мен білімге деген мадақтаулары және адамгершілікке шақырып жазған шығармаларында анық байқалады. Мысалы, Фарабидің лирика жанрында жазған өлеңдерінің бірі: «Қашықтасың туған жер» деп аталады. Бүгін жас ұрпаққа Фараби бабамыздың : «Ақылдың мәні туралы», «Данышпандықтың інжу маржаны», «Ғылымдардың шығуы», «Философияны оқу үшін алдымен не білу керек?», «Аристотель еңбектеріне түсіндірме» сияқты философиялық еңбектері туралы мәлімет беру білім саласындағы өзекті де жемісті зияткерлік бір әрекет болары, шүбәсіз. Әл Фараби бабамыздың музыка жайлы күрделі зерттеулері, математика саласында ашқан үлкен жаңалықтары, астрономия жайлы қалдырған талай еңбектері, физика, медицина, химия,

минерология, жаратылыстану ғылымдары бойынша жазғандарын дүниежүзілік ғылым саласындағы үлкен еңбектер деп айтуға болады. Әл-Фараби медицина туралы жазған еңбектерінде: «Жүрек – басты мүше, мұны тәннің ешқандай басқа мүшесі билемейді. Бұдан кейін ми келеді. Бұлда басты мүше, бірақ, мұның үстемдігі бірінші емес», - деп адам ағзасы мүшелерінің қызметінде айқындап берген екен. Сол үшін медицина саласында Бағдат дәрігерлері оны өздерінің басшысы деп санаған болса, кейін медицинаның атасы атанған Әбу Әли ибн Сина (Авиценна) өзін оның шәкіртімін деп есептеген. Әл-Фарабидің «Медицинаның міндеті - тек адам ауруларының себептерін анықтап қоймай, адамның денсаулығын сақтау жолдарын, ауруды жою жағын да зерттейді», деп жазғандары адам ден саулығы өте өзекті мәселе болып тұрған дәл осы бүгінгі күн туралы айтылғандай. «Халықтардың бәрі бақытқа ұмытылып, біріне-бірі көмектесіп отырса ,бүкіл жер жүзі ізгі болар еді », - дегендей осы асыл мұраларды, жалпы адамзаттық құндылықтарды ұрпақ бойына дарытып, рухани-адамгершілік тәрбиесін қоғамның барлық саласына енгізген сайын егеменді еліміздің ертеңі айқын, болашағы жарқын болары сөзсіз. Әлем халықтарын біріктіретін ірі тұлға мықты данышпан ғалым Әл-Фараби туралы, оның мұрасы туралы білетініміз өте аз. Ғалымның ғылыми жұмыстары бүгінгі күнде де өз құндылығын жоғатқан емес, әлі де өзекті. Сол үшін Әл Фараби сияқты ұлы тұлғалардың бай мұрасын барынша зерттеп, келесі ұрпаққа жеткізу біздің қасиетті борышымыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Ә. Н. Нысанбаев және б. «Әл Фараби трактаттары аудармасы және түсіндірмелері» Алматы , 2005 жыл
2. Ә. Н. Нысанбаев « Қазақстанда фарабитанудың даму динамикасы: нәтижелерімен келешектері» Алматы , 2007 жыл
3. Т. Балықбаев «Заманауи білім саласында Әл Фарабидың мұрасы»
4. М.С.Бурабаев «Әбу Насыр әл Фараби философиясы Алматы «Ақыл кітабы» 1998 жыл
5. Интернет материалдары
6. Қазақ ұлттық энциклопедиясы

САДУАҚАСОВА АЙНАГУЛЬ КОПЖАСАРОВНА

*№71 мектеп-лицей КММ
Нұр-Сұлтан қаласы. Есіл ауданы*

ӘЛЕМНІҢ ЕКІНШІ ҰСТАЗЫ

Философия, социология, математика, физика, химия, астрономия мен ботаника, лингвистика және логика сондай ақ музыкамен медицина. Бұл ғылымның бәрін бір адам меңгеру мүмкін бе? Иә. Мүмкін!

Ал, ол адам ХХІ-ші ғасырда емес. Бірінші мыңжылдықтың ІХ-шы ғасырында өмір сүрген дегенге не дейсіз?

Ол кісі қазіргі өркениеті дамыған АҚШ немесе Еуропа елдерінде емес Орта ғасырдағы қазақ сахарасында өзіміздің көне Отырарда дүниеге келген. Әлем оны, «Түркі ойшыларының ең атақтысы», «Әлемнің 2-ші ұстазы» деп таниды. Оның есімі – Әл-Фараби. Аты-жөнін толықтай атасақ: Әбу Насыр Мұхаммад ибн Мұхаммад Тархан ибн Узлағ әл-Фараби ат-Турки, деп айтуымыз керек.

Неге 2-ші ұстаз?

Әл-Фарабиді жер жаһанның екінші ұстазы деп ғалымдар сол Орта ғасырда мойындап кеткен.Өзін Әл-Фарабидің «шәкіртімін», деп есептеген ең Ұлы тұлғалардың бірі ИбнСина. Заманауи медицинаның негізін қалаған, парсы ғалымын әлем осы күнде «Авицена», есімімен таниды.

Әбу Әли ИбнСина өз естеліктерінің бірінде, *«Аристотельдің метофизикасын алғашы рет 14 жасымда зерттедім. Түк түсінбедім. Кейіннен Әл-Фарабидің метофизиканы түсіндіретін кітабын оқыған соң бұл саланы бағындырдым»*, деген екен.

Иә. Әл-Фараби кез-келген ғылымды оқып зерттегенде басқалары да түсінсін деген мақсатпен оған талдау жасаған, кітаптар жазып әдістеме дайындаған. Былайша айтқанда, Әл-Фараби жаңа ғылымның негізін қалады. Қазіргі заманда біз оны – «Педагогика», деп атаймыз.

Осы педагогикада Әл-Фарабидің ілімдерін біз әлі күнге пайдаланып жүрміз. Мысалға айталық математика. Екінші ұстаз бұл ғылымды жеті тарауға бөліп қараған. Ол, арифметика, геометрия, оптика, астрономия, музыка, статика, механика.

«Музыканың математикаға қандай қатысы бар?», деп ойламаңыз. Әл-Фараби айтады, *«Аспаптық музыканың өзі адам даусын қаншалықты келтіре алатын болса, соншалықты дәрежеде әнге қосылады. Ол адам даусын сүйемелдейді және түрлендіріп байытады немесе кіріспесі мен ойнау үрдісін дамытады. Әуен қызған кезде әншінің тыныс алуына көмектеседі; сонымен қатар олар дауыспен келтіре алмайтын әуенді келтіріп, музыканы толықтырады»*. Әл-Фараби музыканың өзін 5 бөлімге бөліп, әр қайсысын жеке-дара қарастырған.

Ал, алгебраны ұлы ойшыл – жеке ғылымға бөліп тастады.Иә.Әл-Фараби Алгебраның негізін қалаған және оны математикадан бөлек ғылым ретінде қарастырғаналғашқы ғалым.

Әл-Фараби Аристотельді ғана емес көне ғалымдар Платон, Гален, Евклид, сияқты ғалымдарды әбден зерттеген және талдаған. Бұл ғалымдарды IX-шы ғасырға дейін ұлы ойшылдар ғана түсініп жүрсе, Әл-Фарабиден кейін ол еңбектерді жалпы жамағат түсінетін болған.Былайша айтқанда, қазіргі ғылымның дені бізге отырарлық Әл-Фарабидің арқасында түсінікті.

Ибн Сина ғана емес, математик әріфилософ Ибн Баджа, философ Ибн Туфайля, психолог әрі астроном Ибн Рушда және Леонардо да Винчи. Бұл ғалымдардың бәрі Әл-Фарабидің еңбектерінің арқасында ғылымға қызыққан.Бұл ғалымдар біздің Әл-Фарабидің арқасында ғылыми еңбектер жазып, ғылыми жаңалықтар ашқан.

Әл-Фарабидің кейбір еңбектері осы күнге дейін жетті. Ол, негізінен Ибн Сина сияқты әйгілі шәкірттердің арқасында, деп түсінуіміз керек. Міне сол көп шәкірттер Әл-Фараби туралы естеліктер жазып, оның біліміне бас иген және сол еңбектерді қалдырған. Бірақ өкінішке орай Әл-Фарабидің қолынан шыққан көп еңбек біздің күнімізге жетпей қалды. Екінші ұстаздың негізгі ғылыми еңбектері көне Отырар кітапханасында сақталғанын білесіздер. Ал, ол кітапхана құпия жағдайда жоқ болып кетті. Кейбір ғалымдар, «Әл-Фараби кітапханасы аман. Құпия жерде сақтаулы тұр. Күндердің бір күні ол табылады», дегенді айтады. Ол, кітапхана табылып жатса Әлем тарихында сенсация болатыны айдан анық. Өйткені, Әл-Фараби жазып кеткен ғылыми жұмыстар дәл осы ХХІ ғасырда өзінің өміршендігін көрсетіп жатыр. Әсіресе психология мен медицина, астрономия мен математика ғылымы. Бәрін айтпай ақ медицинаға ғана тоқталайық. Осы күнде жүйкені сумен емдеу тәсілі кеңінен қолданыла бастаған. Бұл әдісті ойлап тапқан және бірінші болып Шам шаһарында пайдаланған Әл-Фараби бабамыз болатын.

Қазақта, «Жігітке жеті өнер де аз», деген сөз бар. Ал, Әл-Фараби ондаған ғылымды еркін меңгеріп әр қайсысын жеке-дара түсіндіріп кеткен тұлға...

Библиографиялық тізім:

1. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтама. Алматы «Аруна» 2010ж
2. Отырар. Энциклопедия. Алматы «Арыс» баспасы, 2005ж
3. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. Алматы, Рауан 1994ж
4. А.Көбесов, «Білім және еңбек» журналы. Фарабидің тригонометриясы
5. Ислам әлемі. 2000ж

САЙРАМБАЕВА МАДИНА РЫСБАЙҚЫЗЫ

Жамбыл облысы Т.Рысқұлов ауданы

Жақсылық ауылы

Қ.Сұлтанбеков атындағы орта мектеп

технология пәнінің мұғалімі

ЕРТЕ ОРТА ҒАСЫРДАҒЫ ҒҰЛАМА

Әл-Фараби заманауи Қазақстан аумағындағы Фараб қаласында 870 жылы дүниеге келді. Туған жері Арыс пен Сырдария өзендері бойында өткен. Болашақ философтың әкесі әскербасы және құрметті түрік отбасының өкілі болған. Атақты түрік ұлының толық аты-жөні: Абу-Насыр Мұхаммад ибн Мұхаммад Ибн-Тархан ибн-Ұзлақ әл-Фараби ат-Түркі.

Әл-Фараби өмірбаянында балалық шағы туралы ешқандай ақпарат жоқ. Жасөспірім кезінде Аристотель, Платон шығармалары мен теорияларын оқығанды жақсы көрді. Көбінесе Самарқандта, Ташкентте және Бұхарада өмір сүрді. Біртіндеп әл-Фарабидің білім деңгейі энциклопедияға айналды. Ол логика

мен жаратылыстану, медицина және шет тілдерін оқып, музыканы жақсы көрді. Әл-Фарабидің Аристотельдің, Платонның, ерте дүниедегі Грецияның басқа да философтарының шығармаларымен түп нұскасынан танысқаны жөнінде деректер бар. Білімге, ізденуге деген құштарлықтың жетелеуімен ол жас шағында, дүниедегі құбылыс біткеннің бәрі кісіге әрі ғажап, әрі таңсық көрінетін кезде саяхат жасап, сол замандағы мәдени әлемнің көптеген орталықтары: Хорасанда, Бағдатта, Дамаскіде Шам), Алеппада, Каирда Мысыр) "болған. Өз өмірінің көп жылдарын ол араб халифатының саяси және мәдени орталығы болған Бағдатта өткізді

Ғалым білім қуып Бағдат қаласына жалғыз барған. Бұл қала сол кездері мәдениет, ғылым және өнердің орталығы болды. Адамдардың өмір сүру деңгейі және әлеуметтік құрылымы жоғары болатын.

Аңыз бойынша, Әл-Фараби Бағдатта сот қызметкері болып жұмыс істеді. Бірақ біраз уақыттан кейін ол қызметін өзгертіп сабақ бере бастады. Ғылыми еңбектерден тұратын досының кітапханасын оқығаннан кейін шабыттанып, ғылымға қызмет етуге бел буған. Замандастары философты ақылды және талантты тұлға ретінде білетін. Ойшыл атақты ғалымның атағына ие болып 932 жылы Бағдаттан кетеді [1].

Философтың шығармалары шартты түрде екі санатқа бөлінеді. Біріншісі ғаламның заңдарына, адамның өміріне және дүниетанымына арналған. Математика, астрономия және геометрия ғылымдарына байланысты заңдарды зерттеген. Сондай-ақ, уақыт пен кеңістіктің тұжырымдамасы туралы теориялар айтқан. Екіншісі жабайы жануарларға арналған жұмыстар мен олардың қолданыстағы заңдарын қамтиды. Олар химия, биология, медицина, оптика және физиканы ғылымдарын қамтиды.

Әбу Насыр Мұхаммед ибн Мухаммед Әл - Фараби ерте орта ғасырдағы ұлы ғұламалардың бірі болып табылады. Ол көпжақты оқымысты-энциклопедист және шығыс рационализмін бірі болды. Осы себепті оған "Аристотелден кейінгі екінші ұстаз!" деген құрметті атақ берілген. Әл Фарабидің, бір кездері Орта Азияның ертедегі мәдени орталығы болған қала Отырарда туылғаны тарихтан белгілі. Әл Фараби осы Отырарда, өзінің ана тілі қыпшақ тілінде бастауыш білім алады. Әл-Фараби бабамыздың медицина ғылымына үлкен мән бере қарап, зерттегені жайлы білеміз. Ғалымның көпке танымал болған медициналық трактаттары бар. Ондағы фәлсафалық-медициналық түсінігінде табиғи өнім: от, су, ауа, жер болып келетін төрт элементтен құралады деген. Сондықтан медициналық дәрілердің құрамын суық, ыстық, құрғақ және сулы деп төртке бөлген. Сонымен қатар Әл-Фараби медициналық-пәлсапалық ілімінде былай дейді: "Медицина – тәжірибеден туындаған ілім, өзіне сай белгілі заңдылықтары, аурудың түріне лайықты оның неден пайда болатынын, қалай емдеу керектігін анықтап, адам тәнінің сау болуы үшін күрес жүргізетін сала" дейді. Әсіресе теориялық тұрғыдан кеңірек қарастырған. Бұдан түйетін ой бабамыздың биология пәніне де қосқан үлесінің аз емес екендігі. Медицина жайында «Адам ағзалары жайлы Аристотельмен алшақтығы туралы Галенге қарсы жазылған трактаттар», «Жануарлар ағзалары», «Темпераменттер туралы», және тағы да

басқа еңбектері бар. Бұл еңбектері медицина пәнінің негізін анықтауға мүмкіндік береді. Әл-Фараби өз заманында медицинаны «емдеу шеберлігі ғылымы» деп атады. Орта ғасырдағы медицина мен философияның дамуына «Медицина каноны» атты және басқа да еңбектерімен сүбелі үлес қосты. Ғылыми бағыттарының жіктелуіне арналған «Бесінші трактатында» адам тіршілігіндегі мидың маңызы туралы баяндай келіп, мидың жүйке орталықтары мен сезімтал және қозғалтқыш жүйкелер болатындығы туралы пікір айтады. Ол медицинаның тек аурулардың себептерін анықтаумен ғана емес, адам денсаулығын сақтау жолдарын, ауруды жою шараларын да іздеген. Әл-Фараби медицинаға көп көңіл бөлгендігі соншалық, адам ағзасының әрбір мүшелерін зерттегенін кейбір еңбектерінде айшықтап көрсеткен. «Қайырымды қала» еңбегіндегі жүрек жайлы айтқан ойларын медицинамен ұштастыра отырып шебер жеткізе білген. Мысалы, «жүрек – табиғи жылылықтың көзі». Басқа мүшелерге жылылық нақ осыдан тарайды, олар жүректен нәр алады; «жүрек – басты мүше, мұны тәннің ешқандай мүшесі билемейді» және тағы да басқа. Өз пікірлерін ғана айтып қоймай Әл-Фараби өз кезегінде ұлы ойшылдар Аристотель мен Галеннің пікірлеріне де жеке көзқарасын білдіріп отырған.

Фарабидің еңбегі мен әрекет дәуірі араб мәдениетінің даму дәуірімен тұстас келді. Араб медицинасы — араб елдері мен ислам дінін былдаған халықтар арасында орта ғасырларда жақсы дамыған ғылым салаларының бірі. Шығыста ислам дініне дейін емдеу жұмыстарын ирандықтар, еврейлер, сириялықтар жүргізді. Сол кезеңдегі дәрігерлердің белгілі оқытушысы, ұстазы Харет ибн Кадалахтың (6 ғ.) араб тілінде жазылған еңбектері қазіргі кезге дейін сақтаулы. Бұл еңбекте тамақты тартажеудің, денені таза ұстаудың, ішімдікті ішпедің және тағы да басқа негізгі ережелері айтылған. Мұхаммед пайғамбар Кадалахтың әдістемелік тәсілдерін Құранның сүрелеріне енгізген. Аристотельдің медициналық еңбектерін арабтарға алғаш таныстырған — философ, математик, астроном, дәрігер Әл-Кинди (шамамен 800 — 870 ж.). Ол жазған 20 еңбектің ең елеулісі («Дәріні дайындау және қолдану ері») латын тіліне аударылған. Әл-Киндидің дәрігерлік көзқарастарын ӘбуНасыр Әл-Фараби және ӘбуӘли ибн одан әрі дамытты. Әл-Фарабидің «Теориялық және практикалық медицина» деген кітабында медицинасындағы ғылым көзқарастар баяндалған. Әл-Фараби қоршаған ортаның адам денсаулығына тигізетін әсерін алғаш рет айтқан. Оны ибн Сина өз еңбектеріне негіз етіп алған. ибн Сина (980 ж. т.) философия, математика, медицина тағы да басқа ғылым салалары бойынша Хиуада білім алып, Гиппократ, Гален еңбектерімен жете танысты. Дәрігерлік қызыметіне байланысты Фараби, сол замандағы басқа да дәрігерлер сияқты, алхимиямен, ботаникамен, минерологиямен айналысады. Бүгінде қолымызда аталмыш ғалымның «НассанТиббиян – әл-Кәфи фисана ат-тиб» атты еңбегі бар. Ол Мысырда хижра жылы бойынша 510 жылы ан әне қазіргі уақытта «Катар ұлттық кітапханасында» сақталған. Оның мазмұнында адамның күнделікті өмірде табиғатпен қалай қарым-қатынас жасау керектігі туралы сөз қозғалады. Сонымен қатар бас, көз, тері аурулары секілді 900-ден астам аурудың түрі мен емі ұсынылған. Баса айта кететін нәрсе ұсынылған

емнің барлығына дерлік табиғи дәрі-дәрмектерді қолдану керектігі ескерілген. Бұған қоса тамақ ішу әдебі мен шарттары да баяндалған.

Автор Нассан Тиббиян – әл-Кәфи фисана ат-тиб» кітабында адамның денсаулығы табиғатпен, қоршаған ортамен тығыз байланысы барын көрсетуге тырысқан. Сондай-ақ, қандай да бір ауруғашалдыққан адам құрамында химиялық элементтері бар дәрі-дәрмекке емес керісінше дәстүрлі әрі табиғи жолмен емдеу әдістерін көрсеткен. Бұған қоса ғалым қолжазбаның алғашқы бетінде медицина екі түрге яғни, теория мен практикаға бөлінетінін тілге тиек еткен. Одан кейін осы екі бағыт бойынша жан-жақты анықтамалар берген.

Жалпы, Шейх Мұхаммед Әбунаср Аднан әл-Фарабидің қолжазбасында адам ағзасына қажетті көптеген пайдалы кеңестер мен емдік жолдар жан-жақты талқыланып баяндалған. Бұл өз кезегінде ғалымның медицина саласында білімінің жоғары екендігін айқындайды. Бұған қоса аталмыш еңбек қазіргі экологиясы бұзылған, химиялық қоспасы бар дәрі-дәрмек пен сапасыз азықтың саны артқан қоғам үшін аса маңызды болса керек. Өйткені, бүгінгі ортада аталмыш дәрі-дәрмектен гөрі дәстүрлі емдеу жолдарын іздейтін науқастардың саны аз емес. Сондықтан алдағы уақытта бұл жұмысты жіті зерттеп, оның пайдалы тұстарын халықтың назарына ұсыну көзделіп отыр [3].

Сонымен, Әл-Фараби бабамыздың биология пәні мен дүниежүзілік медицина саласына қосқан үлесі мен алғышарттары айтарлықтай. Сөзімді қорытындылай келе бүгінгі ұрпақ өз бабасының осы жетістіктерімен мақтанып қана қоймай ары қарай жалғастырып, мақтанарлық дәрежеге жетсе екен дегім келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. https://massaget.kz/blogs/omirdin_oz/21284/ интернет желісінің көздері
2. Кірішбаев А. Әбунаср әл-Фараби. Үрімжі «Ұлттық баспа», 2002.
3. Әл-Фараби мемлекеттік қайраткердің нақыл сөздері // Қазақ халқының философиялық мұрасы. Астана, 2006.

САЙТТАКОВА КУРАЛАЙ КЛЫШБЕКОВНА

*Жамбыл облысы, Т. Рысқұлов ауданы,
Ақбұлақ шағын орталықты орта мектебінің
география пәні мұғалімі*

ҰЛЫ ОЙШЫЛ, ҒҰЛАМА ӘЛ – ФАРАБИДІҢ ДАНАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

*Адамның байлығы да, бақыты да,
атақ – даңқы да, ол – білім
Білім – таусылмайтын байлық.*

Әбу Насыр Әл – Фараби ойшылдарының ең атақтысы, ең мәшһүрі, «Әлемнің екінші ұстазы» атанған ғұлама. Қазақ топырағынан шыққан ұлы данышпан.

Әл – Фараби қазіргі Қазақстанның оңтүстігіндегі орналасқан Фараб (Отырар) қаласында түркі тектес әулетте туылған. Оның заманы Жібек жолы бойындағы қалалардың, оның ішінде Отырардың экономикасы мен мәдениетінің дамыған кезіне дәл келеді. Шын есімі Мұхаммед Ибн Ұзлағ Тархани. Отырар қаласы сол кездері Фараб деп аталғандықтан, ғұлама ғалым өзінің Әбу Насыр Мұхаммед Ибн Мұхаммед Ұзлағ Ибн Тархан есімін туған жеріне байланыстырып, Әл – Фараби деп атаған. Яғни, Фарабидің әкесінің есімі Ұзлағ, арғы атасы Тархан болған. «Тархан» атауы адамның түркі ақсүйектеріне жататынын куәландырады.

Әбу Насыр алғашқы білімді өзінің туған қаласы - Отырарда алды. Мұнда ол әлемді танып білуге саяхат жасады. Фараб қаласы түркілердің үлкен мәдени орталығы болған, әрі ислам дінін бейбіт жолмен қабылдаған болатын. Ол кез санасы ашық әрбір мұсылманға ислам діни ғылымымен шұғылдануды парыз еткен. Үлкен сауда қаласына тек саудагерлер ғана емес, сонымен саяхатшылар, ғалымдар, ақындар мен дін уағыздаушылар да келді. Сол кездегі ең үлкен құндылықтардың бірі – кітаптар болды. Білуге құштар Әл – Фараби мүмкіндігінше көп білуге тырысты. Оны бәрі қызықтырды, астрономия мен медицина туралы трактаттар, ұлы философтардың теориялары, психология мен педагога негіздері, логика, құқық және музыка. Сондықтан ең көне кітаптар жинағының құрылуы, Отырар кітапханасының пайда болуы, оның есімімен байланысты болуы ғажап емес.

Әл – Фараби көп саяхаттады. Азия, Парсы, Ирак, Араб елдері қалаларына жиһанкездік сапарлар жасап, тез есейді. Ол жерлерде көптеген ғұламалармен, ойшыл – ақындармен, қайраткерлермен танысып, сұхбаттасты. Ташкент және Самарқанда, кейінірек Бұхарада оны білімге деген құштарлығы дамыды. Бұл қалаларда жас жігіт оқып, жұмыс істеді. Әл – Фараби Аристотельдің – ежелгі грек ойшылының ойлары қызықтырды және олардың әсерінен ол өз өмір жолын өзгертті.

Білімге деген құштарлықтың жетелеуімен ол жас шағында, дүниедегі құбылыс біткеннің бәрі кісіге әрі ғажап, әрі таңсық көрінетін кезде, саяхат жасады. Өз өмірінің көбін ол Араб Халифатының саяси және мәдени орталығы болған – Бағдатта өткізді. Бағдат шаһарының баруының басты себебі, қала ғылым мен өнер жолына бет алған адамдарға қақпасын кең ашып, барынша жағдай жасаған. Бағдатта «Баит Әл - Хакма» атты ғалымдар үйі және әлемдегі ең бай кітапхана болған. Алғашқы кезде Әбу Насыр Әл – Фараби өзін ақын, әнші, күйші ретінде танытып, одан соң ежелгі грек ғалымдарының қолжазбаларын оқу арқылы күрделі ғылыми зерттеулермен шұғылдануға кіріскен.

Әл – Фараби – Шығыс пен Батыс әлемінің үздік жетістіктерін үйлестірген, өркениеттер тоғысында озық ой айтқан ғибратты ғұлама. Әлемдік деңгейдегі ойшыл Әбу – Насыр Әл – Фарабидің ғылыми және шығармашылық мұрасы да – мәңгілік қуат алатын асыл қазынамыз. Өздігінен көп оқып, көп ізденген ойшыл 70 – ке жуық тіл білген. Сол уақыттағы барлық белгілі білім салаларын дамыта отырып, 160 – тан артық трактаттар жазған. Ол өз дәуірінің материалдық және рухани мәдениет жетістіктерін жинақтаумен қатар, озық философиялық жүйені

жасады және ол арқылы әлеуметтік – философиялық, этика – эстетикалық, жаратылыстану – ғылыми ой қазыналарына бағалы үлес қосты. Әйгілі ғалымның еңбектері аса мазмұнды әрі ауқымды. Ол – әлемдік деңгейдегі тұғырлы тұлға, біздің мақтанышымыз. Әбу Насыр Әл – Фараби ілімі шығыс ойшылдарына, аристотельдік және жаңа платоншылдық көзқарастарға сүйенеді, оларға жаңа сипат береді. Ол өзінің «Философияны үйрену үшін қажетті шарттар жайлы трактат» атты еңбегінде Аристотельдің философиясын меңгеруге қажет болатын тоғыз шарт жайлы өз пікірлерін ортаға салады.

Әл – Фараби сезім мен ойлау, тәрбие мен іс – әрекет жүйесін жетілдіру мәселесіне қайта айналып соғып отырған. Білімсіз адамгершілік молаймайды, білімсіз адам өзгенің абзал қасиеттерін тани алмайды. Жан – дүниені тәрбиелемей үлкен жетістікке жету жоқ. Ғылым мен тәрбие ұштасса ғана рухани салауаттылыққа жол ашылмақ. Мінез – құлқын түзей алмаған адамның ақиқат ғылымға қолы жетпейді деп ескертеді. Ғұлама, ойшылдық басқадан ерекшелігі әрі артықшылығы – ғылымнан табиғат ғылымын жоғары бағалаған. Ғылымның шығу тегі туралы трактатында «табиғат туралы ғылым бай және педагогикалық ғылымдардан гөрі кең көлемде» дейді. Бұл пәлсапаның мәні тым тереңде жатыр. Оның педагогикамен салыстыра айтылып отырғанынан біраз жайды аңғаруға болады. Табиғат ғылымы 18 мың ғаламды жаратқан жаратушымен байланысты болса, педагогика адамзат баласының асыл құндылығы. Екеуара сабақтастық бар. Сондықтан, ойшыл педагогиканың табалдырығын аттап, шыңына шығу үшін әуелі табиғат ғылымының мәнін жете түсінуді ұсынады. Тіптен, осы табиғатта педагогика элементтерінің барын астарлы түрде жеткізеді. «Еңбек ету, сапалы болу, адамгершілік, ақылдылық табиғаттан туындауы қажет» деген Әл – Фараби әр ғылымның бастауы еңбек, сапа, адамгершілік, ақылдылықта десе, ол табиғаттан тумаса, ой арқылы не тағы басқалай, яғни туғандай болып көрінуді құп көрмейді. Аталған жайт Фараби бабамыздың жан – дүниесін жарып шыққан жазба болып табылады. Осыған орай, бабамыздың ең атақты шығармашыларының бірі «Ғылымдар энциклопедиясы» деп аталатын трактаты. Бұл еңбектің ғылым тарихында алатын орны ерекше үлкен. Осы трактат «Ғылымдар энциклопедиясы», «Ғылымдар реті», «Ғылымдар классификациясы» т.б. аттармен Шығыс пен Батыс елдерінде әйгілі болып, көп ғұламалар тәлім алды.

1. Тіл білімі және оның тараулары;
2. Логика және оның тараулары;
3. Математика, яғни арифметика, геометрия, оптика, математикалық астрономия, музыка, механика;
4. Физика мен метафизика және олардың тараулары;
5. Азаматтың ғылым және оның тараулары, заң ғылымы және кәләм (дін ғылым).

Осы ғылымдардың ішінде мен жаратылыстану мен метафизика, астрономия саласы - «Астрономия» деген бір атпен екі ғылымда түсінеміз, - дейді ғалым. Олардың біреуі – жұлдызнама. Бұл ғылым жұлдыздарға қарап болашақта не болатынын, кейде қазіргі кезде болып жатқан және өткенде болған оқиғаларды болжау арналған. Екіншісі – математикалық астрономия. Астрономияның осы

бөлігі математикалық ғылымдардың қатарына жатады, ал қабілет – өнердің бір түрі, жаратылыстану мен метафизика. Фарабидің анықтауы бойынша, физика, яғни жаратылыстану – табиғат туралы, оның негізгі принциптері мен бөліктері жайлы ғылым. Ал метафизика болмыстың жалпы принциптері мен категорияларын зерттейді. Ұлы ғұламаның бұл еңбегінің құндылығы, оны басқа халықтардың өз қажетіне жаратып, оның еңбек заңдарына, еңбек адамдарының жұмысына саналылықпен, ұқыптылықпен қарап, өндірісті дамыту, еңбек өнімін, жеке адамның еңбекке құштарлығын, ынта – жігерін арттыру мақсаты көзделген. «Ғылымдар энциклопедиясында» ойшыл ғалым Аристотельден өзіне дейінгі 1300 жылдай уақыт ішінде өркендеген ғылымдарға талдау жасаған, пәнін тағайындаған, мазмұнын анықтаған, үйрену және үйрету жолдарын белгіленген. Бұл еңбек Фарабиден кейін де 500 жыл бойы Шығыс, Батыс оқымыстыларының қолынан түспес кітабына айналды.

Әл – Фарабидің аса зор нәтижеге жеткен еңбегі. Ол ортикалық аспаптар жасаған. Оның ішінде ойыс парабола айна, уақыт өлшегіш күн сағаты бар. Әл – Фарабидің күн сағатын жасау әдісі осы күнге дейін қолданылады. Ғылымда көлеңке өлшеу әдісі, күн сағаты арқылы жердің меридианын табу Әл – Фараби әдісі деп саналады. Сондай – ақ ғалым сфералық тригонометрияға негіз салған. Әбу Насыр Әл – Фараби осы айтылған тригонометрия мағлұматтарға және басқа да қосымша математика материалдарға сүйене отырып, «Алмагесте» қарастырылған астрономия және география мәселелерін математика жолмен шешудің ең жеңіл әдістерін ұсынады. «Геометриялық фигуралардың егжей – тегжейі жөнінде табиғи сырлары мен рухани әдіс – айдалар кітабы» геометрия салу есептерін сұрыптап, бір жүйеге келтірген. Жүзден аса есептің салу әдістері көрсетілген. Бұлардың ішінде: парабола салу, бұрышты трисекциялау, кубты екі еселеу, дұрыс көп бұрыштар салу, көп жақтар салу, жазық фигураларды түрлендіру т.б. бар. Әбу Насыр Әл – Фараби адымы тұрақты циркуль мен бір жақты сызғыш жәрдемімен шешілетін есептерді мол қарастырды. Осы еңбекте 3,4,5, т.б. , яғни өлшемді куб салу есебін ойша қалай шешу идеясы бар, оның «Болжамдағы геометрияға кіріспе» атты трактат жазғаны мәлім, бірақ ол еңбегі бізге жетпеген. Осыған қарағанда Әбу Насыр Әл – Фарабидің көп өлшемді абстракция геометрияның идеясын алғаш айтушылардың бірі деп жорамалдауға негіз бар. Әбу Насыр Әл – Фарабидің трактатын математикалық тарихшылары осы уақытқа дейін атақты Хорасан математигі Әбу – л – Уафаға теліп келгені анықталды. Әбу Насыр Әл – Фараби арифметикалық саласында «Теориялық фрифметикаға қысқаша кіріспе» деп аталатын еңбек жазған. Оның көптеген логикалық еңбектерінде математикалық логиканың элементтері де кездеседі. Әбу Насыр Әл – Фарабидің математикалық идеяларын, мұраларын Әбу – л – Уафа, Әбу Әли ибн Сина (Авиценна), Әбу Райхан Бируни, Омар һайям сияқты шығыс ғұламаларымен қатыр Роджер Бэкон, Леонардо да Винчи тәрізді Еуропа ғалымдары да көп пайдаланған.

Фараби «Табиғат ғылымдарының негіздері» (космогония) жайлы еңбегінде жалпы хақасқа, әсіресе, оның хауаси хамса заһири деп аталатын сыртқы сезім мүшелеріне ерекше назар аударған. Фарабидің қоршаған орта болмысының

сырын тануда басты орын алатын сезім мүшелері – хауаси хамса жайлы филос. Ұғымдары Абайдың Жиырма жетінші, Отыз сегізінші қарасөзі мен «Алла деген сөз жеңіл» өлеңінде сол түпнұқсадағы қалпында берілген. Абай арнайы көтеріп отырған хауас жайындағы ұғымы ақын шығармаларында «хауаси хамса заһири», «хауас сәлем», «хауас» деген үш түрлі мағына даушы растады. «Алла деген сөз өлеңінде мүтәкәллиміндер мен логикатердің хауасты түсіндірудегі пайымдауларын әшкерелей терістеуі ақынның әлеуметтік ортасындағы батып сыншылдық бағытты танытты». Ол – шығыс елдерінде тұңғыш сындарлы педагогикалық жүйе жасаған ағартушы оқымысты.

Жас ұрпақтың сана – сезімін қалыптастыру үшін үш нәрсенің ерекшелігін жүйелеп, дәйектеп алу шарт:

1. Баланың ішкі ынта – ықыласы, құмарлығы;
2. Ұстаздың шеберлігі, ар тазалығы;
3. Сабақ процесінің алатын орны.

Ғалым дене тәрбиесі мен адамгершілік тәрбиесінің ұқсастығына, оның бір – біріне тигізетін әсеріне ерекше мән берді. Әбу – Насыр Әл – Фараби – бір ұлттың шеңберінен шығып, бүкіл адамзат биігіне көтерілген қайталанбас тарихи тұлға! Оның рухани әлемін тану – адамзаттың мың жыл бұрынғы парасат – пайымын тану ғана емес. Бүгінгі болмысыздың қай деңгей де екеніне көз жеткізу, сол туралы ой толғау, осыған орай жаңа заманның сын – қатерлеріне лайықты жауап іздеу. Әл – Фараби білімі бізді әлемдік өркениет жолындағы «Бақытты адам – қайырымды қоғам – қуатты мемлекет» жүйесін құруға жетелейді. Біздің алдымызда тұрған зор міндет – ғұламаның әлем мойындаған өмірлік қағидаларын қазіргі заманға сай қолданып, ақыл – ой биігіне көтерілу, еліміздің дамыған озық елдердің қатарына қосу. Сондықтан Әл – Фарабидің 1150 жылдық мерейтойы рухани өміріміздің қарқынды дамуына зор серпіліс беретін, сондай – ақ жалпыұлттық жаңғыру, ақжол ашатын игі бастама болатынына сенімдіміз! Әл – Фарабиді таныту – Қазақстанды әлемге таныту!

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақ халқының философиялық мұрасы. Астана 2006 жыл
2. Әлемдік педагогикалық ой – сана Алматы 2010 жыл
3. Шолақова Р. Әл – Фараби – Шығыстың ғұлама ғалымы // Қазақ тарихы. – 2012 №5 (116) – 32,33б.
4. Қойлыш Ж. Бала Мұхаммедтен ғұлама ғалым, «Екінші ұстаз», Әбу Насыр Әл – Фарабиге дейін (870 – 950) // Аңыз адам: Жұлдыздар отбасы. – 2011 - № 17 (29) – 5 – 9 – бет
5. Қасымжан А. Әлінов А. Әл – фараби // Қазақ: Оқу құралы. – Алматы: Білім, 1994. – 176 б.
6. Дербісәлиев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары (тарихи – филологиялық зерттеу) – Алматы: Рауан, 1995. – 12 б.
7. Келімбетов Н. Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерліктері. Алматы: Раритет, 2011. – 432 б. Исахметұлы Ж., Даутбаев М. Фараби трактаттарындағы білім, тәрбие мәселелері // Ақиқат. - № 6. – 105, 106 – б.

ӘЛ-ФАРАБИ ҰЛЫ ҰСТАЗ

Аңдатпа. Мақалада, Әбу Наср әл-Фараби (Мұхаммед Иби Мұхаммед ибн Узлағ Тархани) – Аристотельден кейін дүниежүзілік білім мен мәдениеттің екінші ұстазы атанған данышпан, ойшыл, энциклопедист ғалым екендігін одан әрі дәлелдей түскен. Әл-Фарабидың Сырдария бойындағы Отырар қаласында 870 жылы туып, Шам (Дамаск) қаласында 950 жылы дүниесіз болғанын, Отырар қаласын арабтар Фараб деп атағандығы туралы баяндалады. Сондай-ақ, Әбу Насыр әл-Фараби – жан-жақты дамыған музыкант әрі композитор, мәнерлеп орындаушы әрі теоретик, тарихшы, музыкалық аспаптарды жасаушы шебер болғандығына талдау жасалған.

Түйінді сөздер: Түркі, ғұлама, ғалым, көшбасшылық, мұра, философиялық көзқарас. Шығыстың ғұлама ойшылы Әбу Насыр әл-Фараби 870 жылы бүгінде Отырар аталатын, Арыс өзенінің Сырға барып құятын сағасындағы Фараб қаласында дүниеге келді (қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысындағы Отырар қаласының маңайындағы ортағасырлық қала). Фарабидің толық аты-жөні Әбу-Насыр Мұхаммед Иби Мұхаммед ибн Узлағ ибн Тархан Әл-Фараби. Әл-Фараби түрік тайпасының дәулетті бір ортасынан шыққаны бізге мәлім, бұған дәлел оның толық аты жөнінде "Тархан" деген атаудың болуы. Туған жері қазақтың ежелгі қаласы Отырарды арабтар Барба-Фараб деп атап кеткен, осыдан барып ол Әбу Насыр әл-Фараби, яғни Фарабтан шыққан Әбу Насыр атанған. Сол тұста өмір сүргендердің қалдырған жазбаларына қарағанда, Отырар қаласы IX ғасырда тарихи қатынастар мен сауда жолдарының торабындағы аса ірі мәдениет орталығы болған[1]. Әбу Насыр бала күнінен ғылымға үйір болып өсті, оның бақытына қарай сол заманда Отырарда аса бай кітапхана бар еді. Әл-Фараби парсы, грек тілдерін үйренеді, осы тілде ғылыми трактаттар оқиды. Фараб пен Бұқарада бастапқы білім алған соң әл-Фараби өз білімін жетілдіру мақсатында Бағдатқа аттанады. Фарабидің дүниетанымының қалыптасуына Мерв мектебінің ғылыми дәстүрлері мен философиялық бағдарлары өз әсерін қалдырды. Бағдатта әл-Фараби ғылым мен әртүрлі пәндерді оқиды. Білімге деген құштарлығының арқасында әл-Фараби сол уақыттағы ғылым мен білімнің ордасы саналған Дамаск, Халеб, Каир, Шаш, Самарқан, Бұхара, Мерв, Нишапур, Рей, Хамадан қалаларында да болып, білімін үнемі жетілдірумен болды. Сол қалаларда оқиды, еңбек етті. Шығыстың осы шаһарларында ол өз дәуірінің ең көрнекті ғалымдарымен, көркем сөз деректерімен танысады. Олардан тәлім-тәрбие алады [1]. Әл-Фараби – көрнекті ойшыл, өзінің замандастарының арасындағы ең ірі ғалым, философ және шығыс аристотелизмінің ең ірі өкілі. Өзінің білімділігі мен сауаттылығының арқасында "Екінші Ұстаз" атауына ие болды. Әл-Фарабидің шығармашылық мұрасы орасан зор (150-ге жуық философиялық және ғылыми трактаттар), ал оның айналысқан ғылыми салалары

ол – философия мен логика, саясат пен этика, музыкамен астрономия. Ғылыми еңбектерінің ең әйгілісі "Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары жайлы трактат" деп аталады. Оның атақты "Музыка туралы үлкен трактат" деген шығармасы әлемнің көптеген тілдеріне аударылған. Әбу Насырдың Платон және Аристотель философиясындағы идеяларға арналған кітабы оның философия саласындағы аса көрнекті ғалым екенін әрі философия пәнін терең меңгергенін дәлелдейді. Фараби Аристотельдің әлеуметтік- қоғамдық идеяларын дамыта отырып, өз тарапынан да "Кемеңгерлік меруерті", "Ізгі қала тұрғындарының көзқарасы", "Мәселелердің түп мазмұны", "Ғалымдардың шығуы", "Бақытқа жету", "Азаматтық саясат", "Мемлекеттік қайраткерлердің нақыл сөздері" сияқты көптеген сындарлы философиялық еңбектер жазған. Фараби бұл еңбектерде дүние, қоғам, мемлекет, адамдардың қатынастары туралы заманнан озық тұрған пікірлер, пайымдаулар айтады[1]. Қасиетті қазақ даласы талай ұлы ғұламаларды дүниеге алып келді. Қазақ топырағының көкірегі ояу, көзі ашық, ойшыл азаматтары бүкіл шығыс араб-парсы мәдениетін меңгеріп, өз шығармаларын көпке ортақ тілде жаза біліп, кейінгі ұрпақтарына мұра етіп қалдыра білді. Олардың ішінде аты әлемге жайылғандары да аз емес. Әл-Фарабидің шығармаларында көне замандағы дәстүрдің және "Бірінші Ұстаз" деп шығыста аталып кеткен Аристотельдің тарих барысында қалдырған әсері, неоплатонизмнің несторионшылдықтың әсері және исламның әсерімен Аристотель идеяларының өзгеруі айқын көрінеді. Әл-Фарабидің Аристотельге бас игені сөзсіз. Сол сияқты ол Аристотель идеяларының ең жақсылары мен бағалыларын әрдайым таңдап ала бермейтіні де даусыз. Бірақ біз үшін ерекше бағалы жағы сол — ол Аристотель ілімінің формалдық жағымен ғана шектелмейді, ол диалектика элементтеріне, мәселені қарама – қарсы қоюына белгілі дәрежеде көңіл бөледі, сыртқы дүние мен сезім мүшелері арқылы жүзеге асатын байланыс таным логикасының ірге тасы болып табылатынын дәлелдейді. Ұлы ойшыл біраз жылдар Бағдат шаһарында ғылыми ізденістермен айналысып тұрақтап қалады. Ол бірнеше тілдерді әсіресе араб, парсы, түрік тілдерін жетік меңгерді. [2]

Алғашқы сапарында Әл- Фараби Бағдат шаһарында логика, математика ғылымдарын терең зерттеп, араб тілін игереді. Ол елден асқан зерек еді. Дүниенің өткінші қызықтарынан, ойын- сауықтан алыс болатын. Тұрмысына жетерлік аз дүниеге қанағат етіп, уақытының барлығын ғылым жолына арнайтын. Ол алдыңғы толқындағы даналардың ізін қуған данышпан философ. Содан кейін Шам аймағына қоныс аударады да сексен жасқа жетіп, өмірден өткенше сол өлкеде қалады. Сондай-ақ, ол медицина ғылымын да толық меңгерген. Ал Шам аймағына келген кезде әл-Фараби алғашында Дамаск қаласындағы бір бақта бағбан болып жұмыс істейді. Мұнда ол жеміс ағаштарын баптай жүріп ғылыммен айналысуын әрі қарай жалғастырады. Ол әсіресе, логика ғылымын терең зерттеді. Осы бұрын- соңды салада жазылған еңбектердің бәрін парактап оқып шықты. Тұрмысының жұпынылығына қарамастан қолындағы бар қаражатын кітап сатып алуға жұмсап, күні-түні ғылыммен айналысты.Өзінің еңбектерін де жазып шықты. Ақырында оның есімі әлемге

жайылды.Еңбектері шартарапқа тарағаннан соң есімі дүниеге әйгілі болды.Уақыт өте келе оны білім иелері мойындап,өз заманының бірегей ғұламасына, біртуар дара тұлғасына айналды. Әл-Фарабидің аса парасаттылығы туралы естіген Халеб қаласының әкімі Сәйфәд-Дәуләәл-Хамданионы басқа да мұсылман ғалымдармен бірге сарайына шақырып құрметтеп, қонақ қылады.Ұлы данышпанның даналық сөздерін ден қойып тыңдаған әмірші оны өзіне жақындатуды ойлайды.Оны қазылыққа тағайындайды.Ұлы ойшыл қазылық қызмет атқарып жүрген тұсында да ғылымнан қол үзген емес[3].

Әбу Насыр Мұхаммед ибн Мухаммед Фараби ерте орта ғасырдағы ұлы ғұламалардың бірі болып табылады. Ол көп жақты оқымысты-энциклопедист және шығыс рационализмін қалыптастырғандардың бірі болды. Осы себепті оған “Аристотелден кейінгі екінші ұстаз!”деген құрметті атақ берілген.Фарабидің еңбегі мен әрекет дәуірі араб мәдениетінің даму дәуірімен тұстас келді.Әлемнің атақты оқымыстылары, философтары, ақындары, музыканттары, Бағдатқа жиналды және онда ғылым академиясы мен университет ашады.Бағдат оқымыстыларының арасындаОрталық АзияменҚазақстаннан шыққандар құрметті орындарды иеленді.Солармен біргеБағдатқа–білімнің барлық саласынан; музыкадан бастап астрономияға дейін хабары бар Фараби де келді. Фараби тіл ғылымының, калеграфияның, лингвистиканың, өлең құрастырудың, риториканың ірі теоретигі ретінде танылды. Сауатты жазу, каллиграфия, өлең жазуға риторикадан трактоваларжазды. Әбу Насыр әл-Фараби–жан-жақты дамыған музыкант әрі композитор,мәнерлеп орындаушы әрі теоретик, тарихшы, музыкалық аспаптарды жасаушы шебер.болды[4].

Фараби тамаша дәрігер ретінде де белгілі. Дәрігерлік қызыметіне байланысты Фараби, сол замандағы басқа да дәрігерлер сияқты, алхимиямен, ботаникамен, минерологиямен айналысады. Ғылымның бұл салаларының бәрі жаратылыстану құрамына кіретін. Фараби географияға көп көңіл бөлді.Зерттеушісі, географ және астрорном ретінде аймақты оқып үйренді, орынның координаталарын анықтады т.б. Жаратылыстануға Фараби басты мән берді. Ол, “қандай да бір педагогикалық ғылымға қарағанда, табиғат туралы ғылым әлдеқайда бай және кең көлемді болып келеді” деп жазды. Өзінің басқа бір еңбегінде “философияны оқып үйренуден бұрын табиғат туралы ғылымды игеру керек, өйткені бұл ғылым адамға барынша жақын, мәндері анық және оған түсінікті ғылым саласы” деп жазады. .[4].

Философия саласында Фараби өз заманындағы теңдесі жоқ тұлға саналды. Оның негізгі көзқарасы – рациональдық. Оның философиялық еңбектерінде Аристотель, Платон және басқа ертедегі данышпандардың философиялық еңбектеріне коментарийлер жазуға көп орын берілген. Фарабидің тамаша, өте бағалы еңбегі “Даналықтың маржандары” деген трактаты 1000 жылдан бері Шығыс университеттерінің оқулық құралы болып келеді.Фараби еңбектері Европаның Қайта өрлеуінде үлкен рол атқарды. Бэкон, Л. Да Винчи, Коперник, кеплер, Лейбниц сияқты оқымыстылар өз жетістіктері үшін Фарабиге қарыздар.Бүкіл өркениеттің жан дүниесін даму бағытындағы оның білімін бағалау оңай емес.[4] Ендігі бірер сөз Фараби шығармашылығының ашылмай

жатқан бір қыры – күйшілік өнері туралы. Ғұламаның күйшілік дарыны ол дүниеге келген қыпшақ даласында да, шығармашылық із қалдырған араб жерінде де аңызға айналған. “Музыканың ұлы кітабын” жазған ғалымның әуен әлеміне алғашқы қадамы да туған топырағынан басталғанына күмән жоқ.[5] Әл-Фарабидің әдеби мұрасы туралы ойларды қорыта келгенде мәдениеттанушы-тарихшы Н.Нұртазинаның: “Діннен, мұсылман факторынан алыстатылып, жасанды түрде дүнияуи сипат таңылған бабаларымыздың мұрасы ұлт мәдениеті туралы толық ақиқатты жеткізбей, ұрпақ санасына ұзақ уақыт зор нұқсан келтіріп келе жатыр. Мәдениеттанушылар, әдебиетшілер, тарихшылар, философтар осы бағытта көп ізденулері керек” деген пікірінің әлі де құнын жоймағанын пайымдаймыз. Сондай-ақ белгілі әдебиет зерттеушісі Н.Төрекұловтың әдеби жұмыстардың бір түрі – аударма екенін айта келіп, Фарабидің аударма еңбектерін оның әдеби мұрасымен байланыстыратын тұжырымы да негізсіз емес.Әлемнің екінші ұстазы атанған Әл-Фарабидің ұстаздық қызметін дәріптеу ұрпақтар міндеті.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. «Әл-Фараби және оның рухани мұрасы»//. elibrary.kaznu.kz
- 2.«Әл-Фарабидің өмірі туралы реферат»//. baribar.kz
- 3.«Әл-Фараби деген кім»//. fatua.kz
- 4.Медетбаев Тасбулат Сиезбайұлы//«Әл-Фарабидің эстетикалық көзқарастары», <https://moluch.ru>
- 5.«Әл-Фарабидің әдеби-ғылыми мұрасы»,<https://kazislam.kz>

СМАГУЛОВ МУХТАР КАБДЫЛМАРАТОВИЧ

*ШҚО, Аягөз қаласы
«№10 қазақ мектеп - гимназиясы»*

ҒЫЛЫМЫ ЖОҚ ЕЛДІҢ БОЛАШАҒЫ БҰЛЫҢҒЫР

Әл-Фараби бабамыз «Ғылымы жоқ елдің болашағы бұлыңғыр» деген екен. Заман сұранысына сай ұрымтал, тиімді ғылыми жаңалықтар ашып, оларды өндіріске енгізе білген мемлекеттердің пайдаға кенелгенін, қуаты артқанын көріп, ғұламаның сөзі ақиқат екеніне көзіміз анық жеткендей. Нарық заманында экономиканың ілгерілеуі, әлеуметтік инфрақұрылымның дамуы, елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету сияқты маңызды міндеттер ғылыми ізденістер мен зерттеулердің белсенді жүргізілуіне тәуелді. Сондықтан Қазақстан ғылымды қаржыландыруды арттырып, саланы реформалауды қолға алды.

Әбу Наср Әл-Фараби өз заманындағы ғылымның барлық салаларынан, әсіресе, математика, астрономия, физика, жаратылыстану ғылымдарынан көп мұралар қалдырды. “Ғылымдар тізбегі” деген еңбегінде сол кездегі ғылымды үлкен-үлкен бес салаға бөледі:

- тіл білімі және оның тараулары;
- логика және оның тараулары;
- математика және оның тараулары;
- физика және оның тараулары, метафизика және оның тараулары;
- азаматтық ғылым және оның тараулары, заң ғылымы және дін ғылымы.

Әл-Фараби сезім мен ойлау, тәрбие мен іс-әрекет жүйесін жетілдіру мәселесіне қайта айналып соғып отырған. Білімсіз адамгершілік молаймайды, білімсіз адам өзгенің абзал қасиеттерін тани алмайды. Жан-дүниені тәрбиелемей үлкен жетістікке жету жоқ. Ғылым мен тәрбие ұштасса ғана рухани салауаттылыққа жол ашылмақ. Мінез-құлқын түзей алмаған адамның ақиқат ғылымға қолы жетпейді деп ескертеді. Елдің бәсекеге қабілетті болуы көп жағдай-да оның ғылыми әлеуеті мен ғалым-дарына байланысты екенін жақсы түсінген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев, осы жылы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің үшінші отырысын еліміздегі адами капиталдың дамуына арнап, отандық білім және ғылым саласының дамуына қатысты тың бастамалар көтеріп, нақты тапсырмалар берді.

Осы жазды:»Біз ешкім оқымайтын, қажетсіз жұмыстар мен зерттеулерді қаржыландыруға жол бермейміз. Әрбір ғылыми жұмысқа қатаң талап қойылуға тиіс. Сондай-ақ оның нақты әлеуметтік-экономикалық, өндірістік және техникалық қайтарымы болуы қажет. Бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру тек ұлттық ғылыми-техникалық міндет тұрғысынан бөлінуі тиіс. Медико-биологиялық зерттеулер, агроөндірістік ғылым, «жасыл» технология, жасанды интеллект, энерготімділік сияқты салаларға ерекше мән беріп, қаржы бөлу керек», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Ғылымнан жаңа әрі жақсы нәтиже алу үшін зерттеушілер қатары көп болуы керек. Сонда бәсекелестік артып, көптің біреуі зерттеуге қызыға кіріссе, алдына қойған мақсатына жету кезінде ғылымда жаңалық жасалуының ықтималдығы артады. Демек, санның сапаға айналуы үшін ғалымдар саны арта түсуі тиіс.

Қазақта «Ертеңін ойламаған елдің болашағы бұлыңғыр» деген сөз бар. Қай заманда болмасын, тарихшылардың мойнына артылар жүк ауыр болған. Өйткені, тарих елдің ұлттық санасын қалыптастырады, мемлекеттік идеологияны насихаттайды, жас ұрпақты патриотизм рухында тәрбиелейді.

Әсіресе, Тәуелсіздік тарихын жазуда Елбасының еңбектері басшылыққа алынады. Мұндай тәжірибе, көршілес елдерде әзірге кездеспейді.

Өздеріңізге белгілі, тікелей Елбасының араласуымен «Қазақстан Республикасында тарихи сананы қалыптастыру» тұжырымдамасы, «Мәдени мұра» сияқты Мемлекеттік бағдарламалар қабылданды, қаржыландыру мәселесі шешімін тапты, жабық мұрағат қорлары ашылып, тарих беттері толықты.

Енді біздерге, «жоғарыдан» нұсқау күтпей-ақ, осы мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес нақты іспен айналысу ғана қалды. «Тарих ғылымы – барлық ғылымдардың атасы» десем, артық айтқандық емес. Бізде Қазақстан тарихы жоқ емес, бар, жазылды. Сол үшін тер төккен ағалар рухына тағзым. Осы залда отырған менің әріптестерім қаншама еңбек етті.

*

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясының XX сессиясында қайта жаңғыртты. Ол: «...Қазақтардың ұлттық тарихы, олардың этногенезі мындаған жылдарға созылған бірегей ажырамайтын үдеріс ретінде қарастырылуы тиіс. Осы тұрғыда қазіргі заманғы Қазақстан Ұлы дала өркениетінің ежелден келе жатқан шешуші мұрагерлерінің бірі ретінде заңды түрде көрініс табатынын» қадап айтты.

Мен осы идеяларға сүйене отырып, өз ойларымды ортаға салайын.

Өкінішке орай, әлі де тарих ғылымында Қазақ мемлекеттілігі сияқты тақырыптар бойынша ортақ тұжырымдар қалыптаса қойған жоқ. Мысалы, осы күнге дейін мемлекеттілік тарихы, оның дәуірленуі әртүрлі. Мемлекеттіліктің бастау көздерін біріміз сақ-ғұн дәуірінен, екіншіміз Түркі қағанаты, үшіншіміз Ақ Ордадан, төртіншіміз Алашордадан іздейміз. Ал дұрысы осы елді мекендеген сақ-түркі мемлекеттерінен деуге толық негіз бар ғой.

Келесі – өзінің дербес мемлекетін құрған қазақ халқын дәріптеу мәселесі. Қазақтар ешқашан ешкімге қарсы соғыс ашпаған, ата-бабамыздың жерін ерлікпен қорғаған халық. Бізге осындай рухы биік Қазақ ұлтын әлемге таныту өте маңызды. Ол үшін, алдымен өзіміз ғылыми айналымда жүрген құжаттар мен материалдарды толық игеріп алуымыз керек.

Осыдан келіп туындайтын мынадай міндеттерді атап өтсек:

1) Атақты ойшылдардың пайымдауынша, «бұл дүниенің ең қиыны - адамның санасын өзгерту». Ендеше ұлттық санамызды жаңғыртуға қоғам болып күш салуымыз керек. Тек тарихшылар емес, өнер адамдары (архитектор, мүсіншілер, кино, театр, қылқалам шеберлері) бірігіп, кешенді жұмыстарды қолға алсақ, «алынбайтын асу жоқ». Мысалы, қалалардың бүгінгі келбетін алайықшы, қыруар жұмыстар жасалуда. Бірақ қалалар архитектурасында ұлттық бояу, ұлттық нақыштар жетіспейді.

2) Қазақстан тарихы - әлем тарихының құрамдас бір бөлігі. Сондықтан ұлттың тарихын дүние жүзілік тарихпен сабақтастықта жазуға көшу керек. Қазақ мемлекеттілігін айқындайтын ескерткіштің бірі - Алматы қаласындағы «Тәуелсіздік монументі». Ондағы Сақ жауынгерінің бейнесі көне тарихты жаңғыртып тұр. Ал Астана қаласындағы «Керей мен Жәнібек хандар» ескерткіші - хандық биліктің жарқын көрінісі. Егер хронологиялық жағынан келсек, бізде осы екеуін сабақтастыратын түркілік дәуір мен Алтын Орда заманынан бірде-бір ескерткіш жоқ. Түркі халықтарына ортақ тотем «Көк бөрі», ол тәңіршілдік пен қаһармандықтың белгісі. Әлекеңдер (Бөкейхан) жаңғыртқан Алаштың символы. Ағайынды Ромул мен Ремді құтқарған Италиядағы Капитолий қасқырын қасиет тұтқан ежелгі римдіктер сияқты, біз неге оларға тарихи ескерткіш орнатпаймыз?

3) Бүгінге дейін өткен ғасырдың 20-50 жылдарында Қазақ қасіретін тудырған «сталинизм қылмысына» лайықты баға берілген жоқ.

4) Ұлттың тарихын бұрмалайтын қате пікірлерге тойтарыс беру де тарихшылардың міндеті деп білемін. Біздің БАҚ-та ұлттық тарихты насихаттау әлі де әлсіз екенін мойындайық. Қазіргі тарихшылар мен журналистерге қойылатын талаптар жоғары. Олар әрі публицистика, әрі интернетке жетік болуы керек.

Қазақстанда Жас тарихшылар Қауымдастығын құру және оның тұжырымдамасын қабылдаудың реті келіп тұр. Тағы бір мәселе - «Мемлекет тарихы» ғылыми журналын республикалық деңгейге көтеру қажет деп ойлаймын.

Облыстық мұрағат материалдарын толық игеру, тіпті кейбір аймақтарды, атап айтқанда Астана, Шымкент, Ақтөбе сияқты қалаларды ғылыми орталыққа айналдырған дұрыс. Мысалы, Ресейдің тәжірибесін алайықшы, ғылыми орталықтары Мәскеу, Санкт-Петербург, Новосибирск қалаларында орналасқан. Бәсекеге қабілетті ғылыми орта бар, әрі сол аймақтың тарихын терең зерттейді. Өлкетану, аймақтану мәселесін Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев та көтерді.

Білім беру жүйесіне келсек, келешекте 12 жылдық мектеп пен жоғары оқу орындарында оқытылатын «Қазақстан тарихы» пәніне қосымша кәсіби-бағдарлы курстар енгізу – заман талабы. Әрбір мамандықтың өз тарихы бар. Сондықтан Қазақстан тарихы бойынша 2 курстан бас-тап 1 кредит (45 сағат) көлемінде элективті пәндерді оқыту аса қажет. Әр университетте арнайы тарих бөлімдерін ашуымыз керек.

1995 жылы қабылданған «Қазақстан Республикасында тарихи сананы қалыптастыру тұжырымдамасындағы» ауқымды міндеттердің шешілуіне байланысты, бұл құжатты мемлекеттік өлшемдерге сәйкес толықтырып, оның жаңа нұсқасын әзірлеуді ұсынамын.

СУЛЕЕВА АСЕМ ЖАНАТОВНА

*Нұр-Сұлтан қаласы, №79 мектеп-лицейі
бастауыш сынып мұғалімі*

ӘЛ-ФАРАБИ - ҰЛЫ ТҰЛҒА

Аннотация

Ұлы ойшыл қазылық қызмет атқарып жүрген тұсында да ғылымнан қол үзген емес. Бірде таным өрісін одан әрі кеңейтіп, білімін молайта түсуді көздеген данышпан қазылық мансаптан бас тартады. Ұлы данышпан жаратылыстану, медицина салаларындағы өзінің алдына қойған мақсаттарына жетіп, олардың әрқайсысына жеке-жеке кітап жазып шыққан. Осылайша ғылым-білімнің әу бастағы қайнар бұлағы Алла Тағала тарапынан келетіндігіне жаратылыстану ғылымдарынан нақты дәлелдер келтірген. Мұндай пікірін ұлы ойшыл өзінің Платон философиясының негіздері атты кітабында айтып өткен. Әл-Фараби өз заманында медицинаны «емдеу шеберлігі ғылымы» деп атады. Ол медицинаның тек аурулардың себептерін анықтаумен ғана емес, адам денсаулығын сақтау жолдарын, ауруды жою шараларын да іздеген. Әл-Фараби медицинаға көп көңіл бөлгендігі соншалық, адам ағзасының әрбір мүшелерін зерттегенін кейбір еңбектерінде айшықтап көрсеткен. «Қайырымды қала» еңбегіндегі жүрек жайлы айтқан ойларын медицинамен ұштастыра отырып шебер жеткізе білген. Өз пікірлерін ғана айтып қоймай Әл-Фараби өз кезегінде ұлы ойшылдар Аристотель мен Галеннің пікірлеріне де жеке көзқарасын білдіріп отырған. Бұл мақалада Әбу

Насыр әл-Фарабидің жаратылыстану бағытында жазған еңбектері туралы айтылады. Әбу Насыр әл-Фарабидің ғылыми еңбегі, соның ішінде биология, химия, медицинадағы еңбектері кеңінен талданды.

Түйінді сөздер: жаратылыстану, биология, химия, медицина, ғылым, Әл-Фараби, ұлы ғұлама, дүние жүзі

Отырар ойшылдарының ең атақтысы, ең мәшһүрі – Аристотельден кейінгі «екінші ұстаз», «Шығыстың Аристотелі» атанған ұлы ғұлама Әбу Насыр әл-Фараби. Оның толық аты жөні Әбу Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Мұхамед ибн Тархан ибн Ұзлағ әл-Фараби. Яғни, әл-Фарабидің өз аты Әбу Насыр Мұхамед, әкесінің есімі де Мұхамед, бабасының есімі Тархан, арғы атасы – Ұзлағ. Түрік оқымыстыларының Әбу Насыр есімі соңына кейде «әл-түрки» деген сөзді қосып, оның түркі текті екенін шегелей түседі. Араб, парсы шежірелерінің деректеріне қарағанда әл-Фараби 870 жылы Арыс өзенінің Сырға құяр тұсындағы Фараб қаласында әскербасының отбасында дүниеге келген.

Әл-Фараби – өздігінен оқып жетілген ғалым. Ол ең алдымен грек ғылымын, оның фәлсафасын, әсіресе Аристотельдің еңбектерін қызығып оқыған. Ибн Халиланың айтуына қарағанда Әбу Насыр Аристотельдің «Метафизикасын», «Жан туралы» еңбегін жүз, ал «Риторикасын» екі жүз рет оқып шыққан сияқты. Осындай ыждағаттылығының арқасында ғана ол Аристотельдің ғылыми мұрасын еркін игерген. Оның фәлсафалық еңбектерінің басым көпшілігі грек ғылымдарының, әсіресе, Аристотельдің мұрасын зерттеуге арналған.

Әбу Насыр Аристотельдің «Категория», «Бірінші және екінші Аналитика» сияқты фәлсафалық және логикалық шығармаларына түсіндірмелер жазған. Сондай-ақ өзі де «Кемеңгерлік меруерті», «Ізгі қала тұрғындарының көзқарасы», «Мәселелердің түп мазмұны», «Ғылымдардың шығуы», «Бақытқа жету» сияқты т.б. көптеген трактаттар туындатқан. Бұл еңбектерінде ол дүние, қоғам, мемлекет және адамдардың өзара қарым- қатынасы туралы өз заманы үшін ой-пікірлерін айтады. Орта ғасырдың өзінде-ақ Әбу Насыр қанаусыз, зорлықсыз бақытты қоғам орнату жөнінде батыл болжам жасаған. Мұндай қоғамның тууын ол мемлекет басшысының ақылымен, білімімен, адамгершілігімен байланыстырған.

Әл-Фараби бабамыздың медицина ғылымына үлкен мән бере қарап, зерттегені жайлы білеміз. Әсіресе теориялық тұрғыдан кеңірек қарастырған.

Медицина жайында «Адам ағзалары жайлы Аристотельмен алшақтығы туралы Галенге қарсы жазылған трактаттар», «Жануарлар ағзалары», «Темпераменттер туралы», т.б еңбектері бар. Бұл еңбектері медицина пәнінің негізін анықтауға мүмкіндік береді. Әл-Фараби өз заманында медицинаны «емдеу шеберлігі ғылымы» деп атады. Ол медицинаның тек аурулардың себептерін анықтаумен ғана емес, адам денсаулығын сақтау жолдарын, ауруды жою шараларын да іздеген. Әл-Фараби медицинаға көп көңіл бөлгендігі соншалық, адам ағзасының әрбір мүшелерін зерттегенін кейбір еңбектерінде айшықтап көрсеткен.

«Қайырымды қала» еңбегіндегі жүрек жайлы айтқан ойларын медицинамен ұштастыра отырып шебер жеткізе білген. Өз пікірлерін ғана айтып қоймай Әл-

Фараби өз кезегінде ұлы ойшылдар Аристотель мен Галеннің пікірлеріне де жеке көзқарасын білдіріп отырған. Сонымен, Әл-Фараби бабамыздың дүниежүзілік медицина саласына қосқан үлесі мен алғышарттары айтарлықтай. Бүгінгі ұрпақ өз бабасының осы жетістіктерімен мақтанып қана қоймай ары қарай жалғастырып, мақтанарлық дәрежеге жетсе екен.

Елімізде ең басты құндылық – адам болғандықтан, адам өмірінің мәні мықты да салауатты денсаулықта. Сол себепті бүгінде өз алдына жеке арна болуға сұранып-ақ тұрған нақ осы – медицина саласы. Бірлі-жарым медицина жайындағы бағдарламалар жыртыққа жамау болып жарытпайды. Бүгінгі ғасыр ғылым мен техниканың, цифрлық технологияның заманы болғандықтан медицина да сол көштен қалмай халыққа лайықты қызмет көрсетуі шарт. Ақпараттар ағынының көшінен қалмай, медицина арнасы ашылса ел тұрғындарының медициналық сауаты кемелденіп, дертіне шипа іздегендер өз қажетіне жарар ақпарат алатын еді. Данышпан ойшылдың медицина, биология ғылымдарына да үлкен мән бергені мәлім болып отыр. Ол, әсіресе, бұл ғылымдарды теориялық философиялық тұрғыда негіздеуге көп күш жұмсаған. Фарабидің жақсы дәрігер болғаны белгілі. Оның дәрігерлік-философиялық ойлары тек соңғы жылдары ғана «Адам (тәнінің) мүшелері туралы» және «Галеннің Аристотельмен адам тәніндегі мүшелер жөніндегі оның келіспеушілігі туралы қарсылығы» трактаттарын орыс тіліне аудару және оқып-білуге байланысты ғалымдардың зерттеу тақырыбына айналды.

Әл-Фараби сауатсыздық жайлаған заманда да жаратылыстану ғылымдары ішіндегі ең сүбелілерінің бірі – медицина туралы қызықты пікірлер айтып, бұл ғылымның деректерін адамның тіршілік қажеттеріне пайдалануды қарастырған. Ұлы ғұлама медициналық мәселелерді психология ғылымымен жақындастыруды ерекше мақсат еткен. Дүние жүзі мәдениетінің дамуында із қалдырған қайраткерлер осы заманға дейін адамзат мәдениетінің бірлігін паш етіп келеді.

Әл-Фараби осындай дүниежүзілік тарихи тұлғалардың санатына қосылады. Ол туған елінің мәдени байлығын, Иранның, Үндістанның ежелгі дүние мәдениеттерінің жемістерін бойына дарытты. Дәл сондықтан да ол таяз ұғымдар мен соқыр сенімдерден жоғары көтеріле білді. Өзінің ойлау жүйесін сындарлы да икемді ете білді. Әл-Фараби өз заманындағы өнер-білімнің ең асылын таңдап ала білді. Өз дәуірінің шынайы энциклопедиясын жасап берді, - дей келе, оның терең мағыналы пікір айтпаған, жете зер салмаған, данышпандық болжам жасамаған бірден-бір саласы жоқ десек артық айтқанымыз емес. Фарабидің гуманистік идеялары әлемге кең тарады. Ол ақыл-ой мен білімнің биік мәнін дәріптеді. Қазақстан оқымыстыларының соңғы зерттеулері Әл-Фарабидің жаратылыстану-математика ғылымдары бойынша терең, сындарлы мұра қалдырғанын анықтап отыр. Бұл, әсіресе, оның математика, астрономия, физика, медицина, химия биология салалары бойынша жазған еңбектерінен айқын көрінеді.

Ғұлама өзінің "Ғылымдардың шығуы туралы" атты трактатында табиғаттану ғылымдарының шығу тәркінін, себептерін ашып көрсетуге тырысады. Оның пікірі бойынша, табиғат әуелде жаратқан бір Алланың құдіретті

күшінен пайда болып, одан былай өз алдына дербес заңдылықтарымен өмір сүрді.Өзге бөтен еш нәрсеге тәуелді емес.

Жаратылыстың, болмыстың түп негізінде субстанция, акциденция жатыр. Оларды танып білу — ғылымдардың шығуының қайнар көзі. Субстанция, қазіргіше айтқандай, материя ұғымына жуық келеді. Ал акциденция — субстанцияның түрліше көрінісі. Медицина жөнінде "Адам ағзалары жайлы Аристотельмен алшақтығы туралы Галенге қарсы жазылған трактаттар", "Жануарлар ағзалары", "Темпераменттер туралы", т.б. еңбектер жазған, бұларда ол негізінен медицина ғылымының пәнін, міндет-мақсатын анықтап беруді көздейді.

Бұл еңбектерден ұлы ғұлама Әбу-әли ибн Сина білім алған. Әл-Фарабидің бұлардан басқа көптеген философиялық және натурфилософиялық тұжырымдарында да жаратылыстану жайында айтылған бағалы ойлармен ғылыми қорытындылар кездесіп отырады.

Қазақстан оқымыстыларының соңғы зерттеулері әл-Фарабидің жаратылыстану-математика ғылымдары бойынша терең, сындарлы мұра қалдырғанын анықтап отыр. Бұл, әсіресе, оның математика, астрономия, физика, медицина, химия биология салалары бойынша жазған еңбектерінен айқын көрінеді.

Ғұлама өзінің "Ғылымдардың шығуы туралы" атты трактатында табиғаттану ғылымдарының шығу тәркінін, себептерін ашып көрсетуге тырысады. Оның пікірі бойынша, табиғат әуелде жаратқан бір Алланың күдіретті күшінен пайда болып, одан былай өз алдына дербес заңдылықтарымен өмір сүрді.Өзге бөтен еш нәрсеге тәуелді емес. Жаратылыстың, болмыстың түп негізінде субстанция, акциденция жатыр. Оларды танып білу — ғылымдардың шығуының қайнар көзі. Субстанция, қазіргіше айтқандай, материя ұғымына жуық келеді. Ал акциденция — субстанцияның түрліше көрінісі.

Осы көзқарасты негізге алып әл-Фараби арифметика, геометрия, астрономия, музыка, әр алуан жаратылыстану ғылымдарының қалай шыққанын және өзінше қалай дами бастағанын сипаттайды. Данышпан ойшылдың медицина, биология ғылымдарына да үлкен мән бергені мәлім болып отыр. Ол, әсіресе, бұл ғылымдарды теориялық философиялық тұрғыда негіздеуге көп күш жұмсаған.

Фарабидің жақсы дәрігер болғаны белгілі. Оның дәрігерлік-философиялық ойлары тек соңғы жылдары ғана «Адам (тәнінің) мүшелері туралы» және «Галеннің Аристотельмен адам тәніндегі мүшелер жөніндегі оның келіспеушілігі туралы қарсылығы» трактаттарын орыс тіліне аудару және оқып-білуге байланысты ғалымдардың зерттеу тақырыбына айналды. Әл-Фараби сауатсыздық жайлаған заманда да жаратылыстану ғылымдары ішіндегі ең сүбелілерінің бірі – медицина туралы қызықты пікірлер айтып, бұл ғылымның деректерін адамның тіршілік қажеттерінепайдалануды қарастырған. Ұлы ғұлама медициналық мәселелерді психология ғылымымен жақындастыруды ерекше мақсат еткен [3]. Жаратылыстану ғылымының медицина, химия, минералогия секілді аса маңызды салалары бойынша күні бүгінге дейін мәнін жоғалтпаған еңбектер жазған. Көне грек оқымыстыларының пікірлеріндегі озық қағидаларды талдаған. Фараби тамаша дәрігер ретінде де белгілі. Дәрігерлік қызметіне байланысты Фараби, сол

замандағы басқа да дәрігерлер сияқты, алхимиямен, ботаникамен, минерологиямен айналысады. Ғылымның бұл салаларының бәрі жаратылыстану құрамына кіретін. Фараби географияға көп көңіл бөлді.

Саяхатшы ретінде ол, Қазақстан мен Орталық Азияның, Таяу Шығыстың, Африканың көптеген ғылыми және мәдени орталықтарында болды. Оның Отрарда, Талас, Шаш, Самархант, Бухара, Хива, Кабул, Бағдат, Дамаск қалаларында болғаны құжат түрінде белгілі. Барлық елдер мен қалаларда, Фараби жаратылысзерттеушісі, географ және астрорном ретінде аймақты оқып үйренді, орынның координаталарын анықтады т.б. Жаратылыстануға Фараби басты мән берді. Ол, “қандай да бір педагогикалық ғылымға қарағанда, табиғат туралы ғылым әлдеқайда бай және кең көлемді болып келеді” деп жазды [4].

Өзінің басқа бір еңбегінде “философияны оқып үйренуден бұрын табиғат туралы ғылымды игеру керек, өйткені бұл ғылым адамға барынша жақын, мәндері анық және оған түсінікті ғылым саласы” деп жазады. Әл-Фараби сауатсыздық жайлаған заманда жаратылыстану ғылымдары ішіндегі ең сүбелілерінің бірі – медицина туралы қызықты пікірлер айтып, бұл ғылымның деректерін адамның тіршілік қажеттеріне пайдалануды қарастырған. Ұлы ғұлама медициналық мәселелерді психология ғылымымен жақындастыруды ерекше мақсат еткен.

Асыл тастарды, минералдық заттарды Фараби негізінен алғанда су ерітінділерінен пайда болады деп білген. Ол алхимияны да үйренген адам. Бірақ оның астрологияға байланысты, сиқырға сенетін жерін қабыл алмаған. Бұл ғылымның негізгі мақсаты – «жаман» металдарды алтынға айналдыратын «философиялық тас» табу немесе адамға мәңгі өмір берерліктей «өмір өзегін» жасау болған. Фараби «Алхимия өнерінің қажеттілігі туралы» деп аталатын арнайы трактат жазып, алхимия өнерінде не дұрыс және не теріс екендігін ашып беруге тырысқан [8]. Әл-Фарабидің жаратылыстануға қатысты мұрасы табиғатты тәңірінің туындысы деп есептейтін ортағасырлық жаратылыстануға тән көзқарастармен тамырлас болып келеді[1.16].

Ғалым Фараби рухани күш табиғатын анықтауға көп мән берген. Ол өзінің «Даналық негіздері» атты еңбегінде адам табиғатының қасиеттеріне қарай оның сыртқы және ішкі дүниесінің бар екенін айтады. Қоршаған ортаның құбылыстарын тани алатын физиологиялық дене құрылысы мен бітім болмысын құрайтын сыртқы тән сезімдері ішкі дүниеге де әсерін тигізеді. Ал ішкі құпия дүние дегеніміз - адамның рухани күштері. Өз кезегінде, даму процесінің үш түрі бар. Ол адамның, жануардың және өсімдіктің дамуы[2.20].

Дамуды осылай жіктеген Әл-Фараби дамудың мазмұнын түсіндіруде: «Өсімдіктерше өз ұрпағын, өзіне тән құрылыс сипатын сақтап қалуды ғана мақсат тұту немесе жануарларға өзінен басым күштермен күресу сияқты мінез-құлықтармен қорғанатын даму мен таным барысындағы ортақ ұқсастықтар адамзат баласының өрісін кеңейте алмайды. Адамның тіршілік етіп дамуы, оның пайдалы, ізгі, игі мақсаттарға бағытталған жолды таңдауына, шындыққа ұмтылуына байланысты.

Мұндай үлкен мақсаттарға жетелейтін адамның санасы ғана» [2.20].

Оның еңбектерінде адам баласының ішкі дүниесі мен сыртқы дүниесі арасалмағына ерекше мән беріледі. Ғалымның айтуынша, рухы әлсіз адамдардың ішкі әлемін құрайтын сезім күйлерінің терең өріс алуы оның сыртқы дүниесінің белсенділігін өшіреді, яғни дүние құбылыстарын дұрыс табиғи тепе-теңдікте қабылдай алмайтындай жағдайға жеткізеді[2.20].

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Әлемдік философиялық мұра». Әл-Фараби мен Ибн Сина философиясы. Алматы: Жазушы, 2005.
2. «Әл-Фарабидің философиясы». Астана: Аударма, 2005.
3. «Ислам философиясы». Астана: Аударма, 2005.
4. Ғаламтор желісі.
5. Нысанбаев Ә. Ғылым тарихы және философиясы. Оқу құралы. Алматы: Эверо, 2013. Б.164.
6. Рүстемов Н. Бірегей тұлға // Ғұлама. Ойшыл. Ұстаз. Әл-Фарабидің 1130 жылдығына арналған 2001 жылдың қазан айының 12 жұлдызында Отырарда өткізілген Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары, -Алматы: Қазақпарат, 2001. Б.216.
7. Байғабылов Х.С. Ұлы ойшыл ғұлама // Ғұлама. Ойшыл. Ұстаз. Әл-Фарабидің 1130 жылдығына арналған 2001 жылдың қазан айының 12 жұлдызында Отырарда өткізілген Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары, -Алматы: Қазақпарат, 2001. Б.216.
8. Қозғамбаева Г.Б. Фараб және фарабтық ғұлама туралы зерттеулерден // Ғұлама. Ойшыл. Ұстаз. Әл-Фарабидің 1130 жылдығына арналған 2001 жылдың қазан айының 12 жұлдызында Отырарда өткізілген Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары, -Алматы: Қазақпарат, 2001. Б.216.
9. Раимқұлова Д.У. Әбунасыр әл-Фараби және ортағасырлық Отырар // Ғұлама. Ойшыл. Ұстаз. Әл-Фарабидің 1130 жылдығына арналған 2001 жылдың қазан айының 12 жұлдызында Отырарда өткізілген Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары, -Алматы: Қазақпарат, 2001. Б.216.
10. Тұрдалиев А.М. Әл-Фарабидің музыкалық ілімі // Ғұлама. Ойшыл. Ұстаз. Әл-Фарабидің 1130 жылдығына арналған 2001 жылдың қазан айының 12 жұлдызында Отырарда өткізілген Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары, -Алматы: Қазақпарат, 2001. Б.216.
11. Арипбаева Л.Ш. Орта ғасыр ғалымы Әл-Фарабидің құнды музыкалық мұралары // Ғұлама. Ойшыл. Ұстаз. Әл-Фарабидің 1130 жылдығына арналған 2001 жылдың қазан айының 12 жұлдызында Отырарда өткізілген Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары, -Алматы: Қазақпарат, 2001. Б.216.

ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҒІЛІМДЕРІ

«Білім алудың тамыры ащы, бірақ жемісі тәтті», - деп бірінші ұстаз Аристотель айтқандай, білім мен өнер сіздің болашағыңыздың жарқын болуының бірден-бір кепілі. Білім жайында жер бетіндегі ақын-жазушының бәрі де қалам тербеді. Ұлағатты ой айтып, нақыл, қанатты сөздерін бізге мұра етіп қалдырып келеді. Олай болса бүгінгі конференцияда ғылым секциясы бойынша "Екінші Ұстаз" Әбу Насыр Әл-Фарабидің «Шын білім – ақиқат, анық білім» тақырыбында өз ойымды білдіргім келіп отыр.

Әл-Фараби атамыз бала күнінен ғылымға үйір болып өсіп, білімге деген құштарлығының арқасында бірнеше қалаларда өз білімін жетілдірген. Мен білім, шындық, ақиқат, ғылым саласы бойынша айтылған ұстазымыздың ойларын негіздеп, өз көзқарасыммен байланыстыруды жөн көріп отырмын. Әл-Фараби бір сөзінде: «Ғылым үйренем деген адамның ақыл-ойы айқын, ерік-жігері, тілек-мақсаты ақиқат пен әділдік үшін талап жолында болуы шарт. Жай ләззат іздеу, кәсіпқұмарлыққа ұқсас әрекет онда болмасқа керек», - дейді. Бұл кісінің ғылымға қосқан еңбектері ұшан-теңіз десем қате болмас деймін. Оған дәлел ретінде мыналарды ұсынғым келеді.

Әл-Фараби өз заманындағы ғылымның барлық салаларынан, әсіресе, математика, астрономия, физика, жаратылыстану ғылымдарынан көп мұралар қалдырды. «Ғылымдар тізбегі» деген еңбегінде сол кездегі ғылымды үлкен-үлкен бес салаға бөліп қарастырады. Олар: тіл білімі; логика; математика; физика, метафизика және оның тараулары; азаматтық ғылым және оның тараулары; заң ғылымы және дін ғылымы. Яғни, өз еңбектерінің басым бағытын, құнды ойларын математика мен физикаға арнады, ал алгебраны – математиканың бір саласы ретінде қарастырды. Сондай-ақ, математика анық, ақиқат білімді береді және басқа ғылымдардың дамуына күшті ықпал жасайтындығы туралы толыққанды пікір айтқан.

Біз Әл-Фарабидің тамаша дәрігер ретінде де белгілі болғанын біріміз білсек, біріміз білмейміз, яғни толық ізденіп, қызықпағанбыз. Дәрігерлік қызметіне байланысты Әл-Фараби алхимиямен, ботаникамен, минерологиямен айналысқан. Денсаулық хақында: «Егер тән ауырса көңілдің күрт түсуі – табиғи құбылыс». Сондықтан, алдымен, сазды әуеннің әсерімен көңілді сергітеді. Осының арқасында дененің біртіндеп сауыға бастағанын дәлелдейді.

Екінші ұстаз медицинаның теория мәселелеріне көп мән беріп, медицина – ақиқат негіздерінің өнері, бұл адам денесін және оның мүшелерінің саулығын сақтауға бағытталған ғылым екендігін айта келе оның міндет-мақсатын анықтап беруге тырысады. Медицина саласына байланысты «Адам ағзалары жайлы», «Жануарлар ағзалары», «Темперамент туралы» т.б. еңбектер жазған, бірақ олардың басым көпшілігі әлі толық аударылмай, зерттелмей жатқан көрінеді. Кейінгі кезге дейін белгісіз болған еңбектерінің бірі «Адам ағзалары жөнінде

Аристотельмен алшақтығы туралы Галенге қарсы жазылған трактат”. Бұл еңбегінде Гален мен Аристотелдің медицина саласына ұсынған пікірлерін зерттей келе, Аристотель мен Галеннің медицина жөніндегі нәтижелерінде пәлендей алшақтық жоқ деген қорытынды жасайды. Әл-Фарабидің медицинаға қатысты тағы бір трактаты орыс тіліне аударылып, жарық көрді. Трактат қысқаша әрқайсысы маңызды бір ойға құрылған 20 тезистен тұрды. Ол еңбегі «Жануарлардың дене мүшелері, олардың қызметтері мен мүмкіндіктері туралы». Жануарлардың біртекті дене мүшесінде айрықша күш және табиғи жылу болатындығын ол табиғи жылу мен жануарлардың денесіндегі нәрлі желдің көзі жүрек екенін көрсетеді. Фарабидің негізгі қағидасындағы ең өміршең, анық айтылған шындық, ол – жүрек .

Мұндағы «нәрлі жел» деп отырғаны, қазіргі ғылымдағы қан ұғымына балама деп қарастыруға болады. Бұл да тауып айтылған керемет жаңалық. Жүректен кейін жануардың ішкі мүшелері арасынан бауырдың қызметін жоғары бағалайды, бірақ ол жүрекке бағынышты, тәуелді, одан нәр алатын ағза. Одан кейін ғұлама асқазан мен ішектердің қызметін сипаттайды. Зерттеу қорытындысы бойынша барлық дене мүшелерінің жұмысы бірін-бірі толықтыра келіп, жалпы денсаулықты қамтамасыз ететіндігін айтады.

Әл-Фараби философия және натурфилософия саласына да көңіл аудара келе, еңбектерінде жаратылыстанудың көптеген мәселелеріне тоқталды.

Ал, «Химия өнерінің қажеттігі туралы» атты трактатында өз кезеңіндегі алхимиялық білімдерді талдап, алхимияның жалған қабыршағынан ғылыми дәнін бөліп алып, оны белгілі бір зерттеу пәні бар жаратылыстану ғылымының бір саласы ретінде қарастырған.

Әл-Фараби алхимияны арзанқол металдардан алтын, күміс және қымбатты да қасиетті металдарға айналдыруды көздеген өтірік өнер емес, өзінің арнайы зерттеу пәні, мақсаты бар, жаратылыстану ғылымдарының жаңа бір саласы ретінде қарастырады. Осы саланы зерттей келе мынадай қорытынды жасайды. «Бұл өнерді үйрену үшін минерологияны тәптіштеп зерттеп біліп, сол арқылы ғылымның бұл саласы бойынша ақиқат білімді жинақтау қажет»-дейді. Сонымен қатар химия ғылымының мән-мәнісін танып білуде кімде кім барлық физикалық және химиялық білімдерді игеріп, үздіксіз тәжірибелер жүргізіп, бұл өнердегі кемеңгердің айтқандарын, жұмбақ таңбалауларын (символдарын) шеше алса, табысқа сол жетеді, соның жолы болады.

Қазіргі кезде Фарабидің, Аристотельдің еңбектеріне сүйене отырып, олардың дұрыстығын қазіргі ғылым дәлелдеп берген, түптеп келгенде бір металдан екінші металды алуға болады деп айтып кеткен сияқты.

Осы тақырып аясында, Әл-Фарабидің мына сөзіне мән бермеске болмас деген ойдамын. Яғни, «Білімді болу деген сөздің мағынасы белгісіз нәрсені ашуға қабілетті болу деген ұғым...» деп айтады. Осы сөзде білім жолына түскен жан деген адамның ақыл -ойы айқын, ерік-жігері де, тілек-мақсаты да ақиқат пен әділдік үшін анық жолында болуы тиіс. Қазіргі кезде білім тек өскелең жас ұрпаққа ғана емес, ересектерге де қызмет барысында үнемі қажет және үздіксіз ізденуді талап етеді.

Әл-Фараби сезім мен ойлау, тәрбие мен іс-әрекет жүйесін жетілдіру мәселесіне қайта айналып соғып отырған. Білімсіз адамгершілік молаймайды, білімсіз адам өзгенің абзал қасиеттерін тани алмайды. Жан-дүниені тәрбиелемей үлкен жетістікке жетуі қиын да күрделі болады. Ғылым мен тәрбие ұштасса ғана рухани салауаттылыққа жол ашылатынын нақты атап өткен. Мінез-құлқын түзей алмаған адамның ақиқат ғылымға қолы жетпейді деп қатаң ескертеді. Сондай-ақ, «Білім жолына түскен жан күнделікті күйбең тіршілікті ойламауы қажет» екендігіне баса назар аударған.

«Шын білім – ақиқат, анық білім» кемеңгер әл-Фараби осы қанатты сөзінде, жастар – мемлекеттің, еліміздің ертеңі, олардың білімді, салауатты, мәдениетті, тәрбиелі болуы міндетті дейді. Сонымен қатар, жастарымыздың шетелге емес, тәуелсіз еліміздің мемлекеттік мүддесі мен ұлттық ұстанымы үшін қызмет етуі керек екендігін айтты. Олай болса, біз Әл-Фарабидің ғылыми – философиялық мұрасын өзіміз ғана біліп қоймай, жас ұрпақтың санасына сіңіруіміз қажет. Өз сөзімің қорытындысын елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Білімді дамыта алмайтын елдің болашағы жоқ», - деген сөзімен түйіндегім келіп тұр. Еліміздің ұрпағы білімді, болашағы жарқын болсын деп тілеймін.

Утеулиев Жума Тапеневич
№13 Д. Байбосынов атындағы
ұлттық мектеп-гимназиясы
Тарих және құқықтану пәнінің мұғалімі
Атырау облысы, Атырау қаласы

ДАНАЛАРДЫҢ АҚЫЛ-ОЙЫ МЕН ҰЛТТЫҚ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР - ТҮЛҒАНЫҢ ДАМУЫНА ЫҚПАЛ ЕТЕТІН ІЗГІЛІКТІ БІЛІМ БҰЛАҒЫ

«Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек,
тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы»
Әбу Насыр Әл-Фараби

Әбу-Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед Тархан ибн Ұзлағ әл Фараби тұтас бір әлем. Ж.Баласағұнның «Кімде кім жапырақтан алмаса тәлім, оны оқыта алмас ешбір мұғалім» деген парасатты пікірі ойға оралады. Заманалар толқыны түркі сөз, жәдігерлер түркі дүниесінің тұтас қорғанына айналды. Ғұмыр сүйгіштік философия-ақиқат. Тарих жазбасында, халықтың рухани қазынасында даналардың данасы, жүйріктердің жүйрігі ғана мәңгі ұялап қоныс тебеді. Сырдың суын ішкен, Арыстың суын кешкен, Қызылқұмның аптабында күйген ғұлама ойшыл әл-Фараби оқуды ерте бастаған[1].

Әбу сөзі көне сақтар тілінде «ана сүтімен келген» дегенді, Насыр-сөзі «мейірім шапағаты мол» ұғымын білдірсе, Отырар-білімнің қара қазынасы қайнатқан қасиетті мекен. Бабаға дейін де қаншама ойшыл, зерделі жандар өз

дарынымен киелі шаһардың шаңырағын аспандатты. Әл-Фарабиді этникалық тегі жағынан түркі жұртынан екендігі тарихи шындық. Оның фамилиясы-өзі туған Фараб деп аталған қаланың келген дәстүр. Мысалы, А.Македонский (Македония елі), Анахарсис Скифский (скифтерде қала болмағандықтан, Скиф ел атауын алған), Фома Аквинский (Аквинат жер аты). Дәстүр ортақ. Мәселе фамилияны білдіретін жалғауда. Арабтар «и» қолданса, Еуропа «ский»-ді қолданған. Ал, Аристотель тарихта Стагирит деген есіммен белгілі. Стагирит деген-ғұламаның туған жері. Аристотельдің «кемшілігі», Афиндық еместігі. Мұны кезінде ғұлама сын ретінде, яғни «тағысың» деген мәнде айтқан. Адамның аты-жөнінің аталуы-мәдени-тарихи феномен. Ғұламалар бұл мәселеге айырықша мән берген. Екінші ұстаз әбу-Насыр әл-Фараби дегенде біз оның тарихи тегінің қайдан шыққанын бірден білеміз [2].

Ортағасырлық ислам мәдениеті мен философиясы өз дәуірінен озып, қазіргі күнде де адамзат игілігі үшін қызмет етуде. Әлемнің екінші ұстазы атанған әл-Фараби сынды ғылымдағы ірі тұлға арқылы қазақ өзін мақтан тұтады. Ол өзінің керемет философиялық ілімдері арқылы түркілік ойлау, түркілік дүниетаным, түркілік интеллект мүмкіндігінің қаншалықты жоғары екендігін бүкіл Еуропаға паш етті [3].

Таң қаларлығы бірі көрмегенді бірі көреді, бірі сезбегенді екіншісі сезеді. Ал, асықтың алтын сақасындай көрінетін ерекше дарынды туғандар шолпан жұлдызындай жарқырап көзге түседі. Көйлекте туған баладай жан-жағын түгендеп, жеті өнердің сырына үңіліп, білуге талпынады. Көзі көргенін кеудесіне саралап, түйген ойын балдай шырын болуы мүмкін емес, мыңнан біреуі маңдайы жарқырап шығып жатса, оған ешкім таңырқамайды. Ал әл-Фараби жаратылысынан озық ойдың жалауын желбіреткен ғалым. Оның білімділігі мен озық ойшылдығы, ақыл-парасатталығы артына қалдырған өмірлі өсиетнамаларынан білінеді. Ғалымның әр сөзі баға жетпес ақыл, ұрпақ үшін ұлағат. Адамның жарық дүниеге келуі оңай, азамат болып өсіп, соңына өнегелі өлмес сөз қалдыруы қиын. Мұндай шеберлік көкірегіне қазыналы ойдың құты дарыған дара тұлғалардың ғана қолынан келеді. Сан салалы өнердің бұлағынан су ішіп, сырларына қанып, бар мейірімін ел игілігі үшін жұмсап, өз жаңалығын ашуға ынтыққан дархан жүректі баба кез келген жайға даналық көзбен қарап сипаттайды.оның әр өсиеті ұлттық нақышы мен колориті мен бояуымен ерекшеленеді [4].

Ұшқыр ой арқылы рухани тазаруды көздеген. Бүгінде тамсанудан, әсірелеуден гөрі, аз сөзбен көп мағына беретін пәлсапалық ой тереңдігіне бет бұруда жинақталған жүйелі ой болса, неге айтпасқа? Ойды ұтқыр жеткізудің ұтқыр жолы-нақыл сөздері. Фараби арқылы егемен еліміз, қазақ елін, барша әлемге таныстыру. Ұстаз бен шәкірт арасындағы «Тәрбиесіз берілген білім-адамзаттың қас жауы» деген болатын. Шынында техника, технология тілін жетілдіруді меңгерту жолындамыз, ал адами құндыдықтардан алыстап бара жатқандаймыз. Яғни Фараби көзімен жаңа бағытқа өзгерту. Адами құндылықтар ескерілмесе, адамгершілік қасиетті бойға дарытып дамытуымыз неғайбыл?! Яғни мәдениет жоқ жерде, өркениет жоқ деген сөз. Мәдениет-адамның жан әлемі. Ата-

бабамыз тұмса әлем. Алты алаш және түркі дүниесінің аладанындағы данышпан әл-Фараби көп оқып, көп ізденді. Дүниенің қызығын іздеу, керегіне жарату дейді. Арада он бір ғасыр өтседе өз мәнін жойған емес. Бүкіл адамзатқа ортақ қайырымды қоғам құру идеясын жандандыра насиептап, рухани қасиетке бай, қайырымды, ақылды, парасаты мол, білімді ұрпақ тәрибиелеуіміз керек. Толыққанды адам яғни білімі, кәсіби құзіреттілігі ғана емес адамгершілік қасиеттерін әрқашан есте ұстау керек [5].

Фараби Аристотельдің идеяларын дамыта отырып, «Сөз бен әріп туралы», «Кемеңгерлік меуерті», «Жазу өнері туралы», «Өлеңнің ұйқасы мен өлшемі туралы», «Поэзия өнерінің негіздері» сынды тілі білімі туралы еңбектер жазған [6].

Терең мағыналы, философиялық рубаилар жазумен шұғылданған. Кірсіз ақыл, мінсіз сөз, адал еңбекті ұлы ғұлама мұралары тілдік зерттеу нысанасына ілігіп, ғылыми айналымға түсе бастады. Тіл білімі. Ол-өнеріміз бен мәдениетіміздің, руханиятымыз бен ғылымымыздың кәсіби деңгейде дамып, өркендеуіне бек мүдделі тұлға. Оған дәлел мыңдаған кітап, ғылыми мақала, трактаттар, құнды ойлар, қисынды пікірге, адамзаттық абзал ұстанымға толы. Ғалымның сындарлы еңбегін, терең тағылымы мен ұлағатының бағасын білгенге аз мұра емес. Еңбектеріндегі ой сабақтастығы, ғылыми теориялық ықпалдастық, дәлледі тұжырым аса маңызды сипатқа ие. Зерттеулері іргелі ғалым үшін де, ынталы жас үшін де бағалы ақпарат көзі, ғұламалық ғибрат [7].

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні Фараби даналығы халқымыздың оқып тауыса алмайтын мектебі, білім қазынасы. Фарабидің анықтауы бойынша логика-ойлаудың заңдары мен ережелері туралы ғылым. Бұл ғылыми еңбегі арқылы адам өзінің ойлау әрекетін тәрбиелей алады, өзінің ойын ашық та айқын, жүйелі түрге келтіреді: ойлау, ой түйю, ой қорыту, талқылау барысында логикалық қателер жіберуден аулақ болады. Ол логика ұғымдары мен категорияларын тіл арқылы өрнектеу мүмкіндіктеріне қатысты талдайды, білімнің түрлеріне сипаттама береді. Ақыл мен түсінікті логикалық ойдың тілдік өрнегі тұрғысынан қарастырады. Логиканы Әбу Бишр Матта ибн Юнустан, грамматиканы Әбу Бакір ибн әс Сирадждан үйренсе, Әли Юхан ибн Бағдатқа келгенде көп тіл білгенімен, араб тілін сонда жетілдіргенін айтады. Ол түркі, араб, парсы, грек тілдерін жетік меңгерген. Әлемдік ой алыбының інжу-маржан адамгершілік қағидалары, қоғам, жаратылыс, ғұмыр жайлы пәлсапалық ой-толғаныстары қашанда дәуір тынысымен қатар соғып, ұрпақтан-ұрпаққа жол табады. Ізгілік пен парасат, иман, нұрлы ой-өрнектер қашанда адамзаттың рухының ізгілікке ілгерілетіп, кемелденіп толысуына ұтымды із қалдырады [8]. Әл-Фараби данышпан бабамыздың әсіресе адамның өзін-өзі тану, өзін жетілдіру қоғамға бейімделу т.с.с.пәлсапалақы мәселелерге талдау жасағанда жеке адам жалғыз өзі қол жеткізе алмайтын көптеген игіліктерге мұқтаж екендігін баса назар аударады. Осы ретте кез келген адамға құрметпен, сыйластықпен, ілтипат мінезбен қарап мәдениеттілікті басты орынға қояды, яғни бабамыздың сонау заманда көрегендікпен айтып кеткен «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» өнегелі өсиеті бүгінгі таңда

маңызы күшеймесе еш күн тәртібінен түсер емес. Өзімнің 11 сыныпта адам қоғам құқық пәнінде «Қоғамға деген философиялық көзқарас» тақырыбында өткен сабағымда тақырыпта қамтылған проблемаларды ашуға топтарға бөлдім, «Қоғам және Адам», «Қоғам және Жаратылыс әлемі» «Қоғам және Адам тәрбиесі» және «Ұлттық құндылықтар және философия» деп топ атауларын осылай атаулармен атап тапсырма бердім. Сол кезде «Қоғам және Адам тәрбиесі» тапсырмасын алған топ оқушылары қазіргі қоғамда орын алған қылмыс, ашкөздік, жанкештілік, маскүнемдік, бала зорлау, ұраншылдық, кедейшілік, жұмыссыздық, тәрбиесіздік, ұрлықтың түпкі себебін оқушылар имансыздықтан, ал имансыздық қала, елжұртқа өз әсерін тигізіп ақыры қалалардағы түрлі дәрежегі тұрғындардың бас көтерулеріне алып келеді деп ойларын тұжырымдады. Қазіргі оқушылардың еркін ойлауын, ақпаратты қоғамның тұлғасы екенін ескерсек сыни тұрғыда айтуы заңды жауап екендігіне лажсыз мойындамасқа келісесіз?! Дей тұрғанмен еліміздің болашққа бағдарланған жоспарында Ал, «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары жөніндегі трактат» еңбегін негізге алып отырып оқушылар жауабын негіздесем түйгенім бүгінгі өркениетті қоғамда ғұмыр кешіп жатқан жапондар, немістер, ағылшындар, американдықтар, сингапурлықтар мен скандинавия және оңтүстік корейлықтар еліндегі мамыражай әл-Фараби ғұламамыз жазып қалдырған қайырымды қаланың адамдарының өмір салтынан көре аламыз деп пікірлерін ортаға салды. Әл-Фараби бақыттың кілтін іздеді. Бақытты қалада тұруды армандады [9]. Ол ең соңында: «Бақытқа қолы жеткен адам үшін ең жарастысы – қанғатшылдық жасау»-деп бақытты қанағатпен ғана ұстап үлесін қосарда табанын тоздырып, бүкіл әлемді щарлап, ғылым мен білімнің құпия сырларын жетік меңгергені үшін кейінгі ұрпаққа өшпес өнеге, өлмес мұра, ең құнды асыл қазына деп ойлаймын.



Фараби әлем-асқаралы асуы шығыс әлемі мен ислам дүниесі екендігі ақиқат. Дүние сырын шешкен данышпандар Әбу Насыр әл Фараби, Әбу Әли ибн Сина, М.Қашқари ой кереметін татып толғанған, шымырлап аққан ой құдіретін ұрпақ тәрбиесіне арнаған. Ұлттық әдебиетіміз бен тархымыздағы ерекше тұлғалар. Ұлылық, даналығы, Фараби-түркі дүниесінің айнасы, әл-Фарабидің еңбектері күні бүгінге дейін өз мән-мағынасын жоғлтқан жоқ. Қазақ даласы қандай ұланғайыр болса, оның өткені мен бүгінгі көп қырлы, көп сырлы дүниені тұғыық терең сырының мәні Фарабидің даналық, нақыл сөздерінде жатыр [10].

Қорыта айтқанда, әл-Фарабидің ғылыми ой-пікірлері өзінен кейінгі дәуірдегі Шығыс пен Еуропа халықтарының философиялық, эстетикалық, қоғамдық этикалық ой-пікірін және өнердің дамуына, жалпы рухани құндылықтардың дамуына әсер етіп, үлкен ықпалын тигізіп отыр. Ұлы өркениет философы әл-Фараби рухани әлемі-адамзат өркениеті мен рухани құндылықтардың биік шыңы болатынын адамзат тарихы көрсетті[11].

Пайдаланған әдебиеттер:

1.Қ.Биманова. «Фарабидің айшықты әлемі» мақаласы, Қазақстан мектебі журналы 3-2020ж, Алматы, 23 бет.

2.Г.Өтегенова. «Дала ойшылының даналық әлемі» атты мақаласы, Қазақстан тарихы әдістемелік журналы, 6-2020ж,57 бет.

3.А.Омаров. «Қазақ топырағынан туған ұлы ғұламалар» атты тақырыбынан. «Дінтану оқулығы». Астана-2011ж, 141бет.

4.Бас ред.Түймебаев Ж, «Әлемдік педагогикалық ой-сана» 10 томдық жинағының II томы, «Орта ғасырлық ғұламалардың ғылыми еңбектері» тақырыбынан, Алматы-2009ж, «Таймас» баспа үйі, 158-159 беттер.

5.Б.Биекенова, М.Садырова. «Әлеметтанудың түсіндірме сөздігі». Әбу Насыр Әл-Фараби туралы, Алматы-2007ж, Сөздік-Словарь, 52 бет.

6.Р.Зулбухарова, «Әл-Фарабидің рухани мұрасы» атты мақаласы, Қазақстан тарихы әдістемелік журналы, 4-2020ж, 5-6 беттер.

7.С.Ғаббасов. «»Имани гүл-Фарабиден Абайға дейін» атты мақаласынан. «Халық педагогикасының негіздері» еңбегі.Алматы-1995ж, «Әл-Фараби» баспасы. 233-234беттер.

8. М.Изотов, М.Сәбит, Р.Дуламбаев. «11 сыныпқа арналған Адам Қоғам Құқық»оқулығы. «Қоғамға деген философиялық көзқарас» тақырыбынан,Алматы-2015ж, «Мектеп» баспасы. 42-43 беттер.

9.Ә.Нысанбаев,Қ.Әбішев, Қ.Жүкешев т.б. «11 сыныпқа арналған Қоғамдық білім негіздері оқулық хрестоматия». «Екінші біреулер бақыт пен кемелдік бар...», «Өзінің нақты өмір сүруі жағынан» және «Бақыт-әрбір адам ұмтылатын мақсат...» атты мақалаларынан үзінділер... Алматы-2007ж, «Мектеп» баспасы. 8,10,14 беттер.

10.Ғ.Есім. «Саяси философия. Акме-қоғам мәселелері». Астана-2009ж, Елорда баспасы, 198,212 беттер.

11.А.Игенова. «Даналардың ақыл-ойы рухани құндылық» атты мақаласы, Қазақстан мектебі журналы 2-2020ж, Алматы, 14 бет.

**ХАСЕНОВА АЙЖАН ИСЛЯМОВНА
БАКИЕВА САЛТАНАТ ХАМИТОВНА**

*педагогика, психология және
жеке пәндер кафедрасы оқытушылары
Астана Халықаралық университетінің
Педагогикалық колледжі*

**БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ МАМАНДАРДЫ ДАЯРЛАУДА ӘЛ-ФАРАБИ
МҰРАСЫНЫҢ РӨЛІ**

Мақалада болашақ педагог мамандарды даярлауда ғұлама ғалым Әл-Фараби еңбектерінде көрсетілген мәселелердің бүгінгі жаңартылған білім беру мазмұнын оқытуда қолданылып жүрген әдіс-тәсілдермен ұштасып жатқандығы баяндалған.
Түйінді сөздер: педагогикалық жүйе, тәрбие, оқыту, сұрақтардың мәні

Қазіргі педагогикадағы жеке тұлғаны қалыптастыру ұғымын ғұлама әл-Фараби былай анықтайды: «Жақсы мінез-құлық пен ақыл-күші – бұлар адамшылық қасиеттер болып табылады. Егер осы екеуі бірдей болып келсе, біз өз бойымыздан және өз әрекеттерімізден абзалдық пен кемелділікті табамыз және осы екеуінің арқасында біз ізгі игілікті және қайырымды адам боламыз, біздің өмір бейнеміз қайырымды, ал мінез-құлқымыз мақтаулы болады». Бұндай тәрбиені ғұлама мемлекет пен отбасына тапсырады.

Рухани жоғарғы мақсат нышандарын адамдарды өзара байланыстыратын бастаулардан - жан-дүние үндестігінен, әдеміліктен, қайырымдылықтан, бақыттан іздестіреді. «Білімсіз адамгершілік молаймайды, білімсіз адам өзгенің абзал қасиеттерін тани алмайды. Жан-дүниені тәрбиелемей үлкен жетістікке жету жоқ. Ғылым мен тәрбие ұштасса ғана рухани салауаттылыққа жол ашылмақ. Мінез-құлқын түзей алмаған адамның ақиқат ғылымға қолы жетпейді» деп ескертеді.

Әбу насыр әл Фарабидің ғылыми мұраларын оқулықтарға, оқу үдерісіне енгізу, білім алушылардың ұлы баба өнегесінде оқыту және тәрбиелеу мәселесінің өзектілігі артып келеді. Ғұламаның педагог ретіндегі еңбектерін зерттеуге, жарыққа шығаруға және насихаттауға үлес қосу бүгінгі күннің еншісі.

Ғұламаның ғылыми-философиялық еңбектерін байыптап қайта қарау барысында оның педагогика тарихындағы ұлы тұлғалардың бірі болғандығын көреміз. Ол - шығыс елдерінде тұңғыш сындарлы педагогикалық жүйе жасаған ағартушы оқымысты.

Жас ұрпақтың сана-сезімін қалыптастыру үшін үш нәрсенің ерекшелігін жүйелеп, дәйектеп алу шарт:

Баланың ішкі ынта-ықыласы, құмарлығы; Ұстаздың шеберлігі, ар тазалығы;

Сабақ процесінің алатын орны.

Фарабидің педагогикалық жүйесін зерттеуші ғалым А.Көбесов былай мазмұндайды: «Әуелі Фараби педагогика ғылымының пәні мен мақсаттары туралы, екінші, ғұламаның жалпы педагогика туралы идеялары, тәрбиенің мазмұны, түрлері мен әдістері туралы көзқарастары; үшінші, Фараби

еңбектеріндегі дидактика проблемалары; төртінші, Фарабидің педагогикалық идеяларының оның математикалық және жаратылыстану ғылыми еңбектерінде қолданылуы және жүзеге асырылуы; бесінші, Фарабидің педагогикалық көзқарастарының кейінгі ғасырдағы Шығыс, Батыс педагогикасына тигізген әсер-ықпалы».

Фарабидің еңбектерінде оқыту мен тәрбие тығыз байланысты болғанымен, олардың әрқайсысына ғана тән ерекшеліктері ажыратылып көрсетіледі. Мысалы, Фараби жастарды тәрбиелеуде бірінші орынға шынайы бақытқа жетуге кепіл болатын мінез-құлық тәрбиесін қояды. Кең мағынада алғанда ғұлама бұл тәрбие ауқымына еңбек, эстетика, дене, гуманистік, патриоттық және тағы басқа тәрбиелер түрлерін енгізіп қарастырған сияқты.

Ғұламаның ғылыми-педагогикалық шығармаларында әдемілік, әсемдік пен үйлесімдік, гармония сезімдерін тәрбиелеуге ерекше мән берген.

Ізгілендіру әл-Фарабидің педагогикалық идеясының негізгі өзегі болған, ғұлама білім берудің ізгілендіру ұстанымына негізделуі қажет екендігін өз уақытында ғылыми тұжырымдалған ой-пікірлерімен айқындап кеткен. Ал бүгінгі таңда әл-Фарабидің көрегендігі мен ғұламалығы дәлелденіп, он ғасыр өтсе де, жаңа білім беру, тәрбие парадигмасы ретінде ізгілендіру танылып отыр. Әл-Фараби балаларды жүйелі оқытуға 7-8 жасынан беруді ұсынған. Білімді адамның ақыл-парасатына, мінез-құлқына әсер етіп, практикалық іс-әрекетіне пайдалы жақтарына көңіл бөлу керек деп санайды.

Ғұламаның негізгі еңбектері: “Жан туралы” трактат, «Ақыл-ой туралы», «Темперамент туралы», «Түс көру туралы сөз», «Жанның мәні туралы», «Ақыл-ой және ұғым», «Жасөспірімнің ақыл-ойы туралы кітап», «Ересектердің ақыл-ойы туралы кітап», «Ғылымның пайда болуы туралы», «Ізгі қала тұрғындарының көзқарасы».

Педагогиканың мақсаты, мұраты туралы Фараби ұсынған адамгершілік идеялар мен қорытындылар адам өмірінің қазіргі кезеңде де ағартушылықты маңызды тіректерінің бірі болып отыр. Әл-Фарабидің пікірі бойынша оқу білім алушылардың көңілін қалдырмауы керек, керісінше қуаныш пен ләззат алып, кемелдік пен нағыз бақытқа жетелеуі керек.

Әл-Фараби оқытуда білім мен өз көзқарастарын дәлелдеудің негізі болып табылатын байқау және тәжірибе сияқты көрнекі әдістерді кеңінен қолдануды ұсынады. Тәжірибе немесе байқау нәтижесінде алынған білімнің арқасында адамның жаны парасатты болады және ол неғұрлым жетіле түседі.

Болашақ педагог мамандарды даярлауда колледж оқытушылар әл-Фараби еңбектерін кеңінен қолдануда. Атап айтсақ, диалогтік оқытудағы сұрақ қою маңызды дағдылардың бірі болып табылады, себебі сұрақ дұрыс қойылған жағдайда оқытудың тиімді құралына айналады және де студенттердің оқуына қолдау көрсетіп, оны жақсарта және кеңейте алады. Сондықтан сұрақ қою кезінде оқытушы студенттің жаттанды жауап бермей, ойланып, өз ойын қоса отырып, жауап беретіндей етіп қойғаны дұрыс. Студенттердің тақырыпты түсінуіне қол жеткізу үшін оқытушылар сұрақтың екі түрін: төмен дәрежелі және жоғары дәрежелі сұрақтарды кеңінен қолданады. Студенттерге оқушының білім алуын

қолдау үшін сұрақ қоюдың түрткі болу, сынақтан өткізу, жуан-жіңішке сұрақтар және басқаға бағыттау сияқты әр түрлі тәсілдерін пайдалануға болатындығын үйретеміз.

Студенттер мәтінмен жұмыс істей отырып, мәтін мазмұны бойынша өздері тың сұрақтар құрастырады. *Жіңішке сұрақтар* — еске түсіруге арналған сұрақтар, жауабы нақты цифрмен немесе ия, жоқ деген жауап алынатын сұрақтар. *Жуан сұрақтар* – сұрақтың жауабына толық әрі түсіндіре отырып жауап беріледі. Жауапты мәтіннен алуға болады. Бұл сұрақ түріне жауапты фразамең немесе нақыл сөзбен, мақал-мәтелмен беруге болады. Жуан сұрақтарды екінші деңгейдегі сұрақтар дейді. Сұрақтың бұл түріне сөзбен ғана емес басқа формаларда жауап беруге болады. Бұл дегеніміз, оқудың барлық әдістерін меңгеру болып табылады. Өйткені, студент алдымен қатесіз, түсініп оқуға тырысады, қойған сұрағына өзі жауап беруге дайын тұрады, басқа студенттердің сұрақтарын мұқият тыңдап, сұрақ құрастырудың қиын жұмыс екенін біліп, ең үздік сұрақтарды іріктейді. Біз өз тәжірибемізде байқағанымыз қазіргі білім берудің жаңартылған мазмұнын беруде жиі қолданылатын сұрақ қою мәселесі Әл-Фарабидің «Сұрақтардың мәні» трактатында кеңінен қозғалған. Әл-Фараби ұсынатын сұрақтар:

Ғылыми сұрақ-бұл сұрақ білім алушыларға тезистер құруға және негізделген пікірлер айтуға көмектеседі;

Тексеруші сұрақ - сабақ барысында құрылған жеке тұжырымдамаларын тексеруге, оларға мысалдар келтіруге, басқа деректер мен дәлелдерді іздеуге мүмкіндік береді

Оқыту сұрағы - мәселені әр түрлі жағынан қарастыру үшін қосымша сұрақтар мен іздеу әрекеттерін құруға көмектеседі;

Диалектілік сұрақ - қарама-қарсы идеяларды қарастыруға және нақтылықты, дәйектілікті өлшеуге үйретеді.

Ұлы ғұлама «Қалай оқыту және оқу керек, өз ойларыңды қалай жеткізген дұрыс, қалай баяндау, сұрау және жауап беру қажет дегенге келетін болсақ, мен барлық ғылымдардың ең алғашқысы тіл туралы ғылым деп тұжырымдаймын» деп атап көрсетеді.

Фарабидің бүкіл педагогикалық жүйесін ашып беру оңай нәрсе емес, ол туралы арнаулы зерттеулер жүргізіліп, кітаптар жазылуы тиіс. Бұл жетістіктер әл Фарабидің еңбектерін толық қамтиды деп айта алмаймыз және ғалымның сан қырлы мұраларын заманауи білім беруде өз орнын табатындай дәрежеде зерттеу қажет екенін айта кеткен жөн.

«Әлемнің екінші ұстазы» атанған ғұлама ғалым Әбу Насыр әл-Фараби бабамыздың мұраларын өзекті ғылыми зерттеулерде және инновациялық білім беру үдерістерінде кеңінен қолдану мақсатында, жас ұрпақты әл Фараби еңбектері бойынша оқытып, тәрбиелеу мәселесі білім беру жүйесінде қолға алынып жатса, еңбегіміздің өтелгені.

Қолданылған әдебиеттер

1. Балықбаев Т. Әл-Фараби мұрасы және Көбесов зерттеулері// Егемен Қазақстан №101 27.05.2020ж

2. Жұман С.,Оспанова Б., Әл Фарабидің әйгілі трактаты // Қазақ тарихы №3, 2020
3. Үлестірме материалдар. Бірінші «Бетпе-бет» кезеңі / ҚР Педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламасының негізінде әзірленген бітіруші курс студенттеріне қосымша кәсіби білім беру бағдарламасы

ШАКИР РИШАТ ЛАТИФҰЛЫ

*Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің
«№42 орта мектеп» КММ
физика пәні мұғалімі*

ӘЛ-ФАРАБИ ҒІЛМДЕРІНІҢ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНДЕРІНДЕГІ КӨРІНІСІ

Абу Насыр Мухаммед ибн Мухаммед аль-Фараби- 870-950 жылдары өмір сүрген философ, математик, астроном, музыка теоретигі. Отырарда туған, Сирияның Дамаск қаласында дүниеден өтті. Ол сол кездегі ұлы ойшылдар, яғни аль-Фарабидің алдында өткен ғалымдардың жолын қуған ғалым адам еді. Аристотель бірінші ұстаз болса, аль-Фараби екінші ұстаз атанған еді. Атақты Сократтың шәкірті Платон болса, Платонның шәкірті Аристотель еді ғой. Аристотель Александр Македонскийді тәрбиелеген, Александр Македонский болса білікті қолбасшы, әділ патша болды ғой. Абай атамыз «Осы жұрт Ескендрді біле ме екен, Македония шаһары оған мекен» деп жазған еді. Аристотельдің замандастары Евклид, Архимед сияқты ғұламалар еді, олардың ашқан жаңалықтары әлі сол күйінде актуальды. Мысалы, Архимед заңы, Евклид геометриясы. (Аристотель 322-384 б.э.д. Грецияда, Евклид 265-325 б.э.д. Грецияда, Архимед 212-287 б.э.д. Грецияда өмір сүрген адамдар). Осы ойшылдардан кейін Клавдий Птоломей келді (1-ғасырда өмір сүрген).Ол геоцентрлік жүйе туралы теория жасады және ол теориясы 12-ғасыр өмір сүрді. Содан кейін 9-10 ғасырларда Аль-Кинди (813-879) математик, астроном, дәрігер, ғалым ирактың Бағдад қаласында өмір сүрген, 250 трактат еңбек жазған. Мухаммед ибн Муса аль Хорезм (780-850) қазіргі алгебраның негізін салушы *аль-жебра,аль-мукабала*. Абу Насыр эль-Фараби(870-950) Ирактың Бағдад қаласында өмір сүріп, еңбек еткен. Абу Райхан Мухаммед аль Хорезм(973-1048) алғаш рет жер күнді айналуы мүмкін деген болжам жасаған. Осы болжамнан кейін Коперниктің теориясы дүниеге келді. Оны Галилей(1564-1642)растады, Кеплер(1571-1630) заң шығарды. Аль-Фараби Аристотельдің еңбектерін зерттеп, оған үлкен баға берді. 12 ғасыр бұрын жазылған еңбектерін, тілін, каллиграфиясын зерттеп, халыққа ұсынды. Сондықтан оны екінші ұстаз деп атады. Абу Насыр аль-Фараби: «егер Аль-Кинди тірі болса, мен оның шәкірті болар едім» деген еді.

Әбу Насыр эль-Фараби гректің математигі және астрономы Птоломейдің көлемді еңбегіне «Алмагестке түсініктемесін» жазды. Математикадан тригонометрия сызықтары жөнінде өз ілімін жасады. Синус, косинус, синус-ферзус, тангенс, котангенс сызықтарын бірлік шеңбер ішінде қарастырды.

Олардың арасындағы қатынастарды ашты. Ол көптеген салу есептерін циркуль және сызғыш арқылы көптеген есептерді шешті. Оның идеяларын басқа ғұлама ғылымдар пайдаланды. Мысалы, Леонардо да Винчи, Роджер Бекон, Әбу Али ибн Сина, Абу Райхан Бируни, Омар Хаям, Әбу-л-Уафа.

Физика саласындағы Әбу Наср Әл Фарабидің көрнекті еңбегі «Вакуум туралы» деп аталады. Мұнда ол Вакуум жоқ екенін, ежелгі гректерде сирек кездесетін тәжірибеге сүйенген логикалық қорытындылар арқылы дәлелдеуге тырысқан.

Абу Наср Әл Фараби бұл еңбегінде вакуум мәселесімен басқа да физикалық әртүрлі мәселесімен қарастырып, сол кездегі ғылымның дәрежесіне сай, өз шешімдерін дұрыс тапқан(дененің жылудағы ұлғаюы, не кішіреюі, түсірілген кернеуге, қысымға байланысты ауа көлемінің ұлғаю немесе кішірею заңдылықтары, ауаға түсірілген кернеудің берілуі, т.б)

Астроном және астролог ретінде Фарабидің беделі жоғары болуы, ол бұл ғылымдарды, арифметика, геометрия, музыка сияқты жоғары педагогикалық ғылымдар қатарына жатқызды. Физика мен жалпы жаратылыстанудан туған Фараби еңбектері белгілі. Жалпы физикалық және жаратылыс құбылыстарын зерттеуде ол эксперименттер жасау қажеттілігін атап көрсетті. Сол арқылы, Абу Наср Әл Фарабидің аталмыш ғылым салаларының дамуына орасан зор үлес қосқанын байқауға болады.

ШАМЕНОВА НЕАСИБЕЛИ АУЕЗОВНА
№67 Т.Тәжібаев атындағы жалпы орта КММ
қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі

ӘЛ-ФАРАБИ ІЛІМДЕРІНІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ РӨЛІ

Араб, парсы шежірелерінің деректеріне қарағанда Әл-Фараби 870 жылы, Арыс өзенінің Сырға құяр тұсындағы Фараб (Отырар) қаласында өмірге келген. Әбунасыр оқуды өте ерте бастаған. Бастапқы білімді ол туған қаласы Отырарда алады, одан соң Хорасанға барады. Кейінірек білімін одан ары толықтыру мақсатында араб мәдениетінің орталығы болған Бағдатқа барады.

Фараби ғылымды көбінше өз бетінше оқумен меңгеріп, аса зор табандылық көрсеткен, орасан зор табыстарға жеткен ғұлама. Фараби Аристотальдің мұраларын, пікірлерін ашып өз қалпында түсіндіруге тырысты. Сондықтан да шығыс философтары оны «Ал муаллии ас-саны» - екінші ұстаз деп атаған.

Ұстаздары Платон мен Аристотельдің тәрбие жөніндегі ілімдерін одан әрі дамыта отырып әл-Фараби былай жазады: «барлық табиғи қасиеттер, өте жоғары немесе соған жақын кемелдікке жеткізуге арналған, ерік-жігерге негізделген тәрбиеге мұқтаж». Әл-Фараби табиғи қабілеттері тең адамдар тәрбиесімен ажыратылып бөлектенеді, тәрбиесіз адамдармен салыстырғанда қоғамда өзінің құрметті орнын алады дейді. Ол жастарды тәрбиелеу жүйесінде бірінші орынға

адамгершілік тәрбиесін қояды және оның жоғары кемелдік пен бақытқа жетуіне кепілдік береді деп есептейді.

Адамгершілік тәрбиесі оның «Бақытқа жету жолын нұсқау», «Бақытқа жету туралы», «Азаматтық саясат», «Қайырлы қала тұрғындарының көзқарастары» сияқты әлеуметтік, педагогикалық еңбектерінде көп көтерілген.

Кемелденген адам қалыптастырудың қуатты құралы тәрбиелеу мен оқыту дейді соның арқасында бақытқа жеткізетін адамгершілік, зиялылық пен парасаттылық негіздері қаланады деп есептейді.

Педагогикалық тұрғыда қарастырсақ, бұл тұжырым — “оқушыларға саналы тәртіп, сапалы білім беру, пайдалы қоғамдық еңбекке баулу” деген сөз. Фараби еңбек тәрбиесінің теориясын жасауда еркін еңбектің адамның жан-жақты дамуы үшін маңызы зор екенін атап көрсетеді.

Фараби “еңбек ету, сапалы болу, адамгершілік, ақылдылық табиғаттан туындауы қажет ” деген ғылыми тұжырым жасады. Фараби адамды табиғат, адам, жер бетіндегі тірі организмдер дамуының ең жоғары сатысына көтерілген, еңбек құралдарын жасап, оларды өз қажетіне жарата білген, түсінікті сөз сөйлей білетін саналы ортаның мүшесі дейді. Адам туралы материалистік бағытты ұсынған Фараби адам еңбек ету нәтижесінде жоғары сатыға көтерілетінін алға тартады.

Әл-Фараби тәрбие үрдісінде “Қатты әдіс” пен “Жұмсақ әдісті” ұштастыруды талап етеді. Ол оқыту мен тәрбиелеудің мақсаттарын жеке-жеке анықтап кеткен. Қазіргі тәрбие үрдісі тұрғысынан қарағанда “қатты әдіс” деп отырғаны жазалау, ал “жұмсақ әдіс” деп отырғаны-мадақтау. Демек, Фараби педагогикалық ықпал ету әдістерін алғаш ұсынған, оның тиімділігін дәлелдеп кеткен ғалым. Әл Фарабиден қалған ғылыми еңбектің саны жүзден астам. Сол еңбектерді ғылымдар саласына бөлсек, олар мыналар: математика, логика, музыка, астрономия, дәрігерлік, лингвистика, поэзия-риторика, педагогика, т.б. (Фараби заманында бұлар ағартушылық ғылым деп аталған.) Оның пікірінше, оқу, тәрбие, білім алу, еңбек ету, ғылым адамы болу адамгершілік және еңбек тәрбиесіне тығыз байланысты. Фараби ең алғаш еңбекті, таза еңбекті, адал еңбекті тәрбиенің алғышарты етіп алады. “Тәрбиені неден бастау керек”, Философия-меңгеру, білім-тәрбие алу, еңбекке үйрену, философияны меңгеру тәрбие әдістеріне байланысты екенін ғылыми тұрғыда дәлелдейді. Осы негізде ол оқыту мен тәрбиелеудің мақсаттарын жеке-жеке анықтайды. “Ғылымдар тізбегі”, “Ғылымдардың шығуы” еңбектерінде ғылымдарды үйрену, үйрету реттерін белгілейді және тәрбиенің, оның ішінде еңбек тәрбиесінің тарихи тағылымын, үлгісін болашақ ұрпаққа өнеге, тәлім етіп қалдырады.

Әл-Фараби жас ұрпаққа тәлім-тәрбие беріп, еңбекке үйретіп, еңбек тәрбиесін беретін адамды (ұстаздық ететін адамды) өте жоғары бағалаған. Оның ойынша, тәрбиеші адам (қазіргі мұғалім) – “мәңгі нұрдың қызметшісі”.

Фарабидің шәкірті, оның ілімін әрі қарай жалғастырушы Ибн-Синаның “Фарабидің тәрбие тағылымдарының ең маңыздысы әрбір жеке адамды еңбекке тәрбиелеу болды. Өйткені, еңбексүйгіштік, еңбек ете білуге және еңбекке ынталы болуға тәрбиелеу. Ол кімде-кім өзінің тіршілігі үшін, өзіне пайда

келтіретін еңбекпен айналысқанда ғана нағыз ел адамы бола алады деген өмірлік өсиет қалдырып кетті” — деуі бекер емес.

Фараби “Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары” еңбегінде барлығы еңбектің нәтижесі дей келіп, адамның өзін танымақтығы жөніндегі ойларын “Өсімдік жаны”, “Хайуан жаны, Адам жаны” деп жүйелейді. Адам жаны (интеллектіге), оның ішкі және сыртқы сезім мүшелеріне (хауас) талдау бергенде де, жүрекке үнемі шешуші мән беріп, ерекше даралай көрсетіп отыратыны бар. Жалпы жан қуаты жөнінде танымға бұлай қарау Фараби ілімінің ғылымилығы оның тәлімділігін көрсетеді. Ибн Синаның айтуынша Фараби көзқарастарында бірінші орында еңбек тұрған.

Ұлы ойшыл Фараби тарихи шындықты, еңбекті, тәрбиені, оның ішінде еңбек тәрбиесін адамның игілігі, бақыты үшін қолдануды армандады. Адамның игілікке жету жолдары туралы ойларын Фараби (сол кездің өзінде) экономиканың, саясаттың, мемлекеттік құрылыстың, отбасы тәрбиесінің, еңбек тәрбиесінің мәселелеріне байланыстыра отырып аса қажет мызғымас берік негізге сүйенеді. Сондай-ақ ол қоғамды ақылмен дұрыс басқарудың шарттары жөнінде батыл пікір айтқан ғұлама ғалым. Өйткені адам бақытты болуға лайық және сол бақытын табуға тиіс. “Адам өз заманында жақсы да дұрыс басқарылатын қоғамда ғана шын мәнісінде бақытты өмір сүре алады “дейді данышпан. Сөйтіп, Фараби адамның өмірлік іс-әрекетіне үлкен мән бере отырып, еңбек қана адамды жануарлар дүниесінен бөліп, оқшау көрсететінін ғылыми тұрғыда дәлелдеді. Адамзат қоғамының өмір сүруіне ең керектісі оның материалдық тұтыну қажеттері дегенді бірінші орынға қойып, осынау маңызды мәселе төңірегіндегі теріс көзқарастарды үзілді-кесілді жоққа шығарды.

Фараби адамдар бір-бірімен келісіп, тіл табысып отыруы керек деп есептейді. Әділеттіліктің қалыптасқан нормасы, әмбебап заңдар қажеттігін ескерте келе, ол заңдардың тәрбие арқылы жүзеге асатынын дәйектейді. Оның ойынша, еңбексіз заң да, қоғам да ілгері дами алмайды. Ұлы ойшылдың заң күші туралы осы айтқандарынан қоғамдық келісімдер туралы идеяның алғашқы ұрығы жатқандығын аңғару қиын емес. Бұл идея Еуропада кеңінен өріс алды. Кейбір шығармаларында Фараби өз тұсындағы қоғамды астыртын ғана сынап отырады. Ондағы етек алған озбырлықтар мен қаталдықты, ақыл мен адамгершілік, еңбек тәртібі ұстанымдарының орасан бұрмалануынан деп түсіндіреді. 1478-1535 жылдар арасында өмір сүрген ағылшынның атақты утопист-социалисі Томас Мор қайта өрлеу дәуіріндегі еңбек пен еңбек тәрбиесінің жүйесін Әл-Фараби іліміне негіздеп жүргізген. Осы жылдары басқа Еуропа елдерімен салыстырғанда Англияда капитализм тез қарқынмен дамыды. Тоқыма өндірісінің дамуына байланысты қой өсіру кең етек алды, жерсіз қалған шаруалар мен қолөнершілердің күйзеліске ұшырауына себеп болды. Томас Мор еңбекшілердің тұрмысының нашар екендігін көрсетіп, Фараби ұсынған еркін суын аңсады. Ол еңбек тәрбиесін еркін еңбек негізінде жасаған ” Үш білімі және оның тараулары” еңбегіне сүйеніп балаларға қоғамдық тәрбие, бастауыш білім беруді жақтады, оқудың ана тілінде оқытылуын қолдады. Ол дене тәрбиесіне үлкен мән берді. Алғаш рет еңбекке тәрбиелеуді ұсынды.

Сөз соңын Ұлы бабамыздың тәрбие саласындағы ой-пікірлері қазіргі ұрпақтарымызды тәрбиелеуде маңызы орасан зор екенін ескертумен қорытындылаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әл-Фараби. Таңдамалы трактаттары. Ә.Нысанбаев, Ғ.Құрманғалиева, Ж.Сандыбаев. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009.- 436,437,574,575-беттер.
2. Әл-Машани А. Әл-Фараби және бүгінгі ғылым. Алматы: Алаш, 2004. – 116, 117-беттер.
3. Ғұлама.Ойшыл.Ұстаз. Әл-Фарабидің 1130жылдығына арналған 2001жылдың қазан айының 12 жұлдызында Отырарда өткізілген Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. –Алматы: ҚАЗАқпарат. 2001ж. 191,192-беттер.

ІІІ БӨЛІМ

ТӘРБИЕСІЗ АЛЫНҒАН БІЛІМ – АДАМЗАТТЫҢ ҚАС ЖАУЫ

АБДРАХМАНОВА ГҮЛЗИНА БАТАНОВНА
*«Кеңес Одағының Батыры И.М.Бережной атындағы
Келлер орта мектебі»КММ
педагог – зерттеуші тарих пәні мұғалімі*

ТӘРБИЕЛІ ҰРПАҚ –ЕЛ БОЛАШАҒЫ

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік саясаттың стратегиялық бағыты – интеллектуалдық ұлт қалыптастыру. Сондықтан «Интеллектуалдық ұлт – 2020» ұлттық жобасында жаңа қазақстандықтарды тәрбиелеу мақсатында білім беру үдерісін зияткерлендіру қажеттігі идеясы ұсынылды. Сол интеллектуалды ресурстың бірі – бүгінгі жастардың рухани-адамгершілік мәдениеті. Заманауи қазақ жастарының, Ұлы дала ұрпақтарының санасын рухани жаңғыртуда тарихи тұлғалардың әлемнің және өз Отанының біліміне, ғылымына, мәдениетіне қосқан үлесі, өмірлік қағидалары мен әділеттік жолындағы күресі, адамзатқа жасаған игілік істері сияқты құндылықтардың маңызы арта түсуде. Сондай ұлы тұлғалардың бірі – Әбу Насыр әл-Фарабидің тәрбиелік идеяларын жинақтап жүйелеу ғұламаның рухани-адамгершілік құндылықтарын жастарымыздың бойына сіңіре білу ұстаз алдында тұрған үлкен міндет.

Әл-Фараби қазақ топырағында дүниеге келген ғұлама ғалым. Шығыстың ұлы ойшылы, әрі ағартушысы, әйгілі математик, философ, музыка зерттеушісі, тарихшы болған. Әбу Насыр әл-Фараби (870-950) ірі сауда орны, мәдениет орталығы болған Отырар қаласында туып, сонда білім алған, кейін Бағдат қаласында ұстаз болды.

Әл-Фараби алғашқы педагогикалық ой-пікірлердің жетістіктерін жаңғыртып, халық даналығы туғызған данышпандық ой-пікірлерге, шығыс мәдениетінің озық үлгілеріне ден қоя отырып, өзінің түпнұсқалық педагогикалық тұжырымдамасын жасады. Оның педагогикалық тұжырымдамасы әдіснаманы, дидактиканы, тәрбие теориясы мен әдістемені бірге қамтитын іргелі жүйе болып табылады. Әл-Фарабидің тәлім-тәрбиелік идеялары теориялық дәрежесі жағынан іргелі педагогикалық ілімге бастапқы негіз бола алады, әсіресе оның күллі адамзат қауымдастығының жиынтығы ретінде ұлы қоғамды суреттейтін ізгілік тұғырнамасы қазіргі педагогиканың жетекші идеясы болып отыр. Ғұламаның адамгершілік ізгіліктер туралы пайымдаулары «Өзін-өзі тану» пәні арқылы берілетін рухани-адамгершілік құндылықтардың негізі іспеттес. Әл-Фараби адам баласын жаратылыстың ең ұлы құндылығы деп есептеді. Фарабидің педагогикалық теориясында оқыту мен тәрбие өте тығыз да біртұтас байланыста қарастырылғанымен, олардың педагогикалық құрал ретінде ерекше, әрқайсысына ғана тән жақтары да ажыратылады. Оқыту адамдар мен халықтарда теориялық

қайырымдылық дарыту болады, ал тәрбие-білім-білікке негізделген өнер арқылы оларға этикалық қайырымдылық дарыту тәсілі. Оқыту сөз арқылы жүзеге асырылады, ал тәрбие кезінде адамдар мен халыққа белгілі қимыл-әрекет дағдысын егеді...”

Әл-Фараби жетілген тұлғаны тәрбиелеу үшін «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие беру керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі» деген басты қағиданы ұсынды, яғни білім жинағы адамгершілік құндылықтарды игермеген және бұл қасиеттерді өзіне қалыптастыра алмаған адам, қоғам үшін қауіпті болуы мүмкін. Ол әрбір нақты жағдайда ненің игі, әділ, парыз екеніне түсінігі қабілеті жетпейді де, адамгершілік нормаларынан аттап, тіпті қылмыс жасап қоюы да мүмкін.

Әл-Фарабидің ғылыми ой-толғаныстарына толы трактаттары («Мемлекет қайраткерінің нақыл сөздері», «Азаматтық саясат», «Бақытқа жету жолында», «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактат») тәлім-тәрбиелік көзқарастары таптырмайтын рухани мұра. «Ол, жанды дамыту керек, ол үшін тән саулығы қажет және жан мен тәннің иесі – жүрек деген пікірдің де авторы. Ғұлама - ғалымның, қайырымды, ізгі қала тұрғындары бақытқа ғылым, білім бір-біріне көмектесу, қайырымды әрекеттері негізінде жетуді көздеген болса, надан қала тұрғындары алдап-арбау, қулық арқылы жетуді көздейді, деген ойын анық байқауға болады. Жастарды, яғни болашақ ел иелерін тәрбиелеуде ата-ана, ұстаз, қоғам алдында саналы, әділ, шыншыл ұрпақты тәрбиелеу қажеттігі басты мақсат болып табылады. Әл-Фараби, ата-анамен қатар, шәкірт тәрбиесінде ұстаздың рөлі зор екендігін айта отырып, шәкірттерден шыншылдықты, сыпайылықты, әділдікті талап ету үшін, бұл қасиеттердің алдымен ұстаздың өз бойында болуын атап көрсетеді».

Қазіргі кезде мұғалім статусы мәселесінде де ғұламаның пікірін басшылыққа алған жөн, яғни мұғалім беделі оның өзінің бойындағы ізгі қасиеттер мен білімділігінде. «Ол адамның белгілі бір мінез-құлыққа ие болуына себепті нәрсе әдептілік деп біледі, оны тәрбиелеу дегеніміз – халықтардың бойына білімге негізделген этикалық ізгіліктер мен әсерлерді дарыту деген анықтамасынан көреміз және де бұл пікірден бір ұлтқа қатысты емес, барлық халыққа әдептілікті үйрету керек екенін түсінуге болады». Сонымен қатар, әл-Фарабидің тәрбие, этика (әдеп) тұрғысындағы тұжырымдамаларында жақсылық, мейірбандық, қайырымдылық категориясы басты орын алады. Негізінен алғанда, әлемдегі білім берудің даму тенденциясы негізгі төрт жағдайды: біріншіден білім берудің қазіргі жағдайын саралау; екінші, білім беру дамудың алғы шартына айналуы; үшінші, оқу-тәрбие ісіне қолдау көрсету; төртінші, инновациялық әдісті кеңінен қолдануды басшылыққа алып дамиды. Бұл мәселенің қай-қайсысы болмасын әл-Фараби еңбектерінен орын алған, айтып отырған жүйелілік ұстанымына сәйкес келеді. «Әл-Фараби өзінің философиялық трактатында менің мақсатым, адамды іс-әрекетке тарту ал, ол үшін оның сезімін ояту қажет» деген екен. Ол оқыту, тәрбиелеу барысында шәкірттің білім деңгейін, ойлау қарқынын, еске сақтау мүмкіндігін және дербестігін ескеруді басты парыз санаған, бұл педагогикадағы оқыту, тәрбиелеу ұстанымдарының өзегі десек те болады. Оқыту теориясында

«нені оқыту», «қалай оқыту» керек деген сұрақтар шешімін табады. Осы тұрғыда да біз әл-Фарабидің нақты шындықты, ізгілікті үйрету керек, оны қоғам талабын ескере отырып оқыту қажет, деген тұжырымдарына сүйенеміз».

Қазіргі кезде педагогиканың негізгі ұғымдарына «тұлғаны қалыптастыру» ұғымы да жатқызылады. Жеке тұлғаны қалыптастыруды әл-Фараби былай анықтайды: «Жақсы мінез-құлық пен ақыл-күші - бұлар адамшылық қасиеттер болып табылады. Егер осы екеуі бірдей болып келсе, біз өз бойымыздан және өз әрекеттерімізден абзалдық пен кемелдікті табамыз және осы екеуінің арқасында біз ізгі игілікті және қайырымды адам боламыз, біздің өмір бейнеміз қайырымды, ал мінез-құлқымыз мақтаулы болады».

Әл-Фарабидің педагогикалық тұжырымдамасы бойынша тәрбие мен тәлім, оқыту мен үйрету өзара тығыз байланыста, бірін-бірі толықтыра отырып жүргізілуі тиіс. Бақытқа жету жайында: бақытқа жеткізетін негізінен денсаулық, еңбек және білім деп түсіндірді. Бақытқа жеткізетін ізгіліктер: теориялық ізгілік, ойшылдық, этикалық ізгілік, практикалық (әрекеттік) өнер. Демек, әл-Фараби этикалық категорияларға жақсылықты, достықты, өзара көмекті, әділеттілікті, абыройды, қанағаттануды, бақытты жатқызады.

Әл-Фарабидің педагогикасында бақытқа жету формуласын іске асыратын адам – дана ұстаз. Ғұлама ұстаз бойында мына қасиеттердің болуын қалады: ізеттілік, даналық, асқан пайымдылық, аңғарымпаздық, шыншылдық, ар-ождан тазалығы, қанағатшылдық, тапқырлық, білгірлік, жігерлендіре білушілік, ұстамдылық, ынталылық, шеберлік, табандылық. Бұған қоса ол пайымдағыштық, көрегендік, тапқырлық, парасаттылық сияқты қасиеттерді жоғары бағалады. «Ұстаз тарапынан барынша ынталылық пен табандылық қажет, өйткені бұлар, – жұрт айтқандай, – тамшысымен тас тесетін бейнебір су тәрізді», – деді ғұлама.

Білім алудың басты мақсаты – жеке тұлғаны кемеліне жеткізу болса, ал әлемде адамзаттың өмір сүруінің басты мақсаты – абсолюттік жақсылық – жоғары деңгей деп танылатын бақытқа жету. Мүлтіксіз тұлға, әл-Фарабидің ойынша, интеллектуалды білімін қорытындылайтын теориялық ізгілік пен рақымшылықты, адамгершілікке толы тәрбиенің кемеліне жеткен тәжірибелік ізгілікті бойына сіңірген адам. Бұл теориялық және тәжірибелік ізгілікті шынайы күшпен байланыстырған тұлға қоғамның басқа мүшелерінің алдында көшбасшы болады. Нағыз көшбасшы болу үшін, жастар жақсы білім алумен қатар,

Әл -Фараби айтқан маңызды қасиеттерді бойына қалыптастыруы қажет. Олар: *ШЫНШЫЛДЫҚ *АДАЛДЫҚ *ӘДІЛДІК *БЕКЗАТТЫҚ *ПАРАСАТТЫЛЫҚ *АҚИҚАТҚА ұмтылыс.

Қорыта айтқанда, әл-Фарабидің еңбектерін заманауи педагогика тұрғысынан талдау, оның тәрбиелік идеяларын жинақтап жүйелеу ғұламаның рухани-адамгершілік құндылықтарды кеңінен қамтығанын көрсетеді. Мұның өзі ұлы ұстаз, кемеңгер ғалым, ғұлама ойшыл әл-Фарабиді педагогика ғылымының негізін салушы деп атауға толық негіз бар екендігінің шынайы дәлелі болып табылады.

Әл-Фарабидің педагогикалық мұрасы – гуманистік құндылықтардың жарқын туындысы. Әл Фарабидің идеялары заманауи жастарға ақылдылық,

парасаттылық, қарапайымдылық, қанағатшылдық, үнемшілдік, ізеттілік, даналық, асқан пайымдылық, аңғарымпаздық, шыншылдық, ар-ождан тазалығы, тапқырлық, білгірлік, жігерлендіре білушілік, ұстамдылық, ынталылық, шеберлік, табандылық сияқты адами қасиеттер үлгісін теориялық және тәжірибелік деңгейде ұсынды.

АБИШЕВА ГҮЛНАР ТЕМИРЖАНОВНА

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің

Білім беруді жаңғырту орталығы басшысының орынбасары

ӘЛ- ФАРАБИ ІЛІМІ – РУХАНИ МҰРА

Оқу-тәрбие мәселесі қашанда өзінің өзектілігін жоймақ емес, алайда әр кезеңнің баланы оқыту мен тәрбиелеуде өзіндік ерекшеліктері бар. Барлық уақытта өзгермейтін нәрсе ол – бала бойына ізгі құнды қасиеттерді сіңіру. Барша қауым алдында, өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу мақсаты тұр. Осы тұрғыдан алғанда, педагогика ғылымдарының докторы Нұрсұлу Әлқожаева әлемнің екінші ұстазы атанған әл-Фараби бабамыздың еңбектерін терең талдап, ондағы құнды ой-пікірлерді оқулық, оқу құралдары, яғни оқу материалдарының мазмұнына енгізу керек деп есептейді.

Әл-Фарабидің ғылыми ой-толғаныстарына толы трактаттары («Мемлекет қайраткерінің нақыл сөздері», «Азаматтық саясат», «Бақытқа жету жолында», «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактат») тәлім-тәрбиелік көзқарастары таптырмайтын рухани мұра.

«Ол, жанды дамыту керек, ол үшін тән саулығы қажет және жан мен тәннің иесі – жүрек деген пікірдің де авторы. Ғұлама - ғалымның, қайырымды, ізгі қала тұрғындары бақытқа ғылым, білім бір-біріне көмектесу, қайырымды әрекеттері негізінде жетуді көздеген болса, надан қала тұрғындары алдап-арбау, қулық арқылы жетуді көздейді, деген ойын анық байқауға болады. Жастарды, яғни болашақ ел иелерін тәрбиелеуде ата-ана, ұстаз, қоғам алдында саналы, әділ, шыншыл ұрпақты тәрбиелеу қажеттігі басты мақсат болып табылады. Әл-Фараби, ата-анамен қатар, шәкірт тәрбиесінде ұстаздың рөлі зор екендігін айта отырып, шәкірттерден шыншылдықты, сыпайылықты, әділдікті талап ету үшін, бұл қасиеттердің алдымен ұстаздың өз бойында болуын атап көрсетеді», – дейді Нұрсұлу Әлқожаева. Оның айтуынша, қазіргі кезде мұғалім статусы мәселесінде де ғұламаның пікірін басшылыққа алған жөн, яғни мұғалім беделі оның өзінің бойындағы ізгі қасиеттер мен білімділігінде.

Сонымен қатар, ол әл– Фарабидің тәрбие, этика (әдеп) тұрғысындағы тұжырымдамаларында жақсылық, мейірбандық, қайырымылық категориясы басты орын алатынын атап өтті.

«Бұл бірлестік әл-Фарабидің ізгілік идеяларының негізін құрайды, ақыл-ой, білімнің биік мәні оның адам ретіндегі қалыптасуы, деп дәріптеген. Сонымен

қатар, әл-Фараби көркемдік, сұлулық туралы: өмір шандығының өзіне тән қасиетті, болмыстың, нақты құбылыстардың әлеуметтік өмірдің көкейдегі елесі деген. Педагогикада тәрбиелеуде бірнеше ұстанымдар бар екені белгілі, көптеген ұстанымдардың негізін қалаған әл-Фараби деп, толық айта аламыз. Жоғарыдағы ұстаздың өзінің бойында ізгі-қасиеттердің болуын талап ету - тәрбиенің үлгі көрсету ұстанымы», – дейді доцент.

Негізінен алғанда, әлемдегі білім берудің даму тенденциясы негізгі төрт жағдайды: біріншіден білім берудің қазіргі жағдайын саралау; екінші, білім беру дамудың алғы шартына айналуы; үшінші, оқу-тәрбие ісіне қолдау көрсету; төртінші, инновациялық әдісті кеңінен қолдануды басшылыққа алып дамиды. Бұл мәселенің қай-қайсысы болмасын әл-Фараби еңбектерінен орын алған, айтып отырған жүйелілік ұстанымына сәйкес келеді.

«Әл-Фараби өзінің философиялық трактатында менің мақсатым, адамды іс-әрекетке тарту ал, ол үшін оның сезімін ояту қажет деген екен. Ол оқыту, тәрбиелеу барысында шәкірттің білім деңгейін, ойлау қарқынын, еске сақтау мүмкіндігін және дербестігін ескеруді басты парыз санаған, бұл педагогикадағы оқыту, тәрбиелеу ұстанымдарының өзегі десек те болады. Оқыту теориясында «нені оқыту», «қалай оқыту» керек деген сұрақтар шешімін табады. Осы тұрғыда да біз әл-Фарабидің нақты шындықты, ізгілікті үйрету керек, оны қоғам талабын ескере отырып оқыту қажет, деген тұжырымдарына сүйенеміз», – дейді ол.

Нұрсұлу Әлқожаеваның пікірінше, қазіргі педагогика, кешегіден көп өзгеріске ие, алайда әл-Фарабидің тұжырымдары жаңа педагогиканың туындауына себепші бола алады, сол себептен де «Әл-Фараби педагогикасы» жазылып, білім саласына енгізілуі керек.

«Әл– Фараби тәрбиенің барлық бағытын қамтыды, атап айтсақ ақыл-ой, адамгершілік, патриоттық, дене, эстетика, құқықтық, экономикалық, еңбек т.б. Мысалы еңбек тәрбиесінің теориясын жасауда еркін еңбек адамның жан-жақты дамуына ықпал етеді, адамзат баласы ақыл-ойымен қатар физикалық тұрғыдан да дамуы тиіс деп санаған және оған еңбек тәрбиесінің ықпалы зор, деген тұжырымдар жасаған. Әл-Фараби «еңбек ету, сапалы болу, адамгершілік, ақылдылық табиғаттан туындауы қажет», – деген ғылыми тұжырым жасады. Оның бұл пікірі тәрбиедегі табиғатпен байланыс ұстанымының негізі, деуге дәлел болады. Сонымен біз оқу-тәрбиедегі кеңінен қолданып жүрген ұстанымдардың үлгі көрсету, жүйелілік, әр баланың білім деңгейін ескеру, ойлау қарқынын, еске сақтау мүмкіндігін, дербестікті ескеру, табиғатпен байланыс ұстанымдарының негізін қалаған әл-Фараби деп айтуымызға толық мүмкіндік бар», – деп қортындылады Нұрсұлу Әлқожаева.

Әл-Фараби шығармашылығын зерттеудің жаңа көк- жиектерін атауға ең бастысы Батыс пен Шығыстың диалогына, әртүрлі елдер мен халықтардың дүниетанымдарының өзара жақындай түсуіне, адамзат баласы енді аяқ басқан жаңа мыңжылдықта бейбітшілік пен келісімнің салтанат құруына септігін тигізетіні де ақиқат.

Әл-Фараби ілімі Шығыс халықтарының педагогикалық ой-пікірінің пайда болуына, дамуына және қалыптасуына революциялық төңкеріс болып есептеледі.

Педагогикалық тәлім-тәрбиенің дамуында сапа жағынан жаңа кезең ашқан-халықтық педагогиканың негізін қалады.

Қазіргі таңда Әл-Фарабидің педагогикалық мұрасын, тәрбие туралы ой-пікірлерін болашақ мамандардың педагогикалық шеберлігіне негіздеу, оны жүзеге асыру барысында үлкен маңызға ие болды. Оқырман қауым Әл -Фарабидің еңбектері арқылы жан-жақты білім алуға, рухани дүние байлықтары мен дүниетанымын дамытуға өте үлкен ықпал етеді.

Әл - Фараби тәрбиеге гумандылық бағыт берді, ол барша адам баласын достыққа, адамгершілікке шақыра отырып, адамзат баласын мұрат - мақсатына жеткізуді көздеді. Фараби ағартушылық пен парасаттылықты жақтаған үлкен гуманист. Ол халықтарды бейбіт өмір сүруге шақыра отырып, адам баласын білім мен парасатты ойын терең бағалаған кемеңгер.

Қорыта келгенде, Фараби еңбектерінің, оның өз дәуірі үшін жасаған шығармашылық, тарихи, ғылыми мұраларын зерттеп, кейінгі ұрпаққа қалдырған оқу-ағарту, білім беру ілімінің мәні мен мазмұнының гумандылық маңызы ерекше.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1) Көбесов А., «Әл – Фараби» Алматы «Қазақстан », 1971
- 2) Көбесов Ауданбек, «Әбу Насыр Әл – Фараби» Алматы – 2004
- 3) Көбесов А., «Әл – Фарабидің ашылмаған әлемі» Алматы – 2002
- 4) Бейсенов А., «Әл – Фарабидің тұжырымдары» // Ақиқат. – 2006. - № 6. -70 -73б
- 5) Әуелбеков Ә., « Әл – Фараби - ұлы ұстаз ғұлама.»
// Оңтүстік Қазақстан. 2006. – 18 наурыз.
- 6) «Ұлттың ұлы ұстазы: (Әл – Фараби туралы)», Егемен Қазақстан. 2003-
- 7) « Әбу Насыр Әл – фараби» // Алдаспан. – 2003. - № 1-2.- 7 бет.
- 8) Медетбаев Т.С., « Әл – Фарабидің әдеби - ғылыми мұрасы».
Автореферат». – Алматы, 1998 ж.
- 9) Қазақстан ұлттық энциклопедия
- 10) «Әл – Фараби», 1 том Алматы, 1998 ж.

АКИМБЕКОВ СЕЙІЛЖАН САЙЛАУҰЛЫ

*Ә.Бөкейханов атындағы орта мектебі
Жамбыл облысы, Т.Рысқұлов ауданы
Мектеп директорының орынбасары*

ЖЕКЕ ТҰЛҒА БОЙЫНДА РУХАНИ-АДАМГЕРШЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Адамгершілік-ең жоғары құндылық деп қарайтын жеке адамның қасиеті адамгершілік және психологиялық қасиеттерінің жиынтығы.

Адамгершілік тақырыбы-мәңгілік. Ол ешқашан ескірмек емес. Жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру-ата ана мен ұстаздардың басты міндеті. Адамгершілік әр адамға тән асыл қасиеттер. Адамгершілік қайнар

бұлағы-халқында, отбасында, олардың өнерлерінде, әдет-ғұрпында. Әр адам адамгершілікті күнделікті тұрмыс тіршілігінен, өзін қоршаған табиғаттан бойына сіңіреді. Біздің ғасыр-білім, ғылым және сапа ғасыры. Осы орайда білім берудің, білім алудың өмір бойы жалғасатын үздіксіз үрдіс екенін ескере отырып, іс-тәжірибемізде басшылыққа алатын рухани-адамгершілік тәрбиесінің төмендегідей бағыттарын көтеруге болады:

- тәрбиелік үрдісте жеке тұлғаны бағыттау;
- оқу тәрбие үрдісін тиімді ұымдастыру;
- қазақ халқының жалпы ұлттық игілігін бүкіл өркениет мәдениетімен ұштастыру;
- ірі ғылыми зерттеулер деңгейінде тәрбие мазмұнының басты бағытын белгілеу,
- заман талабына сай ізденімпаздық іс-әрекеттер мен шығармашылық қабілеттерді жетілдіріп отыру;
- озат педагогикалық тәжірибе мен педагогика ғылымының жетістіктерін тәжірибеге енгізу.

Шебер мұғалім ата-анамен жұмыста ең алдымен, халқымызға тән жастарымыздың бойында бар адамгершілік сипаттағы дүниетанымына, өз мәдениетіне, әдет-ғұрып, салт-саналарына, қол өнері мен халық педагогикасына арқа сүйейтіндігіне және ашық-жарқындығы мен бауырмалдылығына, яғни қазақ ұлтының басқа халықтардың құндылықтарын сіңіре алушылық қабілетіне назар аударған жөн.

Оқу, тәрбие, қоршаған орта біртұтастықта бала тәрбиесіне ықпал етеді. Ұстаз қызметінің негізгі міндеті-жас ұрпақты қоғамның толыққанды белсенді азаматы етіп дайындау. Әр ұрпақтың жеке басына тән қасиеттерін айқындап дамыту.

а) Ұрпақ тәрбиесінің негізгі мақсаты-қоғамның өндіргіш күшін дайындау. Ұстаз қызметінің негізгі қызметі-сол өндіргіш күштің жан-жақты дамуына әсер ету, мүмкіндік беру, дайындау.

ә) Ұрпақ тәрбиесінің құралы-жалпы қоғамдық қарым-қатынастан, қоршаған ортадан, ұрпақтың өзінің іс-әрекет, қимылынан т.б. туындайды. Себебі ұрпақ тәрбиесінде кездейсоқ ықпал етуші тәрбие күштері де пайда болады. Ал ұстаздық қызметке келетін болсақ, осы кездейсоқ жалпы тәрбие ықпалын сауатты, саналы педагогикалық жолға салу.

Ұрпақты жан-жақты тәрбиелеу дегеніміз абстрактылы ұғым емес. Ол-әрбір жас ұрпаққа қабілетіне байланысты керегінше білім, тәрбие беру, өмірге бейімдеу, еркіндікте өсіру, өмірде өз орнын табуға, данышпан Абай «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар қалан», - деп айтқандай қоғамның жауапты азаматын дайындау.

Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі –жас ұрпаққа адамгершілік-рухани тәрбие беру. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек. Халықта «ағаш түзу өсу үшін, оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда, оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан

ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші роль атқарады.

Баланың өмірге белсенді көзқарасының бағыты үлкендер арқылы тәрбиеленеді. тәрбиелеу, білім беру жұмысының мазмұны мен формалары балалардың мүмкіндігін ескеру арқылы нақтыланады. Адамгершілікке, еңбекке тәрбиелеу күнделікті өмірде, үлкендердің қолдан келетін жұмысты ұйымдастыру процесінде, ойын және оқу ісінде жоспарлы түрде іске асады. Мұндай мақсатқа бағытталған педагогтық жұмыс еңбек сүйгіштікке, ізгілікке, ұжымдық пен патриотизм бастамасына тәрбиелеуге, көп дүниені өз дүниені өз қолымен жасай алуды және жасалған дүниеге қуана білуді дамытуға, үлкендер еңбегінің нәтижесін бағалауға тәрбиелеуге мүмкіндік жасайды. Балаларда ортақ пайдалы жұмысты істеуге тырысу, бірге ойнау, бір нәрсемен шұғылдану, ортақ мақсат қою және оны жүзеге асыру ісіне өздері қатысуға талпыныс пайда болады. Мұның бәрі де баланың жеке басының қоғамдық бағытын анықтайды, оның өмірге белсенді ұстанымын бірте-бірте қалыптастырады..

Халқымыздың тәлім-тәрбиелік мұрасына үнілсек ол адамгершілікті, қайырымдылықты, мейірбандылықты дәріптейді. Ата-бабаларымыздың баланы бесігінен жақсы әдеттерге баулыған. «Үлкенді сыйла», «Сәлем бер, жолын кесіп қтпе» деген секілді ұлағатты сөздердің мәні өте зор. Адамгершілікті, ар-ұяты бар адамның бет-бейнесі иманжүзді, жарқын, биязы, өзі парасатты болады. Ондай адамды халық «иманжүзді кісі» деп құрметтеп сыйлаған.

Балаларымызды имандылыққа тәрбиелеу үшін олардың ар-ұятын, ізеттілік сияқты қасиеттерді бойына сіңіру қажет. Баланы үлкенді сыйлауға, кішіге ізет көрсетуге, иманды болуға, адамгершілікке баулу адамгершілік тәрбиесінің жемісі. Балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің бірден-бір жолы-осы іске көзін жеткізу, сенімін арттыру. Осы қасиеттерді балаға жасынан бойына сіңіре білсек, адамгершілік қасиеттердің берік ірге тасын қалағанымыз.

Отбасы- ғасырлар бойы өмір сүріп келе жатқан адам баласының әлеуметтік ортасы. Халықтың салт-дәстүрін әдет-ғұрыптарының сақтаушысы. Сондықтан отбасы тәрбиесі халықтың ой арманымен мол тәжірибесімен ұлттық дәстүрімен дамып ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып жеткен тарихи мұра. Әрбір отбасында балалардың рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру ең бірінші ата-ана тәрбиесіне байланысты. Қай заманда қайсысы елде болса да отбасының адамзат ұрпағына ететін ықпалы мен әсерін өмірдегі басқа ешнәрсенің күшімен салыстыруға болмайды. Отбасы тәрбиесінің түрлері мен мүмкіндіктері көп, әсіресе, көргенді, ынтымақты, тату-тәтті тұратын отбасында шаңырақ шатығы-негізінен, қоғамдық сананың адамгершілік, кісілік, қайырымдылық, әдептілік, әділеттілік сияқты толып жатқан моральдық ұғымдарға негізделеді. Бала үшін отбасында ең алдымен, әке-шешесінің, ата-әжесінің, басқа да ересектердің инабатты, үлгілерінің маңызы зор. Бала өз заманына тән кісілікті, әдептілікті, қайырымдылықты, тіпті бұзақылықты да алғаш рет осы өзінің отбасында меңгереді.

Балалардың бойындағы қабілеттің, қайсы нәрсеге бейімділігін, ол қабілеттер мен бейімділіктер қашан, қай мезгілде пайда болатыны әлі де толық шешіле алмай келеді. Соның салдарынан дүниеге миллиондаған адамдар өздерінің болашақтағы орнын дұрыс таңдай алмай қиналады, сәтсіздікке ұшырайды. Отбасы мен ата-аналардың осы проблемаларды шешуге тигізетін пайдасы мол. Талапты жастарға мамандық таңдау үстінде дұрыс бағыт, кеңес беретіндер-ата аналар. Себебі балалардың сырын да, қабілетін де ата-аналарынан артық білетін адам жоқ.

Адамның ең асыл қасиеттерінің бірі-оның жұртқа ұнамды мінез-құлқы. Ол қасиет негізінен отбасында қалыптасады. Отбасы тәрбиесінің осындай ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін қоғамдық тәрбиенің міндеттері мен ұштастыра білсек, оның берері мол. Баланы тәрбиелеуге ата-ана жеткілікті мән бермесе, бұл істің нәтижесіз болары күмәнсіз. Ата-аналар балаларын мәдениетті, кішіпейіл адал азамат етіп өсіргілері келсе, ең алдымен олардың өздері кіршіксіз таза адам болуы керек. Көпшілік жағдайда баланың бойында теріс қылықтардың пайда болу себебін жанұядағы үлкендер өздерінің бойынан іздемейтіні өкінішті –ақ.

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы -міндеттерінің ең бастысы-өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесі – келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу-біздің де қоғам алдындағы борышымыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Макаренко А.С Ата-аналар кітабы-А., 1987ж
2. Сухомлинский В.А. Нравственный идеал молодого поколения.-М. 1961 ж
- 3.Әбиев Ж. Педагогика тарихы- А.,2006 ж.

АЙМЕНОВА АИДА ҚАЙРАТҚЫЗЫ

*Ағылшын тілі пәнінің мұғалімі,
Кентау көпсалалы колледжі, Кентау қаласы*

БІЛІМНІҢ КІЛТІ – ТӘРБИЕ

Бұл мақала қазіргі дүниені неғұрлым дұрыс танып, білу үшін және жақсы өмірдің дұрыс жолын таңдай білу үшін және жаңа мыңжылдықта білімді, тәрбиені, адамгершілікті-ізгілікті дамыту үшін біз әр уақытта, әр дәуірде өзімізге дейінгі өткен идеялар мен қағидаларға сүйенгеніміз жөн екені туралы.

Түйінді сөз: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне қауіп әкеледі»

Ғылым жолында өзінің дара жолын қалап, майшам жарығындай ғана білімнің сәулесін күндей жарқыратқан ұлы тұлғаның есімі мен еңбегі әрқашан

халық жүрегінде сақталады. Барша түркі жұртына ортақ мұра болып саналатын, әлемнің екінші ұстазы атанған – Әл-Фараби.

Әлемге әйгілі ұстаз, терең ойлы пәлсапашы, ғалым Әбу-Насыр Әл-Фараби 870 жыл бұрынғы Фараб, қазіргі Түркістан облысы, Отырар ауданы маңайындағы ортағасырлық қалада дүниеге келген. Шығыстың ғұламасы, бүкіл түркі жұртына Ұлық Түріктей лұқман атанған Әбу-Насыр Әл-Фараби жайлы айтылатын деректер аз емес. «Ғалымның хаты өлмейді» демекші, Әбу-Насыр Әл-Фараби атамыз өз артынан ізі суымайтын, аса мәнді де дәлді еңбектер қалдырды. Мысалы, ҰЛЫ ойшылдың «Тәрбиесіз берілген білім, адамзаттың қас жауы» деген тұжырымды да тұшымды ойы мектеп пен өмірдің оқушыларына сабақ болары сөзсіз. Ал ғұламаның келер ұрпаққа қалдырған асыл мұрасы – Мың ғасырлық қазына.

Әбу Насыр әл Фараби: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне қауіп әкеледі» деген екен. Бұл сөздің растығын өмір тәжірибесі талай мәрте дәлелдегені белгілі. Әл Фараби жас ұрпаққа тәлім-тәрбие беріп, еңбекке үйретіп, еңбек тәрбиесін беретін адамды (ұстаздық ететін адамды) өте жоғары бағалаған. Оның ойынша тәрбиеші адам (қазіргі мұғалім) «мәңгі нұрдың қызметшісі»

Ұлы ойшыл Фараби тарихи шындықты, еңбекті, тәрбиені, оның ішінде еңбек тәрбиесін адамның игілігі, бақыты үшін қолдануды армандады. Адамның игілікке жету жолдары туралы ойларын Фараби «Сол кездің өзінде» экономиканың, саясаттың, мемлекеттік құрылыстың, отбасы тәрбиесінің, еңбек тәрбиесінің мәселелеріне байланыстыра отырып, аса қажет мызғымас берік негізге сүйенеді.

Әл Фараби адамдар бір-бірімен келісіп, тіл табысып отыруы керек деп есептеді. Әділеттіліктің қалыптасқан нормасы, әмбебап заңдар қажет екендігін ескерте келе ол заңдардың тәрбие арқылы жүзеге асатындығын дәйектейді. Оның ойынша, еңбексіз заң да, қоғам да ілгері дами алмайды. Ұлы ойшылдың заң күші туралы осы айтқандарынан қоғамдық келісімдер туралы идеяның алғашқы ұрығы жатқандығын аңғару қиын емес. Бұл идея Еуропада көп кейін өріс алды. Кейбір шығармаларында Фараби өз тұсындағы қоғамды астыртын ғана сынап отырды. Ондағы етек алған озбырлықтар мен қаталдықты, ақыл мен адамгершілік, еңбек тәртібі ұстанымдарының орасан бұрмалауынан деп түсіндірді.

Еңбек және еңбек тәрбиесінің ғылыми негізін қолдануда ХІІ ғасырда жазылған «Фарабидің энциклопедиясы» атты еңбектің маңызы өте зор. Бұл еңбектің құндылығы, оны басқа халықтардың өз қажетіне жаратып, оның еңбек заңдарына, еңбек адамдарының өз жұмысына саналылықпен, ұқыптылықпен қарап, өндірісті дамыту, еңбек өнімін, жеке адамның еңбекке құштарлығын, ынта-жігерін арттыру мақсаты көзделгендігінде.

Адам баласының межелеген айқын мақсаты арқасында ғана тұлға ретінде сомдалуға септесер білік-жүйе молая түспек. Демек, білімнің – білігің, сөзің – өзің. Бұл саты ғылым өріне өрлетпек. Ғұламаның айтуынша, ғылым адам санасына болмысы бөлек, ерекше ұшқырлы ұғымдарды орнықтыру арқылы ғана терең ұяламақ. Олай болса, ғылыммен айналысар адамның ақыл-ойы айқын, ерік-жігері зор, тілек-мақсаты ақиқат пен адалдыққа қызмет ету жолында болуы шарт. Жай

ләззат іздеу, кәсіп құмарлыққа ұқсас әрекет онда болмауы керек. Тіпті, бұл реттегі ғұламаның ғылым үйренуге кіріспекші кісі тәрбиелі, адамгершілігі мол, адал, қулық-сұмдықтан және басқа да ағат мінез-құлықтан аулақ болуы қажеттілігін айрықша айтуы ойлантпай қоймайды. Демек, бүгінде қаншама қажет болғанымен ғылымға бет бұру, ғылыммен айналысу еріккеннің ермегі емес. Білім-тәжірибе, ғылым -ілім нәтижесі адам бойына орасан ақыл-парасат сыйлайды. Білім - ғылымның құдіреті осында. Ал адамға ғана тән ақыл-парасат – адамның ойлауына, пайымдауына, ғылым мен өнердің қыр-сырын ұғуына, жақсылық пен жаман қылықтың аражігін ашуына бірден-бір жәрдемдесер, бірден-бір көмектесер бірегей құдіретті күш іспетті құбылыс. Демек, әл-Фарабише түйінделер тезис – қоғамдағы барша қиыншылықты жеңетін адамды бақытқа жеткізетін күш – адамның ақыл-ойы мен парасаты.

Сонымен, Әл Фараби туындыларының оның ішінде еңбек тәрбиесі, адамгершілік, игілік туралы тағылымдарының маңызы әлі күнге дейін өз маңызын жойған жоқ. Қайта оны тағылымдарының мазмұны қазіргі тәуелсіз Қазақстан жағдайында қайта түлеп, заман талабына сай жаңа көрініс алуда. Ол жаңа теориялық мазмұн алары хақ.

Әл Фарабидің ілімі Шығыс халықтарының, оның ішінде қазақ халқының педагогикалық ой-пікірінің дамуында революциялық төңкеріс болып есептелді. Демек, ол Шығыс халықтарының салт-санасының, әдет-ғұрпының ағартушылық тәлім-тәрбиелік, ой-пікірінің, ғұламалық тағылымының дамуында жаңа кезең ашып, халықтық педагогиканың негізін қалауы дейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Бейсенов А. «Әл – Фарабидің тұжырымдары» // Ақиқат. – 2006. - № 6, 70-73 б.
2. Жусанбаева Г. «Әбу Насыр Әл – Фарабидің халыққа білім беру жүйесін құруға қосқан үлесі.»// Қазақстан тарихы.- 2004.-№11, 49-52 б.
3. Григорян С.Н Великий мыслители Средней Азии. Москва, 1958. 12-бет.
4. Қазақ Совет энциклопедиясы. Алматы, 1973, II-том. 12-бет.
5. Медетбаев Т.С. «Әл-Фарабидің әдеби -ғылыми мұрасы». Автореферат.– Алматы, 1998, 32 б.
6. Машанов А. Әл Фараби. Алматы, 1970. 11-бет.

АХМЕТОВА ГУЛЬМИРА САГАДАЕВНА

І. Жансүгіров атындағы Жетісу Мемлекеттік университетінің магистрі., Нұр-Сұлтан қаласы №59 мектеп-лицейінің бастауыш сынып мұғалімі

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛЫҚ ТҰЛҒАСЫ: ӘЛ -ФАРАБИДІҢ ТӘРБИЕ ӘДІСІ МЕН ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

«Тәрбие – тал бесіктен» деген халық даналығының астарынан бір ғана мәселені, яғни, бала тәрбиесінің өте күрделі үдеріс екендігін айқын аңғаруға болады. Тәрбиені қажет ету мәселесінің адамзат қоғамымен бірге жасап келе жатқаны да талас тудырмайды. Өйткені, жас ұрпақ ғасырлар бойында

қалыптасып, жүйеленген тәлім-тәрбиені, баба салтын санасына біртіндеп сіңіріп, оны дағдыға айналдырып отырады. Тәрбие мәселесі әрбір кезеңде озық ойлы ойшылдар мен тәлімгерлердің еңбектері мен пайымдық ой-пікірлерінен де көрініс тауып отырған. Солардың ішінде, өз заманында «Әлемнің екінші ұстазы» атанған Әбу Насыр Әл-Фараби де тәрбиеге ерекше мән береді. **«Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың – қас жауы»** деген әл-Фарабидің атақты қағидасына сүйене отыра, алдымен, ұлы ойшылдың тәрбие жөніндегі ілімдеріне тоқталуды жөн көрдім.

Әл-Фараби шығармашылығында көрнекті орын алатын мәселенің бірі – тәрбие. Тіпті, оқып-білім алу, ғалым адам болу мәселесін тәрбиемен тығыз байланыстырады. Ол «Бақытқа жету жайында» атты еңбегінде тәрбиеге анықтама бере келіп: «Тәрбиелеу дегеніміз – халықтардың бойына білімге негізделген этикалық ізгіліктер мен өнерлерді дарыту әдісі деген сөз... осы қасиеттер және бұлармен байланысты әрекеттер адамдардың жан-дүниесін баурап алатындай және адамдарды осыған жан-тәнімен құштар ететіндей болуы көзделеді», — деп жазды.

Ғалым тәрбиелеу әдістерін «Қатты әдіс» және «Жұмсақ әдіс» деп екіге бөліп қарастырады. Ол оқыту мен тәрбиелеудің мақсаттарын жеке-жеке анықтап кеткен. Қазіргі тәрбие үрдісі тұрғысынан қарағанда «қатты әдіс» деп отырғаны – «жазалау», ал «жұмсақ әдіс» деп отырғаны – «мадақтау». Демек, Фараби педагогикалық ықпал ету әдістерін алғаш ұсынған, оның тиімділігін дәлелдеп кеткен ғалым десек, қателеспейміз. Ертеңіне лайық ұрпақ тәрбиелемеген елдің келешегі жоқ десек, сол ұрпақты тәрбиелеудегі ұстаз еңбегі- ұлы еңбек. Оқушыға терең білім берумен бірге, олардың шығармашылық қабілетін жетілдіру әр ұстаздың алдында тұрған үлкен міндет деп ойлаймын. Әбу Насыр Әл-Фараби тәрбиеге көнбейтін, жөндеуге, түзетуге болмайтын адам болмайтынын, тек үйретуден, баулудан жалықпау керектігін айтады. Ғалымның бұл ойын Абайша айтсақ, «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деген. Білімнің негізі – бастауышта, бастауыш білім – үздіксіз білім берудің алғашқы басқышы, қиын да жауапты іс. Бастауыш мектеп балаға білім беріп қана қоймай, оны жалпы дамыту, яғни сөйлесу, қоршаған орта жөнінде дұрыс көзқарас қалыптастыру, өз ойын ашық айтуға, салыстыра білуге, дәлелдеуге үйретеді. Фараби «Бақытқа жету жолы» атты трактатында жастарды батырлық, жомарттық, қайырымдылық, қанағаттылық, шешендік, доспейілділік секілді қасиеттерді ұрпақ бойына сіңіру үшін қалай тәрбиелеу қажеттігі жайлы нақты баяндап, өзінің педагогикалық жүйесінің белгілі құрамды бөлігі ретінде бала тәрбиесі мен оқыту мәселесін қатар алып қарастырады. Ол баланың жеке және жас ерекшелігіне мән беріп, балаға қамқорлықпен қарап, қарым-қатынас жасауға баса көңіл бөледі. Ежелгі грек ойшылдарына сілтеме жасай отырып ғұлама балаларды белсенді түрде оқытуды 7-8 жасынан бастауды нұсқайды. Ол оқыту, білім беру мәселелеріне үлкен назар аударып, бұл тұрғыда көптеген түбегейлі, терең пікірлер айтқан. Ол «Философтардың қойған сауалдарына жауаптар» деп аталатын еңбегінде педагогика, оқу, оқыту мәселелеріне қатысты жайларға тоқталады. Бала тәрбиесі, қоғам мен халықтың балаларды оқыту жөніндегі қамқорлығы, жастарды халық

өміріне байланысты біліммен қаруландыру, балаға оның жеке бас және жас ерекшеліктерін ескеріп, шын жүректен қамқорлықты қарым-қатынас жасау – барлығы Әл-Фарабидің педагогикалық жүйесінің құрамды бөлігі болды. Осыған орай мен өзімнің мақала тақырыбын «Ұлы даланың ұлық тұлғасы: Әл Фарабидің тәрбие әдісі мен құндылықтары» іліміне сүйене отырып, тәрбие мен білім сапасын арттыру мақсатында тандауыма негіз болды. Отбасындағы тұрмыстық және психологиялық қарым қатынас құру. Қазіргі тандағы қашықтан оқытуға балаға қолайлы жағдайды қалай ұйымдастыруға болады. Ең оңай жолы - нақты ережелер мен ұсыныстарды сақтай отырып, үйреніп, жаңа жүйеге ену. Әкесі мен баласы арасындағы қарым-қатынас арқылы білім беру процесінің сапасын арттыруға бағытталған.

Бұл мақалада сонымен қатар бірінші сынып оқушыларының әкелеріне арналған ұсыныстар бар.

Мақсаты:

- а) отбасындағы тұрмыстық және психологиялық зорлық-зомбылықтың алдын алу және білім беру үдерісі үшін қолайлы жағдай жасау, оның ішінде пандемия жағдайында қашықтықтан білім беруді ескеру;
- б) әкелерді мектептің жаңа әлемімен таныстыру;
- в) әкенің оқу-тәрбие процесіндегі мәні мен рөлі;
- г) баланың мектеп өміріне өту қиындықтарымен таныстыру және бірінші сынып оқушыларының ойдағыдай бейімделуі бойынша ұсыныстар мен тәжірибелік кеңестер беру.

Міндеті:

- а) отбасында салауатты ахуалды сақтау, толыққанды білім беру үдерісі үшін жағдай жасау және сол арқылы өзіне сенімді және білімге бейім баланың дамуына ықпал ету;
- б) бірінші сынып оқушыларының жетістікке жетуге деген ұмтылысын қолдау

Барлық балалар ұлдар да, қыздар да әкеге мұқтаж!

Оның қоғамы, оның сүйіспеншілігі мен қамқорлығы, достығы мен тәрбиесі баланың дұрыс өсуіне және дамуына көмектеседі. Балалар әкелерімен көбірек уақыт өткізіп, араласу, оқу және ойнау керек. Әкесі балалармен уақыт өткізу керек екенін бәріне мәлім. Ана мен әкенің үйлесімді жұп керемет жасай алады: мұндай отбасында балалар бақытты, олар жан-жақты дамиды. Әкенің қатысуы бала тәрбиесінде және оқу процесінде үлкен рөл атқарады.

Әке болып туылмайды, әке болу ол жауапкершілік Әкелік сезімі анаға қарағанда, ер адамдарда кеш байқалады. Жақсы әке болу үшін сізге не білу керек. Жақсы әкенің қасиеттерін қарастырайық:

- Әкесі балаға қол жетімді;
- Ол балаға түсініксіз нәрселерді түсіндіре алады;
- Ол мақтауға жомарт;
- Ұлымен немесе қызымен бірлескен іс-шараларға қатысқанды ұнатады;
- Балаларды материалдық қолдауға жауапкершілікпен қарайды;
- Баланың қызығушылықтары мен қажеттіліктеріне енеді;

ҚИНАЛМАЙ ОҚУ: Балаңызды қашықтықтан үйрену үшін ыңғайлы ортаны қалай ұйымдастыруға болады. Қашықтықтан оқыту бейімделуге уақытты қажет етеді. Ең оңай жолы - нақты ережелер мен ұсыныстарды сақтай отырып, үйреніп, жаңа жүйеге ену. Егер бұрын жауапкершіліктің негізгі бөлігі мұғалімдерге жүктелген болса, онда үйде оқыту жағдайында бақылау ата-аналардың мойнына ауысады. Мектеп оқушыларының әкелеріне арналған негізгі ұсыныс - білім алу үшін барлық қажетті жағдайларды жасау және мотивацияны қолдау. Сондай-ақ мұғалімдермен сөйлесіп, сұрақтар қоюдан қорықпаңыз.

ДЕМАЛЫС ЖӘНЕ БОС УАҚЫТ: Сабақ пен үй жұмысы арасында балалар демалуы керек. Мектептегідей үзілістерді дұрыс ұйымдастырып, баланың барлық 5-6 сағат бойы монитор алдында отырмауын қадағалау керек. Мұғалімдер бөлмелерді желдетуді, көз жаттығуларын жасауды және денені созуды ұсынады. Сіз музыканы қосып, балаларыңызбен бірге оқи аласыз - бұл ең жақсы мотивация. 2-3 сағаттық сабақтан кейін оқушы демалуы керек: түскі ас ішу, ойнау, мультфильм көру немесе таза ауада серуендеу. Сондай-ақ, жұмыс орнын ұқыпты ұстау, киіну және ұқыпты болу балалардың үйде оқуға байыпты қарауына көмектеседі. Өзіңіздің жұмыс үстеліңізде тамақтануға, қағаздарды немесе басқа қоқыстарды бүктеуге жол бермеңіз. Сыртқы түріне де қатысты. Бала мектепке пижамамен бармайды. Әрине, мектеп формасын киюдің қажеті жоқ, бірақ үй киімдері ұқыпты және жайлы болуы керек.

ҚҰРДАСТАРЫМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС САҚТАНЫЗ: Қоғамдағы қарым-қатынас - бұл барлық жастағы балалардың дамуындағы өте маңызды сәт. Мектепте бала барлық уақытта қоғамда болады, бірақ қашықтықтан оқыту кезінде ол жиі қажетті қарым-қатынастан айырылады. Ата-аналар балалардың сыныптастарымен және мектептегі достарымен сөйлесу керектігін есте ұстауы керек. Карантин кезінде олар қоңырау шала алады, бейне сілтеме арқылы байланысады, желіде бірге ойнай алады немесе фотосуреттермен алмасады. Әйтпесе, сабақтан кейін далада кездесіңіз немесе үйде бірге ойнаңыз.

Сонымен, әке бірінші сынып оқушысына не үйрете алады:

- Әке ананы толықтырады және қиын жағдайда бірінші сынып оқушысына қолдау көрсетеді;
- Әке баланы тәрбиелеу мен оқыту үрдісінде белсенді қатысады;
- Денсаулық және әл-ауқаты үшін жауапкершілікті өз мойнына алады;
- Әке отбасының болашағын жоспарлап отырады;
- Әке өмірлік жағдайда үлгі болады;
- Әке ненің жақсы, ненің жаман екенін анықтайды

Бірақ, әке баланы оқудағы жетістігі үшін мақтауды ұмытпауы керек, және сәтсіздіктерге емес, жетістіктерге назар аударған жөн. Әкесінің көмегімен бала өзін сәтсіздіктер саны бойынша емес, жеңістер мен жетістіктер саны бойынша дұрыс бағалауды үйренуі керек. Бұл жағдайда ол өзіне сенімді және жетістікке бағытталған тұлға ретінде өседі. Бірақ бұл үшін қарапайым және таныс емес «Жарайсың!» әкесі баласының маңызды нәрсені білгеніне немесе қиын тапсырманы жеңіп алғанына шын жүректен қуаныш білдіруі керек. Осы дағдылардың барлығын игеру, өзіңізге және балаңызға деген көзқарасты өзгерту

- әкенің баланың мектепке келуіне психологиялық дайындығы деп атауға болады. Әке баланың шынымен ересек болып келе жатқанына, оның өмірі енді оқу жылдарымен өлшенетініне және әр жыл сайын ол әкесінен бір қадам алыстап кететініне де дайын болуы керек. Бірінші мұғалім өзінің беделін қоса алады, сыныптастары мен жаңа достары жақын арада әкесі бұрын айтқан баланың бос уақытының көп бөлігін алып кетуі мүмкін. Ең қиын тапсырма - «Мен жақсымын». Аз уақыт өтеді және сіздің балаңыз кенеттен сіздің үміттеріңізді ақтай алмайды. Ата-аналар кінәлілерді өте тез табады: ол жалқау, ебедейсіз, тырыспайды, бағынбайды, мектепке барғысы келмейді, оған қызығушылық танытпайды, мұғалім: «Сашаның дәптеріне қараңызшы, ол қандай әдемі ...» және т.б.

БАЛАҢЫЗДЫ ЕШҚАШАН БАСҚА БАЛАЛАР МЕН САЛЫСТЫРМАҢЫЗ!

Бірінші сынып оқушысының даралыққа, басқаша болу құқығын мойындау. Ұлдар мен қыздарды ешқашан салыстырмаңыз, басқаларға үлгі етпеңіз: олар тіпті биологиялық жаста да ерекшеленеді - қыздар әдетте өз құрдастарынан, ер балалардан үлкен болады. Жақсы, немесе ештеңе жоқ. басқа бар! Біз салыстырамыз, бірақ бұл тек сол баланың кеше, бүгін және ертеңгі нәтижелері болады. Бұл MONITORING деп аталады. Біз мұны ЕРТЕҢ ҚАЛАЙ ЖӘНЕ НЕ ІСТЕЙТІНІН БІЛУ үшін жасаймыз. Біз мұны күн сайын өсу үшін жасаймыз. Тек оқуда ғана емес, іс-әрекетте де.

Әке бірінші сынып оқушысының бойында келесі қасиеттерді қалыптастыруға үлес қосады:

- Эмоционалдық ұстамдылық;
- Жетістік;
- Тепе-теңдік;
- Тыныштық;
- Жауапкершіліктің жоғары сезімі

Ұл бала әкесің қалай қабылдайды?

- 1) Әке – үлгі;
- 2) Толық отбасы: қарым-қатынас мәдениетімен танысу.;
- 3) Ұлдың денсаулығы әкенің қолында;
- 4) Әкем - ең жақын дос

Әке мен қыз: Қамқорлық пен нәзіктік қажет. Қызы үшін әкесі де белгілі бір мінез-құлық үлгісі болып табылады.

- 1) Әке - болашақ өмірлік серіктің үлгісі ...
- 2) Ізденімпаздыққа тәрбиеші.

Ұсыныстар: Балаңызға бере алатын ең маңызды нәрсе - сіздің назарыңыз. Оның мектеп туралы әңгімелерін тыңдаңыз, анықтайтын сұрақтар қойыңыз. Есіңізде болсын, сіздің ойыңызша маңызды емес нәрсе сіздің ұлыңыз немесе қызыңыз үшін ең қызықты болуы мүмкін. Егер бала сіздің істеріңізге және мазасыздығыңызға қызығушылық танытса, ол сізге қолдауды сезінеді. Мұқият тыңдау арқылы сіз баланың қай жерде көмекке мұқтаж екенін, мұғаліммен не туралы сөйлесуге болатындығын (баласыз) түсіне аласыз. Сіздің мектепке және мұғалімдерге деген оң көзқарасыңыз балаңыздың мектепте оқуын жеңілдетеді. Егер сіз жеке өзіңіз, ата-ана ретінде, мұғалімдерге бірнеше сұрақтар қойсаңыз да,

сізге басқаша әрекет ету қажет сияқты, барлық ересектер арасында қалуы керек. «Отбасы шеңберіндегі» мектеп туралы және мұғалімдер туралы жағымсыз немесе сыйламаушылық мәлімдемелер өте зиянды, бұл бейімделу кезеңін едәуір қиындатады, баланың жан тыныштығын және өзі үшін маңызды ересектер арасындағы қамқорлық пен үйлесімділікке деген сенімділікке нұқсан келтіреді.

Тәжірибелік кеңес:

- Балаңызға құрдастарымен қарым-қатынасты дамытуға және өзің сенімді сезінуге көмектесіңіз.
- Балаңызға мектептегі жаңа тәртіпке үйренуге көмектесіңіз.
- Бала мектепке психологиялық тұрғыдан ғана емес, физикалық тұрғыдан да үйренуге көмектесіңіз.
- Мектепте оқудың басталуымен жүйке жүйесіне, баланың есту мен көру қабілетіне дене мүшесіне, әсіресе омыртқаға жүктеме күрт артады.
- Егер сіз бұған дейін күнделікті кесте бойынша ұстанған болсаңыз, онда балаңызға жаңа кестеге үйренуге көмектесіңіз.

Библиографиялық тізім:

- 1.Бейсенов А. «Әл – Фарабидің тұжырымдары» // Ақиқат. – 2006. - № 6, 70-73 б.
- 2.Жусанбаева Г. «Әбу Насыр Әл – Фарабидің халыққа білім беру жүйесін құруға қосқан үлесі.»// Қазақстан тарихы.- 2004.-№11, 49-52 б.
- 3.Қалиев Ж «Халық педогогикалық және ағартушы ғалымдардың шығармаларындағы ұлттық тәлім – тәрбие үлгілері.» // Ұлт тағлымы.-2005.-№2, 31-34 б.
- 4.Кенжебаев Т. «Әбу Насыр Әл Фараби дидактика туралы»// Ұлт тағлымы. -2002 ж. № 1, 28-30 б.
- 5.«Фараби ойлары. Әлеуметтік этикалық трактаттар» //Парасат. -1994. №4. –2 -3
6. Гозман Л.Я. Психология эмоциональных отношений. М., 1987.
- 7.Лутошкин А.Н. Эмоциональные потенциалы коллектива. М., 1988.
- 8.Кан-Калик В.А. Учителю о педагогическом общении. М., 1987.

АШТАЕВА ГУЛЖАН МАХАНОВНА

*Нұр-Сұлтан қаласы
№71 мектеп-лицейінің
Бастауыш сынып мұғалімі*

ӨЗІН-ӨЗІ ДАМЫТА АЛАТЫН БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ТҰЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

***Аннотация:** Бұл мақала тұлғаның өзін-өзі дамыта алатын бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру мазмұны мен жолдарына арналған.*

«Қандай ғылым болса да, ол адам санасына, ерекше мәндерді ұғыну арқылы ұялайды» Әбу Насыр әл-Фараби

Біз өмір сүріп отырған ақпараттық қоғамда, көпмәдениетті ортада бәсекелестік заманда, жаһандануға қарыштап қадам басқан уақытта халқымыз үшін маңызы аса зор оқу-ағарту ісін халықаралық талапқа сәйкестендіру қажеттігі туындағаны даусыз. Еліміздің болашағы көркейіп, өркениетті елдер қатарына қосылуы, бүгінгі ұрпақ бейнесімен көрінеді.

Өткенімізге үңілер болсақ, әлемдегі «екінші ұстаз» атанған даңқты тұлға Әбу Насыр әл-Фараби өздігінен көп оқып жетілген ғалым. Ол Аристотельдің еңбектерін қызығып көп оқыған. Ибн Халликаның айтуына қарағанда, Әбу Насыр әл-Фараби Аристотельдің «Метафизикасын» қырық, «Жан туралы» еңбегін жүз, ал «Риторикасын» екі жүз рет оқып шыққан. Осындай ыждағаттылығының арқасында ғана ол Аристотельдің ғылыми мұрасын еркін игерген.

Әбу Насыр әл-Фараби «Азаматтық саясат», «Мемлекеттік қайраткерлердің нақыл сөздері», «Ғылымдардың шығуы», «Кемеңгерлік меруерті», «Метафизика» және «Музыка туралы үлкен кітап» сияқты 150-ге жуық философиялық және ғылыми трактаттар жазды. Ұлы ұстаздың даналығы бүгінгі таңда да өзекті және үлкен мәнге ие болып отыр. Ғылыми трактаттарын түсіну белгілі бір деңгейді, ішкі дайындық пен сананы қажет етеді.

Тұңғыш Президентіміз – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында әйгілі ғұлама ғалымның тұлғасы мен мұрасына лайықты баға бергенін жақсы білеміз.

Әбу Насыр әл-Фараби өз заманындағы білім, ғылым, өнер салаларының бәрінде де өшпес із қалдыра білген тұлға. Ол – астрономия, астрология, математика, логика, музыка, дәрігерлік, табиғат ғылымдары, социология, лингвистика, поэзия-риторика, философия сияқты ғылым салалары бойынша жүздеген астам ғылыми трактат жазған ғалым.

Бір күні әлде кім Әбу Насыр әл-Фарабиге тамаша болып толыса піскен алманы көрсетіп, сауал қойыпты: «Осы алманың бітім-болмысындағы жақсы қасиет не? Түсі ме, шырыны ма, әлде бітімі ме?». Сонда әл-Фараби: «Бәрінен де оның ұрығы тамаша. Өйткені, осы алманың өзі сол ұрықтан өсіп шыққан және одан бүкіл бақ пайда болды ғой!» - деп жауап берген екен.

Иә, әл-Фараби – қазақ халқының ғана емес, бүкіл әлемдік өркениеттің рухани игілігі, ислам және философиясының жарық жұлдызы. Ол әлемді тануға және бүкіл адамзаттың рухани дамуына теңдесіз үлес қосты. Әбу Насыр әл-Фараби көп оқып, ізденудің арқасында осындай нәтижеге қол жеткізді.

«Сендердің азат ойларың мен кемел білімдерің - елімізді қазір бізге көз жетпес алыста, қол жетпес қиянда көрінетін тың мақсаттарға апаратын **қүдіретті күш**» деген Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың жастарға арналған сөзі ұстаз қауымына зор жауапкершілік жүктеп отыр. Жаһандану үрдісінде әр баланың ақыл-ой еңбегінің дамуына ықпал жасайтын, оқушы жетістіктерін өрістетудегі негізгі тұлға-мұғалім. Әлемдік білім беру жүйесіндегі өзгерістер әр мұғалімнің оқыту мен оқу тәжірибесіне жаңа тәсілдерді енгізуді қажет етеді.

Қазіргі таңда білім берудің негізгі талаптарының бірі білімді үздіксіз жетілдіру және оқыту үрдісін интенсифтендіру болып табылады. Осы тұста оқушыға нақты білім беруді мақсат тұтқан мұғалімнің өз сабақтарын оқушының

идеясы мен білім-біліктілігін дамытуға ықпал ететін міндеттерге сай ұйымдастыруын талап етеді.

XX ғасырдың басында Жүсіпбек Аймауытов «сабақ беру үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол - жаңадан жаңаны табатын өнер» деген екен. Сондықтан педагогика жаңалықтарын пән ерекшеліктеріне қарай қолдана білу, оқушылардың қызығушылығын арттыра білу, оқыту мақсатына жетудің бірден-бір жолы.

Мен өзіме Lesson Stady бағытынды А, В, С оқушыларды зерттеу бағытынды өзін-өзі дамыту әдісін қолданамын. «Өзін-өзі дамыту» әдісіне қойылатын басты талаптар: оқушының берілген білімді саналы түрде ұғынуы, оның дәлдігі, өмірге көзқарасының қалыптасуы, өз бетінше білім алуға дайындығы, басқа білім негіздерін меңгеру нәтижелері.

Оқу мазмұны мен тәрбие әдістерін жаңарту бағытында оқушыларға сапалы білім мен саналы тәрбие беру үшін жан-жақты іздене отырып өз алдыма мынадай проблема қойдым. *«Мен шәкірттерімді ешқашанда үйретпеймін; мен тек олардың үйренуіне тиімді жағдайлар жасауға тырысамын» А. Эйнштейн айтқандай* оқушылардың өз бетімен жаңа сабақты игеруі, яғни , өзін-өзі жетілдіру әдісі.

«Өзін-өзі дамыту» әдісінің мені қызықтырғаны: оқушылардың өздерінің алдын-ала дайындалып, ізденіп, өз ойын дәлелдей білуімен ерекшеленді.

Оқушылар бір-бірінің қателерін тауып, сұрақтар қою арқылы білімдерін жетілдіріп отырды.

Оқыту үшін бағалау бұл білім алушылар өздерінің оқудың қандай сатысында тұрғанын, қандай бағытта даму керек және қажетті деңгейге қалай жету керек екендігін анықтау үшін оқушылар мен мұғалімдері қолданатын мәліметтерді іздеу және түсіндіру үдерісі [2]. Менің пікірімше, осы бағалаудың артықшылығы баламен бірлесіп ненің нәтижесінде мұндай баға алғанын және бағалау өлшемдерін түсіндіріп, талдау жасап отырғанда ғана оң нәтиже бермек. Сол кезде оқушы нәтижесін жақсарту үшін не істеу керектігін түсінеді.

Ян Амос Коменский айтуынша, басқаны үйреткен кісі қайталау арқылы меңгерген білімдерін нығайтумен ғана емес, пәнге үңілуге мүмкіндік алумен де өзін-өзі үйретеді. Сондықтан да асқан дарынды Иохим Форций өзі жайында: -не естіп, не оқысам да, соның бәрі тіпті бір айдың ішінде-ақ ойымнан шығып кетеді, ал басқаларға үйреткенімді өзімнің бес саусағымдай соншалық айқын білемін, - дейді екен.

Өзін-өзі дамыту» әдісін қолдану балаларға да, мұғалімге де үлкен жауапкершілік жүктейтіндігін сезіндім және топтық жұмыс арқылы оқушылардың сабаққа деген белсенділігі артатынына көзім жетті. Әр сабақта жағымды атмосфера орнату арқылы сабағымның ерекшелігін байқадым.

Сөзімді қорыта келе, әл-Фараби бабамыздың тапқыр сөздерімен аяқтағым келеді. Елаузында «Шығыс әмірлерінің бірі әл-Фарабиді сарайына арнайы шақырып, мынандай сауал қояды:

- Уа, Екінші ұстаз, менің мемлекетімнің болашағы қандай болмақ? Болжалыңды естігім келеді, - дейді.

Сонда әл-Фараби:

- Еліңнің болашағын білгің келсе, маған жастарыңды көрсет, сонсоң айтып берейін, - деген екен».

Мемлекеттің болашағы, үміті мен сенімі – жас ұрпақ тәрбиесіне үлкен жауапкершілікпен қарау, заман талабына лайықты мұғалімнің қызмет етуі қоғам дамуын алға бастайды. Ендеше, еңсені биіктетіп, еліміздің болашағы үшін ұлт мақтанышына айналар ұрпақты жетектеп, ұлы Абай айтқандай: «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деген ой иірімі ұрандарыңызға айналып, адамзат құндылығы – білім екенін көрсету жолында еш аянбаңыздар.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық [МАН 106-бет].
2. А Әлімов Интербелсенді әдістемені жжо-да қолдану мәселелері Оқу құралы Алматы-2013
3. Н.Назарбаев Қазақстан-2030*Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі,қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы, Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. Алматы.Білім.
4. <https://e-history.kz/kz/news/show/2160/>, <https://bilimdinews.kz>

БАКБЕРГЕНОВА К.А.

*Арнайы пәндер оқытушысы
Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің
«Техникалық колледжі» МҚКК*

ӘБУ НАСЫР ӘЛ ФАРАБИ – ДАНАЛЫҚ ДІНГЕГІ

Бұл мақалада студенттерге тәрбиелік мәні боларлық даналық сөздері келтірілген. Осы мақаланың мазмұны жастарды еңбекқорлыққа, адалдыққа және білім алуда аянбай еңбек ету болып табылады.

Түйінді сөздер: білім алу жолы; қарапайымдылығы; ұстаздық жолы.

Әл-Фараби Сырдария бойындағы Отырар қаласында 870 жылы туып, Шам (Дамаск) қаласында 950 жылы дүние салған. Отырар қаласын арабтар Фараб деп атаған. Осыған байланысты ұлы ұстаз Фараби (әл-Фараби) деп аталған. Махмұд Қашқари өзінің «Диуани лұғат ат-түрк» атты әйгілі еңбегінде «Фараб қаласының түрікше атауы – Қарашоқы» деп жазады. Ал, арабтың X ғасырда өмір сүрген әйгілі саяхатшы-географ ғалымы Әбу-л-Қасым ибн Хаукал өзінің «Саяхаттар мен мемлекеттер» деген еңбегінде «бұл шаһар – атақты философ әл-Фарабидің туған жері» деп көрсетеді. Әл-Фараби заманында ислам мәдениетінің дамып, өркендеуіне араб, парсы халықтары сияқты түркі жұрты да елеулі үлес қосты. Соның жарқын бір айғағы – Қазақ даласынан шыққан әл-Фараби. Әл-Фараби сауатын Отырар қаласында ашқанымен, одан әрі тынымсыз ізденіп, Бағдат, Мысыр, Шам, Халеб қалаларында білімін жетілдірген. Өз заманындағы білім,

ғылым, өнер салаларының бәрінде де өшпес із қалдыра білген. Ел аузында қазақ оқымыстылары айтты деген сөздер аз емес. Белгілі ғалым, этнограф А. Сейдімбек құрастырған тарихи тұлға, асқан оқымысты әл-Фараби бабамыздың тапқыр сөздерін назарларыңызға ұсынамыз Әбу Наср әл-Фараби (Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Узлағ Тархани) айтқан сөздері:

Бір күні әлде кім Әбу Наср әл-Фарабиге тамаша болып толыса піскен алманы көрсетіп, сауал қойыпты: «Осы алманың бітім-болмысындағы жақсы қасиет не? Түсі ме, шырыны ма, дәмі ме, әлде бітімі ме?» Сонда әл-Фараби: «Бәрінен де оның ұрығы тамаша. Өйткені, осы алманың өзі сол ұрықтан өсіп шыққан және одан бүкіл бақ пайда болды ғой!» – деп жауап берген екен [1,896].

Тарихшы Мұхаммед Хусайни еңбегінде Фараби өміріне қатысты мынадай бір қызық жайды баяндайды. Әл-Фараби бірде Дамаскідегі (Сирия) шығыс базарын аралап келе жатып, терлеп-тепшіп етік тазалап отырған балаға көзі түседі.

– Балақан, осынша қиналып, маңдай теріңді төккенде күніне қанша дирхам (ақша) табасың? – дейді Фараби. Сонда бала:

– Екі-ақ дирхам, – дейді мұңайып. Ұлы ғалым баланы аяп кетеді де, өзіне күн сайын Сайф ад-Даула жіберіп тұратын төрт дирхамды береді. Кейінірек сол бала Фарабидің ең жақсы шәкірттерінің бірі болған екен.

Әл-Фараби Бағдатқа келгенде оған Халифа Мұқтадид ибн-Муаффақ әл-Биллах (892-902) былай деп сұрақ қояды:

– Осы сені оқудың түбіне жетіпті деп естідім, сонда сен көп білесің бе, әлде Аристотель көп біле ме? Сонда әл-Фараби:

– Егер мен оның заманында өмір сүрген болсам, шүбәсіз оның үздік шәкірттерінің бірі болған болар едім, – деп жауап берген екен.

Ғылымның мәні туралы әңгіме өрбіген бір отырыста әл-Фарабиге «Данышпан кім?» деген сұрақ қойылыпты. Сонда әл-Фараби:

– «Данышпан кім?» деген сұраққа мен алдындағы өмірін ұмытпаған кісі деп жауап берер едім. Менің алдым – тұңғыық. Бүгін халифаның қадірменді қонағы ретінде төрдемін. Егер сынықтан сылтау шықса, ертең көрдемін ғой. Ғылым мен сопылық біріне бірі қарама-қарсы нәрсе. Ғылым – шындық, сопылық – сұмдық. Бұл – ақиқат, – деген екен. Бұл кез Бағдат халифасы Мұттақидан әл-Фарабидің зәбір көріп, қуғынға түсіп, бас сауғалап жүрген кезі болса керек.

Жолы түсіп, туған жері Отырарға қайта оралған бір шақта әл-Фараби төңірегіне ел балаларын жинап, оларды оқытуды ниет етеді. Кешікпей-ақ, ғұлама жерлесінің алдын көруге жиналған шәкірттердің саны көбейе түседі. Сондай күндердің бірінде бір жас бала сабаққа келгенде, оның атын сұраса, айтпайды. Жас шәкірт екі қолын көкірегіне басып, тағзым етіп тұрып былай дейді: – О, қадірлі ұстазым, өз есімімді өзім атай алмауыма мен жазықты емеспін. Ата-анам біле тұра маған сіз сияқты ұлы адамның атын қойыпты. Осы атым үшін талай рет опық жедім. Біреулер – қандай жақсы есім, Екінші ұстазға ұқсасаң игі десе, енді біреулер – қорашыл төбетті бөрбасар атаса да тазы болмас деп, мазақ етеді.

– Жақсы, балам, есімің Әбу-Наср екен, одан әрі қалай еді? – деп сұрайды Фараби.

– Осыған Исмаил Хаммедұлы дегенді қоссаңыз болады.

– Дұрыс, – дейді Фараби, – Әбу Наср Исмаил бин Хаммед. Бір Әбу-Наср оқытты, екінші Әбу-Наср оқыды, онда тұрған не бар. Бір Жауһариден (Ғаббас бин Саид әл-Жауһари Отырардан Бағдатқа барған математик, астроном, Бәйт ел-Хикметте профессор болған) оқыдым, екінші жауһариді оқыттым деп, мен де айтып жүрейін. Өмірің ұзақ болғай! Балам, Ғаббас Жауһаримен қандай жақындығың бар?

– Ол кісі бабаммен – туажат екен, әкеммен – жүрежат, менімен – тумайжат болады. Біздің арғы бабаларымыз – аталас, тіптен, құлажат – бір ауыл екенбіз. Жазғы жайлауымыз бір, тайпамыз – қаңлы. Неге екенін білмеймін, көбінесе қыпшақ дейтінін естіп жүрмін, – депті шәкірт бала. Әл-Фарабиден оқыған осы бала кейін көрнекті ғалым болады. Бағдатта ұстаздық етіп, «Сыхақ фи-л-лұғат» деген кітап жазады. Осы еңбегі араб тілінің көптеген кейінгі сөздіктеріне негіз болады. Әбу-Наср Исмаил бин Хаммед әл-Жаһари (937-1003 жылдар шамасы) өз заманының белгілі қайраткері де болған [2,170б].

Туған жерден шалғайға жүріп, бар өмірін ғылым-білімге сарп еткен әл-Фараби қартайған шағында өз елінің керуен-кіре тартып жүрген адамдарын кездестіріп қатты толқиды. Ел-жұрттың хал-жағдайын тәптіштеп сұрап, көңіл орнықтырған соң, қоштасарда өзінің жан серігі – «қыпшақ» деп аталатын домбырасының бетіне: «Айналайын атам қыпшақ, Туған жерім сағындым. Өз атыңа, үрметіңе Қайда жүрсем табындым!» – деп жазып, туған жері мен еліне сәлемдеме белгі ретінде беріп жіберген екен дейді.

Бір жолы әмір сарайында әкімдер, ғалымдар мен өнерпаздар бас қосқан сыр-сұхбат кеші өтіп жатса керек. Осы кешке жұпынылау киінген әл-Фараби тап болады да, елеусіз ғана бір шеттен орын алады. Небір тапқыр сөз сайыстары болып, небір арқалы өнер түрлері дебеле қоздырған кезде жиынды басқарушы: – Қонақтың қандай өнері бар екен? – деп әл-Фарабиге тіл қатады. Сонда әл-Фараби өзі жасаған «Қыпшақ» деп аталатын домбырасын қоржынынан алып, құлағын күйлеп тарта жөнеледі. Алғашқыда ортекедей ойнақтаған ерке күй жиналған жұрттың бәрін күлдіріп, еліктіріп әкеткендей болады. Мұнан әрі домбырасын басқаша күйлеп, сұңқылдата зарлатқанда тыңдаушы қауымның әрқайсысы өз басындағы қайғы-мұңмен қауышқандай, көздеріне жас алыпты дейді. Келесі бір тыныста, қыпшақ-домбыраның құлақ күйі қоңыр сазға ауысып, жанға рахат үнмен бесіктей тербегенде тыңдаушылар маужырап, қалғи бастайды. Сол кезде «Бұл күйлерді тартқан – қыпшақ әл-Фараби» деп бір парақ қағазға жазыпты да, әл-Фараби сарайдан шығып жүре берген екен дейді [3].

Осыдан қаншалықты дана екендігін көруге болады. Қазақ халқы әл-Фарабидей данышпан жерлесін лайықты мақтан тұтады. Қазақстандағы ең іргелі оқу орны – Алматыдағы ұлттық университет әл-Фараби есімімен аталады.

– Аристотельден кейін дүниежүзілік білім мен мәдениеттің екінші ұстазы атанған данышпан, ойшыл, энциклопедист ғалым, деген сөз дәл айтылған

Библиографиялық тізім:

1. Байғабылов Х.С. Ұлы ойшыл ғұлама // Ғұлама. Ойшыл. Ұстаз. ӘлФарабидің 1130 жылдығына арналған 2001 жылдың қазан айының 12 жұлдызында Отырарда

өткізілген Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары,- Алматы: Қазақпарат, 2001.Б.216.

2. Қозғамбаева Г.Б. Фараб және фарабтық ғұлама туралы зерттеулерден // Ғұлама. Ойшыл. Ұстаз. Әл-Фарабидің 1130 жылдығына арналған 2001 жылдың қазан айының 12 жұлдызында Отырарда өткізілген Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары,-Алматы: Қазақпарат, 2001.Б.216.

3. <https://e-history.kz/kz/publications/view/2485>

БЕКБАЕВ ДАУРЕН КАПАШЕВИЧ

*Преподаватель
Высший Политехнический
колледж, г. Нур-Султан*

КЛЮЧ К ОБРАЗОВАНИЮ – ВОСПИТАНИЕ

Воспитание – основа патриотизма этики культуры современного гражданина, личности, общества.

В данной статье представлены проблемы воспитания которые в современном мире являются проблемой необходимой и очень важной как воспитать человека гражданина и личность с большой буквы, Патриота своей страны будущего защитника Отечества, знающего уважающего свою историю свой Народ культуру других народов мира, вот достижение такого воспитания это главный процесс и важный самый для многих стран Мира.

И в данной статье постараемся найти подход решения проблемы воспитания подрастающего поколения через призму учения великого просветителя Востока Абу Наср Аль Фараби.

Ключевыми будут фразами социальные сети, технологии, инновации, цитата советского педагога Макаренко А.С.и другие...

Абú Наср Мухáммед ибн Мухáммед аль-Фарáби^{[2][3][4]}, употребительное сокращение имени — **аль-Фарáби** (в латинизированной форме — *Alpharabius*; [870](#) или [872](#)^[5], [Фараб](#)^[6], совр. [Казахстан](#) — между 14 декабря [950](#) и 12 января [951](#)^[7], [Дамаск](#)^[6], современная. [Сирия](#)) — философ, математик, теоретик музыки, учёный Востока. Один из крупнейших представителей [средневековой восточной философии](#). Аль-Фараби — автор комментариев к сочинениям [Аристотеля](#) (отсюда его почётное прозвище «Второй учитель») и [Платона](#). Его труды оказали влияние на [Ибн Сину](#), [Ибн Баджу](#), [Ибн Туфайля](#), [Ибн Рушда](#), а также на философию и науку средневековой Западной Европы. Ему приписывается создание [Отрарской библиотеки](#).

Известный великий ученый Аль-Фараби оставил в мировом сообществе великий и яркий след, которые показали всему миру его творения его учения и являются по сегодняшний день самыми актуальными и необходимыми. Прекрасные научные его труды и оказали влияние на многие понятия в жизни в науке философии культуре многих народов мира.

Воспитывает все: люди, вещи, явления, но прежде всего и дольше всего — люди. Из них на первом месте — родители и педагоги.

Именно начать решил с данной цитаты великим Советским педагогом, Макаренко Антон Семеновичем.

И также бесспорно можно сказать об «Аль-фараби» великом ученом и просветителе « Востока» и народов Востока, которого также можно достойно назвать педагогом «Востока» где конечно считается бесспорно «Вторым учителем».

В современном обществе в XXI веке, это время развития инновационных технологий, индустриализации, автоматизации и многих других достижений в мировом сообществе проблема воспитания подрастающего поколения является ключевым фактором воспитания. Бесспорно развитие научно-технической революции внедрение интернета, социальных сетей в нашей жизни стало нашим атрибутом и частью жизни, без которого не мыслим мы в данном случае развитие и жизнь нашу в целом. И в данном процессе идет постепенный обхват всей сферы нашей жизни интернетом (всемирная паутина) и не только ограничивается этим, а успешно внедряется также и в рабочие деловые и индивидуально-личные жизни каждого гражданина каждой страны отдельно взятой. Действительно в большом мировом информационном пространстве воспитать молодого человека, уметь его различать плохое от хорошего знать различные направления в деле воспитательного процесса – это сложная и скрупулезная задача. И потому это работа ежедневная повседневная требующая только самого пристального и важного внимания со стороны и родителей и педагогического коллектива.

Заглядывая вперед в будущее можно только восхищаться п тому что Аль-Фараби имел представление что воспитание это сложный процесс и в будущем она будет многогранная иметь свою форму и методы в зависимости от развития цивилизации человеческого и мирового сообщества в совокупности с научными промышленными технологическими и другими сферами прогрессивного развития.

Имея данные и доступ в социальные сети есть проекты ноу-хау внедрения новых идей в процессе воспитания через социальные сети где сейчас в основном находится и общается большая часть молодежи страны и мира. Быть всегда в курсе передовых событий новостей в мире Стране и во вселенной в целом. Очень прекрасная идея электронная библиотека которая есть на сайтах а также на различных рекламных продуктах. Также применить данный метод в процессе воспитания через социальные сети и различные электронные носители и электронные платформы которые пользуются большим спросом и популярностью в среде молодежи.

Воспитать современного гражданина, личность, патриота своей Родины Страны уважающего культуру ценности всех народов знающего историю всей цивилизации уважающего и почитающего памяти предков и великих известных личностей, владеющего несколькими языками народов мира и знающего традиции и культуру народов мира, все это бесспорно является воспитательным процессом в течении всей жизни и конечно для мотивации заинтересовать

молодое поколение изучать с большим интересом все это организовать проект «Культуры мира» в режиме онлайн, где лучшие из лучших ежегодно на бесплатной основе будут ездить изучать культуру язык быт традиции той страны и народа которую они выбрали на полугодовые курсы с носителями языка. Внедрить в учебники «QR коды» где учащийся или студент спокойно может зайти и найти всю ему необходимую информацию по данной теме. Воспитание через культуру- это связующее звено между поколениями старшего и молодого подрастающего.

Можно сказать уверенно что процесс воспитания также будет идти на уровне с требованием современного общества. И этот процесс будет постоянно в течении всей жизни, потому - что воспитание это неотъемлемая часть образования, и в этом процессе без ограничений возрастные категории, как говорится надо начинать с себя чтобы быть достойным примером для молодого поколения.

Использованная литература:

1. Материалы источники из интернета.
2. Материал из википедии. Свободная энциклопедия.
3. Макаренко Антон Семенович автобиография советский педагог. Цитаты.

БЕРМЕТОВА РАЯ ӘМІРЕҚЫЗЫ

*Жамбыл обл., Рысқұлов ауданы
«Қ. Сұлтанбеков атындағы
шағын орталықты орта мектеп» КММ
Бастауыш сынып мұғалімі*

БІЛІМ КІЛТІ – ТӘРБИЕ

Тәуелсіз Қазақстанның ұстанған даму бағыттарының бірі – рухани тұрғыда бай, интеллектуалды ұлт қалыптастыру. Осы ретте белгілі тарихи тұлғалар еңбектерінің ел болып қалыптасуымыз бен ұрпақ тәрбиелеуімізде алар орны ерекше. Сондай тұлғалардың бірі – әл-Фараби.

Ұлы ойшылдың білім мен тәрбие туралы айтқан келелі ойлары осы күндері де өзектілігін жойған емес. Әл-Фарабидің тәлім-тәрбие туралы пікірлері теориялық деңгейі жағынан педагогикалық ілімге негіз бола алады. Атап айтқанда, ғалымның қоғамды суреттейтін ізгілік тұғырнамасы қазіргі педагогиканың түпнегізі деуге болады.

Әл-Фараби адамзатты жаратылыстың ең жоғарғы құндылығы деп есептеді. Адамның адамдығын көрсететін тәрбие екендігін баса айтатын ойшылдың ілімі қазірде «Өзін-өзі тану» пәнінен сабақтастық тауып отыр. Педагогиканың жетекші бағыттарының бірі болған тәрбие саласын ойшылдың тәрбиенің заңдылықтары, әдіснамасы, мазмұны мен басты ұстанымдарын теориялық тұрғыдан сипаттайтын ой-пікірлері айқындай түседі. Заманауи педагогикадағы «тұлғаны қалыптастыру» қағидаты да ғұламаның қалдырған мұрасынан бастау алады. «Жақсы мінез-құлық

пен ақыл-күш – бұлар адамшылық қасиеттер болып табылады. Егер осы екеуі бірдей болып келсе, біз өз бойымыздан және өз әрекеттерімізден абзалдық пен кемелдікті табамыз және осы екеуінің арқасында біз ізгі игілікті және қайырымды адам боламыз, біздің өмір бейнеміз қайырымды, ал мінез-құлқымыз мақтаулы болады,»- деген ғалым тұлға қалыптастыруда тәрбиеге баса назар аудару қажеттігін жеткізген.

Оның педагогикалық тұжырымдамасы бойынша тәлім-тәрбие мен оқу-білім өзара тығыз байланыста. «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие беру керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі». Қазіргі педагогика ғылымының басты ұстанымы – ғалымның осы пікірі. Өйткені жаһандану заманында болашақ білімділердің қолында екендігі бәріне мәлім. Тұтас бір ұлттың, елдің дамуы мен жетістіктерге жетуі білім сапасына байланысты. Ал білім мен тәрбие қатар жүрген жерде рухани байлық та, ғылыми жетістер де болатыны сөзсіз.

Сонымен қатар ғалым білім берудегі ұстаз ролін де ұмыт қалдырмаған. Жас ұрпаққа тәлім беріп, еңбекке үйретіп, еңбек тәрбиесін беретін адамды, яғни ұстаздарды өте жоғары бағалаған. Оның ойынша, тәрбиеші адам «мәңгі нұрдың қызметшісі».

«Ұстаз тарапынан барынша ынталылық пен табандылық қажет, өйткені бұлар, – жұрт айтқандай, – тамшысымен тас тесетін бейнебір су тәрізді». Осы сөздерінен ойшылдың ұстаздарға да жоғары талап қойғандығын, оларды дана болу керек деп санағандығын аңғаруға болады. Расында, адамзатқа тәрбие беруші – алдымен отбасы болса, одан кейін – ұстаз. Ұстаздың танымы, білімі мен даналығы оның тәлімгерлеріне айнытпай берілетіндігін әл-Фараби басып айтқан.

Әл-Фараби өз еңбектерінде педагогикалық тұрғыдан ғана емес, тұтас бір қауымдастықтың, халықтың бақытты болу жолында тәрбиенің алатын орнын да зерттеген. «Азаматтарды бақытқа жетелеудің жолы» атты зерттеуде: «Қала әкімі мен мұғалім бірдей дәрежеде тәрбиеші болып табылады. Мұғалім бала тәрбиелесе, әкім қала тұрғындарын тәрбиелейді», - деген байламға келеді. Оның ойынша, білім алу арқылы дүниені танып білуге, оның әсемдігі мен толыққандылығын байқауға болады. «Әрі оқып-білу үшін, әртүрлі кәсіпті меңгеру үшін, адамгершілік қасиетті қалыптастыру үшін, талмай еңбек етіп, ерік-жігерді дамыту қажет, әрі оған тәрбиелеу және өзін-өзі тәрбиелеу арқасында жетуге болады».

Сондай-ақ ғалым тәрбиенің ішінде еңбек тәрбиесін де сөз етіп, оның теориясы ғылымға негізделуі қажет деп есептеген. Ол «Еңбектің өзі өнер - еңбек тәрбиесі сол өнерден туындайды, әрбір адамды еңбекке баулиды, еңбек шеберлігіне үйретеді. Олардың еңбек ету дағдысын қалыптастырады,»- дей келе, еңбекті қоғамның өмір сүруінің алғышарты ретінде қарастырған. Сайып келгенде, өмірінің жайлы жалғасуы үшін адамды еңбекке тәрбиелеу керек деуге болады.

Ал «Бақытқа жету жайында» атты еңбегінде тәрбиеге анықтама бере отырып: «Тәрбиелеу дегеніміз – халықтардың бойына білімге негізделген этикалық ізгіліктер мен өнерлерді дарыту әдісі деген сөз... осы қасиеттер және бұлармен байланысты әрекеттер адамдардың жан-дүниесін баурап алатындай

және адамдарды осыған жан-тәнімен құштар ететіндей болуы көзделеді», — деп жазды. Яғни тәрбие – педагогика тұрғысынан ғана қаралатын белгілі бір сала ғана емес, күллі адамзат баласының болашағын қалыптастыратын іргетас деуге болады.

Ойшылдың пікірінше, тәрбие, білім алу, еңбек ету адамгершілік пен еңбек тәрбиесімен тығыз байланысты. Ол адал әрі таза еңбекті тәрбиенің алғышарты деп көрсетеді. «Тәрбиені неден бастау керек» атты еңбегінде ғылымды, оқу-ағартуды меңгеру, білім тәрбие алу, еңбекке үйрену, философияны меңгеру тәрбие әдістеріне байланысты екенін ғылыми тұрғыда дәлелдейді. Соның негізінде оқыту мен тәрбиелеудің мақсаттарын жеке-жеке анықтайды.

Әлемнің екінші ұстазы атанған әл-Фараби еңбектерін зерттей келе, оның тәрбиелеу, білім беру туралы идеяларының психологиямен тығыз байланыста қарастырылғанын аңғаруға болады. «Жан туралы», «Ақыл-ой және ұғым», «Ересектердің ақыл-ойы туралы кітап» сияқты еңбектерінде Аристотельдің жан туралы ілімі жалғасын тапты. Осы саланың жүйесі мен психологиялық терминологияны алғаш ұсынған да – әл-Фараби. Оның психология, педагогика, медицина туралы айтқан ойларының көпшілігі қазіргі кезге дейін өзектілігін жоғалтпаған.

Жалпы, әл-Фарабидің еңбектерінде адамзаттың толыққанды өмірі мен алға қойған мақсаттарына жетуге бағытталған құралдардың барлығы қамтылған деуге болады. Адам өміріне мән беретін оқу, білім, тәрбие мен бақыт, қосалқы қызмет атқаратын саясат, қызмет, мансап жөнінде де сөз қозғаған. Батыс білімі мен шығыс ілімі арасында алтын көпірге айналған философтың салмақты ойлары мен өткір пікірлері бүгінде көптеген ғылым салаларының теориялық негіздеріне арқау болып отыр.

Ғалымның еңбектерін саралай отырып, оның заманауи педагогикаға негіз болған тәрбиелік идеялар мен адами құндылықтарды кеңінен қамтығанын анық көруге болады. Сондықтан да ұлы ғалымды қазіргі педагогика ғылымының негізін салушы деп санауға толық негіз бар. Ал педагогикалық тұрғыда қарастырсақ, оның еңбектерінің басты тұжырымы – оқушыларға саналы тәртіп, сапалы білім беріп, пайдалы қоғамдық еңбекке баулу. Егемен еліміздің бет бұрған «Рухани жаңғыру» бағыты да ұлы ойшылдың қалдырған игі мұрасына негізделгені анық.

Әдебиеттер тізімі:

1. Әбу Насыр әл-Фарабидің ақыл-ой пікірлері мен нақыл сөздері: жинақ – Алматы : Қазақ ун-ті, 2020.
2. Аль-Фараби. Философские трактаты, Алматы, 1972.
3. М.Бурабаев. Өшпес жұлдыздар. Ұлы ғалымдар өмірінен (ҮІІІ-ХІҮ ғғ), Алматы, 1989.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ НА УРОКЕ

В 2020 году под эгидой ЮНЕСКО в международном масштабе, отмечалось 1150-летие Аль-Фараби, выдающемуся мыслителю Востока. Талант философа таков, что, несмотря на более чем тысячелетнюю историю, взгляды аль-Фараби актуальны и сегодня. Недаром президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев обратил внимание на то, что формирование ценностных ориентиров у подрастающего поколения казахстанцев должно быть неразрывно связано с духовным наследием Аль-Фараби [1].

Высказывания философа применяю на своих уроках. В этом мне помогают инновационные технологии.

Сегодня невозможно представить современный процесс обучения без использования инновационных технологий. При использовании интерактивных методов обучаемый становится полноправным участником процесса восприятия, его опыт служит основным источником учебного познания. Преподаватель не даёт готовых знаний, но побуждает обучаемых к самостоятельному поиску. Активность педагога уступает место активности обучаемых, а задачей педагога становится создание условий для их инициативы. Применение инновационных технологий повышают эффективность и качество урока, мотивацию учащихся, оказывает влияние на успешное усвоение языковых знаний в рамках обновленного обучения. Использование ИКТ на своих уроках, позволяет сделать процесс обучения мобильным, строго дифференцированным, индивидуальным.

Обучение физики на уроках сегодня нельзя представить только в виде теоретических занятий, необходимо поддерживать интерес к физике, использовать разнообразные пути и методы стимулирования учебной деятельности. Инновационные технологии можно использовать на всех этапах процесса обучения: при объяснении нового материала, закреплении, повторении, контроле ЗУН. Использование ИКТ на уроке дополняет учебный процесс, является неотъемлемой его частью, повышает активность учащихся, развивает их способности, побуждает к получению знаний, повышает качество образования [2].

Уроки, на которых применяют инновационные технологии, открывают для учащихся ряд возможностей: позволяют ученикам применять теоретические знания на практике, максимально приближают обучение к реальным жизненным и производственным условиям, обеспечивают самостоятельность учащихся, создают на уроке обстановку соревнований, способствуют развитию инициативы учащихся, развивают коммуникативные навыки.

Педагогу в современной школе необходимо уметь работать с современными средствами обучения, чтобы обеспечить учащимся качественное образование.

Использование инновационных информационных технологий на уроках физики является простой необходимостью, отвечает реальным требованиям

рынка образовательных услуг и является ключевым показателем качества учебной деятельности.

Список использованной литературы

1. Интернет ресурсы
2. <http://festival.1september.ru/articles/632548/>, «Инновационные технологии на современном уроке физики»

ДӘУРЕНОВА АЙГҮЛ КЕЛЕСҚЫЗЫ

*№16 И.В. Панфилов атындағы
жалпы орта мектептің
бастауыш сынып мұғалімі*

Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек,
тәрбиесіз берілген білім — адамзаттың қас жауы,
ол келешекте оның барлық өміріне опат әкеледі.

Әбу Насыр әл-Фараби

ЕЛ ЕРТЕҢІ –ТӘРБИЕЛІ ҰРПАҚ

Тәрбиелі ұрпақ – ел болашағы. Еліміздің болашағы – ертеңгі тәртіпті де тәрбиелі ұрпақ екені даусыз. Сол тәртіпті, тәрбиелі ұрпақ өсіру - баршаға ортақ, әрі міндет.

Тәрбиенің кілті – отбасының өмір тіршілігіне байланысты. Әсіресе, ата-ананың адамгершілік бейнесі балаларды тәрбиелеудің негізгі көзі. «Қыран ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» ғой. Бала өмірінің алғашқы күнінен бастап ата-ана өздерінің негізгі борыштарын атқаруға кіріседі, яғни оларға тәрбиеші бола бастайды. Отбасының берік негізі міне, рухани мүдденің бірлігінде болмақ. Оның біртұтас тату болуы, береке бірлігі, ең алдымен әке-шешенің бір-біріне, балаларына қалай қарайтындығына байланысты. «Тәрбиесі жаманға жақсы ұстаздан пайда жоқ» деп өте орынды айтылған. Бала тәрбиесін ертеден бастаған жөн. Жақсы қылыққа, адалдыққа тәрбиелеуде ата - ананың ықпалы балаға үлкен әсерін тигізеді. Сондықтан, құрметті ата - аналар, балаларыңыздың бойынан жат қылық көрсеңіздер, мұғалімдерді, жолдастарын, қоғамды кінәлаудан гөрі, «мен баламды тәрбиелеуде қай жерінен ағаттық жібердім, баламның бойына жақсы әдет сіңіруде, жақсы тәрбие беруде қай жерден жаңылдым» деген ой түйсеңіздер құба-құп болар еді. Тәрбие отбасынан басталары сөзсіз. Адам баласының шыр етіп өмірге келгенде көрері ата - ана, ал ата - ана өмірінің жалғасы – бала. Өмірінің жалғасы баласының керемет ғалым болмаса да, тәрбиелі, үлгілі, ақылды, кішіпейіл, бауырмашыл, қайырымды, мейірімді, қанағатшыл болып өсуін кім қадағалайды?! Солай өсуіне ендеше ортақтасып ықпал жасайық. «Тәрбие басы – тал бесік», «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің, «Тәрбие ата - ана тәлімінен» деген сияқты, арғы

ата-бабаларымыз керемет өсиет сөздер қалдырған.

Мектептегі білім мен тәрбие беру негізі бастауыш сыныптардан басталады. Бастауыш сынып мұғалімі – пән оқытушы ғана емес, ол – бағбан, баланың болашағына бағыт беруші, бала бойындағы қабілетінің көзін ашушы, қорғанышы деуге болады. Барлық білімнің негізі бастауышта қаланатын болса, балаға дәл осы кезде білім беріп қалудың маңызы зор. Бастауыш мектеп – баланы оқуға үйрету мен тәрбиелеу, оның тұлға ретінде өзін-өзі ашуға, жалпы дамуының қалыптасуына жағдай жасайтын негізгі саты. Жалпы адамның мектептегі білім алу кезеңі және тұтас педагогикалық үрдіс сапалы нәтижеге жету үшін бастауыш сыныптардағы оқу-тәрбие үрдісі қазіргі заман талаптарына сай құрылуы шарт. Мектептегі кез-келген жаңарулар бастауыш мектептен бастау алады. Сондықтан бастауыш мұғаліміне қойылар талап пен жауапкершілік те салмақты.

Бала дегеніміз – біздің жарқын болашақ. Балаларымызды қалай тәрбиелесек, болашағымыз солай болмақ. «Жас ұрпақ – келешектің қожасы» деп В. Г. Белинский айтқандай болашағымыз бен келешегіміздің қожасы балаларымызды білімді де мәдениетті, тәрбиелі де әдепті, кішіпейіл де қарапайым етіп тәрбиелеу өз қолымызда. Белгілі тарихи жағдайларда ғана көрініп және жойылып отыратын басқа қоғамдық құбылыстарға қарағанда тәрбиенің мәңгі бақи категория қатарына жататындығы ғылымда әбден нақтыланған. Сонау Орта ғасырларда адамзат ілімінің молайып, ақыл- парасатының жетілуін, оқу-ағартудың қажеттілігін айтып, білім алудың маңызын анықтауда орасан зор еңбек сіңірген ғұламалардың бірі, еңбек тәрбиесінің және оның теориясын жасаушылардың бірегейі Әбу Насыр Әл-Фараби екені мәлім.

Әл-Фараби жетілген тұлғаны тәрбиелеу үшін «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие беру керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі» деген басты қағиданы ұсынды. Әл-Фараби тәрбиенің, оның ішінде еңбек тәрбиесінің теориясы ғылымға негізделуі қажет деп санады. Ол ғылымды тарихи үрдіс деп түсініп, ғылым жүйелі түрде құрылған білімнің жоғарғы формасы деген анықтама берген. Фараби өмір сүрген дәуірде педагогика ұғымы болмағаны белгілі. Алайда ол оқу-ағарту мен тәрбие туралы, еңбек мәдениеті туралы ілім жасады. Еңбектің өзі — өнер. Ал еңбек тәрбиесі сол өнерден туындайды, әрбір адамды еңбекке баулиды, еңбек шеберлігіне үйретеді. Олардың еңбек ету дағдысын қалыптастырады, — деген болатын Фараби. Ол еңбек өмір сүрудің негізі, адамзат тіршілігінің мәңгілік, табиғи шарты деп қарастырды. Адам еңбегі бағытталған нәрсенің бәрі еңбек заттары деп аталады. Оның еңбек туралы бұл тұжырымдарын күні бүгінге дейін жалғастырып келе жатқан ғалымдар бар.

Еңбек тәрбиесінің теориясын жасауда ол Аристотель негізін салған теорияның анықтамасына сүйенеді. Демек, ол қандайда болсын құбылысты түсіндіруге бағытталған ұғымның, идеяның, белгілі бір саласының мәнді байланыстары мен заңдылықтары жөнінде толық түсінік беретін ғылыми білімді қорытудың ең жоғарғы формасы деген қағиданы ұдайы басшылыққа алған Фараби еңбек тәрбиесінің теориясын “Өзінің ішкі құрылымы жағынан бір-бірімен

логикалы байланыста болатын біртұтас білім жүйесін құрайды “деп тұжырымдайды.

Педагогикалық тұрғыда қарастырсақ, бұл тұжырым — “оқушыларға саналы тәртіп, сапалы білім беру, пайдалы қоғамдық еңбекке баулу” деген сөз. Фараби еңбек тәрбиесінің теориясын жасауда еркін еңбектің адамның жан-жақты дамуы үшін маңызы зор екенін атап көрсетеді.

Фараби ең алғаш еңбекті, таза еңбекті, адал еңбекті тәрбиенің алғышарты етіп алады. “Тәрбиені неден бастау керек”, Философия-меңгеру, білім-тәрбие алу, еңбекке үйрену, философияны меңгеру тәрбие әдістеріне байланысты екенін ғылыми тұрғыда дәлелдейді. Осы негізде ол оқыту мен тәрбиелеудің мақсаттарын жеке-жеке анықтайды. “Ғылымдар тізбегі”, “Ғылымдардың шығуы” еңбектерінде ғылымдарды үйрену, үйрету реттерін белгілейді және тәрбиенің, оның ішінде еңбек тәрбиесінің тарихи тағылымын, үлгісін болашақ ұрпаққа өнеге, тәлім етіп қалдырады.

Әл-Фараби жас ұрпаққа тәлім-тәрбие беріп, еңбекке үйретіп, еңбек тәрбиесін беретін адамды (ұстаздық ететін адамды) өте жоғары бағалаған. Оның ойынша, тәрбиеші адам (қазіргі мұғалім) – “мәңгі нұрдың қызметшісі”. Фарабидің шәкірті, оның ілімін әрі қарай жалғастырушы Ибн-Синаның “Фарабидің тәрбие тағылымдарының ең маңыздысы әрбір жеке адамды еңбекке тәрбиелеу болды. Өйткені, еңбексүйгіштік, еңбек ете білуге және еңбекке ынталы болуға тәрбиелеу. Ол кімде-кім өзінің тіршілігі үшін, өзіне пайда келтіретін еңбекпен айналысқанда ғана нағыз ел адамы бола алады деген өмірлік өсиет қалдырып кетті” — деуі бекер емес.

Ұлы ойшыл Фараби тарихи шындықты, еңбекті, тәрбиені, оның ішінде еңбек тәрбиесін адамның игілігі, бақыты үшін қолдануды армандады.

Бастауыш білім –үздіксіз білім берудің алғашқы басқышы. «Жас бала жаңа өркен жайған жасыл ағаш тәрізді» дейді халқымыз. Қазіргі кезде оқу мен тәрбие саласына қойылатын міндет – талабы таудай дарынды жеке тұлғаны іздеп тауып, жетілдіріп шығару. Сондықтан да бастауыш мектеп алдында балаға жүйеленіп, дайындалып берген белгілі бір білімді беріп қоймай оны жалпы дамыту, қоршаған орта жөнінде дұрыс көзқарас қалыптастыру, талдау жасауға үйрету, ойын дұрыс жеткізе білуге шығармашылық бағытта жұмыс істейтін жеке тұлға қалыптастыру болып табылады .

«Бұлақ көрсең, көзін аш» деген халқымыз. Жалпы, шығармашылық туынды өмірге келгенге дейін ұстаз шәкірттің өнеге тұтар ақылшысы, пікірлес бапкері болуға тиіс.

Қазақта «Тамыздығын тапсаң, тас та жанады» деген сөз бар. Өйткені, оның мақсаты – әрбір балаға терең білім мен тәрбие беріп ғана қоймай, әр баланың табиғи қасиетін, жеке қасиетін ашып, жеке тұлғаны қалыптастыру.

Бастауыш мектеп – оқушы тұлғасы мен санасының дамуы қуатты, ерекше құнды қайталанбас кезең. Сондықтан бастауыш білім үздіксіз білім берудің алғашқы басқышы, жауапты жұмыс. Бастауыш мектеп балаға білім беріп қана қоймай, оны жалпы дамытады, яғни сөйлеуін, оқуын, қоршаған орта жөнінде дұрыс көзқарасын қалыптастырады.

Елбасы өз сөзінде: «Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, болашақты білімді ұрпақ айқындайды, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаз қолында» деп атап көрсетті. Қазіргі таңдағы мақсатымыз жаңа кезеңде жас ұрпақты тәрбиелеудегі актуалды мәселелерді тиімді шешілуін ұйымдастыру. Еліміздің болашағы - ұрпақ тәрбиесінде. Бүгінгі таңда оқушыға әлемдік ғылым мен прогресс деңгейіне сәйкес білім мен тәрбие беру, оның рухани байлығы мен мәдениеттілігін, ойлай білу мүмкіндігін жетілдіру, сонымен қатар әр адамның кәсіби біліктілігі мен білімділігін, іскерлігін арттыру әділетті қоғамның міндеті болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Білімдегі жаңалықтар №2 2009ж
- 2.Қазақстан мектебі №5 2008ж
- 3.Бастауыш мектеп №5 2008ж
- 4.Бастауыш сынып №7 2012ж
- 5.Білімдегі жаңалықтар №2 2010ж
- 6.Бастауыш мектеп №3 2011ж
- 7.Отбасындағы әлеуметтік педагогикалық жұмыс «Парасат әлемі» баспасы 2005 ж.

ДЖУНУСОВА ДАМИРА ЕРНАРҚЫЗЫ

Білім беруді жаңғырту орталығының әдіскері

ӘЛ-ФАРАБИ МҰРАСЫ ЖӘНЕ ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ

Әлемнің ұлы ойшыл-философтары әр дәуірде бақытты өмір, бақуатты тұрмыс мәселелері жөнінде ой толғаған. Солардың ішінде Әбу Насыр әл-Фарабидің осы тақырыпқа арналған «Бақыт жолын сілтеу», «Бақытқа жету жайында» атты еңбектерінің орны бөлек. Ол өз шығармаларында адамзат өміріндегі ең өзекті мәселе – бақыт идеясын ұсынады. Ғұлама ғалым адам бақытын басты орынға қояды. Бақыт дегеніміз – өмірден ләззат алу емес, әрекетшіл ақыл-парасат арқылы мақсатқа жету екенін айтады. Фараби бақытқа кеңелу формуласын «Адамның өзін-өзі жетілдіре отырып, кемелдікке жету жолы» деп көрсетеді.

«Тәрбие – тал бесіктен» деген халық даналығына орай, ұрпақ санасына атабабадан мирас болып келе жатқан адами қасиеттерді, рухани құндылықтарды шым-шымдап сіңіре беру керек. Бұл мәселеге үлкен жауапкершілікпен қараған жөн. Өйткені әр перзент – еліміздің ертеңі, мемлекетіміздің болашағы.

Әл-Фараби адамның өзін-өзі жетілдіріп, кемелдікке келу жолында отбасының ерекше рөл атқаратынын айтқан. Үлгілі отбасында тәрбиеленген азамат сол ізгі қоғамның, қайырымды қаланың қадірлі тұрғыны болмақ.

Отбасындағы күнделікті жақсы әдет тұрақты қасиетке айналса, бақытқа жетудің алғашқы қадамы жасалмақ.

Әр отбасының береке-бірлігін, әл-ауқатын нығайту – аса маңызды міндет. Отбасы институтын әлеуметтік қорғау және қолдау арқылы азаматтарымыздың жақсылыққа жетуіне жол ашатынымыз анық. Қазіргі таңда дамыған мемлекеттер ең алдымен, азаматтардың табысын арттырып, тұрмыс сапасын жақсартуға баса мән береді. Бүкіл мемлекеттік аппараттың тиімділігі осы көрсеткіш бойынша бағаланады. Біз бақытты отбасын құруға, денсаулығы зор және саналы ұрпақ тәрбиелеуге жағдай жасауымыз керек. Сол себепті бүгінде отбасы институты мемлекеттердің жаһандық бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыратын негізгі мәселеге айналды. Ұлтымыздың басты капиталы – озық ойлы әрі рухани тұрғыда кемелденген азаматтарды тәрбиелеп өсіру осыдан бастау алады.

Егемен елімізді одан әрі өркендету үшін отбасы институтын әлеуметтік саясатымыздың өзегіне айналдыруымыз керек. Азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету жүйесі отбасын құру, оны нығайту және оған жан-жақты қолдау көрсетуге негізделуге тиіс. Жыл сайын адами құндылықтарды жаңғыртуға, үлгілі отбасыларды дәріптеуге және оның мәртебесін арттыруға бағытталған «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауы өткізіліп келеді. Мұндай байқаулар отбасы институтын нығайтуға, ата-ананың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін арттыруға ықпал етеді. Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия Фараби ілімінің бақытты отбасы моделін ұзақмерзімді стратегияға айналдырғаны дұрыс болар еді.

Ұлы ойшылдың пікірінше, адамның кемелденуіне ең басты ықпал етуші күш – білім. Ұлы бабамыздың білім мен тәрбиені ұштастыра жүргізу хақындағы ой-тұжырымдары ғасырлар бойы өмір шындығынан туған қағидаға айналды. Сондықтан жас ұрпаққа білім мен ғылымды ғана үйретіп қоймай, жан-жақты тәрбие беріп, адами қасиеттерді сіңіру аса маңызды. Мұндай ізгі ұмтылысқа ең алдымен, мемлекет мүдделі әрі жауапты болуға тиіс. Бұл орайда Білім және ғылым министрлігі білім мен тәрбиені қатар өрістету ісін жандандыра түскені абзал деп ойлаймыз.

Тәлім-тәрбиенің кілті ақыл-парасаты мол ата-ананың ғана емес, білімі терең, тағылымы тамырлы ұстаздың да қолында болады. Адам баласы жақсылыққа жету жолында, әл-Фараби тілімен айтқанда, «ақылгөй ұстазға зәру». Бұл зәруліктің орнын білікті педагогтер, ұлағатты ұстаздар даярлау арқылы толтыруға болады.

Әл-Фараби нұсқағандай, бақытқа кенелудің кепілі – орнықты мінез-кұлық пен ақыл-парасат. Сонымен қатар ұлы кемеңгер адамның жетілуі оның денсаулығына тікелей байланысты екенін айтады. Халқымыз «Тәні саудың – жаны сау» дейді. Ендеше біз әр азаматтың дені сау болуына жете назар аударуға тиіспіз. Данышпан ойшыл ержүректілік пен қайсарлықты да жоғары бағалайды. Әр адам қауіпті сәттерде айналасын, елін қорғап қалуға дайын тұруы қажет. Бұл қасиет адам бойына бала күнінен даруы керек. Демек біз патриоттық тәрбиеге де баса мән бергеніміз жөн.

Әл-Фараби жақсылыққа жету жолдарын көрсеткенде үнемшілдік пен ысырапшылықты назардан тыс қалдырмайды. Ол сондай-ақ шектен тыс рахатқа бөлену тойымсыздыққа, қомағайлыққа соқтыратынын ескертеді. Ал қомағайлық жемқорлыққа әкеледі. Бұл да – ел дамуын тежейтін аса қатерлі індет. Мемлекетіміз мұндай кеселмен толассыз күрес жүргізуі керек. Қоғамның әр саласындағы жемқорлыққа жол бермеу – бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

Дала данышпаны адам бойындағы теріс мінез-құлықтың рухани кесел екенін атап көрсетті. Оның осыдан мың жылдан астам уақыт бұрын айтқан сөзі әлі де мән-маңызын жоғалтқан жоқ. Өкініштісі, біздің қоғамда әлі күнге дейін ұлт дамуына кері әсер ететін іштарлық, аяқтан шалу әрекеттері етек алуда. Осындай қасиеттерден арылу үшін әл-Фараби ілімін білім бағдарламаларына енгізіп, қоғамда кеңінен насихаттау ісін қолға алу қажет. Кемеңгер ойшыл бақытқа жету жолын саралаған кезде мәрттік туралы ойын ортаға салады. Бұл үрдіс те бізге үлгі-өнеге болуға тиіс. Жетімін жылатпаған, жесірін жерге қаратпаған қазақ еліндегі жомарт жандардың дәстүрлі қайырымдылық қызметінің жаңа деңгейде жалғасуына өріс ашу керек. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың пікірінше, «қайырымдылық пен волонтерлік қызмет – патриотизмнің жарқын көрінісі және озық үлгісі». Биылғы Волонтер жылында еріктілердің игі бастамаларына баршамыз куә болдық. Отандастарымыздың қайырымдылық шараларына және волонтерлік жобаларға белсене атсалысуы – соның айқын дәлелі. Еріктілер мен жомарт жандар пандемия кезінде мұқтаж адамдарға айтарлықтай қолдау көрсетті. Біз қайырымдылықпен және волонтерлік қызметпен айналысуды барынша қолдап, оны кеңінен дәріптеуіміз керек. Бұл да мемлекеттің күн тәртібінде тұрған негізгі міндеттің бірі.

Әл-Фараби адамдар арасындағы достық қарым-қатынасты да жақсылыққа жетудің жолы деп санайды. Қазақ халқы ешқашан достық пейілінен жаңылған емес. Бұл – отандастарымыздың ұлтына, нәсіліне қарамай, тату-тәтті өмір сүруінің кепілі. Осыған орай, біз достық қатынастарды одан әрі нығайтатын іс-шараларды тұрақты түрде жүргізе береміз. Жалпы, мемлекетіміз елдің тұрмысына жайлы, лайықты орта қалыптастыруға ерекше мән береді.

Біріккен Ұлттар Ұйымы жыл сайын әлем елдерінің бақыттылық деңгейінің рейтингін әзірлейді. Бақыт индексінің басты мақсаты – халықтың рухани даму сапасын, тұрмыс ахуалын айқындау. Осы өлшемдер жиынтығы бойынша Қазақстан былтырғы халықаралық рейтингте 60-орынды иеленді. Бұл ұлы ғұламаның атажұрты саналатын біздің еліміз үшін әрине, жеткіліксіз. Демек Үкімет бұл бағытта нақты жұмыстарды одан әрі қолға алса, нұр үстіне нұр болар еді.

Өскелең жас ұрпақ тәрбиелеуде әл-Фарабидің нақыл сөздерін қаперімізде сақтап, оны келешек елдің қажетіне жарайтын ұлтжанды азаматтарды жетілдіру керек. Бабаларымыз салып өткен сара жолында ғылымға деген құштарлықты, тәлім-тәрбиені көрумізге болады. Еліміздің ертеңіне деген мол сеніммен жас ұрпақ тәрбиелеуге білек сыбана ат салысумызды керек.

Сондықтан Қазақстанның әрбір азаматының жақсылыққа жету жолында өзін өзі жетілдіріп, ел дамуына үлес қосу үшін әл-Фараби идеяларымен қарулануы аса өзекті мәселе болып қала бермек. Ғұламаның бақыт философиясы азаматтық қоғамды өркениетке жетелейтін ақыл-парасат бағдары болуға тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. https://www.akorda.kz/kz/legal_acts/decrees/abu-nasyr-al-farabidin-1150-zhyldykmereitoiyn-daiyndau-zhane-otkizu-zhonindegi-memlekettik-komissiya-kururaly Ысқақұлы. Әл-Фараби философиясындағы бақытты адам концепциясы. Абай.kz ақпараттық порталы.

ДЕМЕСИНОВА КУРАЛАЙ РАМАЗАНҚЫЗЫ

*Қызылпан Сұлтанбеков атындағы
шағын орталықты орта мектебі
Жамбыл облысы, Т.Рысқұлов ауданы
Жақсылық ауылы
Бастауыш сынып мұғалімі*

ӘЛ-ФАРАБИ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ БІЛІМ ЖӘНЕ ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ

«Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың – қас жауы»

Әбу Насыр Әл-Фараби

Андатпа. Мақалада есімі дүние жүзіне мәлім болып, ғылыми және мәдени мұралары ғасырлар бойы ардақталып, ұрпақтан-ұрпаққа өтіп келе жатқан, мезгілдің қатыгез сынынан мүдірмей өткен, тарих перзенттерінің бірі және бірегейі – Әбу Насыр Әл-Фарабидің адамзаттың қалыптасуы, жеке тұлғаның дамуындағы тәрбиенің алатын орны мен атқаратын ролі туралы пікірлері, оқыту, білім беру мәселелері мен нағыз ұстаз жөніндегі көзқарастары қарастырылған. Түйінді сөздер: тәрбие, еңбек, білім, ұстаз, шәкірт.

Тұңғыш Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында: «Ұлы дала Әл-Фараби мен Ясауи, Күлтегін мен Бейбарыс, Өз-Тәуке мен Абылай, Кенесары мен Абай және басқа да көптеген ұлы тұлғалар шоғырын дүниеге әкелді», - дей отыра, тарихи сананы жаңғырту үшін, ең алдымен, ұлт қаһармандарын үлгі тұтуға, олардың өнегелі өмірі мен артына қалдырған құнды еңбектерін елге, әсіресе жас ұрпаққа кеңінен насихаттауды тапсырған болатын [1]. Қазіргі дүниені неғұрлым дұрыс танып, білу үшін және жақсы өмірдің дұрыс жолын таңдай білу үшін және жаңа мыңжылдықта білімді, тәрбиені, адамгершілік пен ізгілікті дамыту үшін біз әр уақытта, әр дәуірде өзімізге дейінгі өткен идеялар мен қағидаларға сүйенгеніміз жөн. Оларды данышпан-ойшылдардың еңбектерінен ғана кездестіруге болады. Сондай құнды мұралардың иесі, қазақ

топырағынан шыққан, жанжақты және ғұлама ғалым – Әл-Фараби. Ол сонау ерте орта ғасырлардың өзінде адамзат ілімінің молайып, ақыл-парасаттың жетілуін, оқу-ағартудың қажеттілігін айтып, білім алудың маңызын атап көрсеткен болатын. Әл-Фараби педагогика, психология, эстетика мен акустика, астрономия мәселелерін де терең зерттеп, мәдениет пен ғылымға жемісті үлес қосқан. Сондай-ақ, ол парасаттылық пен ағартушылықты жақтаған үлкен гуманист. Ол бірнеше ғылым салаларын қамтитын 150-ге тарта трактаттар жазған [2, 15-б.].

«Тәрбие – тал бесіктен» деген халық даналығының астарынан бір ғана мәселені, яғни, бала тәрбиесінің өте күрделі процесс екендігін айқын ұғынуға болады. Тәрбиені қажет ету мәселесінің адамзат қоғамымен бірге келе жатырғаны да талас тудырмайды. Өйткені өскелең ұрпақ ғасырлар бойында қалыптасып, жүйеленген тәлім-тәрбиені, тиісті тәсілдерді санасына біртіндеп сіңіріп, оны дағдыға айналдырып отырады. Тәрбие мәселесі әрбір кезеңде озық ойлы ойшылдар мен тәлімгерлердің еңбектері мен пайымдық ой-пікірлерінен де көрініс тауып отырған. Солардың қатарынан, өз заманында «Екінші Аристотель» атанған Әбу Насыр Әл-Фараби де тыс қалмайды. «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың – қас жауы» деген Әл-Фарабидің атақты қағидасына сүйене отыра, алдымен, ұлы ойшылдың тәрбие жөніндегі ілімдеріне тоқталуды жөн көрдім. Әл-Фараби шығармашылығында көрнекті орын алатын мәселенің бірі – тәрбие мәселесі. Тіпті, оқып-білім алу, ғалым адам болу мәселесін тәрбиемен тығыз байланыстырады. Мәселен, «Философияны үйрену үшін алдын-ала нені білу қажет» деген еңбегінде ол: «ғылым үйренуге кіріспекші кісі ... тәрбиелі, адамгершілігі мол, адал, қулық-сұмдықтан және басқа ағат мінез-құлықтан аулақ болуы қажет», - деп түйіндейді [3, 193-б.]. Әл-Фарабидің гуманитарлық көзқарастары мен пайымдаулары «Бақытқа жету жайында» атты философиялық еңбегіндегі түсіндірулермен көрінген. Тәрбиеге анықтама бере келіп, ол: «Тәрбиелеу дегеніміз – халықтардың бойына білімге негізделген этикалық ізгіліктер мен өнерлерді дарыту әдісі деген сөз... тәрбиелеу кезінде халықтар мен қала тұрғындарына білімге негізделген қасиеттерден туатын іс әрекет жасау дағдысы сіңіріледі, олар осындай іс-әрекетке жігерлендіріледі, осы әрекетті жасау тілегі қоздырылады, осы қасиеттер және бұлармен байланысты әрекеттер адамдардың жан-дүниесін баурап алатындай және адамдарды осыған жан тәнімен құштар ететіндей болуы көзделеді», - деп жазды. Тәрбие мәселесін Әл-Фараби осындай кең мағынада түсіне отырып, тәрбиенің жалпы халықтар мен қала тұрғындарының өмірінде алатын, атқаратын орнын жоғары бағалайды. Дұрыс тәрбие берілмеген халықтар мен қала тұрғындары «надан» халықтар немесе қала тұрғындары (қоғам өкілдері дегені) деп аталып, ондай қалалардың түрлері, адамдарында кездесетін нашар мінез-құлық, іс-әрекеттер сипатталады [4]. Әл-Фараби тәрбиенің, оның ішінде еңбек тәрбиесінің теориясы ғылымға негізделуі қажет деп санады. Ол ғылымды тарихи үрдіс деп түсініп, ғылым жүйелі түрде құрылған білімнің жоғарғы формасы деген анықтама берген. Фараби өмір сүрген дәуірде педагогика ұғымы болмағаны белгілі. Алайда ол оқу-ағарту мен тәрбие туралы, еңбек мәдениеті туралы ілім жасады. «Еңбектің өзі – өнер. Ал еңбек тәрбиесі сол өнерден туындайды, әрбір

адамды еңбекке баулиды, еңбек шеберлігіне үйретеді. Олардың еңбек ету дағдысын қалыптастырады», - деген болатын Фараби. Ол еңбек өмір сүрудің негізі, адамзат тіршілігінің мәңгілік, табиғи шарты деп қарастырды [5]. Фарабидің пікірінше, оқу, тәрбие, білім алу, еңбек ету, ғылым адамы болу адамгершілік және еңбек тәрбиесіне тығыз байланысты. Фараби ең алғаш еңбекті, таза еңбекті, адал еңбекті тәрбиенің алғы шарты етіп алды.

Педагогикалық тұрғыда қарастырсақ, бұл тұжырым – «оқушыларға саналы тәртіп, сапалы білім беру, пайдалы қоғамдық еңбекке баулу», - деген сөз. Фараби еңбек тәрбиесінің теориясын жасауда еркін еңбектің адамның жан-жақты дамуы үшін маңызы зор екенін атап көрсетеді [6]. Адамдардың, әсіресе, жастарды тәрбиелеу жүйесінде Фараби бірінші орынға шынайы бақытқа жетуге кепіл болатын мінез-құлық тәрбиесін қояды. Кең мағынада алып қарасақ ғұлама бұл тәрбие ауқымына еңбек, эстетика, дене, гуманистік, патриоттық т.б. тәрбиелер түрлерін енгізіп қараған сияқты [5]. Әл-Фараби өзінің «Азаматтарды бақытқа жетелеудің жолы» атты еңбегінде: «қала әкімі мен мұғалім бірдей дәрежеде тәрбиеші болып табылады. Мұғалім бала тәрбиелесе, әкім қала тұрғындарын тәрбиелейді», - деп тұжырымдайды. Оның пікірінше: «оқып-білім алу арқылы дүниені танып білуге, оның әсемдігі мен толыққандылығын байқауға болады. Әрі оқып-білу үшін, әртүрлі кәсіпті меңгеру үшін, адамгершілік қасиетті қалыптастыру үшін, талмай еңбек етіп, ерік-жігерді дамыту қажет, әрі оған тәрбиелеу және өзін-өзі тәрбиелеу арқасында жетуге болады» [3, 193б.]. Әл-Фараби тәрбие үрдісінде «Қатты әдіс» пен «Жұмсақ әдісті» ұштастыруды талап етеді. Ол оқыту мен тәрбиелеудің мақсаттарын жеке-жеке анықтап кеткен. Қазіргі тәрбие үрдісі тұрғысынан қарағанда «қатты әдіс» деп отырғаны жазалау, ал «жұмсақ әдіс» деп отырғаны – мадақтау. Демек, Фараби педагогикалық ықпал ету әдістерін алғаш ұсынған, оның тиімділігін дәлелдеп кеткен ғалым [6]. Фарабидің ілімі бойынша, адамның рухани бет-пердесі, мінезі мен жүріс-тұрысы қоғамдық орта, тәрбие әсері, адамның еркі ауру сияқты көптеген объективтік және субъективтік себептердің әсерімен қалыптасады, өзгереді. Фарабидің пікірінше, тәрбиеге көнбейтін, жөндеуге, түзетуге болмайтын жас болмайды. Тек ретін тауып үйретуден, баулудан жалықпау керек. «Жаман қылық – ол жан ауруы. Бұл ауруды кетіру үшін тән ауруын емдеуші дәрігерге ұқсауымыз керек», - дейді ғұлама. Фараби «Бақытқа жету жолы» атты трактатында жастарды батырлық, жомарттық, қайырымдылық, қанағаттылық, шешендік, доспейілділік, т.б. қасиеттерді қалай тәрбиелеу қажеттігі жайлы нақты баяндайды [7]. Әл-Фараби өзінің педагогикалық жүйесінің белгілі құрамды бөлігі ретінде бала тәрбиесі мен оқыту мәселесін алып, баланың жеке және жас ерекшелігіне мән беріп, балаға қамқорлықпен қарап, қарым-қатынас жасауға баса көңіл бөледі. Ежелгі грек ойшылдарына сілтеме жасай отырып ғұлама балаларды белсенді түрде оқытуды 7-8 жасынан бастауды нұсқайды [3, 193-б.]. Фараби, сонымен қатар, оқыту, білім беру мәселелеріне үлкен назар аударып, бұл тұрғыда көптеген түбегейлі, терең пікірлер айтқан. Ол «Философтардың қойған сауалдарына жауаптар» деп аталатын еңбегінде педагогика, оқу, оқыту мәселелеріне қатысты жайларға тоқталады. Мәселен, оқып-үйренуге жаттап алу дұрыс па?, жоқ түсініп алу дұрыс

бола ма?- деген сұраққа Фараби: «түсініп алған дұрыс, өйткені барлығын жаттап алу мүмкін емес, оларды белгілі бір байланыстары арқылы ойда топтастыру пайдалы», - деп жауап береді [4], [6]. Бала тәрбиесі, қоғам мен халықтың балаларды оқыту жөніндегі қамқорлығы, жастарды халық өміріне байланысты білімдермен қаруландыру, балаға оның жеке және жас ерекшеліктерін ескеріп, шын жүректен қамқорлықты қарым-қатынас – мұның бәрі Әл-Фарабидің педагогикалық жүйесінің құрамды бөлігі болды. Халықтан алып пайдаланылған көптеген ережелер оның ілімінің демократиялық, гуманистік өзегін құрады және педагогикасының озық бағыттылығын күшейтті. Әрине, ұлы педагогтың халықтық тәрбие дәстүрлерін алып пайдаланып және оны өз жүйесіне енгізіп қана қоюмен шектелмеуі әбден табиғи нәрсе. Ол педагогикалық құбылыстардың жиынтығын байыптады, тәрбие және тәрбиелеу орындары мәнін түсіндіруге жаңа мазмұн беріп, әрі қарай шығармашылықпен дамыта алды [4]. Әл-Фарабидің айтуы бойынша, нағыз ұстаз ғана айтқанын екі еткізбейтін, ешкім шағым жасауға батылы бармайтын, білімі телегей-теңіздей, ақыл-ой парасаты да, ерікжігеріне де ешкім тең келе алмайтын адам. Осындай қасиеттері бар ұстаз ғана шәкіртке үлгі-өнеге көрсетеді, ол халықты соңына ертіп, оның мұң-мұқтажын, талап-тілегін орындай алады. Фараби ұстаздың мінез-құлық нормасы қандай болуы керек?- деген сұраққа жауап бере отырып, балаға білім беру жөнінде, оған тәлім-тәрбие беру ісінде мұғалімге мынадай шарттар қояды: «Мұғалімдік еткен адамның өлшеуі (әдісі) тым өктем (қатаң) болмасын және асыра босаңсытқан төмендікпен де болмасын. Егер тым қатты, үнемі ызғармен болса, онда оқушы мұғалімін жек көретін халге жетеді. Егер де өте босатып жіберген кішіпейілділік болса, онда оқушылар жағынан мұғалімді кем санау, ғылымына жалқау қарау қаупі туады», - дейді. Бұл сияқты ұстамдылыққа, іскерлікке қол жету үшін Фараби атап көрсеткендей: «ұстаз тарапынан барынша ынталылық пен табандылық қажет, өйткені бұлар, жұрт айтқандай, тамшысымен тас тесетін бейне бір су тәрізді». «Ұстаз ескерер бір жәйт – бұл шәкірттің мінез-құлқындағы жағымсыз мінезді, жағымсыз қылықты болдырмау, онда жақсы сипаттардың қалыптасуына мүмкіндік беру», - деп атап көрсетеді Әл-Фараби [8, 156-б.]. Адамның мінез-құлқын тәрбиелеуде ойшыл ұстаздардың жүріс-тұрыстарына, сөйлеген сөзіне, қимылына, жеке бас мәдениетіне баса назар аударып, оқушының сапалы білім алуына ұстаздың осындай қасиеттері үлкен роль атқаратынын айтады. Әл Фараби педагогикалық ғылымдарға арифметика мен геометрияны, астрономия мен дыбыстар туралы ғылымдарды қосып есептеген. «Мұның мәнісі – бұл төрт ғылым оқушыларды тәрбиелейді, өте нәзік сезімтал етеді, идеяларын ұшқырлайды, басқа ғылымдарды оқып-үйренуге төте жол салады», - деп пайымдаған [8, 157-б.]. Сонымен, дүниежүзілік ғылым мен мәдениеттің алтын қорына өлшеусіз үлес қосқан ұлы ойшылдың педагогикалық мұрасы да ұшан-теңіз, мол дүние. Ұлы ғұлама өз еңбектерінің көпшілігін ұстаздық тұрғыдан, тәлім-тәрбиелік мақсатқа орайластыра жазған. Әл-Фарабидің жоғарыда атап өткен арифметика, геометрия, астрономия, музыка ғылымдарын педагогикалық, яғни тәрбиелік ғылымдар дейтін жүйеге жатқызуы да, сондай-ақ педагогика, әдістеме мәселелері жөнінде арнаулы еңбектер жазуы да осы айтылғандардың айқын дәлелі болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Нұрсұлтан Назарбаев. Ұлы даланың жеті қыры / Егемен Қазақстан, 21 қараша, 2018.
2. Әбсаттар Дербісалиев. Қазақ даласының жұлдыздары. – А., 1995.
3. Ф.Абдихаева, Е.Балабеков. Тәрбие жүйесіндегі музыканың алар орыны туралы Әл-Фарабидің ой-пікірлері. // Ғұлама. Ойшыл. Ұстаз. (Әл-Фарабидің 1130 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары). – А., 2001.
4. [https:// sites.google.com](https://sites.google.com): Әл-Фараби еңбектеріндегі халықтық педагогика мәселелері.
5. [https:// akikat.kazgazeta.kz](https://akikat.kazgazeta.kz), bankreferatov.kz: Ж.Исахметұлы. Фараби трактаттарындағы білім, тәрбие және адамгершілік мәселелері.
6. [https:// melimde.com](https://melimde.com)
7. [https:// baribar.kz](https://baribar.kz): Әл-Фарабидің еңбектеріндегі тәлім-тәрбиелік идеялары.
8. М.Ермекбаев, Р.Кенжебекова. Әл-Фараби тәрбие туралы. // Ғұлама. Ойшыл. Ұстаз. (Әл-Фарабидің 1130 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары). – А., 2001.

ДОНБАЕВА А.Г.

Мини-центр «Алпамыс»
при ясли-саде «Асем -Ай» №63, г. Нур-Султан,
воспитатель

РОЛЬ НАСЛЕДИЯ АЛЬ-ФАРАБИ В ПЕДАГОГИКЕ

В статье рассматриваются личные взгляды одного из самых крупнейших представителей средневековой восточной философии, ученого-энциклопедиста аль-Фараби. В статье раскрывается педагогическая система, основанная на духовно-нравственных добродетельных ценностях в философско-педагогическом наследии аль-Фараби. Систематизированы идеи ученого по вопросам методологии педагогики, дидактики, воспитания, психологии и методики. Эти идеи проиллюстрированы основными категориями, такими как «методология», «дидактика», «психология», «воспитание», «методика», «обучения», «рассудительность», «счастье». В статье охарактеризованы его взгляды на вопросы познавательной деятельности человека, формирования нравственности, а также другие проблемы организации образовательного процесса. Сделан вывод о роли великого мыслителя в педагогике.

Ключевые слова: роль Аль-Фараби, педагогика, идея, воспитание, нравственность.

Абу Наср аль-Фараби - ученый-энциклопедист. Он оставил богатое теоретическое наследие. В числе его 160 трактатов по различным отраслям знаний - философии, психологии, истории и др. - есть и такие, которые специально

посвящены проблемам воспитания подрастающего поколения, хотя в его время педагогика еще не выделилась в самостоятельную науку. В данных трактатах изложены личные мысли ученого о сущности человека и всех путях его формирования и развития, о целях, содержании и средствах воспитания, о взаимоотношениях между воспитателем и воспитуемыми и ряд других проблем, имеющих самое непосредственное отношение к педагогике. По мнению мыслителя, педагогика есть искусство управления волей и желанием детей в специально организованном образовательном процессе. Самой целью воспитания он определяет гармонично развитого человека. Не случайно основными направлениями в его педагогической теории являются нравственное, умственное, физическое, эстетическое и трудовое воспитание. Тем самым философ продолжает общечеловеческую идею формирования всесторонне развитой личности, которая первоначально звучала в педагогической теории древневосточных государств, а затем стала ведущей концепцией мыслителей эпохи Античности, обозначаемый термином «калокагатия». Стержнем воспитания личности у аль-Фараби является нравственность, которая в его размышлениях отождествлялась с разумом. Другими словами, высоконравственный человек разумен и наоборот, разумный человек – нравственен. Большое место в его теории занимает эстетическое образование, особенно музыкальное, значение которого в формировании личности ученый оценивал достаточно высоко. Так, мыслитель утверждал о необходимости всеобщего музыкального образования независимо от природных данных обучающихся, «если эта способность не существует как врожденная, она может возникнуть под влиянием привычек (обучения)». Одной из центральных социально-педагогических идей аль-Фараби являлась идея всеобщего блага, счастья, к чему должно стремиться все человечество. Об этом мыслитель размышляет в «Трактате о взглядах жителей добродетельного города». В ней он рассматривает возможные варианты развития разных городских сообществ. Наиболее предпочитаемый из городов является «коллективный город» в классификации самого аль-Фараби. Это такой город, «в котором объединение людей имеет своей целью взаимопомощь в делах, коими обретается истинное счастье... и общество, где люди помогают друг другу в целях достижения счастья, есть добродетельное общество. Народ, все города которого помогают друг другу в целях достижения счастья, есть добродетельный народ. Таким же образом вся земля станет добродетельной, если народы будут помогать друг другу для достижения счастья». Если резюмировать, то великий аль-Фараби представляется как гуманист и просветитель Востока, который говорил, что люди должны жить в мире добра и справедливости, стремясь к духовному развитию и научному просвещению. Что достаточно важно, философ акцентирует внимание не на достижении счастья отдельным человеком, для него принципиально достижение этого состояния всего сообщества людей. По мнению аль-Фараби, учитель должен обладать хорошей памятью, проницательным умом, выразительной речью. Учитель должен обладать такими нравственными качествами, как честность, справедливость, гуманность, мудрость, честь и другие добродетели. Как отмечает

ученый: «Подобный человек обладает высшей степенью человеческого совершенства и находится на вершине счастья. Этот человек является именно тем, кому известно любое действие, с помощью которого можно достичь счастья».. В образовательном процессе могут применяться как мягкие так и жесткие методы обучения и воспитания. «Если воспитанник проявляет желание учиться, трудиться и совершать добрые поступки, уместны мягкие методы. Если же подопечный злобен, нерадив, своенравен, вполне оправданы жесткие наказания». Содержание образования, по аль-Фараби, с одной стороны, должно охватывать систему всех наук, т.е. оно носит энциклопедический характер, с другой стороны – оно должно иметь рациональную направленность. Выступая сторонником светской образованности, мыслитель утверждал, что лишь безумцы полагают, будто высшее благо находится вне существующего мира. Чтобы стать нравственным и противостоять порокам, человеку следовало познавать самого себя. Изучение педагогического наследия аль-Фараби актуально, поскольку позволяет составить научное представление об уровне прогрессивного опыта воспитания в арабском халифате в условиях раннего средневековья, в эпоху расцвета и подъема культуры в этом регионе. Все творческое наследие мыслителя проникнуто идеями гуманизации и демократизации общества путем улучшения его средствами воспитания и образования. Поэтому исследование педагогического наследия этого ученого созвучно современным требованиям йог, питания подрастающего поколения. и творчестве аль-Фараби и в сфере его педагогических воззрений четко прослеживается развитие идей античных мыслителей применительно к условиям раннего средневекового Востока, Там самым появляется возможность изучить преемственность культур Запада и Востока в воспитании молодого поколения. Изучение преемственности в истории педагогики крайне важно в связи с осознанием современной мировой общественности растущей целостности мира Востока и Запада. Как в западной, так и в советской истории педагогики вклад народов Востока, их тесная (цып, с культурой народов Запада не были предметом специального. В этом исследовании педагогического наследия к аль-Фараби проявляет большой интерес. Изучению творческого наследия аль-Фараби посвящены работы многих арабских, советских и других зарубежных авторов. Средневековый ученый известен в большей степени как философ, поэтому основная часть трудов советских авторов посвящена изучению его философского наследия. К этим исследованиям следует отнести публикации советских ученых. Первую попытку обобщить педагогические идеи аль-Фараби предпринял А. Кубесов. Автор в своем исследовании, посвященной анализу творчества аль-Фараби, уделяет большое внимание изложению философских, социальных взглядов мыслителя, разрабатывает дидактические положения педагогической концепции философа. Педагогические идеи Абу Насра аль-Фараби.

Объект исследования - история педагогической мысли народов Ближнего и Среднего Востока в эпоху раннего средневековья.

Предмет исследования - педагогические идеи Абу Насра аль-Фараби.

Цель исследования - охарактеризовать содержание педагогических идей аль-Фараби и раскрыть их историческую значимость.

Задачи исследования:

- охарактеризовать социально-экономические и политические особенности эпохи Аббасидов, определившие учение аль-Фараби в воспитании;
- оценить учение аль-Фараби о сущности человека как основу его педагогической концепции;
- выявить дидактические принципы в учении аль-Фараби о воспитании;
- раскрыть взгляды аль-Фараби на цели и сущность воспитания в достижении нравственного совершенствования человека.

Таким образом, аль-Фараби оставил великое наследие, которое во многом опережало свое время. Его труды оказали огромное влияние на Ибн Сину, Ибн Баджа, а также на развитие средневековой западноевропейской науки, не только эпохи Возрождения, но эпохи Просвещения. Он был представителем философской школы, раскрывающим педагогические вопросы в свете глобальных социальных, культурологических или общеполитических проблем. В его педагогической теории широко освещались вопросы совершенствования всех сторон развития человека, а также указывались определенные пути их решения. Свобода духа в утверждении непреходящих человеческих ценностей, пронизывающая его творчество, чрезвычайно поучительна и, как настоящая классика, актуальна во все времена.

Библиографический список:

1. Аль-Фараби. Историко-философские трактаты / Перевод с арабск. – Алма-Ата: Изд-во «Наука» Казахской ССР, 1985. – 624 с.
2. Библиотека авторефератов и диссертаций по педагогике <http://nauka-pedagogika.com/pedagogika-13-00-01/dissertaciya-pedagogicheskie-idei-abu-nasra-al-farabi#ixzz6peHjfYRR>.
3. Джурицкий А.Н. История педагогики и образования. – 3-е изд. перераб. и доп. – М.: Изд-во Юрайт, 2014. – 676 с.
4. Избранные произведения мыслителей Среднего Востока IX-XIV вв. / Сост. С.Н. Григорян, А.В. Сагадеев. – М.: Изд-во «Социально-экономической литературы», – 1961.
5. Очерки истории школы и педагогической мысли Древнего и средневекового Востока / Под ред. К.И. Салимовой. – М., 1988.
6. Саяхов Р. Л. Воспитание взаимоуважения и толерантности в работах исламских просветителей. – Уфа: Изд-во «Полиграфдизайн», 2014. – 236 с.

БІЛІМ БАСТАУЫ-ТӘРБИЕ

Қаншама уақыт өтсе де, өзінің құндылығын, өзектілігін жоймайтын бір маңызды мәселе бар, ол-жас ұрпақ тәрбиесі.

Әрбір халықтың өзіндік ерекшелігі болады. Ол бала тәрбиесінде көрінеді.

Тәрбие – мәңгілік. Тәрбие берудегі қағида, ұстаным ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып отырады. Осы орайда біздің ата-бабаларымыз да тәрбиенің орны ерекше екенін өте жақсы білген. «Тәрбие- тал бесіктен» деген халық даналығының астарынан бір ғана мәселенің, яғни бала тәрбиесінің өте күрделі үрдіс екендігін, тәрбие тек отбасының ғана мәселесі емес, мемлекеттің, ұлттың мәселесі екендігін айқын ұғынғандаймыз.

Адамзат тарихында, әлемдік ғылым көкжиегінде, мәдениет өресінде, әдебиет пен философияда өзіндік орны бар ғұлама ғалым Әбу Насыр әл-Фараби: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек. Тәрбиесіз берілген білім-адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі», - деген. Бұл сөздің растығын өмір тәжірибесі талай мәрте дәлелдеген. Шындығында, кемел болашаққа жету үшін, ең бірінші, тәрбие керек. Тәрбиесіз берілген білім адамзат игілігі үшін ешқашан қызмет етпейді. Керісінше, хакім айтқан «қайырымды қала тұрғындарының» опат болуына әсер етеді.

Күллі түркі әлеміне ортақ ұлы ойшыл Фараби айтқан тұжырым бүгінгі қоғамдағы заманауи ұрпақ тәрбиесімен сабақтас. Бүгінгі таңда жас ұрпаққа сапалы білім берумен қатар, рухани адамгершілікке тәрбиелеу басты міндет болып отыр. Қазіргі кезеңде тәрбиеге және тәрбие жұмыстарына деген жаңаша көзқарас қалыптасуда. Өйткені ХХІ ғасыр- ғылым мен техниканың, өркениеттің ғасыры. Ғасыр көшінен қалмай озық ұрпақ тәрбиелеу үшін міндетті түрде ғылым мен білімді бойына жинаған ұрпақ сабақтастығы жалғасуы керек. Осы орайда ғұлама ғалым әл- Фараби оқып-білім алу, ғалым адам болу мәселесін тәрбиемен тығыз байланыстырады.«Ғылым үйренуге кіріспекші кісі тәрбиелі, адамгершілігі мол, адал, қулық-сұмдықтан және басқа ағат мінез-қулықтан аулақ болуы қажет», - деп жазады «Философияны үйрену үшін алдын-ала нені білу қажет?» деген еңбегінде.[3.53-б]

Тәрбиелеу жүйесінде әл- Фараби алғашқы орынға мінез –құлық тәрбиесін қояды. Оның пікірінше, тәрбиеге көнбейтін, жөндеуге, түзетуге болмайтын жас болмайды. Тек ретін тауып үйретуден, баулудан жалықпау керек. «Тәрбиелеу-халықтардың бойында білімге негізделген этникалық ізгіліктер мен өнерлерді дарыту. Тәрбиелеу – жеке адамның кісілігін қалыптастыру», - дейді ұлы ойшыл. Ол тәрбие үрдісінде екі әдісті ұсынады. Олар қатты әдіс пен жұмсақ әдіс. Қазіргі тәрбие үрдісі тұрғысынан қарағанда «қатты әдіс» деп отырғаны –жазалау, ал «жұмсақ әдіс» деп отырғаны – мадақтау. Ұлы ұстаздың осы екі әдісі қазіргі

уақытта да маңызды. Өйткені балаға қатаңдық таныту арқылы өзіне есеп беру, қателігінен сабақ алу, оны түсіну әрекеттерін жүзеге асырсақ, мақтау, мадақтау арқылы өзіне деген сенімді ұялатып, парасат пайымы жоғары азамат тәрбиелейміз. Әл-Фараби барша халықты моральдық, интеллектуалдық жағынан өркендеп, өсуге шақырды. Ол адамдардың барлығы оқысын, үйренсін, еңбек етсін деп армандады. Өз шығармаларында адам баласы жаратылыстың ең ұлы құндылығы деп, оны бәрінен жоғары қойып, қастерлеуді ұсынды. Шынында, адам өмірі бәрінен қымбат. Ал соның ішінде бала өмірі бәрінен маңызды. Өмірге бейкүнә, таза көзқараспен қарайтын сәбиге дұрыс тәрбие берілмесе, назардан тыс қалса жамандыққа тез үйір болады. Сөйтіп таза болмысты біз өзіміз жоғалтамыз. Анадан туғанда тек жақсылықтан жаралған бала, сыртқы ортаның әсерінен, назардың болмауынан жамандыққа барып жатады. Ата-бабамыз баланың тәрбиесі бесіктен бастау алатынын айтудай-ақ айтқан. Бірақ көбіміз бүгінгі ұрпақтың, яғни ертеңгі ел тірегінің ақыл – парасаты мол, мәдениеті озық, саналы өсуі, оның кейін есейгенде жияр біліміне ғана байланысты емес, ең алдымен ұрпақтан берілетін иманды әдет-ғұрып, өнегелі салт-дәстүр, ұлттық болмыспен келетін тәрбие көзінде жатқанын ескере бермейміз. Бүгінгі күні бала тәрбиесінде кемшін кетіп жатқан тұсымыз да осы. Ұлы ғұлама тәрбиенің алғы шарты етіп еңбекті, таза еңбекті, адал еңбекті алды. «Тәрбиені неден бастау керек?» атты еңбегінде ғылымды, оқу-білімді меңгерту үшін еңбек тәрбиесінің үлгісі орасан зор екендігін баса айтты.

Ұлы данышпанның пікірінше, оқу, тәрбие, білім алу, ғылым адамы болу-адамгершілік пен еңбек тәрбиесіне тығыз байланысты. Ол тәрбиенің ішіндегі еңбек тәрбиесінің теориясы ғылымға негізделуі қажет екендігін айтты. «Еңбектің өзі – өнер. Ал еңбек тәрбиесі сол өнерден туындайды, әрбір адамды еңбекке баулиды, еңбек шеберлігіне үйретеді. Олардың еңбек ету дағдысын қалыптастырады», - деген болатын әл-Фараби. Ол еңбек өмір сүрудің негізі, адамзат тіршілігінің мәңгілік, табиғи шарты деп қарастырды. Әл-Фараби «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» еңбегінде барлығы еңбектің нәтижесі деп, адамды тәрбиелеуде еңбек тәрбиесіне үлкен мән берген.

Ұлы данышпан жас ұрпаққа тәрбие беріп, еңбекке үйретіп, еңбек тәрбиесін беретін адамды өте жоғары бағалаған. Оның ойынша, тәрбиеші адам – мәңгі нұрдың қызметшісі». Ол өзінің «Азаматтарды бақытқа жетелеудің жолы» атты еңбегінде: «Қала әкімі мен мұғалім бірдей дәрежеде тәрбиеші болып табылады. Мұғалім бала тәрбиелесе, әкім қала тұрғындарын тәрбиелейді», - деп тұжырымдайды. Оның пікірінше: «Оқып-білім алу арқылы дүниені танып білуге, оның әсемдігі мен толыққандылығын байқауға болады. Әрі оқып-білу үшін, әртүрлі кәсіпті меңгеру үшін, адамгершілік қасиетті қалыптастыру үшін, талмай еңбек етіп, ерік-жігерді дамыту қажет, ал оған тәрбиелеу және өзін-өзі тәрбиелеу арқасында жетуге болады». [1.77-б]

Әл-Фараби баланы дұрыс тәрбиелеу үшін мынадай үш шартты күні бұрын дәйектеп алу қажеттігін айтады: бірінші-ынта-ықыласы, білімге құштарлығы; екінші-ұстаздың шеберлігі, ар-ождан тазалығы; үшінші – сабақ процесінің алатын орны. Баланың білімге деген ынта-ықыласы болмаса, тәрбиені де, білімді де алуы

қиын болады. Сондықтан баланың қызығушылығын туғызу керектігін сонау заманда әл-Фараби айтып кеткен. Шебер ұстаз баланың ықыласын оятып, ден қоюына ықпал ете алады. Ол үшін ұстазға ізденіс қажет. Ізденіс нәтижесінде дұрыс тәрбиенің алғышартын құра алмақ. Әл-Фарабидің педагогикалық тұжырымдамасы бойынша тәрбие мен тәлім, оқыту мен үйрету өзара тығыз байланыста, бірін-бірі толықтыра отырып жүргізілуі тиіс. «Ұстаз ескерер бір жайт – бұл шәкірттің мінез-құлқындағы жағымсыз мінезді, жағымсыз қылықты болдырмау, онда жақсы сипаттардың қалыптасуына мүмкіндік беру», -деп атап көрсетеді әл-Фараби.[2.5-6] Адамның мінез-құлқын тәрбиелеуде ойшыл ұстаздардың жүріс-тұрыстарына, сөйлеген сөзіне, қимылына, жеке бас мәдениетіне баса назар аударып, оқушының сапалы білім алуына ұстаздың осындай қасиеттері үлкен роль атқаратынын айтады.

Тәрбие-аға ұрпақтың жаңа ұрпаққа қоғамдық тарихи тәжірибесін беру үрдісі. Мен де өзімнің білім алушыларыма ұлы бабамыздың шығармашылығын насихаттау мақсатында ұлы ғұламаға арналған іс-шаралар өткіздім. Білім алушылар қанатты сөздерін жаттап, мағынасын «қос жазба күнделігіне» жазды. Ақын өлеңдерінен челендж өткізілді. Мектеп сахнасында ұлы тұлғаның өміріне байланысты сахналық көріністер қойылды. «Әл-Фараби –өркениет философы» атты танымдық кеш өткізіліп, білім алушылар ұлы ғұлама туралы тың деректер білді.10-сынып білім алушыларымен «Ұлы даланың ұлы тұлғасы» тұлғатану сағаты өтті. 11-сынып білім алушыларымен «Мәңгі лаулап жану үшін ғаламда, үлкен арман керек екен адамға» деген тақырыпта поэтикалық марафон өтті. Ұлы ғұламаның шығармашылығын тек қағаз жүзінде қалдырмай, тәрбие беруде пайдалану- болашақ ұрпаққа үлгі- өнеге, үлкен тәлім-тәрбие.

Қорытындылай келе, әлемнің екінші ұстазының білім мен тәрбиені ұштастыра жүргізу хақындағы ой-тұжырымдары бүгінгі таңда да өз маңызын жойған жоқ. Қайта ғасырлар бойы өмір шындығынан туған қағидаға айналды. Сондықтан жас ұрпаққа білім мен ғылымды ғана үйретіп қоймай, жан-жақты тәрбие беріп, адами қасиеттерді бойына сіңіру аса құнды мәселе. Кеменгер ойшылдың «Тәрбиесіз берілген білім –адамзаттың қас жауы» деген сөзінен біз «Адам болмысы тәрбиемен қалыптасатынын, одан әрі сол түзу шыбықты қисайтып алмай, тамырына нәр беру үшін білім алуы қажет» дегенді түсінеміз. Яғни, тәрбие мен білім ұштасқанда ғана адамдық болмыс айшықталады екен.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Әбу Насыр әл –Фараби «Қайырымды қала музыка туралы кітап» Халықаралық Абай клубы. Жидабай. 2018. 77.
2. <https://akikat.kazgazeta.kz>, bankreferatov.kz: Ж.Исахметұлы. Фараби трактаттарындағы білім, тәрбие және адамгершілік мәселелері.
3. Фараби. Философиялық трактаттар. Алматы. 2019 .53

ЕЛУБАЕВ АЛИБЕК

студент группы Г-20-26

ГКП на ПХВ «ASTANA POLYTECHNIC»

акимата города Нур-Султан

Руководитель: Смагулова Ш.Б

КЛЮЧ К ОБРАЗОВАНИЮ-ВОСПИТАНИЕ

Ключ к образованию - воспитание. Давайте начнем с определения слова "воспитание". В широком смысле воспитание – это передача накопленного опыта от старших поколений к младшим.

И с этого определения неизбежно вытекает мысль, что воспитание происходит в первую очередь в семье. А дальше человека строит его окружение, те, с кем он общается, дружит и т.д. . Специально для этого доклада я ознакомился со многими работами ученых, со многими исследованиями на тему воспитания, и пришел к выводу что - семейное воспитание, и воспитание которое человек взял из своего окружения, совсем другие вещи. Одни считают что дошкольное воспитание главное, а другие наоборот твердят что человека строит общество в котором он живёт. Как бы это ни было, они обе очень важны, и думаю разделить их на "важное" и "не важное" не стоит. Существуют миллионы способов воспитания ребенка. Для того чтобы ребенок успешно социализировался в обществе и развился в полноценную личность, он должен слушаться взрослых. Однако не все дети с готовностью соблюдают правила и подчиняются требованиям. В арсенале взрослых есть несколько способов контроля поведения ребенка:

•
негативные способы: наказания, запреты, окрики, приказы, замечания;
позитивные способы: просьба, похвала, поощрение, модификация поведения.
Какой же из этих способов воспитания эффективней? Самым демократичным способом воспитания являются просьбы.

Однако они не всегда бывают эффективны, особенно при взаимодействии с маленькими детьми. Например, нет смысла уговаривать ребенка не трогать чайник в тот момент, когда его рука уже почти коснулась поверхности. Без применения запретов и замечаний воспитывать ребенка практически невозможно. Смысл замечания заключается в том, чтобы эффективно пресечь в том, чтобы эффективно пресечь недопустимое поведение и предложить в том, чтобы эффективно пресечь недопустимое поведение и предложить ребенку более конструктивные способы выхода из сложившейся ситуации. Но для того, чтобы запреты, требования и замечания взрослых в полной мере подействовали на ребенка, они должны быть им поняты и приняты к действию.

А чтобы правильно ставить замечания и запреты, молодые пары ходят на специальные семинары, посвященные воспитанию. А для чего? Каждый родитель хочет чтобы его дети стали умными, образованными личностями. И после этих

слов перейдем к следующей части доклада; Каждое государство хочет чтобы младшее поколение было образованным, чтобы в дальнейшем поднимать экономику этой страны, открывать новые технологии и т.д. И для этого они делают все. В частности бесплатные школы, в которые нанимают опытных специалистов, для воспитания и обучения детей.

А после, подростки попадают в колледж/университет чтобы получить навыки, которые ему вскоре пригодятся, и образование, для того, чтобы получить свое место в социуме. А что такое получить свое место в социуме. А что такое образование? Это прежде всего получить свое место в социуме. А что такое образование? Это прежде всего возможность получения необходимых для жизни практических и когнитивных знаний, которые могут способствовать реализации поставленных перед собой задач. Я это написал неспроста, я подвожу все это к теме доклада "ключ к образованию - воспитание". Это безусловно очень красивая поговорка, которая имеет место быть в литературных учебниках, а также имеет глубокий смысл.

Если человек рождается "в нужном месте и в нужное время" , то есть в хорошей семье, которая его хорошо воспитают, и в правильном окружении, без вредных привычек, то велика вероятность стать этому человеку успешным, образованным гражданином, и принести немало пользы в развитии своей страны

ЕРКІН АЙГЕРІМ

*Нұр-Сұлтан қаласының Әл-Фараби атындағы
Оқушылар сарайының оқу-әдістемелік бөлімінің әдіскері*

ТАЛАП — ШАБЫТТЫҢ КӨЗІ

«Кейде өнермен кездейсоқ айналысатын адам маманның бәсекеге түсуіне қиын болатын өте тамаша өлеңдер жазуы мүмкін. Алайда бұл таза кездейсоқ және сәйкес келу жағдайының арқасында болады әрі бұндай ақын «ойшыл» деп аталуы мүмкін емес», - дейді әлемнің екінші ұстазы.

Шабыттың да шарты, бабы болады. Өнер біткеннің бәрі бірдей бір адамның құшағына сыймайтыны секілді, шабыт та әр адамнан табыла бермейді. Себебі, ол – еңбек пен ізденістен келетін нәтиже. «Адам мақсатына өзін-өзі жетілдіру арқылы жетеді» дейді - Әл-Фараби нақыл сөздерінде. Бұл сөздің астарына үңілсек, мақсатты айқын қойған адам оған талаптанып қана жете алатыны анық. Лириктер ойшыл болуы мүмкін, ойшылдар лирик бола беруі екіталай. Шабыт деген нәрсені лириктер көп айтатынын байқайсыздар ма..? Ал жоғарыдағы «кездейсоқ айналысу» ұғымы да сол шабытшыл ақындарға қаратылған. Көңіл-күйдің үлкен өзгерістерінен, қатты әсерден тосын тіркестер ойға келіп жатады, ол тіркестер де сөз ұстаған адамға ғана жұғады. Сөз ұстау, еңбектену талаптан, көңіл толқыны мен кездейсоқ әсер көкірегіңдегі сәйкесті құдіретті оятып, сөз болып сәуле шашуы шабыттан. Талап сондықтан да шабыттың майданы, көзі болмақ. Өлең өнері

сөзбен, бейнелеу өнері бояумен көркемделеді, іс жүзінде адам сезімі мен ойына еліктеу әсер етеді. Ұлы бабамыздың поэзия өнері, шұрайлы тілді қалай қолдану туралы айтылған көсем сөзі көп. Бірақ қандай да бір ойды жеткізу үшін тіл керек, тілдің өзі сан салалы, қыр-сыры көп. Әл - Фараби басқа тілді үйренуді, зерттеуді бала шағынан ұнататын. Әр биіктің шыңына шығу үшін тек тынбай талпыну керек екені тұлғаның терең ізденістерінің жемісінен де көрінеді. Ғылым мен мәдениеттің барша саласында мәңгі өшпес мұра қалдырған ғасыр көшбасшысы өнердегі еліктеу мен еңбектенудің ара жігін айқын көрсетеді. Көп адамдар жақындағы заттарға қарағанда алыстағы заттарға еліктеуді толығырақ жүзеге асырады және ол жетілген болып есептеледі. Нағыз жетудің кілті өзін жетілдіру екенін әр нақыл сөзінен насихаттап отырды. Қай өнерге болсын еліктеумен келсе де, оның соңғы нәтижесіне еңбек пен ғана шығатыны ақиқат екенін өзінің өмір жолымен айқындап кеткен кемеңгердің «Шын беріліп қызықтаған нәрсе ғана жүрекке жетеді» деген сөзіне қарасақ, адам әр өнерге таза табиғатымен кірісіп, оған қаншалық терін төксе, алар нәтижесі соншалық мол болады, жүрекпен беріліп кіріскен дүниеден жүрекке жетерлік толағай табыстар да молаяды. Отырарда туып, әлемге танылған тұлғаның телегей теңіз еңбектері айтып тауысқысыз. Әл-Фараби әр ғылымның көптеген салаларын меңгеріп, үлкен биіктерді бағындырды. Фараби ғылымының философиялық-логикалық ірге тасын қалап, ғылымды оқу және оқыту ретін белгіледі, әрқайсысының пәнін анықтап, мазмұнын ажыратып беруге тырысты. Музыка жайлы күрделі зерттеулер жүргізді, математикадан үлкен жаңалықтар ашты, астрономия жайлы көптеген еңбектер қалдырды, физика ғылымын жаңа идеялармен байытты, медицина, химия тәрізді жаратылыстану ғылымының маңызды салалары бойынша еңбектер жазды, ертедегі дүние оқымыстыларының пікірлеріндегі әр түрлі қағидаларды жан-жақты талдады. Фарабидің метафизика, тіл ғылымы, логика, психология, география, этика т.б. ғылымдар жайлы жазғандары бір төбе.

Ұлы ұстаздың тағылымы ұрпақты оқу-тәрбиеге, білім алуға, еңбек етуге және адамгершілікке баулу еді. Әл-Фараби адал еңбекті тәрбиенің алғы шарты етіп алды. Тәрбиені неден бастау керек екенін ғылымды, оқу-ағартуды меңгеру, еңбекке үйрену, тәрбие әдістеріне байланысты екенін ғылыми тұрғыда дәлелдеді. Ойшылдың ойлау жүйесі мен мұрасын, өскен мәдени ортасын танып-білу үшін оның сол мәдени негіздегі рухани-әлеуметтік және психологиялық құндылықтарды да жете тани білу керек. Ғылым жолында өзінің дара жолын қалап, өшпес із қалдырған Әл-Фарабидің ілімі Шығыс халқының, оның ішінде қазақ халқының педагогикалық ой-пікірінің дамуында қосатын үлесі зор. Қазақ халықтарының салт-санасының, дәстүрінің, ағартушылық, тәрбиелік, ой-пікірінің дамуында жаңа кезең ашып, халықтық педагогиканың негізін қалаған тұлғаның қол жеткізген жетістіктерінің барлығы да тынбай ізденген адал еңбектің арқасында қайталанбас ғажап туындыларды қалдырып кетті. Қазіргі таңда ұстаздың артына қалдырған мол мұрасынан нәр алып жатқан шәкірттер саны да жетерлік. Нұр-Сұлтан қаласының Оқушылар сарайына Әл-Фараби бабамыздың есімін беру де тегін емес. Біздің болашақ ұрпағымыз әр ғылымның саласына ұшан-теңіз үлесін қосқан алып тұлғаның өмір жолы мен артына қалдырған мол

мұрасымен сусындай отырып, озық технология мен заманауи білім жетістіктеріне де ілесіп кете алатын болады. Ұлы ойшыл, ғалым қазақ халқының бай рухани-зияткер мұрасының символы болып саналады. Әл-Фарабидің 1150 жылдығын мерекелеуге арналған іс-шаралар аясында Әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайында «Әл-Фараби әлемі» атты оқу-тәрбие орталығы салтанатты түрде ашылған болатын.

Оқу-тәрбие орталығында ғалымның сан түрлі қырын анықтайтын «Әл-Фараби және ғылым», «Әл-Фараби және грек ойшылдары» (Аристотель, Платон), «Әл-Фараби және өнер», «Әл-Фараби және тәрбие», «Әл-Фараби және Поэзия», «Әл-Фараби және шешендік өнер» бөлімдері бар. Сонымен қатар Оқушылар сарайының аспаптық музыка бөлімінде «Фараби сазы» оркестрі құрылды. Сонымен қатар «Әл-Фараби оқулары», Әл-Фараби қанатты сөздерінен байқаулар жиі өткізіледі. Әл-Фараби еңбектерінен балалар өз керектерін тауып, ғылыми ізденістерге жол ашуда.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Әбу Насыр Әл-фараби 5 том.2007, 126-128б.
2. Машанов А. Әл Фараби. Алматы, 1970. 65-72б.
3. Әл-Фараби философиялық трактаттар. Алматы, 1973, 11б.
4. Әл-Фараби Әлеуметтік этикалық трактаттар. Алматы,1975,112б.
5. Әл-Фараби. Алматы 1971, 62б.

ЗИНЕКЕШОВА АРАЙЛЫМ БЕКБОЛАТОВНА

*Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің №90 гимназиясы
директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары*

ӘЛ-ФАРАБИ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕЛІК ИДЕЯЛАР

Фарабидің педагогикалық теориясында оқыту мен тәрбие өте тығыз да біртұтас байланыста қарастырылғанымен, олардың педагогикалық құрал ретінде ерекше, әрқайсысына ғана тән жақтары да ажыратылады. Оқыту адамдар мен халықтарда теориялық қайырымдылық дарыту болады, ал тәрбие-білім-білікке негізделген өнер арқылы оларға этикалық қайырымдылық дарыту тәсілі. Оқыту сөз арқылы жүзеге асырылады, ал тәрбие кезінде адамдар мен халыққа белгілі қимыл-әрекет дағдысын егеді..."

Былайша айтқанда, Фарабидің пайымдауы бойынша оқу — философия негіздерін, теориялық білімдерді игеру, ал тәрбие — ол мұғалімнің, тәлімгердің, адамға белгілі бір адамгершілік, құлық қалыптарын және практикалық өнерді игеру дағдыларын қалыптастыру бағытындағы іс-әрекеті, ол шәкірттерге белгілі бір оң қасиетті, сапаны дарыту үшін қалай болса солай емес, белгілі бір мақсатты көздеген, саналы тәрбие жұмысына басты мән береді. Ғұлама тәрбие кезінде тәрбиеленушінің ерекшелігін ескеріп, әрбіріне жеке әдіспен дара қатынас жасауды талап етеді.

Адамдардың, әсіресе, жастарды тәрбиелеу жүйесінде Фараби бірінші орынға шынайы бақытқа жетуге кепіл болатын мінез-құлық тәрбиесін қояды. Кең мағынада алып қарасақ ғұлама бұл тәрбие ауқымына еңбек, эстетика, дене, гуманистік, патриоттық т.б. тәрбиелер түрлерін енгізіп қараған сияқты.

Фараби мінез-құлық тәрбиесінің құрал, әдістерін белгілеуде Аристотельдің адамдағы барлық мінез-құлық, қасиеттерді туа біткен емес, жаттығу, әдеттену машықтану нәтижесі деген қағиданы басшылыққа алып, ары қарай дамытып әкетеді. Ол адамда жақсы әдет-мінез қалыптастыруда ерік-қайратына көп мән береді, өйткені сезім мен рухани нәпсі мен парасат мұқтаждықтары бір-біріне қарама-қарсы келгенде санамен шешу ерікке, өзін-өзі билеуге тіреледі. Мұндай жақсы ниет, оң істер бара-бара адамның дағдысына, жақсы қасиетіне айналып, ол тәрбиелі жақсы мінез-құлықты болып өседі. Бұл айтылғандар Фарабидің "Бақытқа жол сілтеуінде" былай дәйектеледі: "Жақсы мінез-құлық пен ақыл күші — бұлар адамшылық қасиеттер болып табылады. Егер осы екеуі бірдей болып келсе, біз өз бойымыздан және өз әрекеттерімізден абзалдық пен кемелдікті табамыз және осы екеуінің арқасында біз ізгі игілікті және қайырымды адам боламыз, біздің өмір бейнеміз қайырымды, ал мінез-құлықымыз мақтаулы болады.

Біз мінез -құлық сапаларының абзалы да, оңбағаны да жүре-тұра пайда болады дейміз. Адамда қалыптасқан мінез-құлық болмаса, онда ол жақсы немесе жаман мінез-құлыққа тап болғанда, қарама-қарсы мінез құлыққа өз еркімен кешіп кетуі мүмкін.

Адамның белгілі бір мінез-құлыққа ие болуына немесе жақын жұғысудың арқасында бір мінез- құлықтан басқа бір мінез-құлыққа ауысуына себепші болатын нәрсе — әдет болады, ал әдет деп мен белгілі бір әрекеттің жиі-жиі және ұзақ уақыт қайталануын айтамын.

Мінез-құлықтың қалыптасу жолдары өнерді үйрену жолдары сияқты. Мысалы, жазу өнеріне шебер жазғышқа тән әрекеттерді сол адамның орындап машықтануы арқылы жетеді. Басқа өнерлердің де келу жолы дәл осындай...

Абзал әрекет жөнінде де істің жайы осылай сияқты ол адам жақсы мінез-құлыққа жетілгенге дейін оның өзінің табиғатына біткен әлеуметке сай келетін мүмкіндіктерді іске асыру қажет. Адамда белгілі бір мінез-құлық қалыптасуы үшін осыған сай келетін әдеттер берік орын алулары керек"

Фараби мұнан басқа жүйелі түрде жаттығу, машықтану, сендіру, еліктіру, үлгі көрсету т.б. тәрбие және өзін-өзі тәрбиелеу әдістерін қолдануды ұсынады. Практикалық дағды, шеберліктерді, жақсы мінез-құлықты дарытуда ол тәрбиеленушінің мінезін және басқа жағдайларды ескере отырып екі педагогикалық әдісті — жұмсақ және қатаң әдісті ұштастыра қолдануды талап етеді.

Фарабидің ілімі бойынша адамның рухани бет-пердесі, мінезі мен жүріс-тұрысы қоғамдық орта, тәрбие әсері, адамның еркі ауру сияқты көптеген объективтік және субъективтік себептердің әсерімен қалыптасады, өзгереді. Фарабидің пікірінше, тәрбиеге көнбейтін, жөндеуге, түзетуге болмайтын жас болмайды. Тек ретін тауып үйретуден, баулудан жалықпау керек. "Жаман

қылық — ол жан ауруы. Бұл ауруды кетіру үшін тән ауруын емдеуші дәрігерге ұқсауымыз керек" — дейді ғұлама. Фарабидің "Бақытқа жету жолы" атты трактатында жастарды батырлық, жомарттық, қайырымдылық, қанағаттылық, шешендік, доспейілділік, т.б. қасиеттерді қалай тәрбиелеу қажеттігі жайлы нақты баяндайды

Дүниежүзілік ғылым мен мәдениеттің алтын қорына өлшеусіз үлес қосқан ұлы бабамыздың педагогикалық мұрасы да тілегей – теңіздей мол дүние. Данышпан ойшыл өз еңбектерінің көпшілігін ұстаздық тұрғыдан тәлім – тәрбиелік мақсатқа орайластыра жазған. Оның арифметика, геометрия, астрономия, музыка ғылымдарын педагогикалық, яғни тәрбиелік ғылымдар дейтін жүйеге жатқызуы да, сондай – ақ педагогика, методика мәселелері жөнінде арнаулы еңбектер жазуы да жоғарыда айтылғанымыздың айғағы. Оның оқу – білім, тәлім – тәрбие мәселелері жайлы айтқан пікірлерінің құятын үлкен бір арнасы адам атаулыны гуманистік, ізгілік қасиеттерге баулу мәселесіне келіп тіреледі. Адам деген ардақты атты лайықпен алып жүруден артық бақыттылық жоқ. Нағыз бақыт осы дүниеде ғана, оны басқа жерден іздестірудің қажеті жоқ. Әлемдегі жаман мен жақсыны адамның ақылы ғана ажыратады.

Библиографиялық тізім:

1. «Әбу Насыр Әл – Фарабидің тәрбие және еңбек тәрбиесінің теориясын жасауы.» // Ұлағат. – 1997.
2. Нуриев М.А., Сейсенбаева Ж., Сеитова Ж. «Ұлттық тәлім-тәрбие негіздері» «Ұлттық тәрбие» №1, 2010ж.,
3. Р.К.Төлеубекова «Ұлттық тәрбие және оның философиясы»\\Педагогика және Психология журналы №1, 2009.
4. Пралиев С.Ж. «Ұлттық тәрбие және жаһандану», Егемен Қазақстан, 25 желтоқсан, 2009 .

ИШМАТОВА ГАЛИЯ ТОКТАМУРАТОВНА

№1 мектеп-лицейі

Құлан ауылы, Жамбыл облысы

ТӘРБИЕЛІ ҰРПАҚ – БОЛАШАҚ КЕШЛІ

Бұл мақалада ұлы ғұлама ойшыл Әл-Фарабидің ұрпақ тәрбиелеуде басты назарға алынатын қағидалар туралы айтылған. Айтылған ой-пікірлері өмірлік тәжірибеден өткен, ойлануға жетелейтін, бала тәрбиесіндегі мәселелерді шешуге бағытталған.

Түйінді сөздер: білім және тәрбие беру, мінез-құлық тәрбиесі, әдіс-тәсілдер.

Биік таудың биіктігі алыстан-ақ байқалады. Оның биіктігін қасына барып қараудың қажеті жоқ. Себебі ол қай жерден қарасаң да өзінің өзгеден шоқтығының биік екенін көрсетіп тұрады. «Адамнан адам баласы ақылымен озады» деп ұлы Абай айтқандай, өзінің даналығымен, зерек, алғыр, сөзге шешен,

тапқырлығымен биік таудай көзге түсіп, әлемнің екінші ұстаз атанып, білім қуған жандарға шамшырақтай бағыт сілтеген ұлы ұстаз Әл - Фараби туралы айтқанда, есімізге тәрбие туралы айтқан дана сөзі түсері анық. Атақты ойшыл Әл- Фараби: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне қауіп әкеледі» деген екен. Ұлы ойшылдың бұл сөзін талдаудың, түсіндірудің қажеті жоқ. Тәрбиесіз берілген білімнің алысқа бармайтынын оқушылар ортасында жүрген ұстаздар жақсы біледі. Саналы ұрпақ тәрбиелеу арқылы- қоғамның өзін, елдің ертеңін, халқымыздың тірегін қалыптастырамыз. Осы орайда балаға құқықтық тәрбие беру-баланың болашағына, өміріне өлшеусіз қазына екенін айтудың өзі артық. Әрине, қоғам өмірінде қабылданған заңдардан баланың хабардар болуы - құқықтық тәрбиені ұғынудың жоғары деңгейі. Адамның құқықтық мәдениеті мектеп жасынан бастап қалыптасатынына көз жеткізу қиын емес. Осыған қарамай оқушылардың біраз бөлігі көп жағдайда қылмысқа тартылудың шектеулі жас кездері бар екенін біле бермейді. Құқықтық тәрбие тура жолмен жүруге үйрететін әдептілік әдістеріне сүйенеді. Адам мұндай жағдайда өзінің ар-ұятына жүгінеді. Оқушы өзінің айналасындағы адамдарды, әлеуметтік игіліктерді қате бағалауы мүмкін. Мұның өзі оның көбіне көп құқықтық тәрбиенің бұзылуына әкеп соғады.

Жастар тәрбиесі қай кезеңде де отбасына және білім ордасы мектеппен тығыз байланысты. Жұмысыңның адал жемісі – алдындағы оқушының дұрыс тәрбиеленуімен, білім алуымен қатар азаматтық, адамгершілік тәрбиенің бір саласы – құқықтық тәрбиені қоса игеруімен көрінеді. Осы орайда Әл-Фарабидің :«Адамның басына қонған бақыттың тұрақты болуы жақсы мінез-құлыққа байланысты. Мінез бен ақыл жарасса – адамгершілік ұтады» деген сөзі еріксіз ойға оралады. Философ тәрбиенің қайнар көзі адамгершілікте екенін тайға таңба басқандай жеткізіп тұр. Адами қасиеттер тәрбие арқылы бойға сіңіп, мінез болып қалыптасады. «Ұстазы жақсының, ұстамы жақсы» демекші, әлемге тәрбие тағлымының нұрын шашып, адам болып қалыптасудың жолын жік-жіктеп көрсеткен Фараби еңбегі ешқашан құндылығын жоғалтпайды. Тереңін қаза берсең, таусылмайтын қазынасы бар Әбу Насыр Әл-Фарабидің дана сөздері ешкімді де бей-жай қалдыра алмайды. Ол: «Қайсыбір салада оң нәтижеге қол жеткізуге қабілеті мол адам қабілеті жоқ адамға басшы болады», - дейді [1,б]. Бұл жерде тек тәрбиені емес, кез келген салаға тоқталып отыр. Дегенмен ойының түйіні, «білімсізге білім беру, жетекшілік ету-тәрбие арқылы іске асады» деген оймен сабақтас.

Тәрбие қай кезде болмасын, қиын да күрделі процес. Мемлекеттің беріктігі тек елбасына, билеуші қайраткерлерге, әділ заңға, күшті әскерге ғана емес, тікелей тәрбиеге де байланысты. Бала - жасы кәмелетке толмаған, жан - жақты тәрбиені қажет ететін, болашағынан көп үміт күттіретін жеке тұлға. Жеміс ағашын баптасаң, көп күттірмей жемісін береді. Балаға да дұрыс бағыт берсең, елінің ертеңін ойлайтын, ел үмітін ақтайтын жеке тұлға шығары анық. Осы мақсатта құқықтық тәрбиені жетілдіріп отыру-басты парыз. «Шын беріле қызықтаған нәрсе ғана адамның жүрегінен орын алады» -деп Әл-Фараби айтқандай, жүрек қалауымен берілген тәрбие жүрекке барып жетері сөзсіз. Бірақ

сол тәрбие беруде үнемі кеш қалатынымыз ешкімді ойландырар емес. Ата-бабамыз баланың тәрбиесі туралы «Тәрбие басы-тал бесік»деуі тегін емес. Сондай-ақ Б.Момышұлы «Бесік жырын айтпаған әжеден, бесік тербетпеген анадан қорқам» деген қорқынышы да бәрімізді ойлантуы тиіс. Бесік жыры- баланың болашағына батыл қадам жасауға, адалдықтан аттап кетпеуге тәрбиелейтін халық жыры. Сөздері сәби жүрегін елжіретіп, буыны бекімеген баланың санасына әсер етеді. «Сөз-сүйектен өтеді»демекші, баланың мінезінің қалыптасуына әсер ететіні анық. Осы тұста ғұлама ойшыл Фарабидің : Шынайы бақытқа жетуге кепіл болатын мінез-құлық тәрбиесі» деуінің орынды екені даусыз [4]. Адамдардың, әсіресе, жастарды тәрбиелеу жүйесінде еңбек, эстетика, дене, гуманистік, патриоттық т.б. тәрбиелер түрлерін енгізіп қараған . Фараби мінез-құлық тәрбиесінің құрал, әдістерін белгілеуде Аристотельдің адамдағы барлық мінез-құлық, қасиеттерді туа біткен емес, жаттығу, әдеттену машықтану нәтижесі деген қағиданы басшылыққа алып, ары қарай дамытып әкетеді. Ол адамда жақсы әдет-мінез қалыптастыруда ерік- қайратына көп мән береді, өйткені сезім мен рухани нәпсі мен парасат мұқтаждықтары бір-біріне қарама-қарсы келгенде санамен шешу ерікке, өзін-өзі билеуге тіреледі. Ортадан, қоғамнан бойына жақсы қасиеттерді сіңіріп өскен ұрпақ өсе келе тәрбиелі, жақсы мінез-құлық қалыптасқан тұлға болып шығады. Сөзімізді дәлелдеу үшін тағы да айналып әл Фарабиге соғамыз. Ол: “Жақсы мінез-құлық пен ақыл-күш — бұлар адамшылық қасиеттер болып табылады. Егер осы екеуі бірдей болып келсе, біз өз бойымыздан және өз әрекеттерімізден абзалдық пен кемелдікті табамыз және осы екеуінің арқасында біз ізгі игілікті және қайырымды адам боламыз, біздің өмір бейнеміз қайырымды, ал мінез-құлықымыз мақтаулы болады” – деген [5]. Дананың дара сөзінен ұққанымыз, мінез-құлық жүре пайда болады, адамда қалыптасқан мінез-құлық болмаса, онда ол жақсы немесе жаман мінез-құлыққа тап болғанда, қарама-қарсы мінез құлыққа өз еркімен кешіп кетуі мүмкін екенін айтып отыр. Фарабидің әр сөзінің салмағына үңілсек, мінездің қалыптасуына әсер ететін әдет деген ойға тоқталады. Фарабидің тілімен айтқанда, «Адамда белгілі бір мінез-құлық қалыптасуы үшін осыған сай келетін әдеттер берік орын алулары керек” дейді. Осы тұста бала жас кезінде нені әдетке айналдыруы керек? деген сұрақ әрбір ата-ананы, ұстазды ойландыруы керек. Кітап оқу, спортпен айналысу, достарыңмен ойнау, теледидар көру т.б баланың әдетіне айналдыруға болады. Жастайынан неге әдеттенсе, соған қарай жақын болатынын естен шығаруға болмайды.

Фарабидің еңбектерінде адамның мінез-құлқы, жүріс-тұрысы, адами қасиеттері қоғамдық орта мен алған тәрбиесі арқылы қалыптасады. Оған ешкімнің дауы жоқ. «Сенің қандай екенінді досыңа қарап айтамын» демей ме? Сондықтан адамның қалыптасуына ортаның тигізер әсері мол. Алайда қисық өскен ағашты бұтауға болатыны секілді, қисық мінезді де жөндеуге болады. Бұл туралы Фараби де өз еңбектерінде тоқталып кеткен. Фарабидің пікірінше, тәрбиеге көнбейтін, жөндеуге, түзетуге болмайтын жас болмайды. Тек ретін тауып үйретуден, баулудан жалықпау керек, жолын табу керек. “Жаман қылық — ол жан ауруы. Бұл ауруды кетіру үшін тән ауруын емдеуші дәрігерге ұқсауымыз керек” — дейді ғұлама [2, 106]. Фарабидің бұл сөздерінен нені ұғамыз, нені ойға түйеміз?

Фарабидің тәрбие туралы тағлымы біреудің ала жібін аттамаған ,үлкеннің жолын кесіп өтпеген,үлкен тұрып кіші сөйлемеген тәрбиені бойға сіңірген ата – баба тәрбиесімен сабақтас.Тәрбие – ол үздіксіз жүретін процес.Ана сүтімен,атаның сөзімен бойға сіңген тәрбиені қазақ баласының бойынан алыстату мүмкін емес. Егер жастарымыз интернетте отыруды, мағынасы жоқ хабарларды тамашалап отыруды мақсат тұтса, онда рухы мықты,тәрбиесі өнегелі ұрпақты елестетудің өзі мүмкін емес. Спортты әдетке айналдырмаған, кітапқа көңіл бұрмаған жастардан тәрбиелі ұрпақ шығуы да екіталай. Ол үшін ата жолымен жүріп, ғұлама ойшылдарымыздың айтқан кеңесі мен көрсеткен жолымен жүрсек,қолымыздан сусып кеткен текті ата-баба тәрбиесіне қайта оралсақ алатын асуымыз,бағындырар белестеріміз көп болмақ.

Адам болып өмірге келген соң адам деген атқа лайық өмір сүру керек. Фарабидің сөзімен айтқанда: Адам деген ардақты атты лайықпен алып жүруден артық бақыттылық жоқ. Нағыз бақыт осы дүниеде ғана, оны басқа жерден іздестірудің қажеті жоқ»

Библиографиялық тізім:

1. Әл – Фараби: «Бақытқа жол сілтеу» трактаты
2. Әл – Фараби : «Философияны үйрену үшін қажетті шарттар»трактаты“
- 3.Интернет желісінен алынған мәліметтер
4. Әл -Фарабидің ұлағатты сөздері
5. https://kk.wikipedia.org/wiki/Әбу_Насыр_Әл-Фараби

КАИРБЕКОВА ГУЛЬАИМ НАСИРОВНА

*ағылшын тілі пәні мұғалімі
Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің
«№42 орта мектеп» КММ*

ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ - ҰЛТ БОЛАШАҒЫ

«Еңбектің өзі – өнер. Ал еңбек тәрбиесі сол өнерден туындайды, әрбір адамды еңбекке баулиды, еңбек шеберлігіне үйретеді. Олардың еңбек ету дағдысын қалыптастырады»

Әл-Фараби

«Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың – қас жауы» деген Әл-Фарабидің атақты қағидасына сүйене отырып, ұлы ойшылдың тәрбие жөніндегі ілімдеріне оның ішінде еңбек тәрбиесіне тоқталуды жөн санадым. Әл-Фарабидің шығармаларында көрнекті орын алатын мәселенің бірі – тәрбие мәселесі. Тіпті, оқып-білім алу, ғалым адамы болу мәселесін тәрбиемен тығыз байланыстырады. Мысалы, «Философияны үйрену үшін алдын-ала нені білу қажет?» деген еңбегінде ол: «ғылым үйренуге кіріспекші

кісі ... тәрбиелі, адамгершілігі мол, адал, қулық-сұмдықтан және басқа да ағат іс-әрекеттер мен мінез-құлықтан аулақ болуы қажет», - деп түйіндейді. Әл-Фарабидің гуманитарлық көзқарастары мен пайымдаулары «Бақытқа жету жайында» атты философиялық еңбегіндегі түсіндірулермен көрінген. Тәрбиеге анықтама бере келіп, ол: «Тәрбиелеу дегеніміз – халықтардың бойына білімге негізделген этикалық ізгіліктер мен өнерлерді дарыту әдісі деген сөз... тәрбиелеу кезінде халықтар мен қала тұрғындарына білімге негізделген қасиеттерден туатын іс-әрекет жасау дағдысы сіңіріледі, олар осындай іс-әрекетке жігерлендіріледі, осы әрекетті жасау тілегі қоздырылады, осы қасиеттер және бұлармен байланысты әрекеттер адамдардың жан-дүниесін баурап алатындай және адамдарды осыған жан-тәнімен құштар ететіндей болуы көзделеді», - деп жазды. Тәрбие мәселесін Әл-Фараби осындай терең мағынада түсіне отырып, өскелең ұрпақ үшін тәрбиенің жалпы халық пен қоғам өмірінде алатын орнын жоғары бағалайды. Дұрыс тәрбие берілмеген халықтар мен қала тұрғындары «надан» халықтар немесе қала тұрғындары деп аталып, нашар мінез-құлықпен, іс-әрекеттерімен сипатталады деген.

«Тәрбие – тал бесіктен» демей ме дана халқымыз, осы тұрғыда ұрпақ санасына ата-бабадан мирас болып келе жатқан адамгершілік қасиеттер мен рухани құндылықтарды бірте-бірте сіңіре беру қоғамның басты міндеті болып отыр. Бұл мәселеге үлкен жауапкершілікпен қарап, қолға алған жөн. Себебі, өскелең ұрпақ – тұғырлы еліміздің ертеңі, мемлекетіміздің болашағы. Әл-Фараби тәрбиенің, оның ішінде еңбек тәрбиесінің теориясы ғылымға негізделуі қажет деп санады. Еңбек тәрбиесі – жасөспірімдерді еңбекқорлыққа, еңбекті құрметтеуге, еңбек мәдениетін үйренуге бейімдеп, олардың еңбек ету шеберлігі мен дағдысын қалыптастыруға бағытталған тәрбиенің бір саласы. Сондай-ақ, еңбек тәрбиесі барлық халықтар мен ұлттардың дәстүрлі халық педагогикасының басты бөлігі ретінде дамыған. Мысалы, халқымыз ертеде дәстүрлі тәлім-тәрбие беру жүйесінде жас кезінен бастап баланы еңбекке, белгілі бір кәсіпке баулыған, әрбір жас бала “Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей”-деген мақал рухында тәрбиеленген. «Баланы 5 жастан 15 жасқа дейін құлындай жұмса»-деп қазақ халқы ұрпақ тәрбиесіне әуелден ұқыпты қараған халық. Қазақстанның халыққа білім беру жүйесінде еңбек тәрбиесі отбасында, мектепте, мектептен тыс мекемелерде жүзеге асады. Отбасында бала кішкене кезінен еңбек тапсырмаларын орындау арқылы еңбекқорлыққа, төзімділікке баулынады, сонымен қатар еңбек тәрбиесі мектепте білім берумен тығыз байланыста жүзеге асады. Оқу еңбегінің барысында балада ұқыптылық, еңбекқорлық, еңбек ету дағдысы, жауапкершілік қалыптасады. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай оқу процесінде өзіне-өзі қызмет ету, оқу құралдарын дайындау, үлкендерге көмектесу, табиғатты қорғау, осы сияқты қоғамдық пайдалы жұмысқа қатысуы олардың ой-өрісінің кеңеюіне, қабілеттерінің, бейімділіктерінің дамуына айтарлықтай үлес қосады. Бұл үрдіс үштік одақтың, яғни «мектеп-оқушы-ата-ана» болып, бірлесе жұмыс жасауы мен ынтымақтастығы негізінде жүзеге асады. Тәлім-тәрбиенің кілті ақыл-парасаты мол ата-ананың ғана емес, білімі терең, тағылымы тамырлы ұстаздың да қолында. Адам баласы жақсылыққа жету жолында, Әл-Фараби тілімен айтқанда «ақылгөй

ұстазға зәру». Мектеп қабырғасында білім алып жатқан оқушы жастарды тәрбиенің әр саласы арқылы тәрбиелеуде мұғалімдердің зор ықпалы мен орасан еңбегінің орны айрықша. Тәрбиенің әр бағыты арқылы жыл сайын өтетін мектепшілік іс-шараларды өткізу барысында ұстаздың басты мақсаты ұлттық рухы биік, адамгершілігі жоғары, салауатты өмір салтын ұстанатын, елім деп еміренетін, ертеңіне өз үлесін қосуды армандайтын жан-жақты білімді, бәсекеге қабілетті, жанашыл тұлға қалыптастыру. Осы орайда мұғалімдердің тәрбие саласының дамуына қосып отырған өлшеусіз еңбегін елемеу мүмкін емес. Адам баласының бойында жастайынан тәрбиенің оның ішінде еңбек тәрбиесінің қалыптасуы қоғам үшін өте маңызды екені айтпаса да белгілі. Қоғамның басты құндылығы – адам, ал сол адамның өнегелі, тәрбиелі, білімге, еңбекке құштар болуы жарқын болашағының кепілі емес пе?

Әл-Фараби жас ұрпаққа білім мен тәлім-тәрбие беріп, еңбекке үйретіп, еңбек тәрбиесін беретін адамды яғни ұстаздық ететін адамды өте жоғары бағалаған. Оның ойынша тәрбиеші, ұстаз адам «мәңгі нұрдың қызметшісі». Ұлы ойшыл тарихи шындықты, еңбекті, тәрбиені, адамның игілігі, бақыты үшін қолдануды армандады. Осы орайда білім мен тәрбиенің ұштаса отырып, адам өмірінде маңызды орын алатынын, ал еңбек тәрбиесінің орасан зор ықпал ететінін, осылардың барлығын адам баласы өзінің өмірінде тиімді пайдалану арқылы ғана бақытқа жететінін ұлы ойшыл нақты түсіндіріп өткен. Әл-Фараби еңбекті өмір сүрудің негізі, адамзат тіршілігінің мәңгілік, табиғи шарты деп қарастырды. Фарабидің пікірінше, оқу, тәрбие, білім алу, еңбек ету, ғылым адамы болу адамгершілік және еңбекпен тығыз байланысты. Фараби ең алғаш еңбекті, таза еңбекті, адал еңбекті тәрбиенің алғы шарты етіп алды.

Қорытындылай келе, баланы сөзбен немесе теориямен тәрбиелей алмаймыз, ондай әдіспен тәрбие дарымайды, бала үлкендердің жүріс-тұрысын, іс-әрекетін үлгі тұту арқылы тәрбиеленеді. Тәрбие арқылы адам тағдыры шешіледі. Мектеп қабырғасында жақсы тәрбиеленген, саналы отбасынан үлгі алған бала өмірде өз орнын тауып, салиқалы, ибалы, жігерлі тұлға болады дегім келеді.

Библиографиялық тізім:

1. Қ. Көшербаев, Р. Сейсенбаев. Фараби // «Қайырымды қала» 2019, 164 б.
2. Ә. Нысанбаев, Ғ. Құрманғалиева. Қазақ халқының
3. философиялық мұрасы. Астана 2006, 290 б.
4. Қ. Бораш. Ұлы даланың ұлағатты тұлғалары.
5. Нұр-Сұлтан 2020, 240 б.

КУЗДИЕВА АСЕЛЬ КУРБАНОВНА

Жамбыл облысы Т. Рысқұлов ауданы

Көгершін ауылы Ақтоған шағын

орталықты орта мектебі

ӘЛ-ФАРАБИ ІЛІМІНІҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНМЕН БАЙЛАНЫСЫ

Әлемнің ұлы ойшыл-философтары әр дәуірде бақытты өмір, бақуатты тұрмыс мәселелері жөнінде ой толғаған. Солардың ішінде Әбу Насыр әл-Фарабидің осы тақырыпқа арналған «Бақыт жолын сілтеу», «Бақытқа жету жайында» атты еңбектерінің орны бөлек. Ол өз шығармаларында адамзат өміріндегі ең өзекті мәселе – бақыт идеясын ұсынады. Ғұлама ғалым адам бақытын басты орынға қояды. Бақыт дегеніміз – өмірден ләззат алу емес, әрекетшіл ақыл-парасат арқылы мақсатқа жету екенін айтады. Фараби бақытқа кенелу формуласын «Адамның өзін-өзі жетілдіре отырып, кемелдікке жету жолы» деп көрсетеді.

«Тәрбие – тал бесіктен» деген халық даналығына орай, ұрпақ санасына ата-бабадан мирас болып келе жатқан адами қасиеттерді, рухани құндылықтарды шым-шымдап сіңіре беру керек. Бұл мәселеге үлкен жауапкершілікпен қараған жөн. Өйткені әр перзент – еліміздің ертеңі, мемлекетіміздің болашағы.

Әл-Фараби адамның өзін-өзі жетілдіріп, кемелдікке келу жолында отбасының ерекше рөл атқаратынын айтқан. Үлгілі отбасында тәрбиеленген азамат сол ізгі қоғамның, қайырымды қаланың қадірлі тұрғыны болмақ. Отбасындағы күнделікті жақсы әдет тұрақты қасиетке айналса, бақытқа жетудің алғашқы қадамы жасалмақ.

Әр отбасының береке-бірлігін, әл-ауқатын нығайту аса маңызды міндет. Отбасы институтын әлеуметтік қорғау және қолдау арқылы азаматтарымыздың жақсылыққа жетуіне жол ашатынымыз анық. Қазіргі таңда дамыған мемлекеттер ең алдымен, азаматтардың табысын арттырып, тұрмыс сапасын жақсартуға баса мән береді. Бүкіл мемлекеттік аппараттың тиімділігі осы көрсеткіш бойынша бағаланады. Біз бақытты отбасын құруға, денсаулығы зор және саналы ұрпақ тәрбиелеуге жағдай жасауымыз керек. Сол себепті бүгінде отбасы институты мемлекеттердің жаһандық бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыратын негізгі мәселеге айналды. Ұлтымыздың басты капиталы – озық ойлы әрі рухани тұрғыда кемелденген азаматтарды тәрбиелеп өсіру осыдан бастау алады.

Егемен елімізді одан әрі өркендету үшін отбасы институтын әлеуметтік саясатымыздың өзегіне айналдыруымыз керек. Азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету жүйесі отбасын құру, оны нығайту және оған жан-жақты қолдау көрсетуге негізделуге тиіс. Жыл сайын адами құндылықтарды жаңғыртуға, үлгілі отбасыларды дәріптеуге және оның мәртебесін арттыруға бағытталған «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауы өткізіліп келеді. Мұндай байқаулар отбасы институтын нығайтуға, ата-ананың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін арттыруға ықпал етеді. Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия Фараби ілімінің бақытты отбасы моделін ұзақмерзімді стратегияға айналдырғаны дұрыс болар еді.

Ұлы ойшылдың пікірінше, адамның кемелденуіне ең басты ықпал етуші күш – білім. Ұлы бабамыздың білім мен тәрбиені ұштастыра жүргізу хақындағы ой-тұжырымдары ғасырлар бойы өмір шындығынан туған қағидаға айналды. Сондықтан жас ұрпаққа білім мен ғылымды ғана үйретіп қоймай, жан-жақты тәрбие беріп, адами қасиеттерді сіңіру аса маңызды. Мұндай ізгі ұмтылысқа ең алдымен, мемлекет мүдделі әрі жауапты болуға тиіс. Бұл орайда Білім және ғылым министрлігі білім мен тәрбиені қатар өрістету ісін жандандыра түскені абзал деп ойлаймыз.

Тәлім-тәрбиенің кілті ақыл-парасаты мол ата-ананың ғана емес, білімі терең, тағылымы тамырлы ұстаздың да қолында болады. Адам баласы жақсылыққа жету жолында, әл-Фараби тілімен айтқанда, «ақылгөй ұстазға зәру». Бұл зәруліктің орнын білікті педагогтер, ұлағатты ұстаздар даярлау арқылы толтыруға болады. Осы тұрғыдан алғанда біз қоғамда қажетті реформаны жүзеге асыра бастадық. Парламент «Педагог мәртебесі туралы» заң қабылдады. Бұл заң көптеген жаңа қадамдарға жол ашады. Сондықтан барша мұғалім еңбегін бағалап, педагог мәртебесін арттырып, «ұстаз» деген ұлағатты ұғымды қадірлеуіміз керек.

Әл-Фараби нұсқағандай, бақытқа кенелудің кепілі – орнықты мінез-құлық пен ақыл-парасат. Сонымен қатар ұлы кемеңгер адамның жетілуі оның денсаулығына тікелей байланысты екенін айтады. Халқымыз «Тәні саудың – жаны сау» дейді. Ендеше біз әр азаматтың дені сау болуына жете назар аударуға тиіспіз. Данышпан ойшыл ержүректілік пен қайсарлықты да жоғары бағалайды. Әр адам қауіпті сәттерде айналасын, елін қорғап қалуға дайын тұруы қажет. Бұл қасиет адам бойына бала күнінен даруы керек. Демек біз патриоттық тәрбиеге де баса мән бергеніміз жөн.

Әл-Фараби жақсылыққа жету жолдарын көрсеткенде үнемшілдік пен ысырапшылықты назардан тыс қалдырмайды. Ол сондай-ақ шектен тыс рахатқа бөлену тойымсыздыққа, қомағайлыққа соқтыратынын ескертеді. Ал қомағайлық жемқорлыққа әкеледі. Бұл да – ел дамуын тежейтін аса қатерлі індет. Мемлекетіміз мұндай кеселмен толассыз күрес жүргізуі керек. Қоғамның әр саласындағы жемқорлыққа жол бермеу – бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

Дала данышпаны адам бойындағы теріс мінез-құлықтың рухани кесел екенін атап көрсетті. Оның осыдан мың жылдан астам уақыт бұрын айтқан сөзі әлі де мән-маңызын жоғалтқан жоқ. Өкініштісі, біздің қоғамда әлі күнге дейін ұлт дамуына кері әсер ететін іштарлық, аяқтан шалу әрекеттері етек алуда. Осындай қасиеттерден арылу үшін әл-Фараби ілімін білім бағдарламаларына енгізіп, қоғамда кеңінен насихаттау ісін қолға алу қажет.

Кемеңгер ойшыл бақытқа жету жолын саралаған кезде мәрттік туралы ойын ортаға салады. Бұл үрдіс те бізге үлгі-өнеге болуға тиіс. Жетімін жылатпаған, жесірін жерге қаратпаған қазақ еліндегі жомарт жандардың дәстүрлі қайырымдылық қызметінің жаңа деңгейде жалғасуына өріс ашу керек.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың пікірінше, «қайырымдылық пен волонтерлік қызмет – патриотизмнің жарқын көрінісі және озық үлгісі». Биылғы Волонтер жылында еріктілердің игі бастамаларына баршамыз куә болдық. Отандастарымыздың қайырымдылық шараларына және

волонтерлік жобаларға белсене атсалысуы – соның айқын дәлелі. Еріктілер мен жомарт жандар пандемия кезінде мұқтаж адамдарға айтарлықтай қолдау көрсетті. Біз қайырымдылықпен және волонтерлік қызметпен айналысуды барынша қолдап, оны кеңінен дәріптеуіміз керек. Бұл да мемлекеттің күн тәртібінде тұрған негізгі міндеттің бірі.

Әл-Фараби адамдар арасындағы достық қарым-қатынасты да жақсылыққа жетудің жолы деп санайды. Қазақ халқы ешқашан достық пейілінен жаңылған емес. Бұл – отандастарымыздың ұлтына, нәсіліне қарамай, тату-тәтті өмір сүруінің кепілі. Осыған орай, біз достық қатынастарды одан әрі нығайтатын іс-шараларды тұрақты түрде жүргізе береміз. Жалпы, мемлекетіміз елдің тұрмысына жайлы, лайықты орта қалыптастыруға ерекше мән береді.

Біріккен Ұлттар Ұйымы жыл сайын әлем елдерінің бақыттылық деңгейінің рейтингін әзірлейді. Бақыт индексінің басты мақсаты – халықтың рухани даму сапасын, тұрмыс ахуалын айқындау. Осы өлшемдер жиынтығы бойынша Қазақстан былтырғы халықаралық рейтингте 60-орынды иеленді. Бұл ұлы ғұламаның атажұрты саналатын біздің еліміз үшін әрине, жеткіліксіз. Демек Үкімет бұл бағытта нақты жұмыстарды одан әрі қолға алса, нұр үстіне нұр болар еді.

Сондықтан Қазақстанның әрбір азаматының жақсылыққа жету жолында өзі өзі жетілдіріп, ел дамуына үлес қосу үшін әл-Фараби идеяларымен қарулануы аса өзекті мәселе болып қала бермек. Ғұламаның бақыт философиясы азаматтық қоғамды өркениетке жетелейтін ақыл-парасат бағдары болуға тиіс.

Еліміз тәуелсіздік алған соң ұлы ұстаз тұлғасының ой-санамызда және күнделікті өмірімізде берік орнығуына кеңінен жол ашылды. Мемлекеттігіміздің символына айналған ұлттық валютамызда әл-Фараби бейнесі көрініс тапты. Арнайы ғылыми-зерттеу орталықтары құрылып, ғалымның шығармаларын зерттеу ісі жүйелі түрде жүргізіле бастады. Мектеп бағдарламасына әл-Фараби және оның мұрасы жөнінде мәліметтер енгізілді.

Әбу Насыр әл-Фараби бір ұлттың шеңберінен шығып, бүкіл адамзат биігіне көтерілген қайталанбас тарихи тұлға! Оның рухани әлемін тану – адамзаттың мың жыл бұрынғы парасат-пайымын тану ғана емес. Бұл дегеніміз – бүгінгі болмысымыздың қай деңгейде екеніне көз жеткізу, сол туралы ой толғау, осыған орай жаңа заманның сын-қатерлеріне лайықты жауап іздеу.

Әл-Фараби ілімі бізді әлемдік өркениет жолындағы «Бақытты адам – қайырымды қоғам – қуатты мемлекет» жүйесін құруға жетелейді. Біздің алдымызда тұрған зор міндет – ғұламаның әлем мойындаған өмірлік қағидаларын қазіргі заманға сай қолданып, ақыл-ой биігіне көтерілу, елімізді дамыған озық елдердің қатарына қосу. Сондықтан әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойы рухани өміріміздің қарқынды дамуына зор серпіліс беретін, сондай-ақ жалпыұлттық жаңғыруға жол ашатын игі бастама болатынына сенімдіміз! Әл-Фарабиді таныту – Қазақстанды әлемге таныту!

ҚҰЛҰБАЕВА ГҮЛМИРА АҒЫБАЙҚЫЗЫ

ШҚО, Аягөз қаласы

«№10 қазақ мектеп - гимназиясы»

география пәні мұғалімі

БІЛІМНІҢ КІЛТІ – ТӘРБИЕ

«Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне қауіп әкеледі»
Әбу Насыр әл Фараби

Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде, өзіндік таңдау жасауына ықпал етуде отбасы мен педагогтер шешуші рөл атқарады.

XXI ғасырда көтеріліп отырған білімнің түп тамыры тереңде жатыр. Ол - халқымыздың ұлттық құндылықтарын, рухани мұраларынан, ділінен, тағылымдық ой-толғауларынан бастау алады. Білім берудегі білімі - ұлттық құндылықтарды іске асыру мен тартудың маңызды механизмі, өмірдің мәні мен өнегесі, тарихпен, ана тілімен, философиямен, әдебиетпен, дәстүрмен, психологиямен ұштасқан ұлттық-рухани білім мазмұны мен түрі.

Білім берудегі тәрбие – екі жақты үрдіс. Бір жағынан үлкендердің, ата-аналардың, педагогтердің балаларға белсенді ықпалын, екінші жағынан-тәрбиеленушілердің белсенділігін қамтитын қылықтарынан, сезімдері мен қарым-қатынастарынан көрінеді. Қоғамда адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттерінің ең бастысы - өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Адамға қойылатын басты талап-асыл да ізгі адамгершілік қасиеттерді бойына сіңірген, ұлағатты азамат болып шығу. Өйткені адам-өзінің адамгершілігімен, қайырымдылығымен, адалдығымен және әділеттілігімен ардақты. Тәрбие-адамның рухани арқауы екені белгілі. Адам баласының қоғамда бағалануы, дәріптелуі, ардақталуы-тікелей оның адамгершілік қасиеттеріне байланысты. Өйткені адамгершіл болу қайырымдылықты керек етеді. Адамгершіліктің негізі мінез-құлық нормалары мен ережелерінен тұрады. Баланың өмірге белсенді көзқарасының бағыты үлкендер арқылы тәрбиеленеді. Тәрбиелеу, білім беру жұмысының мазмұны мен оқыту формаларына қарай нақтыланады. Сонымен қатар педагогтың балалармен мазмұнды қарым-қатынасында, жан-жақты іс әрекетінде, қоғамдық өмірдің құбылыстарымен танысу кезінде, балаларға арналған шығармашылықпен танысу негізінде іске асады. Жас ұрпақтың азамат болып қалыптасуы, оның шығармашылықпен дамуының түп тамыры тәрбиеден бастау алып, ол Қазақстанның ертеңі мен еліміздің ұлттық қауіпсіздігі, қоғамның құндылық

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады, яғни тәрбиенің түпкі мақсаты- қоғамның нарықтық қарым- қатынасқа көшу кезінде саяси- экономикалық және рухани дағдарыстарында жеңіп шыға

алатын, ізгілігімен ХХІ ғасырды дамытушы, іскер, өмірге икемделген жан-жақты мәдениетті дара тұлғаны тәрбиелеп қалыптастыру» деп айтқан болатын.

Бүгінгі ұрпақтың жеке тұлғасын қалыптастыруда халқымыздың ғасырлар бойы қастер тұтып келген ар-намыс, ождан, атамекен, ана тіліне сүйіспеншілік, әдеп-иба, қайырымдылық, жауапкершілік, үлкенді сыйлау мен құрметтеу қасиетін дарыту-олардың өз еліне өгей тартып кетпеуінің басты шарты.

Адамдар тұлға болып, өзіндік жеке бас ерекшеліктерімен бірден дүниеге келмейді, әрбір жеке тұлғаны қалыптастыру, тәрбиелеп жетілдіру осы заман ағымына лайықты азамат, білімді, ойлы, өмірге құштар болып өсуіне үлесімізді қосуымыз керек.

Қай заманда болмасын, жас ұрпақтың өнеге тұтар өзіндік ұлттық тәлім-тәрбиесі, үлгі алатыны тарихи жеке тұлғалар екені белгілі. Әл-Фараби, Ж.Баласағұн, М.Қашқари секілді ғұламалар еңбектерінің кеменгерлік сөздерінің оқушылардың тұлғасын қалыптастыруда мәні ерекше.

Ұлттық тәлім-тәрбиеге көп көңіл бөлген педагог М.Жұмабаевтың артына қалдырған тәлім-тәрбиелік мұраларының негізгі тақырыптарның бірі де – бала тәрбиесі мен тұлға мәселесі. Осыған орай, педагог “түзу адам”, “жетілген адам” туралы айта келіп, бұл оның пішін-келбетінен, жүріс-тұрысынан, нақты ісінен байқалады, бұл айтылғандар тұлғаның қандай мінезді екенін білуге мүмкіндік береді. Адам тұлға, кісі болуы үшін өзін сүю, жақындарын сүюмен шектелмей, жалпы адамзатты сүюі шарт. Таза жүректі, халқын сүйген, ел мұқтажын ойлайтын, әділет пен адалдықты жақтаған адам ғана тұлға бола алады. Тұлға-сан қырлы, мазмұны да, табиғаты да күрделі, құпиясы мол әлеуметтік ұғым. Адам өсу дамып жетілу үдерісінде біртіндеп тұлға, кісі деген атқа ие болады деп тұжырымдаған.

Қазіргі таңда қоғамның әлеуметтік-экономикалық жағынан дамуы бар әлеуметтік сұраныс негізі жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыруды қажет етеді. Оның бүгінгі жаңа қоғам мүддесіне лайықты, жан-жақты жетілген, бойында ұлттық сана, ұлттық психология қалыптасқан ертеңгі қоғам иегері боларлық парасатты азамат тәрбиелеп өсіру- педагогтардың, Үкіметтің және барша халықтың міндеті.

Адамзаттық құндылықтар бала бойына іс-әрекет барысында, әр түрлі ойындар, хикаялар, ертегілер қойылымдар арқылы беріледі. Тәрбие адамның рухани байлығы, болашақ ұрпақты ізгілік бесігіне бөлейтін руханият дәуіріне жаңа қадам болып табылады. Адамгершілік тақырыбы-мәңгілік. Ол ешқашан ескірмек емес. Жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру-ата-анамен ұстаздардың басты міндеті. Адамгершілік әр адамға тән асыл қасиеттер. Адамгершіліктің қайнар бұлағы-халқында, отбасында, олардың өнерлерінде, әдет-ғұрыпында. Әр адам адамгершілікті күнделікті тұрмыс –тіршілігінен, өзін қоршаған табиғаттан бойына сіңіреді. Халық педагогикасы-нәрістенің сезімін ананың әуенімен оятатын бесік жырлары, даналыққа толы мақал-мәтелдер, жұмбақ-жаңылытпаштар, қиял-ғажайып ертегілері, ойындары, тәрбиелеп өсіру негіздері адамгершілік ниеттергі баулиды. Олай болса, адамгершілік тәрбие беру кілті-халық педагогикасында деуге болады.

Ал, адамгершілік тәрбиелеудің бірден-бір жолы осы іске көзін жеткізу, сенімін арттыру. Осы қасиеттерді балаға жасынан бойына сіңіре білсек, адамгершілік қасиеттердің ерік ірге тасын қалағанымыз. Адам баласының мінез-құлқына тәрбие мен тәләм арқылы тек біліммен ақылды ұштастыра білгенде ғана сіңетін, құдіретті, адамшылық атаулының көрінісі болып табылады. Қазіргі кезде өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеуде қойылған мақсаттардың бірі қоғамға пайдалы, үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге қамқор бола білетін, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру.

Білім берудегі тәрбие – адамның рухани арқауы. Ал моральдық жағынан кіршіксіз таза бол дегеніміз-адамгершіліктің асқар шыңы. Адам баласы қоғамда өзінің жақсы адамгершілік қасиеттерімен ардақталады. Адамгершілік негізі-имандалық пен ізеттілікте. Ол әрбір отбасынан басталады. Осыны жадында тұтқан қазақ халқы жастарды кішіпейілдікке, ізеттілікке, инабаттылыққа тәрбиелеуді бірінші міндет деп санаған. «Өзін-өзі тану» пәнінің мектепте өтілетін басқа пәндерден бірқатар өзгешеліктері бар. «Өзін-өзі тану» пәнінің ерекшелігі сабақ барысында мұғалім тақырыпты өткенде әр түрлі іскерлік ойындарды, психологиялық жағдаяттарды қолдана отырып, әр оқушы өз ойын еркін айта алатындай, жеке мені, өзіндік көзқарасы айқындалатын атмосфера туғызады.

Жалпыадамзаттық құндылықтар болып саналатын адамгершілік мұраларды, білім берудегі қасиеттерді бүгінгі ұрпақтың бойына сіңіру, жақсылыққа үйрете білу аса маңызды. Жеке тұлғаны қалыптастыруда олардың жан дүниесіне сезіммен қарап, әрбір іс-әрекетіне мақсат қоюға, жоспарлауға, оны орындауға, өзін-өзі талап қоя білуге тәрбиелеу-адамгершілік тәрбиенің басты мақсаты.

Қорыта келгенде, әлемнің ең басты құндылығы – адам және адамның өмір сүруі үшін, бақыт үшін, қуаныш үшін жаралғандығы білім берудегі тәрбиеге негізделеді. Өмірдің осындай қарапайым ақиқатына – ұлттық құндылықтарды меңгере отырып, баланы халқының адал ұлы, Адам деген ардақты атаққа лайық болуға жастайынан үйрету қоғам талабы болып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Тажбаева С.Г. Мектептегі тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі. Алматы, 2013 жыл.
2. Р.Сейсенбаев. Фараби. «Ғылым туралы кітап», Алматы, 2020 жыл.
3. Майгаранова Ш., Иманбаева С.Т. Мектептегі тәрбие теориясы мен әдістемесі. Оқу-әдістемелік құрал. - Алматы. – 2009 жыл.
4. Аль-Фараби. Философские трактаты, Алматы, 1972 жыл.

ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕЛІК КӨЗҚАРАСЫ

Тәрбие мен білім егіз ұғымдар екені баршамызға мәлім. Қазіргі ақпараттың жан-жақтан толассыз жауған жаңбырдай қаулап тұрған заманында, өсіп келе жатқан ұрпақты дұрыс тәрбиелей алу ауқымды мәселеге айналып отыр. Дүниені неғұрлым дұрыс танып, білу үшін және жақсы өмірдің дұрыс жолын таңдай білу үшін және жаңа мыңжылдықта білімді, тәрбиені, адамгершілікті-ізгілікті дамыту үшін біз әр уақытта, әр дәуірде өзімізге дейінгі өткен идеялар мен қағидаларға сүйенгеніміз жөн. Тәрбие мәселесін көтерген ғұлама ғалым-Әль-Фараби туралы айтпау мүмкін емес. Ол сонау Ерте орта ғасырлардың өзінде адамзат ілімінің молайып, ақыл-парасаттың жетілуін, оқу-ағартудың қажеттілігін айтып, білім алудың маңызын атап көрсеткен болатын. Фараби идеялары оның 140-тан астам трактаттарының арқауы болды. Фараби трактаттарының әрқайсысы өзіндік бір дүние, қағида, теория мен әдіс. Солардың бірі 948 жылы Египетте жазылған «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактат» болып табылады. Ол бұл еңбегінде адам әрекетінің түпкі мақсаттарының бірі—Бақытқа жету деп айта келе, сол бақытқа тек білім мен игілік нәтижесінде ғана жетуге болады дейді.

Бұл ойшылдың ойлау жүйесі мен мирасын, өскен мәдени ортасын танып-білу үшін оның сол мәдени негіздегі рухани-әлеуметтік және психологиялық құндылықтарды, сонымен қатар тарихи алғышарттарды тану керектігі сияқты «ислам өркениетінің ұлы ұстазы» - Фараби мен «түркі елінің пірі ілімнің мәнін тану үшін де оның өскен мәдени және тарихи дүниетанымдық кеңістігі дәстүрлі түркілік дүниетанымды, сонымен қатар, исламдық діни мәдениетті танып, пайымдай білу керек. Бұған қоса Фарабидің ойлау жүйесіндегі тұтастық пен үйлесімділікті де толық көре білу үшін оның ілімінің формалық негізін қалаудағы. Антикалық Батыс мәдениеті мен философиясының да орны ерекше екендігін айтып өткен жөн. Фарабидің пікірінше, оқу, тәрбие, білім алу, еңбек ету, ғылым адамы болу адамгершілік және еңбек тәрбиесіне тығыз байланысты. Фараби ең алғаш еңбекті, таза еңбекті, адал еңбекті тәрбиенің алғы шарты етіп алды. «Тәрбиені неден бастау керек», «Философияны үйрету үшін алдын-ала не білу керек» еңбектерінде ғылымды, оқу-ағартуды меңгеру, білім тәрбие алу, еңбекке үйрену, философияны меңгеру тәрбие әдістеріне байланысты екенін ғылыми тұрғыда дәлелдейді.

Фарабидің ең алғаш сусындағы дәстүрлі түркілік дүниетаным негізінде космологиялық түсініктермен қоса, Орхон – Енисей құлпытастарындағы Білге қағанның түрік ұлысына қалдырған өсиетнамасында бар терең философиялық, моральдық-этикалық, ұлттық құндылықтардың негізі элементтерін көруге болады. Осы дәстүрлі түркілік дүниетанымның негізі арқаулары - аңыз, әпсана, миф, жыр-дастандарда адамның қайрат-жігер, еркі мен жауапкершілігі ,

абсолюттік Құдірет иесі-Тәңірі және оның билігі арасында жан-жақты тұтастық пен үйлесімділік айқын. Бұған қоса, түркі мәдені мұхитында тәңірлік, буддизм, христиандық, яхудейлік, манихеизм және тағы басқа көптеген діни наным-сенімдер мен жүйелердің де маңызды үлесі бар. Атап айтқанда, дін ретінде немесе жалпы дүниетаным ретінде қаралатын жан-жақтылық – Батыс – Грек философиясы мен дүниетаным, исламнан бұрынғы түркілік мұхитта орын алған діни-философиялық ағым ретінде көрініп отыр. Түркілік жан-жақтылық дүниетанымның ең негізгі құбылысы- «тұтастық». Бүкіл жанды-жансыз болмыстар-жер, көк, тау, тас, күн, жұлдыз сияқты элементтер жиылып, осы тұтастықтың, бүтіннің бөлігі ретінде біртұтас космостық жүйе құрайды. Міне, дін, философия және саясат объектілерінде адамдар арасындағы бірлік пен ынтымақтастықтың нығаюына ықпал ететін түркілік дүниетанымдағы элементтер мен құбылыстарды Фараби исламдық дүниетаным нысандары ішінде қорытып, осы тұрғыдан оларды пайдалана білді.

Фараби көзқарасы бойынша, адамның шын мәнінде кемелдікке жетуі оның теориялық және практикалық танымы тұрғысында тең қарулануына байланысты. Өйткені Фарабидің философиялық көзқарасы- адамзаттың игілігіне қызмет етіп келе жатқан дін және ғылымдардың тұтастығы мен бірлігін сақтау болатын. Фараби “еңбек ету, сапалы болу, адамгершілік, ақылдылық табиғаттан туындауы қажет” деген ғылыми тұжырым жасады. Фараби адамды табиғат, адам, жер бетіндегі тірі организмдер дамуының ең жоғары сатысына көтерілген, еңбек құралдарын жасап, оларды өз қажетіне жарата білген, түсінікті сөз сөйлей білетін саналы ортаның мүшесі дейді. Адам туралы материалистік бағытты ұсынған Фараби адам еңбек ету нәтижесінде жоғары сатыға көтерілетінін алға тартады.

Фарабидің ойлау жүйесінде адам – ғаламның орталығы ретінде қарастырылады. Бір жағынан, физикалық әлемге, екінші жағынан, жаны, нәпсісі, рухы және санасымен метафизикалық әлемнің екі арасында көпір қызметін атқарады. Тәнімен физикалық әлемге қатысты болып отырған адам рухымен метафизикалық әлемге де қатысты. Физикалық және метафизикалық әлемнің ортасында, екі әлемнің арасын байланыстыратын көпір қызметін атқаратын адамның негізгі мақсаты – «ұлы бақытқа» қауышу. Ұлы бақытқа қауышу адамның «фаал ақыл», яғни, белсенді сана мәртебесіне жетуі арқылы жүзеге асады. «Адамның рухы өздігінен жоғары рухқа» ұмтылған да ғана игілікке беттейді. Игілікке ұмтылудың өзі, оған тек игілік үшін ғана ұмтылу – ең ұлы бақыт», -дейді Фараби. Бұл мәртебеге жетудің жолы – Фарабидің көзқарасы бойынша, дүниелік, материалдық тәуелділіктен арылу. Өйткені «ағаштың кемелділігі-оның жемісі болса, бақыттың кемелділігі де моральдық құндылықтармен өлшенеді. Бұл жерде Фарабидің ойлау жүйесінің толық және кемел тұтастықта екенін көруге болады. Яғни, физикалық әлем мен метафизикалық әлем адам арқылы тұтастықта, тығыз байланыста болады. Бұл туралы Де Ласи Олери, «Фарабидің ілімі бақытқа жету жолында рухтың тәннен, материядан ажырауын өзіне басты мақсат етіп қояды. Оның осы жол арқылы Тәңірге қауышуға болатындығын көрсетуі Фараби ілімінің екі жақсылықтың қосындысы екенін көрсетеді. Жалпы айтқанда, вахтад-и-вижуд теориясына қарай

ойысқан үйлестіру әдісі екендігін көруге болады», - дейді. Осы ойды Жабит Сунар да құптайды. Оның пікірінше, Фараби неоплатонизмнің әсерімен өзіне дейін тек қана хал ілімі, қалб ілімі ретінде танылған суфизмге философиялық форма берген ең алғашқы философ еді. Фараби іліміндегі адам туралы түсініктер бүгінгі қоғамымыз үшін теориялық әрі практикалық жаңаша ойлауымызға, санадағы серпілістің жаңғыруына ықпал ететін қордалы ойдың көзі болуы себепті әрі осы баба мұрасының дүниетанымдық арнамызды қалпына келтірудегі маңызы, сыры мен сыны тұрғысынан жаңаша, жан-жақты ғылыми зерделеуді қажет ететін сияқты. Фараби адамдар бір-бірімен келісіп, тіл табысып отыруы керек деп есептеді. Әділеттіліктің қалыптасқан нормасы, әмбебап заңдар қажет екендігін ескерте келе ол заңдардың тәрбие арқылы жүзеге асатындығын дәйектейді. Оның ойынша, еңбексіз заң да, қоғам да ілгері дами алмайды. Ұлы ойшылдың заң күші туралы осы айтқандарынан қоғамдық келісімдер туралы идеяның алғашқы ұрығы жатқандығын аңғару қиын емес.

Фарабидің шәкірті, оның ілімін әрі қарай жалғастырушы Ибн-Синаның “Фарабидің тәрбие тағылымдарының ең маңыздысы әрбір жеке адамды еңбекке тәрбиелеу болды. Өйткені, еңбексүйгіштік, еңбек ете білуге және еңбекке ынталы болуға тәрбиелеу. Ол кімде-кім өзінің тіршілігі үшін, өзіне пайда келтіретін еңбекпен айналысқанда ғана нағыз ел адамы бола алады деген өмірлік өсиет қалдырып кетті” — деуі бекер емес. Әл-Фараби тәрбиенің барлық бағытын қамтыды, атап айтсақ ақыл-ой, адамгершілік, патриоттық, дене, эстетика, құқықтық, экономикалық, еңбек т.б. Мысалы еңбек тәрбиесінің теориясын жасауда еркін еңбек адамның жан-жақты дамуына ықпал етеді, адамзат баласы ақыл-ойымен қатар физикалық тұрғыдан да дамуы тиіс деп санаған және оған еңбек тәрбиесінің ықпалы зор, деген тұжырымдар жасаған. Әл-Фараби «еңбек ету, сапалы болу, адамгершілік, ақылдылық табиғаттан туындауы қажет», – деген ғылыми тұжырым жасады. Оның бұл пікірі тәрбиедегі табиғатпен байланыс ұстанымының негізі, деуге дәлел болады. Бұл ойшыл ғалым, теңдессіз философтың еңбектеріне терең үңілсең, бала тәрбиесі, тіпті жалпы адамзаттық тәрбиенің негізі жатқанын көруге болады.

Библиографиялық тізім:

1. Ауданбек Көбесов. «Әбу Насыр Әль Фараби» А., «Қазақ ұлттық университеті» 2004
2. Е.Жәнібеков. «Әль Фарабидің көзқарасы». А., «Рауан» 1993
3. Материалы международного конгресса, «Наследие Аль-Фараби и мировая культура». А., 2001

НЕГМЕТЖАНОВА НУРГУЛЬ ЗЕЙНУЛЛИНОВНА

*Преподаватель
ГКП на ПХВ «Высший колледж
транспорта и коммуникаций»
акимата г. Нур-Султан*

ПУСТЬ ЗАПОВЕДИ ПРЕДКОВ ЖИВУТ В НАШИХ СЕРДЦАХ

Аннотация: Изучение трактатов аль-Фараби показало, что идеал воспитания и образования, по мнению мыслителя, включает в себя овладение научными знаниями, нравственное и эстетическое совершенство не только обучаемого, но и самого учителя. Только наделенный разумом человек способен воспринимать новые знания, использовать опыт прежних поколений и применять их в практической деятельности.

Проблемы, которые волновали великого мыслителя, которые он поднимал в своих работах, принадлежат прошлому, многие его идеи актуальны и принципиально важны и сегодня. Именно эти темы стали основой данной работы.

Ключевые слова: аль-Фараби, великий мыслитель, духовное наследие, воспитание, ценностные ориентиры, просветитель, познание.

«Человек стал человеком благодаря разуму» (Аль - Фараби)

Изучать историю своего государства можно не только по книгам. Прекрасными экскурсоводами могут стать памятники, священные места, древние города, архитектурные шедевры. Это все наше культурное наследие.

Одним из таких памятников является – наследие великого мыслителя Абу-Насыр Мухаммад Ибн-Мухаммад Ибн-Тархан ибн-Узлаг аль-Фараби ат-Турки - полное имя Учителя Востока.

«Оценивая духовное наследие аль-Фараби, президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев призвал формировать ценностные ориентиры у подрастающего поколения казахстанцев на основе воззрений таких выдающихся мыслителей, как аль-Фараби. [3]

Учение аль-Фараби очень актуально и востребовано именно сейчас, когда учебные заведения призваны не просто готовить специалистов в отдельных областях знаний, но формировать из них «разумных граждан-созидателей», воспитывать студентов «на основе интеграции знаний и духовности, в духе глобальной гражданственности».

Аль-Фараби утверждал, что создание нового, идеального общества возможно только при воспитании гармонически развитого человека. Ребенок от рождения не наделен разумом. Разумным он становится только при условии правильного воспитания и образования. «Воспитание разумного человека происходит благодаря усилиям учителя в процессе воспитания ученика», Аль-Фараби отводил разуму решающую роль в формировании личности ребенка. [1]

Нам хорошо известен тезис Жан-Жак Руссо «Час работы научит больше, чем день объяснения». Подтверждением этого является тот факт, что аль-Фараби, тюрок по происхождению, писал свои труды на арабском языке, который он изучил в совершенстве, будучи в зрелом возрасте. Аль-Фараби как инофон в процессе усвоения неродного для него арабского языка прошел несколько этапов: практическое овладение языком, изучение его грамматического строя, постижение философии языка, законов, управляющих им, и, наконец, развитие способности к абстрагированию в языке. Именно через посредство неродного языка аль-Фараби смог получить, переработать и интерпретировать интересующую его информацию по изучению, использованию, применению языка.

Одним из первых философов на Востоке он обратил внимание на важность языка в процессе мышления, важность языка как хранителя исторического сознания и философского опыта народа, как орудия создания, развития, хранения и передачи культуры. Сам философ знал 70 языков.

В своем знаменитом трактате «Китаб ихса аль-улум» («Книга классификации наук») аль-Фараби предлагал схему последовательного обучения. На первое место аль-Фараби ставил изучение *языкознания*, потому что, по его мнению, совершенствуя и шлифуя язык, "языкознание тем самым способствует развитию всех наук". После языкознания аль-Фараби ставил *логику*, т.к. всеобщие законы логики позволяют понять содержание и развитие всех остальных наук. Далее следуют *математика, естествознание и богословие*, а также науки об общественном развитии. [1]

При делении наук на пять разрядов выносит на первое место науку о языке, в которой он, в свою очередь, выделяет семь разделов: 1. Наука о простых словах. 2. Наука о словосочетаниях и предложениях. 3. Наука о законах простых слов 4. Наука о законах словосочетаний и предложений.

5. Наука о законах правописания. 6. Правила правильного чтения. 7. Наука стихосложения.

Изучение и анализ трактатов аль-Фараби показывают, что мыслитель рассмотрел все стороны учебного процесса: деятельность педагога, последовательность обучения, методы обучения, обязанности ученика и учителя.

Он утверждал, что общественное положение педагога должно определяться его *профессиональным уровнем*. Поэтому для успешного выполнения своих обязанностей педагог должен обладать педагогическим талантом, интеллектом и самыми различными дарованиями. Педагог может правильно ориентировать подрастающее поколение на знание законов общества и жизни, объясняя молодежи, - что силой воли, настойчивостью и знаниями человек может преодолеть невзгоды и достичь желаемого результата. Он предлагал начинать обучение с самых простых вещей и по мере накопления опыта, познания окружающего мира переходить к более сложным явлениям и понятиям.

Педагог должен поощрять свободный художественный выбор своих обучающихся, их стремление к созданию нового. Все это, по мнению аль-Фараби, должно стимулировать их творческую и изобразительную деятельность.

В вопросах воспитания аль-Фараби основное внимание уделял роли мудрого педагога, обладающего целеустремленностью, трудолюбием, запасом знаний и культуры, хорошей подготовленностью, практическими навыками

Мыслитель предлагал не наказывать, а поощрять и вознаграждать детей. Методами исправления ребенка, по мнению аль-Фараби, могут быть нравоучительные беседы и методы убеждения.

Музыка, по мнению аль-Фараби, учит понимать добрые, благочестивые дела, объединяет людей. Детям нельзя слушать агрессивную, жестокую музыку, поскольку такая музыка формирует у них отрицательные качества.

Педагог должен заботиться о своих подопечных, подобно их родителям, быть к ним снисходительным, умело направлять их обучение. Обучающиеся обязаны уважать и почитать своих наставников, избегать критических ситуаций в общении с ними. Эти правила были прогрессивными для своего времени, остаются актуальными и в современном мире.

Педагог своими поступками, своими мыслями управляет душами своих воспитанников. Он обращал внимание на то, что при обучении детей следует тренировать их память путем повторения стихов, которые помимо памяти обогащают воображение обучающихся.

Обучение может быть качественным, если принимаются во внимание психологические свойства учеников и их интеллектуальные предрасположенности.

Образованный учитель - основное звено учебно-воспитательного процесса. Аль-Фараби соотносил функции педагога с функциями мудрого правителя государства, города, т.к. на нем лежит ответственность за воспитание подрастающего поколения, от которого зависит благополучие общества.

Аль-Фараби не ограничивался перечислением положительных качеств, которыми должен обладать педагог. Философ предлагал методические рекомендации, используя которые учитель может формировать положительные качества своих учеников.

Аль-Фараби предлагал два основных метода обучения: *метод прослушивания и метод объяснения и толкования*. Основой метода прослушивания является устное объяснение. Метод объяснения и толкования требует более подготовленной аудитории и способствует активному взаимодействию учителя с учеником во время занятий, позволяет ученикам задавать вопросы, уточнять недостаточно понятные моменты урока. [2]

Аль - Фараби мечтал просветить народ. Его кредо: человек, стремящийся к науке, должен быть достойным и хорошо воспитанным. Он должен начинать с изучения Корана и юридических наук, быть честным и правдивым, держаться подальше от интриг, лжи, хитростей; должен быть свободомыслящим человеком, опирающимся на основы права, использовать принципы шариата, не искажая их. [2]

Позитивный вклад аль-Фараби в учение о воспитании и образовании заключается в том, что он учитывал психолого-педагогические особенности и индивидуальные качества и способности каждого ребенка. Таким образом, аль-

Фараби оставил великое наследие, которое во многом опережало свое время. Говоря об умственном развитии, философ различал два вида, разума: *практический и теоретический*. [1]

Свобода духа в утверждении непреходящих человеческих ценностей, пронизывающая все его творчество, чрезвычайно поучительна и, как настоящая классика, актуальна во все времена.

Библиографический список:

1. Хайруллаев, М. М. Мировоззрение Аль-Фараби и его значение в истории философии. Ташкент : Фан, 1967;
2. Таджикова К.Х. К вопросу о соотношении логики и грамматики в трудах Абу Насра аль-Фараби . Вестник КазГУ. Серия философская. – 1998.
3. Интернет – ресурсы: <https://fb.ru/article/274039/al-farabi-biografiya-filosofiya-vostochnogo-myislitelya>

НУРГАЛИЕВ ЕРБОЛ ЖАКСЫЛЫКОВИЧ

*Жамбыл облысы Байзақ ауданы
№2 орта мектебі*

ТӘРБИЕМЕН БЕРІЛГЕН БІЛІМ – ӨЛШЕУІ ЖОҚ ҚАЗЫНА

Атақты ойшыл Әбу Насыр әл Фараби: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие беру керек. Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне апат әкеледі» деп айтқан нақыл сөзі бүгінде басты мәселеге айналып отыр. Бұл сөздің растығын өмір тәжірибесі талай мәрте дәлелдегені белгілі. Фарабидің педагогикалық теориясында оқыту мен тәрбие өте тығыз да біртұтас байланыста қарастырылған. Ғұлама бабаларымыз айтқандай біз өткенге құрметпен бас иіп, жарқын болашаққа ұмтылуымыз қажет. Бүгінгінің ұрпағы біздің болашағымыз екенін ұмытпағанымыз жөн. Біздің ата-бабаларымыз тәрбиенің орны бөлек екенін жақсы білген. Өйткені ұрпаққа үлгілі тәрбие бере алу – қоғамның өзін, елдің тірегін қалыптастыру.

«Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» дейді халық даналығы. Тал бесіктен басталған тәрбие мектепте, одан әрі жоғары оқу орнында жалғасын тапқанда ғана нәтижелі болады. Ол үшін жаңадан бір нәрсе ойлап шығарудың қажеті жоқ, қолымыздан сусып кеткен текті ата-баба тәрбиесін қайта жаңғыртпасақ болмайды. Барлық жерде бірыңғай ата-баба тәрбиесі керек» Мектептің ұйымдастырушы тәртіп орталығы ретіндегі қызметінің ең маңызды бағыттарының бірі-мектептің, отбасының және жұртшылықтың күшін біріктіру. Ерте кезде балалар оқыса да, оқымаса да дін талап еткен тұрмыс ережесін білуге, орындауға тиісті болған. Ғасырлар бойы қалыптасқан, халық дәстүрлері мен салттары болған, отбасы тәртібі солар арқылы қатаң реттеліп отырған. Мысалы: қызға қандай киім лайықты, шашты бір өрім бе, әлде екі өрім етіп өруі дұрыс па,

оны шашбаумен сәндеу керек пе, не орамалдың, не кимешектің астына жасырып қойған жөн бе?- дейтін жайларды жіктеген. Ал, қазіргі кезде қыздарымыздың кіндігін көрсетіп жүруі, жарассын-жараспасын киімдерді киюі, өміріміздің бір бөлшегіне айналғанын жасыра алмаймыз. Баланың жақсы адам болуы тек ғана өмірдің ағымынан қалмай киіну ғана емес, ең негізгісі өмірден өз орнын таба алатын азамат ретінде тәрбиелеу жағы ақсап жатады. Мектеп отбасының тәрбиелік мүмкіндіктерін кеңітеді және дамытады, осы бағытта педагогикалық ағарту жұмыстарын жүргізеді, қоғамдық және мектептен тыс ұйымдардың мектеп пен отбасына белсенді түрде көмек көрсетуін ұйымдастырады және бағыттайды, олардың әрекеттерін үйлестіреді.

Халқымыздың «Балаңды бес жасқа дейін патшадай сыйла, бес жастан он бес жасқа дейін құлындай жұмса, одан соң өзіңе ақылшы дос сана» деген өмірлік қағидасы бар емес пе! Бала тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы туған ұясы, өз отының басындағы, ата-ана тәрбиесі. «Баланың бас ұстазы ата-анасы» демекші отбасындағы таным, түсінік қалай қалыптасса, адамның бойында қалатын сол қасиет солай қалыптасады. «Болса тәртіп, бала өседі сомданып, қатаң ұста, бос жүрмесін сандалып» деп Жүсіп Баласағұн айтқандай, есі кіріп, тілі шыға бастасымен-ақ баланы шектен тыс шолжаңдатпай, байсалды, ұғымтал, тілалғыш етіп баулу ата-ананың басты міндеттерінің бірі. Бұл жолда мектеп нақты педагогикалық проблемаларды шешу үшін ата-аналар жиналысын өткізу, лекция оқу, ата-анаға, отбасына жекелеп ықпал жасау қажет.

Ата-бабамыз отбасы тәрбиесінде еңбекке де көп мән беріп, ол туралы да өзіндік ойларды қалдырған. «Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған айуанның бірі боласың. Адамзаттың қамы үшін еңбек қылсаң, алланың сүйген құлы боласың» деп отбасында баланы жастайынан еңбекке баулудың маңыздылығын жоғары қоя білген. «Ата – ана балаға сыншы». Үлкенді құрметпен қадір тұту, ілтипатты қарым-қатынаста болу, сыйласа білу, ата-ананы қартайғанда қарау, кішіге қамқор болу-бұл қазақ халқы үшін жазылмаған заңдар. «Үлкенді сен сыйласаң, кіші сені сыйлайды, кіші сені сыйласа, кісі сені сыйлайды», «Аға әдепті болса, іні әдепті, апа әдепті болса, сіңлі әдепті» т. б. мақалдардан үлгі-өнеге, тәлім-тәрбиеге ерекше назар аударғанын көреміз.

Отбасының қоғамға қатысты негізгі қызметтері мыналар: ұрпақтар алмасуын қамтамасыз ететін бала туу, өсіру қызметі; білім, дағды, шеберлік, рухани құндылықтарды кейінгі ұрпаққа жеткізетін тәрбиелік қызмет; өндірістік — шаруашылық қызметі; отбасының жұмыстан, оқудан бос уақытын ұйымдастыру қызметі;

Отбасының адамға қатысты қызметі мыналар:

- ✓ Жұбайлық қызметі. Жұбайлар ең жақын адамдар.
- ✓ Ата-аналық қызметі- отбасының үйлесімді өмірін, олардың зейнет жасындағы игілігін қамтамасыз етеді;
- ✓ Тұрмысты ұйымдастыру қызметі. Отбасы тұрмысы психологиялық тұрғыдан алғанда ең жайлы тұрмыс болып есептеледі.

Мектеп пен сынып жетекшісінің отбасымен және жұртшылықпен жүргізетін жұмысының негізі ата-аналардың беделін көтеру және нығайтуға бағытталуы тиіс. Ата-ананың тәрбиелік мүмкіндіктеріне сенім арту, олардың педагогикалық мәдениетінің деңгейін көтеру тәрбиелік белсенділігін арттыру. Ата-аналар психологиялық жағынан мектептің барлық бастамалары мен талаптарын қолдауға дайын. Тіпті педагогикалық дайындығы, жоғары білімі жоқ ата-аналардың өзі бала тәрбиесіне терең түсіністікпен және жауапкершілікпен қарайды. Бала дегеніміз – біздің болашағымыз. Балаларымызды қалай тәрбиелесек болашағымыз солай болмақ. Келешегіміздің қожасы балаларымызды білімді де мәдениетті, тәрбиелі де әдепті, кішіпейіл де қарапайым етіп тәрбиелеу өз қолымызда.

«Ұл тәрбиелей отырып, жер иесін тәрбиелейміз, қыз тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз». Отбасындағы тәрбие әрбір мүшенің өзін - өзін сақтау, ұрпақты жалғастыру, өзін - өзі сыйлау қажеттігінен туындайды. Отбасында адамның жеке басының қасиеті қалыптасады. Баланы дұрыс тәрбиелеу отбасында, алдымен, жанұя жағдайы, онда қалыптасқан он моральдық - психологиялық ахуал, татулық пен өзара түсіністік, сүйіспеншілік пен сыйластық, ауызбіршілік, отбасы мүшелерінің бір - біріне деген құрмет сезімдері, отбасындағы кіршіксіз таза, мөлдір көңіл - күйі тікелей ықпал етеді. Сонымен қорыта келе, жас ұрпаққа тәлім тәрбие беруді қоғам болып, ұстаздар қауымы болып, ең бастысы ата - аналар болып қолға алсақ болашағымыз жарқын болмақ. Балаларымызды отансүйгіштікке, ата - баба салт - дәстүрін құрметтейтін ұрпақ тәрбиелеу баршаға бірдей міндет.

Библиографиялық тізім:

1. <https://videouroki.net/razrabotki/otbasy-t-rbiiesinin-man-zyy.html>
2. <https://tarbie-kz.turbopages.org/tarbie.kz/s/25388>
3. <https://massaget.kz/layfstayl/debiet/tmsil/51422/>
4. <https://www.kaznu.kz/content/files/pages/folder4371/Туралина%20-%20Әл-Фарабиге%201150.pdf>

НЫҒЫМЕТОВА ЛИРА ҚАСҚЫРБАЕВНА

*Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің
ШЖҚ «Жоғары көлік және
коммуникация колледжі» МКК*

ӘЛ-ФАРАБИ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ

Әбу Насыр Әл-Фараби шын аты Әбу Насыр Мұхаммад ибн Тархан ибн Узлағ Әл - Фараби (870 – 950 ж.ш.) – әлемге әйгілі ойшыл, философ, әлеуметтанушы, математик, физик, астроном, ботаник, лингвист, логика, музыка зерттеушісі.

Әл-Фараби 870 жылы Сыр бойындағы Арыс өзенінің Сырға барып құятын жеріндегі Фараб қаласында дүниеге келді. Туған жері – қазақтың ежелгі қаласы Отырарды арабтар Барба – Фараб деп атап кеткен, осыдан барып Әбу-Насыр Фараби, яғни Фарабтан шыққан Әбунасыр атанған. Бұл қаланың орны – қазіргі Отырар ауданы, Оңтүстік Қазақстан облысы аумағында. Сол тұста өмір сүрген зерттеушілердің қалдырған нұсқаларына қарағанда, Отырар қаласы IX ғасырда тарихи қатынастар мен сауда жолдарының торабындағы аса ірі мәдениет орталығы болған.

Бір күні әлде кім Әбу Насыр Әл - Фарабиге тамаша болып толыса піскен алманы көрсетіп, сауал қойыпты: «Осы алманың бітім-болмысындағы жақсы қасиет не? Түсі ме, шырыны ма, дәмі ме, әлде бітімі ме?» Сонда әл-Фараби: «Бәрінен де оның ұрығы тамаша. Өйткені, осы алманың өзі сол ұрықтан өсіп шыққан және одан бүкіл бақ пайда болды ғой!» - деп жауап берген.

Әл-Фарабидің ұғымынша кез - келген нәрсенің шегі болады, ол шектен еш нәрсе де шығып, асып кете алмайды. Мәселен батырлықтың шегі тарих, кез келген батырлық тарихтан асып, немесе озып кетпейді, оның ұясы- тарих. Сол сияқты жалған әдетте қоғамнан, уақыттан асып кетпейді, қоғам қажеттіктері, уақыт, заман талабы шынайы мінезді талап етеді, уақыты келгенде ол айқындалып отырады.

Әл-Фарабидің айтуы бойынша, адамды табиғатынан адамға жау деп ұғу да қате. Қайырымдылық адамның табиғатында бар нәрсе. Адам баласынан рухани өмірдің шегі қайырымдылықты, ізгілікті талап етеді. Қазақ философиясында «жалған дүние» деген ұғым бар. Бұның мағынасы адам өмірінің мәні де, сәні де жиған дүниесімен емес, ұрпаққа, елге жасаған ісімен өлшенеді дегенді білдіреді. Сол сияқты Әл-Фараби философиясында зерделеген қайырымдылық, ізгілік, тәрбие, білім мәселелері адамзат баласына ортақ, оның табиғатының мәнін ашатын, адамның тұлғалық қасиеттерін тарих қатпарынан аршып алатын құндылық.

«Тәрбие – тал бесіктен» деген халық даналығының астарынан бір ғана мәселені, яғни, бала тәрбиесінің өте күрделі процесс екендігін айқын ұғынуға болады. Тәрбие мәселесі әрбір кезеңде озық ойлы ойшылдар мен тәлімгерлердің еңбектері мен пайымдық пікірлерінен де көрініс тауып отырған. Солардың қатарынан, өз заманында Әбу Насыр Әль – Фараби де тыс қалмайды. «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың – қас жауы» деген атақты ілімінен айқын.

Әль – Фараби шығармашылығында көрнекті орын алатын мәселенің бірі – тәрбие, білім мәселесі. Тіпті, оқып – білім алу, ғалым адам болу мәселесін тәрбиемен тығыз байланыстырады. Мәселен, «Философияны үйрену үшін алдын – ала нені білу қажет» деген еңбегінде ол: «Ғылым үйренуге кіріспекші кісі ... тәрбиелі, адамгершілігі мол, адал, құлық – сұмдықтан және басқа ағат мінез – құлықтан аулақ болуы қажет», - деп түйіндейді.

«Мінез-құлық міні – рухани кеселге жатады. Адам өз мінезін рухани жан – дүниесін байытқан кезде, өзгелердің жақсы қылықтарынан сабақ алған кезде ғана өзгертеді. Адамға тән бір жақсы қасиет - өзін қоршаған әлемнің сырларына үңілу,

содан рухани нәр алу, өзінің нәзік сезімін образдар арқылы паш ете алу. Өзгенің пікірін иемденіп кету – надандық һәм ниеті арам адамға лайық іс.» Әл – Фараби ілімі бойынша, адамның рухани бет – пердесі, мінезі мен жүріс – тұрысы қоғамдық орта, тәрбие әсері адамның ескі ауруы сияқты көптеген объективтік және субъективтік себептердің әсерімен қалыптасады.

Фарабидің пікірінше, тәрбиеге көнбейтін, жөндеуге, түзеуге болмайтын жас болмайды. Тек ретін тауып, үйретуден, баулудан жалықпау керек. «Жаман қылық – ол жан ауруы. Бұл ауруды кетіру үшін тән ауруын емдеуші дәрігерге ұқсауымыз керек», - дейді.

Адам мақсатына өзін-өзі жетілдіру арқылы жетеді. Ғылыммен айналыссам, деген адамның ақыл-ойы айқын, ерік-жігері зор, тілек-мақсаты ақиқат пен адалдыққа қызмет етуге талап жолында болуы шарт. Жай ләззат іздеу, кәсіпқұмарлыққа ұқсас әрекет ондай болмасқа керек. Тәрбиелеу дегеніміз – адамның бойына білімге негізделген этикалық құндылықтар мен өнер қуатын дарыту.

Адамның басына қонған бақыттың ұзақты болуы жақсы мінез-құлыққа байланысты. Мінез бен ақыл жарасса – адамгершілік ұтады. Бақыттың мәні – парасаттылықта, әркімнің өз алдында игілікті мақсат қоя білуінде, адамның өз мінез-құлқын, іс-әрекетін ерікті түрде өзгертіп, игілікке бағыттап отыруында.

Бақыт, қуаныш пен ләззат асқан сұлу, ең әсем, ең көрікті нәрсені барынша тиянақты және кемелді нәрсе түрінде аңғару арқылы ғана пайда болып, толық дәрежесіне жетеді. Адамның ақыл – ойы, санасы, рухани кемелденуі өзінің алған білімімен өлшенеді. Білімді толық рухани жан – дүниесімен ұғынып алғанда ғана адам дұрыс ойланады. Білім жолында өзін жетілдіріп жүрген ұстаздың өзінде орныққан мінез –құлық нормасы болуы керек.

Ұстаздық мінез – құлық нормасы мынадай болуға тиіс: «ол тым қатал да болмауы керек, тым ырыққа да жығыла да бермеуі керек. Өйткені, аса қаталдық – шәкіртті өзіне қарсы қояды, ал тым ырыққа көне беру – қадірін кетіреді, берген білімі мен ғылымына шәкірті селқос қарайтын болады».

Ұстаз ...жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын, ешнәрсені ұмытпайтын... алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі..., мейлінше шешен, өнер – білімге құштар, аса қанағатшыл жаны асқақ және ар – намысын ардақтайтын, жақындарына да, жат адамдарына да, әділ..., жұрттың бәріне... жақсылық пен ізгілік көрсетіп... қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек болуы керек. Бұл сияқты ұстамдылыққа, іскерлікке қол жету үшін Фараби атап көрсеткендей : «ұстаз тарапынан барынша ынталылық пен табандылық қажет, өйткені бұлар, жұрт айтқандай, тамшысымен тас тесетін бейне бір су тәрізді».

«Ұстаздар ескерер бір жайт – бұл шәкірттің мінез – құлқындағы жағымсыз мінезді, жағымсыз қылықты болдырмау онда жақсы сипаттармен қалыптасуына мүмкіндік беру» - дейді. Ол «Философтардың қойған сауалдарына жауаптар» деп аталатын еңбегінде педагогика, оқу, оқыту мәселелеріне қатысты жайларға тоқталады.

Мәселен, оқып – үйренуге жаттап алу дұрыс па?, жоқ түсініп алу дұрыс бола ма? – деген сұраққа Әл – Фараби : «Түсініп алған дұрыс, өйткені барлығын жаттап алу мүмкін емес, оларды белгілі бір байланыстары арқылы ойда топтастыру пайдалы», - деп жауап береді.

Әл – Фараби білім мен тәрбие емес басқа салаларда да тереңнен зерттеп өзінің ағартушылық жолын дамытып отырған ғалым. Өзінің ілімімен ғалым адам бойына тек ізгілік, мейірімділік, қанағатшылдық, парасаттылық ілімін құяды. Басқа да ғылым салаларында 150 аса ғылыми трактаттар жазған.

Әл – Фараби педагогика, психология, эстетика мен акустика, астрономия, мәселелерін де терең зерттеп, мәдениет пен ағартушылықты жақтаған үлкен гуманист. Әбу Насыр – халықтарды бейбіт өмір сүруге, достыққа шақыра отырып, адам баласының білім мен парасатты ойын терең бағалаған қаламгер. Әбу Насыр метафизика, тіл білімі, логика, жағрафия, этика, т.б. ғылым салаларын қамтитын жүз елуге тарта трактаттар жазған. Біз Әл – Фараби алғашында фәлсафашы ретінде танылғанын ғалым. Оның фәлсафалық еңбектерінің басым көпшілігі грек ғалымдарының, әсіресе Аристотельдің мұрасын зерттеуге арналған. Әл Насыр Аристотельдің категория, Бірінші және екінші Аналитика сияқты фәлсафалық және логикалық шығармаларына түсіндірмелер жазған. Сондай – ақ өзі де «Кемеңгерлік меруерті», «Ізгі қала тұрғындарының көзқарасы», «Мәселелердің түп мазмұны», «Ғылымдардың шығуы», «Бақытқа жету» сияқты көптеген трактаттар туындатқан. Бұл еңбектерінде ол дүние, қоғам, мемлекет, және адамдардың өзара қарым – қатынасы туралы өз заманы үшін соны ой – пікірлер айтады.

Орта ғасырлардың өзінде де Әбу – Насыр қанаусыз, зорлықсыз бақытты қоғам орнату жөнінде батыл болжам жасаған. Мұндай қоғамның тууын ол мемлекет басшысының ақылымен, білімімен, адамгершілігімен, байланыстырған. Әбу Насыр Әл – Фараби ғылымының фәлсафа, логика, сияқты салаларының іргетасын қайта қалаған, әр ғылым саласын жеке пән ретінде игеру жағын көтере отырып, олардың мәнін айқындап, мазмұнын ажыратуға тырысқан. Әуез жайлы да күрделі зерттеулер жүргізген, математика саласында да үлкен жаңалықтар ашқан.

Қорыта келе айтқанда, Әл- Фараби: «Ақыл – парасат күші – адамның ойлауына, пайымдауына, ғылым мен өнерді ұғынуына және жақсы қылық пен жаман қылықты айыруына көмектесетін күш», - деп көрсетеді. Фараби адамдардың өз көздеген мақсатына жетуі оның өзіне ғана байланысты екенін айтады. «Адам рухани жағынан үнемі өзін – өзі жетілдіріп отыруға тиіс, адам тек ақиқатты, айдаладағы дүниені танып білу арқылы жетіледі», - деп түйін жасайды.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. С.Қирабаев. Ежелгі дәуір әдебиеті – А., 1991ж.
2. Ж. Алтаев. Философия және мәдениеттану – А., 1998ж.
3. Н. Келімбетов. Көркемдік дәстүр жалғастығы – А., 2000ж .
4. Ә. Дербісәлиев. Қазақ даласының жұлдыздары – 1995.
5. Қасымжанов А, Әлінов А. Әл – Фараби. оқу құралы, А, Білім, 1994ж.
6. Қазақ тілі мен әдебиеті / №1, 2005 ж.

ОҢҒАРБАЕВА МАЙГҮЛ ҚАЛЫМБЕТҚЫЗЫ

Нұр-Сұлтан қаласының

Әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайы

оқу-әдістемелік бөлімінің әдіскері

ТӘЛІМДІ БОЛУ - ТӘРБИЕДЕН...

Әлемнің ойшылы Әбу Насыр Әл-Фараби: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне қауіп әкеледі» - деген. Бір ауыз сөзінде бүкіл адамзаттың өміріне азық боларлық қаншама ғибрат жатыр. Біздің ата-бабаларымызда бала тәрбиесіне ерекше мән беріп, ұрпағының тағдырына бей-жай қарамаған. Өйткені үлгілі тәрбие бере алу – елдің тірегін қалыптастыру. «Тәрбиені неден бастауым керек немесе Мен қалай тәрбие беремін? », - деген сұрақтар әрбір саналы ересек адамды мазалары анық. Әрине, тәрбиенің алғашқы бастамасын бала отбасында алады. Тәй-тәй басқан сәби, өсіп жатқан бүлдіршін алғашқы адами қасиеттер мен еңбек әліппесінің алғашқы беттерін өз отбасында ашады. «Отан от басынан басталады» деген мақал осыдан шықса керек. Баланың тәлім — тәрбиесіне ерекше мән берген дана халқымыз «баланы жастан» - деп мәтелдеген. Расында, қазақ халқында отбасы мектебіндегі тәрбие – салт -дәстүрімізбен ұштасып, сапалы қызмет атқарған. Ал сол тәрбиеміз мектепте берілетін білім – тәрбиесімен ұштаса білсе, нұр үстіне нұр. Енді осыған өз дәлелдерімді келтіре кетсем. Баланың отбасынан бөлек уақытының басым бөлігі мектепте өтеді. Демек, ұстаздың қолында – бүтін ұлттың тағдыры тұр деген сөз. Екеуін бөліп-жара алмаймыз. Өйткені отбасы сәбиді өмірге әкеліп, өсіріп, қалыптастырып, дамытып, жетілдіріп жатса, мектеп – білімі мен ақылын ұштастырып, жан - жақты жетілген, өз бетімен өмір сүруге бейім, толыққанды адам етіп тәрбиелеп шығарады. Бұл екі ортаның да мақсат — мүддесі бір арнада тоғысқан, жауапкершілігі жоғары, міндеті – біреу ғана. Ал, әр адам жауапкершілігіне алынған «аманатқа» қиянат жасамай, өз ісін адал атқара білсе, сонда ұрпағымыз үшін, біздің қоғамда қорқынышта болмас еді...

Әл-Фараби түсінігінде, ұстаз да қала басшысы сияқты ел жетекшісі, халық қадірлісі. Медресе балаларды оқытып, тәрбиелесе, қала бастығы олардың ата-анасына өнеге көрсетеді, халықты ізгі қасиеттерге баулиды. Олай болса мұның екеуі де "сегіз қырлы, бір сырлы" қай жағынан да болса барша халықтан қош ілгері тұрған кісілер. Сондықтан бұл екеуіне де мынадай 12 түрлі қасиет сәтті қабысып келсе нұр үстіне нұр болған болар еді:

1. Тән ерекше жетілген түрлі іс-әрекетті нәтижелі етіп орындауға ыңғайлы бейім болуы;
2. Нені болса да жақсы айырып, тез тұжырымға келе алатын;
3. Өзінің түсініп, сезгенін көріп, білгенін есіне жақсы сақтай алатын;
4. Көреген ойлы, талғампаз, ақылды адам болуы;
5. Ойын анық, дәл бере алатын, көркем сөйлей алатын шешен;
6. Ілім-білімді, оқу-ғылымды жан тәнімен, ұңғыл-шұңғылын ақыл-ой жұмысының үлкен бейнетін тек ләззат санайтын адам;
7. Қайда жүрсе де өте ұстамды;

8. Өтірік-өсекті, мылжыңдықты жек көріп, шындықты, әділдікті бар ынтасымен сүйе білу;

9. Өр кеуделі, жан мен арын бірдей кіршіксіз ұстайтын адам;

10. Мал-мүлікке, дүние-жиһазға, мәнсіз ұсақ тіршілікке қызықпау;

11. Табиғатынан әділ, шынайы, шыншыл;

12. Басқаға дау, өзіне де қиянат қыңыр-қиқар болмай, әркез шешімге келе алатын байсалдығы мен батылдығы қатар жүре алатын, қорқыныш пен үрейге жол бермейтін адам; [2,45]. Осылайша ойшыл Әл-Фараби өнегелі ұстаз бен әділ билеушіге ортақ 12 қасиетке мән берумен қатар, шәкірт пен ұстаз арасындағы байланысты олардың моральдық қатынастың қандай болу керектігін де ескерген. Фараби «еңбек ету, сапалы болу, адамгершілік, ақылдылық табиғаттан туындауы қажет» [7,2] – деген ғылыми тұжырым жасап, тәрбиенің, оның ішінде еңбек тәрбиесінің теориясы ғылымға негізделуі қажет деп санады. Барлық тұжырымдасында тәрбиемен біліммен еңбекпен ұштасып жатады. Бізге қай еңбегін алып қарасақта берері мол, тәрбиелік мәні зор. Тек бойымызға сіңіріп, келер ұрпаққа жеткізе білсек. Әке мен ана өз баласынан, ұстаз шәкірттерінен ізгілік, адалдық, тәрбиелік, сыпайылық, әділдік секілді асыл қасиеттерді көргісі келсе, онда өз бойынанда сол қасиеттерді көрсете білу қажет. Өзіңнің ісіңнен байқалмайтын жақсы әдет пен әдепті үйренушіден талап ету-әбестік болар еді.

Өнер – ғылым мен білім ізденгенге, талпынғанға қонады. "Ит маржанды не қылсын", - деп ұлы Абай айтқандай, маржанды қажетсінген адам, оны іздеп тереңге бойлаған табар. Тереңге бойлау үшін талап керек. Ал, талапсыз мінген тұлпар алысқа шаппасы анық. Демек, өнердің де, ғылымның да, білімнің де түп тамыры тәрбиеде.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Бейсенов А. «Әл – Фарабидің тұжырымдары» // Ақиқат. – 2006. - № 6, 70-73 б
2. Әл-Фараби «Әлеуметтік-этикалық трактаттары», Алматы 1975ж.
3. Ақпарат дереккөзі: <https://massaget.kz/layfstayl/debiet/tmsil/51422/>
4. Әл-Фараби. Алматы 1971, 62б.

**ОРАЗАЛИНА ГУЛЬБАРШИН АЙТБЕКОВНА,
ИБРАГИМОВА САКИНА САДИЕВНА**

Павлодар қаласы

№ 23 жалпы орта білім беру мектебінің

химия пәні мұғалімдері

ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ И ОЗДОРОВИТЕЛЬНЫЕ МЕРЫ, НАПРАВЛЕННЫЕ НА КОРРЕКЦИЮ ТРЕВОЖНОСТИ У УЧАЩИХСЯ ПОДРОСТКОВЫХ КЛАССОВ

В статье выделяют основные источники повышенной тревожности у учащихся подростковых классов и намечают пути психолого-педагогической коррекции страхов и невротической тревоги в школьном возрасте: контакт с

природой, физическая нагрузка, коррекция социальных ролей, развитие чувства юмора, аутентичность учителя, формирование функциональной грамотности на уроках.

Ключевые слова: уровень тревожности, статус подростков, отношения учитель-ученик, роль природных объектов.

Тревожность является важным показателем эмоционального состояния учащихся, а в итоге – критерием морально-психологического климата в коллективе класса и школы в целом. Уровень эмоциональных реакций младшего подростка должен лежать в границах определенной нормы, иначе это негативно скажется на здоровье и развитии ученика. Учащиеся с низким уровнем тревожности не будут испытывать эмоционального удовлетворения от учебы, труда, общения и других взаимодействий в коллективе, а, кроме того, они лишены стимула дальнейшего роста и работы над собой, стремления к достижениям. Избыточная тревожность, избыточная мотивация в социальном поведении создает стойкий негативный очаг возбуждения в мозге человека, мешая ему действовать правильно и сосредоточить свое внимание на достижении цели. Тревога и страх могут в самом прямом смысле «съесть» и радость жизни, и работоспособность человека любого возраста.

Ежегодно проводимое в средней общеобразовательной школе № 23 тестирование учащихся среднего звена на предмет тревожности показывает, что в 5-м классе происходит закономерное повышение уровня тревожности, что связано с переходом от одной учительницы к разным учителям-предметникам и повышением требований учебной программы. Затем в 6-х классах уровень тревожности большинства школьников вновь оказался в пределах нормы, кроме единичных подростков с повышенным и пониженным ее уровнем. Это связано не только с проходящим спонтанно процессом адаптации подростков к новым условиям и требованиям, но и с той оздоровительной и коррекционной работой, которая была проведена в этом направлении всеми специалистами: школьным психологом, учителем самопознания, социальным педагогом, классными руководителями и учителями.

Исходя из своего опыта работы и имеющейся в психолого-педагогической литературе информации, можно выделить следующие источники тревожности у учащихся подросткового возраста: во-первых, это непосредственный контакт с природной и социальной средой и приобретенный в результате этого негативный жизненный опыт; во-вторых, это косвенная информация, полученная из различных устных, печатных и электронных источников. Причем косвенный жизненный опыт, по мнению ряда психологов-персонологов, не менее важен, чем собственный [1].

Наш опыт психолого-педагогических наблюдений за учащимися подростковых классов, а также ранее опубликованные наблюдения Н.Е.Тарасовской [2] (касающиеся в основном формирования невротического страха и тревоги перед природными объектами), позволяет выделить несколько основных источников невротической тревоги.

1. Опасность для жизни – реальная или надуманная. Возможно, этот страх таится в самой природе человека, начиная с его животных предков. И, видимо, не случайно И.Ялом [4] постулировал первичный страх смерти, который является основным двигателем человеческого поведения.

2. Страх перед заразными болезнями, пищевыми отравлениями, желудочными расстройствами, источником которых могут стать другие люди, природные объекты, предметы быта. Он наименее всего связан с индивидуальным жизненным опытом, формируется за счет приобретаемой информации и наиболее часто приобретает невротическую форму. В частности, мы наблюдали случаи отказа от питания в школьной столовой – по мотивам якобы недостаточной чистоты посуды и некачественных продуктов, и такой тревожный страх обычно исходит от родственного окружения учащихся.

3. Страх перед ситуацией неуспеха, боязнь оказаться хуже всех в каком-то виде деятельности (в том числе в учебе). Этот страх, по нашему мнению, является ведущим источником тревожности именно для учащихся 5 класса, когда происходит переход от одного учителя к разным учителям-предметникам, которые еще не знают возможности ученика. Причем у учащихся, успевающих на «хорошо» и «отлично», уровень тревожности в сфере успеха гораздо выше, чем у тех подростков, которые привыкли довольствоваться посредственной оценкой.

На основании обобщения имеющегося у нас опыта коррекции повышенного уровня тревожности у учащихся подростковых классов с оздоровительной, педагогической, социально-психологической позиций, мы можем рекомендовать следующие мероприятия, направленные на оптимизацию уровня тревожности.

1. Общение с природой – это «суперфактор», значение которого трудно переоценить. Природа настраивает человека любого возраста – от ребенка до глубокого старика – на философский лад, исподволь сообщает ему смысл жизни – и лично его, и всего человечества, ненавязчиво приводит к мысли о том, как нужно рационально жить, чтобы выполнить свою миссию на Земле.

2. Подвижные игры на свежем воздухе, которые при рациональной организации могут выполнить много оздоровительных и психокоррекционных функций. У нынешних школьников обычно недостаточна релаксация; жизнь проходит в напряжении – и физическом, и эмоциональном. Полное расслабление мышц происходит только после их напряжения, а в подвижных играх незаметно, исподволь, на фоне положительных эмоций происходит поочередное сокращение почти всех групп мышц.

В ходе спортивных и подвижных игр каждый ученик узнает свои физические возможности, а в итоге – либо может гордиться ими и повышать дальше, либо получит стимул работы над своим физическим совершенствованием, чтобы быть не хуже других, и это очень важно.

3. Развитие чувства юмора, которое может послужить как средством эмоциональной разгрузки, так и компенсации реальных или мнимых недостатков, формирования адекватного отношения к окружающим людям и событиям, мягкой самокритики. Позитивные люди обычно относятся к жизни правильно, без излишнего преубеждения и тревожных ожиданий. По мнению многих

выдающихся психологов, чувство юмора является отличительной чертой зрелой личности и показателем философского отношения к жизни [1].

4. Коррекция социальных ролей отдельных подростков в коллективе, формирование адекватной самооценки и уровня притязаний – а это достигается в реальном деле, которое нужно со всей ответственностью поручить отдельному ученику или всему коллективу класса. Любой, самый безвольный и забитый аутсайдер может стать ситуативным лидером – ведь в любом человеке есть скрытый талант или какие-то знания и умения, неведомые пока окружающим. Задача учителя и школьного психолога – выявить эти скрытые таланты и неизвестные умения и дать возможность их проявить.

5. Более близкое знакомство подростков друг с другом – в плане увлечений, любимых занятий, круга друзей. В ходе тренингов, направленных на более близкое знакомство и тесное общение, обычно исчезают скованность, страх, тревожность: ведь обычно боятся или стесняются тех людей, которых плохо знают, поведение или отношение которых трудно предсказать. В роли такого психолого-педагогического тренинга может выступить любое, обычное на первый взгляд, воспитательное мероприятие: «круглый стол», диспут на какую-либо злободневную тему, совместное чаепитие, выставка рисунков или поделок.

Библиографический список:

1. Зимняя И.А. Педагогическая психология. – М.: Логос, 1999. – 384 с

СТАТЬЯ В ЖУРНАЛЕ:

2. Тарасовская Н.Е. Преодоление страхов перед природными объектами в аспекте охраны психического здоровья обучающихся // Материалы III Всероссийской научно-практической конференции «Экология и безопасность жизнедеятельности», г. Комсомольск-на-Амуре, 22-23 ноября 2012 г. – Комсомольск-на-Амуре: АмГПУ, 2013. – С. 105-111.

3. Хьелл Л., Зиглер М. Теории личности. – СПб: гуманитарный издательский центр ВЛАДОС, 2000.

4. Ялом И. Психотерапевтические истории. – М.: ЭКСМО, 2008. – 544 с.

Мид М. Культура и мир детства: Избранные произведения. – М.: Наука, 1988. – 429 с.

ОРАЗОВА КАДИША АШТАЙҚЫЗЫ

Ақтоған шағын орталықты орта мектебі

Т.Рысқұлов ауданы, Жамбыл облысы

ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕЛІК ТАҒЫЛЫМЫ

Бұл мақала әл-Фараби сынды ғылымдағы ірі тұлғаның рухани әлемі, интеллектуалды деңгейі, педагогикалық көзқарастары, тәлім-тәрбиелік тағылымы адамзат өркениеті мен мәдениетінің биік шыңы екендігіне арналады.

Түйінді сөздер: Ортағасырлық ислам мәдениеті, түркілік ойлау, түркілік дүниетаным, түркілік интеллект, адамзат өркениеті мен мәдениетінің биік шыңы, ұлы философ Әбу Насыр әл-Фарабидің педагогикалық көзқарастары, тәлім-тәрбиелік тағылымы.

Ортағасырлық ислам әлемінің «әл-Муалим әс-сәниі», ортағасырлық латын әлемінің Екінші ұстазы атанған әл-Фараби сынды ғылымдағы ірі тұлға арқылы қазақ халқы өзін мақтан тұтады.[1,2 б] Ол өзінің керемет философиялық ілімдері арқылы түркілік ойлау, түркілік дүниетаным, түркілік интеллект мүмкіндігінің қаншалықты жоғары екендігін бүкіл Еуропаға паш етті.

Дүниежүзілік ғылым мен мәдениеттің алтын қорына өлшеусіз үлес қосқан ұлы бабамыздың педагогикалық мұрасы да телегей-теңіздей мол дүние. Данышпан ойшыл өз еңбектерінің көпшілігін ұстаздық тұрғыдан тәлім-тәрбиелік мақсатқа орайластыра жазған. Оның арифметика, геометрия, астрономия, музыка ғылымдарын педагогикалық, яғни тәрбиелік дейтін жүйеге жатқызуы, сондай-ақ педагогика, методика мәселелері жөнінде арнаулы еңбектер жазуы дәлел. Оның оқу-білім, тәлім-тәрбие мәселелері жайлы айтқан пікірлерінің құятын үлкен бір арнасы адам атаулыны гуманистік, ізгілік қасиеттерге баулу мәселесіне келіп тіреледі. Адам деген ардақты атты лайықпен алып жүруден артық бақыт жоқ. Нағыз бақыт осы дүниеде ғана, оны басқа жерден іздестірудің қажеті жоқ. Әлемдегі жаман мен жақсыны адамның ақылы ғана ажыратады. Ақылды болу үшін ғылым меңгеру, өнерге жетілу қажет. Осы жолда өмір бойы еңбектеніп, әрекеттенген абзал, мұның өзі адамға зор бақыт. Педагогикалық тұрғыдан оның адамдар арасындағы достық, қарым-қатынастар жайлы айтқан пікірлері ерекше маңызды. Мәселен, адамда достықтың екі түрі болады. Оның бірі - адал дос, екіншісі - айнымалы, алдамшы дос. Адал досқа үнемі зор ілтипатпен қарап, одан айырылып қалмау жағын көздеген дұрыс, достар бір-біріне жақсылық, өзара қамқорлық жасауы тиіс. Жақсы достың сенімін қастерлеп, ақтаған абзал. Осындай достар ащы-тұщыны бірдей татысып, нені болса да бірдей көретін болады. Фараби нағыз шынайы достықты дәріптеп, жұртты осындай адамдардан үлгі алуға шақырады. Достықтың екінші бір түрі - алдау-арбау негізінде құрылады. Мұндай «досқа» адам өзінің құпиясын, мінез-құлқындағы кемшіліктерін айта берудің қажеті жоқ. Бірақ жалған достарды да тәрбиелеуге болады, оларды адал жолға түсіру үшін қажымай-талмай жұмыс жүргізу қажет. Бір-біріне қас жау адамдардың да екі түрі болады. Бірі - өшпенділігі мол, жаулығы басынан асқан адамдар да, екіншісі - көре алмаушылықтан жауығатындар, Фараби бұлардың біріншісінен ерекше сақ болудың, олардың ой-пікірін үнемі таразыға салып, қадағалап, біліп жүруді ескертеді. Ол осындай адамдардың арам ниетін біліп қана қоймай, тиісті жерінде аяусыз әшкерелеу қажет дейді.

Ғұлама ғалым мақтаншақтармен аяусыз күрес жүргізудің қажеттігіне ерекше тоқталады. Соңғылар өзін жұрттан артық ұстағанды ұнатады, ылғи да өзімдікі дұрыс, бір өзім ғана білемін деп даурығады, айтқанын жұрттың екі етпей орындағанын жақсы көреді. Бұлардың іс әрекетіне де қарсы тұрып, теріс қылықтарын үнемі бетіне басып, жаман қылығына көзін жеткізген дұрыс. Мақтаншақтарды да тиісті тәрбиенің арқасында тезге салып, олардың қораш

сезімдерін тежеп, қарапайым ізгі жан етуге мүмкіндік бар дейді. Фараби жастарға ғылым-білімді қалайша меңгерту керектігі жөнінде көптеген ақыл-кеңес береді, ғалым адамның моральдық бейнесі қандай болуы керектігі жайлы пікірін ортаға салады. Ғылым-білім үйренемін деген жас адамның ақыл-ойы айқын, ерік-жігері, тілек мақсаты тек ақиқат пен шындық жолында ғана болуы тиіс дейді. Адам көздеген мақсатына жету үшін бұған жетудің тәсілін, жүрер жолын жақсы білуі шарт. Содан соң барып қана оны меңгеруге кірісуі қажет. Шын қызықтырған нәрсе ғана адамды өзіне ие етеді, бір кәсіпке, не өнерге талпыну үшін адамға бәрінен бұрын табандылық керек.

Фараби еңбектерінде ұстаз бен шәкірттің ара қатынасы, бұл екеуінің психологиялық қасиеттерінің қандай болуы керек екендігі туралы да аз айтылмаған. Ұстаз өз шәкіртінен адалдық, сыпайылық, ізгілік, әділдік сияқты жақсы қасиеттерді көргісі келсе, онда оның өзінде де осы аталған қасиеттер болуы шарт. «Пәлсапаны үйрену үшін алдын ала нені білу қажет?» дейтін еңбегінде ол былай дейді: «Мұғалімдік (ұстаздық) еткен адамның өлшеуі (әдісі) тым өктем(қатаң) болмасын және тым асыра босаңсытқан төмендікпен де болмасын. Егер тым қатты, үнемі ызғарымен болса, онда оқушылар мұғалімін жек көретін халге жетеді. Егерде өте босатып жіберген кішіпейілділік болса, онда оқушылар жағынан мұғалімді кем санау, оның ғылымына жалқау қарау қаупі туады. Ұстаз ескерер тағы бір жәйт,--дейді Фараби,-- бұл шәкірттің мінез-құлқындағы жағымсыз мінезді, ұнамсыз қылықты болдыртпау, онда жақсы сипаттардың қалыптасуына мүмкіндік беру».[2,103б.] Фараби, осы жерде, мінез тәрбиесіне ерекше көңіл бөледі. Мінезділік - бақытты болудың басты шарттарының бірі. Кейбір адамдар қолдағы бақытынан оп-оңай айырылып қалады, тіпті кейде бақытсыздыққа да ұшырайды. Оны мұндай күйге түсіретін - сол адамның нашар мінезі. Сондықтан жастардың жаны мен тәнін тәрбиелеуді бесігінен бастаған абзал. Адамды жетіле түсуге, бақытқа, молшылыққа жетелеуді көздеген Фарабидің әділеттілікті, халықтар достығын насихаттауда, мәдениетті, ғылымды жасауда барлық адам бірдей екенін уағыздаған гуманистік идеялары оның өз заманындағы Шығыс елдерінің, әрі дүние жүзі халықтарының көкейкесті проблемаларымен үндесіп жатады. Сондықтан да оның энциклопедиялық мол мұрасы біздің қазіргі ХХІ ғасырдың басындағы әлеуметтік өмір мен мәдениеттің ішіне кірігіп, ұласып кетеді. Фарабидің: «Бақытқа жету жолында барлық халық бір-біріне көмектесетін болса, жер беті түгелімен берекеге толады» - деген сөзі тап бүгін де өте мәнді.[3,138б] Ол адамның іс-әрекетінде зерделіліктің (зиялылықтың) ролі аса зор деп бағалады. Гуманизмді халықтар достығын насихаттап, адамның өзін, оның ақыл-ойын, қабілет пен жігерін өте жоғары қояды, адамның шынайы бақытын тілейді, оларды тынымсыз іздену, оқу-үйрену арқылы өзін жетілдіруге шақырады. Тек адамның мінез-құлқына байланысты ғана одан жаман немесе жақсы қылық шығады», - дейді.[3,152 б].

Білім негіздерін меңгеруші шәкірт пен ғылым жолын қуған жас талап үшін Фарабидің өз басы да теңдесі жоқ өнеге. Өзінің рухани ұстазы Аристотель еңбектерін ол қандай мұқияттылықпен, керемет бейнетқорлықпен оқып үйренді десеңізші! Бар саналы өмірін бір мақсатқа - ғылымға арнаған ол өзінің туған

жұртын, кір жуып кіндік кескен кең даласын жанындай жақсы көріп, барынша қастерлеп өткен нағыз патриот ғалым. Ғылым қуып шетте жүргенде алыста қалған атамекенін бір сәтте естен шығармаған, еңбектерінде дүние, қоғам, мемлекет, адамдардың қатынастары туралы заманнан озық тұрған пікірлер, пайымдаулар айтады.[4,2016] Әл-Фарабидің еңбектері күні бүгінге дейін өз маңызын жоғалтқан жоқ, оның мемлекет, ел басқару жөніндегі тұжырымдары, әлеуметтік-этикалық саяси көзқарастары бүгінгі қоғам үшін де айрықша маңызды. Ғұламаның терең мағыналы пікір айтпаған, зер салмаған, ғылыми болжам жасамаған бірде-бір ғылым саласы жоқ десек, артық айтқандық емес.

Түйіндеп айтқанда, ұлы өркениет философы Әбу Насыр әл-Фарабидің рухани әлемі, педагогикалық көзқарастары, тәлім-тәрбиелік тағылымы - адамзат өркениеті мен мәдениетінің биік шыңы. Өткенін мақтан тұтып, бүгінін нақты бағалай білу және болашаққа оң көзқарас таныту – еліміздің табысты болуының кепілі дегеніміз осы.[1,26]

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. «Ұлы даланың жеті қыры» Егемен Қазақстан, 21 қараша 2018ж.
2. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім- тәрбиесі, А., Санат, 1995. - 352б
3. Әл-Фараби, Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – А., 1973.- 132б
4. Бекир Қарлыға, Әл-Фараби өркениет философы, А., «Қазақ университеті», 2016. - 208б

РАЗАКОВА АЙГУЛЬ КУМИСБЕКОВНА

*Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің
«№42 орта мектеп» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*

ТӘРБИЕСІЗ АЛЫНҒАН БІЛІМ – АДАМЗАТТЫҢ ҚАС ЖАУЫ

Жаратылысынан жүрек жылуы мен мейірім шуағы мол халықтың бірі- қазақ халқы. Бала тәрбиесіне деген немқұрайлық оның табиғатына мүлдем жат. Өйткені, қазақтың ел алдындағы абырой-беделі, қадір – қасиеті тек жеке басының жақсылығы емес, бауырынан өрген ұрпақтарының салауаттылығымен де өлшеген.

Ата – бабаларымыздың сондай-ақ тектілік деген ұғымды ежелден қастерлеп, оны атадан балаға мирас қып қалдыруында да терең сыр жатқандай. Тарих қойнауына үңіліп, ұлттық тәрбие салаларына тоқталып отырғанымыз да тегін емес. Өркениетті ел қатарына қосыламыз, келешекте көш бастайтындай ұрпақ өсіреміз дейтін болсақ, ұлттық тәрбие сырларын, тағылымдарын еш уақытта да естен шығармауымыз керек.

Шығыстың ғұламасы Әл-Фараби «Жас жеткіншектеріңізді көрсетіңіз, мен сіздердің болашақтарыңызды айтып берейін» деген екен. Адамзат баласының осы кезге дейін құрған қоғамы, жасаған рухани және материалдық байлығы, осының

бәрі сананың жемісі. Ендеше біз адамды адамгершілік әдетке баулығанда оның санасына салмақ салуымыз керек. Сана арқылы адамның дүние танымы, өмірге көз қарасы, рухани мәдениеті қалыптасуда. Адамның ғұмыры жан мен тәнне негізделген. Яғни адам жан мен тәннен тұрады. Жан жайбарақат үшін тәннің жайбарақат болуы шарт. Олай болса, адам бақытты болу үшін жаны мен тәнін бірге тәрбиелеу керек. Ал тәрбие беруде ұлы ғұламалардың шығармаларына үнілу маңызды роль атқарады деп сенемін.

Қазақ топырағының көкірегі ояу, көзі ашық, ойшыл азаматтары бүкіл араб-парсы мәдениетін меңгеріп, өз шығармаларын көпке ортақ тілде жаза біліп, кейінгі ұрпақтарына мұра етіп қалдыра білді. Олардың ішінде аты әлемге жайылғандары да аз емес. Солардың бірі – бәрімізге танымал ұлы Батыс пен Шығысты терең білімімен бас идірген Әбу Насыр әл-Фараби. Әбу Насыр Әл-Фараби еңбектері шартарапқа тараған соң есімі дүниеге әйгілі болады. Уақыт өте келе оны білім иелері мойындап, өз заманының бірегей ғұламасына, біртуар дара тұлғасына айналады.

Ол жаратылыстану, философия, астрономия, математика, медицина, логика, этика, метафизика, жағрафия, әдебиеттану, тіл білімі, музыка сияқты ғылым салаларынан 164 трактат жазғаны мәлім.

Бір қызығы, Фараби шығармаларының санын неміс ғалымы Ш. Штейшнейдер 117 еңбек десе, түрік ғалымы А. Атеш — 160, ал тәжік ғалымы Б. Ғафуров 200 трактат деп көрсетеді .

Ол өз дәуірінің материалдық және рухани мәдениет жетістіктерін жинақтаумен қатар, озық философиялық жүйені жасады. Сол арқылы әлеуметтік-философиялық, этика-эстетикалық, жаратылыстану-ғылыми ой қазыналарына бағалы үлес қосты. Әбу Насыр әл-Фараби өзінің барлық жұмыстарын адамға арнады. Арабтілді философтар шешкен басты мәселелер – білім, таным, дүниедегі Ақиқатты іздеу мәселелері болды.

Әбу Насыр әл-Фарабидің өзінен: Сіз қандай ғылымдар саласында еңбек еттіңіз? — деп сұрай қалсақ, ол не дер еді? Біздің ойымызша, ол былай дер еді: Менің айналысқаным бір-ақ түрлі ғылым, оның аты — «Табиғат пен адамзат» деп аталады.

Әл-Фараби «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы туралы трактат» деген еңбегінде адамның өзін танымақтығы жөнінде айтылатын ойларында «өсімдік жаны», «хайуан жаны», «адам жаны» деп жүйелейді. Осы трактатында «Қайрат», «Ақыл» және «Жүрек» сияқты ұғымдарға түсінік бере келіп: «Жүрек — басты мүше, мұны тәннің ешқандай басқа мүшесі билемейді. Бұдан кейін ми келеді. Бұл да басты мүше, бірақ мұның үстемдігі бірінші емес» — деп жүрекке шешуші мән береді. Әл-Фарабидің «қайрат», «ақыл» және «жүрек» жайындағы философиялық ой-пікірлерін Абай өзінің «Әсемпаз болма әрнеге»... атты өлеңінде де әрі ойшыл-кемеңгер, әрі аса дарынды сөз зергері ретінде оқырманға зор шеберлікпен жеткізген

Абай ақыл мен қайраттың иесі болған адамды «жарты адам» дейді. Өйткені ондай адам тек «суық ақыл» мен «жүгенсіз қайраттың» ғана өкілі болып

табылады. Ал бойына осы екі қасиетпен қоса қабат әділет-шапқат (жүрек) біткен адам ғана «толық адам», яғни ол енді «нұрлы ақылдың» өкілі деп танылады.

Әл-Фараби өзінің «Интеллект (сөзінің) мағынасы жайында» деп аталатын зерттеуінде адамның ақыл-парасат мүмкіндігіне жан-жақты талдау жасай келіп, оны «потенциалды интеллект», «актуалды интеллект», «жүре келе дарыған интеллект», «әрекетшіл интеллект» сияқты философиялық категорияларға бөліп-бөліп талдайды. Әл-Фараби «жүре келе дарыған интеллект» туралы айта келіп, адам туғаннан ақылды, білімді болып тумайтынын, интеллекттің өзі жүре келе, есітіп, көріп барып қана дамитынын ескертеді.

Ғұламаның интеллект жөніндегі философиялық ой-тұжырымын араға тоғыз ғасырдай уақыт салып барып, қазақ қауымының жаңа тарихи жағдайында Абай Құнанбайұлы зор білгірлікпен жалғастыра түскен .

Фарабидің философиялық еңбегін талдау деген сөз — оның барлық ғылыми табыстарының қорытындысын шығару деген сөз. Ол өзінің еңбектерінің бәрін де философиялық тұрғыдан қарайды. Кейбір табиғи құбылыстарды талдаған қағидаларында оның табиғат зерттеуші ғалымдығы мен ойшыл философтығы арасын айыру өте қиын.

Фарабидің пайымдауы бойынша оқу — философия негіздерін, теориялық білімдерді игеру, ал тәрбие — ол мұғалімнің, тәлімгердің, адамға белгілі бір адамгершілік, кұлық қалыптарын және практикалық өнерді игеру дағдыларын қалыптастыру бағытындағы іс-әрекеті, ол шәкірттерге белгілі бір оң қасиетті, сапаны дарыту үшін қалай болса солай емес, белгілі бір мақсатты көздеген, саналы тәрбие жұмысына басты мән береді. Ғұлама тәрбие кезінде тәрбиеленушінің ерекшелігін ескеріп, әрбіріне жеке әдіспен дара қатынас жасауды талап етеді.

Адамдардың, әсіресе, жастарды тәрбиелеу жүйесінде Фараби бірінші орынға шынайы бақытқа жетуге кепіл болатын мінез-құлық тәрбиесін қояды. Кең мағынада алып қарасақ ғұлама бұл тәрбие ауқымына еңбек, эстетика, дене, гуманистік, патриоттық т.б. тәрбиелер түрлерін енгізіп қараған сияқты.

Философия жөнінен алғанда Фарабиді Аристотельдің шәкірті дейді. Оның шындығына біз де таласпаймыз. Фараби Аристотельді (Арстулаизды) аса жоғары бағалаған. Әсіресе, оның логикасын жақсы көріп: «Бұл кітапты жүз мәртебе оқыдым, тағы оқысам деген ойым бар» деп жазады ол.

Түйіндеп айтқанда, ұлы ғұлама Әбу-Насыр әл-Фарабидің философиялық, логикалық-гносологиялық, әлеуметтік пікірлерімен, эстетикалық, теориялық, жаратылыстану ғылымдары салаларындағы пікірлерімен, ғылыми тұжырымдарымен жете танысу, оның дәуірін терең түсінуге мүмкіндік береді. Оның ғылыми ой-пікірлері өзінен кейінгі дәуірдегі Шығыс пен Еуропа халықтарының философиялық, эстетикалық, қоғамдық этикалық ой-пікірін және өнердің дамуына, жалпы рухани құндылықтардың дамуына әсер етіп, үлкен ықпалын тигізіп отыр. Ұлы өркениет философы Әбу-Насыр әл-Фараби рухани әлемі адамзат өркениеті мен рухани құндылықтарының биік шыңы.

Әл-Фараби әрдайым пәни дүниелік пендешілік қасиеттерден қалыс қылуын сұрап шынайы түрде Алла Тағалаға жалбарынатын, күндіз-түні дұға қылатын. Жаратқаннан күнә-қателіктерден тазартып, айқындыққа бастайтын таза ақыл

нәсіп етуін сұрады. Тегінде тылсым дүниенің құпия-сырларын білуге деген зор ынтықтық оны түрлі білімдерге жетеледі, даналық пен хикметтің саф бұлағынан сақи сусындауға апарды. Осылайша әл-Фараби адамның әу бастағы жаратылыс материясы – топырақ пен төмен деңгейлерден бойын аулақ ұстап, рухтық рахатқа, ақыли биік дәрежелерге жетті.

Ұлтымыздың ұлы мұраттарын жүзеге асыруда ,Егеменді ел мүддесі тұрғысына сай жаңа адамды қалыптастыруға жалпы бастау болар тәрбиенің көзі Әл-Фараби табылады. Расында да Әл-Фараби қазақ халқының ғана емес, жалпы мұсылман үмметіне, барша адамзатқа ортақ тұлға, ортақ мақтаныш.

Оның қара ормандай халқына қалдырып кеткен шұрайлы шығармалары ұрпақтан ұрпаққа аманат болып, қымбат рухани қазыналарымыздың қатарында саф алтындай жарқырап тұра беретін болады.

Әдебиеттер тізімі

1. *Шолақова Р.* Әл-Фараби — Шығыстың ғұлама ғалымы // Қазақ тарихы. — 2012. — № 5 (116).
2. *Қойлыш Ж.* Бала Мұхаммедтен ғұлама ғалым, «Екінші ұстаз», Әбу Насыр әл-Фарабиге дейін (870–950) // Аңыз адам: Жұлдыздар отбасы. — 2011. — № 17 (29).
3. *Дербісәлиев Ә.* Қазақ даласының жұлдыздары (тарихи-филологиялық зерттеу). — Алматы: Рауан, 1995.
4. *Келімбетов Н.* Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерліктері. — Алматы: Раритет, 2011.
5. *Қасымжанов А., Әлінов А.* Әл-Фараби // Қазақ: Оқу құралы. — Алматы: Білім, 1994. — 176 б.
6. *Қасымжан А.* Әл-Фарабидің рөлін ұмытушылық — тарихи әділетсіздік // Аңыз адам: Жұлдыздар отбасы. — 2011. — № 17 (29). — 39-б.
7. *Бейсенбай Б.* Әбу Насыр әл-Фараби өмірбаянына жаңа қисын // Ана тілі. — № 25 (1073). — 23–29 маус. — 6, 7-б.

САЙРАМБАЕВ АЙДАР

*Қ.Сұлтанбеков атындағы орта мектебі
Т.Рысқұлов ауданы Жамбыл облысы
Мектеп директорының тәрбие жұмысы
жөніндегі орынбасары*

ЖЕКЕ ТҰЛҒАҒА РУХАНИ-АДАМГЕРШЛІК ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ МАҢЫЗЫ

Ұлттық білім беру жүйесін отбасының білім беру үдерісіне белсенді қатысуынсыз модернизациялау мүмкін емес. Бүгінгі таңда жас буынды тәрбиелеуде отбасының әлеуметтік міндеті артып отыр. Себебі отбасы жеке

тұлғаның қоғаммен өзара әрекеттестігінің негізгі құралы болып табылады. Ол-бала тәрбиесіндегі ең алғашқы әрі басты тәрбие субъектісі.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «біз бүгінгі кезеңнің міндеттерінен өзге ұрпақтың келер ұрпақ алдында орасан зор жауапкершілік жүгін арқалайтын әкелер мен аналардың, аталар мен әжелердің өз балалары мен немерелері алдындағы жауапкершілігін күнделікті есте ұстауға тиіспіз» деп қазіргі отбасының әлеуметтік, мәдени, қоғамдық қызметі белсенділігінің маңызын жоғары бағалап, Республикадағы отбасыларының алдында қомақты міндеттер жүктеді.

Қазіргі кезде оқушылардың санасында, ой-өрісінде жалпы азаматтық, адамзаттық рухани құндылықтар мен жоғары адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру, болашақ кәсіп иелері тұлғаның даму барысын психологиялық жан-жақты және үздіксіз зерттеу, оның даралық ерекшеліктерін танып, дұрыс бағытта дамыту, әр түрлі әлеуметтік және моральдық психологиялық жағдайларда қолдау көрсету және қоғам өмірін ізгілендіру мен демократияландыру жағдайында жаңа азаматты қазақтың ұлттық тәрбиесі арқылы қалыптастыру мәселесінің маңыздылығы мен көкейтестілігі күннен күнге артып отыр.

«Келер ұрпақ алдында зор жауапкершілік жүгін арқалап келеміз» деген Елбасы Н.Назарбаевтың сөзі бекер айтылған жоқ. Еліміздің болашағы көркейіп, өркениетті елдер қатарына қосылу бүгінгі ұрпақ бейнесінен көрінеді. Осыдан барып жас ұрпақтың бойындағы рухани-адамгершілік құндылықтарын, іскерлік қабілетін ашу және оларды шығармашылыққа баулу туындайды.

Әрбір мемлекеттің өсіп-өркендеуінің, бәсекеге қабілетті болуының ең басты ошағы ата-ана берген тәрбие, ұстаз берген білім. Сондықтан да дамудың ең биік көкжиегінен көрінгісі келген мемлекет, ең алдымен, білім беру саласын дұрыс жолға қойып, сапасын көтеруді мақсат етеді. Ендеше осындай бәсекеге қабілетті, рухы биік ұрпақ тәрбиелеу жаңа формация мұғалімінің еншісіне тиері анық.

Қазіргі заманда бала тәрбиесіне ықпалын тигізбейтін жайт жоқ. Баланың кездейсоқ іс-әрекетіне, сұрақтарына, өмірге үйлеспейтін қылықтарына ата-ананың, ұстаздың нақты, ғылыми тұрғыда дәлелденген, кесіп айтатын ақыл-ойы болғаны дұрыс. Жаңаша ойлау, ескі сүре жолдан шыға білу, өмірдегі жаңалықтан қалмау-бүгінгі күн талабы.

Отбасы жеке адамның, топтың, қоғамның талаптарын қанағаттандырумен маңызды. Қоғамның іргетасы болғандығынан да оның қоғам мүшелерімен үздіксіз толықтырып отыратын, адамзат ұрпағын өмірге әкелетін өнімпаздық қызметін басқа ешқандай орталық бөліп атқара алмайды. Сондықтан отбасы өзінің атқаратын ауқымды қызметі бар әлеуметтік институт. Қазақ отбасы қазақ халқының, Қазақстан Республикасының маңызды талаптарын орындауға, оның ішінде халықтың санын өсіруге тиісті қоғамның әлеуметтік ошағы бола тұра, жалпы отбасылық мүдде мен жеке мүшелерінің де талабын орындайды.

Қазақ халқының өміріндегі қай кезең болсын негізгі тәрбие көзі-отбасы болған. Отбасы белгілі дәстүрлердің, жағымды өнегелердің, мұралар мен салт-дәстүрлердің сақтаушысы. Отбасында бала алғаш рет өмірмен, қоршаған ортамен танысып, мінез-құлық нормаларын игереді.

Отбасының бірлігі оның мүшелерінің бір-біріне адамгершілік, экономикалық, құқықтық т.с.с өзара жауапкершіліктеріне, түсініктеріне, сонымен қатар эмоционалдық жақындықтарына негізделеді.. бір жағынан отбасы-адамдардың өзінің ішкі өмірін қоғамға адамдардың қоршаған ортаға, қоғамдағы ашық, айқын бірлестігі.

Отбасы тәрбиесі-бұл тәрбиенің ең басты бөлігі. Баланың болашағына жауапкершілік алдымен әкеге жүктелетінін ескерсек, әкенің ақылы мен ықпалы болмай адал еңбекке мағыналы өмірге дұрыс баулу, жас жеткіншектің бойында адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру мүмкін емес. Сондықтан Абай атамыз баланы ұлағатты азамат- «толық адам» етіп тәрбиелеу үшін ата-аналардың өздері дәрежесіне сай, үлгілі, өнегелі болуын талап етті. Бұл туралы ойшыл ақын әкенің ізгі қасиеттері-оның адамгершілік, еңбексүйгіштігі отбасына, жарына деген сүйіспеншілік сезімі үй ішін нұрландырып тұрса, ері ақылды, әйелі мінезді болып, тату болса, үстіндегі үй жұмаққа айналып, бала жақсы мінезге, асыл қасиетке тәрбиелене алатынын атап өтті. «Ақыл-ардың сақтаушысы» деп қарап, адамгершілік мәселелерін жоғары бағалаған, ар тазалығы үшін күресуді дәріптеген. «Әкеге қарап ұл өсер» дейді халқымыз. Әкесінің өзіне, отбасына, бауыр-қарындастарына, туған-туыстарына деген бауырмалдығын көріп өскен бала да сол қасиеттерді өз бойына жинары хақ.

Әке-балаға сыншы. Ол бала бойындағы әрбір жақсы ісіне сүйсініп, теріс әрекетіне күйінеді. Әке тәрбиесі-асауды ауыздықтайтын, тентекті тұзақтайтын, елдікті сақтайтын, Ерлікті жақтайтын, шаңырақтың шаттығын шалқытатын ұлы мектеп. Бала келешегіне қамқоршы ұстазы- әке деп білумен қатар ұрпақ тәрбиелеудегі ананың орны да ерекше екенін ұмытпауымыз қажет. Себебі аналық мейірім арқылы берілетін нәзік те, пәк адамгершілік асыл қасиет ерекше қастерлі.

Бойына адамгершілік асыл қасиеттерін жинақтаған, ақылды қыз баланы болашақ көтерілер шаңырақтың берік қазығы деп есептеген халқымыз. Ұлттың ұлт болып қалуы, қоғамның өсіп-өркендеуі, ұрпақтың жолынан адаспауы анаға, ана болар қыз тәрбиесіне байланысты. «Адам» деген асыл есімді өз болмысында таза сақтап қалу үшін де ділі мен діні күшті ана тәрбиесі ауадай қажет. Ата салтымызды бойына сіңірген абзал аналар-басты байлығымыздың бірі. Бала рухани сауаттылықтың бастауын анадан алады.

Ата-ана беделі отбасы мүшелерінің дұрыс қарым-қатынасы мен тәрбиесі нәтижесінде қалыптасады.

Балалардың адамгершілікке тәрбиелеудің тағы бір мәселесі, ол өмір ағымының кемшілігінен, ұстаздар мен ата-аналардың тәрбие процесінде жіберілген қателіктерінің нәтижесінде қиын балалар мәселесі пайда болды.

Педагогикалық тәрбиесі қиын балалар-бұлар оқуға, еңбекке, қоғамдық өмірге ықыласы жоқ балалар. Олар дөрекі, әдепсіз, барлық жарамсыз әдеттерге еліктеуге бейім келеді. Баланың қиын болып өсуінің көптеген себептері бар:

Бірінші себеп-отбасындағы тәрбиедегі кемшілік, ата-аналардың баланы тым еркелетіп жіберуінен, немесе әке-шешелерінің қатігездігі, дөректілігі, өзімділігінен туындайды.

Екінші себеп-ата-ананың балаға үлгі-өнеге көрсете алмауынан, өздерінің некедегі тұрақсыздығы, маскүнемдігі, ұрлық-қарлық, өсек-өтіріпен айналысуы. Әке-шешенің мінез-құлқы бұл мәселе шешуші фактор болып табылады.

Үшінші себеп-ол балаға жеткіліксіз көңіл бөлу. Көп жағдайда ата-ана баланың жан дүниесін түсінбейді.

Педагогтер қиын балалардың кемшіліктерін түзетуге байланысты ауартпаушылығы көп жұмысты ата-аналармен бірігіп атқаруы керек. Бұл олқылықтарды жоюдың кейбір жолдарын атасақ, мәселен:

- олардың жас және дербес ерекшеліктерін ескерту;
- диагностика жасау (әлеуметтік, физиологиялық, дәрігерлік);
- ондай балаларды есепке алып, арнайы жұмыс жоспарын жасау.

Балаларды адамгершілікке тәрбиелеуде өмірдің көптеген қарама-қайшылықтарына кездесеміз. Сол қарама-қайшылықтардың күрделілері: некеге тұрақсыздық, тастанды балалар, жезөкшелік, нашақорлық, балалардың сотқар болып өсуі. Міне, осылардың бәрі қоғам дамуына кері әсер етеді. Сондықтан мұғалімдер, сынып жетекшілері баланың жас кезінен адамгершілікке тәрбиелеуді қолға алғаны жөн. Рухани-адамгершілік тәрбиесі әлеуметтік ортамен тығыз байланысты. Жаңа қоғамдағы мұғалім өз пәнін жетік біліп қана қоймай, әрбір қатынасушының педагогикалық үдерістегі орнын білуі керек. Оқушылардың оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыра алуға қабілетті болып, оның нәтижелерін алдынала болжамдап көре білуі тиіс, болуы мүмкін ауытқушылықтарды дер кезінде түзете алуы, яғни құзыретті тұлға болуы керектігіне назар аударуы керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бекмағамбетова Р.К., Жүндібаева Т.Н. Отбасы педагогикасы. «Отбасы тәрбиесі мен білім беру ұлттық білім беру жүйесін модернизациялау негізі» оқу-әдістемелік құралының материалдары.-Астана: «Дарын»-2012 ж. 80 б.
- 2.Құсайнов А. Қ. Әлемдегі және Қазақстандағы білім берудің сапасы / а.Қ. Құсайнов.-Алматы, 2013.-196 б.
3. Мұсабекова А.А. Тәрбие тағылымдары. Танымдық-тәрбиелік оқу құралы-Астана, 2011-144 б.
4. Мұсаева С.А., Бегалиев Т.Б. Жас ерекшелік педагогикасы: Оқулық.-Астана: Фолиант, 2006-472 б.

САМАНБЕТОВА ЖАНАР АЙБОЛҚЫЗЫ

Шығыс Қазақстан облысы, Аягөз ауданы

«Қалалық қазақ мектеп-лицейі» КММ

тарих пәнінің мұғалімі

ТӘРБИЕЛІ ҰРПАҚ– БІЛІМДІ ҰРПАҚ

Бұл мақалада әлемнің екінші ұстазы Әбу Насыр әл-Фарабидың тәрбиеге байланысты нақыл сөздері арқылы болашақ ұрпақ бойында «Білімнің кілті -

тәрбие» деген түсінікті қалыптастыру мәселелері келтірілген. Мақаланың мазмұны осы мәселелерді шешуде тәжірибе болып табылады.

Түйінді сөздер: Әл-Фарабидың тәрбие туралы нақыл сөздері, ұрпақ тәрбиесі, адамгершілік қасиеттер.

Біздің киелі қазақ даламыз көптеген ұлы ғұлама, данышпан адамдарды дүниеге алып келді. Кемеңгер ойшыл, ұлы ақын, жазушылар барлық шығыс- араб, парсы, түркі мәдениетін игеріп, өз туындыларын көпке ортақ тілде жазып, ұрпаққа мұра етіп қалдырды. Солардың ішінде әлемге екінші ұстаз деп танылған біздің дархан жеріміздің ұлы тұлғасы – Әбу Насыр әл-Фараби. Ол өзінің даналығымен жастайынан зерек, алғыр, сөзге шешен, тапқырлығымен көзге түсіп, әлемнің екінші ұстазы атанып, білім қуған жандарға шамшырақтай бағыт сілтеуші болған. Өзінің парасаттылығы мен тапқырлығының арқасында ғылымның барлық саласында еңбек жазып қалдырған жан. Еңбектері күні бүгінге дейін өз мән-маңызын жоғалтқан жоқ. Мен үшін әр бір нақыл сөзі құнды. Соның бірі «Адамға ең бірінші рухани тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім-адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне опат әкеледі»[5],- деп балаға дұрыс тәрбие берудегі бірінші қадамды дәл айтқан. Оқу мен тәрбие егіз, оларды бір – бірінен бөліп қарауға болмайды. Бала тәрбиесі — өте күрделі процесс. Тәртіптің ең тамаша мектебі – отбасы. Отбасы адам баласының өсіп- өнер алтын ұясы. Отбасындағы тіршіліктің дұрыс ұйымдастырылуы балаларды әдепті, ибалы, инабатты, кішіпейіл, әр нәрсеге жауапкершілікпен қарап, адамды, ананы құрметтеу сияқты адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуына мүмкіндік туғызады. Сондықтан өскелең жастарға білімді дұрыс бере алмасақта, тәрбиені қалай да бойына сіңірту біздің үлкен міндетіміз.

Тәрбиелеу дегеніміз — адамның бойына білімге негізделген этикалық құндылықтар мен өнер қуатын дарыту. Белгілі тарихи жағдайларда ғана көрініп және жойылып отыратын басқа қоғамдық құбылыстарға қарағанда тәрбиенің мәңгібақи категория қатарына жататындығы ғылымда әбден нақтыланған. Сонау Орта ғасырларда адамзат ілімінің молайып, ақыл- парасатының жетілуін, оқу-ағартудың қажеттілігін айтып, білім алудың маңызын анықтауда орасан зор еңбек сіңірген ғұламалардың бірі, еңбек тәрбиесінің және оның теориясын жасаушылардың бірегейі Әбу Насыр Әл-Фараби екені мәлім.

Әл-Фараби тәрбиенің, оның ішінде еңбек тәрбиесінің теориясы ғылымға негізделуі қажет деп санады. Ол ғылымды тарихи үрдіс деп түсініп, ғылым жүйелі түрде құрылған білімнің жоғарғы формасы деген анықтама берген. Фараби өмір сүрген дәуірде педагогика ұғымы болмағаны белгілі. Алайда ол оқу-ағарту мен тәрбие туралы, еңбек мәдениеті туралы ілім жасады. Еңбектің өзі — өнер. Ал еңбек тәрбиесі сол өнерден туындайды, әрбір адамды еңбекке баулиды, еңбек шеберлігіне үйретеді. Олардың еңбек ету дағдысын қалыптастырады, — деген болатын Фараби.

Фарабиден қалған ғылыми еңбектің саны жүзден астам. Сол еңбектерді ғылымдар саласына бөлсек, олар мыналар: математика, логика, музыка, астрономия, дәрігерлік, лингвистика, поэзия-риторика, педагогика, т.б. Оның пікірінше, оқу, тәрбие, білім алу, еңбек ету, ғылым адамы болу адамгершілік және

еңбек тәрбиесіне тығыз байланысты. Фараби ең алғаш еңбекті, таза еңбекті, адал еңбекті тәрбиенің алғышарты етіп алады. “Тәрбиені неден бастау керек”, Философия-меңгеру, білім-тәрбие алу, еңбекке үйрену, философияны меңгеру тәрбие әдістеріне байланысты екенін ғылыми тұрғыда дәлелдейді. Осы негізде ол оқыту мен тәрбиелеудің мақсаттарын жеке-жеке анықтайды. “Ғылымдар тізбегі”, “Ғылымдардың шығуы” еңбектерінде ғылымдарды үйрену, үйрету реттерін белгілейді және тәрбиенің, оның ішінде еңбек тәрбиесінің тарихи тағылымын, үлгісін болашақ ұрпаққа өнеге, тәлім етіп қалдырады[3].

Әл-Фараби жас ұрпаққа тәлім-тәрбие беріп, еңбекке үйретіп, еңбек тәрбиесін беретін адамды, яғни ұстаздық ететін жанды өте жоғары бағалаған. Оның ойынша, тәрбиеші адам, ол дегеніміз қазіргі мұғалім – “мәңгі нұрдың қызметшісі” болып табылады.

Бала тәрбиесі ол — үлкен бір ғылым. Бір отбасында жалғыз бала болса да, 6-7 бала болса да балаға берілген тәрбиеде кемшілік болып жатады. Дана халқымыз бала тәрбиесіне көп көңіл бөлген, қазіргі уақытта ол күндердің әдебін көру көп жағдайда мүмкін болмай отыр. Ең әуелі олар баланың алдындағы өз міндетін біліп, сол міндетті жеткілікті дәрежеде орындауы тиіс. Ол дегеніміз, байлық пен барлық қана емес, баланың бойына рухани байлық дарыту керек. Жақсы мен жаманды ажырата білгені жөн. Өмірдің мәні тек ақша мен байлық деген ойдан баланы аулақ салу қажет. Адами қасиетті бала бойына дарыта білу кез – келгеніміздің қолымыздан келе бермейді. Тіршілік қамымен жүріп балаға мүлдем көңіл бөлмейтін де, өз машақатымен айналысып балаға тәрбиенің керек екенін ұғынбайтын да, тәрбиеде ең бастысы тәртіп деп балаға тым қатал қарайтын да, қазіргі балаға қатты айтуға болмайды деп баланың ыңғайымен жүретін де, менің жиған – тергенім балама жетеді деп қалтаға сенетін де, басқа жұрт не десе о десін менің балам ең тәуір бала деп баланы жақтап отыратын ата – ана да жоқ емес. Бала мен ата – ана арасында өте тығыз байланыс жүру керек. «Баланы жастан» деген, бала тәрбиесі бесікте жатқаннан басталу керек. Бала жылады деп көп көтерсе ол соған дағдыланады. Мезгілсіз мекенсіз тамақ берсе соған да үйренеді. Бесікке байласа жылай береді деп бесіктен жиі босата берсе, нәресте бесіктен мүдем шығып алады. Осылайша бала бесіктен белі шықпай жатып өз дегенін жасатуға дағдыланады. Бала үшке толғанда «болады» мен «болмайдыны» білуі тиіс. Бала тәрбиесін бес жастан бастаймын дейтіндер де бар. Бес жастан қазір мектепке барады. Сонда мектепке келгенде бала өзіне рұқсат етілетін мен етілмейтінді ажырата алмаса одан не үміт, не қайыр күтуге болады?. Мұғалім оған қалам ұстап жазуды үйрете ме, әлде болатын мен болмайтынды ажыратуды үйрете ме. «Қызым үйде, қылығы түзде» деп бекер айтылмаса керек. Бұл сөз тек қыздарға ғана қатысты деуге болмайды. Кез – келген бала өз отбасында, ата – ананың көз алдында жүріп көрсете алмайтын мінез — құлықтарын басқа қоғамда көрсетеді. Өзге біреуге әлім – жеттік көрсету, үлкенге қарсы келіп сөз қайтару сияқты үйде көрсетпейтін мінездерді далаға шыққанда көрсетіп жатады. Мұның бірін де ата – ана үйретеді деуге болмайды. Бірақ, бұл да тәрбиеден кеткен қателік деуге болады. Ата – ана балабақшамен, мектеппен тығыз байланыста болуы керек. Бірақ, сол нәрсеге уақыт тауып, менің балам басқа жерде қандай, оның сабағы қалай, өз

тобында немесе сыныбында оның орны қандай деп көңіл қоятын ата – ана жоқтың қасы. «Уақыт жоқ, мектептегі баланы қарасам үйдегі шаруам қалады немесе жұмыстан қолым тимейді» деген сияқты біздің тарапымыздан сылтау көп болып жатады. Сол сылтауларымыз сиресе, ата – ана үшін бала өзінің орнының бөлек екенін, оның болашағы олардың назарында жүргенін сезінер еді деп ойлаймын. Бала тәрбиесі мәселелерін әрбір ата-ана өмірлік тәжірибеден көріп, үйрену керек[2].

Осы орайда, Әл-Фарабидың мына бір нақыл сөзіне тоқтала кетпеу мүмкін емес. «Адамның басына қонған бақыттың тұрақты болуы жақсы мінез-құлыққа байланысты. Мінез бен ақыл жарасса – адамгершілік ұтады», яғни біздің бақытымыз бен мінезіміз тығыз байланыста екенін ашық айтқан. Әр адам бақытты болам десе, өз мінезін дұрыстау қажет.

Қорыта келгенде, Фараби “Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары” еңбегінде барлығы еңбектің нәтижесі дей келіп, адамның өзін танымақтығы жөніндегі ойларын “Өсімдік жаны”, “Хайуан жаны, Адам жаны” деп жүйелейді. Адам жаны (интеллектіге), оның ішкі және сыртқы сезім мүшелеріне (хауас) талдау бергенде де, жүрекке үнемі шешуші мән беріп, ерекше даралай көрсетіп отыратыны бар. Жалпы жан қуаты жөнінде танымға бұлай қарау Фараби ілімінің ғылымилылығы оның тәлімділігін көрсетеді[4].

Бала – біздің бауыр етіміз, бақытты болашағымыз. Халқымыз: «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі», - демекші, Әбу Насыр әл-Фарабидың тәрбиеге байланысты нақыл сөздері арқылы болашақ ұрпақ бойында «Білімнің кілті - тәрбие» деген түсінікті қалыптастыру мақсатында бала тәрбиесіне отбасында өмірге келген күнінен бастап айрықша мән берейік.

«Шын беріле қызықтаған нәрсе ғана адамның жүрегінен орын алады», -деп Әл-Фараби айтқандай осындай ұлылардың сөздерін тек қағаз жүзінде қалдырмай темірқазықтай етіп тәрбие беруде пайдалансақ деймін.

«Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады», - деп Абай атамыз айтпақшы қара сөздің қадірін білетін жас буындар көп болсын[1].

Библиографиялық тізім:

1. Аңыз адам журналы. Абай Құнанбаев , №5, 2010 жыл, 32-бет .
2. Аягөз әлемі. Республикалық қоғамдық-әдеби журнал, №1 2013 жыл, 16-бет.
3. Көбесов А. Әл Фараби. Алматы, 1971 жыл, 28-бет.
4. Құл-Мұхаммед М.Әл-Фараби. Тарих, тұлға, уақыт.Алматы, 2006 жыл, 83-бет
5. Машанов А. Әл Фараби. Алматы, 1970 жыл, 11-бет.

ТӘРБИЕЛІ ҰРПАҚ ЕЛ БОЛАШАҒЫ

Қазіргі кездегі елімізде болып жатқан саяси-әлеуметтік экономикалық өзгерістер білім беру жүйесін жаңаша құруды талап етуде. Білім беру саласында ізгілендіру, демократияландыру жүріп жатқан кезде, жас ұрпақты рухы биік саналы азамат етіп тәрбиелеу қажеттілігі туындап отыр. Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда ең бастысы гуманистік көзқарас яғни шәкіртке жылы жүректі болу, мұғалім мен оқушы арасындағы ынтымақтастықты нығайту. Еліміздің болашағы бүгінгі білім беру жүйесіне тәуелді, олай деуге себеп бүгінгі алдымыздағы шәкірттеріміз уақыт өте келе елдің және жаңа заманның жаңа азаматтары болатынын сеніммен айтуға болады. Қазіргі білім беру жүйесі баланы жоғарғы әлеуметтік және материалдық құндылықтарға бағыттайды, бірақ мұндай табыс пен жетістікке қол жеткізу үшін адамның шынайы күш-қайраты оның жақсы мінез-құлқы және қайырымды іс-әрекеті болуы тиіс деп ойлаймын. Менің ойымша білімді барынша меңгерген бірақ ойында сүйіспеншілік, мейірімділік, қарапайымдылық, ізгілік жайлы ой болмаған адам өзін бақытты сезіне алмайды. Ұстаздық еткен жалықпас үйретуден балаға-демекші ұстаз ол- бар білгенін болашақ ұрпақпен бөлісер, білім нәрімен білмегеннің тамырын сусындатар асыл адам. Қазіргі заман ағымынан адаспай жол тауып оның ағысына қарай жүру үшін мыңжылдық тәрбиені білімді адамгершілік пен ізгілікті дамыту үшін біз данышпан – ойшылдардың еңбектеріндегі көптеген ұтымды идеялар мен қағидаларға сүйенсек болады. Қазақтың аса көрнекті Отырар жерінен шыққан ғұлама ғалым иесі- Әл-Әбу-Фараби. Ол өзі өмір сүрген орта ғасырлардың өзінде адамзат ілімін молайтып ақыл-парасаттың толысуын оқу-ағартудың қажеттілігін айтып, білім алудың маңызын атап айтқан болатын. Педагогика психология эстетика туралы да тереңнен зерттеп білім беру саласына өз үлесін қосқан. Парасаттылық пен ағартушылықты жақтаған үлкен гуманист. Жас ұрпақ бойында қалыптасып жүйеленген тәлім-тәрбиені салт-дәстүрді санасына біртіндеп сіңіріп оны дағдыға айналдырып отырады. Тәрбие әрбір кезең бойынша сол кезеңнің озық ойшылдары , тәлімгерлерінің еңбектері, ой пікірлерінен көрніс тауып отырған. «Әлемнің екінші ұстазы» атанған Әбу Насыр әл Фараби де тәрбиеге ерекше мән беріп көңіл бөлген. «Адамға ең бірінші білім емес тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың-қас жауы» деген әл-Фарабидің атақты қағидасына сүйене отырып, ұлы ойшылдың тәрбие жөніндегі шығармалары көрнекті орын алатын мәселелердің бірі екендігін айта кеткім келеді. «Бақытқа жету жайында» атты еңбегінде тәрбиеге анықтама бере келіп: «Тәрбиелеу дегеніміз-халықтардың бойына білімге негізделген этикалық ізгіліктер мен өнерлерді дарыту әдісі деген сөз осы қасиеттерге байланысты әрекеттер адамдардың жан-дүниесін баурап алатындай және адамдарды осыған жан-тәнімен құштар ететіндей болуы көзделген»-деп жазды. Жастар тәрбиесінде ғалым бірінші орынға шынайы бақытқа жететін мінез-құлық тәрбиесін қояды. Бұл жағдайды ашып қарасақ ғұлама бұл тәрбие ауқымына еңбек, эстетика, дене гуманистік,

патриоттық тәрбие түрлерін қоса қараған секілді. «Азаматтарды бақытқа жетелеудің жолы» атты еңбегінде: «Қала әкімі мен мұғалім бірдей дәрежеде тәрбиеші болып табылады. Мұғалім бала тәрбиелесе әкім қала тұрғындарын тәрбиелейді деп ой түйеді. Оның пікірінше «Оқып-білім алу арқылы дүниені танып білуге, оның әсемдігі мен толыққандылығын байқауға болады. Жан-жақты танып білу мен әртүрлі кәсіпті меңгеру үшін, адамгершілік қасиетті қалыптастыру ол талмай еңбек етіп өзін-өзі тәрбиелеу арқасында жетеді. Әл-Фараби тәрбиелеуді «қатты әдіс» және «жұмсақ әдіс» деп екіге бөліп қарастырған. Оқыту мен тәрбиелеу мақсаттарын да жеке-жеке анықтап кеткен. Бұл екі әдісті алып қарайтын болсақ «қатты әдіс» ол жазалау ал жұмсақ әдіс» ол мадақтау. Әл-Фараби тәрбие бойынша педагогикалық әдістерді алғаш ұсынған, оның тиімділігін дәлелдеп кеткен ғалым десек қателеспейміз. Ұлы ойшыл тәрбиеге көнбейтін, жөндеуге түзетуге болмайтын адам болмайтынын, тек үйретуден, баулудан жалықпау керектігін айтады. Фараби «Бақытқа жету жолында» атты трактатында жастарды батырлық, жомарттық, қайырымдылық, шешендік достық сияқты қасиеттерді ұрпақ бойына сіңіру үшін қалай тәрбиелеу қажеттігі жайлы нақты айтып, өзінің педагогикалық жүйесінің белгілі құрамды бөлігі ретінде бала тәрбиесі мен оқыту мәселесін қатар алып қарастырады. Баланың жас ерекшелігіне мән беріп қамқорлықпен қарым-қатынас жасауға көңіл бөлді. «Философтардың қойған сауалдарына жауаптар» деп аталатын еңбегінде педагогика, оқу оқыту мәселелеріне қатысты жайларға тоқталды. Бала тәрбиесі қоғам мен халықтың балаларды оқыту жөніндегі қамқорлығы жастарды халық өміріне байланысты біліммен қаруландыру, баланың жеке бас ерекшеліктерін ескеру, барлығы Әл-Фараби педагогикалық жүйесінің құрамды бөлігі болды. Фараби адамның мінез-құлықтарын тәрбиелеуде ойшыл ұстаздардың жүріс-тұрыстарына, сөйлеген сөзіне қимылына жеке бас мәдениетіне баса назар аударып, оқушының сапалы білім алуына ұстаздың төмендегідей қасиеттері үлкен роль атқаратынын айтады. Ұлы ғұлама «ұстаздың мінез-құлық нормасы қандай болуы керек? деген сұраққа жауап бере отырып балаға білім мен тәрбие беру ісінде мұғалімге мынандай шарттар қояды: «Мұғалімдік еткен адамның өлшеуі (әдісі) тым өктем (қатаң) болмасын және асыра босаңсытқан төмендікпен де болмасын. Егер тым қатты, үнемі ызғармен болса, онда оқушы мұғалімін жек көріп кетеді егер өте босатып жіберсе кішіпейілділік болса онда оқушылар жағынан мұғалімді кем санау ғылымына жалқау қарау қаупі туады»-дейді. Бұл сияқты ұстамдылыққа, іскерлікке қол жеткізу үшін Фараби атап көрсеткендей «ұстаз тарапынан барынша ынталылық пен табандылық қажет, өйткені бұлар жұрт айтқандай тамшысымен тас тесетін бейне бір су тәрізді» «Ұстаз ескерер бір жәйт – бұл шәкірттің мінез-құлқындағы жағымсыз мінезді, жағымсыз қылықты болдыраму, онда жақсы сипаттардың қалыптасуына мүмкіндік беру» -деп атап көрсеткен. Сонымен, дүниежүзілік ғылым мен мәдениеттің алтын қорына өлшеусіз үлес қосқан ұлы ойшылдың педагогикалық мұрасы да ұшан теңіз, мол дүние екеніне көз жеткіздік. Ұлы ғұлама өз еңбектерінің басым бөлігін ұстаздық тұрғыдан, жас ұрапақты тәрбиелеу, қоғамның гүлденуін көздеп, тәлім-тәрбиелік мақсатқа орайластыра жазған. Баланың шырағын жағу бұл деген баланы үйрете жүріп, өзің де бойыңа

көп нәрсені сіңіретін жауапты қызмет. Мұғалімде ең алдымен таза жүрекпен жасаған еңбегі адал болуы керек. Таза жүрек арқылы баланың сезіміне әсер ете отырып ішкі дүниесін ояту арқылы дүние -танымын дамытамыз. Менің алдымда отырған әр баланың адамгершілігінің мол, терең ойлы сөзі мен ісі бір жерден шығатын жан- жағына үлкен махаббат, сүйіспеншілікпен қарайтын, рухани бай тұлғаның дамуына мен себепкер болып сол шәкірттерімді биік белестерден көргім келеді. Ал сол биіктен шәкіртімді көру үшін әр баланың жанын түсініп шырағын жаға білу керек. Ол үшін әр мұғалімнің өз сабағында қоятын талап, ережелері болады. Ал мендегі басты ереже алдымдағы әрбір шәкіртімді жақсы көру. Онымен дос болу және әрдайым адал болу, әр баламен сырлас дос бола білу, баланың әр бір талап тілегін дұрыс түсініп, жайдары көңіл сыйлай білу керек. Әр шәкірт өз ұстазынан үлгі өнеге алады сондықтан баланың алдында мұғалім барлық жағынан үлгі бола білуі міндетті үлгі өнегені өзіміз көрсете білсек шәкіртте бергенімізді өз дәрежесінде өмірде дұрыс әрекетпен қолдана алады деп ойлаймын. Сондықтан да әрбір ұстаз мектептегі баланың шырағын жағатын шырақшы. Тынымсыз еңбегіміздің арқасында біз баланың жанын түсініп оның шырағын түзу жаға аламыз. Осындай қиын да, қызықты маман иесі болғанымға қуаныштымын. Мен өз шәкірттеріммен мақтана аламын. «Ұстаз болу өз уақытыңды аямай, өзгенің бақытын аялау» М.Әуезов айтқандай, уақытпен санаспай балалардың болашағы үшін аянба жұмыс жасасаң, еңбегің еш кетпейді деп түсінемін. Өмір бір орында тұрмайды, үнемі өзгеріс осыған орай жаңа заманның жаңа адамын тәрбиелеп оқыту үшін үнемі ізденіс қажет. Себебі біздің алдымызда өміріміздің аса бағалы иелері, болашағымыз, еліміздің ертеңі, жас өрендеріміз отыр. Ал осы жолды таңдаған ұстаздың қателесуге құқығы жоқ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Фараби « Музыка туралы үлкен кітап»
2. Фараби «Әлеуметтік-этикалық трактаттар»
- 3.Фараби « Ой-сана туралы кітап»
- 4.Фараби «Азаматтарды бақытқа жетелеу жолы»
- 5.Фараби «Бақытқа жету жайында»

СЕРІКҚАНҚЫЗЫ АРУЖАН
ГКП на ПХВ "Высший колледж
"ASTANA POLYTECHNIC" акимата
г. Нур-Султан, студент
Руководитель: Серода Вера Геннадьевна

ВЛИЯНИЕ РОЛИ ПРИРОДНОЙ СРЕДЫ И СОЦИАЛЬНОГО ОКРУЖЕНИЯ В СТАНОВЛЕНИИ ПСИХИЧЕСКИХ ОСОБЕННОСТЕЙ ЛЮДЕЙ

Познания аль-Фараби были универсальными. Его интересовали как гуманитарные, так и естественные науки. Всю жизнь Аль Фараби посвятил изучению аристотелевской концепции рассуждений формальной логике,

платоновской онтологии и гносеологии теории бытия и познания. Его признают основоположником восточного перипатетизма философской системы, выросшей на аристотелевском учении. Поэтому его часто называют «Вторым учителем» (после Аристотеля).

Аль Фараби создал целую энциклопедическую систему. Его трактаты охватили все известные в то время отрасли знаний: политику, психологию, этику, естествознание, эстетику, логику и философию.

Результатом разносторонних научных изысканий Аль Фараби явился трактат «О классификации наук», в котором в строгом порядке были перечислены науки того времени, определен предмет исследований каждой.

Ученый предложил эту систему как основу высшего образования. На вершине наук, по его мнению, находится языкознание (письмо, чтение и поэтика), далее идут логика, математика, физика, метафизика, политика. По свидетельствам современников, «ничего подобного никто ранее не писал». В XII в. «Классификация наук» была дважды переведена на латынь.

Разносторонние труды Абу Наср аль-Фараби внесли неоценимый вклад в развитие человеческой цивилизации и философской мысли. Мировоззрение аль-Фараби признается современными исследователями связующим звеном между античным миром и средневековым исламским миром, с одной стороны, и исламским средневековьем и западноевропейским – с другой.

Творчество Абу Насра Аль-Фараби и его научные труды были высоко оценены его современниками и исследователями Аль-Фараби является одной из ключевых фигур в истории интеллектуальной мысли, повлиявшей на развитие мировой цивилизации. Его наследие способствовало установлению диалога и сближению культур Востока и Запада. Его труды о здравом разуме, этике, науке, музыке и счастье остаются актуальными на протяжении уже более тысячи лет. Они и сегодня необходимы нам в построении современного добродетельного общества.

Великий аль-Фараби считал, что один народ отличается от другого тремя естественными свойствами: нравом, характером и языком. Мудрец придавал большое значение этическим проблемам, изучая характеры, нравы, привычки, языки, культуру, музыку различных народов. Аль-Фараби сделал отдельные выводы относительно роли природной среды и социального окружения в становлении психических особенностей людей. В центре своих этико-социологических воззрений аль-Фараби ставил человека. Именно активный индивид и свободная в своих действиях индивидуальность создает свое личное счастье общественно полезной деятельностью. Объединяя музыку, языкознание и логику в педагогическую науку, аль-Фараби тем самым придавал существенное значение проблеме всестороннего воспитания разносторонне и гармонично развитой личности. По мнению, исследователей его богатого наследия: «Анализ этических воззрений в творчестве Абу Насра аль-Фараб способствует нахождению ответов на вопросы, возникающие в процессе воспитания личности, формирования гуманистических взглядов, а также развития его нравственных качеств» [2]. Философ Востока аль-Фараби в своих социально-этических

трактатах отмечал, что формирование нрава человека происходит в общении с миром, окружающем его. Человеческое познание распространяется не только на отношение человека с природой, но и на жизненные ситуации, познание самого себя: «постигая самого себя, ...постигает и все существенные вещи...». Совершенство личности всегда ставилось превыше всех благ

«Человек должен обладать прекрасным пониманием и представлением сущности вещей, и, более того, он должен быть сдержанным и стойким в процессе овладения науками, должен по природе своей любить истину и ее поборников, справедливость и ее приверженцев, не проявлять своенравия и эгоизма в своих желаниях, не быть жадным в еде, питье, от природы презирать страсти, дирхемы и динары и все подобное этому. Он должен соблюдать гордость в том, что порицается людьми, быть благовоспитанным, легко подчиняться добру и справедливости и с трудом поддаваться злу и несправедливости, обладать большим благоразумием»

Вывод:

Фараби утверждает, что полного совершенства можно достичь при присутствии рациональных добродетелей. Таким образом, мыслитель подчеркивает связь этического и рационального, нравственности и разума, критикуя тех, кто ее не признает. Жизнь аль-Фараби – это уникальный пример стремления к знаниям, пониманию мира и смысла жизни. На размышлениях и духовных основах великого философа можно воспитывать человека, как личность, и укреплять истинные гуманные ценности. Мудрость великого учителя весьма актуальна и имеет огромный смысл в наши дни.

Список использованной литературы:

1. Жекибаева Б.А. Методологические основы программы нравственно-духовного образования в Республике Казахстан // Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований. – 2014. – № 8-3. – С. 131-136.
2. Юсубов Ж. К., Джураева Н. А. Философия нравственного совершенствования Абу Насра аль-Фараби // Молодой ученый. - 2013. - № 4. - С. 335-337.
3. Фараби. Трактат о взглядах жителей добродетельного города // Григорян С.Н. Из истории философии Средней Азии и Ирана VII-XII вв. М.: Изд-во АН СССР, 1960, с.156-195.
4. Вестник Челябинского государственного университета. 2012. № 12 (266). Политические науки. Востоковедение. Вып. 12. С. 110–113. СТАТЬЯ Э.А. Бегматов, У.Х. Исламов АЛЬ-ФАРАБИ О ЯЗЫКЕ И КУЛЬТУРЕ РЕЧИ <https://cyberleninka.ru/article/n/al-farabi-o-yazyke-i-kulture-rechi/viewer>
5. ИНТЕРЕСНЫЕ ФАКТЫ О ЖИЗНИ АЛЬ ФАРАБИ <https://www.nkzu.kz/files/jubilees/alFarabi1150/interesting.pdf>

ТУЛЕЕВА ГАУХАР ТУРЛЫБЕКОВНА
педагогика ғылымдарының магистрі,
Нұр-Сұлтан қ., № 79 мектеп-лицей мұғалімі
CARAVAN OF KNOWLEDGE
жобасына қатысушы
Резервтегі STEAM - білім беру тренері

БОЛАШАҚТЫҢ КІЛТІ-ЖАҢАШЫЛ ҰСТАЗДАРДА

Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат,
өйткені мұғалім – мектептің жүрегі.
Әл-Фараби

Мақалада, әлемнің екінші ұстазы Әбу Насыр әл-Фарабидің «Қайырымды қала» трактатында сөз болған адамзат қоғамы алдымен отбасынан, содан кейін мектеп, басқа да қауымдастықтан тұратындығы қарастырылған. Ол – қоғамдардың жақсы немесе жаман, бақытты немесе бақытсыз болуы өздеріне байланысты деп қарастырады. Адамзат теңдікті де бір ғана оқудың арқасында алған. Жақсылыққа бастайтын жарық жұлдыз – білім алу. Қоғам – мектептен бастау алатыны барлығымызға белгілі. Әл-Фараби болашақ жастарды оқу-білім арқылы бақытқа жеткізетін ұстаздың бойынан: ақыл парасатты, өзгелерден көш ілгері тұратын, өткір сөз иесі, өнер-білімге жақын, игі іске ынтызар қорқыныш пен жасқануды білмейтін қасиеттерді көргісі келетіндігі туралы ой-пікір талданады.

Кілт сөздер: *STEAM білім беру; жаһандану; Z-ұрпақ; , білім, технология һәм Болашақ; Ұстаздардың цифрлық, сауаттылығы.*

Әл-Фараби 870 жылы қасиетті қазақ топырағында қуатты отбасында дүниеге келген. Өз еңбектерімен дүниежүзілік білім мен мәдениеттің екінші ұстазы атанған энциклопедияшы ғалым. Аристотельдің жоқ болып кетуге шақ тұрған еңбектерін жаңғыртты. Халықтың, жеке адамның болмысының толыққандылығымен, тереңдігімен нығаятындығын нақты түсіндірген. Адам өмірінің мәні де, сәні де жинаған дүниесімен емес, ұрпағына, еліне жасаған ісімен өлшенеді. әл-Фараби философиясында зерделенген қайырымдылық, ізгілік адамзат баласына тікелей ортақ екенін және орта ғасыр мен жаңа заманның шығыс пен батыс мәдениетінің ортасында екі уақыттың, екі аймақтың ерекшеліктерін зерттеп, адамзат болашағын тереңнен тани білген ойшыл [11-15].

Өзінің өскен ортасынан, жүрген жерлерінен жиған білімі мен ілімін ұсынып, сол арқылы болашақта ғылымның, технологияның күшімен қалыптасқан адамзаттың өркениетіне үлгі болатын, жаһандану заманында адамның болашағына қамқор болатын қайырымдылықтың моделін жасады. Мұндай еңбекті бұған дейін ешкім жазбаған, жоспарламаған да, сондай-ақ ғылымды зерттеушілер үшін оның теңдесі жоқ. Әл-Фараби заманауи ғылым мен ХХІ

ғасырдың өмір стилін айқындайтын және адамдардың ойлануына және әрекет етуіне әсер ететін цифрлық технологиялардың жылдам даму кезеңін бастан кешіретіндігін көрсетті деуге болады. Ұлы ойшыл қазылық қызмет атқарып жүрген тұсында да ғылымнан қол үзген емес. Бірде таным өрісін одан әрі кеңейтіп, білімін молайта түсуді көздеген данышпан қазылық мансаптан бас тартады. Одан кейінгі өмірінде ғылымның алуан түрлерімен, өнермен шұғылданады. Фараби қамтымаған ғылым мен өнер жоқ деуге болады. Ол жаратылыстану, философия, астрономия, математика, медицина, логика, этика, метафизика, жағрафия, әдебиеттану, тіл білімі, музыка сияқты ғылым салаларынан 164 трактат жазғаны мәлім. Әл-Фараби өзінің «Интеллект (сөзінің) мағынасы жайында» деп аталатын зерттеуінде [1-3] адамның ақыл-парасат мүмкіндігіне жан-жақты талдау жасай келіп, оны «потенциалды интеллект», «актуалды интеллект», «жүре келе дарыған интеллект», «әрекетшіл интеллект» сияқты философиялық категорияларға бөліп-бөліп талдайды. Әл-Фараби «жүре келе дарыған интеллект» туралы айта келіп, адам туғаннан ақылды, білімді болып тумайтынын, интеллекттің өзі жүре келе, есітіп, көріп барып қана дамитынын ескертеді [4; 192, 193].

Қазіргі таңда елімізде Халықаралық және қазақстандық білім беру саласындағы сарапшылардың бастамасымен STEAM (science-ғылым, technology-техника, engineering-инженерлік, art – өнер, mathematics-математика) білім беру бағдарламасы мектептерге енгізілуде. STEAM білім беру жүйесі мұғалімді ізденуге бағыттайды, сондай ақ оқушының бойында жүре келе дамитын интеллекттің дамуына ықпалы бар дағдыларды қалыптастырады. Теория мен практиканы ұштастыра отырып оқушылар тәжірибе жасайды Яғни оқушыларды білімге, ғылымға, креативті ойлауға, тез шешім қабылдауға, командада жұмыс жасауға тәрбиелейді [7-8].

Әбу Насыр әл – Фарабидің білім саласындағы идеяларының сабақтастығы да осында. Нағыз STEAM - білім берудің негізін қалаған тұлға. STEAM -оқытудың біріктірілген тәсілі де, ғылыми-техникалық тұжырымдамалар арқылы шынайы өмір контексінде зерттеледі. Бұндай тәсілдің мақсаты – мектеп, қоғам, жұмыс және бүкіл әлем арасында STEM-сауаттылықты дамытуға және әлемдік экономикадағы бәсекеге қабілеттілікке ықпал ететін нық байланыстарды орнату. Фарабидің трактаттары мен ғылыми еңбектері заман талабына сай трансформацияланып білім саласына енгізілуде. Уақыт талабына сай мамандықтар да өзгеруде, кейбірі жойылып та жатыр. Сондықтан да мұғалім тез ойлап, тез шешім қабылдау дағдысын өзі игеріп, шәкіртін де сол дағдыға үйрету, баланың мектепте алатын білімін өмір талабына қолдануды тамаша ұштастыруға баулуы қажет. Бұдан кейін де білім беруде әдістемелер трансформацияланады. Тез өзгеріске мұғалім де, оқушы да дайын болу, дағдыларды үйрену заманның талабы.

Мұғалім, бұл шәкіртіне – ұстаз, ізгі қасиеттерге жаттықтырушы, кәсіби дағдылар инженері және психолог, көшбасшы және кәсіби ортада әрі жеке өмірінде де беделді адам екені айтылады. Болашақ ұрпаққа білім беру мен қатар ұлттық құндылықтарды бойына сіңіру басты міндет.

Білім саласы тәрбиемен ұштасқанда ғана ұлт, мемлекет және халық мүддесіне қызмет етіп, қоғам өзінің рухани дамуында үлкен серпіліс жасамақ. Тәрбие мен білім – бірегей, қатар жүретін процесс. Сондықтан жас буынды жастарға ұлтжандылықты қалыптастыру – жаппай жаһандану заманында ұлттық үрдістерімізді сақтап қалудың бірден – бір жолы.

Оқушыны дамытуға мүмкіндік жасап, ынталандырудың нәтижесі, оқушылардың түрлі деңгейде, түрлі бағыттағы қандай да бір әрекеттің авторы ретінде таныту мотивация береді. [3, 11-12].

Шығармашыл оқушыны қалыптастырушы ұстаз өзін-өзі үнемі жетілдіріп отыруы тиіс. Білім беріп отырған оқушының орынды ой- пікірімен де келісуге болады, себебі олар – Z-ұрпағы. Бұл ұрпақ – білім беру кеңістігінің негізгі қатысушылары. 2000-шы жылдан кейін туылған балалар мен жасөспірімдер олардың өсіп жетілуі мен қалыптасуы қоғам мен әлеуметтік және тұлғааралық коммуникациялар жүйесінің детерминерленген сандық дәуіріне айналды, толығымен тура келді. Z-ұрпағы балалары – мультимедиялы, сандық ортаның балалары. Виртуалды кеңістікте, жеке қарым-қатынас жасауды қалайды. Адам эмоциясына қарағанда техниканы жақсы түсінеді. Сабаққа назар аударуы өте төмен. Яғни гипперактивті өте тынымсыз балалар. Болашақта бізді гиппербелсенді балалар қоғамы күтеді. Оларды түсіну мен тәрбиелеуде қиыншылықтар бар екенін айтпауға болмайды. Олар әлемнің түкпір түкпірінен білім алу арқылы, икемділіктерімен ерекшеленетін ұрпақ болуы да әбден мүмкін.

Осындай ұрпаққа білім беруде ұстаздар қалай жетістікке жете алады деп ойлайсыздар?

Ұрпақтарымыз білімді, тәрбиелі болсын десек: 1) жаңа қағидаттар құру; 2) жаңа модельді меңгеру және тез жүйелеу; 3) инновациялық әлеуметтің негізін қалыптастыру маңызды болып тұр.

Қоғам ұстаздарға үлкен үміт жүктейді, өйткені оқыту мен тәрбиелеу барысында пайда болған қарым-қатынасты басқаратын мұғалім. Ұстазға үйретуге ең көнгіш кезіндегі адам да, мемлекеттің дамуы да мектепке тапсырылады.

Мемлекеттің дамуы негізгі үш шешуші кезеңнен тұрады:

1. Жаңа ғылыми жаңалықтарды игеруі
2. Білімнің деңгейін көтеруі
3. Мамандардың кәсіби білімімен айқындалуы

Баланың білімін, икемділігін, әдет, мұратын және өмірлік мақсатын қалыптастыратын ұстазға үлкен шеберлікті, біліктілікті, шығармашылықты талап етеді. Әл-Фараби даналығында кемеңгер басшы тұлғасына қатысты он екі қасиетті әрбір ұстаздың сыртқы бейнесінен күнделікті өмірде көргісі келетіні айтылады. Әсіресе, **бесінші қасиет**. Ғылым-білім мен өнерге жаны құштар, әр күн сайын оқып үйренуден шаршап-шалдықпайтын адам болуы тиіс. Ғылым мен өнерді терең түсініп, оны пайдалана біліп, өзі басқарып отырған салаға енгізе отырып, жақсы нәтижеге жеткізе білуі керек. **Он бірінші қасиет**. Әділетсіздік пен озбырлықты жек көретін адам болсын. Бұл жөнінде өзі қызмет ететін орында қиянатқа бармай, жақын-жуыққа бұрмай барлығына тең қарап отыруы қажет.

Он екінші қасиет. Өзі қажет тапқан істі жүзеге асыруға келгенде шебер шешім қабылдап, бұл шақта қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін, бірбеткей, батыл, ержүрек болуы міндет. Өз идеясын жүзеге асыруға келгенде батыл, өз әрекетіне сенімді, жалтақтамай шешім қабылдай білуі қажеттілігін дәріптейді,

Сондай-ақ, ұлы ойшыл әл-Фараби, адамдардың бірі-біріне қолдау, көмек көрсету арқылы бақытқа қол жеткізетіндігін дәріптейді. Аталған қасиеттерді ескере отырып отырып, мұғалім- ұрпаққа сапалы білім беру жолында жанкешті еңбек етіп, мектептің жүрегі болуы міндетті. Жаңа заманның ұрпағын тәрбиелеу үшін оқушыға оқулықтағы білімді жеткізуші құрал ғана емес төмендегідей қасиеттерді де қалыптастырушы:

1. Командада тиімді жұмыс жасауды
2. Жоба жасау қызметін басқаруды
3. Көшбасшы болуды
4. Кездесетін қиындықтарға төзімді болуды (толерантты)
5. Мақсатқа бағытталған жұмысты жасауға және оны міндетті түрде аяқтауға.
6. Ұлттық дәстүрді, тарихты, құндылықты құрметтеу.

Сонымен қатар, бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеу, олардың бойына отансүйгіштік сезімдерін ұялату, баланың тұлғалық дамуына қолайлы жағдайлар туғызу, оқытудың әр әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру, тәрбиеленушілердің сұраныстарын қанағаттандыру, олардың жауапкершілікті сезінуіне, жетістіктерге ұмтылуына ықпал ету, білімге қызығушылығын ояту ізденімпаз, жаңашыл педагогты дiттеген мақсатына жеткізе алады. Жаңашыл педагог сабақтың тәрбиелік мәнін арттыруға, берілетін білімнің мазмұнын әрдайым жаңартып отыруға, өткізілетін тақырыптардың жүйелілігін сақтауға, бұрын алған білімдерін байланыстыруға, олардың жетістіктері мен мүмкіндік деңгейлерінің арасындағы сәйкестікті сақтауға, оқу процесін күнделікті жетілдіруге назар аударады. Мұндай жаңашыл педагогтың ата-аналармен ынтымақтастығы да күшейе түспек. Оқу процесінде ұзақ, орта және қысқа мерзімді жоспарлар құру, таңдалған тақырыптардың уақыт талабына сай келуін ескеру жаңашыл педагогтың жетістіктеріне жол ашады.

Қазіргі таңда білім саласына Еліміздің кеменгер басшысы, ҚР Президенті Қасымжомарт Кемелұлының бастамасымен көптеген қолдау көрсетілуде. «Педагог мәртебесі туралы» ҚР Заңы күшіне еніп, ұстаздар қауымының жалақысы біршама өсті, мәртебесі артты. Бүгінде педагогикалық ой-пікірдің даму қарқынына орай адамға қажетті білім деңгейінің де артқаны анық. Сондықтан ең маңыздысы ұстаздың алдында тұрған міндет – оқушылардың білім алу мен қатар жан-жақты дамуын, шығармашылық деңгейінің артуын, тұлғалық сапаларының қалыптасуын қамтамасыз етуі қажет. Педагогикалық инновацияны сұрыптап, таңдап алу және оның мәнін терең түсініп жаңа тартымды мазмұндар құру- бүгінгі күннің талабы, жаңашыл ұстаздың міндеті.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1. Астана ақшамы газеті. – 13 тамыз 2020 жыл. 3, 11-12
2. ADISTEME.KZ. Педагогикалық журнал. 2019 жыл 4 шілде 11-20

3. Бердяев Н. А. Смысл истории. – М.: Мысль, 1990. 4; 192, 193
4. Құбығұл Жарықбаев. Серғазы Қалиев. «Қазақ – тәлім тәрбиесі». – 1995 жыл. 1- 54
5. Н. Назарбаев «Біздің халқымыз жаңа өмірге бейімделуі керек» // «Егемен Қазақстан». – 31 мамыр. – 2000 ж. 1-3
6. Rodzher W. Bybee. «STEAM Education Challenges and Opportunities». -2013 NSTA. 7-8

УТЕГЕНОВ ДАМИР

*студент Политехнического колледжа
города Нур-Султан*

РАЦИОНАЛЬНАЯ НАПРАВЛЕННОСТЬ КАК ОСНОВА ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО ПРОЦЕССА

В статье представлены утверждения, как непреходящие человеческие ценностей необходимы для формирования свободы духа в образовательного пространства обучающихся. Содержание данной статьи – практическое использование исторического наследия.

Ключевые слова: познание, самопознание, воспитание, самовоспитание; методы обучения и воспитания.

Абу Наср Мухаммад ибн Мухаммад аль-Фараби родился в 870 или 872 году в городе Отрар, сегодня это территория современного Казахстана, скончался или в 950 или 951 году в Дамаске, столица современной Сирии. Это крупнейший мыслитель восточной исламской философии раннего средневековья, кроме того он еще занимается и вносит вклад в развитие педагогической науки, математики и теории музыки. Считается, что аль-Фараби первоначальное образование получил в Отраре, затем он учился в Бухаре, Самарканде, Ташкенте и Багдаде. Последние годы жизни провел в Каире, Алеппо и Дамаске.

Многочисленные труды создали ему широкую известность, совершенно не случайно этого человека называли «Вторым учителем» (после Аристотеля), или «Аристотелем Востока». Надо сказать, что даже его комментарии нередко выходили за рамки тех идей, предлагаемых автором, рассматриваемых им работ. В целом, большая часть его трудов – это оригинальные как по названиям, так и по содержанию сочинения, результаты самостоятельного исследования по актуальным проблемам средневековой социально-этической и педагогической теории.

По содержанию все работы аль-Фараби можно разделить на несколько групп, выделим лишь те, которые имеют непосредственное значение в развитие педагогической мысли: трактаты по общефилософским проблемам, посвященные общим свойствам, законам и различным категориям; трактаты, посвященные вопросам познавательной деятельности человека, о формах, ступенях и способах познания; трактаты, посвященные нравственности и её категориям, проблемам

воспитания, общественно-политической жизни, особенностям социального строя, вопросам государственного управления. Среди них надо назвать такие, как «Жемчужина мудрости», «Об основах знания», «О достоинствах науки и искусства», «Указание пути к счастью», «Философские вопросы и ответы на них» и др.

Одной из наиболее интересных сторон мировоззренческой системы Фараби является его учение о познании. Так им анализируются вопросы возникновения знания, его отношение к реальности, познание объективной действительности, степень познаваемости мира, формы и виды познания. При их рассмотрении он исходит из естественно-научных достижений в области медицины, физиологии, математики, астрономии, филологии, педагогики и других наук. Проблему познания он рассматривает как часть общей задачи выяснения сущности человека. Философ, придаёт огромное значение разуму, возвышает его над слепой верой и догматикой, рационализм пронизывает все стороны его философской системы.

В образовательном процессе могут применяться как мягкие, так и жесткие методы обучения и воспитания. «Если воспитанник проявляет желание учиться, трудиться и совершать добрые поступки, уместны мягкие методы. Если же подопечный злобен, нерадив, своенравен, вполне оправданы жесткие наказания». Содержание образования, по аль-Фараби, с одной стороны, должно охватывать систему всех наук, т.е. оно носит энциклопедический характер, с другой стороны – оно должно иметь рациональную направленность. Выступая сторонником светской образованности, мыслитель утверждал, что лишь безумцы полагают, будто высшее благо находится вне существующего мира. Чтобы стать нравственным и противостоять порокам, человеку следовало познавать самого себя.

Таким образом, аль-Фараби оставил великое наследие, которое во многом опережало свое время. Его труды оказали огромное влияние на Ибн Сину, Ибн Баджа, Ибн Туфайя, Ибн Рушда, а также на развитие средневековой западноевропейской науки, не только эпохи Возрождения, но эпохи Просвещения. Он был представителем философской школы, раскрывающим педагогические вопросы в свете глобальных социальных, культурологических или общеполитических проблем. В его педагогической теории широко освещались вопросы совершенствования всех сторон развития человека, а также указывались определенные пути их решения. Свобода духа в утверждении непреходящих человеческих ценностей, пронизывающая его творчество, чрезвычайно поучительна и, как настоящая классика, актуальна во все времена.

Библиографический список:

1. Избранные произведения мыслителей Среднего Востока IX-XIV вв. / Сост. С.Н. Григорян, А.В. Сагадеев.
2. Аль-Фараби. Историко-философские трактаты / Перевод с арабск. – Алма-Ата: Изд-во «Наука» Казахской ССР, 1985
3. Саяхов Р. Л. Воспитание взаимоуважения и толерантности в работах исламских просветителей. – Уфа: Изд-во «Полиграфдизайн»

4.Абу Наср аль-Фараби. В 7-ми томах. Книга о разуме. – Алматы:RS;
Международный клуб Абая, 2019

ШАДЖАНОВА ДИЛАФРУЗ ДАЛМИСОВНА

*Түркістан облысы
адами әлеуетті дамыту басқармасының
«Кәсіптік оқудағы көпсалалы колледжі»
Ағылшын тілі пәні оқытушысы*

ӘЛ ФАРАБИ-ШЫҒЫСТЫҢ ҒҰЛАМА ҒАЛЫМЫ

«Ғылыммен айналыссам деген адамның ақыл-ойы – айқын, ерік-жігері – зор, тілек-мақсаты – ақиқат пен адалдыққа қызмет етуге талап жолында болуы шарт. Жәй ләззат іздеу, кәсіпқұмарлыққа ұқсас әрекет онда болмасқа керек».

Әл -Фараби

Ұлы дала ұрпақтарының санасын рухани жаңғыртуда тарихи тұлғалардың әлемнің және өз Отанының біліміне, ғылымына, мәдениетіне қосқан үлесі, өмірлік қағидалары мен әділеттік жолындағы күресі, адамзатқа жасаған игілік істері сияқты құндылықтардың маңызы арта түсуде. Әл-Фараби қазақ топырағында дүниеге келген ғұлама ғалым. Шығыстың ұлы ойшылы, әрі ағартушысы, әйгілі математик, философ, музыка зерттеушісі, тарихшы болған. Туған жері Отырар (Фараб) қаласы. Отырар ойшылдарының ең атақтысы, ең ғұламасы – «шығыстың Аристотелі», ұлы ғұлама. Әбу Насыр әл-Фараби (870-950) ірі сауда орны, мәдениет орталығы болған Отырар қаласында туып, сонда білім алған, кейін Бағдат қаласында ұстаз болды.

Ғұламаның адамгершілік ізгіліктер туралы пайымдаулары «Өзін-өзі тану» пәні арқылы берілетін рухани-адамгершілік құндылықтардың негізі іспеттес. Әл-Фараби адам баласын жаратылыстың ең ұлы құндылығы деп есептеді. Әл-Фараби жетілген тұлғаны тәрбиелеу үшін «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие беру керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі» деген басты қағиданы ұсынды. Әл-Фарабидің педагогикасының түпкі мақсаты – адамдарды бақытқа жеткізу. Ол адам баласын жаратылыстың ең ұлы құндылығы деп есептеді. Ғұлама білімнің жетекші салалары ретінде саяси және азаматтық ғылымдар жүйесіндегі этика мен педагогиканың маңызын ерекше атап көрсетті.

Әл-Фараби Аристотельдің жан туралы ілімін дамытты, ол алғаш рет араб тілді елдерде жан туралы ілімнің жүйесін және психологиядан терминология ұсынды. Оның жас, педагогикалық, әлеуметтік, медициналық, музыкалық, психологиялық түрлі қырлары жайлы айтқан ойлары осы уақытқа дейін өзекті. Ғұлама психологияның іргелі терминдеріне таным үдерісі негізіндегі қолданылуына қарай толық мазмұндық сипаттама берген (түйсік, қабылдау, ес,

ойлау, түсіну, адамның жаны, тұлғаның жеке ерекшеліктері). Әл-Фараби отбасы ортасындағы тәрбиенің тиімділігі оның басшысының ақылдылығына байланысты деп тұжырымдады.

Әл-Фарабидің педагогикасында бақытқа жету формуласын іске асыратын адам – дана ұстаз. Ғұлама ұстаз бойында мына қасиеттердің болуын қалады: ізеттілік, даналық, асқан пайымдылық, аңғарымпаздық, шыншылдық, ар-ождан тазалығы, қанағатшылдық, тапқырлық, білгірлік, жігерлендіре білушілік, ұстамдылық, ынталылық, шеберлік, табандылық. Бұған қоса ол пайымдағыштық, көрегендік, тапқырлық, парасаттылық сияқты қасиеттерді жоғары бағалады.

Әл-Фараби астрономия, астрология, математика, логика, музыка, медицина, табиғат ғылымдары, социология, лингвистика, поэзия-риторика, философия, педагогика ғылымдары бойынша 100-ден аса ғылыми еңбек жазған. Әл-Фараби адам – қоғамның ажырамас бір бөлшегі, ол қоғамнан тыс өмір сүре алмайды, ол белгілі бір топтың мүшесі деп қарастырады. Адам өмір сүру үшін көптаген нәрсеге мұқтаж болады, мұның бәрін ол жалғыз өзі жасай алмайды, сондықтан ол басқалармен қарым-қатынасқа түсуі қажет деді.

Тарихты білмей тұрып қазіргінің қадіріне жету, болашақты болжау қиын дейтін ғылымның өз қағидасы бар. Өміріміздің даму барысын дұрыс түсініп, ғылымның бүгінгі мен ертеңін танып, бағдарлап отыруда ғылым тарихында маңызды орын алады. Расында адамзаттың жинақталған материалдық байлықтары ұшан теңіз болса, оның рухани байлығының қоры да сондай көп. Бұлардың бәрі баршаға ортақ қазына. Сол мәдени мұраны талдап, іріктей білу, оны қастерлеп бағалай білу, халыққа жеткізу – кейінгі ұрпақтың абыройлы міндеті. Осы кездегі өрені өскен сан салалы ғылым мен мәдениетті жасауға талай елдің, талай ұрпақтың талдау өкілдері қатысты. Орта ғасырда азамат білімінің молайып, ақыл парасатының жетілуіне орасан зор еңбек сіңірген ғұламалардың бірі-Қазақстан топырағынан шыққан данышпан перзент Әбу Насыр Әл-Фараби (870-950) болды.

Оның пікірінше, оқу, білім алу, ғылым адамы болу, адамгершілік және тәрбие мәселерімен тығыз байланысты. Мәселен, "Философияны үйрену үшін алдын ала нені білу қажет" деген еңбегінде Фараби бірінші алғы шарт етіп адамның жан тазалығын, ар тазалығын қойған: "Ғылым үйренуге кіріспекші кіснің жас, кішіпейіл, денсаулығы жақсы болуы қажет. Оның тәрбиелі, адамгершілігі мол, адал, кулық-сұмдықтан және басқа да ағат мінез-құлықтан аулақ болуы керек".

Ұстаздың негізгі мақсаты өз шәкіртіне тиянақты білім беріп, ізгілікті мінез-құлыққа тәрбиелеу деп білсек, сол тиянақты білім, ізгілік ұстаздың өз бойында болуы шарт. Егерде, осының бірі адам бойында кездеспейтін бола, онда ол "логика саласында надан" деп есептеліп, қайсыбір мәселеде кімдікі жөн екенін, оның қалайша жөн екенін ажырата алмайды. Бұл жағдай ұстаз бойында кездесетін болса, сөзсіз, оның беделін түсіріп, өз шәкірттерінің мінез-құлық, іс-әрекеттеріне дұрыс баға бере алмағандықтан, олардың арасында түсінбеушілік, кейде бір-біріне деген дөрекілік те кездесіп отырады. Түсінбеушілік, дөрекілік жүрген жерде әрине, логика, парасаттылық туралы дұрыс түсінік болуы мүмкін емес. Сол

себепті шәкірттің ой-толғамын жетілдіру, оның ізгілікті іс-әрекет жасауына көмектесу – ұстаз парызы.

Тәрбие мәселесін Әл-Фараби осындай кең мағынада түсіне отырып, тәрбиенің жалпы халықтар мен қала тұрғындарының өмірінде алатын, атқаратын орнын жоғары бағалайды. Дұрыс тәрбие берілмеген халықтар мен қала тұрғындары "надан" халықтар немесе қала тұрғындары (қоғам өкілдері дегені) деп аталып, ондай қалалардың түрлері, адамдарында кездесетін нашар мінез-құлық, іс-әрекеттер сипатталады.

Әл-Фараби бұл жерде адам бойына этикалық ізгіліктерді білім, тәрбие арқылы дарыту, сол арқылы адамның игі әрекеттерге талпынуы, ол әрекеттерді жан-тәнімен ұнатуы туралы айтып отыр. Этикалық ізгіліктерді адам бойына дарытуда Әл-Фараби тәрбиелеудің екі түрлі әдісін атап көрсетеді: бірінші-иландырғыш нақыл сөз, сезімге әсер еткіш нақыл сөздер әдісі; бұл әдіс арқылы адамдарды өз еркімен игілікті істер жасауға жігерлендіруге болады; екіншісі-өз еркімен, өз қалауы бойынша жөнге келмейтін жөне сөзге құлақ аспайтын "бүлікші, сенімсіз", ересек адамдарға қолданылатын күштеу әдісі.

Адам жаратылысының жақсылыққа не жамандыққа бейім болып тумайтындығын айта келіп, ол: "Жаратылысынан барлық ізгі, этикалық, интеллектуальдық қасиеттерді бойына сіңірген адамның болуы шындыққа да, ақылға да симайды; сол сияқты жаратылысынан барлық өнерге бейім адам да болуы мүмкін емес. Дәл сол секілді жаратылысынан барлық бұзақылыққа бейім адамның болуы да ақылға симайды," – деп көрсетеді. Бұл қорытындыға Фарабидің адам табиғатын терең зерттеу нәтижесінде қолы жетті.

Ересек адамдардың мінез-құлқын өзгертуі қиынға түсетіндігін ескерте келіп Фараби: "бірақ қиын болса да мұнан мүмкін емес деген мағына тумайтындығын" айтады. Фараби: "Жақсы іс-әрекеттер алғашқыда қиналуды, қасірет шегуді, керісінше, жаман іс-әрекеттер алғашында рахатқа кенелткендей көрінгенмен, белгілі уақыт өткен соң міндетті түрде кайғы-қасіретке душар етеді", - деп жазды. Тәрбие мен дағдыны қатар қоя отырып Фараби "тәрбие дегенміз білім негізінде адамға ізгі құлық, іс-әрекеттерді дағдыландыру, оның жанына әсер етіп, рухани күш беру" деп түсіндіреді. "Дағды" деген ұғымға ол төмендегідей анықтама береді: "Дағдылану деп мен бір әрекетті жиі-жиі ұзақ мерзімге қайталап отыруды айтамын". "Көркем немесе ұнамсыз адамгершілік қасиеттерді адам жүре келе игеретіндіктен, ол соның қайсысына дағдыланса, сонысы оның іс-әрекетінің, мінез-құлқының негізі болмақ. Жақсы мінез, іс-әрекеттер, жиі-жиі қайталана отырып, адам дүниесінің рухани азығына айналса, ал жаман іс-әрекеттер қайталана отырып, оның азғындауына немесе, "аюан тектес" жексұрындыққа ұрындырады", - деп жазады ол.

Фараби ұстаздың мінез-құлқы нормасы қандай болу керек деген сұраққа: "... ол тым қатал да болмауға тиіс, тым ырыққа да жығыла бермеуі керек, өйткені тым қаталдық шәкіртті өзінің ұстазына қарсы қояды, ал тым ырыққа көне беру – ұстаздың қадірін кетіреді. Оның берген сабағы мен ғылымына шәкіртті селқос қарайтын болады", - деп түсіндіреді. Бұл сияқты ұстамдылыққа, іскерлікке қол жету үшін Фараби атап көрсеткендей: "ұстаз тарапынан барынша ынталылық пен

табандылық қажет, өйткені бұлар, жұрт айтқандай, тамшысымен тас тесетін бейне бір су тәрізді".

Ұлы педагог ойшыл халықтық ауызша шығарылған өнер үлгілеріне құштар. Бұларды ой, сезім, өмір тәжірибесін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізудің тамаша құралы деп санайды.

Әл-Фарабидің еңбектері күні бүгінге дейін өз мән-маңызын жоғалтқан жоқ. Әл-Фарабидің мемлекет, ел басқару жөніндегі тұжырымдары, әлеуметтік-этикалық саяси көзқарастары бүгінгі қоғам үшін де айрықша маңызды. Оның еңбектері еуропалық Ренессанстың өрлеуіне үлкен ықпал етті. Фараби Шығыс пен Батыстың ғылымы мен ежелгі мәдениетін табыстыруда зор рөл атқарды.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Шолақова Р. Әл-Фараби — Шығыстың ғұлама ғалымы // Қазақ тарихы. — 2012. — № 5 (116). — 32, 33 б.
2. Қойлыш Ж. Бала Мұхаммедтен ғұлама ғалым, «Екінші ұстаз», Әбу Насыр әл-Фарабиге дейін (870–950) // Аңыз адам: Жұлдыздар отбасы. — 2011. — № 17 (29). — 5–9-б.
3. Дербісәлиев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары (тарихи-филологиялық зерттеу). — Алматы: Рауан, 1995. — 12-б.
4. Келімбетов Н. Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерліктері. — Алматы: Раритет, 2011. — 432 б.
5. Интернет мәліметтері

ШАЙКЕНОВА ЖАЙНАГУЛ АМАНКЕЛДИНОВНА

*Бастауыш сынып мұғалімі
Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің
«№42 орта мектебі» КММ*

БІЛІМНІҢ КІЛТІ – ТӘРБИЕ

Оқу тәрбие мәселесі қашанда өзінің өзектілігін жоймақ емес, алайда әр кезеңнің баланы оқыту мен тәрбиелеуде өзіндік ерекшеліктері бар. Барлық уақытта өзгермейтін нәрсе ол – бала бойына ізгі құнды қасиеттерді сіңіру. Барша қауым алдында, өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу мақсаты тұр. Ғұлама – ғалымның, қайырымды, ізгі қала тұрғындары алдап-арбау, қулық арқылы жетуді көздейді, деген ойын анық байқауға болады. Жастарды, яғни болашақ ел иелерін тәрбиелеуде ата ана, ұстаз, қоғам алдында саналы, әділ, шыншыл ұрпақты тәрбиелеу қажеттігі басты мақсат болып табылады. Әл-Фараби, ата-анамен қатар, шәкірт тәрбиесінде ұстаздың рөлі зор екендігін айта отырып, шәкірттерден шыншылдықты, сыпайылықты, әділдікті талап ету үшін, бұл қасиеттердің алдымен ұстаздың өз бойында болуын атап көрсетеді.

«Ол адамның белгілі бір мінез-құлыққа ие болуына себепті нәрсе әдептілік деп біледі, оны тәрбиелеу дегеніміз-халықтардың бойына білімге негізделген этикалық ізгіліктер мен әсерлерді дамыту деген анықтамасынан көреміз және де бұл пікірден бір ұлтқа қатысты емес, барлық халыққа әдептілікті үйрету керек екенін түсінуге болады», - деді ол.

Әл-Фараби өзінің философиялық трактатында менің мақсатым, адамды іс-әрекетке тарту ал, ол үшін оның сезімін ояту қажет деген екен. Ол оқыту, тәрбиелеу барысында шәкірттің білім деңгейін, ойлау қарқынын, еске сақтау мүмкіндігін және дербестігін ескеруді басты парыз санаған, бұл педагогикадағы оқыту, тәрбиелеу ұстанымдарының өзегі десек те болады..

Әл-Фараби тәрбиенің барлық бағытын қамтыды, атап айтсақ ақыл-ой, адамгершілік, патриоттық, дене, эстетика, құқықтық, экономикалық, еңбек т.б. Еңбек тәрбиесінің теориясын жасауда еркін еңбек адамның жан-жақты дамуына ықпал етеді, адамзат баласы ақыл оймен қатар физикалық тұрғыдан да дамуы тиіс деп санаған және оған еңбек тәрбиесінің ықпалы зор, деген тұжырымдар жасаған. Әл Фараби «еңбек ету, сапалы болу, адамгершілік, ақылдылық табиғаттан туындалуы қажет», - деген.

«Тәрбие – тал бесіктен» деген халық даналығының астарынан бір ғана мәселені, яғни, бала тәрбиесінің өте күрделі үдеріс екендігін айқын аңғаруға болады. Тәрбиені қажет ету мәселесінің адамзат қоғамымен бірге жасап келе жатқаны да талас тудырмайды. Өйткені, жас ұрпақ ғасырлар бойында қалыптасып, жүйеленген тәлім-тәрбиені, баба салтын санасына біртіндеп сіңіріп, оны дағдыға айналдырып отырады. Тәрбие мәселесі әрбір кезеңде озық ойлы ойшылдар мен тәлімгерлердің еңбектері мен пайымдық ой-пікірлерінен де көрініс тауып отырған. Солардың ішінде, өз заманында «Әлемнің екінші ұстазы» атанған Әбу Насыр әл-Фараби де тәрбиеге ерекше мән береді. «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың – қас жауы» деген.

Әл-Фараби шығармашылығында көрнекті орын алатын мәселенің бірі – тәрбие. Тіпті, оқып-білім алу, ғалым адам болу мәселесін тәрбиемен тығыз байланыстырады. Ол «Бақытқа жету жайында» атты еңбегінде тәрбиеге анықтама бере келіп: «Тәрбиелеу дегеніміз – халықтардың бойына білімге негізделген этикалық ізгіліктер мен өнерлерді дарыту әдісі деген сөз... осы қасиеттер және бұлармен байланысты әрекеттер адамдардың жан-дүниесін баурап алатындай және адамдарды осыған жан-тәнімен құштар ететіндей болуы көзделеді», — деп жазды.

Адамдарды, әсіресе, жастарды тәрбиелеуде ғалым бірінші орынға шынайы бақытқа жетуге кепіл болатын мінез-құлық тәрбиесін қояды. Кең мағынада алып қарасақ ғұлама бұл тәрбие ауқымына еңбек, эстетика, дене, гуманистік, патриоттық тәрбие түрлерін қоса қараған секілді. «Азаматтарды бақытқа жетелеудің жолы» атты еңбекте: «Қала әкімі мен мұғалім бірдей дәрежеде тәрбиеші болып табылады. Мұғалім бала тәрбиелесе, әкім қала тұрғындарын тәрбиелейді», - деп ой түйеді. Оның пікірінше: «Оқып-білім алу арқылы дүниені танып білуге, оның әсемдігі мен толыққандылығын байқауға болады. Әрі оқып-білу үшін, әртүрлі кәсіпті меңгеру үшін, адамгершілік қасиетті қалыптастыру

үшін, талмай еңбек етіп, ерік-жігерді дамыту қажет, әрі оған тәрбиелеу және өзін-өзі тәрбиелеу арқасында жетуге болады». Ғалым тәрбиелеу әдістерін «Қатты әдіс» пен «Жұмсақ әдіс» деп екіге бөліп қарастырады. Ол оқыту мен тәрбиелеудің мақсаттарын жеке-жеке анықтап кеткен. Қазіргі тәрбие үрдісі тұрғысынан қарағанда «қатты әдіс» деп отырғаны – «жазалау», ал «жұмсақ әдіс» деп отырғаны – «мадақтау». Демек, Фараби педагогикалық ықпал ету әдістерін алғаш ұсынған, оның тиімділігін дәлелдеп кеткен ғалым десек болады. Әбу Насыр әл-Фараби тәрбиеге көнбейтін, жөндеуге, түзетуге болмайтын адам болмайтынын, тек үйретуден, баулудан жалықпау керектігін айтады.

Фараби «Бақытқа жету жолы» атты трактатында жастарды батырлық, жомарттық, қайырымдылық, қанағаттылық, шешендік, доспейілділік секілді қасиеттерді ұрпақ бойына сіңіру үшін қалай тәрбиелеу қажеттігі жайлы нақты баяндап, өзінің педагогикалық жүйесінің белгілі құрамды бөлігі ретінде бала тәрбиесі мен оқыту мәселесін қатар алып қарастырады. Ол баланың жеке және жас ерекшелігіне мән беріп, балаға қамқорлықпен қарап, қарым-қатынас жасауға баса көңіл бөледі.

Ғұлама балаларды белсенді түрде оқытуды 7-8 жасынан бастауды нұсқайды. Ол оқыту, білім беру мәселелеріне үлкен назар аударып, бұл тұрғыда көптеген түбегейлі, терең пікірлер айтқан. Ол «Философтардың қойған сауалдарына жауаптар» деп аталатын еңбегінде педагогика, оқу, оқыту мәселелеріне қатысты жайларға тоқталады. Мәселен, оқып-үйренуге «жаттап алу дұрыс па?» жоқ «түсініп алу дұрыс бола ма?» — деген сұраққа Әбу Насыр: «түсініп алған дұрыс, өйткені барлығын жаттап алу мүмкін емес, оларды белгілі бір байланыстары арқылы ойда топтастыру пайдалы», - деп жауап береді. Бала тәрбиесі, қоғам мен халықтың балаларды оқыту жөніндегі қамқорлығы, жастарды халық өміріне байланысты біліммен қаруландыру, балаға оның жеке бас және жас ерекшеліктерін ескеріп, шын жүректен қамқорлықты қарым-қатынас жасау – барлығы әл-Фарабидің педагогикалық жүйесінің құрамды бөлігі болды. Халықтан алып пайдаланылған көптеген ережелер оның ілімінің демократиялық, гуманистік өзегін құрады және педагогикасының озық бағыт-тылығын күшейтті. Ұлы ғұлама «ұстаздың мінез-құлық нормасы қандай болуы керек?» — деген сұраққа жауап бере отырып, балаға білім беру жөнінде, оған тәлім-тәрбие беру ісінде мұғалімге мынадай шарттар қояды: «Мұғалімдік еткен адамның өлшеуі (әдісі) тым өктем (қатаң) болмасын және асыра босаңсытқан төмендікпен де болмасын. Егер тым қатты, үнемі ызғармен болса, онда оқушы мұғалімін жек көретін халге жетеді. Егер де өте босатып жіберген кішіпейілділік болса, онда оқушылар жағынан мұғалімді кем санау, ғылымына жалқау қарау қаупі туады», - дейді. Бұл сияқты ұстамдылыққа, іскерлікке қол жету үшін Фараби атап көрсеткендей: «ұстаз тарапынан барынша ынталылық пен табандылық қажет, өйткені бұлар, жұрт айтқандай, тамшысымен тас тесетін бейне бір су тәрізді». «Ұстаз ескерер бір жәйт – бұл шәкірттің мінез-құлқындағы жағымсыз мінезді, жағымсыз қылықты болдырмау, онда жақсы сипаттардың қалыптасуына мүмкіндік беру», - деп атап көрсетеді Әл-Фараби. Адамның мінез-құлқын тәрбиелеуде ойшыл ұстаздардың жүріс-тұрыстарына, сөйлеген сөзіне, қимылына,

жеке бас мәдениетіне баса назар аударып, оқушының сапалы білім алуына ұстаздың осындай қасиеттері үлкен роль атқаратынын айтады.

Сонымен, дүниежүзілік ғылым мен мәдениеттің алтын қорына өлшеусіз үлес қосқан ұлы ойшылдың педагогикалық мұрасы да ұшан-теңіз, мол дүние екеніне көз жеткіздік. Ұлы ғұлама өз еңбектерінің басым бөлігін ұстаздық тұрғыдан, жас ұрпақты тәрбиелеу, қоғамның гүлденуін көздеп, тәлім-тәрбиелік мақсатқа орайластыра жазған. Иә, шәкірт тәрбиелеудегі Әбу Насыр әл-Фараби айтқан ұстаз бойындағы қасиеттерді бойымызға сіңіре білсек, білім мен тәрбиені ұштастыра алсақ, онда біз өзіміздің ұстаздық ұлы қызметімізде «Қайырымды қала тұрғындарын» тәрбиелеп, қоғамымыз ізгіленетін еді.

Библиографиялық тізім:

1. Ш. Таубаева, А.Көбесов, Әбу Насыр әл-Фараби. 2004-176бет
2. У.Куанышова, «Қазақ педагогикасы журналы» 2020-3бет
3. Қ. Көшербаев, Р. Сейсенбаев. Фараби // «Қайырымды қала» 2019-161бет

ШӘРІП АРАЙЛЫМ ТАЛҒАТҚЫЗЫ

*«№63 «Әсем-ай» балабақшасы
шағын орталығы», Нұр-Сұлтан қ.
дене шынықтыру нұсқаушысы*

«ТӘРБИЕ - РУХТЫҢ КЕМЕЛІ»

Бұл мақалада тәрбиеленуші бойына рухани тәрбиені сіңіре білудің тәсілдері көрсетілген. Осы мақала мазмұны осы мәселелерді шешуде тәжірибе болып табылады.

Түйінді сөздер: болмыс мәртебесі; мінез бітістері; мәңгі нұрдың қызметшісі; тәрбиенің түрлері

*«Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне қауіп әкеледі»
(Әбу Насыр әл-Фараби)*

Адам баласына дүние есігін шыр етіп ашқан сәтінен-ақ өмірлік миссиясы жүктеледі. Сол бір миссиясын бірде-бір елең етпей, ақиқатын анық тауып, мұра еткен Арыс өзінің Сырға барып құятын Фараб қаласында туған ғұлама, ойшыл Әбу-Насыр Мұхаммед Иби Мұхаммед ибн Ұзлағ ибн Тархан Әл-Фараби атамыздай ешбір жан болмағандай. Түркі ойшылдарының ең атақтысы, ең мәшһүрі атанған ғұлама философия, логика, этика, метафизика, тіл білімі, жаратылыстану, география, математика, медицина, музыка салаларынан 150-ге тарта трактат жазып, 70-ке жуық тіл білген.

Әлемнің екінші ұстазы атанған ғалым адамгершілік, гуманистік бағытқа, тәрбиеге аса зор мән беріп, мол мұра қалдырған. Ізгілік сипаттарын ислам дінімен, адамның ахлақ мінезімен ұштастыра, орасан зор еңбек қалдырған. «Адамның жақсы әрекеттер жасауға да, жаман әрекеттер жасауға да туа бітті

мүмкіндігі мен қабілет-қарымы жетеді»-, деп атап өткендей,ізгі адам болу әр адамның өз мүмкіндігін дұрыс пайдалан білуінде, ниетінің тазалығында. Өзінің шоқтығы биік шығармасының бірі «Ізгілікті (қайырымды) қала тұрғындарының көзқарастары» еңбегі адамгершілік нормаларын айқындап, өмірге көзқарасты әрқилы тұрғыдан қарастыра отырып, тәрбиенің негізгі мәртебесін көрсетеді. Болмыстың жаратылысы жайлы 6 бөлімнен жинақталған бұл еңбек,әр бөлімінде жаратушының даналығын, жаратылғандардың надандығын анық сипаттаған. *Бірінші бөлім* ізгілікті діндегі Алла деп тануға тиіс нәрсе туралы: ол қандай болмыс, оның жауһары не, оны қандай сипаттармен сипаттау керек, одан болмыстар қалай пайда болды, ол қай жағынан олардың бар болуының себебі, оны қандай есімдермен атау керек және ол есімдердің қайсыларымен оған жалбарыну керектігі туралы. Бұл бөлімде ең алдымен, ол Нәрсенің болмыстағы мәртебесі қандай мәртебе екен-дігі, Оның бүкіл болмыстардың ал-ғаш-қы жасаушысы, сосын шегі, сосын формасы болғандықтан олардың алғашқы себебі екендігі, кемшілік атаулыдан ада, оларға қатысы жоқтығы, болмысынан абзал, кемел, қадым бір болмыстың болуы мүмкін емес екендігі анықталады. *Екінші бөлім*, ізгілікті дінде рухани жандар мен періштелер деп білуге ләзім болған болмыстардың қандай бол-мыстар екендігі, олардың жауһарлары не, ол болмыстардың әрқайсысының екіншісінен не нәрсемен мәртебелі болатындығы, әрбірінің Бірінші Болмыстан иеленген мәртебесі не екендігі және ол болмыстардың бір-бірлерінен мәртебелері не екендігі, олардың әрқайсысының кемелділігі немен өлшенетіндігі еске алынады. Содан кейін аспан денелерінің жауһарлары жөнінде және Бірінші Болмыс пен періштелер оларға қалай иелік ететіндігі, қайсы аспан денесінің әмірі қандай періштеге жүретіндігі және қандай періште қай аспан денесін басқаратындығы, әрбір аспан денесінен қанша нәрсеге билік ететіндігі туралы олар (бол-мыстар) үшін суреттелуі тиіс нәрсе беріледі. *Үшінші бөлім* аспан денелері мен олардың билігіндегі аспан асты яғни материалдық денелердегі басшылық жөнінде, олардың (аспан денелері) қай жағынан олардың (материалдық денелер) бар болуының себебі екені, Алла тағала табиғи денелердегі нәр-селерді аспан денелері арқылы қалай басқаратындығы, әрбір аспан мен әрбір ғаламшарды басқарған не нәрсе екендігі жөнінде олар үшін суреттелуі тиіс нәрсе, сондай-ақ, мәшһүр ғаламшарларды суреттеуде олар үшін суреттелуі тиіс не нәрсе екендігі еске алынады. *Төртінші бөлімде*, «адам» философиясы баяндалды. Алдымен онда (адамда) табиғи болып табылатын нәрселердің жіктелімі беріледі, адамның жаны (нәпсі), жан қуаттарының саны, олардың әрқайсысының әрекеті не екендігі және бірі-бірлерінен мәртебелері не болатындығы осыған жатады. Қалаудың мағынасы не екендігі, таңдаудың мағынасының не екендігі, ол екеуінің арасындағы парық не, адам болмысы тән болатын түпкілікті бақыт деген не, бақыт жолынан тайғанда адам баласына келетін азап жайында, шын мәнінде, адам ол екеуіне өз қалауы және өз таң-дауы арқылы келетіндігі және қалай келетіндігі, көркем, ізгілікті іс-әрекеттер дегеннің мағынасы не, жаман қылықтар мен ерсі әрекеттер дегеннің мағынасы не екендігі жөнінде. *Бесінші бөлімде*, адамның өз қалауы арқылы бар болған нәрселер туралы; адам қоғамдарына қажеттілік осыған жатады. Содан кейін, адам баласы ұмтылған

(алдына қойған) мақсаттарына жетуде бір-біріне көмекке келуіне жол ашатын қоғам түрлері еске алынады, ол қоғамдар-дың қайсысы үлкен, қайсысы кіші және орташасы қайсы екендігі. *Алтынышы бөлім*, надан көзқарастар мен қоғамдар, надан қалалар және надан басшылықтардың түрлері келіп шығатын (тарайтын) бұзылған негіздер еске алынады. Содан соң, бұзылған негізге негізделген болмыстардағы олар үшін көзқарас бастамасы болып көрінген нәрселер. Содан кейін, бұзылған негізден туындаған табиғи және қалаулы болмыстар мен оларға олардан көрінген нәрселер арқылы оларда пайда болған әртүрлі ойлар жөнінде. Алдымен, надан көзқарастарды қалыптастыратын ойлар еске алынады.

Осынау еңбегінің нәтижесінде жақсы мінез-құлық пен ақыл күші болып, екеуі біріккенде – бұлар адамшылық қасиеттер болып табылады, қасиеттер дегенде біз әрбір нәрсенің игілікті жағы, соның өзінің және оның әрекеттерінің абзалдығында және жетілділігінде деген мағынада айтатындығын дәлелдейді. «Адамның белгілі бір-мінез-құлыққа ие болуына немесе жақын жұғысудың арқасында бір мінез-құлықтан басқа бір мінез-құлыққа ауысуына себепші болатын нәрсе - әдет болады, ал әдет деп мен бел белгілі бір әрекеттің жиі – жиі және ұзақ уақыт қайталауын айтамын. Жақсы-мінез құлықтың өзі де әдет арқылы келетін болғандықтан, біз әдеттен келе біздің жақсы мінез-құлықмызды тудыратын және сондай-ақ оңбаған мінез-құлықмызды тудыратын нәрселерді әңгіме етуіміз керек...» , - дей келе «әдет» ұғымының аса бір маңыздылығын айқын баяндайды. Мектеп жасына дейінгі балалар тәрбиесінде, тәрбиеші өзінің жақсы кейпімен жеткіншек ұрпаққа тәрбие бере білсе ғана, болашақ жарқын болатынын анық. Ал туа біткен, қыңырлық сыңайлы мінез бітістері болатын болса, оны жақсыға әдеттену арқылы бейімдетіп, өзгерту әбден мүмкін екенін атап өткен. Адам дүниелік рақаттардан бас тартуға немесе белгілі бір мөлшерде азайтуға қабілетті болса, мұның өзі оны мадақтайтын мінез құлыққа жақындатанын еске сақтай келе, жаман әрекеттен безу оңай, ал нәпсіге жағымды әрекеттен безу қиындық тудыратыны хақ. Өз нәпсімен күресе білген жан, мыңнан аса әскерді де жеңген батырдан да артық. Күрестің басты қадамы – еңбек ету. Данагөй Әл-Фараби еңбек тәрбиесінің теориясын жасауда еркін еңбектің адамның жан-жақты дамуы үшін маңызы зор екенін атап көрсетеді. «Еңбек ету, сапалы болу, адамгершілік, ақылдылық табиғаттан туындауы қажет» деген ғылыми тұжырым жасап, тәрбие үрдісінде «Қатты әдіс» пен «Жұмсақ әдісті» ұштастыруды талап етті. Оқыту мен тәрбиелеудің мақсаттарын жеке-жеке анықтап кеткен. Қазіргі тәрбие үрдісі тұрғысынан қарағанда «жазалау» мен «мадақтау» осы әдістер. Осы бір әдістерді алғаш ұсынған, оның тиімділігін атап өткен ғалым.

Әбу Насыр әл-Фараби атамыз жас ұрпаққа тәлім-тәрбие беріп, еңбеке үйретіп еңбек тәрбиесін беретін адамды, яғни ұстаздық ететін адамдарды өте жоғары бағалаған. Оның ойынша, «тәрбиеші адам» - «мәңгі нұрдың қызметшісі». Осынау бір мәңгілік нұрдың қызметшілік міндетін, абыроймен атқарып, жас ұрпаққа кемел білім мен тәрбие шуағын беру әрбір ұстаздың арманы. Арманға жете білу, бұл да бір игілікті мақсат. Мақсатқа жету, талаптану арқылы ғана жүзеге асады. Талаптанудың биік шыңын мадақтап атап өткен халқының жүрегінде мәңгілік есте қалатын тұлға – Әбу Насыр әл-Фарабидің насихаттары әрдайым жадымызда.

Библиографиялық тізімі:

1. Таубаева Ш.С. Тәрбиелеудің тұтас тұжырымы. «Жетісу» газеті, № 6 басылым, 2020 ж. – Алматы
2. Оспанова А. «Іле таңы», 2020 ж. – Алматы
3. Юсубов, Ж. К. Философия нравственного совершенствования Абу Насра аль-Фараби / Ж. К. Юсубов, Н. А. Джураева. — Текст : непосредственный // Молодой ученый. — 2013. — № 4 (51)

ШОПАНОВА АЙГУЛЬ ГАЛЕЕВНА

*Солтүстік Қазақстан облысы,
Мамлют санаторлық орта мектеп-интернаты
тарих пәні мұғалімі*

КЛЮЧ К ОБРАЗОВАНИЮ – ВОСПИТАНИЕ

Абу Наср аль-Фараби - ученый-энциклопедист, который оставил после себя богатое теоретическое наследие. В его работах трактаты по различным отраслям знаний - философии, психологии, истории, музыке, математике, астрономии - есть и такие, которые специально посвящены проблемам воспитания подрастающего поколения, хотя в его время педагогика еще не выделилась в самостоятельную науку. В них мы видим рассуждения мыслителя о средствах воспитания, о взаимоотношениях между воспитателем и воспитуемыми и ряд других проблем, имеющих самое непосредственное отношение к педагогике. Изучение педагогического наследия аль-Фараби актуально и по сей день, так как позволяет составить научное представление об уровне прогрессивного опыта воспитания в арабском халифате в условиях раннего средневековья, в эпоху расцвета и подъема культуры в этом регионе. Творческое наследие мыслителя проникнуто идеями гуманизации и демократизации общества путем улучшения его средствами воспитания и образования. Поэтому исследование педагогического наследия этого ученого созвучно современным требованиям воспитания подрастающего поколения. Гуманистические идеалы аль-Фараби, провозглашавшие справедливость, дружбу народов, равенство всех людей в развитии культуры, науки, умственных способностей и нацеливавшие их на достижение благополучия, счастья, совершенства, созвучны стремлениям всех народов мира. И сегодня весьма актуальны его слова: «Вся земля станет добродетельной, если народы будут помогать друг другу для достижения счастья» [1, с 305].

Республика Казахстан на сегодняшний день показала всему миру, дружбу народов независимо от национальности, религиозной принадлежности, культуры и языка. Первый Президент Казахстана Н.А.Назарбаев в своем Послании народу Казахстана в 2014 году озвучил национальную идею «Мәңгілік Ел», где основная

задача объединения народа Казахстана в триединство «одной цели, одних интересов, одного будущего». Всего этого мы можем добиться, через воспитание подрастающего поколения, в духе конкурентноспособной личности, с высоким чувством патриотизма, гражданственности и социальной активности. Первый Президент страны сказал: «Моя мечта и мысли о том, чтобы Казахстан существовал вечно. Поэтому я предложил идею «Мәңгілік Ел». Мы делаем все, чтобы стать таковой. Я верю, что нынешнее молодое поколение – это патриоты, которые способны помочь развитию Казахстана» [2, с.71]. Н.А.Назарбаев много уделяет нравственному воспитанию молодежи, в заботе будущего поколения, как его образования, так и здорового образа жизни каждого казахстанца. Согласно аль-Фараби, законодателем, первой главой или абсолютным правителем государства может быть только тот философ, который благодаря превосходству своего рассуждения обладает способностью выявлять условия, при которых законы становятся актуально необходимыми, дающими возможность народам достичь предельного счастья. Следовательно, если тот, кто выступает в качестве законодателя, имама, желает главенствовать, т. е. править государством, ему необходимо быть и философом. Под понятием «имам» в арабском языке подразумевается тот, считал аль-Фараби, кто выступает в качестве предводителя и руководителя [3, с.16].

Нравственное воспитание личности ребёнка – одна из самых важных задач школы. Воспитание и образование неделимо, через эти основные стержни в педагогике мы развиваем гармонично развитую личность, так как воспитание предполагает становление его отношений к Родине, обществу, людям, к труду, своим обязанностям и к самому себе, а через образование происходит формирование образа хорошо обученного, воспитанного, интеллигентного человека. Задача нравственного воспитания состоит в том, чтобы социально необходимые требования общества педагоги превратили во внутренние стимулы личности каждого ребёнка, такие, как долг, честь, совесть, достоинство. В своих трактатах аль-Фараби, также обращал большое значение нравственным качествам ученых. Он призывал их быть искренними, не допускать корыстолюбия, так как их труды имеют не только теоретическое, но и воспитательное значение. По его мнению, настоящий ученый — это «истинный или совершенный философ», который должен быть не только полезен народу своими знаниями, но и являться образцом для нравственного подражания. В нем должны органически сочетаться научная зрелость, высокие нравственные качества. Поэтому «истинные философы» в отличие от «несовершенных» должны быть достойными своей высокой миссии — приносить людям добро [4, с.10-12].

Независимо от содержания, методов и форм воспитательной работы и соответствующих конкретных целей перед учителем всегда должна стоять задача организации нравственных отношений детей. Нравственное воспитание происходит главным образом и в процессе обучения. На уроках дети приучаются к самостоятельной работе, для успешного осуществления которой необходимо соотносить свои усилия с усилиями других, научиться слушать и понимать своих товарищей, сопоставлять свои знания со знаниями остальных, отстаивать мнение,

помогать и принимать помощь. На уроках дети могут сопереживать вместе острое чувство радости от самого процесса получения новых знаний, огорчения от неудач, ошибок, тогда учебная деятельность становится коллективным трудом, где познавательная задача ставится перед учащимися, как общая и для ее решения нужен коллективный поиск. Коллективный процесс обучения, формирует гуманность личности в процессе взаимоотношений с другими людьми, установления межличностных отношений. В детях раскрываются различные качества доброжелательности и дружелюбия; готовности прийти на помощь другому человеку, внимательности к нему; рефлексии - умения понять другого человека; в толерантности - терпимости к чужим мнениям, верованиям, поведению. Мыслитель высказал свое мнение о взаимоотношении образования и воспитания: «Занятия наукой помогают бороться против низменных страстей людей, преодолевать негативные явления, встречающиеся в обществе. Поэтому «знание и добрые нравы», или наука и воспитание, тесно взаимосвязаны. Тот, кто не обладает добрым нравом, считает аль-Фараби, не воспитан, и, если даже добивается каких-то результатов, выглядит жалким и смешным. Следовательно, нужно требовать, чтобы он прилагал усилия к овладению добродетелями» [5, с.356].

Жизнь аль-Фараби – это уникальный пример стремления к знаниям, пониманию мира и смысла жизни. На размышлениях и духовных основах великого философа можно воспитывать человека как личность и укреплять истинные гуманные ценности. Мудрость великого учителя весьма актуальна и имеет огромный смысл в наши дни.

Библиографический список:

1. Аль-Фараби. Философские трактаты. Алма-Ата, 1972. С. 305.
2. Кабульдинов З.Е. История Казахстана: учебник для 11 класса общеобразоват.шк. Алматы, 2020 с.71.
3. Сагадеев А. В. «Знание» и познавательное отношение к действительности в средневековой мусульманской культуре: Предисловие //Роузентал Ф. Торжество знания: Пер. с англ. М., 1978. С. 16.
4. Аль-Фараби. Философские трактаты. С. 10—12.
5. Аль-Фараби. Историко-философские трактаты. С. 356.

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ	3
ҚАНАТ АЛТЫНБЕКОВ	
<i>ӘЛ-ФАРАБИ – ТЕМІРҚАЗЫҚ, ҰЛЫ ҰСТАЗ</i>	4
МАЛГАРАЕВА ЗАУРЕ БОРАНБАЕВНА	
<i>ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ НАСЛЕДИЕ АЛЬ-ФАРАБИ</i>	6
КУШИБАЕВА РАУШАН ГАНИЕВНА	
<i>ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ОҚУШЫЛАР САРАЙЫНЫҢ ОҚУ-ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНДАҒЫ МАҢЫЗЫ</i>	10
ЖАНБОЛАТҚЫЗЫ АҚНҰР	
<i>ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ МЕН АБАЙДЫҢ ҚАНАТТЫ СӨЗДЕРІНДЕГІ ҮЙЛЕСІМДІЛІК</i>	13

I БӨЛІМ

ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫ ЖӘНЕ ӨНЕР ӘЛЕМІ

АДЫЛХАНОВА ЖАНАР АКАНОВНА	
<i>АЛЬ-ФАРАБИ-ЛИТЕРАТУРОВЕД...</i>	17
АПСЕТОВА КУЛШАРАТ КУСАИНОВНА	
<i>ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ӘДЕБИ-ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ</i>	21
АХМЕТОВА ФАТИМА МУХАМБЕТЖАНҚЫЗЫ	
<i>ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗЫ</i>	25
БЕКЕБАЕВА ЖҰЛДЫЗ КЕНЖЕХАНОВНА	
<i>«ӘЛ-ФАРАБИ ЖӘНЕ ОНЫҢ РУХАНИ МҰРАСЫ»</i>	26
БЕКМҰРАТОВА АЙЖАН ЖУМАБАЕВНА	
<i>ФАРАБИДІҢ РУХАНИ ӘЛЕМІ</i>	35
ДАУЛЕТЖАН АҚБОТА	

<i>ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫ</i>	40
ДИНЖУМАНОВА ЖАЗИРА КАИРЖАНҚЫЗЫ	
<i>ӘЛ-ФАРАБИ - ҰЛЫ МУЗЫКАТАНУШЫ</i>	43
ДЮСЕМБАЕВ КЕНЖЕБАЙ	
<i>ӘЛЕМДІК ДЕҢГЕЙДЕГІ ТҰЛҒА</i>	45
ИВЖАНОВА ҒАЛИЯ МАХСУДҚЫЗЫ	
<i>ӘЛ-ФАРАБИДІҢ МЫҢ ЖЫЛДЫҚ ҒЫЛЫМИ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ЕҢБЕКТЕРІ</i>	48
ИМАНБАЕВА ЗАУРЕШ ЖУМАБАЕВНА	
<i>ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ӨЛЕҢДЕРІН ОҚЫТУДЫҢ ЖОЛДАРЫ</i>	52
КАСЫМБЕКОВА АҚМАРЖАН АҚАРЫСОВНА	
<i>ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ӨНЕР ӘЛЕМІ</i>	56
ҚАСЫМОВА АЙНҰР БЕРІКБАЙҚЫЗЫ	
<i>ӘЛ-ФАРАБИ ШЫҒАРМАЛАРЫ-ТӘРБИЕНІҢ ҚАЙНАР КӨЗІ</i>	60
КУНШЕЙСОВА САЛТАНАТ ДЖУМАХАНОВНА	
<i>ӘЛ-ӘБУ ФАРАБИДІҢ ӘДЕБИ МҰРАЛАРЫН ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫ ЕЛЖАНДЫЛЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУ</i>	64
КУСМАНОВА САМАЛ КАКИМОВНА	
<i>САУАТТЫ ҰРПАҚ – ДАНА ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ БОЛАШАҒЫ</i>	67
ҚОНДЫБАЙ ШОЛПАН ИКМАТУЛЛАҚЫЗЫ	
<i>ӘЛ-ФАРАБИ ІЛІМДЕРІНІҢ ПЕДАГОГИКАДАҒЫ РӨЛІ</i>	70
МАЛГЕЖДАРОВА АИДАТАЛГАТОВНА	
<i>ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ӘДЕБИЕТ ӘЛЕМІ</i>	72
МАХАНОВА НУРИЛА ДЖУМАБЕКОВНА	
<i>ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛЫҚ ТҰЛҒАСЫ ӘЛ-ФАРАБИ</i>	76
НЕСИПБАЕВА ЖАНАР МАХАНОВНА	
<i>ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ӘДЕБИ-ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ</i>	81
РУСТЕМОВА АҚМАРАЛ	

<i>ӘЛ-ФАРАБИ ІЛІМДЕРІНІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ РӨЛІ</i>	<i>85</i>
САДЫКОВА НҰРГҮЛ ГОСМАНҚЫЗЫ	
<i>МУЗЫКА АРҚЫЛЫ ӘЛЕМГЕ ДЕГЕН КӨЗҚАРАС</i>	<i>93</i>
СУЛЕЙМЕНОВ НУРЛЫБЕК НИЗАМАТДИНОВИЧ	
<i>ӘЛ - ФАРАБИ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫ</i>	<i>96</i>
СУЛЕЕВА А. К.	
<i>ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСЫ</i>	<i>99</i>
СЫДЫХ БАХЫТГҮЛ	
<i>ҒАЛЫМНЫҢ ХАТЫ ӨЛМЕЙДІ... ..</i>	<i>102</i>
ТЕМИРБЕКОВА БАХТЫГУЛЬ	
<i>ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ӨНЕР ӘЛЕМІ</i>	<i>105</i>
ТУРСЫНБЕКОВА ЛЯЙЛА РАУШАНБЕКОВНА	
<i>ӘЛ ФАРАБИ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ</i>	<i>108</i>
ФАЙЗУЛИНА БАЯН БОТКЕНОВНА	
<i>ӘЛ- ФАРАБИ ӨЛЕҢДЕРІН ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ЖАС ҰРПАҚҚА ТӘРБИЕ БЕРУ.....</i>	<i>112</i>
ШАЯХМЕТОВА ТОЛҒАНАЙ ҚАЙРАТҚЫЗЫ	
<i>ӘЛ-ФАРАБИДІҢ МУЗЫКА ӨНЕР ӘЛЕМІ</i>	<i>115</i>

II БӨЛІМ

ШЫН БІЛІМ – АҚИҚАТ, АНЫҚ БІЛІМ

АБДУЛЛАЕВА ЛЕЙЛА ОСПАНОВНА	
<i>ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ШЫНДЫҚ БОЛМЫС ..</i>	<i>120</i>
АЙТБАЙ РЫСЖАН АЙТБАЙҚЫЗЫ	
<i>ӘЛ-ФАРАБИ ІЛІМДЕРІ - ЖАС ҰРПАҚТЫҢ ДАМУ ЖОЛЫНДА ЕҢ БАСТЫ ШАМШЫРАҚ</i>	<i>124</i>
АКЕТАЕВА АМАНДА НҰРЖАНҚЫЗЫ	
<i>ӘЛ – ФАРАБИДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КӨЗҚАРАСТАРЫ</i>	<i>125</i>
АКУАЛОВА ГУЛЬФАРА МЫРЗАҒАЛИҚЫЗЫ	

<i>ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛЫҚ ТҰЛҒАСЫ</i>	128
АЛИБЕКОВА ТАРБИЯ КАНТУРГАНОВНА	
<i>ӘЛ – ФАРАБИ АҢСАҒАН ҰЛЫ ДАЛА ӨРКЕНИЕТІНДЕГІ ІЗГІЛІКТІ</i>	
<i>ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫ</i>	131
БАЙДРАХМАНОВА НУРБАЛУ ЖУМАБЕКОВНА	
<i>ФАРАБИ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ БІЛІМ, ЕҢБЕК ПЕН АДАМГЕРШІЛІК</i>	
<i>МӘСЕЛЕЛЕРІ</i>	135
БАЙШЕВА ГАУҒАР МАКСУТХАНОВНА	
<i>БІЛІМДІ БОЛУ – БЕЛГІСІЗ НӘРСЕНІ АШУҒА ҚАБІЛЕТТІ БОЛУ</i>	138
БИТОРИНОВА КАМАЛ АМАНБЕКҚЫЗЫ	
<i>«ШЫН БІЛІМ-АҚИҚАТ, АНЫҚ БІЛІМ»</i>	141
ВЛАСЕНКО ЕЛЕНА ВИКТОРОВНА	
<i>АЛЬ-ФАРАБИ О ГОСУДАРСТВЕ,</i>	
<i>КАК СОЦИАЛЬНО-ПОЛИТИЧЕСКОМ ИДЕАЛЕ</i>	142
ДАУРЕНБЕКОВА МАХАББАТ БЕЙСЕНБАЕВНА	
<i>ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ - ҰЛЫҚ ТҰЛҒАСЫ</i>	144
ЖАКУПОВА ГУЛЬНАРА АМАНГЕЛЬДИНОВНА	
<i>ПРИМЕНЕНИЕ ТРУДОВ АЛЬ-ФАРАБИ НА УРОКАХ ГЕОМЕТРИИ</i>	148
ЖОЛТАЙҰЛЫ ҚУАНДЫҚ	
<i>ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ТРАКТАТТАРЫ МЕН НАҚЫЛ СӨЗДЕРІНЕ</i>	
<i>ТОҚТАЛУ ЖӘНЕ ТАЛДАУ</i>	151
ИХСАНГАЛИЕВА РИТА МИРАМГАЛИЕВНА	
<i>ШЫҒЫС РЕНЕССАНСЫНЫҢ ДАМУЫНА ИМПУЛЬС БЕРГЕН</i>	
<i>ҒҰЛАМА</i>	153
КАЙПУЛДАЕВ ЕРБОЛ ТАЛАНТҰЛЫ	
<i>ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ</i>	
<i>ҒЫЛЫМИ ТІЗБЕГІ</i>	160
КАШКИМБЕКОВА МАҚПАЛ ҚАРЫБЕКҚЫЗЫ	
<i>ӘЛ-ФАРАБИДІҢ БІЛІМ ФИЛОСОФИЯСЫ</i>	168
ҚАШҚЫНБАЕВА ЖАНАТ	

<i>ҰЛЫ ОЙШЫЛ, ҒҰЛАМА ӘЛ – ФАРАБИДІҢ – ДАНАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ</i>	<i>171</i>
КӘКЕНТАЙ МӨЛДІР ЕРЛАНҚЫЗЫ	
<i>ӘЛ-ФАРАБИДІҢ МҰРАСЫ</i>	<i>174</i>
КЕНЖЕБЕКОВА ЕҢЛІК МАРАТҚЫЗЫ	
<i>ӘЛ-ФАРАБИ ЖӘНЕ ОНЫҢ АСЫЛ МҰРАСЫ</i>	<i>175</i>
КОШКИМБАЕВА АСЫЛ САПАРОВНА	
<i>ҰСТАЗ ШЕБЕРЛІГІ ТУРАЛЫ БІР ҮЗІК СЫР... ..</i>	<i>179</i>
КОШКИНБАЕВА СӘУЛЕ БЕЙСЕНБАЙҚЫЗЫ	
<i>ШЫН БІЛІМ –АҚИҚАТ, АНЫҚ БІЛІМ</i>	<i>182</i>
ҚҰРМАНБЕКҚЫЗЫ НҮРИЛА	
<i>ҰЛЫ ОЙШЫЛДЫҢ РУХАНИ МҰРАСЫ</i>	<i>187</i>
ОМАРОВА РАЙХАН ТУРСЫНБАЕВНА	
<i>ӘБУ НАСЫР ӘЛ- ФАРАБИДІҢ ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАЛАРЫ</i>	<i>189</i>
ОРАЗАЛИЕВА Б.И.	
<i>ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ</i>	<i>192</i>
РАЙМКУЛОВА РЫСКУЛЬ ЖАХЫПОВНА	
<i>БІЛІМ-АДАМ БАЛАСЫНЫҢ ОРТАҚ ҚАЗЫНАСЫ.....</i>	<i>197</i>
САГИНБАЕВА БИГАЙША АМАНЖОЛОВНА	
<i>АСПАН АСТЫНДАҒЫ ДҮНИЕ</i>	<i>200</i>
САДУАҚАСОВА АЙНАГУЛЬ КОПЖАСАРОВНА	
<i>ӘЛЕМНІҢ ЕКІНШІ ҰСТАЗЫ</i>	<i>203</i>
САЙРАМБАЕВА МАДИНА РЫСБАЙҚЫЗЫ	
<i>ҰЛЫ ОЙШЫЛ, ҒҰЛАМА ӘЛ – ФАРАБИДІҢ – ДАНАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ</i>	<i>205</i>
САЙТТАКОВА КУРАЛАЙ КЛЫШБЕКОВНА	
<i>ЕРТЕ ОРТА ҒАСЫРДАҒЫ ҒҰЛАМА.....</i>	<i>208</i>
САКЫБЕКОВА МАРАЛ ШАХМАРДАНОВНА	
<i>ӘЛ-ФАРАБИ ҰЛЫ ҰСТАЗ</i>	<i>213</i>
СМАГУЛОВ МУХТАР КАБДЫЛМАРАТОВИЧ	
<i>ҒЫЛЫМЫ ЖОҚ ЕЛДІҢ БОЛАШАҒЫ БҰЛЫҒҒЫР</i>	<i>216</i>

СУЛЕЕВА АСЕМ ЖАНАТОВНА

ӘЛ-ФАРАБИ - ҰЛЫ ТҰЛҒА219

ТЛЕКЕЕВА ГАЗИЗА ТОКТАРОВНА

ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ІЛІМДЕРІ225

УТЕУЛИЕВ ЖУМА ТАПЕНОВИЧ

*ДАНАЛАРДЫҢ АҚЫЛ-ОЙЫ МЕН ҰЛТТЫҚ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР -
ТҰЛҒАНЫҢ ДАМУЫНА БЫҚПАЛ ЕТЕТІН ІЗГІЛІКТІ БІЛІМ БҰЛАҒЫ*227

ХАСЕНОВА АЙЖАН ИСЛЯМОВНА

БАКИЕВА САЛТАНАТ ХАМИТОВНА

*БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ МАМАНДАРДЫ ДАЯРЛАУДА ӘЛ-ФАРАБИ
МҰРАСЫНЫҢ РӨЛІ*232

ШАКИР РИШАТ ЛАТИФҰЛЫ

*ӘЛ-ФАРАБИ ІЛІМДЕРІНІҢ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ
ПӘНДЕРІНДЕГІ КӨРІНІСІ*235

ШАМЕНОВА НЕСИБЕЛИ АУЕЗОВНА

ӘЛ-ФАРАБИ ІЛІМДЕРІНІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ РӨЛІ236

ІІІ БӨЛІМ

ТӘРБИЕСІЗ АЛЫНҒАН БІЛІМ – АДАМЗАТТЫҢ ҚАС ЖАУЫ

АБДРАХМАНОВА ГҮЛЗИНА БАТАНОВНА

ТӘРБИЕЛІ ҰРПАҚ –ЕЛ БОЛАШАҒЫ240

АБИШЕВА ГУЛЬНАРА ТЕМИРЖАНОВНА

ӘЛ- ФАРАБИ ІЛІМІ – РУХАНИ МҰРА.....243

АКИМБЕКОВ СЕЙІЛЖАН САЙЛАУҰЛЫ

*ЖЕКЕ ТҰЛҒА БОЙЫНДА РУХАНИ-АДАМГЕРШЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ
ҚАЛЫПТАСТЫРУ*245

АЙМЕНОВА АИДА ҚАЙРАТҚЫЗЫ

БІЛІМНІҢ КІЛТІ – ТӘРБИЕ248

АХМЕТОВА ГУЛЬМИРА САГАДАЕВНА

<i>ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛЫҚ ТҰЛҒАСЫ: ӘЛ -ФАРАБИДІҢ ТӘРБИЕ ӘДІСІ МЕН ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ</i>	250
АШТАЕВА ГУЛЖАН МАХАНОВНА	
<i>ӨЗІН-ӨЗІ ДАМЫТА АЛАТЫН БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ТҰЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ</i>	255
БАКБЕРГЕНОВА К.А.	
<i>ӘБУ НАСЫР ӘЛ ФАРАБИ – ДАНАЛЫҚ ДІҢГЕГІ</i>	258
БЕКБАЕВ ДАУРЕН КАПАШЕВИЧ	
<i>КЛЮЧ К ОБРАЗОВАНИЮ – ВОСПИТАНИЕ</i>	261
БЕРМЕТОВА РАЯ ӘМІРЕҚЫЗЫ	
<i>БІЛІМ КІЛТІ – ТӘРБИЕ</i>	263
ГОРЛОВА НАТАЛЬЯ НИКОЛАЕВНА	
<i>ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ НА УРОКЕ</i>	266
ДӘУРЕНОВА АЙГҮЛ КЕЛЕСҚЫЗЫ	
<i>ЕЛ ЕРТЕҢІ –ТӘРБИЕЛІ ҰРПАҚ</i>	267
ДЖУНУСОВА ДАМИРА ЕРНАРҚЫЗЫ	
<i>ӘЛ-ФАРАБИ МҰРАСЫ ЖӘНЕ ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ</i>	270
ДЕМЕСИНОВА КУРАЛАЙ РАМАЗАНҚЫЗЫ	
<i>ӘЛ-ФАРАБИ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ БІЛІМ ЖӘНЕ ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ</i>	273
ДОНБАЕВА А.Г.	
<i>РОЛЬ НАСЛЕДИЯ АЛЬ-ФАРАБИ В ПЕДАГОГИКЕ</i>	277
ЕРҒАЛИ МАРЖАН ҒАЙСАҚЫЗЫ	
<i>БІЛІМ БАСТАУЫ-ТӘРБИЕ</i>	281
ЕЛУБАЕВ АЛИБЕК	
<i>КЛЮЧ К ОБРАЗОВАНИЮ-ВОСПИТАНИЕ</i>	284
ЕРКІН АЙГЕРІМ	
<i>ТАЛАП — ШАБЫТТЫҢ КӨЗІ</i>	285
ЗИНЕКЕШОВА АРАЙЛЫМ БЕКБОЛАТОВНА	
<i>ӘЛ-ФАРАБИ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕЛІК ИДЕЯЛАР</i>	287

ИШМАТОВА ГАЛИЯ ТОКТАМУРАТОВНА	
<i>ТӘРБИЕЛІ ҰРПАҚ – БОЛАШАҚ КЕПІЛІ.....</i>	289
КАИРБЕКОВА ГУЛЬАИМ НАСИРОВНА	
<i>ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ - ҰЛТ БОЛАШАҒЫ.....</i>	292
КУЗДИЕВА АСЕЛЬ КУРБАНОВНА	
<i>ӘЛ-ФАРАБИ ІЛІМІНІҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНМЕН БАЙЛАНЫСЫ</i>	295
ҚҰЛҰБАЕВА ГҮЛМИРА АҒЫБАЙҚЫЗЫ	
<i>БІЛІМНІҢ КІЛТІ – ТӘРБИЕ</i>	298
МУТАЙХАН ЖУЛДЫЗ	
<i>ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕЛІК КӨЗҚАРАСЫ</i>	301
НЕГМЕТЖАНОВА НУРГУЛЬ ЗЕЙНУЛЛИНОВНА	
<i>ПУСТЬ ЗАПОВЕДИ ПРЕДКОВ ЖИВУТ В НАШИХ СЕРДЦАХ</i>	304
НУРГАЛИЕВ ЕРБОЛ ЖАКСЫЛЫКОВИЧ	
<i>ТӘРБИЕМЕН БЕРІЛГЕН БІЛІМ – ӨЛШЕУІ ЖОҚ ҚАЗЫНА</i>	307
НЫҒЫМЕТОВА ЛИРА ҚАСҚЫРБАЕВНА	
<i>ӘЛ-ФАРАБИ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ</i>	309
ОҢҒАРБАЕВА МАЙГҮЛ ҚАЛЫМБЕТҚЫЗЫ	
<i>ТӘЛІМДІ БОЛУ - ТӘРБИЕДЕН.....</i>	313
ОРАЗАЛИНА ГУЛЬБАРШИН АЙТБЕКОВНА	
ИБРАГИМОВА САКИНА САДИЕВНА	
<i>ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ И ОЗДОРОВИТЕЛЬНЫЕ МЕРЫ, НАПРАВЛЕННЫЕ НА КОРРЕКЦИЮ ТРЕВОЖНОСТИ У УЧАЩИХСЯ ПОДРОСТКОВЫХ КЛАССОВ</i>	314
ОРАЗОВА КАДИША АШТАЙҚЫЗЫ	
<i>ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕЛІК ТАҒЫЛЫМЫ</i>	317
РАЗАКОВА АЙГУЛЬ КУМИСБЕКОВНА	
<i>ТӘРБИЕСІЗ АЛЫНҒАН БІЛІМ – АДАМЗАТТЫҢ ҚАС ЖАУЫ</i>	320
САЙРАМБАЕВ АЙДАР	
<i>ЖЕКЕ ТҰЛҒАҒА РУХАНИ-АДАМГЕРШЛІК ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ МАҢЫЗЫ.....</i>	323

САМАНБЕТОВА ЖАНАР АЙБОЛҚЫЗЫ

ТӘРБИЕЛІ ҰРПАҚ– БІЛІМДІ ҰРПАҚ.....326

САПАРБАЕВА ГУЛЬМИРА ТАНСЫКБАЕВНА

ТӘРБИЕЛІ ҰРПАҚ ЕЛ БОЛАШАҒЫ330

СЕРІКҚАНҚЫЗЫ АРУЖАН

РУКОВОДИТЕЛЬ: СЕРЕДА ВЕРА ГЕННАДЬЕВНА

ВЛИЯНИЕ РОЛИ ПРИРОДНОЙ СРЕДЫ И СОЦИАЛЬНОГО ОКРУЖЕНИЯ В СТАНОВЛЕНИИ ПСИХИЧЕСКИХ ОСОБЕННОСТЕЙ ЛЮДЕЙ332

ТУЛЕЕВА ГАУХАР ТУРЛЫБЕКОВНА

БОЛАШАҚТЫҢ КІЛТИ-ЖАҢАШЫЛ ҰСТАЗДАРДА335

УТЕГЕНОВ ДАМИР

РАЦИОНАЛЬНАЯ НАПРАВЛЕННОСТЬ КАК ОСНОВА ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО ПРОЦЕССА339

ШАДЖАНОВА ДИЛАФРУЗ ДАЛМИСОВНА

ӘЛ ФАРАБИ-ШЫҒЫСТЫҢ ҒҰЛАМА ҒАЛЫМЫ341

ШАЙКЕНОВА ЖАЙНАГУЛ АМАНКЕЛДИНОВНА

БІЛІМНІҢ КІЛТИ – ТӘРБИЕ344

ШӘРІП АРАЙЛЫМ ТАЛҒАТҚЫЗЫ

ТӘРБИЕ - РУХТЫҢ КЕМЕЛІ347

ШОПАНОВА АЙГУЛЬ ГАЛЕЕВНА

КЛЮЧ К ОБРАЗОВАНИЮ – ВОСПИТИНИЕ350

МАЗМҰНЫ353

